

ТІЛ БІЛІМІ
ЛИНГВИСТИКА
LINGUISTICS

МРНТИ 14.01.23

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.01>

Абасилов А.М.¹

¹ *Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қызылорда, Қазақстан*

Қ. МҰХАМЕДЖАНОВТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада көрнекті қаламгер, драматург, аудармашы Қалтай Мұхамеджановтың қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесі, ана тілі ретіндегі орны, әдеби тіл болып нормалануы, тіл тазалығы, тіл мәдениеті, тіл экологиясы, тіл саясаты төңірегінде әлеуметтік лингвистикалық тұжырымдары қарастырылады. Мақалада бұл мәселелер үш бағытқа бөлініп талданады. Оның біріншісі – жазушының драмалық шығармаларында арнайы проблема етіп көтерген тіл тазалығы, тіл экологиясы мәселелері. Екіншісі – қаламгердің драма тіліне, оның сахнадағы көрінісіне, актердың сахнадағы тіл қолданысына, режиссердің тіл мәдениетіне жауапкершілігіне қатысты ой-тұжырымдары мен сындары. Үшіншісі – тіл жанашыры, қоғам қайраткерінің қоғамдағы тілдің мәні мен қызметі, тіл саясаты, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде дамытуды қолға алуға байланысты әлеуметтік лингвистикалық тұжырымдары.

Түйін сөздер: Қ.Мұхамеджанов, әлеуметтік лингвистика, қазақ тілі, драма тілі, сахна тілі, тіл мәдениеті, мемлекеттік тіл

Abassilov A.¹

¹ *Korkyt Ata Kyzylorda state university,
Kyzylorda, Kazakhstan*

SOCIOLINGUISTIC CONCEPTS OF K.MUKHAMEDZHANOV

Abstract

The article deals with the socio-linguistic concept of eminent writer, playwright and translator Kaltai Mukhamedzhanov in the field of state language status, its role as mother tongue, the normalization of the literary language, the purity of the language, language culture, language ecology, language policy. These problems are analyzed in the article dividing them into three areas. The first is the problem raised in the writer's dramatic works in the field of language purity and its ecology. The second is the writer's statements and concepts regarding the dramatic language of writers, the stage language, the scope of the actor's use of the language on stage, and the Director's responsibility for the language culture. The third is sociolinguistic concepts of a public figure regarding the role and significance of language in society, in the sphere of language policy, and in the development of language as a state language in the territory of our Republic.

Keywords: K. Mukhamedzhanov, sociolinguistics, Kazakh language, the language of drama, stage language, speech culture, state language

Абасилов А.М.¹

¹ *Кызылординский государственный университет имени Коркыт ата,
Кызылорда, Казахстан*

СОЦИОЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ КОНЦЕПЦИИ К.МУХАМЕДЖАНОВА

Аннотация

В статье рассматриваются социально-лингвистические концепции видного писателя, драматурга и переводчика Калтая Мухамеджанова относительно статуса государственного языка, его роли как родного языка, нормализации литературного языка, чистоты языка, языковой культуры, экологии языка, языковой политики. Статья дает анализ данных проблем, разделяя их на три направления. Первое – поднятые в драматических произведениях писателя проблемы в области чистоты языка и его экологии. Второе – высказывания и концепции писателя в отношении драматического языка писателей, язык в сценической постановке, сфера применения языка актером на сцене, ответственность режиссера за культуру языка. Третье – социолингвистические концепции общественного деятеля

относительно роли и значения языка в жизни общества, в сфере языковой политики, развития языка в качестве государственного на территории республики.

Ключевые слова: К.Мухамеджанов, социоллингвистика, казахский язык, язык драмы, сценический язык, культура речи, государственный язык

Кіріспе. Тіл теориясында бір-бірімен өте тығыз байланысты «тіл», «ойлау» және «сөйлеу» деген лингвистикалық, философиялық және психологиялық ұғымдар бар. Тіл – баға жетпес жалпыадамзаттық құндылық, әлеуметтік құбылыс, ойлаудың құралы. Ойлау – танымның ең жоғары сатысы, нақтылы болмыстың бейнелеу процесі. Ол түсінік, пайымдау, теория арқылы жүзеге асады. Ойлау процесі негізгі үш жағдайдан тұрады: әлеуметтік-тәжірибелік; бейнелілік-көріністік; сөздік-қисындық. Ал сөйлеу – бұл әрекет ету. Сөйлеу тілдік таңбалардың жанама қатысыарқылы жүзеге асады. Сөйлеу процесі бір жағынан, ойды тілдік (сөйлеу) құралдармен қалыптастыру және тұжырымдау болса, ал екінші жағынан – тілдік құрылымдарды қабылдау және оларды түсіну болып табылады. Сөйлеу негізінен психологиялық категория. Сондықтан тіл мен сөйлеудің арасында өзіндік айырмашылықтар бар. Тілде болғанның бәрі сөйлеуде болады, ал сөйлеуде болғанның бәрі тілде бола бермеуі мүмкін. Міне, осыдан келіп сөйлеу лингвистиканың нысанына айналады. Сөйлеуде болғандар тіл үшін, тілдік қолданыс тәжірибесі үшін зерттеледі. Олай болса, қандай да бір қаламгердің, сөз зергерінің тілін зерттегенде бұлар әрқашан есте болатын қағидалар, когнитивті лингвистикалық талдау амалдары. Бұл әсіресе Қ.Мұхамеджанов сынды драматургтың тілін, сөз қолданысын талдағанда айналып өтуге болмайтын шарттар. Өйткені драмалық шығармаларда жоғары аталған ойлаудың әлеуметтік-тәжірибелік, бейнелілік-көріністік белгілері де сөздік-қисындық жағы да, сөйлеу әрекеттері де тіл тұтынушының көз алдында болады. Драмалық шығарманың барлық идеясы, психологиялық сыры оның тілімен ашылады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас та сол арқылы беріледі.

Талқылау. Қ.Мұхамеджанов тек халық жазушысы, көрнекті қаламгер, драматург, аудармашы ғана емес, өз мәніндегі тіл жанашыры, тіл тазалығына, тіл мәдениетіне зор үлес қосқан, ана тіліміздің мемлекеттік тіл ретінде қолдануы мен өркендеуіне барынша атсалысқан қоғам қайраткері. Біз осы шағын мақаламызда Қалтай Мұхамеджановтың тіл төңірегіндегі ерекше көңіл бөлген мәселелерін топтастыра отырып тоқталуды жөн көрдік. Оның біріншісі – жазушының драмалық шығармаларында арнайы проблема етіп көтерген тіл тазалығы, тіл экологиясы мәселелері. Екіншісі – қаламгердің драма тіліне, оның сахнадағы көрінісіне, актердың сахнадағы тіл қолданысына, режиссердің тіл мәдениетіне жауапкершілігіне қатысты ой-тұжырымдары мен сындары. Үшіншісі – қоғам қайраткері, тіл жанашырының қоғамдағы тілдің мәні мен қызметі, тіл саясаты, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде дамытуды қолға алуға байланысты әлеуметтік лингвистикалық тұжырымдары. Енді осыларға жекелей тоқталып өтейік.

1. Жазушының драмалық шығармаларында арнайы проблема етіп көтерген тіл тазалығы, тіл экологиясы мәселелері. Белгілі қаламгер Шыңғыс Айтматов: «Біздің елде жақсы жазушы көп. Әйтсе де жазушының «ауқымдық» жинақтаушылық тәсілін, прозаиктің қалт етпес дәлдігін, ақынның әсершілдігі мен әуезділігін, философтың сарабалдығын қатар менгерген және мұның сыртында, артистік іштей түлеу қабілетін дарытқан адам ғана пьеса жасай алады. Сондықтан да бізде нағыз драматургтер тым аз, ал мен Қалтай Мұхамеджанов досымды, сондай дегдарлар санатына қосамын», - деген баға береді [1., 5]

Қ.Мұхамеджановтың қаламгерлік бейнесін сипаттай келіп белгілі ақын Ә.Тәжібаев былай дейді: «Қалтай адамның ішін аңғарғыштығымен қабат сыртын да танығыш. Кейде ол кісінің сырт пішініндегі көріністерді скульпторша қабылдап, дәл түсіндіретін ат беріп жүреді. Сонда біз көңілдене мүсіншінің де күлдіргіші болады екен-ау десіп қаламыз. Ол біреуді тазының күшігіндей десе, енді біреулерді аюға, атанға, ешкіге теңеп сөйлейді, соның бәрінде де адамның пішіні мен мінез ұқсастықтары айнымай жетіп жатады. Біз Қалтайдың осы қасиеттерін оның комедиялық пьесаларынан түгел көреміз. Ол күлкілі оқиғалармен қатар, күлкі шақыратын мінездерді де сахнаға ойнай шақырады. Адамның белгілі бір ортаға жараспайтын, қонымсыз қылықтары мен әдеттерін көрермен қауымға ұсына қоюға Қалтай өте шебер. Осындай персонаждар өз кемшіліктерін аңғартпау үшін өзі білмейтін, танымайтын мәселелер туралы да білгір, айтқыр болуға тырысады. Біз одан бетер күлеміз. Қара көңіл адамдардың ақ көңіл болып сөйлейтіні, қорқақтың батырсынуы, әлсіздің күштісінуі, ойдың, қылықтың одағайлықтары, көңілі күңгірттік пен тілі қысқалар, толып жатқан осындай нәрселер Қалтай комедияларында мол-мол орын алады» [2., 6].

Қ.Мұхамеджанов кеңестік заманда қазақ тілінің бейшара күйге ұшырай бастағанына дабыл қағып, оның тек қолдану аясы ғана емес, оны екінші сортты тіл ретінде менсінбеушіліктің белең алып келе жатқандығын драмалық шығармашылығында батыл түрде көтеріп, жеріне жеткізіп, әжуалап та, әшкерлеп те айта білген. Мысалы, 1959 жылы сахналанған «Бөлтірік бөрік астында» атты комедиялық пьесасында Марфуға атты кейіпкері: «*Ну хорошо! Заниматься етсем, орыс грамматикасын как-нибудь білуге болады, ал қазақ тілімен миды ашытқаны, просто нетерпимо!..*», - дейді. Тағы сол Марфуға өз күйеуіне: «*Однако есіңде ме?.. Мы с тобой любви объяснялись на русском языке*», - деуі немесе «*Спасибо, хоть сендер признаете мою культурный адам екенімді. Ал, байым «осы нарядыңды ұнатпаймын» дейді. Ох, шаршалғандым*», - деп қойырпақ (пиджин) тілде сөйлеуін күлкі ете отырып, төл тілінен, мәдениетінен айырлаған қоғамның сикын көрсетеді. Осындай өз тілінде де, орыс тілінде де жарытып жазып, сөйлей алмайтын, соның салдарынан ойы шорқақ, мінезі олақ адамдар типін жасайды. Автор қоғамдағы мұндай адамдардың екі түрлі кейпін көрсетеді. Бірі - қалада туып, қалада өскен, көбінесе билік тұтқасын ұстап отырған, өз ұлтын өзгеге мансұқ еткен шенеуніксымақтардың балалары, өз ана тілінен уызында жарымаған мәңгірттер. Келесісі – өз тіліне өзге тілді араластырып сөйлемесе модадан қалып қойғандай көрінетін, көп білем мен көп көрдім деген кеудемсоқтар. Мысалы, пьесадағы мына диалогқа назар аударып көрейік:

Арыстан. Мен бір жағынан өзі, әдебиетші адаммын. Однажды папам айтқандай, қазақтың гениальный бір мақалын білесіңдер ме?

Әнуар. Мақал көп, қайсысын айтайық. Дегенмен өзің басташы!

Арыстан. Философтар болуы керек. (Ойға шомған кейіпін білдіріп) «Моданың өзін заман туғызады» осыған орай қазақ: «Заманың түлкі болса, тазы болып бір шал» деген.

Әнуар (күліп). Қазіргі түрің шынында тазыға ұқсайды, шала бер енді.

Арыстан. Вот тебе на!.. Смысылына түсінбейсіңдер, университетті бітірмеді деген атымыз болмас, дипломы барлардың көбімен сөйлескенде, кругозор жағынан маңайлатпайтынымды өзім де сеземін [3., 27].

Автор осы шығармасында сондай-ақ тіл білудің, қазақы сөз саптаудың тамаша үлгілерін де беріп отырады. Бұл Әнуар, Жәмилә, Сұңғаттардың сөйлеулерінде анық байқалады.

2. Қаламгердің драма тіліне, оның сахнадағы көрінісіне, актердың сахнадағы тіл қолданысына, режиссердің тіл мәдениетіне жауапкершілігіне қатысты ой-тұжырымдары мен сындары. Драматургия – Қалтай ағаның тілімен айтқанда, - жүгі ауыр, жолы қиын жанр. Оны сонау Аристотельден бастап барлық дәуірдің ақыл иелері бас шұлғып, мақұлдаумен келеді. Сондықтан мұны талдап, зерттеу де оңайға түспейді, өзге жанрдай етек-жеңі кең емес. Баяндап жатуға мұрша жоқ. Сырлау-әрлеусіз жалаң әрекет үстінде адаммен бетпе-бет кездесесіз. Бұл өмірдің бір көрінісі болғанда да сол өмірдің жүйке тамырларының түйісе тұтасқан шытырман сәті, жан иірімдерінің тереңнен тартылған тайталасы үстінде кейіпкерлердің өткені де емес, болары да емес, дәл сізге көрінген мезеттегі мінез-құлқы, арман-қиялы, айла-амалының сан сырлары, күйіну-сүйінуі, мүдде-мұраты үшін айқастың шырқау шиеленісі хәм шешілер сағаты. Жанрдың жүрегің соқтыратын, шыыршық атқан тартыс сонда ғана туады. Заман рухы, өмір шындығы осындай кескілескен әрекет үстінде адам тағдырларының тоғысуынан көрінеді, жамандық жер жастанып, ізгілік салтанат құрады. Үлгі тұтар жақсыны да, жиренер жат қылықты да көзбен көресіз...[4., 239].

Қ.Мұхамеджанов – қазақ драматургиясының өсіп-өркендеуіне, оның классикалық бағытта дамуына жол сілтеген өнертанушы, сыншы. Оның бұл салада көптеген сын-мақалалар мен ой-толғаныстары, пікірлері көп-ақ. Солардың ішінен драма тіліне, оның сахнадағы көрінісіне, актердың сахнадағы тіл қолданысына, режиссердің тіл мәдениетіне жауапкершілігіне т.б. ой-тұжырымдары мен сындарына көз жүгіртейік. Қ.Мұхамеджановтың көптеген мақалалары қазақ драматургиясының болашақтағы келелі мәселелеріне арналған. Ол көбіне драмалық шығармалардың теориялық жағы мен сахналық қойылымдарын қатар талдап, өзіндік сын-ескертпелерін айтып отырады. Әсіресе шығарма тіліне ерекше назар аударады: «Жақында Байжанов пьесасының соңғы нұсқасын «театр қайта қойғалы жатыр» деп Мәдениет министрлігімен шартқа отырды. Біздің қолымызда шығарманың бастапқы нұсқасы мен соңғы нұсқасы бар. Енді екеуін салыстырып, Байжановтың творчестволық қабілетін айқындау үшін «Әлия Молдағұлова» туралы пьесаға талдау жасап көрейік. ...Ленинград қаласы, 1941 жыл. Оныншы класты бітірген оқушылардың сауық кеші. Перде ашылғанда Қайсар деген жігіт (ол да оныншы класты бітіген) сахнада жалғыз. Әлияны ол жақсы көреді. «Жүрегім жас шыбықтай толқиды» (шамасы жүрегі әрі жіңішке, әрі ұзын болуы керек). «Көңілімде көк мұхит ойнайды (теңудің түрін қараңыз!). «Бір үнсіз тіл сыбырлайды» (сыбырлаудың өзі үн емес пе?) деген елжіреген жүректің сырына тап боламыз. Әлия шығады, бірақ екеуі жарытып ешнәрсе айтпайды. Институтқа түсу әңгіме болады. Қайсар өз сезімін айтайын десе, Әлия беттетпейді. Аздан соң барлық оқушылар сахнаға шығады. Радио сөйлейді, соғыс басталғандығы хабарланады. Енді Әлия елге қайтпақшы болады. Өйткені оған ағасы пропуск алып берген. Осы сәтте майдандағы Қайсардан хат келеді. Әлия газеттен Зояның ерлігі туралы хабар оқиды. «Аяғымды ақау (?) баса жаздаппын, қайтпаймын» дейді ол. Сонан соң снайперлер дайындайтын мектепке түсіп, майданға барады. Үш күн, үш түн аңдып, бір неміс снайперін атып түсіреді. Оны штабқа алып келеді. Жаңа ғана ағаш басынан өлі қарғадай жалп ете қалған неміс снайпері штабқа келгенде ешқандай оқ тимеген, жараланбаған болып шығады. Полк командирінің алдында сайрап қоя береді. Осы кезде ойда жоқта Әлияның сүйген жігіті Қайсар келіп қалады. Әлия қашан шабуыл болады деп асығады да жүреді. Шабуыл басталғанда жауып тұрған оқтан жасқанбай, төбеге шығып уралай жөнеледі. Қардай бораған оқтың бірде бірі Әлияға тимейді. Мұндай ғажайыпнамаға дүниежүзінің әйгілі суайты Мюнхгаузен де таңданар еді. Қырғын атыста бірі өліп, бірі жараланып жатқанда Сәрсен деген солдат: «Ат қайда ақбақайдай арты желген,

Қыз қайда қалқатайдай көзі күлген», - деп аныратып ән салады. Бұл қай қуанышта көтерілген көңілді ән екені автордың өзіне ғана аян шығар. Соңғы картинада Әлия «Өлуге жазса, өле беру керек» деп құдайға мойын ұсынады да, ұрыста қаза табады. Міне, Әлия туралы пьесаның жалпы желісі осы», - деп талдау жасайды [4., 218-219].

Осы пьесаның сахнаға қалай шығып, қалай қойылғаны туралы ол былай деп жазады: «...Арқаусыз жаба тоқи салған, мән, мағына жоқ желбауыз шығарманың дүмбілез бір түрі болатын. Драмалық шығармаға тән тартыс, адам характерін ашатын көркем тілден жұрдай еңбек жас авторға көмек болсын деген кейбір мүсіркеушілер – «игі ниетпен» республикалық жасөспірімдер театрына апарып телінді. Орамсыз тіл, осал жіппен көктелген шикі шығарма жас коллективті көп машакатқа душар етті. Әлияның сахнаға жанды бейнесі емес, сүлдесі ғана шықты» [4., 218].

Сахнада қойылған шығармаға алдымен жауапты оның режиссеры екендігін айта отырып, оның өзіндік міндеттерін саралап көрсетеді. «Сөз әрекетінің керемет күшін терең ұғынып, сезіну үшін, ұлттық тілдің бояуын ұғу үшін сол тілді жете білу керек. Бұл ретте режиссер де тіл ерекшеліктерін тексеретін ғалым болғаны жөн», - дейді. «Режиссер драматургиялық шығарманы біржақты көрмей, оны тұтастай, сахналық тұрғыдан өсіріп, ой көзімен байытып көре білуі керек. Әрбір жазушы драматургтың творчествосының ерекшелігін, оның стилін айқындап алған жөн. Сонда ғана сахналық жақсы шығарма тұмақ». «Сахна өнерінде әсіресе классикалық шығармаларды қоюда режиссер драматург шығармаларының тілін зерттеген жөн. Өйткені біз жоғарыда сөз еткен қоғам тарихы, ғасырдың

идеясы, дәуірдің салты мен әдет-ғұрпы, адамдар характері, психологиясы пьесаларда диалогтар арқылы білінетіні бізге мәлім. Драма тілінің идеялық маңызымен қатар оның эмоциялық қасиеті бар. Ойнайтын актер оның идеялық қасиетімен қатар, эмоциялық күшін де айқын сезінуі тиіс. Соны өзінің бар тынысымен айтуы қажет. Бұны түсіндіру дережиссердің міндеті», - деген ой айтады.

Тіл мәдениетінің нағыз көрініс беретін, жұртшылықты көркем де шешен сөйлеуге баулитын немесе тіл білмеушілікті, сөйлей алмаушылықты әшкерелейтін де сахна және оның актерлері. Өйткені олардың ойнап отырған рөлдері сол залдың көрермендері, сіздер мен біздер. Сондықтан да автор актерлерге мынадай талап қояды: «Актер өнерінің негізгі құралы – сөз. Сахнадағы сөз әрекетінің керемет күшін, интонациясын, қысқасы, сөз бояуын ұғу үшін сол тілді білу керек».

3. Қоғам қайраткері, тіл жанашырының қоғамдағы тілдің мәні мен қызметі, тіл саясаты, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде дамытуды қолға алуға байланысты әлеуметтік лингвистикалық тұжырымдары. Қоғам немесе жеке адам тіл дамуына қалай әсер етеді немесе адам тілден нені өзгерте алады деген сұраққа әлеуметтіклингвистика ғылымы жауап береді. Ол тіл екі түрлі жолмен дамиды не қолданыстан шығып жойылады дейді. Бірі -ұйымдастырылмаған (стихиялы) түрде даму не жойылу.Екіншісі - арнайы ұйымдастырылған түрде дамыту не жою. Мұның екіншісі адамның саналы әрекетімен жүзеге асады, оны тіл саясаты деп атаймыз. Адамның саналы әрекеті арқылы тіл дамуын қолға алу алдымен мынадай мәселелерді шешеді: тілге мәртебе беру, әдеби тіл нормасын түзу, стильдер жүйесін жасау, терминологиясын жасау және жүйелеу, әліпби жасау не өзгерту т.б..Осындай тіл дамытуға қатысты мәселелерді Қалтай Мұхамеджанов әр қырынан қарастырған.

Қалтай Мұхамеджанов – өзінің проблемалық мақалаларындақоғамдағы тілдің мәні мен қызметіне байланысты ой, пікір айта білген тұлға. Тіл дамуына қоғамның саналы әрекеті қалай болатынын, оның пайдасы мен зияны туралы әлеуметтік лингвистикалық тұжырымдар жасай алған. Соның біршісі - бүгінде қайта қозғалып, қайта қаралып жатқан әліпби мәселесі. «Ақиқатына жүгінейік, аға! атты академик Ісмет Кеңесбаевқа жазған ашық хатында: «Ал енді өзіңізге мәлім, жетпіс жылдың ішінде алфавитіміздің үш мәрте өзгеруін қай тарихтың қанасына сыйғызарсыз. О заман да, бұ заман мұндай қиямет қай халықтың басынан өтті екен? Ғасырлар бойы бар қазынамыз араб алфавитімен қағаз көрді. Отызыншы жылдары оны мансұқ етіп, латынға көштік. Он жылдай оны игердік-ау дегенде қазіргіге ауыстық. Сонда бұл халық бір ғасырдың қырық жылында тарихи тамыры үш рет қырқылып, үш рет реанимацияға түскен жоқ па? Осыдан келіп мен мәңгірт болмағанда, кім мәңгірт болады», - деп қазақ жазуының жағдайына алаңдайды [4.,198].

Осы хатта тағы бір әлеуметтік лингвистикалық категория –«ана тілі» ұғымына ұлттық сипаттағы керемет түсінік береді. «Неге «ата тілі» емес, «ана тілі» болғаны қалай? Деген сауалдар да жүретін. Бақсақ, сонау тайпа дәуірлерден күнді көсеумен шығарып, бақанмен батырып, ғұмыр кешкен халық келе-келе салған шаһарлары, көтерген қорғандары моңғол шапқыншылығында талқаны шығып, жермен-жексен болғасын баяғы көшпелі кебін қайта киіпті. Сонымен жаз айларында Сыр бойы Арқаға, Арқа оңтүстікке беттейді. Атырау мен Алтайдың да тоқайласар жайлауы болыпты. Бел құда, бесік құда, қарсы құда деген әрқилы құдалықтардың неше түрлі рәсімімен келін түсіру салтқа айналыпты. Осылайша Арқаның қызы Сырға, Сырдың қызы Арқаға, Алтайдың қызы Атырауға, Атыраудың қызы Алтайға ерсілі-қарсылы келін болып ұзатылып жатыпты. Бұлардан дүниеге келген сәбидің тілі ананың әлдиімен шығыпты. Түстігі мен теріскейі, шығысы мен батысы мыңдаған шақырымды алып жатқан кең байтақ далада дәурен кешкен халықтың тілінде селкеулік болмапты. Сөйтсе еркегі мал бағып, мекен қорғаумен болса, халқының тілі аналардың ақ мейір адал сүтімен жасалыпты. Бұхар мен Жамбылдың, Абай мен Махамбеттің тілдерінде япырай бұл қалай дейтін жік-шекара болмауы да аналарымыздың құдіреті екен [4., 198]

Осында сондай-ақ қазақ тілінің диалектіге бөлінбейтін біртұтастығы айтылып, оның тазалығы, пәктігі ана құдіретімен байланыстырылады. Қ.Мұхамеджанов тілдің маңызы мен мәні туралы былай дейді: «...қай халықтың тілі болмасын, өзі болсын қилы замандарды басынан кешкен. Тіл құдайыңнан да, дініңнен де дүниеге бұрын келді. Мекен-тұрағынан ауғанда да халықтың арқалап кетер жалғыз байлығы, жалғыз қазынасы – тілі. Тілінен айырылған халық адамзат тарихының кемесінен, уақыт назарынан тыс қалады. Оның рухани қазынасы да, тарихы да ешкімге керек болмайды»[4., 198-199].

«Ақиқатқа жүгінейік, аға» атты академик І.Кеңесбаевқа жазған ашық хаты Қалтай ағаның тіл мәселесіндегі жан айқайы екенін көреміз. Бұл кезінде (1989 жылы) орыс тіліне де мемлекеттік мәртебе беруіміз керек деп қыңыр тартып, қиғаш кеткен қазақ тілінің маманы, белгілі академикке ашына жазған хаты болатын. Онда ол: «Сәл саңылауы бар адамға бір ғана этникалық қауымға қызмет етуге шамасы келетін қазақ тілінің орыс тіліне қауіп тудырып отыр деуі – күнді алақанмен жауып тастады дегендей әумесер – әнгүдіктің далбасасы. Бұл интернационалдық ынтымақтан гөрі ұлтаралық бірліктің берекесін алып, қайта құру кезеңінің шырқын бұзу ниетіндегілердің кәсібі екендігін түсінуге көп ақылдың керегі жоқ». «Екінші, сіз бен біз сияқтылар бас қамын ойлап, балаларымыздың әуеслесіне бағынсақ, мен де сізді қолдай кетуім мүмкін. Бірақ, қырық процентіңізді шығарып тастағанның өзінде оның ар жағында ата-бабасының мұрасына еге болып, әдебиеті мен мәдениетін өркендетіп отырған төрт миллионнан аса халқымызға не бетімізбен қараймыз», - деуі бүгінгі билік басындағыларға да айтылған сын екендігінде дау жоқ [4.,201].

Мұнан шығатын қорытынды сол, қазақ тілінің бүгінгі ахуалы сол кездің өзінен төмен. Бұл ауыр да болса, шындық. Өйткені сол академиктің көксегеніндей орыс тілінің «мемлекеттенбеген» мәртебесін қолдаушылар оны ресми тіл дәрежесіне көтеріп отыр. Бұл барып тұрған заңсыз әрекет. Біріншіден, бір мемлекет аумағында «мемлекеттік тіл» және «ресми тіл» деген терминдер синоним сөздер ретінде қолданылады. Оған қарасақ, қазақ тілін

мемлекеттік тіл деп те, ресми тіл деп те айтуға құқылымыз. Екіншіден, Қазақстан – бір ұлтқа, яғни қазақ ұлтына басымдылық берілген унитарлық мемлекет. Сондықтан да екі тілге бірдей мәртебе беру заңсыздық. Екі немесе үш тілге мемлекеттік мәртебе берушілік тәжірибе көрсетіп отырғандай федералдық мемлекеттерге тән. Үшіншіден, біздің конституциямызда да, тіл туралы заңымызда да Қазақстан Республикасының ресми тілі – орыс тілі деп көрсетілмеген, тек оның қолданылу аясы ғана айтылған. Демек, Қазақстанда орыс тілінің ресми тілі екіталай.

Бүгінгі таңда елімізде бәрімізді біріктіретін нақты бір идеология жоқ деп жүрміз. Мұндай идеология бар, ол – тіл. Бұл жөнінде де Қалтай ағаның керемет ойлары бар. Бұл оның «Идеология – тіл» атты мақаласында айтылады.

Қорытынды. Сөз соңында Қалтай ағаның мынадай бір керемет шешендік сөздеріне көңіл аударайық: Ой-жігердің өртімен кеткен Шоқан, ереуіл мен егеулі найзаға шақырған жыр дауылы Махамбет, кісенді ашқанымен қуғыннан құтыла алмаған Құрманғазы, жартастан жаңғырық естіп жаралы жүрекке жай таппай, күңірене сыр шерткен Абай, әуеніне аспандағы құс айналған Біржан мен Ақан осылардың бәрі елім деп еміреніп өтсе де, мезгілінде мерекелі мүшел тойын өткізу былай тұрсын, бас бостандығы мен ой азаттығының өзіне зар-зәру болып кетті. Бірақ олардың арманын арқалап халық қалды. «...Қазақ топырағы қашан да талантқа тапшы болып көрмепті. Біз білетін тарихта қазақ өнерінің бұлағы таяз тартқан кезең болды дегенді есіткен де, көрген де емеспіз. Сондықтан да болар, өнер атаулының өктем талант иелерін ту тұтып төбесіне ұстау оның әлімсақтан бергі ата дәстүріне айналған. Жаңа заман, жаңа уақыт, жаңа қауым бабалардың сол бір қасиетті үрдісінің ізін жоғалтпады, қайта ол дәстүрдің бұрынғыдан да гөрі салтанатын асырды» деген сөздерін бүгін Қалтай ағаның өзіне айтамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Айтматов Ш. Менің Қалтай досым // Мұхамеджанов Қ. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. 1-т. Пьесалар. Сахна сазы. Кинофильмдер туралы. – Алматы, Атамұра, 1998. – 320 бет.).

2 Тәжібаев Ә. Менің інім // Саңлақ. Қалтай Мұхамеджанов туралы естеліктер. – Алматы, Атамұра, 2004. – 280 бет.

3 Мұхамеджанов Қ. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. 2-т. Пьесалар. Портреттер. Өнер жайлы ойлар.– Алматы, Атамұра, 1998. – 320 бет.

4 Мұхамеджанов Қ. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. 3-т. Ой-толғаныстар, сұхбаттар, қолжазбалар. – Алматы, Атамұра, 1998. - 416 бет.

Reference:

1. Aitmatov Ş. Meniñ Qaltai dosym // Mūhamejanov Q. Tañdamaly şyğarmalar. Üş tomdyq. 1-t. Pesalar. Sahna sazy. Kinofilmder turaly. – Almaty, Atamūra, 1998. – 320 bet.).

2. Täjibaev Ä. Meniñ inim // Sañlaq. Qaltai Mūhamejanov turaly estelikter. – Almaty, Atamūra, 2004. – 280 bet.

3. Mūhamejanov Q. Tañdamaly şyğarmalar. Üş tomdyq. 2-t. Pesalar. Portretter. Öner jaily oilar.– Almaty, Atamūra, 1998. – 320 bet.

4. Mūhamejanov Q. Tañdamaly şyğarmalar. Üş tomdyq. 3-t. Oi-tolğanystar, sühbattar, qoljazbalar. – Almaty, Atamūra, 1998. - 416 bet.

МРНТИ 16.21.61

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.02>

Абдирасилова Г.Қ.,¹ Беркутбаева М.З.²

^{1,2} Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

СӨЗ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЭТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Аңдатпа

Сөз мәдениетінің негізі –тілдік норма. Сөз мәдениеті дегеніміз – «тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы,-дейді ғалым М.Балақаев. Демек, ғалым сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс киюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру қажет деген талап қойып отыр.

Қазақ тілінің сөз мәдениетін көтеру – ұлттық мүдде талаптарының бірі. Қазақ тіл мәдениетінің үлкен бір саласы – сөйлеу мәдениеті, оны жоғары деңгейге көтерудің басты заңдылығы – дұрыс айту нормасы. Жазу және сөйлеу мәдениетінің қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы орны және оның орфографиялық ережелерді жүйелеу мәселелерімен байланысы қазақ тіл білімінде жан-жақты зерттеліп келеді. Сөйлеу мәдениетін ұлттық мүдде ретінде тану, сөз мәдениетіне әлеуметтік көзқарасты қалыптастыру, сөз мәдениетін әлеуметтік ғылымдар мен ұлттық мәдениеттің ең басты тірегі ретінде бағалау, сөз мәдениетін ұлт мәдениетімен қатар насихаттау негізінде тіл мәдениеті дамиды.

Түйін сөздер: Сөз мәдениеті, тілдік норма, этикалық аспект, коммуникативтік норма, ұлттық әдеби тіл, тілдік құрылым, прагматикалық ауытқу

Abdirasilova G.,¹ Berkutbayeva M.²

*^{1,2} Kazakh National Women's Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

ETHICAL ASPECT OF SPEECH CULTURE

Abstract

The basis of word culture is the language norm. Speech culture is " the degree of reproduction, maturation of language techniques. In addition, he has not only kindness, literacy, but also the skills of accurate and correct application of language techniques, phonetic, spelling, orthoepic, morphological, syntactic, stylistic phenomena,-said M. Balakaev. Therefore, the scientist insists that it is necessary to correctly use words (lexical), correctly compose. Improving the speech culture of the Kazakh language is one of the requirements of national interest. A large sphere of culture of the Kazakh language is the culture of speech, the main regularity of its rise to a higher level is the norm of correct pronunciation. The role of writing and speech culture in the formation of the Kazakh literary language and its relationship to the problems of systematization of spelling rules is studied comprehensively in Kazakh linguistics. Language culture is developed on the basis of recognition of speech culture as national interests, formation of social attitude to speech culture, evaluation of speech culture as the main support of social Sciences and national culture, promotion of speech culture along with the culture of the nation.

Keywords: speech culture, language norm, the ethical dimension, the communicative norm, national literary language, language structure, pragmatic deviation

Абдирасилова Г.К.,¹ Беркутбаева М.З.²

*^{1,2} Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан*

ЭТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ КУЛЬТУРЫ РЕЧИ

Аннотация

Основа культуры слова - языковая норма. Культура речи - это " степень размножения, созревания языковых приемов. Наряду с этим это не только достоинство, грамотность в использовании языка, но и навыки аккуратного и правильного применения языковых приемов, фонетических, орфографических, орфоэпических, морфологических, синтаксических, стилистических явлений, - отметил М. Балакаев. Поэтому ученый настаивает на том, что необходимо придерживаться норм: правильно употреблять слова (лексическая), правильно составлять (синтаксическая), правильно вырезать (морфологическая), правильно произносить (орфоэпическая), грамотно писать (орфографическая), эффективно использовать язык (лингвостилистическая). Повышение культуры речи казахского языка - одно из требований национального интереса. Большая сфера культуры казахского языка-культура речи, основная закономерность ее подъема на более высокий уровень - норма правильного произношения. Роль письменности и речевой культуры в формировании казахского литературного языка и его связь с проблемами систематизации орфографических правил всесторонне изучается в казахском языкознании. Развивается языковая культура на основе признания культуры речи как национальных интересов, формирования социального отношения к культуре речи, оценки культуры речи как главной опоры социальных наук и национальной культуры, пропаганды культуры речи наряду с культурой нации.

Ключевые слова: культура речи , языковая норма, этический аспект, коммуникативная норма, национальный литературный язык, языковая структура, прагматическое отклонение

Кіріспе. Сөз мәдениетінің негізі –тілдік норма. Сөз мәдениеті дегеніміз – «тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы,-дейді ғалым М.Балакаев [1, 115 б.]. Демек, ғалым сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс киоластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру қажет деген талап қойып отыр.

Көрнекті ғалым М.Р.Львов сөз мәдениетін әдеби тілдің ауызша және жазбаша нормаларын игеру және айтылымның мақсатына қарай тілдің көркемдеуші тәсілдерін тиімді қолдана білумен байланыстырады [2, 96 б.]. Яғни сөз мәдениеті, қарапайым тілмен айтқанда, ең алдымен ана тіліміздің иелігіндегі барша дүниеліктерді – тілдің

дыбыс жүйесін, оның ырғақ, әуездерін; сөзді оның мағыналық қырларын; сөздің тұлғалық құрылымдарын, оның жұрнақ, жалғауларын; сөз тіркесі мен сөйлем жүйелерін; тілдің стильдік құралдарын т.б. әдеби тілдің нормасына сай қолдана білу, дұрыс әрі бедерлі жұмсай білу дегенге саяды. [3, 7 б.]. Сонымен, сөз мәдениеті алдымен әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық, орфографиялық нормаларын меңгеру, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп дұрыс қолдана білу дегенді білдіреді. Ал дұрыс қолданудың негізі тілдік нормаға тірелетіні белгілі. Демек, сөз мәдениеті ғылымының да негізгі нысаны – тілдік норма. Тілдік норма инвариантты. Тілдік норма, нормалылық – сөз мәдениеті ғылымының базалық, негізгі тірек ұғымы. Ол кез-келген ситуацияға байланысты өзгере бермейді, тұрақты. Демек, сөз мәдениеті, біріншіден, ауызша және жазбаша сөз қолданыста тілдік норманың сақталынуы, сөздің коммуникативтік сапасының мақсатқа лайықтылығы, екіншіден, тіл деңгейлеріне қатыстылығы.

Ғалым Л.И.Скворцов сөз мәдениетін, бір жағынан әдеби тілдің нормаларын сақтау және екіншіден, нормалылық мәселесін зерттейтін тіл білімінің бір саласы дей келе, оның негізгі құрылымдық компоненттеріне: дұрыстық және шеберлікті (мастерства) жатқызады. Б.Н.Головин пәннің 3 түрлі нысанын: «коммуникативное совершенство, совокупность знаний и умений, обеспечивающих целесообразное и незатрудненное общение, и область лингвистических знаний о речевой культуре» [4] дей келе, сөздің сапалық белгілерін атап көрсетеді. Оларға: сөз дәлдігі, сөз нақтылығы, сөздің түсініктілігі, анықтығы, әсерлілігі т.б. жатқызады. Сөздің әсерлілігі, түсініктілігі, дәлдігі т.т. бәрiнiң негiзiнде тiлдiк норма жататыны анық. Осыған орай норманың 3 түрі ажыратылады: тілдік, коммуникативтік және этикалық.

Әдістеме. Тілдік норма – этикалық және коммуникативтік норманы іске асырушы құрал. Сөз мәдениеті ғылымы, ең алдымен, сөзді әдеби тілдің нормасына сай дұрыс қолдануды талап етеді. Сонда әдеби тіл деген не, әдеби емес тіл болуы мүмкін бе деген сұрақтар тууы мүмкін. Әдеби тіл – белгілі бір қалыпқа түскен, диалектілермен қарапайым сөйлеу тіліне қарағанда, жалпыға бірдей міндетті және «дұрыс» қабылданған нормасы бар тіл. «Әдеби тіл – белгілі нормалары бар жүйелі тіл. Тілдің әдебиеті сол тілде сөйлейтін адамдардың баршасына түсінікті және олардың бір-бірімен ортақ қарым-қатынас құралының ең жоғарғы түрі болуы оның (сол тілде) орныққан жүйелі нормалары негізінде ғана жүзеге аспақ», – дейді ғалым С.Исаев [5].

Демек, әдеби тіл болуы үшін оның жалпыға ортақ *тілдік нормалары* болуы сөз мәдениетінің басты белгілерінің бірі. Сөз мәдениеті тек қана тілдегі «дұрыс – дұрыс емеспен» ғана шектелмейді, сонымен қатар ол тілдің қатынас құралы болу қызметімен де тікелей байланысты. Өйткені тіл – адамдардың бір-бірімен пікірлесу, ойын білдіру, түсінісу, сөйлесуін де қамтамсыз ететіні белгілі. Осыған орай сөйлеушінің әрбір жағдаятқа сай ойын түсінікті де әсерлі жеткізе білуі де маңызды. Демек, сөйлеушінің өз мақсатына қарай қажетті тілдік құралдарды дұрыс таңдап, оны тиімді пайдалана алуы сөз мәдениетінің қатысымдық аспектісі болып табылады. Студенттің оқу мерзімі кезіндегі негізгі әрекеті бір-бірімен қарым-қатынас жасау, ой бөлісу екені белгілі. Осыған орай студентке қатысымдық әрекетінің нормалары, оған қойылатын талаптар, оны сақтаудың маңызы, айтайын деген ойына қатысты тиісті сөзді тауып қолдану т.т. сөздің қатысымдық сапаларын игертудің, мәтін құрастырып, ондағы әр сөздің белгілі бір қызмет атқарып тұрғандығын, немесе мақсатсыз, орынсыз жұмсалып тұрғандығынан хабардар етіп отыру өте маңызы зор.

Сөз мәдениеті ғылымының негізін салушылардың бірі, көрнекті ғалым Г.О.Винокур: «Для каждой цели свои средства, таков должен быть лозунг лингвистически культурного общества» деп жазған екен [6]. Яғни қатысымдық мақсатқа лайықтылық – сөз мәдениетінің негізгі категорияларының бірі. Осыған орай сөздің (тілдің) *қатысымдық сапаларын* білу, оны сөйлеу кезінде ескеріп отыру маңызды.

Сөз мәдениетінің этикалық аспектісі белгілі бір жағдайға қажетті тілдік этикетті білу, оны орынды пайдаланумен байланысты. «Этикет» сөзі француз тілінде «совокупности правил поведения, касающихся отношения к людям» деген мағынаны білдіреді [7]. Яғни күнделікті өмірде жиі қолданылатын амаңдасу, қоштасу, ризалық білдіру, кешірім сұрау, құттықтау, көңіл айту т.т. сөйлеу этикетіне жатады. Ал сөйлеу этикетінің де өзіне тән нормалары мен ерекшеліктері болады. Оған мән бермесек, жылы шырай, жақсы қарым-қатынасқа жарықшақ түседі. Сондықтан сөйлеу этикетіне мән беру сөз мәдениеті ғылымының маңызды мәселесі болып табылады.

Ұлттық әдеби тіл – тілдік норма арқылы айқындалатын халық тілінің ең жоғарғы формасы, басты байлығы. Оның басты белгісіне нормалылық жатқызылады. Норма ұғымын анықтауда сөйлеу әрекетіне тікелей әсер ететін тіл жүйесінің ішкі факторларына, әлеуметтіклингвистика мен психологиялық заңдылықтарға сүйенетіміз белгілі. Осыған орай ғалымдардың норма туралы көзқарастары да әр түрлі болғаны белгілі.

Норма туралы ғалымдардың пікірлеріне талдау жасай келе негізінен үш түрлі көзқарастың болғанын аңғарамыз: 1) әлеуметтік (А.А.Шахматов, А.М.Пешковский, Д.Н.Ушаков, С.И.Ожегов, Б.Н.Головин); 2) лингвистикалық (Соосюр де Ф., [8], Э.Косериу, Л.Ельмслев, Ю.С.Степанов); 3) динамикалық (динамическая). Оны жақтаушылар – Г.О.Винокур, В.А.Ицкович, Л.И.Скворцов, К.С.Горбачевич [9], Ипполитова Н.А [10], Розенталь Д.Э.[11], Ицкович В.А. [12]. Нормаға алғаш анықтаманы А.М.Пешковскийдің еңбегінен байқаймыз. Ғалым норманы «литературно-языковой идеал» деп түсіндірді. Осыдан норманы ғалымдар лингвистикалық емес, әлеуметтік құбылыс деп қарауды дәстүрге айналдырды.

Мысалы, А.М.Пешковский «правильно то, что общепринято» [13, 5 б.] десе, кейбір ғалымдар оны тілдің дамуына қоғамның саналы түрде әсері, яғни «результат целенаправленной деятельности человека» [14, 157 б.] деп айқындады. Бұл пікірлерден норманың кодификацияға қатысы байқалады. С.И.Ожегов, Б.Н.Головин норманы тарихи дамудың жемісі ретінде, яғни норманы тілдің дамуындағы тарихи заңдылықтардың негізінде қарастыруды

ұсына отырып: «норма – правила, которые узаконены литературой, признаны обществом в качестве обязательных» деп айқындады [15, 3 б.].

Талқылау. Норманы лингвистикалық проблема ретінде зерттеген ғалымдар тіл мен сөздің бір-бірінен айырмашылықтарына сүйене отырып, норма мен жүйені бірге алып қарастырды. Мысалы, Э.Косериу: «норма – это система обязательных реализации, она соответствует не тому, что сказать, а тому, что уже сказано и по традиции говорится в рассматриваемом обществе и включает модели, исторически уже реализованные с помощью этой техники и по этим эталонам», – дейді [16, 175 б.]. Яғни ғалым осы пікірін «жүйе – норма – сөз» схемасымен береді. Бұдан ғалымның норма жүйеден алынып сөз арқылы іске асады, яғни сөз нормаға сай келеді деген пікірін аңғарамыз.

Алайда, тіл тәжірибесінде бұл жүйе үнемі сақталына бермейтіні белгілі. Осыған орай ғалым Ю.С.Степанов : «Все существующие реализации образуют уровень нормы. Те же реализации, которые самим обществом признаны как правильные, образуют норму в узком смысле слова, норму как правильную речь», – дейді [17, 169 б.]. Яғни ғалым қоғам тарапынан мақұлданған қолданыстар норманың деңгейін байқатады, олар сөздің дұрыстығын көрсетеді дейді. Ал норманы динамикалық аспектіде қарастырған ғалымдар, оны «результат взаимодействия языка и речи, системы и употребления, как что-то третье, принадлежащее факту языка и факту речи одновременно», – деп зерделеді [17].

Ғалымдар норманы динамикалық аспектіде түсіну үшін оны *жүйе*, *құрылым және қолданыс* ұғымдары арқылы айқындауға бет бұрды. Яғни норманың механизмін түсіну үшін аталған ұғымдардың табиғатын ашу қажет. Тілдік жүйе – тілде бар үлгілер мен типтердің жүйесі.

Тілдік құрылым – жүйенің іске асырылу мүмкіндігі. Норма құрылымға жататынның бәрін қабылдайды. Ал жүйе ұғымы - кең ұғым. Жүйеде нормаға жатпайтын тілдік қолданыстар (мысалы, *лездеме*) болуы әбден мүмкін. Бұл қолданыс тілдік жүйеге сай келгенімен, құрылымға және нормаға жатпайды. Жүйеде бар, бірақ қолданыста жоқ сөздер нормаға жатпайды. Мысалы, *қойшы*, *жылқышы* сөздерінің үлгісінде *лақшы* дей алмайтынымыз, ондай қолданыстың тіл тәжірибесінде болмағандығынан. Ал қолданыс ұғымы сөйлеу әрекетін және оның нәтижесін түгел қамтиды. Норма тек құрылымды ғана емес, қолданыстан шығып қалған, бірақ тілдік қолданыста болған, тілдің даму бағытына сай келетін және жаңа элементтердің жасалуына (жаңа мағынада) негіз болатындарды да қамтиды. Демек, сөз тілдік қолданыс үрдісінде норма арқылы жүйе және құрылыммен байланысады, яғни алдымен қолданыстағы факті, одан кейін нормаға айналып, соңында жүйе мен құрылымға енеді.

Норма тілдің жүйесі мен құрылымына негізделеді. «Тілдік жүйе дегеніміз тілде бар үлгілердің, қолданыс типтерінің белгілі бір тәртіппен келуі, ал тілдік құрылым дегеніміз осы жүйенің іске асқан материалдық мүмкіндіктері дей келіп ғалым Р.Сыздық: тілдік құрылым құлаққа естілетін, «отыз тістен шығатын» деректі ұғым атауы, ал тілдік жүйе сол «затты» жасап тұрған дерексіз ұғым атауы деуге болады», – деп нақтылай түседі [18, 6 б.].

Орыс тілінің зерттеушілері бұған қатысы бар үш мүмкіндікті атап көрсетеді: тілдің ішкі мүмкіншілігі, яғни жүйесі, екінші осы жүйенің материалдық көрінісі, үшінші – оның қолданысы. Алайда, тілдік жүйеге сай емес қолданыстардың да (ғалымдардың назарын аударып жүрген: *лездеме*, *жиырмасыншы* т.т. қолданыстар) жиі жұмсалы арқылы әдеби тіл белесіне көтеріліп жатқаны белгілі. Осыған орай ғалым Р.Сыздық тілдік норманың негізгі сипатын, механизмін ашуда: *тілдік жүйе – тілдік норма – узус* үшендерін бірлікте ала отырып, қолданыстың нормаға айналуында дағдының үлкен рөл атқаратындығын да аңғартады. Қазіргі лингвистика ғылымында норманың белгілерін ғалымдар әр түрлі атайды. Солардың ішінде: тілдік узус, оның тілдік жүйеге сәйкестігі және қоғамдық қолдауға ие болуына да ерекше мән беріледі. Узус ұғымын ғалымдар (Р.Сыздық, Н.Уәли) тілдік жүйеге қайшы келгенімен, тілдік дағдыға айналып кеткен қолданыстарды жатқызады. Демек, норма мен узусты ажырату керек. Яғни қолданыла келе дағдыға айналып кеткен тілдік жүйеге қайшы келетін қолданыстар узус болып табылады. Тілдік жүйеге қайшы болғанымен, тілімізде көптеген сөздер: *жиырмасыншы* (дұрысы – жиырманшы), *уақытысы* (дұрысы – уақыты), *куәгер* (дұрысы – куә), *аспазышы* (дұрысы – аспаз), *туылды* (дұрысы – туды) т.т. дағдыға айналып кеткені белгілі.

Ғылыми зерттеулерде норманы тілдік және тілдік емес деп бөлу де кездеседі. Тілдік норма тілдің қалыптасқан заңдылығы, жүйесі, яғни кодификацияланған норма болса, тілдік қарым қатынаста осы жүйені белгілі бір мақсатқа сәйкес бұзып қолдану да кездесетіні белгілі. Мұндай құбылысты ғалым Н.Уәли нормадан прагматикалық ауытқу деп атай отырып, оның бірнеше түрлерін ажыратады [19].

Атап айтқанда:

- 1) тілдік нормадан ауытқу;
- 2) мәтіндік нормадан ауытқу;
- 3) логикалық нормадан ауытқу;
- 4) онтологиялық нормадан ауытқу;
- 5) этологиялық нормадан ауытқу.

Тілдік нормадан ауытқуға грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, сөзжасамдық нормалардан ауытқуды жатқызады. Жекелеген сөздердің мағынасын бұзып қолдану, қайталаулар, ойдың түсініксіздігі логикалық нормалардан ауытқуға жатады. Онтологиялық нормадан ауытқуға тілдік ұжымның санасындағы ақиқат дүниенің тілдік бейнесін дәл бермеуді жатқызады. Этологиялық нормадан ауытқуға сипатталып отырған жағдаяттың нормасына персонаждың іс-әрекеті сәйкес болмайды. Нормадан бұл сияқты прагматикалық ауытқулардың болуының себебін ғалым тілді эсерлі, бейнелі, көркем жеткізудің амалы, тәсілі деп дәлелдейді. Прагматикалық мақсатта орфография мен орфоэпиялық нормадан ауытқуды ғалым «какоземия» деп атайды. Какоземия жазушының

немесе сөз қолданушының орфографиялық нормада жоқ қысқартуларды, жазба сөздің дыбыстық құрамына бөтен дыбыстық элементтерді қосып қолдануы. Мысалы, *қараге-е-м*. Бұл белгілі бір объектіге кейіпкердің, я болмаса өзінің субъективті көзқарасын айқын көрсетуі оқырман зейінін соған кідірту мақсатында қолданылатын риторикалық тәсілдің бірі болып саналады [19, 75 б.]. Мысалы:

– *Хо-ош, олай екен, ниетіңді ұқтық, ағайын. – Ә-ә-ә, әкемді алған құдай қайда жүр десем, сен екенсің зой! – деп божбан қара қынаптағы қылышқа шап берді* (Ж.Тұрлыбаев).

Прагматикалық мақсаттағы ауытқудағы риторикалық тәсілдің бір түрі – анадиплозис. Микромәтінде, айтылымда бір сөздің, я болмаса түбірлес сөздің іліктесе қайталанып отыруы арқылы автор оқырман назарын бөгеп, кідіртіп отырады. Мұнда бірінші айтылымдағы сөз екіншісінде ілік-шатыс қайталанып отырады дей келіп, Н.Уәли мынадай мысал келтіреді: *жүрек отсыз, тілек тілсіз, тіл тілексіз, ұсқыны түзу бір ой солдаттың басынан орын таба алатын емес* (Ф.Мүсірепов). Сонымен қатар ғалым риторикалық тәсілдің: диафора және антиэллипсис түрлерін де атап көрсетеді.

Диафора дегеніміз – бір сөзді бір мәтінде не сөйлем ішінде әр түрлі мағынада қолдану. Мысалы, «Біреу қыз алып қашса, біреу босқа қашады» деген мақалдағы «қашу» сөзінің екінші қолданыстағы мағынасы «сенделіс, босқа далбасалау» дегенді білдіріп тұр. Ал антиэллипсис сөзді не қосымшаны басы артық мөлшер, межеден көбірек қайталау, ықшам етіп сиыстыруға болатын бірліктерді керісінше, күрделендіріп жұмсау арқылы оқырман назарын кідіртудің риторикалық бір тәсілі ретінде көрінеді. Мысалы:

- *Егін көріп қайтайын деп шығып ем, өздеріңізге жол болсын.*

- *Жолдамақ сізден болыңқыраса, сізді ұстауға шығыңқырап ек, нетпесеңіз ұстаңқырар едік ... – деді бір қу милиция* (Ф.Мүсірепов).

Бұл қолданыста – *ыңқыра* қосымшасы оқырман назарын кідірту үшін жұмсалып тұр. Тілдік нормадан прагматикалық ауытқудың түрлерін, оның мақсатын білу келешек маман үшін өте қажет. Сондықтан практикалық сабақтарда бұл үрдіс ескеріліп отырады. Норманың табиғатына қатысты тағы бір көңіл қоятын мәселе оның қатаң және босаң түрлерінің болуы. Тілдік норма алдымен тілдік жүйемен байланысты қарастырылатыны белгілі. Демек, қатаң норма тіл жүйесімен бұлжымас бірлікте болады. Яғни қатаң норма дегеніміз – тіл тәжірибесінде сыннан өтіп, жұртшылық таныған норма. Ал кей жағдайда тілдегі сан алуан варианттарды талғап-таңдауда аса қатаң талап қойыла бермейді. Ондай варианттардың қай түрін қолдану сөйлеушінің еркінде болады. Мысалы, айғай-айқай, тыңдады-тыңдады, ақшадай-ақшалай т.т. Бұндай қолданыстар босаң норма деп аталады.

Қорытынды. Мемлекеттік мәртебе алып отырған ана тіліміздің өз байлығы мен мүмкіндігіне сай қолданылуы, сол қалпында ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілуі оны қолданушылардың, оның ішінде келешегіміз - жас ұрпақтың еншісінде.

Абай атамның: «Сөзіне қарап кісіні ал» деген тұжырымының маңызы өте зор. Өйткені тілдің, сөздің сенің рухани байлығыңды, сөз мәдениетіңді, яғни өз мәдениетіңді байқатады. Сондықтан сөз мәдениетіне, тілдің қай саласында болмасын, үлкен мән берілуі тиіс. Өйткені: сөз мәдениеті, ең алдымен, әдеби норма дегенге тікелей қатысты. Жалпы тіл білімінде біршама қалыптасқан тұжырымдарға талдау жасағанда тіл мәдениеті дегеніміз – тілдік нормаларды, оның ішінде әдеби тіл нормаларын дұрыс сақтау әрекеті болып табылады. Кейбір зерттеушілер бұл салаға кеңірек міндет артып, тілдің көріктеу құралдарын, яғни стилистикалық заңдылықтарды дұрыс пайдалануды да сөз мәдениетінің объектісі деп таниды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы: Ғылым, 1984. – 184 б.
- 2 Львов М.Р. Основы теории речи. Учебное пособие для студентов. М.: Изд. Центр «Академия», 1995. - 248 с.
- 3 Қазақ тілінің орфоэпиялық анықтағышы. – Алматы: Арыс, 2004. – 200 б.
- 4 Головин Б.Н. Введение в языкознание. 2-ое издание. – М.: 1978. – 332 с.
- 5 Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: РБК, 1986. – 214 б.
- 6 Винокур Г.О. Культура языка. – М.: 1929. – 340 с.
- 7 Словарь по этике. – М.: 1981. – 430 с.
- 8 Соссюр Де Ф. Труды по языкознанию. - М.: Прогресс, 1977. - 686 с.
- Горбачевич К. Нормы современного русского литературного языка. - М.: Просвещение, 1989
- 9 Ипполитова Н.А. Русский язык и культура речи. - М.: Проспект, 2006. - 344 с.
- 10 Розенталь Д.Э. Культура речи. - М.: МГУ. 1964
- 11 Ицкович В.А. Норма и ее кодификация. - М.: Наука, 1970. - с 40-104
- 12 Пешиковский А.М. Избранные труды. – М.: Учпедгиз, 1959. – 252 с.
- 13 Головин Б.Н. Как говорить правильно: Заметки о культуре речи. – М.: Высшая школа, 1988. – 159 с.
- 14 Головин Б.Н. Основы культуры речи. 2-е изд. – М.: 1988. – 263 с.
- 15 Косериу Э. Синхрония, диахрония и история //Новое в лингвистике. Вып.111. – М.: Иностранная литература, 1963. – С.143-343.
- 16 Алексеев П.М. Квантитативные аспекты речевой деятельности //Языковая норма и статистика. – М.: Наука, 1977. – С. 43-58.
- 17 Степанов Ю.С. Основы языкознания. – М.: Просвещение, 1966. – 271 с. Скворцов Л.И. Норма. Литературный язык. Культура речи //Актуальные проблемы культуры речи. – М.: Наука, 1970. – С.40-104.

18 Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 230 б.

19 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ... диссер. – Алматы, 2007. – 296 б.

Reference:

1. Balaqaev M. *Qazaq әдеби тили және оның normalary.* – Алматы: Ғылым, 1984. – 184 б.
2. Lvov M.R. *Osnovy teorii rechi. Uchebnoe posobie dlä studentov.* M.: Izd. Sentr «Akademia», 1995. - 248 s.
3. *Qazaq tiliniñ orfoepialyq anyqtaғыsy.* – Алматы: Arys, 2004. – 200 б.
4. Golovin B.N. *Vvedenie v iazykoznanie. 2-oe izdanie.* – M.: 1978. – 332 с.
5. İsaev S. *Qazaq әдеби tiliniñ tarihy.* – Алматы: RBK, 1986. – 214 б
6. Vinokur G.O. *Kültura iazyka.* – M.: 1929. – 340 s
7. *Slovär po etike.* – M.: 1981. – 430 s
8. Sossür De F. *Trudy po iazykoznaniiu.* - M.: Progres, 1977.-686s Gorbachevich K.. *Normy sovremennogo ruskogo literaturnogo iazyka.*-M.: Prosveşenie, 1989
9. İppolitova N.A. *Ruski iazyk i kültura rechi.*- M.: Prospekt, 2006.-344s
10. Rozentäl D.E. *Kültura rechi.* - M.: MGU.1964
11. İskovich V.A. *Norma i ee kodifikasija.*-M.: Nauka, 1970.- s 40-104
12. Peşkovski A.M. *İzbrannye trudy.* – M.: Uchpedgiz, 1959. – 252 s.
13. Golovin B.N. *Kak govorit pravilno: Zametki o külture rechi.* –M.: Vyssaia şkola, 1988. – 159 s.
14. Golovin B.N. *Osnovy kültury rechi. 2-e izd.* – M.: 1988. – 263 s.
15. Koseriu E. *Sinhronia, diahronia i istoria //Novoe v lingvistike. Vyp.111.* – M.: İnostrannaia literatura, 1963. – S.143-343.
16. Alekseev P.M. *Kvantitativnye aspekty rechevoi deiatelnosti //İazykovaia norma i statistika.* – M.: Nauka, 1977. – S. 43-58.
17. Stepanov İu.S. *Osnovy iazykoznanija.* – M.: Prosveşenie, 1966. – 271 s. Skvorsov L.İ. *Norma. Literaturnyi iazyk. Kültura rechi //Aktuälnye problemy kültury rechi.* – M.: Nauka, 1970. – S.40-104.
18. Syzdyq R. *Tildik norma және оның қалыптануы.* – Алматы: Ғылым, 2001. – 230 б.
19. Uәli N. *Qazaq sөz мәдениетiniñ teorialyq negizderi: filol. ғыl. dokt. ... diser.* – Алматы, 2007. – 296 б.

MPHTI 16.21.51

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.03>

Aldasheva A.,¹ Ordabayev Ch.,² Nabidullin A.³

¹al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan

^{2,3}Abai Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan

GRAMMATICAL CATEGORIES IN MODERN ENGLISH

Abstract

«Алматы» телеарнасындағы «Тіл сақшысы» деген жаңа бағдарламаның да ашылғанын *көзіқарақты көрермен* көріп, біліп жүрген болар. Қаниама мекемемен соттасып, қаниама мекеменің қатесін түзетіп, қазақтың қасіретімен *бетпе-бет алысып жатыр.* («Жас Алаш», 28.12.2010 ж.).

Тәуелсіздік көкбайрағы желбірегелі табаны күректей 19 жыл өтті. («Жас Алаш», 28.12.2010)

Путин қоғамның көкірегіндегі осы бір қылдарды шертіп ойнағысы келеді, – дейді Азаттық радиосына Мәскеуде орналасқан Саяси бағалау орталығының сарапшысы Павел Савин («Жас Алаш», 13.10.2011).

Мұның астарында бүгінде дәуірі жүріп тұрған Құлыбаевтың ықпалынан жасқану жатқан сияқты («Жас Алаш», 13.10.2011).

Ел тани ма, танымай ма, биліктің кілті қолында тұрғанда Салидат Қайырбекова бұл мәселені шешудің тетігін табар, бәлкім («Жас Алаш», 30.08. 2011).

Жолдың жайы ол кезде қандай екені есіңізде болар. Ал қазір барсаңыз, мақалада айтылғандай «Қара жорғаны» «билеп» қайтатыныңыз анық. («Жас Алаш» №35 (15493) 5 мамыр, сәрсенбі 2010)

Бұл мысалдардағы кедейшілік *қамытын мойындарына кию* («кедей болып қалу, кедейлікке ұшырау»), *аттан түспей тұру* («қолында билігі бар кезде»), *астын сызып отырып қарау* (өте мұқият, анық), *жыртығын жасау* («кемшілігін түзеу»), *бетпе-бет алысу* (күресу), *Тәуелсіздік көкбайрағы желбірегелі* (Тәуелсіздік алғаннан бері), *көкірегіндегі қылдарды шертіп ойнау* (өз мақсатына жетудегі мүмкіндіктерін пайдалану), *биліктің кілті қолында* (билігі жүру), «Қара жорғаны» «билеп» қайту («Қара жорға» биінің қимылдарын бейнелі түрде елестетуіне орай баламалы түрде туған тұрақты авторлық қолданыс, бұл жерде шұңқыр-шоқалақтарға тап болу деген мағынасында қолданылып отыр), *дәуірі жүріп тұрған* (мүмкіншілігі мол) – автор тарапынан

конструкцияланған фразеологиялық тіркестер. Адресант әлеуметтік кереғарлыққа, намыссыздыққа, жүдеген халық тұрмысына күйінеді, ашынады, оны мысқылдап әжу қылады.

Бірақ қайда, қалай “ұшарын”, қайтіп, қалай “қонарын” білмеген соң, жұртқа қыран деп қарғаны, бұлбұл деп бытбылдықты көрсетіп әлек болып жүретін әдеті бар. («Жас Алаш», 28.12.2010). Осы бір мысалдағы қос тағанды тіркестер де симметриялық байланыста және олар антоним болып контрастивті жұптар жасаған (*ұшу-қону, бұлбұл-бытбылдақ, қыран-қарға*).

Тіл білімінің білгірі А. Байтұрсынов «келтірінді сөйлем» деп атаған мақал –мәтелдерді, ғалымдар «тілдің әрі ұтымды, әрі сымбатты байлықтарының» бірі ретінде атай келіп, «халық данышпандығының айнасы, оларды тудырған халықтың тіл байлығының алтын қазынасы», - деген [8.,119].

Белгілі филолог А.А. Мұсабекова қазақ баспасөзінде осы бір көркем сөз оралымдары ішкі мағыналық байланысқа түсіп, ұтымды жымдасып, айтылғалы отырған ойдың эмоцияналдылығын арттырып отырудың түрлерін төмендегіше жіктеп, анықтаған. Олар: 1) Мақал-мәтелдерді тұлғалық өзгерістерге ұшыратпай, өз қалпында пайдалану арқылы эмоцияны білдіру; 2) Автор тарапынан өзгеріске ұшыраған инварианттар – мақал-мәтелдер арқылы эмоцияны білдіру; 3) Тұлғасы өзгертілмей, тұтастай автордың өз иелігіне айналған мақал-мәтелдер [3., 74-75]. Ғалымның мақал-мәтелдердің контексте мұндай жолдармен берілу тәртібін құптай келе, мұндай құбылыстардың баспасөз дискурстарында, әсіресе газет тақырыпаттарында жиі ұшырасатын құбылыстар екендігін анықтадық. Мысалы, халық мақалдарының қаймағы бұзылмай, ежелден келе жатырған қалпында қолданылуын келесі мысалдардың анық байқауға болады. Мыс: **“Қара қытай қаптаса, сары орыс әкеңдей көрінер”** дейтін мақал бар қазақта. Осы мақалды кім, қашан және неге шығарғаны біз үшін беймәлім. Шамасы, ел басына күн туған шақта айтылған сөз болса керек. Алайда бұл орыс бізге жанашыр дегенді білдірмейтінін уақыт төренің өзі дәлелдеді (*«Жас Алаш», 15.05.2014*).

Астана әкімі Иманғали Тасмағамбетов: «... Ұлтқа ұстаз болып отырған елбасының асқақ рух, сирек азаматтық еркі, қайрат пен ақылы, парасат пен пайымы, көрегенділік пен көсемшілдігі, ақиық ақын Махамбетше айтқанда, «Жайлап жатқан жерді елге толтыруды, жағалай жатқан сол елді малға толтыруды», көксеген арманы «малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп жатса тұрса, ердің емес, елдің қамын жеген мемлекетшіл қайраткерлігі қашанда өрелі өнеге, үлкен үлгі», – деді («Жас Алаш», 10.10.2011).

«Атадан балаға баққан малың емес, еккен талың қалады». Халық даналығы осылай дейді. Облыс әкімі Асқар Мырзахметовтің бастамасымен Шымкент қаласының шетінен жаңадан жасыл аймақ пайда болып, бір мың гектарға тал отырғызу қолға алынды (*«Жас Алаш», 22.10.2009*).

Мақал-мәтелдер тұлғалық жағынан тұрақты болып келгенімен, адресант шеберлігіне орай, түрлі өзгерістерге ұшырап қолданылатын жағдайлар да кездеседі. Ә.Қайдар «мұндай жағдайда олардың жалпы мазмұнына, мағынасына, бүкіл тіркеске негіз, дәнекер болып тұрған образ – бейнеге бәлендей нұсқан келтіре қоймайды», -дейді. Ғалым мұндай «тұлғалық модификацияларға ұшырау салдарынан пайда болған, тіл практикасында бір-ақ рет қолданыс табатын» мақал-мәтелдердің түрлерін «инварианттар» деп атаған. Бұл ретте ғалымның «инварианттар» деген терминінің баламасы ретінде өз тарапымыздан «окказионал мақал-мәтелдер» немесе «окказионал сөз оралымдары» деген терминдерді пайдалануды ұсынамыз. Өйткені «окказионал» термині де бұл жерде «бір қолданар, жаңа қолданыс» деген мағынаға саяды. Сондықтан «инварианттар» терминінің орнына кей тұстарда «окказионал мақал-мәтелдер», «окказионал сөз оралымдары» дегеннің еш әбестігі жоқ есептейміз. Мәселен баспасөз бетінде жарық көрген мына бір өлең жолдарына назар аударалық:

Аңы мысқыл батқаны-ай, шымбайыма,

Дегенмен, Ақыл, сені тыңдайын, ал:

(Бас жарылса бөркім бар... кім көреді?!)

Ағамның жығылайын ыңғайына («Жас Алаш»)05.05.2010).

Төрт жол өлеңдегі тамаша үйлесім тапқан **«Бас жарылса бөркім бар... кім көреді?!»** деген мысалдағы мақалдың о бастағы қалыпты нұсқасы **«Бас жарылса – бөрік ішінде, қол сынса – жең ішінде».** Ал енді мысалымызда адресант өз жазғанының адресатқа әсерлі жетуі үшін әдейі **«Бас жарылса бөркім бар... кім көреді?!»** деп өзгеріске ұшыратып берген.

Күйеудің өзі – жүз жылдық, ал әуресі – мың жылдық(*«Жас Алаш», 19.01.2010*) деген мысалдағы мақалдың ежелгі нұсқасы көпшілікке мәлім. *«Күйеу-жүз жылдық, құда - мың жылдық»* деген мақалдың стильдік өзгеріске ұшырап, инвариантталған нұсқасы болып табылады. Бұл жерде мұндай стильдік өзгеріске ұшыраған көркем сөз оралымдары сөйлемге ықшамдылық, дәлдік, эмоционалдық сипат беріп тұрғанын анық.

Үшінші тұтастай автордың өз иелігіне айналған мақал-мәтелдер өте жиі ұшыраспа да, саяси дискурстарда бірлі-жарымды ұшырасып отырады. Мысалы: *Шындығында, бүгінгі қазақ зиялысының сөзге қыры болғанымен, табанында бүрі жоқ. Нысанаға алған бетімен қасқайып тұрмай, жеме-жемге келгенде тайқыт шыға береді. Осыдан кейін елдің шеті мен желдің өтінде тұратын ұлт азаматтары “қазақтың ұл-қыздары кімнен үлгі алуы тиіс?” деп ойлайсың. Ұрпаққа талғамды тәрбие, салиқалы саясат, салауатты өмір мен сындарлы тарихты қалыптастыратын қазіргі қоғамның келбеті неге мың құбылады? («Жас Алаш», 13.10.2011).* Бұл сөйлемнен байқағанымыз мақалдың еш стильдік өзгеріске түспей ақ автордың иелігіне айналған, экспрессивтілігі сөйлемге көркемдік сипат беріп тұр.

Тіліміздегі қанатты сөздерің эмоциялық әсері өте жоғары болады. Халық қазынасының осындай көркемдік үлгісі баспасөзде де кездесіп отырады. Олады айтылатын оймен орайластырып, дұрыс қолдана білсек, сөзіміз мірдің оғындай өткір, көңілге бірден ұялай қалатындай дәл әрі ықшамды болады»- дейді Р. Сыздық [9., 112].

Үйі жоқтың – күйі жоқ» деген қанатты сөз бар қазақта. Осындай үйі жоқтарға үй алуға жәрдемдесіп, күйі жоқтардың күйін келтіруге көмектесіп жүрген «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» халықшыл демеі, кім дейміз?! («Жас Алаш», 22.10.2009).

Ядролық сынақтардан, экологиялық апаттар мен әлеуметтік-экономикалық проблемалардан көз ашаған семейліктердің билікке «өкпесі қара қазандай» екені белгілі. («Жас Алаш», 28.12.2010). «**Үйі жоқтың – күйі жоқ», «өкпесі қара қазандай»** деген қанатты сөздер халық нақылына айналып кеткен, ал автор оларды кейіпкерлерінің жай-күйі мен өз эмоциясын нақты әрі дәл жеткізу мақсатында қолданған. Автор осындай қолданыстарды қолдана отырып, сөйлемдегі стильдік бояуды қалыңдата түседі, эмоционалдық реңкін арттырады.

Аталмыш қанатты сөздерді белгілі бір автор қаламынан туындап, кейін жалпыхалықтық игілікке айналуы әбден мүмкін.

Сонымен қорыта келе мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, фразеологиялық тіркестер – экспрессивтілігі өте күшті, образдылығы жағынан маңызды қызмет атақаратын стильдік құрылымдар. Олар баспасөз беттерінде өзгермеген қаз-қалпында да, инварианттық құрылым түрінде де, адресант тарапынан өзгеріске ұшырап та қолданылады. Мұндағы осы жанрдың функционалдық стиліне орай, қоғамдық, саяси-әлеуметтік мәселелерді эмоционалды әсерлі етіп шебер суреттеуде мол мүмкіндіктер береді. Жағымды эмоциялы фразеологизмдер мен жағымсыз эмоциялы фразеологизмдер адресанттың түрлі эмоциялық сипатын ашып, автордың сезім иірімдерін дәл әрі әсерлі етіп жеткізіп отырады. Сөзіміздің соңында отандық мерзімді баспасөздегі саяси дискурста эмоционалдылық пен экспрессивтілік тән екендігін және олар түрлі фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер арқылы көрініп отыратындығы анықталды деген пікірге келеміз. Сондықтан баспасөз тіліне лингвистикалық талдау жасаған кезде, оған жалаң тілдік тұрғыдан емес, әлеуметтік, философиялық, психологиялық тұрғыдан келу орынды деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы. Фил. ғыл. кан. дис. – 10.02.02. – 2000 ж.
- 2 Гвоздев А.Н. Очерки по стилистике русского языка. М: Просвещение, 1965.- с. 407.
- 3 Мұсабекова А.А. Қазіргі қазақ публицистикасында экспрессия мен эмоцияны білдірудің тілдік құралдары. Фил. ғыл. канд. дис. 10.02.02. –Астана, 2004 ж
- 4 Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1995. – 207 б.
- 5 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – Алматы: 2001.
- 6 Махмудов Х. Некоторые вопросы теоритической стили. Филологический сборник. Выпуск IV. – Алма-Ата: 1965.- С. 288.
- 7 Васильев Л.А. Семантика русского глагола. – М: Высшая школа, 1981, с.184.
- 8 Байтұрсынов А. Шығармалар. – Алматы, 1984.
- 9 Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997, - 224 б.
- 10 І. Кеңесбаев. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: «Ғылым», 1977,- 711 б.

References:

1. Jaqsybaeva F.Z. Gazet мәтіннің прагматикалық функциясы. Fil. ғыл. кан. дис. – 10.02.02. – 2000 j.
2. Gvozdev A.N. Oчерки по стилистике русского языка. M: Prosveshenie, 1965.- s. 407.
3. Mūsabekova A.A. Qazırǵı qazaq publisistikasynda ekpressia men emosiany bildirudiñ tildik qūraldary. Fil. ғыл. канд. дис. 10.02.02. –Astana, 2004 j
4. Syzdyq R. Abaidyñ söz örnegi. – Almaty: Sanat, 1995. – 207 b.
5. Smaǵūlova G. Maǵynalas frazeologizmder sözdıǵı. – Almaty: 2001.
6. Mahmudov H. Nekotorye voprosy teoriticheskoi stili. Filologicheski sbornik. Vypusk IV. – Alma-Ata: 1965.- S. 288.
7. Vasilev L.A. Semantika ruskogo glagola. – M: Vyssaia škola, 1981, s.184.
8. Baitürsynov A. Şyǵarmalar. – Almaty, 1984.
9. Syzdyq R. Söz qūdireti. – Almaty: Sanat, 1997, - 224 b.
10. I. Keñesbaev. Qazaq tilniñ frazeologialyq sözdıǵı. – Almaty: «Ǵylym», 1977,- 711 b.

Ермекова Т.Н.,¹ Абдурахманова И.Т.,² Абрахманова Ж.Ә.³

^{1,2} Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

³ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіні,
Алматы, Қазақстан

«СЫПАЙЫЛЫҚ» МӘНІНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ, СЕМАНТИКАЛЫҚ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Аңдатпа

Мақалада «сыпайылық» мәнінің грамматикалық және семантикалық репрезентациясы қарастырылған. «Сыпайылық» семантикасын беретін грамматикалық формалар мен олардың түрлері, мағыналық айырымдары, жас және генетикалық ерекшеліктеріне байланысты қолданылатын тілдік бірліктер мен сөз ормадары, олардың морфологиялық құрылымы мен синтаксистік байланыстары, семантикасы қарастырылған. «Сыпайы сөзі қатысу арқылы жасалған тілдік оралымдар – мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер, сонымен қатар «сыпайы» сөзі қатыспай-ақ «сыпайылық» мәнінің берілуін де қазақ тіліндегі мысалдар арқылы дәлелдеген. «Сыпайы емес, дөрекі» деген мағынаны беретін тілдік бірліктердің функционалды қолданысы сөз болып, «сыпайылық» мәні арқылы берілетін шынайылық мағынасы тілдік деректермен дәлелденген. «Сыпайылық» туралы жазылған ұлт жазушыларының афоризмдер мен әлемдік философтардың афоризмдерін келтіре отырып, ұлттық менталитетте «сыпайылық» ұғымын қабылдауда ерекшелік бар екеніне көз жеткізді. Халқымыздың қатігездік пен өшпенділіктің кез келген көрінісіне қарсылық білдіріп, ұрпақты ғасырлар бойы кешірімділікке, қайырымдылыққа, ізгілікке үндейтін тілдік қолданыстары мол екені мен олардың ұлттық тәрбиені бойға сіңіруде үлесі зор екені сөз болады.

Түйін сөздер: қазақ тілі, сыпайылық мәні, сөз ормадары, сөз әдебі, сөз мәдениеті

Yermekova T.,¹ Abdurahmanova I.,² Abdrahmanova Zh.³

¹ Kazakh National Women's Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

³ Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan

GRAMMATICAL AND SEMANTIC REPRESENTATION OF THE MEANING OF POLITENESS

Abstract

The article provides a grammatical and semantic representation of the meaning of "politeness". There are grammatical forms that give the semantics of politeness, their types, semantic differences, language units and speech forests used depending on age and genetic characteristics, their morphological structure and syntactic connections, semantics. "Language translations with the participation of a polite word-Proverbs and phraseological units, as well as" politeness", without the presence of the word "politeness", proved on the example of the Kazakh language. The functional use of language units, which gives the meaning "not polite, rude", is a word, the meaning of reliability, transmitted through the meaning of "politeness", is proved by pagan data. It was noted that in the National mentality there is an exception in the perception of the concept of "politeness", citing aphorisms and aphorisms of world philosophers written about "politeness".

Keywords: kazakh language, the meaning of politeness, phrases, ethics of words, culture of speech

Ермекова Т.Н.,¹ Абдурахманова И.Т.,² Абрахманова Ж.Ә.³

¹ Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан

³ Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан

ГРАММАТИЧЕСКАЯ И СЕМАНТИЧЕСКАЯ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ ЗНАЧЕНИЯ «ВЕЖЛИВОСТИ»

Аннотация

В статье предусмотрена грамматическая и семантическая репрезентация значения «вежливость». Предусмотрены грамматические формы, дающие семантику вежливости, их виды, смысловые различия, языковые единицы и речевые выражения, используемые в зависимости от возраста и генетических особенностей, их морфологическая структура и синтаксические связи, семантика. Языковые выражения вежливости с участием слова «вежливый» – пословицы и фразеологизмы, без присутствия слова «вежливость», показаны на примере казахского языка. В статье идет речь о функциональном использовании языковых единиц, дающих значение «не вежливый»,

грубый», значении достоверности, передаваемом через значение «вежливости», доказанным языковедческими данными. Приводятся примеры афоризмов о вежливости, написанных национальными писателями и мировыми философами. Отмечается особенность восприятия понятия «вежливость» в национальном менталитете.

Ключевые слова: казахский язык, значение вежливости, фразы, этика слова, культура речи

Кіріспе.Тілімізде этикалық ұғым түрлерін белгілейтін тілдік бірліктер бар. Солардың бірі сыпайылық мәнін адамның әдептілігімен, ізеттілігімен, өнегелілігімен, қарапайымдылығымен астастыра қарайтын, концепт дәрежесіне дейін көтеретін ұғымдар жиынтығы да бар. Жұрт өнегелі іспен көрінген адамды өте ізетті, сыпайы жан екен дейді. Өмірде көрген-түйгені, білгені мол адамдар коммуникация барысында басқаларды сыйлап, құрметтеумен қоса өзіне тапсырылған міндетті түсіністікпен, іскерлікпен, саналылықпен орындау арқылы көрінуге тырысады.

Сыпайылық – сөз этикетінің ажырамас бөлігі. Сыпайылықтың күнделікті өмірде, адамдардың қарым-қатынасында атқаратын қызметі, коммуникациядағы мәні аса зор [1, 75 б.]. Әр халықтың сыпайылық ұғымын беретін сөздерді қолдануда өзіндік ерекшелігі бар. Мәселен, ағылшындар сыпайылық сақтап, *мисс, миссис, мистер* десе; француздар *мадам, мадмуазель, сеньор, сеньора, сеньорита, сеньорина*; орыс халқы есіміне әкесінің атын тіркестіріп айту арқылы өз көңілдерін, ізеттерін білдіріп жатады. Негізінен, сыпайылықты беруде барлық халық өкілдерінің өзіндік жолдары бар. Бірақ біздің қазақ тілімізде сыпайылық ұғымын беретін тілдік бірліктер көптігімен, түрлілігімен, образдылығымен, вербалдылығымен, бейвербалдылығымен ерекшеленіп тұрады. Сыпайылық ұғымын беретін тілдік бірліктер жынысына, жасына, әлеуметтік жағдайына қарай түрленеді. Сондай-ақ ізет атауынан халықтың салт-дәстүрі мен қалыптасқан тұрмыс-тіршілігін, мінез-құлқы мен моральдық ұстанымын да аңғаруға болады. С. Бизаковтың «Сыпайылық – адамның жан-дүниесінің байлығын, алған тәлім-тәрбиесін танытады» деуі де сондықтан [2, 52 б.]. Әлемдегі ең бай тілдерінің қатарында саналатын орыс тілінің өзінде сыпайылық ұғымын беретін сөздер қазақ тілімен салыстырғанда тым жұтаң. «Литературная газетадағы» мынадай мәнде жазылған мақала осы сөзімізді растайды: «Доброе слово поднимает человека, надолго поселяет в его сердце праздник. Каждый раз, когда слышишь обращение «мужчина!», «женщина!» становится не по себе. Меня страшно коробят эти слова. Слова «гражданин», «гражданка» при обращении тоже режут слух. Обращения по имени-отчеству нет в других языках. Нам очень не хватает верной, несомнительной формы обращения к незнакомым людям. В прежние времена были прекрасные слова обращения «сударь», «сударыня». Люди не употребляют этих слов от незнания и с непривычки. А этому надо учить, например, в школе, - деп жазыпты [2, 52 б.].

http://www.spletnik.ru/blogs/pro_zvezd/168484_pochemu-vse-obrashcheniya-v-russkom-yazyke-uzhasny-i-oskorbitelny сайтындағы «Почему все обращения в русском языке ужасны и оскорбительны» деген мақалада: «В России, в отличие от многих других стран, нет общепринятой вежливой и, главное, универсальной формы устного обращения к незнакомым людям» дейді. Бұған дейін де біз біраз іздену барысында орыс тілінде сыпайылық мәнін беретін қаратпалардың өте аз екенін орыс лингвистикасынан оқып жүрген болатынбыз. Орыс зерттеушілерінің өздері мұны кемшілік деп санағанмен, тілдің абиғаты осы болса, әрине, оған қарсы келуге болмайды ғой. Бірақ бұл тілдің табиғатынан гөрі ұлттың табиғаты деуге болатын шығар. «Поразительно, что в нашем «великом и могучем» так и не могут найти простые и приятные слова для установления контакта» деп налитын кездері де болады [<http://www.spletnik.ru>]. Құндылықтар жүйесін, тыйым мен тәртіп нормаларын қалыптастыратындықтан, сөз өнерін қастер тұтқан халқымыз ізет атауын орнымен қолдануға айрықша ден қойып, этникалық мәдениеттің бір айғағындай санаған. Біздің тілімізде сыпайылық мәнін білдіретін тілдік бірліктердің мол болуының өзі ұлт менталитетінің сыпайылығынан хабар береді деп ойлаймыз.

<https://rg.ru/2011/02/04/police.html> сайтында полицейлерге әлем халықтарында адресатты қалай атау жөнінде мақала жазылған. Франция, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Финляндия, Германия, Қытай секілді елдердің сакшыларын қалай атау жөнінде сөз қозғалған [<https://rg.ru/2011/02/04/police.html>].

Әдістеме.Тілдің нәрі мен қасиетін бойына толық сіңірген бабаларымыздың «Жақсы сөз жан семіртеді», «Жақсы сөз – жарым ырыс» деуі тегін емес. Халық дәстүрінде кішінің де, үлкеннің де бір-біріне жас ерекшелігін ескеріп, ізет көрсетуі міндет саналады.

Ертерек кезде адамдардың қоғамдық-әлеуметтік өмірде алатын елеулі орнына қарай айтылып келген *тақсыр, байеке, хан ием, бек, би, қожам, шахзада, бекзат, ұлық, ағзам, ханша, бибі* сияқты құрмет білдіре атаған атаулары қазіргі кезде қолданыла бермейді.

«До революции к каждому обращались согласно сословиям и уровню взаимоотношений (высший – к низшему, низший – к высшему или оба собеседника на равных). Именно в рамках иерархии существовали все эти «сударь», «барышня», «господин», «милостивый государь» и прочие, которые частично вернулись теперь – уже применительно ко всем.

После СССР были безуспешные попытки закрепить какое-то одно обращение. Это обсуждалось с участием политиков, академиков, общественности. Большинство склонялись к «сударь/сударыня», а бизнесменам и банкирам, конечно, нравилось «господин». Последнее слово прижилось в официально-деловой и письменной речи, но устно мы по-прежнему либо не обращаемся никак, либо используем весь запас разнородных обращений, кто во что горазд» [<http://www.spletnik.ru>]. Орыс тіліндегі мынадай пікірлер, негізінен, тек сол тілге ғана емес, әлемнің барлық тілдеріне тән. Уақыт өте келе қоғамдық формация өзгерген сайын тіл-тілдегі қаратпа сөздер ауысуы әбден ықтимал. Мұндай үдерістен біздің қазақ тілі де әр қоғамдық формация келген сайын өзгеріп отырған.

Кеңес үкіметі кезінде *жолдас, азамат* қаратпа сөздері де ізет атауы ретінде қолданылып келген. *Мырза, ханым* деп айту қазіргі сөз қолданысымызда қайтадан қалпына келтірілді. *Тақсыр, бекзат, ағзам, биби* атауларын да қолданушылар бар.

Жамбыл Жабаев атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, қазақтың көрнекті ғалымы, филология ғылымдарының докторы Алма Қыраубаева елімізде ең алғаш 1993 жылы ұлттық мектептің негізін қалаған еді. Алайда Алматы облысы Қаскелең ауданындағы Ораз Жандосов ауылында ашылған гуманитарлық қазақ мәдениеті мектеп-лицейі ұзаққа бармай, үш жылдан кейін қаржы тапшылығынан жабылып қалды.

Ерте ашылған мектеп нағыз қазақы білімнің құтты шаңырағы болғанын сол кезеңде аталған мектептен білім нәрімен сусындаған шәкірттер жақсы біледі. Алма Қыраубаева осы мектепке негіздеп, ұлттық мектептің барлық талаптарын айқындаған, «Сенім» атты жаңа бағдарлама жасаған өнегесін ұстаздың замандастары мен әріптестері мақтанышпен айтады. Аталған бағдарламаның талаптары бойынша ұлттық мектептің оқушыларына ұл балалармен – «мырза», қыздармен – «бикеш» деп сөйлесу міндеттелген екен, сосын жас мұғалім қыздарды «бике» деп, үлкен әйел мұғалімдерді «биби» деп атаған. Ұстаздар балаға «сен» деген сөзді қолданбай «сіз» деп айту осы мектепте қалыптасыпты. Бұл баланы жастайынан өз-өзіне сенімді тұлға ретінде қалыптастыру мақсатында туындаған.

Ізет көрсетіп, сыпайылық білдіру мәніндегі сөздердің қазақ тілінің өзіндік бір ерекшелігін танытатындықтан, басқа тілге ойдағыдан еркін аударыла бермейтіні белгілі. Сыпайылық мәнін білдіретін тілдік бірліктер этнограф ғалымдардың айтуынша, өзінің жан-жақтылығы мен молдығы жағынан өзге тілдерге қарағанда қазақ тілінде мольрақ.

Қазақ тіліндегі сыпайылық мәнін білдіретін, ең кең тараған, жиі айтылатын түріне туыстық атаулардан туындаған сөздер жатады. Әдетте, ата, әже, апа, шеше деп өз ата-анасын, аға, әпке деп туған бауырларын, тәте, жезде, жеңге деп басқа да туыстарын атайтыны белгілі. Ал бұл сөздерге –й қосымшасын жалғау арқылы *атай, әжсей, апай, шешей, ағай, әпкей, тәтей, жездей, жеңгей* деп қолдану үрдісі бар [Қазақ грамматикасы, 2002].

Туыстық атау мен адам атауларына –м тәуелдік жалғауының, *-шек, -қай* қосымшасының жалғануы арқылы да сыпайылық мәні білдіріледі: *інім, інішек, сіңлім, қарындасым, балам, балақай, қызым, ұлым. Қарт, қария, ақсақал, отағасы, кейуана, бәйбіше, бикеш, бике* сөздері өз ретіне қарай сыпайылық мәнін білдіретін сөздер ретінде қолданылады.

Ересек азаматтар адам аттарының бірінші, кейде екінші буынына –*еке, -ке* қосымшасын қосып айту арқылы да ізет білдіре сөйлейді. *Әбділдә – Әбеке, Сағи – Сәке, Бақыт – Бәке, Әділ – Әдеке, Есет – Есеке* т.б. Кейде адам есімдеріне *аға, әпке, тәте, апа* сөздерін тіркестіріп айтады: *Хасен аға, Райхан әпке, Уәли аға, Зәуре апа, Сәния тәте, ақсақал, қария, отағасы, кейуана, бәйбіше* деп егде жастағыларға, негізінен, ересектерге қарата айтылады. Бикеш деп бойжеткенге, кемелетке жеткен қыздарға, *бике* деп жас әйелге қарата атайды.

Көпшілік жиналған қауымға қарата *құрметті, қадірлі, ұлағатты, қымбатты, аяулы, сүйікті* секілді сөздерді тіркестіріп айту да сыпайы қарым-қатынас жасаудың алғышарты болмақ. *Құрметті халайық, қымбатты достар, қадірлі әріптестер, қымбатты қайыңжұрт, құрметті меймандар, аяулы туған-туыс, ұлағатты ұстаздар, сүйікті балаларым* деген секілді атаулар сыпайылық пен үлкен сезімді білдіріп, адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеп отырады.

Сыпайылық мәнін білдіретін бір топ сөздер – *кешірім сұрау* тілдік бірліктері. Халқымыз жағымды сөзбен адамдардың арақатынасын жақсартады. Көңіл-күй тілдік бірліктері сыпайылық білдіру, инабаттылық жасау, ізеттілік білдіру, әдептілік таныту, кішіпейілділік сақтау, көрегенділігі мен тәрбиелілігін байқату, қазақ тұрмыс-салтында, тұрмыс-тіршілігінде берік орын алған ұстаным, адамгершілік өлшемімі, құрмет тұту этикеті саналады.

Халқымыздың қатігездік пен өшпенділіктің кез келген көрінісіне қарсылық білдіріп, ұрпақты ғасырлар бойы кешірімділікке, қайырымдылыққа, ізгілікке үндеп келеді. Мәселен, Асан қайғы «Ердің құны болса да, алдына келіп қалған соң, қол қусырып барған соң, аса кеш те қоя бер, бұрынғыны қуыспа, деп ұрпақты бір-бірімен тату тұруға шақырған.

Нәтиже мен талқы. Осындай пенде атаулыға құрметпен, ізгілік тұрғысынан қарауды танытатын адам бойындағы жақсы қасиетке кешірім өтіну жатады. Кешірім өтінуге хал үстінде жатқан адамның жақын адамарымен бақұлдасып, тіршілікте артық-кем кеткен істерін, жіберген қателіктерін мойындап, кешу сұрау да жатады. Кешірім өтіну адамның өзі жіберген қатесін мойындап, кешу сұрауы да жатады. Кешірім өтіну адамның өзі жіберген қатесін сезініп, мойындаумен қоса оның батылдығы мен әділеттікке жүгінетін ақыл-парасатын да танытады. Күнделікті тұрмыс-тіршілікте қателесіп, жіберген жағымсыз қылығына өкініш білдірген жанға адами тұрғыдан кеңшілік көрсетіп, кешірім жасау арқылы оған дұрыс жөн-жосық көрсетіледі. Мұның өзі кешірім өтінушінің саналы түрде тәлім-тәрбие алуына қамқорлық көрсетудің көрінісі. Айыбын мойнына алған, қатесін дұрыс, сезініп, оған өкініш білдіргенге кешірім жасалады. Кешірімділік – адам бойындағы жақсы қасиет. Кешірім өтінгенде айтылатын сөз орамдары мынадай: *кешіріңіз, гафу етіңіз, кешірім өтінемін, айып етпеңіз, айыпқа бұйырмаңыз, айыптымын, кінәлімін, қателесіппін, жаңылысыппын, абайламаппын, мүмкін болса, қажет деп тапсаңыз, керек деп ойласаңыз, сізден рұқсат болса, рұқсат етсеңіз, мақұл көрсеңіз, лайық деп қарасаңыз, қарсы болмасаңыз, ренжімесеңіз, мархабат етіңіз, еркіңіз білсін, қалауыңыз болсын, қалауыңыз білсін, қаласаңыз, ренжи көрмеңіз, қапа болмаңыз, ренжімеңіз, абыржымаңыз, көңіліңізге алмаңыз, өкінбеңіз, уайымдамаңыз, жүрекке жақын алмаңыз, ашу шақырмаңыз, ашуға жеңдірмеңіз, дұрдараз болмаңыз, дұрдараздық ете көрмеңіз.*

Осы кешірім сұрау тілдік бірліктерін тұрақты түрде қолданылатын сөз оралымдары ретінде қарастыруға болады.

«Русская речь» журналының бас редакторы, лингвист Алексей Шмелевтің: «Для современного русского этикета предпочтительнее безликое «простите» или «извините», потому что все остальные выражения маркированы, то есть эмоционально окрашены и могут вызвать неудовольствие вашего собеседника» деген пікірі біздің қазіргі қазақ тілі үшін де өзекті деуге болады [http://www.spletnik]. Себебі біздің тіліміздегі ең көп қолданылатын кешірім сұрау тілдік бірлігі – кешіріңіз, кешірім өтінемін, кешірім сұраймын. Жоғарыда көрсетілгендей, кешірім сұрау тілдік бірліктері біздің тілімізде де мол. Коммуникативті стратегияға байланысты кешірім сұрау тактикалары түрліше қолданыла береді.

Біздің тілімізде сыпайылық мәнін білдіретін фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, афоризмдерді көптеп табуға болады. Тұрақты түрде қолданылатын мақал-мәтелдердің ішінде «сыпайы» сөзі қатысқан оралымдардың беретін мағыналарына қарай былай жіктеуге болады:

Шынайылық	Сыпайы емес	Өте сыпайы	Сыпайыдан - әдемілікке
Сыпайы сырын жасырмас, Пұшық мұрнын жасырмас	Сыпайының алдында сүйек жатсын	Сыпайы тоңбайды, - қалтырайды	Сыпайығас ұлулықтан әсемдік жарасады
Сыпайы сырын жасырмас, ақырын ғана бүлік етер	Сыпайының қарағаны – сұрағаны	Сыпайы иманмен қаптап қойғандай	Сыпайыға өлім бар да, қорлық жоқ
Сыпайы сырын білдірмес	Сыпайыны түзде көрме, үйде көр	Сыпайыға оқ тисе, жамандай шуламас	Әркім – сыйласқанның құлы
Сыпайылық жоқ жерде, Сыйласу да жоқ.	Сыпайының сыры мол	Сыпайы жаурамайды, дірілдейді, тоңғаны өзгелерге білінбейді	Кішіпейілділік – кісі көркі
			Кішіпейілділіктен кішіреймейсің

«Сыпайы» сөзі қатыспағанмен, сыпайылық мағынасын беретін мақал-мәтелдер.

Ескерту мәнін білдіретін сөз орамдары	Сыпайылықтан туындайтын нақты, айқын нәрсе, құбылыс	Сыпайылықтан – сыйластыққа
Әдептің басы - байқап сөйлеу. (Іүгнеки)	Арғымаққа оқ тисе, мәстектей туламас (сыпайылық сақтар деген мағынада)	Әркім – сыйласқанның құлы
«Сіз» деген әдеп, «Біз» деген көмек	Әдепті сырттан мақтар (сыртынан мақтап жүреді)	Кішіпейілділік – кісі көркі
		Кішіпейілділіктен кішіреймейсің

Қазақ жазушысы Ғабит Мүсірепов: «Сұлулық, әдептілік, білімділік, сезімділік, ерлік, даналық – бәрі де жеке адамның меншігінде емес, ең алдымен, елдің, халықтың еншісі» деп, қазіргі қазақ бойындағы жоғарыда аталған қасиеттерді ғасырлар бойы ата-баба бойындағы қасиеттерден жинақталғанын айтады.

Өзге халықтардың сыпайылық туралы көзқарастары мәдениетаралық коммуникацияны игеру үшін оқуды, білуді қажет етеді. Джон Локктың «Вежливость – первая и самая приятная добродетель», Сервантестің «Ничто не обходится нам так дешево и не ценится так дорого, как вежливость», Эрзм Роттердамскийдің «Вежливость порождает и вызывает вежливость», А.В. Суворовтың «Вежлив бывает и палач», Фредерик Шопеннің «Вежливостью достигнешь больше, чем насилием», Честерфилдтің «Вежливость и хорошие манеры совершенно необходимы для того, чтобы украсить любые другие достоинства и таланты. Без них ученый обращается в педанта, философ в циника, военный в грубого скота», Пьер Буасттың «Люди до крайности вежливые скоро надоедают», Кристиан Боувидің «Небольшая доза вежливости делает жизнь приятной, большая облагораживает ее», Юлий Цезарьдың «Кто обличает чужую невоспитанность, сам не может служить образцом вежливости» [https://stuki-druki.com/aforizm_Vezhlivost.php] деген сөздері сыпайылықтың сан қырлы екендігінен, оның қоғамдағы адамдардың түсініктерінің әртүрлілігінен, қала берді әр адамның қоғамдағы функциясымен де тікелей байланысты екендігін көрсетеді. Мсыалы Суворовтың іскер де сыпайы бола алады деген маәндегі қанатты сөзі осыған мысалбола алады.

Сингапурдың мемлекеттік саяси қайраткері Ли Куан Ю: «Сыпайы болудан сіз ешнәрседен ұтылмайсыз. «Жоқ» деп айтуға мәжбүр болатын жағдай болады, бірақ оны мәдениетті түрде, шынайы себептерін түсіндіре отырып жеткізіңізші... Не себепті «Жоқ» екенін маған түсіндіріңізші. «Жоқтың» орнына «Иә» деп айтпай-ақ та қойыңыз... Егер «Жоқ» деп айтуға шынайы себептер болса, жауабыңыз «Жоқ» болып қала берсін, бірақ оны сыпайы жеткізіңіз» деген екен. Міне, бұл сыпайылықтың ең биік шыңы десек те болады. Бірақ кей жағдайларда олай болмауы мүмкін. Адамның мінез-құлықтарының әртүрлі болуымен қатар, жауаптар да әртүрлі болуы заңды. Оның үстіне сол сәттегі ситуацияны да ескеру керек.

Уильям Шекспирдің «Достық әлсізденген сайын сыпайылық арта түседі», А.П. Чеховтің «Тәрбиелі адамдар адамның жеке басын ардақтай біледі, сондықтан да олар әр уақытта мейірбанды, жайдары, сыпайы, көнгіш келеді... Болмашыға бола өтірік те айтпайды... Олар көп мылжындамайды... Ешкімге сырын шашпайды», Мигель де

Сервантестің «Оңайлықпен қолға түспесе де, бағаланбай жүрген нәрсенің бірі – сыпайылық» деген афоризмдері сыпайылықтың бағасын арттыра түседі.

Сыпайылық туралы өлең-жырлар да қазақ ақындарының ойларына арқау болған.

*Сыпайылық, сынықтық, әдептілік –
Сымбатыңа сыйымды әдет-қылық.
Сан жігітті сыртыңнан сүзілдіріп,
Сан жігітті қойдың сен дәметтіріп.
Сыңғырауың сырнайдай әлет күліп, –
Сымбатыңа сынымды әдет-қылық.
Сан жігітті сыртыңнан үзілдіріп,
Сан жігітті қойдың сен әлек қылып.
Суымайтын, сөнбейтін әдепкі үміт –
Сымбатыңа сыйымды әдет-қылық.
Сан жігітті сыртыңнан сызылдырып,
Сан жігітті қойдың сен әлек қылып.*

Әбдрахман Асылбектің осы бір өлеңінде қыз бойындағы сыпайылықты әдемі суреттеген.

*Мені үлкендер әдепті деп мақтайды,
Мінезімнен теріс қылық таппайды.
Ал, егер сен жалқау болсаң тілазар,
Ондай әдет жақсылыққа жатпайды.
Қарсы алдынан кесіп өтпей көлденең,
Қашан да мен үлкендерге жол берем.
Абайсызда қалса біреу сүрініп,
Сол заматта сүйеніш боп, қол берем.
Тілін алып кішінің де, кәрінің,
Көңілінен шығып жүрмін бәрінің.
Ата-ананың айтқан сөзін тыңдауды
Әдептілік белгісі деп таныдым.*

Сыпайылықтың бір аты әдептілік. Ендеше әдептіліктің де сыпайылық концептісін ашуға көмегі мол. Бұл ретте бабаларымыздан келе жатқан «Әдептілік ар-ұят - Адамдықтың белгісі, Тұрпайы мінез, тағы, жат –Надандықтың белгісі», «Әдептілік - адам көркі» деген жолдар сыпайылықтың басы – әдепте жатқандығынан хабар береді.

Қорытынды. Қорытындылай келгенде, сыпайылық мәні адамзаттың барлық коммуникация түрлерінде кездеседі. Бірінші кезекте таза грамматикалық репрезентациясы белгілі бір грамматикалық тұлғалар арқылы беріледі. Мәселен, Жіктеу есімдіктерінің II ақ сыпайы түрінде, сонымен қатар жіктеу есімдіктерімен қатар келетін тәуелдеу категориясының II жақ сыпайы түрінде, бұдан өзге жіктік жалғауының II жақ сыпайы тұлғасында келеді. Екіншіден, сыпайылық мәні рең мәнін туғызатын туыстық атауларға жалғанған жұрнақтар арқылы да беріледі. Үшіншіден, адам есімдерінің қысқарған түрлері (Мәке, Досеке, Тәке, Ареке т.б.) арқылы да беріледі. Ал семантикалық репрезентациясы фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерде, афоризмдерде, өлең-жырларда сипатталады. Жалпы сыпайылық мәнін репрезентациялану шегі өте ауқымды. Сондықтан да сыпайылықты концепт ретінде қарастыруға толық болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Циртаутас И. Қазақ тіліндегі еркелету мен ізет мағынасын білдіретін сөздер. // Қазақ ССР ҒА Хабарлары, Қоғамдық ғылымдар сериясы, 1972, №4.

2 Бизақов С. Көңіл-күй лебіздерін білдіретін сөз орамдары. (Өңд. толықт. екінші бас.) /Сеидін Бизақов. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2016 - 384 б.

3 http://www.spletnik.ru/blogs/pro_zvezd/168484_pochemu-vse-obrashcheniya-v-russkom-yazyke-uzhasny-i-oskorbitelny

4 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. 784 б.

5 https://stuki-druki.com/aforizm_Vezhlivost.php

6 <https://rg.ru/2011/02/04/police.html>

References:

1. Sirtautas I. Qazaq tilindegi erkeletu men izet magynasyn bildiretin sözder. // Qazaq SSR ĞA Habarlary, Qoғamdyq ғылымдар seriasy, 1972, №4.

2. Bizaqov S. Köñil-küi lebizderin bildiretin söz oramdary. (Öñd. tolyqt. ekinşi bas.) /Seidin Bizaqov. – Almaty: «Eltanym baspasy», 2016 - 384 b.

3. http://www.spletnik.ru/blogs/pro_zvezd/168484_pochemu-vse-obrashcheniya-v-russkom-yazyke-uzhasny-i-oskorbitelny

4. Qazaq gramatikasy. Fonetika, sözjasam, morfologia, sintaksis. – Astana, 2002. 784 b.

5. https://stuki-druki.com/aforizm_Vezhlivost.php
6. <https://rg.ru/2011/02/04/police.html>

МРНТИ 16.21.55

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.12>

Есенова К.Ө.¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ЖАҚСЫ ӨМІР ЖАҚСЫ ОЙЛАРДАН БАСТАЛАДЫ...

Аңдатпа

Мақалада қазақ тіл білімінің дамуына, қазақ сөзінің қорын кеңейтуге қазақ сөзінің қуатын мен өміршендігін зерттеуге елеулі үлес қосып келе жатқан лингвист-ғалым, лингвомәдениеттанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Жамал Айтқалиқызы Манкееваның ғылыми тұжырымдарына талдау жасалады. Жамал Айтқалиқызы - қазақ лексикологиясы мен этнолингвистикасының негізін қалаушы Ә.Қайдар, М.Балақаев, І.Кенесбаевтардың ізін жалғастырушы тұлға. Ғалымның зерттеулері қазіргі лингвомәдениеттанушы, этнолингвист мамандар даярлауда кеңінен қолданылатын сұранысқа ие еңбектер қатарынан табылып отыр. Ж.Манкееваның сөз бойындағы мәдени мағынаны айқындаудың тәсілдері мен этнолингвистикалық талдау үлгілері арқылы бүгінгі күні қазақтың сөздік қорындағы бірқатар тіл бірліктерінің жаңғырғанын, таныла бастағанын байқаймыз. Мақалада ғалым ұсынған талдау үлгілері таныстырылады. Сондай-ақ, ғалым Ж.Манкееваның шәкірт дайындау, ғылыми кеңес беру әдістері, рухани болмысы, ғалымдық әлемі жайында пікір ұсынылады. Ғылымды зерттеп қана қоймай, шәкірт дайындап, ғылыми ізді одан әрі жалғастыру, қазақ этнолингвистикасы мен лингвомәдениеттану саласының зерттелуін кеңейту мүддесіндегі ұстанған бағыттары туралы айтылады.

Түйін сөздер: ғалым әлемі, ұлттық сана, лингвомәдениеттану, этнолингвистикалық талдау, тұлға

Esenova K.¹

¹ Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

A GOOD LIFE STARTS WITH GOOD THOUGHTS ...

Abstract

The article analyzes the scientific conclusions of the linguist-scientist, linguoculturologist, doctor of philological sciences, professor Zhamal Aitkaliyeva Mankeeva, who made a significant contribution to the development of Kazakh linguistics, expanding the Kazakh vocabulary and studying the potential and vitality of the Kazakh word. Zhamal Aitkaliyeva is a follower of the founders of Kazakh lexicology and ethnolinguistics A. Kaidar, M. Balakaev, I. Kenesbaev. The scientist's research is one of the most significant works in the training of modern linguists and ethnolinguists. We see that a number of linguistic units in the Kazakh lexicon have been revived and modernized today with the help of Zh. Mankeeva's methods of ethnolinguistic analysis and methods for determining the cultural meaning of words. The article presents samples for analysis proposed by the scientist. The article also offers an opinion on the training of personnel, on the apprenticeship of the scientist Zh. Mankeeva and on the valuable methods of scientific consulting. It tells not only the study of science, but also the priorities of the continuation of scientific research, the expansion of research in the field of Kazakh ethnolinguistics and linguoculturology in the direction of the scientist Zh. Mankeeva.

Key words: the world of the scientist, national mind, cultural linguistics, ethnolinguistic analysis, personality

Есенова К.О.¹

¹ Казахский Национальный педагогический университет им. Абая,
Алматы, Казахстан

ХОРОШАЯ ЖИЗНЬ НАЧИНАЕТСЯ С ХОРОШИХ МЫСЛЕЙ ...

Аннотация

В статье анализируются научные выводы лингвиста-ученого, лингвокультуролога, доктора филологических наук, профессора Жамал Айткалиевны Манкеевой, внесшей значительный вклад в развитие казахского языкознания,

расширение казахского словарного запаса и изучение потенциала и витальности казахского слова. Жамал Айткалиевна - последователь основоположников казахской лексикологии и этнолингвистики А.Кайдара, М.Балакаева, И.Кенесбаева. Исследования ученого являются одними из самых весомых трудов в подготовке современных лингвистов, этнолингвистов. Мы видим, что ряд языковых единиц в казахской лексике возрожден и модернизирован сегодня с помощью методов Ж. Манкеевой: этнолингвистического анализа и методов определения культурного значения слов. В статье представлены образцы для анализа, предложенные ученым. В статье также предлагается мнение ученого Ж. Манкеевой по вопросам подготовки кадров, ученичестве и ценных методах научного консультирования. Рассматриваются вопросы не только изучения науки, но и приоритетах продолжения научных исследований, расширения исследований школы Ж.Манкеевой в области казахской этнолингвистики и лингвокультурологии.

Ключевые слова: мир ученого, национальный разум, лингвокультурология, этнолингвистический анализ, личность

Кіріспе. Дүниежүзі халықтарының арасында өзіндік орны бар, сан ғасырлық тарихы бар түркі халықтарының ортақ құндылығы – тілі. Этнос тарихының қаншалықты терең екендігін, әр дәуірде ұстанған саясатын табиғи – климаттық жағдайларға байланысты қалыптасқан салт-дәстүрлерін әлеуметтік психологиялық жүйесін танытатын да сол- тіл. Қай елді зерттеуге, танып-білуге ниет етсек, ең алдымен оның тіліне назар аударамыз. Себебі тіл – халық өмірінің айнасы. Яғни, халықтың бүкіл тұрмыс-тіршілігі, принциптері, көршілерімен қарым-қатынас жасаудағы саяси жүйесі – барлығы оның тілінде көрініс табатыны ақиқат. Әсіресе белгілі бір тарихи кезеңде орын алған, кейін қоғамдық - әлеуметтік ахуалға байланысты қолданыстан шыққан немесе тіптен ұмытылып кеткен заттар мен ұғымдардың атаулары сол тілде сақталады. Сондықтан тіл тарихын зерттеуді мақсат еткен ғалымдардың ұтары мол. Оның ішінде түркі тілдерінің табиғи болмысын танытатын есте жоқ, ескі замандағы күйінен хабар беретін байырғы түбірлерді зерттеу, оны тіл біліміндегі аса күрделі әдіс – тәсілдерді қолдана отырып, жаңғыртуға екінің бірінің жүрегі дауаламайтыны да рас. Осындай қадамға тәуекел еткен академик І.Кенесбаев, Ғ.Мұсабаев, Ғ.Айдаров, Н.Сауранбаев, Ә.Қайдаров, Р.Сыздық, Ш.Сарыбаев, Е.Жанпейісов, С.Омарбеков, Т.Жанұзақов, О.Нақысбеков, Б.Әбілқасымов сынды аға буын ғалымдардан өнеге алып, түркітану мектебінің белді ғалымы атанған Жамал Айтқалиқызы Манкеева болғаны тектен тек емес-ау, сірә? Ғылым мен білімге қатаң талап қойылған кеңес кезінде қазақтың тұңғыш университетінде білім алған, оны А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтында шындаған, Мәскеудің ең бай кітапханасындағы еңбектермен танысып, түркітанушылардың озық тәжірибесін бойына сіңірген жас зерттеуші «Қазақ тіліндегі етістік негізді байырғы түбірлер реконструкциясы» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын қорғаған болатын. Профессор Ж.Манкееваның «қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту» атты монографиясы қазірге дейін жоғары оқу орындарында оқыталатын тіл тарихы, тарихи грамматика, тарихи морфология, түркі тілдерінің салыстармалы грамматикасы сияқты негізгі пәндерді оқытуда кеңінен пайдаланылып келеді. Сондай-ақ, түбір мәселесіне назар аударған қай зерттеуші болса да аталмыш еңбекті айналып өтпейді. Бұл профессор Ж.Манкееваның құрылымдық-жүйелік және тарихи салыстырмалы парадигмада жүргізген іргелі зерттеуінің қомақты нәтижесі.

Зерттеу материалы. Әдістемесі. Уақыт өтуімен тоқтаусыз дамыған тіл білімі ендігі жерде таңба мен оны қолданушы арасындағы байланысқа назар аударып, прагматикалық бағытта дами бастады. Осы тұста тілдік бірліктерге бір заттың немесе ұғымның атауы ретінде ғана қарамай, сол зат пен құбылысқа байланысты күллі ақпаратты таңбаға сыйдыра білген. Халықтың даналығына жігі назар аударатын уақыт келді. Бұл тіл білімі тарихында антропоэлекті парадигма деген атауға ие болды. Осы тұста этностың баға жетпес байлығы – тілін үлкен екі топқа бөліп зерделеу жолға қойылды. Ғалым қазақ этнолингвистикасының негізін салған ұстазы Академик А.Қайдарың ізімен мәдени лексиканың тарихи қабаттарын, оның ішінде қыпшақтық қабатын, этномәдени атауларының танымдық негіздерін тереңірек зерттеуді мақсат етті. Жылдарға созылған үздіксіз ізденіс нәтижесінде қазақ тіл білімінің қорына «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» [1], «Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері» [2], «Қазақ тіліндегі тарихи туынды түбірлерді жаңғырту» [3] деп аталатын монографиялары қомақты үлес болып қосылды.

Ғалым тіл тарихын зерттеудегі тәжірибесін ұтымды пайдалана отырып, қазақ сөздік қорындағы көптеген көнерген сөздердің этимологиясын ашқан. Қазақтың ұлттық сана сезімі мен дүниетанымын жан-жақты ашу үшін ғалым бай ауыз әдебиетіміздің материалына жүгінеді. Атап айтқанда халық игілігіне айналған бесік жырлары, мақал-мәтелдері, сияқты фольклордың сан саласын құрайтын шығармаларында кездесетін мәдени сипаттағы лексемалардың семантикалық әлеуетін барынша ұтымды пайдалана білді. Заттық мәдени лексикаға жататын қандай атауды қарастырса да Ж.Манкеева алдымен оның тарихына үңіліп, диахрондық аспектіде зерделейді. Содан кейін ғана сол атауға байланысты қазіргі тіл ұстанушының санасында қалыптасқан суретке үңіліп, танымдық сипаттамасын жасайды. Бұл материалдық мәдениет саласына жататын кез келген атаудың менталдық жүйесіндегі орнын барынша нақты көрсетуге септігін тигізеді.

Нәтижелер. Қалай десек те, профессор Ж.Манкееваның докторлық диссертациясындағы талданған: *жанторсық, көнек, саба, түбек, аяққап, асадал, бал сауыт, бал қасық, жұкаяқ, құты, піспек, пышақ сап, шай сауыт, тегене, астау, қымыз ожау, шам қойғыш, қоржын, сапсалғы*, т.б. сөздер келер ұрпаққа халқымыздың өткен өмірінен, тұрмыс тіршілігінен мол ақпарат беретін тілдік деректер болып қала бермек. Сондай-ақ, жеті қазынаның бірі - *құмайтазы* мен *тұлпарға* қатысты мәліметтер, *көкпар* ұлттық ойыны, жана түскен келінге, жана туған

нәрестеге, жалпы қуаныштың белгісі ретінде *шашылатын* – *шашу* т.б. сияқты этномәдени атауларға жасалған этнолингвистикалық талдау да ғалым еңбегінің құндылығын арттыра түседі.

Ж.Айтқалиқызын осындай этномәдени мазмұны бай сөздерді қағаз жүзінде ғана жұмсамай, өмірде, күнделікті тұрыста қолдануға тырысатын ұлттық байлығымызды жастарға насихаттауды да парызым деп санайтын нағыз ұлтжанды тұлға ретінде танымыз. Жаһандану аясында сандаған өзгерістерге ұшырап, өзіндік бет – бейнемізден ажырап қалу қаупі туындаған кезде де Жамал апайды қазақ қызына тән қарапайым болмысын сақтай білген, айналасына көркем мінезімен үлгі бола білген, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете отырып, қандай жағдай болса да әдептілігін сақтаған қалпында жоғары деңгейде қала білген дана қазақ әйелі десек қателеспейміз. «Кең болсаң, кем болмайсың» деген қазақы ұстанымды ту еткен ғалым апамызға жаратқан өзі сияқты ұлтжанды, білімді, парасатты, саналы ғұмырын ғылым-білімге арнаған азаматты серік етуді жазыпты. Өмірде де, ғылымда да жол тоғысқан жарасымды жұп қазақ руханиятының кең арналы қос өзені іспеттес тіл білімі мен әдебиеттану ғылымында сандаған шәкіртті тәрбиелеп, өзіндік мектебін қалыптастырды. Бүгінде еліміздің түкбір-түкбірінде білім беру саласында жемісті еңбек етіп жүрген жас зерттеушілер мен ұстаздар үлкен өмірге дәл осы азаматтардан жолдама алғанын мақтан тұтады.

Талқылау. Тіл білімі институтының табалдырығын алғаш аттағанымда қазақ ғалым қыздарының көшбасында тұрған ұстазым Академик Р.Сыздықтан кейін жол көрсетіп, жөн сілтеген алдыңғы буын өкілі ретінде Жамал апайдың орны мен үшін ерекше! Мен таныған жиырма жылдан астам уақытта Жамал Айтқалиқызы жауапкершілігі өте жоғары ғылыми қызметкер, өкшесін басып келе жатқан жастарға ақылын айтып, олардың бөліскен сырын сақтай білетін дос, қашан да көмегін аямай демеп жіберуге, тырысатын жанашыр әріптес, менің білгенімді өзгелер де білсін деген оймен ақыл-кеңесін беруден шаршамайтын кең пейілді мейірімді жан ретінде санамнан нық орын алды. «Адамның басшысы - ақыл, жетекшісі – талап, жолушысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез, сынаушысы – халық» деген саққұлақ бидің сөзін назарға алсақ, профессор Ж.Айтқалиқызының бойынан осы ұғымдардың қай-қайсысы да табылады. Қарап тұрсақ, ғылымда жүрген қазақ қыздары баршылық. Әрқайсысының ғылымға қосқан үлесі де әртүрлі, өз жол бар, өзіндік орны бар. Жамал Айтқалиқызының өзіндік ерекшелігі ретінде оның ешқашан қызбалыққа салынбайтын, әр сөзін ойланып айтатын ұстанымдылығы, кісінің көңіліне қарай білетін бияздылығы, қай істе де «әліптің артын» бағуды жөн көретін сабырлылығы қай қайсымызға да үлгі болар ерекше қасиеттері дер едік.

Ешқашан кісінің сыртынан жаман сөз айтпайтын Жамал апайдың өмірлік кредосы ұлы Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп...» деген өсиетімен толық үндеседі. Мұндай ұстанымды жүрегі кең адам ғана таңдаса керек... Айналасындағы адамдарды кәрі - жас деп бөлмейтін, ешкімді жатырқамайтын мінезі кісіліктің биік сатысына жеткендігін көрсетеді. Жамал Айтқалиқызы – жан жағына шуағын шашып жүретін, ешкімнен көмегін аямайтын, айналасына үнемі жақсылық жасап, өзгелерден де тек игілік күтетін, жақсы хабарлардың жаршысы болуға жаны құмар жан. Сондықтан да «Жақсы өмір жақсы ойлардан басталады» демекші, ғалымның өмірі әрдайым жақсы жаңалықтарға толы болса керек...

Жамал Айтқалиқызы қандай ортада болса да айналасындағы адамдардың бойынан жақсылықтың нышанын іздейтін, кім кімнің де кішкентай болса да жетістігін көріп, бағалай білетін ел алдында мерейін өсіруге тырысатын, жақсылыққа жаны құмар жан. Кісінің көңілін көтеретін бірауыз жылы сөзді айта білген адамның өзі де айналасындағылардың ыстық ықыласына бөленетінін осы Жамал апайдың ортасынан көрдік. Әсіресе өзінен кейінгі жастардың қандай да бір талантын, бейімділігін, ақындығын, өнерпаздығын дәріптеп, әрқайсысының қиялына қанат бітіретін, талабын шындайтын, қуаттандыратын, қысқасы қазіргіше айтқанда, «мықты мотивация» бере білетін ақылшы ұстаз. Ғылым ордасына имене қадам басқан жастар Жамал апайдың мектебінен өткенде қанаттанып өзіне деген сенімділігі артып, ғылымға қандай да бір үлес қосатын еңбегін жазып, саналы өмірге жолдама алғандай болатын. Ғалым апамыздың сыртқы сұлулығына тәнті болған жұрт оның ішкі бай рухани әлемімен танысқанда толық үйлесімділікті көріп, риясыз көңіліне іңкәр болады. Мен де апайды ғалым ұстаз ретінде және жанашыр дос ақылшы апа ретінде үлгі тұтамын және ерекше құрметтеймін.

Қорытынды. Бір кезде ғылым ордасында басталған таныстығымыз жылдар өте келе әдемі сыйластыққа ұласып, бүгінде тонның ішкі бауындай туысқандық қарым-қатынасқа айналды. Отбасымызда қандай қуанышты жағдай болса да Зейнол ағай мен Жамал апай – төрімізден табылатын сыйлы қонағымыз. Өмірімде осындай ақкөңіл, кең пейілді, жанмен жолымды тоғыстырған ұстазым, ардақты анам, іспеттес болған Рәбиға Сәтіғалиқызына алғысым шексіз! Сан салалы бұралаңы көп өмір жолымда қазақтың осындай біртуар қызы бастаған көшке ілескеніме, үлгі тұтып, бой түзейтін апаларымыздың бар болғаны үшін тағдырыма ризамын! Ғылымда бергеніне берері мол кемел жасқа жетіп отырған Зейнол Ғабден Қабиұлы мен Жамал Айтқалиқызына мықты денсаулық, қажымас қайрат, ғылыми шығармашылық табыс және ұзақ та баянды ғұмыр тілейміз!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008.- 353 б.
- 2 Манкеева Ж.А. Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері. - Алматы: Арыс баспасы, 2010. -520б.
- 3 Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі тарихи туынды түбірлерді жаңғырту. - Алматы, 2010ж. - 289б.

References:

1. Mankeeva J.A. *Qazaq tilindegi etnomädeni ataularдың tanymdyq negizderi.* –Almaty: Jibek joly, 2008.- 353 b.
2. Mankeeva J.A. *Qazaq til bilimniñ özehti мәseleleri.* - Almaty: Arys baspasy, 2010. -520b.
3. Mankeeva J.A. *Qazaq tilindegi tarihi tuyndy tübirlerdi jañғыrtu.* - Almaty, 2010j. - 289b.

MPHTI 001. 895

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.13>

Yeshimbetova Z.,¹ Kulekenova Zh.²

^{1,2}Kazakh National Pedagogical University after Abay,
Бүгінгі таңда ұлттық тіл мен ұлттық мәдениетті өзара бірлікте зерттейтін лингвомәдениеттану ғылымында мәдени құндылықтардың тілдік сипатын қарастырады. В.Воробьев: «Лингвокультурология – это комплексная научная дисциплина синтезирующего типа, изучающая взаимосвязь и взаимодействие культуры и языка в его функционировании и отражающая этот процесс как целостную структуру единицу в единстве их языкового и внеязыкового (культурного) содержания при помощи системных методов с ориентацией на современные приоритеты и культурные установления (система норм и общечеловеческих ценностей)» [2, 37 б.] деген анықтама берсе, В.А.Маслова лингвомәдениеттануды халық мәдениетін танытушы ғылым деп санап, «Лингвокультурология – это наука, возникшая на стыке лингвистики и культурологии и исследующая проявления культуры народа, которые отразились и закрепились в языке» деген анықтама береді [3, 8 б.].

Лингвомәдениеттану ғылымында көркем өнердің түрлері, әралуан жанрлары, мәдени құндылықтардың ұлттық сипатының тілдік көрінісі әлеуметтік, танымдық, этникалық, эстетикалық, саяси, адамгершілік, руханилық, тұрмыстық қағидалармен сабақтастықта қарастырылады. Қазақ тіл білімінде лингвомәдениеттану ғылымына қатысты мәселелер Ш.Уәлиханов, М.Әуезов еңбектерінен бастап, Ә.Марғұлан, І.Кеңесбаев, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Е.Жұбанов, Е.Жанпейісов, Т.Жанұзақов, Н.Уәли, Б.Қалиев, Ж.Манкеева, А.Алдашева, Г.Смағұлова, А.Салқынбай, А.Жылқыбаева, Қ.Рысбергел, Р.Шойбеков, А.Сейсенова, Г.Қажығалиева, А.Сейілхан, Қ.Қайырбаева т.б. ғалымдар еңбектерінде әралуан аспектіде қарастырылған.

Жалпы көркем өнердегі ұлттық сана мен мәдени құндылықтар көрсеткіштерінің тілдік қолданысын зерттеу барысында «лингвоелктану», «лингвомәдениеттану», «этнолингвистика», «этномәдениеттану» т.б. ғылым салаларымен де өзара сабақтасып кездері болады. Яғни, олардың белгілі бір өнер туындысын яки мәдени құндылықтарды зерттеудегі әдіс-тәсілдері мен кейбір теориялық принциптері ұқсас келуі мүмкін. Ал бұл дегеніміз өнер мен мәдениеттің синкреттілігіне байланысты болады. Өнер туындысын ұлт тілі арқылы танудың ар жағында ұлтты тану, ойлау жүйесінің ерекшеліктері мен ұлттық сананы анықтауға болады.

Көркем өнердегі ұлттық сана мен мәдени құндылықтардағы ұлттық болмыстың тілдегі көріністерін, тіл деректері мен этнотанымдық, этика-эстетикалық категориялары арқылы көрінеді. Көркем өнердегі мәдени құндылықтардың тілдік қолданысына ерекше көңіл бөлу, оған тіл білімінің күрделі проблемасы ретінде қарау барысында әйгілі лингвофилософ В.Гумбольдтты айналып өту мүмкін емес. В.Гумбольдт: «Язык и духовная сила народа развиваются не отдельно друг от друга и не последовательно одни за другим, а составляют исключительно не раздельно одно и тоже действие интеллектуальной способности. Хотя мы разграничиваем интеллектуальную деятельность и язык, в действительности такого разделения не существует» деген пікірінен дүниені (өнерді) тану, білу процесінде тілдің атқаратын рөлінің маңыздылығын байқауға болады [4, 10 б.]. Тұрмыстық өмірдегі заттық мәдениет атаулары тілдің негізінде бейнеленіп, ол ұрпақтан ұрпаққа сөз арқылы жеткізіледі. Әрбір этностың өзіне ғана тән ұлттық болмысы ішкі рухани әлемі болады. Сол ішкі рухани ерекшелігін сақтап, өңдеп, жарыққа шығарып,

бабадан-балаға жеткізетін тетік – тілге ғана тән қасиет. Ол этностың яки сол этноқауымдастық өкілі индивидтің рухани жан әлемімен, дүниетанымымен, психикалық болмысымен, тұтастай мәдениетімен тығыз байланысты.

Ұлттық тіліміздің ұлы тінінің бір тарамын өнер мен мәдениетке қатысты сөздерден іздеуге болады. Көркем өнер мен мәдениетке қатысты кейбір тілдік бірліктер құрамында мағынасы тар шеңбердегі сөздер тілдік қолданыста кездеседі. Алайда олардың барлығын жұртшылықтың бәрі бірдей біле бермейді. Оны тек сала мамандары яки кәсіп иелері дизайнерлер, тігіншілер, сәнгерлер, зергерлер, музыканттар, өнертанушылар, т.б. ғана білуі мүмкін. Мұнда сол салада сөйлеуші ортаның өздеріне ортақ тілдік қолданыс орын алып, ондағы сөздің мағынасы да ауысып, дамып отырады. Осыған байланысты, этностың этникалық мәдениетіндегі тұрмыстық бұйымдар, қолөнер туындылары, зергерлік заттар, киім-кешек түрлері жалпыға ортақ болғанымен, сала мамандарының арасында олардың өзіндік атаулары мен түрлері кездесіп жатады. Мысалы, лексикалық қорымыздағы сөздердің бір бөлігін киім-кешек атаулары құрайды. Алайда бүгінгі таңдағы киім-кешек атаулары өткен заманалармен салыстырған уақытта бірсыпырасы ұмыт болса, бірсыпырасы әлдеқайда көбейіп кеткендігін аңғаруға болады. Мәселен өткен ғасырлардағы әр рудың бас киімі (бөрігі) бөлек болса, бұл күндері ұлттық бас киім (бөрік) үлгісінің бірыңғай формасының өзі ұмыт бола бастағаны анық. Осы жерде сәнгерлер мен тігіншілердің ұлттық санасындағы жадын жаңғыртуға тура келеді. Себебі, қырғыздар айыр қалпағымен, өзбектер мен тәжіктер тюбетейкасымен ерекшеленсе, біздердегі баскиімнің ұлттық брендті үлгісі орнықпай тұрғандығының өзі көркем өнердегі ұлттық сананың көмескіленгендігін көрсетеді. Сондай-ақ, «әлеуметтік-экономикалық жағдай адамдардың киген киімінен, тұрмыстық бұйымдарынан, тұратын үй-жайынан байқалады. Зат, бұйымдардың атқаратын қызметі ортақ болғанмен, олар әрбір адамның тұрмыс дәрежесіне, қоғамдағы орнына қарай сапасы, жасалу технологиясы, көркемдігі жағынан әртүрлі болып жасалады. Яғни бай мен кедейдің, хан мен қарашаның, т.б. әлеуметтік топтардың ерекшеліктері олардың пайдаланатын заттарынан көрініп тұрады.

Қазақтың бұрынғы тұрмысында әрбір әлеуметтік топтың киім үлгілері болған. Әлеуметтік уәжділік адамдардың жасына, жынысына, кәсібіне байланысты киіну салтынан да байқалады. Мысалы, сал-серілердің киімдері былайғы жұрттың киімінен ерекше болып көрінген. Олардың шапандары жібек, парша сияқты маталардан зер салып, жағасыз, түймесіз, астарсыз, кең етіп тігілген. Кейбіреулерінің шапандарының оң жақ жеңінің астынан үлкен жырық не дөңгелек тесік қалдырып, бір жеңі екінші жеңінен ұзын болып тігілген. Киім жеңінің екі түрлі болып тігілуі домбыра тартуға ыңғайлы болу мақсатынан туған. Демек, ақын, әнші, жыршы сияқты өнер иелерінен олардың өзгешелігі – олардың киім киісі. Сал-серілердің белбеуі де ерекше болған. Ондай белбеуді кей жерде берен белбеу деп атаған» [5, 10].

Қазақ халқының мәдениетіне тән көрсеткіштер мен өнер түрлері этностың тұрмыстық мәдениетінен, салт-дәстүрлері мен ырым-жоралғыларынан, мифологиялық және фольклорлық мұраларынан көрінеді. Аталған көрсеткіштер бір-бірімен тығыз байланыстағы тұтас құрылымды түзіп, «ұлт мәдениетінің тілдегі бейнесін» сомдауға негіз болады. Осымен байланысты тілдегі өнер өрісіне қатысты тілдік қолданыстардың этнотанымдық мәнін анықтау арқасында этностың рухани және материалдық мәдениетінің тұтас болмысын тануға мүмкіндік береді.

Нәтижелер. Көркем өнердегі ұлттық сана мен мәдени құндылықтар қоғам дамуының жемісі. Тұрмыстық өмір ілгері жылжыған сайын қоғамдық орта мен ондағы мәдени құндылықтарда замана талабына сәйкес дамып, жетіліп, жана бір түрге еніп отыруы заңдылық. Ал осындағы мәдени материалдық және рухани байлық тілде көрініс тауып, ұрпақтан-ұрпаққа заттық үлгіде ғана емес, тілдік деректер арқылы да жетеді. Тілдегі ұлттық мәдениеттің өзегін өнер туындылары, адам ақыл-ойының жемісі саналатын материалдық құндылықтардың этномәдени табиғатын тануда қоғамдық сана мен мәдениеттің бүгінгі деңгейімен сабақтастырудың тетігі тілдік қолданыс арқылы да жүзеге асады. Тілдегі өнертаным мен мәдениеттанымға қатысты туған мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер арқылы қалыптасқан әлемнің мәдени бейнесі, ұлттық мәдениет пен этностың салт-дәстүрлерінің танымдық көрсеткіші болып табылады. Мәселен тілдегі, *Ата өнері - балаға мұра; Көлеңкеге қарап көйлек пішес болар; Өнерліге есік ашық; Киім пішсең кең піш, Тарылтуың оңай. Темір кессең тар кес, Ұзартуың оңай; Жігіт адамға жетпіс өнер де аз; Өнер - мінсең ат, ұшсаң - қанат, кисең - жанат, иісең - тамақ; Жұмыс қылып бой түзе, Өнер қылып ой түзе; Өнерлі өрге жүзеді; Қол өнері - кілемде, Сөз өнері - өлеңде; Ұзынсыз қысқа болмас, Үлгісіз ұста болмас; Ұстамен жақын болсаң, Ұстарасын аларсың. Мұттайыммен жақын болсаң, Пәлесіне қаларсың; Бөрі соғар жігіттің, Бөрігінен белгілі. Балта соғар жігіттің, Көрігінен белгілі*, т.б. мақал-мәтелдерде этнос мәдениетіндегі өнерге, кәсіпке қатысты ұғым-түсініктердің жатқандығын көруге болады. Этнос мәдениетінде өнер иесінен, өнерпазға, ұстаға, шеберге, зергерге деген құрметінің өте жоғары болатындығын көрсетеді. Ал олардың қолынан шыққан туынды эстетикалық өлшеміне сәйкес ұлттық құндылық ретінде бағаланады.

Қазақ халқының тұрмыстық мәдениетіндегі туындылары өркениетті елдердің жауһарларымен теңдес, өзінің ұлттық сапаларымен ерекшеленетін этномәдени құндылық ретінде бағаланады. Ұлттық болмысы мен дүниетанымы тек қана тілдік деректермен ғана емес, тілден тыс экстралингвистикалық факторлар өнер туындылары, мәдени құндылықтар, рухани жәдігерлер, заттық материалдар арқылы да беріледі. Тілдік жүйенің табиғатын тереңнен танудың бір тетігі - тілдік таңбалардың мазмұндық жағы мен формалық жағын өзара бірлікте қарау болса, екінші бір тетігі ретінде тілдік мәнділіктердің семантикасын ақиқат өмір мен ұлттық болмыспен тығыз байланыста қарау арқылы анықтауға болады.

Талқылау. Көркем өнердегі ұлттық сана мен мәдени құндылықтардағы ұлттық болмысты қазақ тілінің мәдени лексикасын сипаттайтын қолөнерге қатысты лексикалық бірліктердің ішкі формасынан көруге болады. Қазақтың зергерлік өнеріне қатысты лексиканы арнайы зерттеген ғалым Р.Шойбековтың «Қазақтың зергерлік өнерінің

лексикасы» (1993), «Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі»(1991) еңбектерінде көптеген зергерлік бұйымдардың мәдени астарын экстралингвистикалық аспектіде түсіндіреді. Мәселен, *жыланбас білезік, алтын балдақ, алтын айшық, көпшікті мөрше сақина қалып, үкі аяқ сырға, зербарақ (зершашау) т.б.* атаулар. Ғалымның ойынша, зергерлік әшекейлер о баста сән-салтанат үшін емес, тұмар ретінде тағылған. Аңдардың сүйегі, тістері, тұяғы, бүркіт, үкі секілді құстардың аяғы, әртүрлі тастар т.б. киелі деп саналды, олардан моншақ, білезік, сырға, алқа т.б. заттар жасау орын алған. Кейін түсті металдарды өңдеудің шығуына байланысты тұмар қызметін атқарған бұйымдар алтын, күміспен безендіріледі. Бұған *үкіаяқ, жыланбас* сияқты әшекей атаулары айғақ бола алады [6, 5].

Қазақ тілінің лексикалық жүйесінде көркем өнер мен мәдени құндылықтарға қатысты тілдік қолданыстардың табиғатын ашу барысында тарихи көне түркілік атаулардың да кездесетіндігін байқауға болады. Бұл дегеніміз халқымыздың көне түркі тілі мен қазіргі тіліміздің туыстық қатынасының тілдік қолданыстардың қай саласында болмасын кездесетіндігі тарихи тамырластық пен тілдің аккумулятивтік қызметімен сабақтас екендігін көрсетеді. Біз арнайы қарастырып отырған көркемдік білім беру жүйесіндегі ұлттық өнерге қатысты аталымдардың тілдегі алуан түрлі процестерге қатысы қаншама ғасырлар бойына жинақталып, толысып-баюының немесе мағыналарының жаңа сипатқа енуінің өзіндік ерекшеліктері бар.

Тұрмыстық өмірдегі материалдық және рухани мәдениет көрсеткіштері тілден көрініс тауып отырады. Мәдениеттің қай-қайсы болмасын, ұлттық санадан орын алып, мәдени құндылыққа, ұлттық мәнділікке ие болады. Тіл мен мәдениеттің сабақтастығына қатысты лингвистика ғылымында көптеген тұжырымдар қалыптасқан. Онда негізінен «тіл мәдениеттен тыс тұрмайды», «мәдениет дегеніміз тіл болса, тіл дегеніміз мәдениет», «тіл-ойлау-мәдениет», «тіл-ұлт-мәдениет», «тіл-қоғам-мәдениет» секілді тұжырымдар негізіне құрылады. Осы мәселеге қатысты профессор Н.Уәли: «Тіл де, мәдениет те семиотикалық жүйеге жатады. Бірақ олар әр басқа семиотикалық жүйе болып табылады. Тілдік семиотика, мәдени семиотика әр басқа болғанмен, олардың ортақ белгілері болады:

- мәдениет те тіл сияқты, адамның дүниетанымын бейнелейтін сананың формасы болып табылады;
- мәдениет пен тіл өзара қарым-қатынаста (диалогте) болады; тілсіз мәдениет жоқ, мәдениетсіз тіл жоқ;
- мәдениет пен тілдің субъектісі – индивид, социум, жеке тұлға, қоғам;
- мәдениетке де, тілге де нормалық тән;
- тарихилық – мәдениет пен тілдің мәнді қасиеттерінің бірі.

Жоғарыда аталған бағыттардың қай-қайсысының да келіспеуге болмайтын дәлелдері мен негіздері және бірін-бірі терістейтін тұжырымдары да бар. Бірақ ақиқат нәрсе – «тіл» мен «мәдениеттің» өзара байланысы» деген байламынан мәдени құндылықтар мен тілдің егіз өрім, біртұтас жүйе екендігін аңғаруға болады [7, 50].

Өнер туындысы мәдениет көрсеткіші ғана емес, күнделікті тұрмыстық қажеттілікті өтейтін заттық мәдениет болып табылады. Ал сол заттық мәдениеттің атауы сөз арқылы таңбаланады. Лингвистика ғылымындағы «заттық мәдениет лексикасы дегеніміз – ұлттық рух пен талғам негізінде, ұлттық тұрмыс пен шаруашылық ерекшелігіне сай технологиялық процесс нәтижесінде, өз мәні мен атқаратын қызметіне сай сөз тудырушы модельдер арқылы жасалатын лексика-семантикалық категория ретінде кумулятивтік қызметі негізінде сақталған материалдық өндіріс пен мәдени туындылардың атаулары» болып табылады [8, 13].

Қорытынды. Сонымен, өнер туындыларына қатысты категорияларды лингвистикалық тұрғыдан ғана қарастыру жеткіліксіз, себебі өнер туындыларының мазмұны күрделі алуан түрлі факторлармен байланысты. Олар адам санасында этностың ғасырлар бойғы жинақтаған тәжірибесі, шаруашылығы мен кәсіп түрлері, материалдық және рухани мәдениеті жөнінде ақпараттар шоғырының тілдік және экстралингвистикалық білімдер жүйесін құрайды. Қазақ мәдениетіндегі өнер туындылары мен мәдени құндылықтарын лингвомәдени аспектіде зерттеу арқылы, тіл әлеміне тән лексикалық байлықтың мәдени семантикасын, этностың болмысын көрсетуге болады. Ол үшін өнер туындыларын тек өнертану ғылымының аясында ғана емес, тоғыспалы ғылымдардың шегінде қарастыру арқылы мәдени құндылықтарды тіл әлемі арқылы өзіндік табиғи ерекшелігі танып-білуге болады. Мәдени жәдігерлердің тұрмыстық өмірдегі заттық құпиясына үңілу арқылы тілдік сипатын, өмірлік қажеттілігін, эстетикалық өлшемін тану арқылы этномәдениетті тануға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қайдаров Ә.Т. *Тарихи лексикология және этнолингвистика. // Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы, 1988. – 285 б.*
- 2 Воробьев В. *Лингвокультурология. Теория и методы. – Москва: РУДН, 1997. – С. 37.*
- 4 Маслова В. *Введение в лингвокультурологию. – Москва: Наследие, 1997. С. 8.*
- 6 Фон Гумбольдт В. *Избранные труды по языкознанию (перевод с немец. языка). – Москва: 1984. – С. 10.*
- 7 Әлімжанова А.А. *Қазақ тіліндегі әйел қолөнеріне байланысты халықтық лексиканың этнолингвистикалық сипаты. Автореферат. филол. ғыл. канд., -Алматы, 2008, - 38 б.*
- 8 Шойбеков Р. *Қазақтың зергерлік өнерінің лексикасы. -Алматы: Қазақстан, 1993. - 203 б.*
- 9 Уәли Н. *Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Дисс. филол. ғыл. док., -Алматы, 2007, - 326 б.*
- 10 Манкеева Ж. *Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы. Филол.ғыл.док. ... дисс. авторефераты. –Алматы, 1997. –53 б.*

References:

1. Qaidarov Ä.T. *Tarihi leksikologia jäne etnolingvistika. // Qazaq tılı tarihi leksikologiasınyñ mäseleleri.* – Almaty, 1988. – 285 b.
2. Vorobev V. *Lingvokülturologia. Teoria i metody.* – Moskva: RUDN,
3. 1997. – S. 37.
4. Maslova V. *Vvedenie v lingvokülturologiu.* – Moskva: Nasledie,
5. 1997. S. 8.
6. Fon Gumböldt V. *İzbrannye trudy po iazykoznanıu (perevod s nemes. iazyka).* – Moskva: 1984. – S. 10.
7. Älmjanova A.A. *Qazaq tılındegı äiel qolönerine bailyqy halyqy leksikanyñ etnolingvistikalıq sipaty. Avtoreferat. filol. ğyl. kand., -Almaty, 2008, - 38 b.*
8. Şoibekov R. *Qazaqyñ zergerlik öneriniñ leksikasy.* -Almaty: Qazaqstan, 1993. - 203 b.
9. Uäli N. *Qazaq söz mädenietiniñ teorialıq negızderi. Diss. filol. ğyl. dok., -Almaty, 2007, - 326 b.*
10. Mankeeva J. *Qazaq tılıniñ zattyq mädeniet leksikasy. Filol. ğyl. dok. ... diss. avtoreferaty.* –Almaty, 1997. –53 b.

МРНТИ 16.21.41

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.16>

Жылқыбай Г.Қ.¹

¹ Қожә Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ АТАУ СЕПТІГІН МЕНҒЕРЕТІН СЕПТЕУЛІКТЕР

Аңдатпа

Түркі тілдеріндегі шылауларды бір сөз табы ретінде қарағанымызбен (үшеуіне шылау деп ат беруінің себебі олардың үшеуі де бір сөздің шылауында келуіне байланысты айтылған болу керек), олардың үшеуінің қызметтерінің арасында үлкен айырмашылықтар бар. Ол лексикалық мағынасы жағынан да, грамматикалық қызметі жағынан да айқын көрінеді. Мұның өзі шылау түрлерінің бір-бірімен жеткілікті деңгейде салыстырыла зерттелуін қажет етеді. Басқа сөз таптарының мәселелеріне байланысты қалыптасқан тұрақты теорияларға шылау сөз табының ие болуы қазақ тіл білімі, қала берді түркология үшін аса маңызды, әрі өзекті мәселелердің бірі саналады. Қазіргі қазақ тіліндегі шылауларға байланысты мәселенің шешіміне тек түркі тілдерін салыстыра зерттеу арқылы ғана қол жеткізе алатынымыз анық. Бірқатар түркі тілдеріндегі шылауларды салыстырудағы мақсат қазақ тіліндегі шылаулардың да қызметіне байланысты кеңірек пікір айтуға негізделеді. Тақырып нақтыланған сайын зерттегелі отырған тақырыптың қыр-сыры толық ашыла түсетіні ақиқат. Сол себепті бұл мақала түркі тілдеріндегі атау септікті менгеретін септеуліктер мәселесіне арналады.

Түйін сөздер: септеуліктер, салыстыра зерттеу, септіктерді менгеру, септеуліктер қызметінің күрделілігі, түркі тілдері, ерекшеліктері

Zhylkybay G.¹

¹ Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Turkestan, Kazakhstan

THE ACQUISITION POSTPOSITIONS IN TURKIC LANGUAGES WITH THE FORMS OF NOMINATIVE CASES

Abstract

Although we refer all types of postpositions to one part of speech, there are large differences between the functions of each of them. It is visible both in terms of lexical meaning and grammatical purpose. This requires sufficient comparison of the types of postpositions with each other. Possessing stable theories developed in connection with the problems of other parts of speech, postpositions are one of the most important and urgent problems for Kazakh linguistics, and in Turkology. Obviously, the solution to the problems of the modern Kazakh language can be achieved only through a comparative study of the Turkic languages. The purpose of comparison of postpositions of Turkic languages is a broader understanding of the activities of postpositions in Kazakh language. It is true that the topic is fully revealed every time when the subject is studied. For this reason, this article is devoted to the problem of nominative cases in Turkic languages.

Keywords: postpositions, comparative studies, mastering cases, complexity of cases, Turkic languages, features

Жылқыбай Г. Қ.¹

¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави,
Туркестан, Казахстан

СОЮЗЫ ИМЕНТЕЛЬНОГО ПАДЕЖА В ТЮРКСКИХ ЯЗЫКАХ

Аннотация

Хотя мы относим все виды послелогов к одной части речи, есть большие различия между функциями каждой из них. Они видны как по лексическому смыслу, так и по грамматическому назначению. Это требует достаточного сравнения видов послелога друг с другом. Послелогии являются одной из важнейших и актуальных проблем как в казахском языкознании, так и в тюркологии. Очевидно, что решение проблем современного казахского языка может быть достигнуто только путем сравнительного изучения тюркских языков. Целью сравнения послелогов тюркских языков является более широкое понимание деятельности послелогов в казахском языке. Это правда, что тема полностью раскрывается каждый раз, когда изучается предмет. По этой причине данная статья посвящена проблеме именительного падежа в тюркских языках.

Ключевые слова: послелогии, сравнительные исследования, освоение падежей, сложность функции послелогов, тюркские языки, особенности

Кіріспе. Сөздердің грамматикалық орны мен қызметі жағынан түрліше топтары бары белгілі. Алғаш рет көне гректер тарапынан сөздер қызметі мен мағыналарына қарай есім және етістік болып екіге ажыратылса, заманның дамуымен қатар тіл білімінің және тіл білімі салаларында пайда болған сөздердің басқа да қызметтерінің болатынын анықтаған, сондай-ақ жіктеулер жасалып сөз топтарының саны артқан. Ал қазіргі жалпы тіл білімінің теориясына орай сөз түрлері дербес мағынасы бар есімдер және етістіктер мен дербес мағынасы жоқ, тек грамматикалық қызметтегі тұлғалар ретінде саналатын көмекші сөздер болып жіктеледі. Соның ішінде грамматикалық тұрғыдан басқа сөздерге, сөз топтарына ұқсамайтын көмекші сөздердің мәселесі туралы тіл білімінде аз айтылды дей алмаймыз. Мәселе жүздеген еңбектерге арқау болып, ондаған ғалымның арнайы зерттеу нысанына айналып, ғылыми-теориялық бағыттары да қалыптасқан деуге толық негіз бар. Қазақ тіл білімінде тюркологиялық бағытта жазылған М.Оразовтың арнайы еңбегінде түркі тілдеріндегі көмекші сөздер қызметі мен ерекшелігі турасында салыстырмалы түрде жақсы қарастырылған. Соған қарамастан, түркі тілдерінің әрбір жеке тобына жататын әдеби тілі қалыптасқан тілдердің барлығына тоқталу ешбір еңбекте мақсат етілмеген сыңайлы. Ал түркі тілдеріндегі шылауларға байланысты салыстырмалы түрде талданған еңбек тіпті тапшы. Шылаулар көмекшілік қызмет атқаратын сөздер қатарында болғанымен, жеке сөз табы ретінде арнайы қарастырылуы да қажет. Әсіресе, тюркология – түркі тілдерінің дәл қазіргі кезеңдегі ерекшеліктерімен ұқсастық-ортақтық белгілерін дәл әрі нақты саралайтын салыстырмалы грамматикаға қандай зәру болса, шылауларға негізделген толыққанды бір еңбекке де мұқтаж.

Әдістеме. Қазіргі таңда төрт топқа жіктелетін түркі тілдерінің саны отызға жетіп жығылатыны белгілі. Олардың арасында туыс тіл деп айтса сенбестей басқаларынан дараланған кейбір тілдерде бар. Жалпы алғанда екі түрлі тіл деуге келмейтін тілдерді де көреміз. Айталық, қарақалпақ, қырғыз және ноғай тілін өзге түркі тілдерімен салыстырғанда ұқсастығының үлес салмағы әлдеқайда жоғары екенін байқау қиын емес. Сонда да болса, тіл үнемі даму үстіндегі құбылыс болғандықтан осы туыстас тілдердің күніміздегі сөздік қорындағы кейбір сөздер мен формалар ортақ саналмай жатады. Мысалы, қазіргі қырғыз тілінде қолданылатын *чалыш, сөрей, дейре, қарата* т.б. қарақалпақ тіліндегі *қибі, шекем, лекін, багда, гә* шылаулары қазақ тілінде қолданылмайды. Сондықтан шылаулар туралы тек бір тілдің аясындағы қолданысына қарап тұжырым айтқаннан гөрі кең көлемде қарастырған абзал деп ойлаймыз. Демек қазіргі түркі тілдеріндегі барлық шылауларды бір еңбекте топтаудың да, оларды салыстыра, әрі тарихи тұрғыдан талдаудың да кезегі күтіп тұрған тәрізді.

Нәтижелер. Қазақ тілінде атауды талап ететін септеулік шылауларға *бой, бойынша, үшін, сайын, арқылы, жөнінде, турасында, түгіл, сияқты, секілді, тәрізді, сықылды, тақілетті, сынды, сыңайлы, сымақ, туралы, жақында, жайлы, жайында, жайынан, жөнінде, құрлы// гұрлы// гұрлым, шақты, шамалы, қаралы, себепті// себептен* т.б. шылаулар енеді. Яғни, бұл септеуліктер түбір немесе негіз тұлғалы сөзбен тіркесуге бейім келеді.

Қазақ тіліне ғана емес бүкіл түркі тілдеріне тән саналатын бұл септеуліктердің даму тарихы ертеден келе жатқанын көреміз. Жалпы, түбір тұлғадағы зат есім, есімдік, тұйық етістік, есімшелермен тіркесетін, яғни атау септігінен соң келетін септеуліктер күніміздегі түркі тілдерінен қалыптаспағаны айдан анық. Бұл түркі жазбаларының ең көнесіне үңілгенімізде де, орта ғасырлық еңбектерде де кездеседі. Айталық түркі жұртының жазба тарихының қайнар бастауы саналатын Орхон-Енисей ескерткіштері мәтіндерінде бірнеше шылаулармен қатар біз әнгімелеп отырған септеуліктердің қолданыста болғанын көреміз.

Үчүн (үшін): *Тенри күч бертук үчүн* – Тәңірі күш бергені үшін. *Турк бодун үчүн тун удыматым* – Түрік халқы үшін ұйықтамадым [1,110]. *Бағлары бодуну туссуз үчүн табгач бодун таблигин күрлүг үчүн, арманчысын үчүн, инили ечили кикшүртөкин үчүн. Бағлы бодунлуг йаңашөртөкин үчүн* – Бектері және халқы бейбітшілігі болмағаны үшін табғаш халқы қу және өтірікші болғаны үшін, бауырларымен ағалары бірін-бірі құлатқаны үшін, бектерге халықты қарсы айдап салғаны үшін... [2,153].

Бірлә (-мен): *Алты отуз яшыма чик бодун кыргызкыз бірлә ягы болты* – Жиырма төөт жасымда чик халкы мен кыргыздар бізге жау болды. *Інім Күлтүгүн бирлә сөзләшдүмүз* – Інім Күлтүгүнмен сөйлөстүк. *Огуз бодун тогуз татар бірлә тірліл кэлти* – Оғыз халкы, тоғыз татармен бірге жиналып келді [2,151].

Тег (сиякты): *Қаным қаған сүсі бөрі тег әрмиш, ягысы қоң тег әрмиш* – [Тәңірікүш бергені үшін] әкем қағанның әскерлері бөрідей, дүшпандары қой секілді. *Умай тег өзүм қатун* – Умай сиякты анам Қатун. *Көрөр көзүм көрмәз тег, билір биліги билмәз тег болты* - Көрер көздерім көрместей, білетін ақылым білместей болды [2,152].

Тапа (таман, қарай): бұл септеулік қазіргі қазақ тілінде, сондай-ақ қыргыз, татар, башқұрт, қарақалпақ, құмық, ноғай, қарашай-балқар, қырым татарлары, қарайым тілдерінде әр түрлі вариантымен кездесетін және көбіне барыс септігінде келетін таман септеулігі көне түрікшеде тапа тұлғасында атау формалы сөзден соң тіркеседі. Мысалы: *Языңа огуз тапа сүләдім* - [Сол жылдың] жазында оғыздарға таман (қарай, дейін, тура) сапарға шықтым. *Екі отуз яшыма табғаш тапа сүләдім* – Жиырма сегіз жасымда табғашқа таман (қарай, дейін, тура) сапарға шықтым [2,152].

Саю/сайу (сайын): *Ир саю бармыш бо[дун ядағын ялаңын] өлү иіту [яна] кэлти* – Әр жерге барған халық жаяу және өлесе боп қайта келді. *Әлигча әр тутдүмүз ол ок түн бодунын саю ы[т]тымыз* – Елуге дейін әскер қолға түсірдік, тез арада сол түні барлығының халқына олардан хабар жібердік [2,152].

Талқылау. Әрине, бұл септеуліктердің қайсы бірі болмасын қазіргі түркі тілдерінің бірінде болмаса бірінде кездесіп жатуы олардың көне ұйғыршада да, қараханлышада да, хорезмшеде де, қыпшақшада да, шағатайшада да, османлышада да әр түрлі дыбыстық ерекшелігімен болса да керегінше қолданылған дей аламыз. Айталық, *биле// бірле// билен* (мен, пен, бен, менен, пенен, бенен), *тег// дег* (сиякты, -дай // -дей// -тай// -тей), *тегу// теки* (дейін), *сайу//сары* (сайын), *өзе// өзре// үзере//үзерінде* (туралы), *үчүн* (үшін), *тапа// тапару* (таман) т.б. сонау ескі түрікшеден қолданылып келе бүгінгі түркі тілдерінің бірінде актив, бірінде сирек, бірінде көне сөз ретінде белгілері бар.

Дегенмен, күнімізге дейін түрліше тарихты бастан өткізген, тіл дамуының бірнеше сатысын өткерген түркі халықтарының тіліне көптеген атау септігінен соң келетін жаңа септеуліктер пайда болған. Олар бүгінгі жаңа тілдердің ғана жемісі емес, сол хорезмшеден, қараханшадан, қыпшақшадан, шағатайшадан, османлышадан бастау алады. Мәселен, Қарахан дәуірінде қолданылған *киби* (сиякты), *меңгиз* (сиякты), *мисали* (сиякты) т.б. Хорезмшедегі *киби* (сиякты), *меңгиз* (сиякты), *сыңғар// сыңғару* (қарай), Ескі қыпшақшадағы *ашыра* (арқылы), *қурла* (тарта, қаралы, жуық), *анды* (сиякты) т.б., Османлышадағы *мөнөнд* (сиякты), *мисилу* (сиякты), *сыпат* (сиякты) т.б. көптеген септеуліктер қазіргі түркі тілдерінің арасында сақталған.

Сөзімізді ары қарай жалғастырайық, қазақ тілінде сөздерді атау формада сөздерді меңгеретін септеуліктерді қыргыз тіл білімінде *атточ жөндөмөсү менен айқашуучу жандоочтар* деп атайды да, оған *менен, бинен, үчүн, арқулу, сыяктуу, тууралуу, шекилдүү, бойдан, жөнүндө, боюнча, сымак, сөрөй, чалыш, бою, сайын* т.с.с. септеуліктерді жатқызады. [3,328-337]. Мысалы: *Бирак, мен Сүлейман үчүн өлгүм келбейт, аны көргүм келет* - Бірақ, мен Сүлейман үшін өлгім келмейді, оны көргім келеді (Ш.Айтматов). *Қудай биздин көкрөгүмүздө, ал биздин аң-сезимибиз арқылуу өзбүзгө таасир етип турат* – Құдай біздің көкірегімізде, ол біздің сезіміміз арқылы өзімізге әсер етіп тұрады (Ш.Айтматов). Баланың меерими музыка шекилдүү – Баланың мейірі музыка секілді [4,730].

Ал қыргыз тіліне өте жақын саналатын (сондықтан да болар кейбір классификацияларда (Н.А.Баскаков классификациясында Шығыс Хун бұтағының ішінде Қыргыз-қыпшақ тобына қыргыз тілімен бірге кіреді) алтай тіліндегі түбір сөзбен тіркесетін септеуліктердің ішінде *учун* (үшін), *ошкош* (ұқсас, сиякты), септеуліктерінен басқа да өзге түркі тілдерінде кездеспейтін *чылап// чилеп* (сиякты), *керегинде* (туралы, жөнінде) деген септеуліктер қолданылады. Дегенмен, бұл тілдегі септеуліктерге байланысты Б.Н.Тадыкиннің «Причастие в алтайском языке» атты кішігірім оқулығынан басқа материал болмағандықтан 3-4 септеулікті мысалға келтере аламыз. Еңбекте берілгендей алтай тілінде де мұндай тіркестердің жасалу басқа түркі тілдерінен еш айырмасы жоқ. Мысалы: *Мен Айдар чылап// ошкош иштеңкей емезим* – Мен Айдар секілді еңбеккер емеспін. *Уулчак ат чылап жүгүрген* – Бала жылқы секілді шапты. *Бұл кижжи керегинде нени де айтпадым* – Бұл адам туралы ештеңе айтпадым [5,730].

Қарақалпақ тіліндегі атау септігіндегі немесе атауыштық қызметте жұмсалатын сөздерді меңгеретін ең басты септеуліктері мыналар: *менен// пенен// бенен, хаккында, жөнінде, тууралы// туурасында, жайында, жайлы, аркалы, ушын, сайын, бойы, бойынша, киби, яңлы, сияқты, тәризи, тақылетте, қурлы// қурлым, қурақым, шелли, себепли, себептен, пишинде, қәлинде, түрде, рәушите, ретинде, сыпатында, қәддинде* т.б. [6,331]. Мысалы: *Мен Төрткүлден жүрип, усы шайды сиз ушын алдым* (Т.Қайыпберген). *Күн сайын емески самал еседі* (Ө.Айтжанов).

Башқұрт тілінде (төп килеш менән башқарыусы послелоглар): *менән* (менен), *өсөн* (үшін), *кеуек*(сиякты), *шикелле*(сиякты), *һымақ* (сиякты), *сақты*(дейін), *тиклем* (сиякты), *қәзар//қәзәре* (дейін), *арқыры*(арқылы), *аша* (арқылы) [7], *берлән* (мен), *бирлә* (мен), *хетле// хетлем* (дейін), *утә* (арқылы, -дан// -ден), *арқылы, буйынса* (бойынша), *буйлап* (бойлай), *аркала* (арқылы), *сәбәпле* (себепті), *айканлы* (үшін), *һайын* (сайын)[8,123]. Мысалы: *Мин коридорға ингенде, тезре арқыры өс кеше платформаға қарап тора ине* – Мен коридорға түскен кезде терезе арқылы үш кісі платформаға қарап тұр еді. *Ватан өсөн барған хуғышта 1945 ыылдың 25 апрель 1945-те өлді* - Отан үшін барған соғыста 1945 жылы 25 сәуірде өлді [9,71-87].

Татар тілінде (баш килиш бәйлеклере): *буйы// бойы// буйына* (бойынша), *беле// белен// пыла// пелен// мынан// мен// ман* (мен), *өчен// өчин// өчөн* (үшін), *шикелле* (секілді), *кебек// кеби// күк* (сиякты), *сыман* (сиякты), *аша* (арқылы), *арқылы, сайын, чамасы* (шамасы), *сынны* (секілді), *теңле// теңлех* (сиякты), *төсле// төслө// төслү* (сиякты), *турында* (туралы), т.б. жатқызылады. Мысалы: *Худжа ишек кебек, акыра-акыра, тибеше-тибеше бұлме буйлап чаба башлаған* – Қожа есек секілді ақырып, тебініп-тебініп бөлме ішінде айналып шаба бастайды. *Худжаның бер де исе китмеген, шатланып, йомартлығы өчен патшаға рахмет уқыған* – Хожа болса бірде бір таңқалмай,

шаттанып, жомарттығы үшін патшаға рахмет айтыпты. *Алтын шикелле кадерле, шушы өреклер шикелле сабыр буылығыз, дип китердем, - диген* – Алтын секілді қадірлі, мынау өріктер сияқты сабырлы болыныңыз деп алып келдім, - депті (Н.Вел:5,8,32)

Өзбек тілінде (баш келишиқдағи суз билан бирга қулланадиган қумакчилар): *билан* (мен), *үчүн* (үшін), *қадар* (сияқты), *орқали* (арқылы), *сайын* (сайын), *сәри* (қарай), *буйлаб* (бойынша), *буйынча* (бойынша), *узра// уза* (үстіне) т.б. шылаулар кіреді [10,187], *алдыга// алдыда* (бұрын), *аша* (аса), *баб* (арқылы, үшін), *байс// байсидин* (үшін), *барасида* (жөнінде), *баравар// бараваида* (бірге, мен), *буйча// буйлап* (бойынша), *бурун* (бұрын), *чағлы* (шақты, жуық), *хақда* (туралы), *хусусида//хусус* (туралы), *кәби*(сияқты), *мақсатида* (үшін), *мисалы* (сияқты), *сыфатыга// сыфатыда* (сияқты), *сыңғари* (сияқты), *суратда// суратида* (сияқты), *тег* (сияқты), *йаңлығ* (сияқты), *иосында* (сияқты), *юздин// юзасфиндан* (үшін, себептен) [11], *алдын* (бұрын), *ара* (іші), *бирла* (бірге, мен), *ичра* (ішінде), *ила* (мен, бірге), *қадар* (сияқты, -дай// -дей), *мабайнида* (бойынша) т.б. Мысалы: *Хәм беваситә айырбаилаши орқали хәм махсулатни тәннәрхдән әрзанрақ бахада бериши орқали* - Әрі тікелей айырбас арқылы әрі тауарларды нарықтағыдан арзанырақ бағада беру арқылы... (ӨРК: 108). *Хадича халә балалик чақыдағи синғари унинг белига нан түгиб берди* – Хатича әпке балалық шағындағыдай оның беліне нан орап берді (А.Қаһ., Ғ.Ғул: 95). *Тәңринин фалак йаңлығ лутф-мархәмәтини көргач, нима үчүн унинг қаршишида бошимни тупраққа қойыб, сәждә қылмайын!* - Тәңірінің көк секілді мейірімін көріп, не үшін оған қарсы басымды жерге қойып, сәжде қылмайын! (А.Нав: 14).

Ұйғыр тілінде (баш келіштеки сөздәр билән келедиган тиркәлмиләр): *билән* (мен), *үчүн*, *бойи*, *бойичә* (бойынша), *петичә// петида* (сияқты), *арқилиқ* (арқылы), *тоғрилиқ* (туралы), *сәвәпли* (себеп, үшін), *илгири* (ілгері), *қатарлиқ* (сияқты), *хәққида* (туралы, хақында), *шәклидә* (секілді), *сүпитидә* (сияқты), *рәвиште* (түрде), *тәхлиттә* (сияқты), *кәби* (сияқты), *кейин*, *бирликтә* (бірге) т.б. [12,259]. Мысалы: *Кишиниң яры киши учун яр азавидир* – Басқаның жары екінші біреу үшін жар азабы (Ұйғыр мақалы). *Әмди мән мушу путун баялығимни сизниң тойлығыңыз үчүн бериватсам қадай болман* – Енді мен осы барлық байлығымды сіздің тойыңыз үшін беретін болсам кедей боламын (Хақиқи байлық. Ұйғыр ертегісі).

Түрік тілінде (йалын дурум истейен эдатлар): *гиби* (секілді), *ичин* (үшін), *иле* (мен), *ашыры* (сайын), *дйә* (деп), *денли* (секілді), *қадар* (сияқты, дейін), *үзрә* (үсті), *джихәтле* (үшін), *дихәттен* (үшін)т.б. [13,1062].Мысалы: *Алтын япракы бир а:ач гиби, гөзлеринин өнүнде гене саат сеслерини гөрдү* – Алтын жапырақты ағаш сияқты, көздерінің алдында енді сағат дыбысын көрді (А.Нам: 29).*Онун бу денли ишлере нек аклы ятмыйор* – Оның бұл секілді істерге ақылы жетпейді(TS: 358).*Аырлыгы бир күчүк чоджук кадарды* – Салмағы бір кішкене баладай еді (DG: 161)

Түркімен тілінде (баш дүшүмдәки сөзден соң гелйән послелоглар немесе сөз соңулар): *дей*, *себепли* (үшін), *билен* (мен, бірге), *боюнча* (бойынша), *яялы* (сияқты), *учин* (үшін), *хақда* (туралы, хақында), *хақында* (туралы, хақында), *дийиш* (дейін), *баарада* (туралы, хақында), *баабатда* (туралы, хақында), *угрунда* (сияқты),*барасинда* (туралы, хақында), *доғрусунда* (туралы, хақында), *биле* (мен, бірге) [14,272], *сумак* (сымақ, сияқты), *тетелли* (сияқты), *зерарли* (үшін), *жақтли* (үшін), *доғруда* (туралы, хақында), *сайин// сайу* (сайын), *ченли* (шамалы, шамасында), *хәкүмүнде* (сияқты), *мунасибетли* (үшін), *чемели* (шамалы, шамасында)т.б. [14,475-488]. Мысалы: *Мырат Дурду себәпли кино гидит билмеди* – Мырат Дурдудың себебінен киноға бара алмады. *Колхозчылар ёкары хасыл угрунда гөрешйәрлер* – Колхозшылар жоғары асыл сияқты күреседі. *Бике окувыны довам этдирмек мақсады билен Ашгабада гелди* – Бике окуын жалғастыру үшін Ашхабадқа келді [15,273].

Әзербайжан тілінде (исмин адлыг халында олан сөләрлә ишләнән гошмалар): *үзре* (сияқты), *ичрә* (іші), *әксинә оларак* (үшін), *үчүн* (үшін), *илә// -лә// -ла* (мен, бен), *хаггында// хагда* (туралы, хақында), *барәсиндә// барәдә* (туралы, хақында), *кими* (сияқты), *тәк// тәки* (сияқты), *ғадар*(сияқты), т.б. [16,163-165], септеуліктері атау септігіндегі сөзді меңгереді. Мысалы: *Васили адәти үзрә мәзәли маһнылар охумага баилады* – Василий әдеттегідей әзіл әңгімелерін оқи бастады (Н.Мейди: 161). *Гараулчу, квадратшәкилли бир тахта илә јералты дахманын гапысыны баглајыр* – Қарауыл квадрат түріндегі бір тахтаменен жерасты диерменінің есігін жапты (М.Ибрагимов:). *Бу хагда дүшүнмек вә ирәли сүрүлән мәсәләләри нәзәрдән кечирмәк лазымдыр* – Бұл туралы ойлану қажет және жалғасып келе жатқан мәселені назардан шығармау қажет («Коммунист» гәзеті).

Қорытынды. Қолымыздағы толық деп саналған материалдар негізінде ғана жазған мақалада түркі тілдеріндегі шылаулар толық қамтылды деуге болмайды. Кейбір тұстарда ғана басқа түркі тілдерін мысалға алғанымызбен жүйелі түрде қыпшақ тілдерінен қазақ, қырғыз, қарақалпақ, татар, башқұрт, қарлұқ тілдерінен өзбек, ұйғыр, оғыз тілдерінен түрік, азербайжан, түркімен тілдері материалдары негізге алынды. Яғни, мақалада орын алған шылаулардың біршамасына байланысты өзіміз қарастырған түркі тілдердің мәтіндерден де дәлелдер келтіруді жөн санадық.

Жалпы айтқанда, түркі тілдеріндегі шылауларды бір сөз табы ретінде қарағанымызбен (үшеуіне шылау деп ат беруінің себебі олардың үшеуі де бір сөздің шылауында келуіне байланысты айтылған болу керек), олардың үшеуінің қызметтерінің арасында үлкен айырмашылықтар бар. Ол айырмашылықтар лексикалық мағынасы жағынан да, грамматикалық қызметі жағынан да айқын көрінеді. Мұның өзі шылау түрлерінің бір-бірімен жеткілікті деңгейде салыстырыла зерттелуін қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Оқу құралы. - Алматы: Мектеп, 1971. - 272 б.

2 ТЕКІН, Talât: *Orhon Yazitlari: Ankara 2020, 6. Baski, IV, 232 s.*

- 3 Давлетов С., Қудайбергенов С. Азыркы кыргыз тили: морфология. Фрунзе., 1980.
- 4 Кыргыз тилинин түшүндүрмө сөздүгү Т. И. Фрунзе: Мектеп, 1969. 622 с.
- 5 Тадыкин В. Причастия в алтайском языке /. - Горно-Алтайск : Горно-Алт. отд. Алт. кн. изд-ва, 1971 -169 с.
- 6 Хәзирги қарақалпақ әдеби тилинің грамматикасы. Сөз жасалыу хәм морфология. Нөкис: «Билим», 1994. - 452 б.
- 7 <https://tel.bashqort.com/short-grammar>
- 8 Дмитриев Н.К. (1948) Грамматика башкирского языка. Москва – Ленинград: Изд. АН СССР. - 276 с.
- 9 Юлдашев А.А. Грамматика современного башкирского литературного языка. Под редакцией д. ф. н. Юлдашева А. А. Издательство "Наука", М. - 1981.
- 10 Камал Ф. Хозирги замон узбек тили. Ташкент, 1957.
- 11 Yaman, Ertuğrul, Özbek Türkçesinde Edatlar, Gazi Kitabevi, Ankara, 2005.
- 12 Hazirqi zaman uйğur tili. Morfologiya vä sintaksis. II. - Алматы. «Ғылым», 1966. - 456 б.
- 13 Korkmaz Z. (2009) Türkiye Türkçesi Grameri. Ankara: Türk Dil Kurumu- 1224 s.
- 14 Түркмен дили педагогик училищелер үчин оқув китабы /П.Азымов,Г.Сопыев,
- 15 Я. Чөңнәев. Ашгабат, 1992 (ТД-92).
- 16 Türkmen Diliniň Grammatikası-Morfologiya, Aşgabat,1999, s. 468.
- 17 Грамматика азербайджанского языка (фонетика, морфология и синтаксис). - Баку: Элм, 1971. - 415с.

References:

1. Aidarov Ğ., Qūryşjanov Ä., Tomanov M. Köne türkijazba eskertkişteriniñ tılı. Oqu qūraly. - Almaty: Mektep, 1971. - 272 b.
2. TEKİN, Talāt: Orhon Yazıtları: Ankara 2020, 6. Baskı, IV, 232 s.
3. Davletov S., Kudaibergenov S. Azyrky kyrgyz tili: morfologia. Frunze., 1980.
4. Kyrgyz tilinin түшүндүрмө сөздүгү Т. И. Фрунзе: Мектеп, 1969. 622 с.
5. Tadykin V. Prichastia v altaiskom iazyke /. - Gorno-Altaysk : Gorno-Alt. otd. Alt. kn. izd-va, 1971 -169 s.
6. Häzirgi qaraqalpaq әdebi tiliniñ gramatikasy. Söz jasalyu häm morfologia. Nökis: «Bilim», 1994. - 452 b.
7. <https://tel.bashqort.com/short-grammar> 8
8. Dmitriev N.K. (1948) Gramatika başkirskogo iazyka. Moskva – Leningrad: İzd. AN SSSR. - 276 s.
9. İuldaşev A.A. Gramatika sovremennogo başkirskogo literaturnogo iazyka. Pod redaksiel d. f. n. İuldaşeva A. A. İzdatelstvo "Nauka", M. - 1981.
10. Kamal F. Hozirgi zamon uzbek tili. Taşkent, 1957.
11. Yaman, Ertuğrul, Özbek Türkçesinde Edatlar, Gazi Kitabevi, Ankara, 2005.
12. Hazirqi zaman uйğur tili. Morfologiya vä sintaksis. II. - Almaty. «Ĝylym», 1966. - 456 b.
13. Korkmaz Z. (2009) Türkiye Türkçesi Grameri. Ankara: Türk Dil Kurumu- 1224 s.
14. Türkmen dili pedagogik uchilişeler üchin okuv kitaby /P.Azymov,G.Sopyev,
15. İa. Chöñnәev. Aşgabat, 1992 (TD-92).
16. Türkmen Diliniň Grammatikası-Morfologiya, Aşgabat,1999, s. 468.
17. Gramatika azerbajjanskogo iazyka (fonetika, morfologia i sintaksis). - Baku: Elm, 1971. - 415s.

МРНТИ 16.23

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.17>

Ильясова Н.А.,¹ Раева Г.М.²

^{1,2} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕР ТІЛІНДЕГІ «ҚАЗАҚ» СӨЗІНІҢ ТЕРМИНДІК КӨРІНІСІ

Аңдатпа

Мақалада «қазақ» сөзіне лингвистикалық аспектіде талдау жасалып, екі түрлі терминдік мәнде жұмсалатыны анықталады. «Қазақ» атауы IX-X ғасырда болғанын дәлелдейтін тілдік деректер мен тұжырымдар көрсетіліп, «қазақ» сөзі тілі, өнері, мәдениеті, әскери күші қалыптасқан, мықты мемлекет құруға арқау болған этникалық термин ретінде орныққаны көрсетіледі. «Қазақ» сөзінің түптамыры Үйсін, Ғұн, Түркі сөздерінің семантикасымен сабақтас екені анықталады. Бұл көне және орта түркі жазба ескерткіштер тілі негізінде дәлелденеді. Қазақ сөзіне қатысты зерттеулер мен тарихи деректерге сүйеніп, қазақ халқына тән ерекшеліктерге мән беріледі. Сонымен қатар, «қазақ» сөзі ұлттық болмысты көрсететін термин ретінде танылады. Ұлттың болмысы тілінде сақталатыны дәлелденіп, қазақ ұлтының болмысын көрсететін тілдік деректерге талдау жасалады.

Түйін сөздер: этноним, тас жазуы, үнем заңы, фонема, Қазақ хандығы

Ilyassova N.,¹ Raeva G.²

^{1,2}Kazakh National Pedagogical University after Abay,
Almat, Kazakhstan

TERMINOLOGICAL MEANING OF THE WORD "KAZAKH" IN THE LANGUAGE OF WRITTEN MONUMENTS

Abstract

The article analyzes the word "Kazakh" from a linguistic point of view and finds out that it is used in two different terms. Linguistic facts and finds prove that the name "Kazakh" appears by the 9th-10th centuries, and the word "Kazakh" is established as an ethnic term that has shaped language, art, culture, military power, the basis for building a strong state. The root of the word "Kazakh" is associated with the semantics of the words Uisin, Khun, Turkic. This is confirmed on the basis of the language of ancient and medieval Turkic inscriptions. On the basis of research and historical data related to the origin of the word "Kazakh", attention is drawn to the features characteristic of the Kazakh people. In addition, the word "Kazakh" is recognized as a term reflecting nationality. It is proved that the essence of the nation is preserved in the language, the analysis of linguistic data reflecting the essence of the Kazakh nation is carried out.

Keywords: ethnonym, stone writing, law of economy, phoneme

Ильясова Н.А.,¹ Раева Г.М.²

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ СЛОВА «КАЗАХ» В ЯЗЫКЕ ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКОВ

Аннотация

В статье анализируется слово «казах» с лингвистической точки зрения и выясняется, что оно используется в двух разных терминах. Лингвистические факты и находки доказывают, что название «казах» появляется к IX-X векам, а слово «казах» установлено как этнический термин, сформировавший язык, искусство, культуру, военную мощь, основу построения сильного государства. Корень слова «казах» связан с семантикой слов Уйсин, Хун, тюркский. Это подтверждается на основе языка древних и средневековых тюркских надписей. На основе исследований и исторических данных, связанных с происхождением слова «казах», обращено внимание на характерные для казахского народа особенности. Кроме того, слово «казах» признано термином, отражающим национальную принадлежность. Доказано, что в языке сохраняется сущность нации, проведен анализ лингвистических данных, отражающих сущность казахской нации.

Ключевые слова: этноним, каменная письменность, закон экономии, фонема

Кіріспе. Жер көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орын алатын қазақ жерінің тұрғылықты халқы қай кезде де саяси органың назарында болары хақ. Осыншама кең байтақ жерде мекендеп, оны күні бүгінге дейін сақтап қалған халықтың өткені мен болашағын зерделеу ғылыми тұрғыдан да, саяси тұрғыдан да аса маңызды мәселелер қатарына жатады. Ғылыми тұрғыдан қарастырғанда, «қазақ» сөзінің астарында терең тарих, терең ұғым, терең мағына жатқанына көз жеткізуге болады. Саяси жағына мән берсек, патша үкіметінің іс-қағаздарында үш жүз жыл бойы «қазақ» сөзі «қырғыз», «қырғыз-қайсақ» атауымен аталып, жаңсақ этноним ретінде жұмсалғаны белгілі. Саясаттың құрбаны болған «қазақ» сөзінің мәні мен мағынасын, тарих сахнасында алатын орнын, болмыс-бітімін нақты тілдік деректер арқылы айқындау бүгінгі күні аса қажет. Этностық деңгейден өтіп, ұлттық, мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ халқы үшін «қазақ» сөзінің болмыс-бітімін таныта түсу басты міндет. Халқын, елін, жерін, ұлтын сүйетін әрбір қазақ азаматы «қазақ» сөзінің зерттелуін, оның мәні мен мағынасын, статусын ажырату үшін ғылыми тұжырымдар жасаудың маңызы зор.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Мақаланың зерттелуіне «қазақ» сөзіне қатысты тілдік деректер арқау болады. Мақалада тарихи зерттеу әдісі, фонематикалық талдау әдісі, семантикалық зерттеу әдісі қолданылды.

Зерттеу нәтижелері. 1832 жылы А.Левшин «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ даласы мен ордасының сипаттамасы» атты еңбегінде «қазақ» сөзін алғаш рет қолданып, халқымыздың байырғы есімін жаңғыртқаны баршаға аян. «Қазақ тарихының Герродоты» аталған А.Левшин – қазақтың ешкімге ұқсамайтын мәдениеті, тілі, өнері бар халық екенін дәлелдеген және бұл көне заманнан келе жатқан халық екенін әлемге жариялаған ғалым.

1885 жылы А.Вамбири «Түркі халықтарының этнологиясы мен этнографиясы» атты неміс тілінде жазылған еңбегінде «қазақ» есімі IX-X ғасырда болғанын «Қазақ хандығы деген ел Көк теңіздің (Арал теңізі) солтүстігін мекендеп отырған күшті, әрі көп санды жұрт Тұранның қастасы Иранды қорқытпақ болады» деген тарихи дерекпен дәлелдеп көрсетеді. Фердаусидің «Шахнам» атты шығармасында да «қазақ» есімі осы оқиғамен байланысты аталатыны айтылып келеді.

Өзіне тән мәдениеті, тілі, өнері бар халықтың артында тарихи мұралардың қалуы – заңды құбылыс. Сондай мұралар қатарына қазаққа тән жазулардың бірі «таңбалы тас» ескерткіштерін жатқызуға болады. Ә.Марғұланның айтуы бойынша, «таңбалы тас» жазуы ғасырлар бойы Қазақстан өлкесін қоныстанған мыңдаған тайпалардың тасқа жазып жүрген деректері, елбасқарушылардың қол қойған аттары, ұрандар, тасқа қиып түсірген әдемі өрнектер т.б. Оған адамдар әрқашан бас иіп, тасқа таңбасын түсіріп, аттарын жазып жүрген.

Ә.Х.Марғұланның «Тасқа жазылған қазақ сөздерін біріктіріп, жеке кітап етіп шығарса, қазақты білмейтіндер өзіне-өзі таң қалып жүрер еді» деген сөзінен-ақ, тас жазуы қазақ этносымен тікелей байланысты екенін көруге болады. Таңбалы тастағы жазулар бүлінбей тұрғанда толық жазып алған ғалымдар А.Н.Шренк пен Х.Бекхожин бұл тасты «тарихтың зор куәсі» деп атаған. Таста: «Қыпшақ, Найман, Алшын, Арғын, Қаракесек, Үйсін тобын илахи қар рәсиге хамиша хайа рахмет қыл сен алтауын» делінген екен. Яғни «О, ием үмітіңе жету үшін осы алтауына рахымыңды бере көр» деген тілек.

Алматы облысы, Кеген ауданы, Қарқара өзенінің солтүстік шығысында біздің заманнан бес-алты ғасыр бұрын жазылған тас табылып, онда «Қаған алты түрік Алаша өрті» деп жазылған деген деректі басшылыққа алсақ, Алты Алаш атанған қазақ халқының тарихи түптамырын көне түркілік ескерткіштермен байланыстыра қарастыруға болады.

Көне ескерткіштер тілін зерттеу барысында анықталған тарихи факторларға сүйенсек, алты алаштың бірі «Үйсін» сөзі V ғасырдан бастап қолданылып келеді. Ғалым Ғ.Мұсабаевтың түсіндіруінде «Үйсін» сөзі *үй* және *сін* (шең) деген екі сөзден құралып, мағынасы *ру*, *тайпалардың жиналған жері*, *мемлекеті* дегенді білдіреді. Көне түркі тілінде *й* дыбысының орнына *э* дыбысы қолданылады. Сонда *үй* сөзі *уэ* болып шығады. Қытай иероглифін оқыған Г.Ю.Клапорт, Н.Я.Бичурин, В.Кюннер сияқты ғалымдар қытайдың көне иероглифі көне түркі тіліне қатты өзгеріс әкелгенін *үй* сөзі *хэу* түрінде жазылғанын, сондықтан көне түркі тілінде *еу* болып қолданылғанын айтады [1,73]. Халқымыздың көне тарихын зерттеуші Қойшығара Салғараұлының «Хунну – қытай сөзі, «жауыз құл» немесе «кекшіл құл» деген мағына береді. Бұл көне қытайлықтардың өздері «ху» деп атаған далалықтардың ішінде түркі тілдес халықтарға берген атауы... қазір бізден басқаның бәрі тіл ерекшелігіне қарай өзгерткені болмаса, хунну атауын сол қытайлық мағынасында «хунны», «гунны» деп алып жүр. Ал біздің тарихшыларымыз осы хуннудың алғашқы буыны моңғолдың «кісі деген мағына беретін «ғұн» сөзіне ұқсайды екен деп бұл халықтың атауы тарихта «ғұн» деп кіргізіп жіберді. Сөйтіп халықтық атау болып ғылымда орнықты. Бірақ қас қылғандай көп ұзамай одақтық ғалымдар әлгі *хунну* атауын білдіретін қытай иероглифін енді бұрынғыша «хунну» деп емес, «сюнну» деп оқып жүр. Енді қайттік? Мұның алғашқы буынын, яғни «сюн»-ді қазақтың, не моңғолдың қай сөзіне ұқсатамыз» деген сауал тастайды [2, 10]. Тарих сахнасында ғұндар мен үйсіндердің қатар өмір сүргенін, ғұндарды жеңу үшін қытайлықтар үйсіндерге қыз беріп құдаласып, одақтас болғанын ескерсек, *Хунну* мен *ху* бір сөз болмауы мүмкін.

Ғ.Салғараұлының сауалын Ғ.Мұсабаевтың «үйсін» сөзі *үй* және *сін* (шең) деген екі сөзден құралған атау деген тұжырымымен байланыстырсақ, «сюн» қазақтың «*сін*» сөзінің қытай тіліне икемделген варианты деп тануға болады. Сонда көне қытай тіліндегі *Хэу*, оның ықпалымен көне түркі тілінде *еу* болып айтылған *үй* сөзінің мағыналық жігі –у фонемасында жатыр. Фонема сөздің мағыналық жігін ажыратушы тілдің ең кішкене бөлшегі болса, сөзде осы бөлшек сақталып, *хэу* сөзіндегі *хэ* немесе *еу* сөзіндегі *е*, бөлшектері лингвистикадағы үнем заңы бойынша ықшамдалып кеткен деп тұжырымдауға болады. Сөздің мағыналық жігін ажыратушы фонема үнем заңына түскенде сөздің соңғы буынына ауысуы қазақ тіліне тән заңдылықтардың бірі. Мысалы, *дауыс – даусы*. Сонда «сюнну» сөзіндегі *сюнн* қазақтың *сін* сөзі, *у* бөлшегі *хэу* сөзіндегі *үй* сөзінің мағыналық жігін ажыратушы фонема болғандықтан доминант ретінде жұмсалып, *сюнн* сөзімен кірігу процесіне түскен. Нәтижесінде *ру*, тайпалардың жиналған жеріне, мемлекетіне тұрақтау, *сін*у деген мағынаны білдіретін «сюнну» сөзі «үйсін» сөзінің қытай тіліне икемделген түрі деген болжам жасауға болады.

Үйсін «сөзі ең күрделі, көп сөзден құралған *Хур-Хара усу* (*қара-қара су*) атауымен байланыстырыла қарастырылады. Бұл Кеген өзеніне құятын Қарқара өзені. Қытай жылнамасында біздің жыл санауымыздан III ғасыр бұрын біздің заманымыздың X ғасырына дейін бұл жерді үйсін елі мекендеген деп түсіндірілетіні белгілі.

Тарихшы ғалымдардың пікіріне сүйенсек, Үйсін елі – ішкі-сыртқы жауларымен арпалыса жүріп, баяғы көптілігін жоғалтып, тобын азаптаса да, негізгі қаңқасын сақтап қалған түркі тілді халық. Ғұн мемлекеті әлсіреп біздің заманымыздың I-IV ғасырында бытырап, олардың орнына Тухой (түркі) деген атпен халық қайта бас қосқан. Ол кейін екіге бөлініп Батыс Түркілер және Шығыс түркілер деген атпен тарихта қалып, кейін Жетісу түркілері болды.

Түркі қағанаты V ғасырдан бастап IX ғасырдың аяғына дейін созылады. Бұдан аз бұрын IV ғасырда «Оғыз нама» (Оғыз хан поэмасы) Үйсін тілінде дастан болып жазылған деген дерек бар. V-VIII ғасырлардағы Білге қаған, Құлтегін, Тоныкөк, Мойын-Шор ескерткіштеріндегі хандар (Бумын, Естелі т.б.) тарихта болған адамдар екені, олар Жетісу түркілеріне хандық құрғаны анықталса, ондағы әскербасылар, кеңесшілер сол дәуірдегі беделді адамдар болған. Тас жазуы – соларға арналған тарихи ескерткіштер. Оған Н.Я.Бичуриннің түркілердің салт-дәстүрін айта келіп, «өлген адамның моласын сағана сарай етіп, оның ішіне марқұмның суретін салып, істеген ісін жазып қоятын болған» деген пікірі дәлел [3, 230].

Көне ескерткіштер тілін зерттеу барысында анықталған лингвистикалық факторларға сүйенсек, Үйсін ұлысы – түркі тілді халық. Олар қолданған *ай*, *айақ*, *қыстақ*, *тарпаң* (*түз жылқысы*), *құлан*, *есақ*, (*ауыл*), *бұдын* (*ел*), *жошы*, *Нарын гол*, *Долосы* (*Талас*), *Ақсай*, *Ақтирик сай*, *бұлақ*, *қара темір*, *арғымақ*, *чаян*, *жау*, *ярақ* т.б. сияқты сөздердің Орхон жазуында кездесуі оның қазіргі қазақ тілімен сәйкес келуі, *сарығ* – *сары*, *улығ* – *ұлы*, *кішіг* – *кіші*, *арығ* – *ару*,

иадағ – жаяу, тонлығ – тондық, құллығ – құлдық, аулу – ауыл т.б. сияқты сөздердің қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарымен сәйкестенуі қазақ халқының түпқазығы үйсін ұлысы екенін көрсетеді.

Тіл тарихы жайында тың деректер қалдырған, белгілі түркітанушы ғалым Әбжан Құрышжанұлы «XIII ғасырдың қолжазбасы және ондағы «қазақ» деген сөздің мағынасы» атты мақаласында сол дәуірде қыпшақ тілін оқып үйрену үшін араб тілінде жазылған «Түрікше-арабша сөздік» атты еңбектің болғанын және оның басты-басты төрт бөлімнен құралғанын айтады. Бірінші бөлім лексикалық мағынасына қарай жіктелген зат есім сөздерге, екінші бөлім етістік сөздерге, үшінші бөлім етістіктің жіктелуіне, төртінші бөлім грамматикалық қосымшаларға арналғанын айта келе, осы жазбаның 24-25 беттерінде *қазақ* сөзінің кездесетінін және оның араб тілінде *алмужаррадун* деген сөзбен аударылғанын бұл сөздің «сыбайы салтаң», «салт басты», «жеке басты» немесе «оқшау жүретін адам» деген мағынаны білдіру үшін жұмсалатынын көрсетеді. Ғалым «*Қазақ*» деген сөздің дәл осы бөлімде, яғни, адамның әр алуан қасиеттерін білдіретін сөздердің ішінде берілуі оның кісіге тән белгілі ерекшелікті көрсетуі үшін қолданылатынын дәлелдейді. Ал *еркін, бошадақ* сөздерімен қатар келуі оның мағыналық жағынан өзіндік үйлесім табатын варианттарын көрсетеді. Жеке-дара жүретін кісі, не сол кездегі кең даланы ен жайлап, еркін көшіп жүретін ауылды (мүмкін ру мен тайпаларды да) қыпшақтар (не сол қыпшақ одағына кірген басқа түркі халықтар да) «қазақ» деп атаса керек. Қалай болған күнде де, бұл айтылған тарихи деректерге байланысты мынадай екі түрлі қорытындыға келуге болатын сияқты: біріншіден, «қазақ» деген сөз – көне қыпшақ тілінен алынған сөз; екіншіден – бұл сөз о баста дәлірек айтқанда, XII ғасырдың ортасында этникалық термин (ру не тайпаның аты) есебінде емес әдеттегі жай сөздер қатарында қолданылған. Осыған орай, тағы бір ескерте кететін жағдай «Қазақ» сөзінің этимологиясын зерттеуші ғалымдардың (Мысалы, В.Вамбири, Г.И.Рамстед, Н.И.Веселовский, В.В.Вельямнов-Зернов, А.Н.Бернштам, В.В.Радлов, А.Н.Смайлович, И.И.Крафт, АпП.Чулошников Х.М.Әділгереев, М.Б.Ақынжанов, В.Ф.Шахматов, С.В.Юшков, С.К.Ибрагимов т.б.) бұл сөз о баста «еркін», «басы бос», «кезбе кісі» деген ұғымда жұмсалған» деп оның лексикалық мағынасы туралы ойлары бір жерден шығып жүр» - дейді [4, 102-103].

«Қазақ» сөзінің терминдік мәнге болуын екі жолмен түсіндіруге болады. Біріншіден, «кең далада көшіп-қонып жүретін еркін халық» мағынасында жұмсалатын этникалық термин; екіншіден, ғасырлар бойында тілі, мәдениеті, салт-дәстүрі жағынан өзіндік ерекшелігін танытатын ғылыми термин. Оған атақты түркітанушы С.Е.Маловтың «қазіргі қазақ тілінің басқа түркі тілдерінен гөрі көзге түсіп тұратын алабөтен бір ерекшелігі бар» деген тұжырымы дәлел. Ғалым осыдан жеті ғасыр бұрын жазылған тарихи жазба ескерткіштің тілінде қазіргі қазақ тілінде кездесетін сөздердің бар екенін айтып, оны «бір қызықты жайт» деп атап көрсеткен [5, 98]. Басқа түркі тілдерінде з дыбысымен айтылатын *сөзле* сөзі қазіргі қазақ тілінде *й* дыбысымен айтылса, «Түрікше-арабша» сөздікте бұл сөздің *сөзле* – *сөйле* түрінде екі түрлі варианты да көрсетілген. Аталған сөздік қазақтың кейбір тарихи мәселелерін зерттеу ісіне үлкен үлес қосатынын айта келіп, ғалым былай дейді: «Түркі тілдері жөнінде осы күні қолданылып жүрген классификацияда қазақ тілі «з» дыбысы айтылмай түсіп қалатын тілдердің қатарына жатады. Мысалы, *бұғдай* емес *бидай*, *тегірмен* емес *тиірмен* (диірмен), *ігіне* емес *ине* т.т. сөз болып отырған ескерткіште бұл екі форманың екеуі де кездеседі: *бұғдай* - *будай*, *ігіне-ине*. Кейбір сөздер тек қана *ғ* дыбысы түсіріліп айтылатын формада көрсетілген: *тиірмен*, *киіз*. Басқа түркі тілдерінде қолданылатын *ч* дыбысының орнына қазақ тілінде *ш* дыбысы айтылады. Мысалы, *елчі* емес *елші*, *қобызчы* емес *қобызшы*, *бақырчы* емес *бақыршы* т.б. жоғарыда көрсетілген нұсқада *елчі*, *қобызчы*, *бақырчы* тұлғаларымен қатар *бақырчы* – *бақыршы*, *чері-шері(әскер)* деген формалар жарыса қолданылатын болған» [4,103].

Ғалымның тұжырымын саралай келе, жазба ескерткіштер тілінің қазіргі тіліміздегі бірқатар сөздердің жасалу жолдарын айқындауға тигізер пайдасы зор екенін көреміз. Сонымен бірге қазақ тілінің көне дәуірден өмір сүріп келе жатқанын дәлелдеуге болады. Ғалым: «*бүйі*, *ишкі* деген сөздер осы ескерткіш тілінде кездесетін *бүйі*, *чик* деген өлі түбірден жасалып тұрғандығын біз ескерткіш тілінде кездесетін *бүйі*, *чик* деген сөздерден көреміз. Мұндағы «і» әрдайым айтыла беретін *базары*, *қалмақы*, *тозақы* деген тірі түбірдің құрамындағы өнімсіз жұрнақ. Қазақ тіліндегі *алқызыл* сөзінің алғашқы буыны жеке тұрып қолданылмайтын болса, ол көне қыпшақ тілінде жеке тұрып-ақ жұмсала беретін дербес сөз. Ол «қызыл» деген мағына беретін болған. Сонда бір ұғымды білдіретін екі сөздің (ал мен қызыл) бір сөз болып бірігуі бұл нұсқаның жазылу кезеңінен гөрі әлдеқайда берегірек дәуірде барып қалыптасса керек. *Шалқасқа* деген сөз туралы да осыны айтуға болады. *Чал* сөзі ескерткіш тілінде «сұр», «сұрғылт» түсті білдіреді. Қазіргі қазақ тіліндегі *өлді-жетті*, *көйлек-көншек* сияқты қос сөздердің екінші сыңары жеке тұрып қолданылмайтын болса, ол сөздер ескерткіш тілінде жеке-дара күйінде-ақ жұмсала беретін болған: *иит* – «жоқ болып кетті», «зым-зия жоғалып кетті» деген мағына берсе, *көнчек* «шалбар» деген ұғымда қолданылады. *Қаба сақал*, *тәркі дүние*, *жек көру* тәрізді тұрақты сөз тіркестерінде ғана кездесетін *қаба*, *тәркі*, *жек* сөздері қолжазбада дербес сөз есебінде кездеседі: *қаба* «қалың», *тәркі* «тез», «шапшаң», «жылдам» *йек* «жекесұрын, жауыз» деген мағынада жұмсалған», - дейді [4,104]. Әңгіме болып отырған ескерткіш тілін қазіргі қазақ тілімен сабақтас деуге негіз бар. Олардың арасындағы сабақтастық қазіргі тілімізде бір ұғымды білдіретін екі сөзден жасалған жаңа атаулардан көрініс табады. Бұл *Алматы қаласы*, *Балдырған журналы* тіркестерінің құрамындағы сөздердің бірі жалқы есім, бірі жалпы есім. Мұндағы жалқы есім мен жалпы есім бір ғана ұғымның мәнін анықтап тұр. Лексикалық мағынасы бір ғана ұғымды білдіретін сөздер ешбір синтаксистік қатынасқа түсуі мүмкін емес. Мұндағы синтаксистік форма синтаксистік қатынасқа негізделіп тұрған жоқ. Тіркес құрамындағы сөздердің семантикалық ерекшелігіне байланысты сөз бен сөзді байланыстырып, ұғымды нақтылай түсіп, сол ұғымның дәл атауын көрсету үшін қолданылған. Сондықтан мұндай тіркестерді атаулық тіркестер деп танымыз... Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі *Тоникүк атлығ сүсі* (Күлі Чор ескерткіші), *Табғач атлығ сүсі* (Могилян ескерткіші), орта ғасыр ескерткіштері

тіліндегі *Мәскеу атлығ шаһар, Борис атлығ хан* тіркестері атаулық тіркестердің бұрыннан келе жатқан құбылыс екенін айқындайды» деген тұжырыммен дәлелденеді [6,101].

Демек, бір ұғымды білдіретін сөздердің қатысы арқылы жасалған атаулардың *сөзжасамдық моделін* айқындап, оның бастау көзін жазба ескерткіштер тілімен байланыстыруға негіз бар.

Қорытынды. Көне және орта түркі жазба ескерткіштер тіліндегі тілдік деректер мен грамматикалық көрсеткіштер қазіргі қазақ сөзі мен тілінің тарихи тамырын анықтауға арқау бола алады. Оған Ф.Мұсабаевтың «етістіктің келер шағы көне түркі тілінде -дүр тұлғасында қолданылған. Бұл форма тек қана XII ғасырда өмір сүрген Хожа Ахметте емес, Абай Құнанбаевтың *Ақыл мен хауас барлығы, Білмейдүр жүрек, сезедүр. Мүтәкәллімин, маникин, Бекер босқа өзедүр* – деп жазған өлеңінде де кездеседі. Осындағы -дүр етістіктің келер шағын білдіретін жұрнақ болса, оның арғы тегі *түр* деген толық мағыналы сөз, етістіктің түбірі. Мұның о бастағы мағынасы алыстап, формасы өзгере келе -ды, -ді,-ты, -ті етістіктің өткен шақ көрсеткіші болған. Тілдегі тұлғалардың қалыптасуының ұзақ процесс екеніне бұл да бір айғақ» деген [1, 97] тұжырымын басшылыққа аламыз. «Жиырмамыншы ғасырға дейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті» деген Ахмет Батұрсынұлының сөзімен ойымызды түйіндей келе, көне дәуір ескерткіштерінен бастап бүгінгі күнге дейінгі жазба мұраларымыздағы тарихи-лингвистикалық факторлар «қазақ» сөзінің тарихи негізі мен терминдік мәнін айқындауға арқау бола алады деп тұжырымдаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Мұсабаев Ф. *Үйсін туралы пікірлер // Қазақ тарихынан. Алматы, «Жалын» баспасы, 1996. - 28,56 б.т.*
- 2 Салғараұлы Қ. *Хандар кестесі. Алматы, «Жалын» баспасы, -1992 – 48 бб.*
- 3 Бичурин Н.Я. *собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. М - Л.: Изд-во Акад. наук СССР, 1950. - 471 с. 1 Том.*
- 4 Құрышжанұлы Ә. *Тіл тарихы жайында ойлар. Ғылыми мақалалар жинағы. Алматы-2006, - 182 б.*
- 5 Малов С.Е. *К истории казахского языка. «Известия АН СССР» отделения литературы и языка. VIII серия. № 3. 1941 - 98 с.*
- 6 Ильясова Н.А. *Қазіргі қазақ тіліндегі атаулық тіркестер: қалыптасуы мен даму үрдісі. Филол. ғыл. канд. диссерт. Алматы, 2003. - 122 б.*

References:

1. Mūsabaev Ğ. *Üysin turaly pikirler // Qazaq tarihynan. Almaty, «Jalyn» baspasy, 1996. - 28,56 b.t.*
2. Salğaraūly Q. *Handar kestesi. Almaty, «Jalyn» baspasy, -1992 – 48 bb.*
3. Bichurin N.Īa. *sobranie svedeni o narodah, obitavših v Srednei Azii v drevnie vremena. M - L.: İzd-vo Akad. nauk SSSR, 1950. - 471 s. 1 Tom.*
4. Qūryşjanūly Ä. *Til tarihy jaiynda oilar. Ğylymi makalalar jinağy. Almaty-2006, - 182 b.*
5. Malov S.E. *K istorii kazahskogo iazyka. «İzvestia AN SSSR» otdelenia literatury i iazyka. VIII seria. № 3. 1941 - 98 s.*
6. İläsova N.A. *Qazairgi qazaq tilindegi ataulyq turkester: qalyptasuy men damu ürdisi. Filol. ğyl. kand. disert. Almaty, 2003. - 122 b.*

МРНТИ 16.01

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.18>

Қасенов Е.С.¹

¹*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

АМАНХАН ӘЛІМ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада ақын Аманхан Әлім поэзиясындағы тұрақты сөз тіркестерінің қолданылу ерекшелігі қарастырылған. Ақын қолданысындағы фразеологизмдердің ақынның өзіне ғана тән шеберлікпен қолданылғандығы және олардың ұлт танымымен байланысы сөз болған. Ақын Аманхан Әлім поэзиясындағы фразеологизмдерден ақынның дүниеге көзқарасы мен өмірлік тәжірибелерінің бір көрінісі анық байқалатыны сөз етілген. Ақын өлеңдеріндегі фразеологиялық бірліктер бүтін бір ұлттың дүниеге деген көзқарасы, айнала қоршаған ортаға қарым-қатынасы, сондай-ақ халық даналығынан жинақталғандығы да мақалада көрініс тапқан. Сонымен қатар Аманхан Әлім поэзиясындағы фразеологизмдерді зерделеу өлең мәтініндегі тұрақты тіркестердің ерекшелігін тануға мүмкіндік беретіндігі нақтылы мысалдармен берілген. Аманхан Әлім поэзиясындағы тұрақты сөз тіркестері тілдік бірліктердің қарапайым тізбегі емес, ұлт тілінің көркемдігін айшықтау құралы екендігі де дәлелденген. Жалпыхалықтық фразеологизмдер құрамындағы тілдік бірліктердің өзге бірліктермен алмастырыла қолданылуы, ақын поэзиясының эмоционалды бояуын арттырып, қазақ тілінің ұлттық қазынасына үлес болып қосылатындығы сипатталған. Ақын

Аманхан Әлімнің ұлт тіліндегі фразеологизмдерді мағына жағынан болсын, сыртқы форма жағынан болсын түрлендіріп қолдануы ақынның ұлттың тіл байлығын пайдаланудағы шеберлігін айқындайтыны мақалада нақты көрсетілген.

Түйін сөздер: ұлттық тіл, стильдік қолданыс, фразеологизмдердің көркемдігі, ауызекі сөйлеу тілі, өмірлік тәжірибе

Kasenov Y.¹

*¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

THE FEATURES OF THE USE OF PHRASEOLOGICAL UNITS IN THE POETRY OF AMANHAN ALIM

Abstract

This article considered the individual features of the use of phraseological units and phraseological phrases in the poetry of Amanhan Alim. It shows the skill and its , diversity, wealth, as well as the artistic phraseology that reveal the life experience of the poet in the paradigm of the characteristics of national knowledge, and furthermore only his inherent view of the world when interacting with the surrounding society. In the poetry of Amanhan Alim, there are many phraseological units and phraseological phrases taken directly from the depths of the national wisdom, but also specific examples associated with individuality of the poet, entirely new phrases, in which his personal stylistic skills are emerging. The attractive power of Amanhan Alim's poetry, the internal energy of the individual and individual phraseological phrases, reinforce the meaning and emotional coloring of his poetry, and also contributes to the national treasury of the Kazakh language in general.

Keywords: the national language, stylistic use of phraseological units artistry, conversational speech, life opyt

Касенов Е.С.¹

*¹Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан*

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ В ПОЭЗИИ АМАНХАНА АЛИМ

Аннотация

В данной статье рассматриваются индивидуальные особенности использования фразеологизмов и фразеологических оборотов в поэзии Аманхана Алим. В ней показано мастерство, разнообразие, богатство, а также художественность фразеологизмов, которые раскрывают жизненный опыт поэта в парадигме особенностей национального познания, только ему присущий взгляд на мир при взаимодействии с окружающим обществом. В поэзии Аманхана Алим существует множество фразеологизмов и фразеологических оборотов, взятых непосредственно из недр национальной мудрости, но также приведены конкретные примеры, связанные с индивидуальностью поэта, совершенно новые словосочетания, при которых вырисовывается его личное стилистическое мастерство. Притягательная сила поэзии Аманхана Алим, внутренняя энергия приведенных индивидуальных фразеологических оборотов усиливают смысл и эмоциональную окраску его поэзии, а также вносят вклад в национальную сокровищницу казахского языка.

Анализируются особенности употребления типов фразеологических единиц в стихах Аманхана Алима. Отмечается, что фразеологические единицы в произведениях выполняют роль текстобразующих элементов, являются способом и средством глубокой выразительности и яркости поэтического языка. В поэзии А.Алима фразеологические единицы, соединяясь с экспрессивным текстом, обеспечивают характерологическую образность.

Ключевые слова: национальный язык, стилистическое применение, художественность фразеологизмов, разговорная речь, жизненный опыт

Кіріспе. Поэзия тілін тану – өлеңнің ішкі мазмұны мен қаламгер тіліндегі тілдік бірліктерге танымдық, лингвистикалық қырынан үңілу. Мұндай зерттеулер тіл бірлігінің бойындағы жасырын жатқан мағыналық мүмкіндіктерді ашып, көркем шығарманы толық түсінуге жағдай туғызады. Сондықтан поэзия тілінің көркемдік, өзіндік бітім-болмысын айқындау – ақындар қолданған көркемдік құралдар, синтаксистік құрылымдар мен лексемалар, фразеологизмдердің өлең өріміндегі көркемдігін зерттеу.

«Ғасырдан ғасырға ұласып, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып, көне заманнан келе жатса да байырғы бедерін жоғалтпай, сонылығын сақтаған алуан айшықты, терең мазмұнды тұрақты сөз тіркестері ана тіліміздің асыл қазынасы іспетті. Бейнелі сөз орамдары дөп тигізіп айтар дәлдігімен, ерекше көркемдігімен кімді де болса әрдайым баурап алады» – дейді ғалым Н.Уәлиұлы [1, 39 б.]. Демек, фразеологизмдер – өлең өлкесінде сан құбылып, түрленіп қолданылатын әсем де әсерлі, көркем де бейнелі сөз өрнегі. Фразеологизмдерді зерттеуші ғалым Р.Сыздық «поэтикалық фразеологизмдер» деп атап, мынадай анықтама ұсынады: «олар әдетте бір нәрсені затты, сынды,

кимылды, кимылдың амалын жай атамайды, суреттеп, бейнелеп, астарлап, «мадақтап» не «балағаттап» атайды, яғни айтушының (жазушының, ақынның) сол нәрсеге – объектіге «пейілін» - көзқарасын білдіре атайды. Демек, поэзия тіліндегі фразеологизмдердің басты белгісі – олардың образды (бейнелі) болатындығы – дейді [2, 94 б.]. Ойды көркем жеткізуде қолданылатын құрамы мен құрылымы тұрақты тілдік единица – фразеологизмдер көркемдік құралдың қатарын толықтырады да, көркемдік пен әсерлі танымға қызмет етеді.

Әдістеме. Мақала тақырыбына сәйкес психологиялық, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерге талдау жасау мен сипаттау, салыстыру, жүйелеу, әңгіме жүргізу, қорыту сынды әдістерді қолданылудың маңызы зор. Сондықтан да түрлі әдістер мақала мазмұнының тереңдеуіне ықпал етеді.

Нәтиже мен талқы. Тіліміздегі фразеологизмдерді мағына жағынан болсын, сыртқы форма жағынан болсын түрлендіріп қолдану белгілі бір қаламгердің ұлттың тіл байлығын пайдаланудағы шеберлігі мен танымдық ерекшелігін айқындаса керек-ті. Осы тұрғыдан алғанда өлең өріміндегі тұрақты тіркестер тек көріктеу құралы ғана емес, көркем сөз шеберінің көзқарасын, идеясын, суреттеп отырған кейіпкердің ішкі жан дүниесін, болмысын таныту мақсатында да қолданылып, ұлттық сипатқа ие болады. Стильдік мақсаттан туған алуан түрлі фразеологизмдердің поэзиялық туындылардағы қолданысын қарастыруда қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасы бар ақын Аманхан Әлім поэзиясын зерделеуді мақсат еттік. Ақынның терең де мазмұнды, көркем суретті, сикырлы ұйқаспен жазылған поэзиялық туындыларындағы фразеологизмдері бейнелі әрі мәнерлі болуымен қатар, өлеңнің эмоционалды-экспрессивті бояуын арттыруымен ерекшеленеді. Мысалы, ақын Аманхан Әлім:

*Жабағы бұлт еңсесін басқан күйі,
Жасын сығып алады аспан жиі.
Бүрсеңдеген жапырақ бүкір белді,
Бойын алар ызғардан қашқан бүйі. («Мәскеу саздары», 188 б.)*

*Көрсететін болымсыз бойды ғана,
Шемен тасқа шегелеп қойды қала.
Енді-енді игеріп келе жатыр,
Көк бөрісі ояңған ойды бала. («Ұстазым Көроғұлына»б.)*

– деген жолындағы «жасын сығу» - деген тіркес ақынның айтпақ ойын көркем жеткізуге септігін тигізіп тұр. Мұндағы ««жасын сығу», жауын жауу» мәнінде, ал «шемен тасқа шегелеу» - «еріксіз байлау» мәніндегі шебер қолданыс. Ақын А.Әлім «тасқа шегелеу» деп қана емес, «шемен тасқа шегелеу» деп алып, ерекше стильдік қолданыстағы фразеологиялық тіркес жасап тұр. «Шемен тасқа шегелеу» - тілімізде бұрын-соңды болмаған жаңа фразеологиялық тіркес. Әсіресе, ақын А.Әлімның мына өлеңдеріндегі фразеологизмдердің өзіндік қолданысы ерекше көзге түседі. Мысалы,

*Қарға адым келтірмей бір басуға,
Қара суық қабынып тұр ма асуда?..
Өмір жайлы, Аманхан, осындайда,
Көңіліздеу сенімен сырласуда. («Түнгі аспан», 43 б.)
Жайылған қараңғылық тарапты інге,
Тұрсың сен мысық көз Ай қарап кімге?!
Бойына тыныштықтың қан жүгіріп,
Қызығын қиды жастық барақ түнге. («Үзіліп сары жаздың ақырғы әні», 196.)*

*Басылмаған байызы барақ түнде,
Мысық көз Ай тұрсыз, Сіз, қарап кімге?!
Салқын сәулең сыланған сынап білем,
Мысалы, тышқан бүкті тарапты інге. («Кеудемдегі оянып бағы бар мұң», 28 б.)*

*Ат жақты Айдың сәулесін тізгін делік,
Қыздырмайды қанымды ызғын желік.
Қанатынан қайырылып жаз құлады,
Құшағына қызусыз күздің келіп. («Мазалайды беймаза ой шалды шыңдап», 38 б.)*

Жоғарыдағы жолдардан «қара суық қабыну», «жаз құлау», тілімізде жиі қолданыс тауып жүрген «байыз таппау» тіркесінің орнына «байызы басылмау» сынды соны фразеологизмдерді кездестіруге болады. Сөз қолданудағы ақынның мұндай еркіндігі бұрыннан қалыптасқан фразеологизмдерді қамырша илеп, соны тіркестер ретінде қолдануға мүмкіндік беріп тұр. Тағы бір мысал:

*Бозінгендей боздаған борықтағы,
Жаман екен көңілдің торыққаны.*

*Ішін тартып ұлыған жел құбырда,
Мысалы, бөрі ойлаған жорық қамы. («Қолтықтағы ауыл», 11 б.)*

*Сусыған етек басты құмаң күзгі,
Өшірді өрге салған күмәнді ізді.
Шекесін жарып лақ шыны қақтың,
Жайылған жер бауырлап тұман жүзді. («Іірімдей иіні түсіп иректелген», 93 б.)*

*Қайтарды құс тұмсық күн қысқа басын,
Мезгілдің үрдісі асып қыстағасын.
Аспандай ала бұлт әужемдеген,
Қам көңіл қапа қысып ысталасың («Мәскеу саздары», 185 б.)*

– деген жолдарда ақын «бөзінгендей боздау», «тұман жүзу», «қапа қысып ысталу» тәрізді метафора түріндегі фразеологиялық бірліктерді қолданып, сипаттау арқылы уайым-қайғы арқалаған жанның аянышты кейпін бейнелейді. Әр ақынның дүнені танудың өзіндік суреті, талғамы болатыны секілді ақын А.Әлім поэзиясындағы мұндай фразеологизмдердің сипат-сипы да ерекше. Сондай-ақ ақын жалпыхалықтық фразеологизмдерді өзгертпей де, көркемдік мақсатына орай өзгертіп, жетілдіріп қолданғаны да аңғарылады. Мысалы,

*Азанышының дауысы аспан ілген,
Бара жатыр астасып қас-қағыммен.
Олар іште, сырттағы қақ суына,
Кебістерін кеме ете бастадым мен. («Арыстанбаб», 181 б.)*

*Сыланып салқын жерден рең кеткен,
Ұрады қыс ызғары күрең көктен.
Мысалы, «әпсін» оқып үшкіргендей,
Күйі кешіп көңілсіздеу жүрем көптен («Үркердей үркіп ауыл...», 50 б.)*

Бұл жолдардағы «аспан ілу» (дауысы жер жарып), «қыс ызғары ұру» сынды тұрақты сөз тіркестерін авторлық фразеологизмдер ретінде танимыз. Авторлық қолданыстағы бұл фразеологизмдер поэзия тілін жаңа сатыға көтергені белгілі. Ал ақынның:

*Бөлекше бөзге ораған боз даланы,
Сары ала сағым сел түс қозғалады.
Түбінде ірі ақын болармын мен,
Келеді күлтеленіп сөз балағы. («Келеді күлтеленіп...», 22 б.)*

*Басылмаған байызы барақ түнде,
Мысық көз Ай тұрсыз, Сіз, қарап кімге?! -
Салқын сәулең сыланған сынап білем, («Кеудемдегі оянып бағы бар мұң», 28 б.)*

– деп келетін өлең жолдарындағы «сөз балағы күлтелену», «сәулесі сылану» сынды тұрақты сөз тіркестерінің қай-қайсысы да өлеңнің жалпы экспрессивтік үндестігін күшейтеді, эмоциялық бояуын әрлендіреді, күшті сезім туғызады. Ал ақынның:

*Маздайды біздің үйде май шам ғана,
Сеземін жол сүзеді байсалды Ана.
Құлынын күткен жанға кірпік ілмей,
Қара түн қанатыңды жайсаң нала. («Шоршыған шортан Ай да қайда қалды », 277 б.)*

*Жартыкеш жарық дүние шараң құрып,
Өтеуге көрсеткенмен сараң қылық, -
Көгенге көзін сүзген борсық сынды,
Барады қоюланып қараңғылық («Қызылдың құмы десек уақытты», 201б.)*

– деп келетін өлең жолдарындағы «жол сүзу», «көгенге көз сүзу» сынды тіркестер ұғымды дәлме-дәл, жан-жақты бейнелеп жеткізуде ерекше бейнелі мән беріп тұр. Фразеологизмдердің осындай мүмкіншіліктерін ақын өз жырында кейіпкерлердің психологиялық күйініш-сүйініштерін, ой әсерлерін, рухани жан дүниесін нақты да нәзік бейнелеуге шебер таңдап, асқан талғампаздықпен жұмсайды. Оны мына мысалдардан да көреміз:

Қызылқұм үрлей соққан үрме құмды,
Көтердің кеудемдегі бірде мұңды.
Сағыныш саған деген сары белдік,
Шеше алмай, білесің бе, жүргенімді? («Этюд», 122 б.)

Қып-қызыл құм, Қызылқұм, қызыл бұлау,
Терезеден телмірген күзің мынау.
Тасыр тартқан ішектей талғам білмей,
Қайран көңіл мұң еміп үзілдің-ау. («Этюд», 122 б.)

Сал сағыныш жүректі сыздатқалы,
Көкіректе қаншама мұз қатпады.
Алыс Мәскеу... Сыр бойы... Қожатогоай
Жұлдыздың жақсы емес пе түзде аққаны. («Мәскеу саздары», 191б.)

Қазақтың әдеби тіліндегі әсірелеу, көркемдеу тәсілінің ішінде фразеологизмдердің алатын орны да, ішкі мазмұны да, грамматикалық құрылысы да ерекше деп айтуға болады. Мысалы,

Көкем білем оған да соны айтады,
- Қойып кеттің қалай, - деп жолай тағы.
Тісін қайрап содан соң біреулерге,
Көңілінің наласын молайтады. («Тоқаш көкеме», 197 б.)

Жоғарыдағы шумақтағы «тісін қайрау, «көңіл наласын молайту» сынды тіркестердің орын алуы терең философиялық ойдың, ғасырлар бойы жинақталған тәжірибенің сұрыпталған тұжырымы, негізгі нәрі, қысқа да көркем бейнесі. Ақын поэзиясындағы мұндай тұрақты сөз тіркестері авторлық ойға айрықша әр, өзгеше мәнерлілік беріп ерекше кестеде көрініс тапқан. Ақын қолданысындағы қызметі мен құрылымы өзгеше тың тіркестер дерексіз ұғым мен нақты зат атауын бейнелі ойдың суреті, біртұтас күрделі ойдың ықшам мазмұны етіп алуымен айрықша өңге ие.

Бүгінгі қоғамдағы халықтың тұрмыс-тіршілігі мен елдің саяси өміріндегі өзгерістер де ақын назарынан тыс қалмаған. Ұлтқа тән руханилықты болмыс-бітіміне жиған ақын тілдегі фразеологизмдерді идеялық мақсат-мүддесіне қарай қолданып отырады. Мысалы,

Темір жолдың бойында өскен қайың,
Сезіліп тұр беймаза кешкен жайың, –
Тыныс кеміп, тамырың тартылады.
Составтардан бір екпін ескен сайын («Темір жолдың бойында өскен қайың», 20 б.)
Не деген мына мезгіл сабырлы еді,
Тынысын тіршіліктің таң үрледі.
Мөп-мөлдір мойыл аспан көзін тіккен,
Жаз деген жарқын айдың Мамыр меңі. («Мамыр – май», 21 б.)

Ақын тілімізде қолданылып жүрген «тынысы тарылу» фразеологизмін «тынысы кему», «тынысын үрлеу» сынды нұсқада береді. Бұл жолдардағы «тамыры тартылу» фразеологизмі «тынысы кему» тіркесіне жалғаса қолданылып, өлеңнің бояуын күшейтіп тұр. Жоғарыдағы жолдрдан алынған «тынысы кему», «тынысын үрлеу», «көкіректе мұз қату», «көңілінің наласы молаю» т.б. тұрақты сөз тіркестерін авторлық фразеологизмдер ретінде танымыз. Авторлық қолданыстағы бұл фразеологизмдер поэзия тілін жаңа сатыға көтеріп, оның өркендеуіне әсерін тигізгені, тигізері даусыз. Ақын туындыларында тұрақты сөз тіркестерінің «сөз сату, сөз қату, сөз салу, көлденең сөз, қаңқу сөз, көңілін басу, көңілі тасу, көңілі судай тасу, көңілі қаяу, бағы таю, бағы ашылу, бағын сынау, бақ құмар, бағын байлау, тілін тартпау, тіл мен көз тию, тілге жүйрік, іші-бауыры өртену (жануб.), ішін тарту, іштен шалу, іші сезу, іші өртену, жерге түкіру жерге тығу, жерге қарау, жер қайысу, бет моншағы үзілу, құйрық тістесіп келу, бұлаң құйрықпен жорыту, судай сапыру, ағын судай екпіндеу, құлақ тұру, құлағына кую, құлағымды кесіп берейін, құлағын салу, құлағын бұрау құлақ тосу, қанат қағу, қанат біту, бас аяғына қарау, басын құшу, бас қосу басына бәле жабу, бас имеу, басын тауға да, тасқа да ұру, көзі жету, көзін жеткізу, қол ұзу, қол ұшың беру, т.б. неше алуан түрі кездеседі. Аталған фразеологизмдердің әрқайсысынан ақын ойында қорытылған образды бейнені түсінеміз, әр түрлі құбылыстардың образды бейнесін көреміз.

Қазақ тіліндегі жеке сөздер сияқты ұзақ дәуір туғызған фразеологиялық тіркестер қыры мен сыры мол өлең өлкесінде бұрыннан кездеседі десек те ойды бейнелі де көркем жеткізу үшін ақын Аманхан Әлім фразеологизмдерді түрліше құбылтып қолданылғаны белгілі. Осы орайда ғасырлар бойы қалыптасқан жалпыхалықтық фразеологизмдерді тура күйінде де қолданды, өзіндік ізденісі нәтижесінде жетілдірді. «Әдеби шығарма тілін

көркемдеп, жандандырып, нәр беруші амалдардың бірі – халық тіліндегі тұрақты фразеологиялық тіркестер. Олар тілдегі бейнелі, экспрессивті, эмоциялы бояуы қанық амалдардың қатарынан орын алады. Олар – ұлттың психикалық өзгешелігінің негізінде қалыптасқан образды ойлау тілінің үлгілері, халықтық даналыққа суарылған өткір құралдар» - деген Хасан Кәрімов пікірін ескере келе, ақын шығармаларынан мынадай мысалдар келтіруге болады[3,134 б.]. Мәселен, ақынның:

*Мыртық бойлы көк түйнек сыр түйеді,
Естен шықпас ерекше бір күй еді.
Кер кеуректің жамылған көлеңкесін,
Кесірткенің кірпігі кіртіеді. («Бесін» өлеңінен, 21 б.)*

*Тірліктің жақсылыққа жорып таңын,
Көн мойын торсық байлап торықпадым.
Арақтың шалығы сәл шалғанымен,
Бұзылып кеткенім жоқ қорықпағын («Мәскеу саздары», 185 б.)*

– деген өлеңдеріндегі «кер кеуректің көлеңкесін жамылу», «торсық байлап торықпау» сынды тіркестері оқырманға айрықша әсер етуімен ерекшеленеді. Мұндағы «кер кеуректің көлеңкесін жамылу» мен «торсық байлап торықпау» тіркестері окказионал фразеологизм ретінде ақынның өзіне тән ерекшелігін танытады әрі белгілі бір мезеттегі ақынның ішкі жан-дүниесінің астаң-кестең толқынысынан хабардар етеді.

Қорытынды. Түйіндей келгенде, ақын Аманхан Әлім ұлт тілінде ғасырлар бойы поэтикалық көркемдікке қызмет еткен фразеологиялық бейнелі тіркестерді көркемдік талаптарына сай шеберлікпен пайдалана білді, әрі қарай жетілдірді, дамытты. Бәлкім, өлең жазу барысында ақын соны тіркес іздемеген де болар. Бірақ, мұның бәрі ұлт тілінде қолданыс тауып жүрген түрлі ұғымдардың ақын елегінен тыс қалмай, ақын санасында жаңа формада берік орныққанын аңғартса керек. Сондықтан да ақынның жаңа фразеологиялық қолданыстары тосын құбылыс болды және әдеби тілдің қатарына еркін еніп, етене қабылданып кетті. Ал қабылдану – тіл дамуының, ой дамуының мызғымас көрсеткіші.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 128 б.
2. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы, 1995. – 201 б.
3. Кәрімов Х. Қанатты тіл. - Алматы: Санат, 1995. – 144 б.
4. Әлім А. Ай нұры алақанымда. – Алматы: Атамұра, 2003. – 138б

References:.

1. Uәliūly N. Frazеologia jāne tildik norma. Almaty: Respublikalyq baspa kabinetu, 1999. – 128 b.
2. Syzdyq R. Abaidyñ sōz ōrnegi. – Almaty, 1995. – 201 b..
3. Kārimov H. Qanatty til. - Almaty: Sanat, 1995. – 144 b.
4. Ālim A. Ai nūry alaqanymda. – Almaty: Atamūra, 2003. – 138b.

МРНТИ 16.01

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.19>

Қасенов Е.С.,¹ Жиренов С.А.¹

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ПРОФЕССОР Қ.ЖҰБАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ терминологиясының пайда болуы мен дамуындағы Құдайберген Жұбанов еңбектерінің маңызы айтылған. Ғалым Құдайберген Жұбанов еңбектеріндегі термин мәселесі мен қазақ тіл білімі терминдерінің жасалу жолдары нақтылы мысалдармен дәлелденіп берілген. Термин жасаудағы ғалым ұсынған ғылыми ұстанымдар да сөз болған. Құдайберген Жұбановтың терминология саласындағы еңбегінің өлшеусіз екендігін айғақтайтын пікірлер нақты дәйек ретінде келтірілген. Халықаралық терминдерді аудару мәселесіндегі ғалым Құдайберген Жұбановтың пікірлері мақалада сөз етіліп, нақты дәйектер келтірілген. Ғалым Құдайберген Жұбановтың интернационалдық сөздерден қашпау керек деген ұстанымының маңызы туралы дәлелді түрде жеткізіледі. Сондай-ақ мақалада Құдайберген Жұбановтың сөздің терминге айналуы барысындағы қосымшаның өзіндік ерекшелігі жөніндегі ойлары да сөз етілген. Ғалым Құдайберген Жұбановтың сөзге жалғанған әрбір қосымша белгілі бір ұғымға қатысты жалпылық сипатқа ие жаңа сөз жасайтынын нақтылап бергендігі де барынша сипатталған. Қазіргі тіл білімінде терминнің негізгі қасиеттерінің бірі мағына дәлдігі десек, бір тіл мен екінші тіл арасындағы мағына

сәйкессіздігі де мақалада айтылған. Бұл мәселенің бүгінгі күннің де өзекті мәселесінің бірі екендігі мақалада қарастырылған.

Түйін сөздер: терминологиялық бірліктер, терминология, дыбыс жүйесі, калька, терминжасам, ұғым

Kasenov Y.,¹ Zhirenov S.²

*^{1,2}Kazakh National Pedagogical University named after Abay,
Almaty, Kazakhstan*

PROBLEMS OF KAZAKH TERMINOLOGY IN THE WORKS OF PROFESSOR K.ZHUBANOV

Abstract

At this article there discusses about the main features of K.Zhubanov works on developing Kazakh terminology and education. Specific examples identified the issues of the term and the term in the way of education Kazakh linguistics. Reviews of the value of work in the field of terminology K.Zhubanov presented as evidence. Comments of the K. Zhubanov on the translation of international terms are set out in the article and specific arguments are given. The article also presents the thoughts of K. Zhubanov about the features of the application in the process of turning a word into a term. K. Zhubanov clarified that each addition to a word creates a new word that has a General character in relation to a particular concept. In modern linguistics, one of the main properties of a term is the accuracy of meaning, as well as the discrepancy of meaning between one and another language.

Keywords: terminological units, terminology, sound system, tracing paper, the structure of the term, the concept

Касенов Е.С.,¹ Жиренов С.А.²

*^{1,2}Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
Алматы, Казахстан*

ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ В ТРУДАХ ПРОФЕССОРА К.ЖУБАНОВА

Аннотация

В этой статье рассматриваются особенности трудов Кудайбергена Жубанова о возникновении и развитии казахской терминологии. В его трудах на конкретных примерах определены проблемы термина и пути его образования в казахском языкознании. Комментарии, свидетельствующие о неопределенности заслуг К.Жубанова в области терминологии, приведены в виде конкретных аргументов. В статье изложены комментарии ученого К.Жубанова относительно вопроса перевода международных терминов и приведены конкретные аргументы. Высказывается позиция ученого о том, что не нужно избегать интернациональных слов. В статье также изложены мысли К.Жубанова о своеобразии приложения в процессе превращения слова в термин. Ученый К.Жубанов уточнил, что каждое приложение к слову создает новое слово, которое имеет общий характер по отношению к тому или иному понятию. В современной лингвистике одним из основных свойств термина является точность значения, а также несоответствие значения между одним и другим языком. В статье говорится о том, что эта проблема является одной из актуальных и на сегодняшний день.

Ключевые слова: терминологические единицы, терминология, звуковая система, калька, строение термина, понятие

Кіріспе. XX ғасыр басындағы қазақ тіл білімінде орын алған түрлі өзгерістер терминология ғылымының қарқынды дамуына алып келді. Ғылымның қай саласы болсын сан түрлі сөздердің ғылыми атауларын қажет етті. Осымен байланысты барлық саланың алғашқы терминдері жасалып, жалпы терминдік жүйесі қалыптаса бастады. “Терминология мәселелері үстіміздегі ғасырдың 20-30-ыншы жылдарында ең бір өзекті, көкейкесті проблема болды, өйткені жаңа құрылыс, жылдан-жылға дами түскен ғылым мен техника, қалың бұқараны кеңінен қамтыған оқу-ағарту ісі, жазба әдебиеттің дамуы – осылардың баршасы жүздеген жаңа ұғым атауларын жасауға мәжбүр етті және бұлар жай атаулар емес, терминдік сөздер болуға тиіс еді” [1, 318 б.]. Терминология ғылымының іргетасы берік қалануында А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Қ.Кемеңгерұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омаров, Т.Шонанов сынды ғалымдардың еңбектерінің маңызы айрықша болды. Бұл ретте А.Байтұрсынұлымен қатар XX ғасырдың басында-ақ тіл білімінің мәселелерін зерделей зерттеп, ғылыми-теориялық негізін салған ғалым Қ.Жұбановтың терминология саласындағы еңбектері – ұлттық терминологияның қалыптасуындағы құнды қазына.

Әдістеме. Бұл мақалада профессор Кудайберген Жұбановтың терминология ғылымына қосқан үлесі сөз етілгендіктен ғылыми еңбектерге талдау жасау мен сипаттау, жүйелеу, қорыту сынды әдістерді қолдандық. Ғалым еңбектерінің басым көпшілігі XX ғасырдың 20-37 жылдар аралығында жазылғандықтан сол тұстағы ғалымдар еңбектерімен салыстырмалы түрде қарастыру әдісі қолданылды.

Нәтиже мен талқы. Ғалым Қ.Жұбановтың 20-шы жылдардың екінші жартысы мен 30-шы жылдарда белсене қатысып, көп еңбек сіңірген саласы – қазақтың ұлттық жазуын, емлесін және терминологиясын жасау. “Қандай

болмасын ғылым, ең алдымен, адамзатқа пайдалы ілім болу керек. Адамзатқа қажет ілім тіл арқылы беріледі, сондықтан тілді оқытуға ерекше көңіл бөліну керек” – деген ғалым Қ.Жұбанов өзінің барлық еңбектерінде де теориялық білімінің тереңдігін танытып береді [2, 34 б.]. Белгілі бір мәселелер жайында қорытынды шығарарда ол көптеген тілдердің ортақ заңдылықтарын негізге алып, типологиялық салыстырулар жасап отырады. Мысалы, орыс тілінің терминдерінің жасалуы мен қазақ тіліндегі терминдерді ішкі мағыналық үйлесімі, ұлттық таным тұрғысынан өзара салыстыра қарастырып: “термин принциптерін дұрыс шешу үшін: термин деген не, белгілі бір ұғымға арналып, басқасына бұрылмайтын стандарт термин болуға лайық қандай сөздер, алдымен осыны шешіп алу керек. ...термин сөзі белгілі бір кезеңдегі белгілі бір ғылыми ұғымды, ұғым болғанда да, көбінесе-ақ сол сөздің, сөздік мағынасына жуыспайтын ұғымды білдіретін болады. Олай болса, термин сөз – қашан өзінің тұрақтылығын қойып, екінші бір ұғымға ауып кеткенше, тұрақты болып тұрады” – деген пікір айтады [3, 350 б.]. Ғалым терминдердің қарапайым, яки күнделікті қолданыстағы және терминдік мағынасы болатынын баса айтады. Мысалы, буын сөзі мен “буын” терминін алуға болады. Сондай-ақ ғалым нақты бір термин мағынасының жаңаруы терминнің тұрақтылығын жойып отыратындығын атап береді. “Мұндай реттер барлық терминдерде ұшырайды десек, көп қателескен болмаймыз; сонда ескі терминдер сақталып, қала береді, бірақ мағынасы соныланып жаңарады” [3, 350 б.]. Ғалымның бұл ойы ғылым мен техниканың дамуы барысында терминдер мағынасының ұлғаятындығын және нақтылана түсетіндігін дәлелдейді. Ғалым дәлел ретінде “атом” мен “психология” терминдерін дәлелге келтірген. Орыстың “мелкая вода” дегендегі “мелкий-ді “ұсақ” (су) деуге болмайды, - “тайыз су” дейміз, - мұнда “мелкий” сөзіне “тайыз” дәл келеді. ...Бір нәрсенің осылайша бөлектеніп шығуы әр елдің тарихи даму жағдайларынан келіп шықпақ, конкрет тарихи жағдайларға қарай икемделмек, ондай жағдайларды әрбір қоғам коллективі өз басынан оздыратын сияқты, бірақ бір сөздің әлгіше бөлектеніп шығуы түрліше болады. Әр коллектив өзінің тіршілігінде бір нәрсенің бір жағымен ғана пайдаланса, ол нәрсені сол жағымен ғана таниды, құбылыстардың арасындағы байланысты осы жағынан алып көрсетеді. «Восход солнца» кейбір халыққа «күннің жоғары көтерілуі» болып көрінген, енді біреулерге “үйден шығу” тәрізді, үшіншілерге “туу” тәрізді боп көрінген [3, 352 б.]. Міне, ғалымның дәлелмен берілген мысалдары соқырға таяқ ұстатқандай анық, ұғынықты. Бұдан белгілі бір сөздердің белгілі бір ұлт тіліне еніп, терминденуінің негізі халықтың ғасырлар бойғы қалыптасқан таным-түсінігімен де тығыз байланысты құбылыс екендігіне көз жеткіземіз. “Өмірде кездесетін ұғымдар, оған сәйкес сөздер осылай жасалып, жарыққа шығып отырады, ал енді, бір елдің тіліндегі сөздер, қашан да толық сәйкес болып отырған емес, үйткені елдердің тіршілік жолындағы, тарих заңымен келіп шыққан ұғымдағы айырмашылықтар жойылмай тұрып, ол сөздер бір ыңғай толық бір-біріне сәйкес келе алмайтын сияқты” – дейді ғалым [3, 352 б.]. Ұлттың тарихи даму жолы, ондағы түрлі өзгерістер мен қоғамдық құбылыстардың өзгешелігіне орай ұғымдардың өзгеше болып келуі – заңды құбылыс. Себебі, кез келген жаңа сөздің туындауы, ғылыми ұғымның қалыптасуы нақты бір тарихи кезеңмен, тарихи оқиғамен тікелей байланысты. Олай болса, ғылыми ұғымның тұрақтануы белгілі бір тарихи кезеңге тәуелді, ал оның мағынасының ұлғаюы ғылыми жетістіктерге бағынышты. Бұл жөнінде ғалым: “ұғымдарды белгілі бір ғылым тарихының белгілі бір кезеңі жетектеп отырады” – деген ой айтады [3, 353 б.].

Ғалым Қ.Жұбанов: “қай тілдің де жай сөздері тек сол елдің ғана қолданатын сөзі болудан озып, ғылыми ұғымдарды білдіретін болса, сонда ғана термин қатарына кіреді” – лексикалық бірліктің терминденуі ең алдымен, сол тілдік бірліктің ғылыми ұғымды беруінде екендігін ұдайы көрсетіп отырған [3, 353 б.]. Ғалым дәлел ретінде халық тіліндегі “тау сағыз” сөзін келтірген. Ғалым пікірі қазақ терминологиясын қалыптастыруда ұлт тіліндегі тілдік бірліктерді ескерусіз қалдырмау керектігін көрсетіп тұр. Ғалым терминдер жүйесін қалыптастыру барысында халықаралық терминдерге күмәнмен қарауға болмайтындығын, өзінің халықаралық терминдерді қолдайтындығын да білдіреді. Ғалым: “термин – әр елдің сөзімен алынса да, мысалы “еңбек”, “ақша” немесе халықаралық сөзбен алынса да, мысалы “капитал”, “валюта” сияқты – қашан да халықаралық болады, үйткені бұлардың екеуі де жер жүзіне белгілі ортақ ұғымдарды білдіреді. ...Бірақ бұл дәуірде ұлт және ұлт тілі жойылып кетпейді ғой, сондықтан халықаралық терминдерінің бірсыпырасы, мүмкін, тіпті ел-елдің өз сөзімен алынып отырады. Халықаралық ортақ терминдермен қатар, ел-елдің өз тілінде алынған терминдер де болмақ. Екеуі қоян-қолтық тепе-тең түсіп отыра ма немесе біреуі кем, оның есебіне екіншісі артып отыра ма – о жағы тарихи жағдайлармен сабақтас нәрсе, бірақ халықаралық ортақ сөздермен қатар алынатын терминдер қоғамның дамуына қарай өсіп, өрісі кеңеюі даусыз. Сүйтіп қазақ тілінің терминдері бір жағынан бір ыңғай интернационал сөздермен алынса, екінші жағынан – қазақ сөздерінен жасалатын болады” – дейді [3, 353-354 бб.].

Халықаралық терминдерді аудару мәселесіне де ғалым өз пікірін білдіреді. Мысалы, ғалым: “бірыңғай интернационал терминдер – қазақ тілінде оларға сәйкес келетін сөздер табылсын, табылмасын – аударылып алынбасын дейміз. Қазақ тілінің терминдері жайлы біздің ұстаған жолымыз осы” – деген пікір айтады [3, 354 б.]. Ғалымның бұл пікірі терминдерді ұғынықты ету мақсатында оларды аудармау керектігін аңғартады. Академик Р.Сыздық сөзімен айтсақ, “ғалым Қ.Жұбанов “интернационалдық сөздерден қашпау керек” деген принципті дәлелдеді” [1, 318 б. б.]. Әлбетте, тіліміздегі терминдердің басым бөлігі орыс және орыс тілі арқылы еніп, тіліміздің терминдік қорын толықтыра түсті. Дегенмен соңғы жылдары техника, медицина салалары бойынша аударылған терминдердің қазақ тіліндегі нұсқасы қолданысқа түспей отыр. Ал оның басты себебі: сөз бен терминнің аражігінің айқындалмауында жатыр. Ғалым Қ.Жұбанов пікірімен айтқанда, “сөз бір нәрсенің жай аты ғана емес, жете танылған, бөлектеніп шыққан нәрсенің аты”, халықаралық термин – “ел-елдің өз сөзімен алынып отырады” [3, 352-353 б.]. Басқаша айтқанда, термин мен сөздің аражігі олардың өзара мағыналық жақындығы мен атаулық сипатынан айқындалады. Лексикалық бірліктерден терминдер оқшаулау болады. Лексикалық бірлікке қарағанда терминнің

тұлғасында шарттылық басым. Лексикалық бірліктерден терминологиялық бірліктердің ерекшелігі, ең алдымен олардың ішкі семантикалық ұйымдастырылуымен (құрылымы) айқындалады. Ғалым А.С.Гердтің пікірі бойынша: “Терминнің өзгешелігі тұрпат межесінде емес, мазмұн межесінде, яғни оның мағынасының табиғатында жатыр. Өйткені термин дегеніміз – ғылыми ұғыммен байланысты анықтамаының белгілі бір сөзге жасанды, саналы түрде берілуі” [4, 34-41 б.]. Түсіндіре айтсақ, термин бір ұғымға ғана сәйкес келетін таңба, терминде таңба мен таңбаланушының сәйкестігі бірмағыналылық сипатқа ие.

Ғалым өз еңбектерінде сөзді терминге айналдыру барысындағы қосымшаның өзіндік ерекшелігі де сөз етілген. Ғалым сөзге жалғанған әрбір қосымша белгілі бір ұғымға қатысты жалпылық сипатқа ие жаңа сөз жасайтынын нақтылап береді. Мысалы, ғалым “единица измерения” деген терминді “өлшем бірлік” деп алу керектігін дәлел ретінде береді. Осы “өлше” етістігіне “-уіш” емес, “-м” жұрнағын жалғау арқылы бір нәрсенің шамасын өлшеуге жарайтын мөлшерлердің бәрін қамтитын жалпы ұғымға ие термин жасалатынын айтады. Демек, ғалым Қ.Жұбанов та термин жасау барысында ғасырлардан бері қолданылып жүрген “белгілі іс-әрекеттің субстантивтенген, яғни заттық (зат есімдік) атауын білдіруде өте жиі жұмсалатын –ым/ім/м жұрнағын” кәдеге жаратуды жөн көрген [5, 380 б.].

Термин – термин емес сөздерден ажыратып көрсететін ерекше сипаттарға ие тілдің лексикалық жүйесінің бірлігі. Бұдан терминге қатысты мынадай қасиеттер мен сипаттамаларды айтуға болады:

- Термин белгілі бір салаға қатысты ұғымдар атауларын дәл беру мақсатында қолданылатын тілдің арнаулы аталымдық лексикалық бірлігі болып саналады;

- Терминдер ғылым мен техниканың дамуына байланысты туындаған жаңа ұғымдардың атауы болып табылады;

- Терминдердің барлығы бірдей жаңа сөз ретінде, ал жаңа сөздер термин ретінде қолданыла алмайды;

- Ұлт тілінде пайда болған тілдік бірліктер жаңа сөз әрі термин ретінде қолданылып отырады;

- Терминнің ұғымға сәйкес келуі негізгі талабы болып табылады;

- Терминдердің барлығына қысқалық, дәлдік талабы ортақ болып келеді. Жоғарыда айтылған бұл

сипаттамалар ғалымның сол кезеңдегі “Термин сөздердің спецификасы жөнінде” деген ғылыми мақаласынан көрініс тауып, онда термин сөздердің лексикалық бірліктерден ерекшелігі мен табиғаты түсіндіріліп берілген.

Қазіргі тіл білімінде терминнің негізгі қасиеттерінің бірі мағына дәлдігі десек, бір тіл мен екінші тіл арасындағы мағына сәйкессіздігі өткен ғасырда да бүгінгі күнде де келелі мәселенің бірі болып келеді. Бір тілдегі ұғымдардың екінші бір тілдегі баламасы кездеспей жатуы заңды құбылыс. Бірақ кез келген зат пен сол затты атайтын сөз арасында байланыстың бар екендігі анық. Осымен байланысты заттарға атау беріледі. Заттар мен құбылыстарға берілетін атаудың бірден не біршама уақыт аралығында нақтылатыны белгілі. Қазіргі уақытта халықаралық терминдердің, мысалы, аэропорт (эежай), станция (бекет), сингармонизм (үндестік), т.б. аударылып алынуы ұлт тілінің толығына түсуіне алып келді. Әрине, ғалымның бұл пікірлері айтылған кезеңнен бүгінге дейін ғасырға жуық уақыт өтті. Ал уақыттың өтуі барысында белгілі бір халықаралық терминдердің ұлт тіліндегі дәлме-дәл баламасының туындайтыны белгілі. Мұны өзге тіл ұғымдарының ұлт тілінде кемеріне келіп толысуы деуге болады. Әлбетте халықаралық терминдердің ұлт тіліндегі баламасы бірден табыла кетсе, енді бір ұғымдардың нақты баламасының туындауына ұзақ уақыт қажет болады. Демек, ұғымдардың толысу мерзімі болатынын анық аңғарамыз.

Қорытынды. Түйіндей келгенде, ғалым қосымшалар ұғымдардың толысуы мен термин мағынасының нақтылануына да септігін тигізетінін өзінің “Физика терминдері жайынан” атты мақаласында жария еткен. Ғалым терминжасау барысында ұғымдарға анықтауыш қосылатын болса, мағыналық өзгеріске ұшырайтындығын атап өтеді. Мысалға, орыстың “волна световая” деген физикалық терминін “жарық толқын” немесе “жарықтық толқын” деуге келмейтінін дәлелдейді. Бұл терминді “жарық толқыны” деп алудың дұрыс болатынын атайды. Бұдан ғалымның терминжасамға немқұрайлы қарамағандығын анық көреміз. Ғалымның өткен ғасырдың 37-ші жылдарына дейінгі жазылған еңбектері қазақ терминологиясының, жалпы терминология туралы кейінгі іргелі зерттеулердің бастау алуына оң ықпалын тигізді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сыздық Р. Ғылыми таным үзіктері. I том. Алматы: Кіе, 2009. – 472 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар. Алматы, 1966. – 101б.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.
4. Герд А.С. Формирование терминологической структуры русского биологического текста. - Л., 1981. – 115 с.
5. Сыздық Р. Көптомдық шығармалар жинағы. Сөздер сөйлейді. 4-том. Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 58 б.

References:

1. Syzdyq R. Ǵylymi tanym üzikteri. I tom. Almaty: Kie, 2009. – 472 b. .
2. Jūbanov Q. Qazaq tiliniñ ǵylymi kursy jöninen leksialar. Almaty, 1966. – 101b..
3. Jūbanov Q. Qazaq tılı jönindegi zertteuler. – Almaty: Memlekettik tildi damyту instituty, 2010. – 608 b. .
4. Gerd A.S. Formirovanie terminologicheskoi struktury ruskogo biologicheskogo teksta. - L., 1981. – 115 s.
5. Syzdyq R. Köptomdyq шығармалар jinaǵы. Sөzder söileidi. 4-tom. Almaty: El-şejire, 2014. – 58 b.

Қалыбаева Қ.С.¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ ҰСТАНЫМЫНА ЖАҢА КӨЗҚАРАС КЕРЕК

Аңдатпа

Жалпы жазу ұстанымы деген ұғымның өзі бүгінгі күн тұрғысынан нақтылай түсуді қажет етеді. Себебі, жазу ұстанымы дегеніміз жазуда талас тудырып тұрған қайшылықты тұстарды дұрыс шешу үшін қажет мәселе. Яғни, бір кездерде жазуда қайшылықты болып тұрған бірқатар дүниелер, таңдап алынған жазу ұстанымының нәтижесінде бүгінде әбден қалыптанып, жазуда қиындық келтірмейтіндей дағдыға айналды. Алайда, қазақ жазуының күрделі тұстары толық шешілген деп айтуға болмайды, әрине. Осы тұрғыдан келгенде, бүгінгі қазақ жазуында даулы болып отырған мәселе кірме сөздердің жазылуына байланысты екендігі анық. Демек, қазіргі қазақ жазуының басты ұстанымы дәл осы кірме сөздерді дұрыс жазудың қайшылықты мәселелерін шешіп бере алатындай болуы керек. Мұның өзі бүгінгі қазақ жазуының емле ережесінде қазақ жазуының басты ұстанымы мен қосымша ұстанымдарының ара жігін айқындап алудың қажеттілігін көрсетеді. Ұсынылып отырған мақаламызда біз осы қазақ жазуының осындай күрделі проблемаларына қатысты ой қозғауға тырысамыз.

Түйін сөздер: жазу, жазу ұстанымы, емле ережесі, кірме сөздер, сингормонизм

Kalybaeva K.¹

¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

WE NEED A NEW APPROACH TO THE PRINCIPLE OF KAZAKH WRITING

Abstract

The very concept of the principle of writing needs to be clarified in today's context. This is due to the fact that the principle of writing is a necessary moment for the correct solution of controversial issues in writing. That is, a number of things that were once contradictory in writing as a result of the chosen principle of writing, have now fully formed and become a habit that does not cause difficulties in writing. However, of course, it cannot be said that the complexities of the Kazakh writing system have been completely resolved. From this point of view, it is obvious that the controversial issue in today's Kazakh writing is associated with the writing of foreign words. Consequently, the main principle of modern Kazakh writing should be to be able to resolve contradictions in the correct spelling of these words. This indicates the need to determine the relationship between the basic principle and additional principles of the Kazakh writing in today's rules of writing the Kazakh writing. In this article, we are trying to touch upon such complex problems of Kazakh writing.

Keywords: writing, principles of writing, spelling rules, foreign words, syngormonism

Калыбаева Қ.С.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

НАМ НУЖЕН НОВЫЙ ПОДХОД К ПРИНЦИПУ КАЗАХСКОЙ ПИСЬМЕННОСТИ

Аннотация

Само понятие принципа письма нуждается в уточнении в сегодняшнем контексте. Это связано с тем, что принцип письма является необходимым моментом для правильного решения спорных вопросов в письменной форме. То есть ряд вещей, которые когда-то были противоречивыми при письме в результате выбранного принципа письма, теперь полностью сформировались и стали привычкой, не вызывающей затруднений при письме. Однако, конечно, нельзя сказать, что сложности казахской письменности полностью решены. С этой точки зрения очевидно, что спорный вопрос в сегодняшней казахской письменности связан с написанием иностранных слов. Следовательно, главный принцип современной казахской письменности должен заключаться в том, чтобы уметь разрешать противоречия в правильном написании этих слов. Это указывает на необходимость определения взаимосвязи между основным и дополнительными принципами в современных правилах написания казахской письменности. В этой статье мы пытаемся затронуть такие сложные проблемы казахской письменности.

Ключевые слова: Письмо, принципы письма, правила правописания, иностранные слова, сингармонизм

Кіріспе. Қазіргі таңда қазақ жазуы жаңа латын жазуына көшіп жатқан тұста қазақ тіл білімінің бүгінгі көтерілген ғылыми әлеуеті өткенге сын көзбен қарап, кем-кетігімізді дұрыс бағамдауға мүмкіндік беріп отыр. Орыс әліпбиіне бейімделген жазуымыздың кемшін тұстары енді көзімізге айқын көріне бастады. Осыған орай, жаңа латын жазуына көшкен оңтайлы тұсты пайдаланып, өзіндік төл жазу қағидаттарымызды қалпына келтіруді көздегеніміз дұрыс. Бұған қатысты тілші ғалымдардың арасында түрлі пікірлер айтылып, қызу талқылаулар жүріп жатқандығы жайлы біз бұрынғы мақаламызда да сөз еткен едік [1.101-105]. Бұл ойға қатысты басылымдарда жарық көріп жүрген А.Алдашованың «Жаңа әліпби құрамының өзгертілуі қазақ сәзінің айтылуы мен жазылуында тәл тілдің табиғи заңдылықтарының қайта оралуына жол ашады, сөйтіп, тілдің мазмұны өзгере бастайды» деген сөзіне назар аударсақ болады [2,15].

Қарап отырсақ, Ағылшын, француз, неміс тіпті орыс тілі сияқты тілдер де осы күнге дейін басқа тілден келген сөзді өз тілінің айтылуына бағындырып, жұтып жіберетін «темір» заңдылығын мығым сақтау арқылы әлеуетті алпауыт тілге айналып отыр екен. Бұл тілдердің орфографиялық сөздігінде «шеттілдік сөздерді жазу ережесі» деген арнайы тарауша да кездестірмейсіз. Оны олар қажетсінбейді де. Өйткені ол тілдер шеттілдік сөздерді жазуда өз сөйлеу тілінің табиғатын ғана пайдаланады, яғни кірген сөздерді тырп еткізбей, өз тілінің дыбысталуына бағындырып айтылуы бойынша ғана жазады. Яғни, кірме сөздерді фонетикалық ұстаным қағидаты бойынша жазады. Сол себепті де бұл тілдерде төл сөзі үшін ғана ереже жасалынған. Кірме сөздер сол тілдің ережесіне амал жоқ бағынып, сол тілдің өз сөзі болып кете барады. Демек, кірме сөздерді қай тілде де бағындырып беретін - тек сөйлеу тілі.

Әдістеме. Мақаланы жазу барысында жазу теориясына қатысты ғылыми зерттеулердегі теориялық тұжырымдар басшылыққа алынды. Яғни, өзге тілдердің орфографиялық емле ережелеріне назар аударатын отырып, бірқатар тұжырымдарды сипаттау, салыстыру тұрғысынан қарастыруға тура келді. Сонымен қатар, қазақ жазуының тарихындағы кемшін тұстарын айқындау барысында тарихи салыстырмалы тұрғыдан анализдеу, синтездеу тәсілдерін қатарластыра қолданып отырдық.

Талқылау және нәтижелер. Қазақ жазуы да фонетикалық ұстанымға негізделген еді бір кезде. Халел Досмұхамедовтің «Өзінің заңымен өзгертпей қазақ тілі ішіне ешбір жат сөзді алмайды, кіргізбейді. Бұл ақиқат нәрсе»-деуінің өзі сол кездегі тіліміздің кірме сөздерді игерудегі әлеуетінің қаншалықты мығым болғандығын көрсетеді. Қазақ тілінің осы «тілдік механизмін» дұрыс таныған тіл жанашырлары сол кезеңде кірме сөздерді (терминдерді) жазудың басты ұстанымы сөйлеу тіліндегі үндесім заңдылығына бағынуы қажеттігін көрсетіп, жазуда фонетикалық ұстанымды басты басшылыққа алатын өте дұрыс шешім қабылдаған еді. Нәтижеде, 1926 жылы 26 ақпан мен 5 наурыз аралығында Бақуде өткен түркітанушылардың съезінде де, 1929 жылы 2-4 маусым аралығында Қызылордадағы емле жазуына қатысты ғылыми орфографиялық конференцияда да айтыс-тартыс болғанына қарамастан, тіліміздің үндесімділік заңдылығын бәрінен жоғары қойылғанды. Соның нәтижесінде қазақ тілі кірме сөздерді адам танымастай етіп өзгертіп, өз сөзіміз етіп жібере бастады. Сол кездегі басылымдар тілінде: облыс (область), партия (партия), кәмітет (комитет), кәмсәмол (комсомол), калхоз, әртел (артель), бәлшебек (большевик), кектіг (гектар), бірйғәдір (бригадир), өктәбір (октябрь), пұрсент (процент), тырақтыр (трактор), нойәбір (ноябрь), пәкті (факт), сыйпыр(цифр), пебырал (февраль), әкәдемйе (академия), сесйе (сессия), Ленингірат (Ленинград), респөблійке (республика), кәмесер (комиссар), әртел (артель), пәсөлке (поселка), кәперетсе (кооперация), үушаске (учаске) т.б. [3,13]. Яғни бұл кезеңде тіліміздегі «сингормонизм» заңдылығы қазақтың өз сөздерінде де сөз арасында естілетін қысаң дауыстыларды (I,ʏ) естілуі бойынша жазу арқылы (тұуралы, тарыйқый, шүү, жатүү, білүү, болүү, отырүү) кірме сөздерді де тіліміздің заңдылығына тастай етіп бағындыратын «тілдік механизмін» жұмыс істетіп отырғандығын көреміз. Біз осы «тілдік механизмнен» қалайша айрылып қалдық...

Кеңес үкіметі орнауымен байланысты қазақ лексикасында кірме сөздердің саны еселеп арта бастап еді. Мұның өзі жылдан-жылға артып келе жатқан орыс сөздерін табиғи меңгеруге қиындық әкеледі деген ой сол кездегі біраз ғалымдардың пікіріне негіз болды. Әрі сол кездерден бастап Кеңестік саясаттың орыс тіліне басымдық бере бастаған саясаты да қазақ жазуының біртіндеп өз заңдылығынан айрылуына әсер ете бастағанын байқаймыз. Осы кезден бастап тіліміздегі кірме сөздерді өзіне толық бағындыруда «кілт» болып отырған, тіліміздің үндесімдік заңына (сингормонизм) деген ғалымдарымыздың көзқарасы да өзгеріп «сингормонизм соншалықты тұрақты құбылыс емес, ол да өзгереді» деген сияқты пікірлер белең ала бастады. Бүгінгі күн тұрғысынан бажайлап қарасақ, мұның да бірқатар өзіндік себептерін аңғарамыз...

Айта кетуіміз керек, ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы қоғамдық ғылымдар аясында әсіресе, тіл білімінде Я.Н. Маррдың «Жаңа ілім» немесе «Яфет теориясы» теориясы үстемдік құрып тұрған бір қасіретті кезең еді. Әсіресе, Яков Николаевич Маррдың «Түбінде барлық тілдер құрылымдық жағынан кірігіп бір тілге айналады», «тілдердің құрылымдық дамуының ең жоғарғы сатысы флективті тілдер» деген секілді идеясы Кеңес үкіметінің ұлттық тілдерді ұлы орыс тілінің айналасына бірегейлендіру саясатына сәйкес келді. Мұның өзі бұл идеяны сол кезеңдегі құндылығын шарықтатып, тіл ғылымы ғана емес, бүкіл қоғамдық ғылымдардың дамуының бас ұранына айналдырғандығын бүгінде анық көріп отырмыз. Міне, осындай науқан кезеңінде біздің тілші ғалымдарымыз да бұл ұранның шырмауына ілікпей қала алмағаны анық. Тарихтағы осы бір кезеңнің келбеті сол кезеңде енді қалыптасып жатқан жазу теориясының басты қағидаларындағы сынаржақ пікірлердің қалыптасуына да әсер етпей қалмағаны анық. Мысалы осы жылдарда (1928-1930жж) Ленинградтың Шығыстану институтынан білім алып келген Қ.Жұбанов та осы Я.Н.Маррдың талай дәрістерімен сусындаған жылдар еді. Бұл жылдардағы алған білімі Қ.Жұбановтың кейінгі лингвистикалық ой-пікірлеріне мықтап әсер еткендігін бірқатар мақалаларынан көреміз. Ол

жайында бірталай ойлар айтуымызға болады. Бірақ, мақала аясынан алшақтамау мақсатында тек ғалымның жазу теориясына қатысты ойларына ғана тоқталғалы отырмыз. Айталық, Қ.Жұбанов бұл жылдары өз замандастары сияқты Я.Н.Маррдың «тілдердің кірігуі» идеясын қуана қолдады. Мысалы, ғалымның жазу арқылы тілдерді біріктіруге болатындығын айтқан мына бір пікірлеріне назар аударайық: «Мұнан былай, жазу бұқарашылданған соң, тілді біріктіруге болады. Адам деген белсенді жануар, адам өз тұрмысын да, тілін де өзгерте алады. Бірақ жалғыз жазумен емес, түрлі шаруашылық-әлеуметтік шарттар арқылы өзгерте алады. Ол шарттар түрік тілдері түгіл барлық адам баласының тілдерін біріктіруі де мүмкін»-дейді Қ.Жұбанов[3.131]. Сол сияқты Я.Н.Маррдың «Тілдердің сатылай дамуы» теориясына сүйене отырып: «Мен қопармалы тіл жалғамалы тілден жетіліңкірек екеніне қосылам»-деген секілді пікірлері ғалымның кірме сөздерді игеруде кілт болып отырған үндесу заңдылығын яғни сингормонизм заңдылығын да қайта қарап, оны түркі тілдері үшін де тұрақты құбылыс емес деген ойға алып келген сияқты. Мұның өзі ғалымның кірме сөздерді орыс тіліне барынша жақындатып, өзгертпей жазу керек деген пікір айтуына негіз болса керек. Мысалы, Құдайберген Жұбанов 1929 жылғы Қызылорда конференциясында қазақ тілінің сингормонизм заңдылығын алға тарта бермей, халықаралық терминдер мен советизмдерді өзгертпей алу керектігін ашып айтады:

• «При этом следует совершенно игнорировать теоретизированные законы сингармонизма из расчета, что сингармонизм – не такая постоянная категория в казахском языке, что международные термины и советизмы преодолеют эту преграду не хуже арабских слов: qudret, qьzmet, qasiet, qurtiet и т.д.»(Қ.Жұбановтың 1929ж Қызылорда конференциясында сөйлеген сөзі)

Ғалымның бұл сөзінен біз оның кейінгі жылдарда жиі көтерген «И,У дыбыстарын дара дыбыс ретінде беру керек» деген пікірін қалыптастыруына негіз болуы мүмкін екендігін де байқаймыз. Мысалы, ол 1935 жылы жазылған «Қосар ма, дара ма» деген мақаласында бұл дыбыстардың грузин, француз сияқты басқа да тілдерде бір кездерде қосар болғанымен бүгінде кірігіп, бір дыбысқа айналып кеткендігі жайлы тағы да Н.Я.Маррдың пікіріне сүйенгенін анық көреміз: «Мұндай дыбыстарды қосар әріппен таңбалау, байқасақ, ел-елдің бәрінде де болған екен. Ескі грек емлесінде ұу дыбысын оу әріптерімен таңбалау болса, мұны ескі грузин әліппесінде де көреміз. Осы күнгі грузин әліппесіндегі ұу әрпі дара әріп. Бірақ бұл дара әріп ескі грузиннің шеркеу әліппесіндегі о әрпі мен у әрпінен қосылып жасалыпты»-дейді ғалым Маррдың «Грамматика древнегрузинского языка» деген еңбегіне сілтеу жасай отырып[2.134]. Ағылшын, француз, армян сияқты тілдерде бұл дыбыстарды қосар таңбалағандарымен дыбыстауда олардың кірігіп кеткендігінен, жазу мен сөйлеудің арасында алшақтық қалыптасқандығын алға тартқан ғалым, бұл дыбыстардың орыс, грузин сияқты тілдерде дара әріпке айналғандығын айта келіп: «қосар әріптің алдағы тағдыры осы, оны қанша сүйрете бергенмен дыбыстың қосарлығын сақтап қалмақ емес»- деп түйіндеуінде де осы тілдердің Н.Я. Марр көрсеткен «кірігу» «фузиялану» идеясының жатқандығын анық байқауға болады деп ойлаймыз.

Н.Я. Маррдың ұстанымы бұл кезеңдегі барлық қазақ тілші ғалымдарының лингвистикалық зерттеулеріне әсер еткені белгілі. Мысалы, әліпби мен емлені орыс тілінің заңдылығына жақындатып жазуға көшу жайлы, бұл арада тіліміздің сингормонизм заңдылығын алға тарта берудің қажет еместігі жайлы ойларды Сәрсен Аманжолов та осы кезден бастап жиі айта бастады. Ғалым тіпті қазақ тілінің сингормонизм заңдылығына бағынатындығына дүдәмәлмен қарап «Социалистік Қазақстан» (1933 жылы) газетіне жариялаған мақаласында:

• «Қазақ тілінің сингармонизм заңына бағынатындығы бұлай тұрсын, қазақтың ежелгі сөздерінің талайы дыбыс жүйелі принципке бағынбайтын еді. Мысалы: tuz+сь, ag+сь, bas+сь, gel+bau, gьzmet+ker, gazdь+gun» -дей келе: «ендігі жерде қосар ұй, ій, ұу, үу дыбыстары і, и таңбалары арқылы беріледі»- деген ой айтады[3.252б].

Тіпті ғалым Терминдерді орыс тілі арқылы игеру керек екендігін айта келіп: «1929 жылы емлені жасаған Т.Шонанұлы, Е.Омаровтардың шет сөздерді өз тілімізге бейімдеп қабылдайық деген ниеті олардың алашордашылдық ниеттерінен туындаған»-деп жазғырады. Ғалым осы мақаласында әліпбиде дара и, у таңбаларының жоқтығы салдарынан жазуда үнемдеу принципінің сақталмай отырғандығының дәлелі ретінде жекелеген шет сөздердің жазуда түркі ұзарып, миссисипи, миссури сияқты сөздердің *mijssijsijpij*, *mijssyvrjij* деп б, 7 әріптің орнына, 13-9 әріпке дейін жазылып жүргендігін алға тартады. Оның басты себебі ретінде жазудың фонетикалық ұстанымға негізделгені дұрыс еместігі айтылады: «Соның салдарынан кірме сөздердің әртүрлі орфограммалануы (кило-келі, динамо-динамы, бюро-бюра) деп жазылуы сол сияқты сөз ішінде екі дауысты дыбыс қатар келмейді деп, зоология, биология, театр сөздерінің орынан зология, бйялогыйа, тыйатыр, аптаномыйа, апсалұут болып таңбаланды»- деп айыптайды С.Аманжолов. Міне, біртіндеп, біздің лингвист ғалымдарымыз біртіндеп үндіевропа тілдеріндегі «үнемдеп жазу» ұстанымын алға тарта отырып, тіліміздегі сөз арасында дауыссыздармен селбесе естілетін дауыстыларды жазудан бас тарта бастайды. Осылайша, «үнемдеп жазуға» ұмтылыстың астарында тіліміздегі «ҰУ», «ИИ» «ЫУ», «ЫИ» дыбыстарының ығыстырылуының астарында орыс тілінің «кірігу, фузиялану» заңдылығына жақындай түсу саясаты жатқандығын байқауымызға болатын сияқты. Ал, мұның өзі тіліміздің «кірме сөздерді» табиғи игеруінің нағыз «кілті» болғандығын бүгінде тек өкінішпен еске алуға мәжбүрміз. Міне осылайша «түп нұсқаға жақындық» принципіне сәйкес алынған емле баптары 1938 жылдан бастап жүйелі түрде іске асырыла бастады. Ал, енді 1940 жылдан бастап, қазақ жазуының кирилл жазуына көшірілуі, орыс әріптерінің енгізілуі, 1957жылғы қабылданған емле ережесі бойынша «оңтайландырып жазу» үрдісінің жолға қойылуы, яғни И,У таңбаларының таратылмай жазылуы, сөз басындағы, сөз арасындағы қысаң дауыстыларды үрдісі тіліміздің сингормонизм заңдылығының кірме сөздерге жүргізетін билігіне біржолата тосқауыл қойды.

Кірме сөздерді табиғи игеру мәселесіне қатысты Қ.Кеменгерұлы сол ғасыр басындағы кезеңнің өзінде «...кірме сөздердің “тасқыны” оларды өте аз уақытта табиғи түрде игеруге мүмкіндік бермейді»- деген қорқынышын айтқан екен. Яғни, ғалым көптеп келе бастаған орыс сөздері тіліміздің сингормонизм заңдылығын қалайда әлсірететінін

орынды байқаған. Мұхтар Әуезов те бұл орайда «...орыс тілі арқылы қазақ тіліне енген сөздермен қоса дыбыстық ерекшеліктер де бірге келеді. Бұл ерекшеліктердің артикуляциялық даму туғызуына қазіргі күнде конкретті жағдайлар жасалды»-деген үрейін білдіріпті [5,113]. Сол сияқты белгілі ғалым М.Балақаев: «Қазақ тіліне енген жаңа термин сөздермен бірге «ист», «изм» сияқты қосымшалар, кейбір дыбыстар, мысалы ф, х, ц, в, ч, және жаңа буын түрлері енді. Бұрын сөз басында г, р, л, и сөз аяғында в, д, ж, г айтылмайды, екпін тек соңғы буынға түседі дейтін, кезінде дұрыс ережелер де, ертедегі кейбір түркологтардың «өзгерілмейтін темір заңы» дейтін үндестік заңы да өзгеріске ұшырады» - деп тіліміздің жазу арқылы сөйлеуіміздің де орыстанғандығын мысқылдай сөз етіпті[6.54]. Осылайша, бүгінгі сөйлеу тіліміздің бір кездегі кирилл жүйесіне негізделген емле ережелерін жазуға енгізілуінің нәтижесінде қалыптасқан бүгінгі қазақтың дыбыстау органдарында қалыптасқан акустикалық-артикуляциялық ерекшеліктеріміздің әбден тілімізге сіңісті болып, қазіргі сөйлеу тілін нормаландырып үлгерді.

Қорытынды. Дей тұрғанымызбен жазу теориясымен айналысып жүрген ғалымдарымыздың бірқатары орыс тілінің жазу теориясы арқылы келіп қалыптасқан «үнемдеп жазу» ұстанымын әлі де басты қағидаға алу керек деген ойда қалып отыр. Бір қарағанда, ода тұрған не бар деуге де болушы да еді. Алайда, өз тілінің табиғатын жоғалтқан тіл, шеттен келген сөздерді де игере алмай отырғанын қайда қоямыз. Соның салдарынан, бір тілдің табиғатынан екі түрлі (төл сөздерге, кірме сөздерге) жазу ережесін шығарып отырмыз. Төл сөздерге бөлек, кірме сөздерге бөлек ереже жасау-ол әлі сол басқа тілдің шылауында жүргеніміздің, тәуелсіздігіміздің басты көрінісі екендігін мойындауымыз керек. Емле ережелерімізде кірме сөздердің жазылуына арнайы ережелер ойластырып әлек болып келеміз. Термин сөздерді дұрыс жазудың дауы да шешімін табар емес. Демек, жазу емле ережесін жасауда басты билікті әлі де сол қазақтың жалпақ сөйлеу тіліне беруіміз керек. Кірме сөздерді сөйлеу тілі қалай игереді, сол күйінде жазуға ұмтылғанымыз дұрыс. Яғни, жазудағы басты ұстаным-фонетикалық ұстаным деген 1929 жылғы ережеге қайта оралуымыз қажет. Кірме сөздерді игеріп жазуды ойдан шығаруға болмайды. Кірме сөздерді игеретін тек қана тілдің ішкі табиғаты ғана. Тілдің сол ішкі табиғатына мүмкіндік берейік. Тілімізде сингормонизм қаншалықты әлсірегенімен де, әлі де мүлде жоғалып кеткен жоқ. Шеттілдік сөздерді жазуда әлемдегі барлық тілдер қолданып отырған фонетикалық ұстанымды біз неге шеттетеміз. Олай болса, төл сөз үшін де, кірме сөз үшін де бір ғана емле ережесін жасауымыз керек. Олай етпеген жағдайда, әліпбидегі кирилл таңбаларын шығару арқылы ғана өзге тілдің шылауынан құтылуымыз мүмкін емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қалыбаева Қ.С., Сейталиева Қ.О. Латын негізді жаңа қазақ жазуы емле ережесі «қосамжарлықтан» арылды ма...// Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология ғылымдарының» сериясы, №2(68), 2019 ж
- 2 Алдаш А. Қазақ тілі қазіргі жағдайда: қазақ тілін жаңғырту және реформалау/Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология» сериясы, №2(72), 2020 ж. 15б.
- 3 Күдерінова Қ. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. Оқу құралы. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2013. 242 б.
- 4 Шығармалар мен естеліктер / Жұбанов, Құдайберген, - Алматы : Өнер, 1990 . - 208 б.
- 5 Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ғылым академиясының баспасы, 1954 - 160 б
- 6 Балақаев М.. Қазақ тілінің мәдениеті.- Алматы: «Қазақстан», 1971. – 122 б.

References:

1. Qalybaeva Q.S., Seitalieva Q.O. Latyn negizdi jańa qazaq jazuy emle erejesi «qosamjarlyqtan» arylды ma...// Abai atyndaǵy QazǰPU-niń Habarşysy, «Filologia ǵylymdarynyń» seriasy, №2(68), 2019 j
2. Aldaş A. Qazaq tili qazırǵı jaǵdaida: qazaq tilin jańǵyrtu jáne reformalau/Abai atyndaǵy QazǰPU-dyń Habarşysy, «Filologia» seriasy, №2(72), 2020 j. 15b.
3. Kúderinova Q. Qazaq jazuyynyń tarihy men teoriasy. Oqu qıraly. – Almaty: «Eltanym baspasy», 2013. 242 b.
4. Şyǵarmalar men estelikter / Jūbanov, Qūdaibergen, - Almaty : Öner, 1990 . - 208 b.
5. Qazırǵı qazaq tili. – Almaty: ǒlym akademiasynyń baspasy, 1954 - 160 b
6. Balaqaeв M.. Qazaq tiliniń mádenieti.- Almaty: «Qazaqstan», 1971. – 122 b.

МРНТИ 16.21.33

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.21>

Койлыбаева Р.,¹Жунисова М.,² Сулеева Г.³

^{1,2} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

³ Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясы,
Алматы, Қазақстан

КОММУНИКАТИВТІК КОНТЕКСТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ ДИСКУРСТА ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАНУЫ

Аңдатпа

Мақалада контекстердің теориялық моделі сипатталған. Дискурсты интерпретациялауда коммуниканттардың мәртебесі мен рөлін, олардың қарым-қатынас ерекшеліктерін, орнын, уақытын, диалог тақырыбын көрсететін оның кең мағынасындағы коммуникативтік контекст маңызды рөл атқарады. Контекстен тыс дискурстың функционалдық сипаттамаларын және коммуникация мақсатын зерттеу мүмкін емес. Контекст - бұл талдау үшін таңдалған бірлікті қамтитын, осы бірлікті анықтау үшін қажет жеткілікті мәтін бөлігі. Сөйлеу әрекетінің апелляциялық емес бөлігі және коммуникативті контекст (макро және микро контексттер) дискурс пен мәлімдемені тұтасымен түсіндіру үшін қажет. Мақалада апелляциялықтар арқылы жүзеге асырылатын коммуникативті функцияның басымдығы отбасылық дискурс апелляциялықтерінің сол немесе басқа түріне жатуына байланысты екендігі анықталды.

Түйін сөздер: отбасы дискурсы, контекст, интерпретация, апелляция, вокатив

Koilybayeva R.,¹ Zhunisova M.,² Suleyeva G.³

*^{1,2}Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

*³Kurmangazy Kazakh National Conservatory,
Almaty, Kazakhstan*

COMMUNICATIVE CONTEXT AND ITS ROLE IN INTERPRETING FAMILY DISCOURSE

Abstract

Article describes the theoretical model of the contexts. An important role in the interpretation of discourse plays the communicative context in its broad understanding, indicating the statuses and roles of communicants, the peculiarities of their relationships, place, time, and topic of dialogue. It is not possible to evaluate the purpose of communication, its functional feature without exploring the context of discourse. A context is a piece of text that includes a unit selected for analysis that is necessary and sufficient to determine this unit. The non-appellative part of the speech act and the communicative context (macro and micro contexts) are necessary to interpret the discourse and utterance as a whole. It was determined that the priority of the communicative function performed by the appeal depends on the belonging of the appeal to a particular type of appellants of family discourse.

Keywords: family discourse, context, interpretation, appellative, vocative

Koilybayeva R.,¹ Zhunisova M.,² Suleyeva G.³

*^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казакстан*

*³Казахская Национальная консерватория им.Курмангазы,
Алматы, Казакстан*

КОММУНИКАТИВНЫЙ КОНТЕКСТ И ЕГО РОЛЬ В ИНТЕРПРЕТАЦИИ СЕМЕЙНОГО ДИСКУРСА

Аннотация

В статье описывается теоретическая модель контекстов. Важную роль в интерпретации дискурса играет коммуникативный контекст в его широком понимании, указывающий на статусы и роли коммуникантов, особенности их взаимоотношений, место, время, тему диалога. Вне контекста исследовать дискурс, его функциональные особенности, оценить цель коммуникации не представляется возможным. Контекст - это фрагмент текста, включающий избранную для анализа единицу, необходимый и достаточный для определения этой единицы. Неапеллятивная часть речевого акта и коммуникативный контекст (макро и микро контексты) являются необходимыми для интерпретации дискурса и высказывания в целом. Было определено, что приоритетность выполняемой обращением коммуникативной функции зависит от принадлежности обращения к тому или иному виду апеллятивов семейного дискурса.

Ключевые слова: семейный дискурс, контекст, интерпретация, апелляция, вокатив

Кіріспе.Заманауи когнитивтік-дискурсивтік лингвистикалық парадигманың зерттеу үлгісі бойынша дискурсты танымдық және коммуникативтік тұрғыда қарастыруды басшылыққа алады.

Дискурс-когнитивтік және коммуникативтік факторлардың бір-бірімен тығыз байланысы ретінде қарастырылып, дискурстық жағдаят кезіндегі субъектінің ниеті және қарым-қатынас кезіндегі жағдаятты түсіну негізделген білімдері жинақтау, алынған ақпаратты интерпретациялау және жинақтау процесі мен нәтижесі болып табылады. Дискурс-айтылған ойды түсінуге қажетті мәтін және контекстен тұратын күрделі коммуникативті құбылыс. Контекст - бұл элем туралы экстралингвистикалық білім, адресаттың пікірі, мақсаты, қарым-қатынасы мен коммуниканттардың қарым-қатынасы. Сөйлеудің мәнмәтіні (речевой контекст) ең алдымен мәтін лингвистикасында қолданылады, және конверсиялық талдауда, сонымен қатар дискурстық талдауда қолданылады.

Г.Парре сөйлеу мәнмәтінің бес теориялық моделін анықтады:

1. *Экзистенциалды контекст* - объектінің қарым-қатынас барысындағы көңіл-күйін, ішкі әлемін білдіреді.

2. *Жағдайлық контекст*-социологиялық, кейде этнографиялық және антропологиялық бағытта қалыптасатын, лингвистикалық және басқа белгінің мағынасын ішінара анықтайтын факторлар жиынтығынан тұратын прагматиканың кең әлеуметтік-мәдени бағыты. Жағдайлар контекст ретінде әлеуметтік-мәдени детерминанттардан тұратын ауқымды түрі болып табылады, олардың ішінде: қызмет түрі, субъект байланысы, формальдылық немесе формальдылық деңгейі, мәртебе мен рөлдік қатынастар, байланыс орны және қоршаған орта, әлеуметтік-мәдени орта және т.б.

3. *Әрекеттік контекст*-қарым-қатынас барысына байланысты сөйлеу жағдайының өзгеруі.

4. *Психологиялық контекст* прагматикада бірқатар қабылдау арқылы алдын-ала анықталған психикалық және когнитивтік категорияларды қамтиды, соған сәйкес барлық сөйлеу актілері сөйлеушінің интенциясымен әрекеттеседі. Сөйлеушілердің интенциялары (ниет), сенімдері мен тілектері қарым-қатынас барысына жауапты психологиялық және когнитивті реттеушілер ретінде қарастырылады.

5. *Феноменальды контекст* - оның барлық қатысушылары үшін қол жетімді қатынас пен іс-әрекеттің онтологиялық құрылымын көрсететін контекстің орталық семантикалық бөлігі [1, 94-98 б].

Әдістеме. Дискурстың негізгі ерекшелігі нақты бір жағдаятқа сәйкес қарым-қатынасқа түсушілердің бірінің бірі ойын толықтырып тұруы, сонымен қатар сөйлеушінің тыңдаушыға коммуникативтік актілер нәтижесінде әсер ете алуы. Қарым-қатынасқа түсушілер дискурстық контексті нақты берілген тілдік бірліктер арқылы ғана түсіне алады. Сондай-ақ коммуниканттардың қарым-қатынас барысындағы прагматикалық контексті дұрыс ұғына алғанда ғана дискурс орын алады деп айтуға болады. Дискурс екіжақты құбылыс ретінде қарастырылады: бір жағынан «тысқары» байланыс ретінде, сыртқы контекст (жағдай, қызмет түрі, мәдени және антропологиялық факторлар), ал екінші жағынан-«ішкі», ішкі контекст (қарым-қатынасқа түсуші тұлғалардың менталды жағдайы).

Т.С. Галич өз жұмысында дискурста төмендегідей когнитивтік-коммуникативтік сипаттама береді:

- дискурстың коммуниканттардың білімі мен танымдық қабілеттерімен байланысы (*менталдылық*);
- дискурстың контекстің ішкі, сыртқы, жалпы (ағымдағы) түрлерімен байланысы (*контекстуалдылық*);
- білімнің дискурста жүйелі түрде ұйымдастырылып репрезентациялануы (*жүйелілік*) [2].

Дискурстың *менталдылық* сипатына оның қарым-қатынасқа түсушілердің менталдық аймағына жақындығымен түсіндіріледі, яғни дискурстық қатынас кезінде іске қосылатын және алынған ақпаратты интерпретациялауда көмегін тигізетін коммуниканттардың когнитивтік механизмдерінің болуымен, яғни танымдық түсініктің болуымен түсіндіріледі. Дискурс менталдылықты құрайтын бірнеше құрамдас бөліктермен тығыз байланыста болады. Бұл құрамдас бөліктерге адамның танымдық қабілеттері (ес, зейін, сана және т. б.), когнитивті процестер мен механизмі, білім деңгейінің концептуалдық құрылымы (концептілер, фреймдер, сценарийлер және т. б.) жатады.

Дискурстың негізінде білімді реттеуші, ақпаратпен жұмыс сияқты танымның жалпы түсініктері жатыр.

Дискурс қарым-қатынасқа түсушілердің ойланып, бағалайтын, сонымен қатар таным процесінің қиын, иерархиялық ұйымдастырылған нәтижесі ретінде талданатын күнделікті тәжірибе негізінде көрінетін ақпаратпен қызметі ретінде танылады [3].

Дискурстың *жүйелілік* сипаты білімді ұйымдастырудың ерекше форматы ретінде түсіндіріледі. Дискурс коммуниканттардың ішкі және сыртқы әлемімен байланысты жағдаят болғандықтан, оның құрылымында білімді репрезентациялаудың *ішкі* және *сыртқы* сияқты екі деңгейі бейнеленген. Дискурстың ішкі деңгейі коммуниканттардың білімінің барлық көлемімен анықталса, ал дискурстың сыртқы деңгейі өз кезегінде нақты бір жағдаятқа байланысты қарым-қатынас кезінде іске асуымен және көрінуімен айқындалады.

Ал енді дискурстың *контекстуалдылық* сипаты дегеніміз не? Дискурстың контекстуалдылық сипаты оның ішкі, сыртқы және жалпы контексттермен байланысымен анықталады. Дискурсты құрастырудың негізі осы контекст түрлерінің байланысынан көрініс табады. Дәлірек айтатын болсақ, дискурстың туындауына және дұрыс қабылдануына осы контекстер септігін тигізеді. Ішкі контекст коммуниканттардың білімінің толық көлемін қамтиды. Сыртқы контекст дискурстың туындауына және қабылдануына негіз болатын экстралингвистикалық факторларды қамтиды. Жалпы контекст-дегеніміз қарым-қатынасқа түсушілердің өзара сөйлесу әрекеті. Ол нақты жағдайларға бағытталады.

Ішкі контекстің құрылымы әр түрлі болып келеді. Ол коммуниканттың қоршаған әлеммен байланысқа түсу тәжірибесіне негізделеді. Ішкі контекстің құрылымына қарым-қатынасқа түсушілердің білімі ғана емес, сондай ақ дискурс кезіндегі көздеген мақсаттарының орындалуына негізделген факторларда кіреді.

Бұл ең алдымен: -білім, сенім;

- қажеттілік, ниет, қалауы;

- айналасына деген қарым-қатынас;

- сезім және эмоциялар [4, 13].

Дискурстың сыртқы контекстіне дискурстың экстралингвистикалық факторлардың, яғни тілден тыс факторлардың жағдаят, мәдени және антропологиялық факторлардың әсерін жатқызамыз. Осы контекстің түрін сыртқы мән-жайлардың өзара әрекеттесуімен түсіндіру орынды [5].

Біз өз тарапымыздан, дискурстың сыртқы контекстіне дискурста түсу кезіндегі әлеуметтік факторлардың, орынның, уақыттың, қатысушылардың дискурс кезіндегі өзіндік рөлінің әсерін де жатқызар едік.

Дискурстың жалпы контексті дегеніміз - коммуниканттар арасындағы ортақ әлемнің құрылуы, өзара әрекеттесу жағдайында дискурстың ортақ нәрсеге икемделуі деп түсіндіреміз.

Дискурс сонымен қатар белгілі бір уақыттық, кеңістіктік және басқа контекстегі коммуникативті іс-әрекет процесінде сөйлеуші мен тыңдаушы арасында болатын коммуникативті оқиға ретінде анықталады [6,4].

Нәтижелер. Сонымен, лингвистикада коммуникативті іс-әрекет ретінде түсінілген дискурс тілдік құралдар мен экстралингвистикалық факторлардың ерекше жиынтығымен сипатталады. Бұл жерде біз дискурстың қалыптасуы немесе пайда болу ортасын экстралингвистикалық факторға жатқызатын болсақ, ал осы жағдайда туындайтын коммуникативті оқиға дискурс болып табылады.

Яғни, осылайша, дискурсты «мәтінді» құру процесі ретінде түсіндіретін болсақ, яғни түзілген мәтінді өз кезегінде дискурстың нәтижесі деп қарастырғанымыз жөн. Дискурс - бұл мәтінді құру процесі, яғни сөйлеуге байланысты ұғым болғандықтан, мәтін дискурстың (коммуникативтік іс-әрекет) нәтижесі, тілдік жүйеге және коммуникативтік құзыреттілікке қатысты ұғым болып табылады.

И.Б. Руберт, дискурстың басты контекстін «фреймдер» (типтік жағдайлар) немесе «сценарийлер» (жағдаяттарды дамытуға бағытталған) түрінде модельдеуді басты позиция ретінде ұстанады. Фреймдер мен сценарийлерді дамыту дискурс теориясының маңызды бөлігі. Дискурстың екінші жағы қарым-қатынасқа қатысушылардың психикалық процестеріне бағытталған: белгілі бір жағдайларда сөйлеуді қалыптастыру мен түсінуге арналған этнографиялық, психологиялық және әлеуметтік-мәдени ережелер болып табылады [7].

Т.А. Ван Дейк дискурс туралы білімді прагматикалық тұрғыдан модельдеуге дәйекті түрде кіріскен ғалымның бірі. Автор жалпы және ерекше прагматикалық контекстерді бөліп көрсетеді. Жалпы прагматикалық контекст шеңбері жоғары деңгей категорияларында сипатталады (жеке, қоғамдық, институционалды, бейресми). Бұған жалпы мәдени білімдердің, әлеуметтік және топтық конфигурациялардың көріністері де кіреді. Қарым-қатынасқа қатысушылардың сәйкес сипаттамаларын қолдана отырып, әлеуметтік өзара әрекеттестіктің жеке модельдері сипатталады, оларға мыналар жатады: позициялар, рөлдер, мәртебелер, қасиеттер (жынысы, жасы және т.б.), қатынастар (басымдылық, билік, теңдік), функциялар (уақыттық позициялық сипаттамалар) [8].

Дискурсты интерпретациялауда коммуниканттардың мәртебесі мен рөлдерін, олардың өзара қарым-қатынас ерекшеліктерін, орнын, уақытын және диалог тақырыбын көрсетуде коммуникативтік контекст маңызды рөл атқарады. Дискурсты контекстен тыс қарастырған жағдайда, оның функционалдық ерекшеліктерін айқындау, иллюкутивті күшін бағалау және перлокутивті әсерін есепке алу мүмкін емес. Контекст - бұл талдау үшін таңдалған бірлікті қамтитын, осы бірлікті анықтау үшін қажет және жеткілікті мәтін бөлігі.

Е.Ю. Моцанская өз еңбегінде сөйлеу мағынасын жаһандық коммуникативтік контекстпен қалыптасатынын жаза отырып, ол, өз ішінде келесідей компоненттерден тұратынын айтады:

- 1) коммуникация актісімен жағдаяттың бірегейлігі «ғаламдық контекст»;
- 2) сөйлем және оны құрастырушылар (нақты жағдайға бағытталған берілген сөздер мен іс-қимылдар) «айқын контекст»;
- 3) айтылған немесе жазылған мәтін, таза тілдік құбылыс «ауызша немесе дискурсивті контекст» [9, 30].

Біз өз тарапымыздан жоғарыда көрсетілген контекст түрлерінің үшінші түрі, яғни ауызша немесе дискурсивті контекст түрін қарастыратын боламыз.

Отбасы дискурсы кезінде контексттің екі түрі кездеседі. Ол жоғарыда көрсетілген макроконтекст және микроконтекст.

Жалпы контекст деген сөз мәнмәтін деп беріліп жүргені анық. *Макроконтекст* - сөйлем аясынан тыс берілген бірліктің тілдік ортасы. Макроконтексттің нақты шеңберін көрсету мүмкін емес - ол сөйлемдер тобының, абзацтың, тараудың немесе тұтастай алғанда бүкіл шығарманың мәнмәтіні болуы мүмкін. *Микроконтекст*-әдетте сөз тіркесінің немесе сөйлемнің мәнмәтінін білдіреді [10, 168].

Талқылау. Дискурста қаратпа сөздер немесе атаулы сөйлемдер де дискурстың микроконтексті бола алады. Дискурс кезіндегі айтылған қаратпа сөз немесе атау өзінің қызметін жүзеге асыратын сөйлеудің минималды бөлігі болып табылады. Сөйлеу кезінде автордың сөзінсіз апеллятив жеке сөйлеу әрекеті ретінде оқшауланып қолданылған жағдайда да микроконтекст орын алады. Бұл қаратпа сөздің өзіне тән функциялардың кем дегенде біреуін орындайтындығына байланысты, мысалы, ауызша сөйлеу кезінде интонацияның жоғарылауымен көрінетін және жазуда леп белгісімен белгіленетін вокативті қызметімен байланысты болып келеді.

Сөйлеудің *апеллятивті қызметі* дегеніміз - (ақпарат алушының) яғни адресаттың (ақпаратты берушіге) адресантқа адресат ретінде қол жетімді екендігіне негізделген, демек, бұл адресатпен кері байланыс мүмкіндігі бар екендігін білдіреді, сондай ақ бұл адресанттың оның адресатының фондық білімін ескеруді қажет етеді [11, 163].

Ал сөйлеудің *вокативті қызметі* дегеніміз-адресаттың назарын аудару үшін қолданылатын есімдердің қызметі [12, 236].

Мысалы: *-Мама, маматай* Бердібек Соқбақбаевтың «Менің атым Қожа» повесінен алынған үзіндіден, Мен ендігі жерде осы ісімді қайталамаймын, бұзықтық жасамаймын деген сөйлемдердің мағынасын ерекше аянышты интонациямен айтылған *-Мама, маматай ...* деген қаратпа сөздермен ақ білдіріп тұр. Бұл жердегі *-маматай...* деген қаратпа сөз жоғарыда аталған компоненттерімен бірге айрықша интонация арқылы сөйлем деңгейіне көтеріліп, сөйлем мазмұнына ие болып тұр. Бұл жағдайда микромәтін сөйлеу актісінде қысқартылған қосымшасы бар қысқа атау түріндегі белгілі бір адамға бағытталған деп айтуға мүмкіндік береді. Бұл жердегі сөйлеудің иллюкутивті актісі екі мақсатты көздейді: бірінші мақсат адресаттың назарын аудару және оған деген оң көзқарасты білдіру, ал екінші

мақсат- адресаттан кешірім сұрау болып отыр. Алайда макроконтекстен хабарымыз болмағандықтан, бұл дискурстың нақты мазмұнын біле алмаймыз.

Дискурстың макроконтекстің дискурс кезіндегі мәтіннің толық мазмұнын ашатын сөйлемдермен берілуімен байланыстырамыз. Мысалы: *-Мама, мама мен енді қоямын. Осы ауылдағы ең жуас, ең үлгілі баланың бірі боламын! Ант етемін!* (Бердібек Соқбақбаев, «Менің атым Қожа»)-деген мысалдардан біріншіден біз отбасылық дискурс орын алғанын аңғаруымызға болады және бұл анасы мен баласының арасындағы дискурс болып табылады, ал екіншіден дәл осы отбасылық дискурстың макроконтексті- баласының қандай да бір дұрыс емес іс-әрекет жасағанын немесе анасының алдында кінәлі іс жасағанын айқындайды. Бұл мысалдағы макроконтекст дискурс кезінде үшінші жақтың жоқтығын анық көрсетеді, сондықтан да бұл дискурс барысында сөйлеудің аппелятивтік қызметі де орын алғанын айтуға болады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, дискурс барысындағы микроконтекстке қарап, адресанттың негізгі иллокутивті мақсаты-өзінің қателескенін адресатқа мойындап, кешірім сұрау болып тұр, бұл мысалдағы адресат Қожаның анасы. Ал енді келесі мысалдан: *Ешқашанда сені мұндай болады деп ойлаған жоқ едім, күннен күнге бұзақы, сотқар болып барасың, бүйте берсең жүрген жеріңе шөп шықпайды, не істерімді білмеймін Қожа...!!! Мүмкін, саған оқудың қажеті жоқ болар*, отбасылық дискурстың толық макроконтекстің көре аламыз. Осы алынған мысалдағы аппелятив: *«бүйте берсең жүрген жеріңе шөп шықпайды»*, лингвоаксиологиялық бірлік болып табылады, себебі *«жүрген жеріңе шөп шықпа»*-жолы болмау, ісі өрге баспау деген мағынада қолданылатын бірлік біздің ұлтымызға тән, ұлттық құндылығымызды сипаттайтын қолданыс.

Коммуникативтік контекстік талдау арқылы, отбасылық дискурс барысындағы коммуниканттар үшін норма емес аппелятивтерді қолдану жағдайларын да байқауға болады, мысалы: *- Мұндай әумесер жиенді несіне тудың, әпке?* [13, 76]. Бұл мысалдағы *әумесер жиен* деген қолданыстың өзі тілдік нормадан ауытқып отырғанын, яғни әдетте қазақ отбасында жиеннің нағашы үшін орны ерекше болуымен түсіндіреміз. Берілген коммуникативтік контекстегі *әумесер жиен* деген қолданысты, жиенінің алаңғасарлығы, не болса соған ұрынып жүретіндігі деп интерпретациялауға болады. Жоғарыда берілген мысалдан адресанттың яғни жиенінің нағашысының алдындағы мәртебесіне қатысты ирониялық қатынасты көруге болады.

Сөйлеу үрдісінде орын алатын тілдік тұлғааралық қарым-қатынас контекстерінің санатында оған қатысушы коммуниканттардың көңіл күйлері мен сезімдерін саралайтын психологиялық контексте қарастырылады [14,16]. Яғни, қарым-қатынас барысында сөйлеушінің сөйлеген сөзі мен тыңдаушының сол айтылған сөзді интерпретациялауына олардың психологиялық жағдайы әсер етеді екен. Көп жағдайда ол психологиялық сөйлеу үрдісінің экспрессивтік қызметінен анық байқалады.

Сөйлеудің экспрессивті қызметі- әралуан хабарлар мен жай-жапсарлардың мәнерлі сөзбен, құлаққа жағымды үнмен, дауыс ырғағымен адамның жан дүниесін тебірентіп, өзгелерге жеткізу тәсілі. Экспрессивті сөйлеуде әрбір сөз бен сөйлем адамның сезіміне әсер етеді [15,52]. Отбасылық дискурста сөйлеу актілерінің экспрессивті қызметі көбінесе адресанттың адресатқа бағыттаған психикалық көңіл-күйін білдіру мақсатында қолданылатын алғыс айту немесе қарғау сияқты мәнде жұмсалған коммуникациялық контекстерден анық байқай аламыз. Мысалы, *-Артымда кім қалды дер болсам,тиянақ-сүйенішім жоқ емес.Жолы менің жолымнан басқа болса да,сенің балаң тірегім!Алдынан жарылғасын.Енді өз дегенін етіп-ақ көрсін. Тарпаң ақыл айтып, шаужайламаңдар!*-деген болатын [16, 11].Жоғарыда келтірілген мысалдағы: *Жолы менің жолымнан басқа болса да,сенің балаң тірегім!* - деген жолдардан адресанттың көңіл-күйінің жақсы екенін, баласына деген ризашылығын көрсетіп, марқайып тұрған сәтіндегі психологиялық жағдайының тіл арқылы берілгенін, сөйлемдердегі контекстерден анық көре аламыз.

Қорытынды. Дискурста интерпретацияның мақсаты- үйлесімділікті орнату немесе тыңдаушы мен сөйлеушінің ішкі әлемі арасындағы бұрыннан қалыптасқан үйлесімді байланысты қолдау. Отбасылық дискурс нәтижесіндегі коммуникативтік контексті интерпретациялау арқылы ғана адресат адресанттың сөйлеу интенциясы мен мақсатын түсіне алады. Осылайша, дискурстағы коммуникативтік контекст дискурс барысындағы мәтінді егжей-тегжейлі түсіндіруге, иллокутивті мақсатты анықтауға, сөйлеу ниетін тануға, әңгімелесуге қатысатын коммуниканттар мен үшінші тұлғалар туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Сондықтан отбасылық дискурстың әртүрлі формаларын контекстік талдау әдісі аясында қарастыру отбасылық дискурсты интерпретациялауға қажет болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Parret H. *Semiotics and Pragmatics: An Evaluative Comparison of Conceptual Frameworks* / H. Parret. – Amsterdam; Philadelphia, 1983.
- 2 Галич Т.С. *Контекстуальное взаимодействие в дискурсе. Вестник Кемеровского государственного университета* 2015 № 4 (64), 188-192с.
- 3 Магировская О. В. *Когнитивные характеристики дискурса // Когнитивные исследования языка. Вып. XVIII. Язык, познание, культура: методология когнитивных исследований. 2014. С. 639 – 641.*
- 4 Dijk T. A. *Discourse, context and cognition // Discourse studies. Sage publications. 2006. P. 159 – 177.*
- 5 Кибрик А. А. *Анализ дискурса в когнитивной перспективе: дис ... д-ра филол. наук. М., 2003. 90 с.*
- 6 Teun van Dijk *Discursive analyzes of news/ A Handbook of qualitative methodologies for mass media research/Edited by K.Bruhn Jensen, London:Longman,1999.vol. 5. p.32-37.*
- 7 Руберт И.Б. *Текст и дискурс: к определению понятий//Текст и дискурс.Проблемы экономического дискурса.СПб: Изд-во СПб гос.унив.экономики и финансов,2001.-С.23-38.*
- 8 Teun A.van Dijk *Elite Discourse and Racism. London: SAGE Publications, 1985. vol. 6.*

9 Моцанская Е.Ю. Роль невербального контекста в восприятии и понимании устного дискурса // Вестник Пермского национального исследовательского политехнического университета. Проблемы языкознания и педагогики. 2014. № 1 (9). С. 29–36.

10 Бархударов Л. С. Язык и перевод (Вопросы общей и частной теории перевода). М., «Международ. отношения». 1975. 240 с.

11 Stankiewicz E. Linguistics, poetics, and the literary genres // New directions in linguistics and semiotics. – A.: Benjamins, 1984. P.155-178.

12 Lyons J. Semantics. – Cambr. etc.: Cambr. UP, 1977.

13 Б.Момышұлы. Ұшқан ұя. Алматы: Өнер, 2008. – 248 б.

14 Вербердер Р., Вербердер К. Психология общения.- СПб.:прайм-ЕВРОЗНАК, 2003. 320с.

15 Мейірбеков А.Қ. Қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін қатысымдық тұрғыдан оқыту. фил.док.дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация, Түркістан. 2018-162б.

16 Мұхтар Әуезов. Абай жолы роман-эпопеясы, Алматы.Жазушы-2004, 1-ші кітап, 365 б.

References:

1. Parret H. Semiotics and Pragmatics: An Evaluative Comparison of Conceptual Frameworks / N. Parret. – Amsterdam; Philadelphia, 1983.

2. Galich T.S. Kontekstuálne vzaimodejstvie v diskurse. Vestnik Kemerovskogo gosudarstvennogo universiteta 2015 № 4 (64), 188-192s.

3. Magirovskaia O. V. Kognitivnye karakteristiki diskursa // Kognitivnye issledovaniia iazyka. Vyp. XVIII. Īazyk, poznanie, kultura: metodologiya kognitivnyh issledovani. 2014. S. 639 – 641.

4. Dijk T. A. Discourse, context and cognition // Discourse studies. Sage publications. 2006. P. 159 – 177.

5. Kibrik A. A. Analiz diskursa v kognitivnoi perspektive: dis ... d-ra filol. nauk. M., 2003. 90 s.

6. Teun van Dijk Discursive analyzes of news/ A Handbook of qualitative methodologies for mass media research/Edited by K.Bruhn Jensen, London:Longman,1999.vol. 5. p.32-37.

7. Rubert Ī.B. Teks i diskurs: k opredeleniu ponāti//Teks i diskurs.Problemy ekonomicheskogo diskursa.SPb: Īzd-vo SPb gos.univ.ekonomiki i finansov,2001.-S.23-38.

8. Teun A.van Dijk Elite Discourse and Racism. London: SAGE Publications, 1985. vol. 6.

9. Mořanskaia E.Īu. Rōl neverbālnogo konteksta v vospriatii i ponimanii ustnogo diskursa // Vestnik Permskogo nasonālnogo issledovatel'skogo politehnicheskogo universiteta. Problemy iazykoznanii i pedagogiki. 2014. № 1 (9). S. 29–36.

10. Barhudarov L. S. Īazyk i perevod (Voprosy obřei i chastnoi teorii perevoda).M., «Mejdunar. otnořenia». 1975. 240 s.

11. Stankiewicz E. Linguistics, poetics, and the literary genres // New directions in linguistics and semiotics. – A.: Benjamins, 1984. P.155-178.

12. Lyons J. Semantics. – Cambr. etc.: Cambr. UP, 1977.

13. B.Momyřūly. Ūřqan ūia. Almaty: Őner, 2008. – 248 b.

14. Verberder R., Verberder K. Psihologia obřenia.- SPb.:praim-EVROZNAK, 2003. 320s.

15. Meirbekov A.Q. Qazaq tilundeęi qalau, tilek māndi sōileu aktisın qatysymdyq tūręydan oqytu. fil.dok.dārejesin alu ūřın daiyndalęan disertasia, Tūrkistan. 2018-162b.

16. Mūhtar Āuezov. Abai joly roman-epopeiasy, Almaty.Jazuřy-2004, 1-ři kitap, 365 b.

МРНТИ 16.01.07

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.22>

Косымова Г.С.,¹ Балхимбекова П. Ж.²

¹Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
Алматы, Казахстан

²Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
Нур-Сұлтан, Казахстан

ЛИНГВОКУЛЬТУРНАЯ ПРИРОДА МЕНТАЛЬНОСТИ

Аннотация

Понимание лингвокультуры как словесно-художественной формы деятельности в единстве таких её категориальных признаков, как эстетико-символическая энергетика языковых знаков, ненаследственность информации и репрезентативность духовных ценностей народа, позволяет выявить две важные закономерности. В ходе речемыслительной деятельности под воздействием этнокультурной ментальности формируется

художественный дискурс, в рамках которого в условиях интенционально обусловленного видения картины мира происходит речевая реализация проецируемого ментальностью системного значения слова. Ментальность, как общефилософская категория, связана с такими когнитивными и культурными понятиями, как "знание", "духовность", "ментальность" и "концепт". Когнитивной основой менталитета народа служит структурированная совокупность знаний и представлений, принадлежащих в той или иной степени всем членам этноязыковой общности. Следовательно, ментальность можно охарактеризовать как синергетическое восприятие мира через призму взаимодействия языка, сознания и культуры.

Ключевые слова: лингвокультура, этноязыковое сознание, менталитет, значение, понятие

Kosymova G.,¹ Balkhimbekova P.²

¹*Kazakh National Pedagogical University named after Abay,
Almaty, Kazakhstan*

²*Eurasian National University. L.N. Gumileva,
Nur-Sultan, Kazakhstan*

LINGUOCULTURAL NATURE OF MENTALITY

Abstract

The article is devoted to the linguocultural explaining of the concept "mentality". The object of research is the concept of "mentality", which is used in modern linguistics in two semantic aspects: first, when talking about ethnic or social conditioning of our mind and, secondly, when they try to justify the origins of the spiritual unity and integrity of the people. The mental symptoms of the national consciousness are objectified in language, and in this regard the following categories of cognitive semantics are in demand in the linguistics of language in their synergistic and cognitive understanding: the value and meaning, the inner form of nominative units of language, means of secondary and indirect derivative nomination, cultural connotations etc. The author's aim is to explain the concept of linguocultural mentality. The author concludes that the mentality can be described as a synergistic perception of the world through the prism of the interaction of the language, consciousness and culture; linguoculture is a way of expressing ethnic mentality as a special vision of the world in concrete chronotopic terms of artistic and creative life of a people.

Keywords: linguoculture, ethno-linguistic consciousness, mentality, meaning, concept

Қосымова Г.С.,¹ Балхимбекова П. Ж.²

¹*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

²*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

МЕНТАЛДЫҚТЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ТАБИҒАТЫ

Аңдатпа

Лингвомәдениетті тілдік белгілердің эстетикалық және символдық энергетикасы, ақпараттың қайталанбауы және халықтың рухани құндылықтарының репрезентативтілігі сияқты категориялық белгілердің бірлігінде сөздік және көркемдік іс-әрекеттің нысаны ретінде түсіну екі маңызды заңдылықты анықтауға мүмкіндік береді. Сөйлеу-ойлау іс-әрекеті барысында этномәдени менталитет әсерінен көркем дискурс қалыптасады, оның шеңберінде әлем суретін әдейі шартты түрде көру жағдайында менталитет болжаған сөздің жүйелік мағынасын сөйлеу арқылы жүзеге асырады. Менталитет жалпы философиялық категория ретінде «білім», «руханилық», «менталитет» және «ұғым» сияқты когнитивті және мәдени түсініктермен байланысты. Адамдар менталитетінің когнитивтік негізі этнолингвистикалық қоғамдастықтың барлық мүшелеріне сол немесе басқа дәрежеге жататын білім мен идеялардың құрылымдалған жиынтығы болып табылады. Демек, менталитетті тілді, сана мен мәдениеттің өзара әрекеттесу призмасы арқылы әлемді синергетикалық қабылдау ретінде сипаттауға болады.

Түйін сөздер: лингвомәдениет, этнолингвистикалық сана, менталитет, мағына, түсінік

Введение. В современной лингвокультурологии понятие "менталитет" используется в двух смысловых аспектах: во-первых, когда мы говорим об этнической, или социальной обусловленности нашего сознания, и, во-вторых, когда мы пытаемся обосновать происхождение духовного единства и целостности народа. В том же семантическом контексте когнитивная лингвистика также может применять это понятие. Кроме того, она существенна, поскольку является научной дисциплиной, интересующейся аспектом интеграции языка и культуры, которая фокусируется прежде всего на механизмах вербализации этнического мышления. Ментальность, как общефилософская категория, связана с такими когнитивными и культурными понятиями, как "знание", "духовность", "ментальность" и "концепт".

Методика. Восприятие - это процесс постижения законов внешнего и внутреннего мира человека как феномена приобретения знаний. Духовность принадлежит душе, которая лежит в духовных, нравственных и интеллектуальных интересах перед человеком. Менталитет развит, в познании мира, менталитет-собственно наивная картина мира в целостном прагматизме национального сознания; духовность характера русского народа вместе с разумной составляющей цели менталитет; понятие о его базовых единицах, его перспективе не приняло своей формы, не может "расти одним словом".

Ментальные функции народного сознания объективируются в языке, и в связи с этим в лингвокультурологии категории языковой семантики в их когнитивной синергии в понимании востребованы: смысл и назначение внутренней формы номинативных единиц языка, вторичной и косвенной производной номинации, культурных коннотаций и др.

Результаты. Взаимозависимость системы, лингвокультуры и синергетики определяется системой дискурсивного сознания, являющейся, пожалуй, наиболее сложной, созданием когнитивной силы самой культуры [1, с. 31]. Системный процесс мышления можно рассматривать по следующим критериям, как аспекты, грани, лингвокультуры, как весьма сложное и целостное явление, отражающее художественно-творческую деятельность человека, раскрывающее его отношение к природе общества и к самому себе. В наше время, исходя из накопленных знаний о системе, и о понятии царства, и о синергии языка, сознания и культуры, мы говорим не только об их взаимном дополнении, но и об их лингвокреативности, которая формирует мышление народа в целом и каждого человека в отдельности.

Принципы синергетики не противоречат системе: синергетика позволяет проникать в глубинные структуры любого творения системы, в том числе и интегрированные, такие как менталитет людей. Кроме того, синергетическая лингвокультура (в современных терминах) была создана в этом году в результате систематических и активных подходов к вербальному и художественному творчеству. Использование синергетической методологии при изучении лингвокультурного характера менталитета обусловлено как природой самой лингвокультуры, обладающей всеми свойствами синергетических (самоорганизующихся) систем, так и изучением, которое связано с синергетикой: открытостью, нелинейностью, неустойчивостью, стохастичностью, решаемостью и др. Кроме того, понимание лингвокультуры как вербальной и художественной формы деятельности позволяет нам определить роль и значение трех китов, которых вы держите в руках.

Мақаланың гипотезасы қазақ лингвомәдениетінде “отбасы” линвоменталды кеңістігінде мәдени константтардың бірі болып, неке ұғымының әлемдік ахуал заңдылығы ретіндегі бейнесін білдіретін космогониялық бейне туралы болжам болып саналады. О.Ю.Берсеновадан кейін линвоменталды кеңістік терминологиясы әрдайым жеке бас ұғымы туралы репрезентациясын табатын және дискурс-универсумда тұрақты вербалды көрініс табатын ойлар, сенім “рух икемі”, бейнелер жиынтығына қатысты теңдік, әділеттілік, міндет түсінігі, жаман мен жақсы категориясы, тарихтың жасалу жолын және т.б. елестетуге қатысты жалпы рухани-мотивациялық этносоциумдағы ұжымдық тілдің икемдігін білдіру үшін қолданылады [8,50б.].

Әдістеме. Қазақ ұлтының дүниеге деген көзқарасының мәдени зерттеу жұмысында олардың көшпенділердің ислам дінінің пайда болуына және олардың інді қабылдағанға дейінгі болған сенімдерімен байланыстарының барын атап өтеді [9]. Бұл сенім комплексі жердегі өмір мен ғарыштық әлемнің қарым-қатынасына, әр адамның ғарышқа, табиғатқа, басқа адамдарға қатысы болуы туралы ұғымға сүйенген. Көшпенділердің санасында табиғат құбылыстарында адамға ықпал ететін, оның тағдырына жақсы немесе жаман жағынан әсер ететін мәңгілік және түсініксіз күш бар деген түсінік болған [9,15б.]. Түрік халықтарының мифологиясы тенгризмнің құрастырушысы

болып есептелетін және түріктердің әлемге деген көзқарасының спецификасын көрсететін бай дүниетанымы бар мәдениеттердің бірі болып табылады [10,146.]. Тенгризмнің мағыналық категориялық жүйесінің негізгі және түйінді категориясы болып *Тенгри* есептеледі. Е.В.Федорова (Тәңри Тәңра, Тәнер, Тәнери, Тәңірі) ғұн және ежелгі түрік тілдерінде тан *таң*, күн *шығу* дегенді білдіреді, “жарық барлығын нұрландырады”, “барлығы оянып, өмір сүре бастайды”. “Тәңг” - тең (түрік); якут сөзі танг немесе тангар *жынау*, *құрастыру* деген мағынаны береді. “Айыы” сөзіне ұқсас – жаратылыс, жарату, жаратушы, Айыы Тангара табиғаттың, аспанның, ғарыштың, Құрастырушысы, Көсемі, Архитекторы деген мағынаны береді [11,566.]. Тенгри Рухы әлемді құрастырушы барлық жерде болады, қазақтардың тенгризмі материя деп атайтын материалды монизм, ал идеалистік тенгризмі ой болып табылады [11,216.]. Тенгризм мәдениетінің салттық сипаты түйінді константтарда, Тенгри, Көк, Жол, Жер-Су, Ұмай, Құт және т.б. қазақтардың мәдени тарихында аса үлкен мәнге ие мифологиялық бейнелерде сақталынып қалған [12]. Мысалы, бұл сөздер заманауи қазақ тілінде қолданысқа ие, тәңір ісі, тәңір жазса, тәңір жарылқап.

Нәтижелер. Отбасы түсінігіндегі жоғарғы күштің архетипикалық бейнесі.

Тенгризмнің ежелгі сенімдері тек отбасылық рәсімдерде ғана (баланың тууы, ат беру рәсімі, үйлену тойы, қайтыс болу т.б.) орын алмайды, дегенмен ислам дінін қабылдағаннан кейін бұрынғы дәстүрлер жойылды, “әдет-ғұрып пен дәстүрлі табынушылық тұрмыс жағдайына, отбасылық іс-шараларға, адам өмірінің басты сәттеріне ауысты” [13,216.]. Қазақ халқының туыстық құрылымы бұрыннан әрі кең түрде ғылыми әдебиеттерде берілгенін бірден атап өту қажет [14]. Қазақ халқының туыстық жүйесін егжей-тегжейлі зерттеуден бұрын, оның классификациялы типке жататын айта кету қажет және туыстық термині алты түрге дейін бөлінеді: жыныс, туыстық сипаты (жақ), (қандас немесе жекжаттық), векторлы туыстық түрі (тіке, жақтық, жоғарыдан және төменнен таратылған), туыстық деңгейі (бірінші ұрпақ, екінші және т.б.) туыстық қатынас (ана жағынан, әке жағынан), сөйлеушіге қатысты жас (үлкен, кіші). Тіпті осындай үстіртін туыстық жүйесінің сипаттамасы қазақ отбасының күрделі құрылымды екенін көрсете отырып, әр мүшесінің туыстарына қатысты функциясының санын көрсетеді. Сондықтан орыс лексемасындағы *семья* қазақ линвомәдениетіндегі туыстар *родственники*, *родственность* мағынасына келеді.

Жоғарғы күш туралы архетипикалық түсініктер отбасы және оның құрылымы линвоменталды кеңістігінің ішіндегі негізгі лексемаларында сақталынады. Көк, (қазіргі қазақ тілінде аспан, көгілдір түс) жоғарғы күш Көк Мәңгі Тәңірі толық атының бір бөлшегі болып табылады. Көк сөзіндегі жоғары күштің болуы, Көк түрік (аспан түркілері, Аспан Балалары), Көк бөрі (аспан қасқыры, Уран, күш пен табиғат әділдігінің белгісі [10,476.], Көк бұқа – аңыз бойынша жерді мүйізінде ұстап тұрған жануар [15,586.]) сияқты мифологиялық кейіпкерлермен дәлелденеді.

Тенгри бейнесі (Көк түсінігіндегі) әкеге және үлкен туыс көкеге (тура аспанға/көкке жеткізу) қаратылып айтылатын лексеманың ішкі формасында сипатталған. Бұл қаратпа сөзді құрмет, махаббат сезімдерін көрсету үшін, бір адамның мәртебесін басқалардың алдында көтеру үшін қолданады. Табиғаттың заңдары мен адам өмірінің заңдарының бірігуі көпмағыналы етістік *туу* сөзінде беріледі. Бір жағынан бұл лексема ай мен күннің шығысын білдіреді: аспанда ай туды, құйрықты жұлдыз туды, туған ай. Екінші жағынан түбір морфема *ту-* туыстар, туған жұрт сөздерінде туыстық мағынаны білдіреді.

Заманауи отбасы туралы дискурста Құдайға сілтемелер болады, әсіресе ата-ана жайлы айтылатын болса. Менің де ата-анам бар, Құдайға шүкір; Алла жазса, келесі жылы жастарды бөлек шығармақшымыз; Ал мен ата енеммен бірге турып жақсы келін болғым келеді болашақта қудай қаласа; Барлық адам әртүрлі болғанымен, Жаратушымыздың алдында бірдейміз. Бірнеше бірліктердің жоғарғы күш мағынасында (Құдай, Алла, Жаратушы) жұмсалуды қазақ ұлтының санасындағы отбасылық құндылықтардың киелі екенін көрсетеді.

Отбасы линвоменталды кеңістігінің маңызды лексемаларының бірі – ата. Б.Д. Кокумбаева дәлел ретінде сөзқұраушы тізбекті келтіре отырып, оны басты константа деп атайды: ат – ата – атабек – аталы – атакты – атамекең - атанасы [12]. Ежелгі түрік сөздігінде (ЕТС) ата мағынасынан басқа ат формасында да беріледі [16,646.]. Демек, туыстық терминдерінің ішкі формасында ата өмір бастауы дегенді білдіріп, ата- өмір беретін адам. Бірақ заманауи қазақ тілінде ата сөзін білдіру үшін әке немесе көке сөздері қолданылады. Ата, *ата-ана* құрамдас бөлігінде сақталып, сөйлеушіден алыс ұрпақ ата сөзіне ауысқан (салыст., орыс әлем бейнесінде *отец* бастапқы мағынасындағы идеяны сақтайды).

Отбасылық линвоменталды кеңістігінің ажырамас бөлігі болып *аруақтар дүниесінде* өмір сүретін *аруақтар* болып саналады, қазақтар өздерінің бақ пен сәтсіздіктерін солардың әсерінен болатын деп санайды (аруақ қонған адам). Бұл сонымен қатар отбасы ұғымындағы жоғарғы күштің архетипикалық бейнесінің бірлесуін көрсетеді. Сәттілік тілегенде аруақтарды шақырады (аруақ саған жар болсын!), аруақтарды қарғыс айтқан кезде де шақырады (аруағынан садаға кет!). Егер көптайпалы орда жиналатын болса, олар ортақ әскери ұрандары *Аруақ* деп дауыс көтеретін болған [17,526.]. Ұрпақтардың виртуалды байланыстары үйлену той салтында да орын алады: заманауи қазақ тойында аруақтардың батасын алу үшін, аруақтарға арналған кілем төселінеді. Отбасы бейнесіндегі және ежелгі әлем туралы түсінікте бірліктің мысалы ретінде құдалардың мағынасы беріледі - құда, құдағи, құт, достояние, изобилие мағынасын береді. Құт қазақ мәдениетіндегі және түрік әлеміндегі маңызды константалардың бірі. Құт жоғарғы игіліктерді білдіретін жеке мағынада да жұмсалады. Ежелгі түрік сөздігінде *Qut* сөзінің сипаттамасы екі бетті камтиды а) жан, өмірлік күш, рух; б) бақыт, игілік, бақ; в) абырой, ұлылық [16,471б.]. Концептуалды түрде құт табиғаттан және рухтан (жоғары күш) бастау алатын өмірлік күш деген мағына береді. Сол сияқты құт Құдай сөзіне енген, мысалы, құдай бұйырса, құдай біледі. Түрік тілдерінің зерттеушісі Н.А.Баскакованың пікірінше, бұл сөз орта түрік дәуірінде (X-XVғғ.) тәжік немесе парсы тілдерінен алтай, қазақ, хакас, татар, ноғай және басқа да түрік

халықтарымен алынуы мүмкін [18]. Құдала мағынасының *құда*, *құдағи*, *құт* сөзінен шығуы қалыңдыққа келген кісілердің ерекше дәрежесін көрсетеді. Коммуникативті санада олар ерекше тапсырманы орындаушы, жоғарғы күштердің елшілері екендігін көрсетеді. Неке екі индивидтің бірге тұрып, екі отбасының қарым-қатынас жасауы емес, ол өмірді жалғастырушы діни заңды орындау, екі ұрпақтың қосылуынан шығатын өмірлік күштің дамуының жана деңгейі. Көптеген мақал-мәтелдерде некенің құндылығы жастардан (үйленіп жатқан) олардың аға ұрпақтарына ауысады: Күйеу – жүз жылдық, құда – мың жылдық; Досты періште қосады, құданы құдай қосады. Құдалық лексемасы сонымен қатар дауды шешу жолы туралы мәтелдерінде қолданылады: құда да тыныш, құдағи да разы.

Егер орыс тіліндегі әлем бейнесінде туылу мәні отбасы семья лексемасының шегінде болса, қазақ тілінде бұл мағынаның лексемасы метафоралық бейнедегі қосалқы форма болуы мүмкін (жанұя, отбасы), немесе қосалқы бөлік (үй-іші, үй-күй), метаномиялық өзгерістің нәтижесі болуы мүмкін. Және бұл формалар Ежелгі түрік сөздігі [16] мен Севортянның [19] түрік тілдерінің этимологиялық сөздігіндегі түбірлерден пайда болған ру, тайпа, ұрпақ, ата (рулық қатыс, тайпа, жуз, шежіре, аталар, баба, тектін, төркін, тұқиян), мағыналарымен салыстырғанда өте көп емес. Заманауи қазақ тілінде отбасы мағынасындағы лексемалар басқа мағыналарға ауыспайды (тілдер тобы). Түрік тілдерінің этимологиялық сөздігінде аффикстық алмасу мен өзгерістер заңдылықтары ескерілген заманауи түрік тілдеріндегі түбір сөздің мағынасы беріледі, соның ішінде туыстық мағынадағы түбірлерге **уқ/ук-** (**үк**) [19,5826.] жатады. Заманауи қазақ тілінде бұл түбір ұқым-тұқым, ұғым сөзденінің құрамына енеді. Басқа **уру:ғ** **уру:ғ** 1.ру 2. тұқым 3. ұрпақ [19,6046.] түбірін талдаған кезде, автор бұл мағыналар түрік тілдерінде семантикалық даму алған бұл форманың басқа мағыналарына қарағанда ең ежелгісі екенін атап көрсетеді және бір семантикалық байланыспен бірігеді. Сөздікте түрік тілдеріне енген ур/ур түбірінен шыққан “ұрықтандыру” және басқа етістігінің нәтижесі мен оның субьекті, объекті аттары мағынасында туындайтын аффикстық формалардың сөздік қатары берілген. Қазақ тіліндегі бұл форманың мысалы ретінде *ұрпақ*, *ұрық* сөздерін келтіруге болады. Сонымен қатар түрік сөздігінде туыстық мағынасын беретін екі форма бар: **ul** және **urī**. **Ul** – түбір [16,6086.], заманауи қазақ тіліндегі келесі формаларда сақталған: ұл, ұлт, ұлы. **Urī** – ұл, **uruŸ** – ұрпақ, **uruŸ özlüg** – туысқандар мен жақжаттар [16, с. 614], бұл түбірге келесі мысалдар беріледі: ұрпақ, ұрық.

О.Сүлейменов буындарды қайта құрастыру мен алмастыру заңдарына сүйене отырып **ur/ur, or, ar** [20,336.] - **ul - ru** – [20,426.] бұл формалар бір праформаның өзгерген түрлері. Рулық топтың мағынасы *ру*, *ру шежіресі*, *жұрт*, рулық сөздерінде беріледі. Мысалдарда берілгендей отбасы лингвоменталды кеңістігінің құрамында тілдік фитоморфтық метафора болғанымен, бұл формалар отбасы лексемасының бөлігі болған жоқ: тұқым; ұрық. Ұрпақ сөзі басқа да метафоралармен көрсетіледі: *түлек*; *үрім-бұтақ*. Қазақ халқының менталитетінде ұрпақтың жалғасуы мәңгілік қозғалыспен, өмірдің жалғасуымен байланысты болса, бұл *ұл*, *ұласу*, *ұлан-байтақ*, *ұлғайту*, *ұлан-асыр*, *ұлы*, *ұлыс* дериваттарының болуын дәлелдейді. Жоғарыда келтірілген мысалдар нуклеарлы отбасыға қарағанда үлкенірек топты немесе сөйлеу субьектісіне қатысты келесі ұрпақты білдіретін лексемаларда сақталған, ал отбасы – рулық топтың бір бөлшегі ғана болып табылады. *Отбасы* мағыналары туынды болып келеді, демек екінші реттік форма. Сонымен қатар жоғарыда айтылған *жанұя*, *отбасы*, *үй-іші* сөздерінен басқа сөздіктерде отбасы мағынасындағы *үй-күй*, *ошақ қасы*, *ошақ бұты*, *отау* сөздерін табуға болады. Және де нақышты сөйлемдердің құрамында кездеседі: берекесі жоқ үй. “Отбасы” мағынасында туынды сөздерді шығару барысында көбінесе үй, үйлену шаңырақ, шаңырақ көтеру [тура мағынада, киіз үйді құру барысында шаңырақты көтеру], шаңырағы ортасына түсті [тура мағынада, шаңырағы шайқалды], шаңырағың биік болсын [тура мағынада, шаңырақ биікте орналассын] сөз тіркестері қолданылады.

Отбасылық топты білдіру – бұл лексеманың “тұратын жер” семасымен метаномиялық ауысуы: *жұрт*, *отбасы*, *отағасы* [тура мағынада, оттың үлкен ағасы], жылы орынын суыту [тура мағынада, жылы жерді суытып алу]. Тіпті метафоралық түрде білдіру кезінде де ұя, отбасы, ауысу “тұрғылықты жер” семасы бойынша іске асады. Отбасы мағынасының негізгі семасы болып “тұратын жер” болса, “ұрпақ жалғасы” семасы басқа лексемалардың негізгі ойы болып табылады, жақын\алыс туыстар кеңістік метафорасы қазақ дискурсында келесі еркешеліктерге ие: жақын туыстар сөз тіркесі болуы мүмкін, бірақ жақындық критерия болып нуклеарлы отбасы болмайды, сонымен қатар ана жағынан туыстық қатынас (мысалы, әпкесінің баласы жақын деп аталуы мүмкін) немесе қарым-қатынас жасау жиілігі де жатпайды. Аудиторияға жақындар деген сөзді қолданғанда сөйлеуші сол жерде отырғандарды меңзейді. Ауызша дискурста жақын туған сөзіне ауысуы мүмкін. Дегенмен туыстарды бұлай алыс жақын ретінде бөлі негативті түрде қабылдануы мүмкін. Мерекелерде барлығына бейтарап күйде және барлығын қамтитын жалпылама сөздер қолданылады: *ағайын-жұрт жекжат*, *ағайын*, *құда-жекжаттар*, *іні-бауырлар*, *қарындастар*. Алыс туыстықандарға алыс лексемасы орынсыз. Бұндай қатынасты білдіру үшін *аталас*, *ағайын*, *тұмалас*, *жекжат*, *жекжат-жұрағат*, *сүйек шатыс* сөз тіркестері бар. Осындай сөз бірліктерін қолдану “нақты айта алмаймын, дегенмен жағынан туысқандар болып келеді” дегенді білдіреді.

Түріктердің ежелгі сенімдері мен көшпенді өмірдің ерекшеліктері, қыста қыстауда тұрған кезде, жазда жайлауда көп ағайындарымен қатынаса өмір сүруі, тұқымның архетипикалық бейнесі және космогонизмнің белгісі ретінде өмірдің бастауы, өмірлік күш беретін таңғажайып қуат көзі екенін анықтаған.

Талқылау. “От” космогониялық бейнесі. Туыстық туралы архетипикалық бейненің нәтижесі ретінде ОТБАСЫ-ОТ/ОШАҚ ОТЫ этномәдени метафораның құралуы болды. Отбасының айнала жиналатын орнының атын ауыстыру көптеген мәдениеттерге дәстүрлі болып келеді. Бірақ қазақ мәдениетінде от жандандыратын қуат, таңғажайып қуаттың бір бөлігі болып саналады. Отқа табыну өте ежелден келе жатқан, үйдегі ошақ отын қорғаушы – Ұмай (Тенгридің келбеттерінің бірі) анаға табынудан шыққан. От әр киіз үйдегі күннің бір бөлігі болып саналған.

Адамдар отты тұқымның қорғаушысы санаған, сондықтан оны басқа үйдің отымен араластыруға болмайтын [21,168б.]. *От отбасы* лексемасының құрамына енеді, сонымен қатар оты өшті тура мағынада, оты сөніп қалды, отын жағу, оты басқаның мұңы басқа тура мағынада, ошақтары әртүрлі, мұңдары да әртүрлі сияқты тұрақты тіркестердің құрамында отбасы мағынасын береді. Отқа табыну қазақ үйлену дәстүрінде де орын алады. Отқа май құю үйге жаңа түскен келіннің отқа құрбан шалуының белгісі.

Отбасының қорғаушысы ретіндегі оттың архетипикалық бейнесі, адамдар арасындағы туыстық қатынасты білдіретін табиғат қуатымен (от, күн, ай) байланысты көптеген сөз тіркестерінде сақталған. Бұл балаларға, кішкентайларға, жақсы көретін жандарға арналып айтылатын сөздер: *шырағым, күнім, жарығым, айналайын қарағым, көзімнің нұры*. Адардардың ара-қатынасы оттың қуат алмасуымен метафораға айналған. “Басқаларға тартымды болу”, “басқаларға ұнау” мағынасындағы лексемалардың ішкі формасында от бейнесі бар және ол “жарық, от, жылу беру” мағынасын береді, мысалы қылығымен жұртқа жағу, сөзі көңіліме жағып қалды, көңіліне жағу. Келесі мысалда адамның бар жақсы қасиеттері “қуат шашырату” семантикасы арқылы суреттеледі: Абай бойынша, жақсы кісіде үш қасиет: *ыстық қайрат, нұрлы ақыл және жылы жүрек* болу керек делінеді. Жалын бейнелі бағынасында, жалын атау. Жарқын, жаны жарқын адам, ақ жарқын, қадамыңа нұр жаусын.

Таңғажайып қуат көзінің архетипикалық бейнесінің түсіндірмесі болып туыстар туралы түсінік өмірлік күштің көзі саналады. Қазақтардың коммуникативтік санасында көпшілік жақсылық, адамның мәртебесі, қолдау ретінде есептеледі. Ағайын тату болса – ат көп, абысын тату болса – ас көп; Ағасы бардың – жағасы бар, інісі бардың – тынысы бар.

“Шеңбер” архетипикалық бейнесі . Шеңбер - қазақ этномәдениетінің ажырамас бөлігі, ол тұрғын үйдің пішіні (киіз үй) және шаңырақтың мәдени белгісі. Шеңбердің сызбасы отбасы мағынасын беруге арналған тілдік бірліктердің қатарына жатады: жанұя - жана ұя, ошақ қасы, ошақ басы, ошақ құру. *Үй, ұя, ошақ* туынды бірліктері шеңбер пішініне келтіріледі. Ұя, отбасы, туған-туысқан және тәрбие туралы мақал-мәтелдерде өте көп орын алады: Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің. Жетесі жаман – тегі нашар, ұшып шыққан ұясы жаман. Үй отбасылық қарым-қатынастар туралы үйлі, үйлену семантикалы байланысқан тілдік формаларды құрастыруда қолданылады. Лексикалық бірліктердің қатарына енетін үлгілердің мәдени ерекшеліктерін зерттеу барысында, М.Киммел үлгілер физикалық және әлеуметтік-мәдени қарым-қатынастардың диалектикалық байланыстары арқылы пайда болады деп атап кеткен, сол себепті үлгілер дискурсты, материалды және салттық мәдениетке біріктіріледі [22,298б.]. Қазақтардың мәдениетінде шеңбер бойынша қозғалу ежелгі салттарда бар. Қауіпті сапар алдында отбасымен, туысқандарымен, көршілерімен және ауылымен қоштасу сәтінде спираль бойынша жүріп, ошақ басын айналатын, кейін киіз үй мен ауылды айналып *Айналып кетейін!, Айналайын, ауылым! Айналайын, атамекен! Айналайын, туған ел!* деген жолдарды айтады. Сөйтіп ол жолға шығып және еліне қайтып келісімен бұл салтты үлкеннен кішіге қарай орындайтын болған [23,183б.]. “Біреуге жақсы қарау” мағынасы заманауи қазақ тілінде “объектің айналасындағы қозғалыс” мағынасымен келтіріледі. Мысалы еркелету мақсатында *айналайын* айналу сөзінен, *айналдыру*, сонымен қоса *бөлену* тіркестері қолданылады. Әр әйел адамның бақыты алдымен отбасын құру, ана атану, отбасының қуанышына, мейіріміне бөлену. Бөлену етістігі арқылы субъектінің жақсы эмоционалды жағдайын көрсетуге болады: даңққа бөлеу, сый-құрметке бөлеу, бақытқа бөлену. Қазақтардың мифологиясында “шеңбер” архетипикалық бейнесін көрсететін бейне бар. Ол адамды құратын күші бар киелі құс Самұқтың ұясы. Түріктер мен қазақтар мифологиясының ең танымал желісі ол Самұқтың балапандарын жегісі келген жыланның құтқарған Ер Төстік туралы аңыз. Әлем Ағашының биігіндегі Самұқтың ұясында Ер Төстік қайта туылып, Самұқтың қанатында жер бетіне оралады. ОТБАСЫ- ҰЯ метафоралары отбасы, туысқандар мен тәрбие туралы мақал-мәтелдерде жиі қолданылады: Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің; Құртақандай торғай да, Өз ұясын қорғайды; Жетесі жаман – тегі нашар, ұшып шыққан ұясы жаман; Ұшқан ұя; ұя бұзу; ұя бұзар.

Мифологиялық салттық практикада “шеңбер” белгісін мысалы ретінде тілек мақалды келтіруге болады: Үй болған соң, белбау да керек, желбау да керек. Белбау бұл киіз үйде сыртынан байлайтын бау, желбау- киіз үйдің ішінде шаңыраққа іліп қоятын шашақ бау. Бұл заттардың негізгі міндеті – қатты дауылдарда киіз үйді ұстап тұру, бұл тіркес отбасының ішкі және сыртқы қиындықтарға төтеп бере алуын білдіреді.

Қорытынды. Қазақ мәдениетіндегі отбасы лингвоменталды кеңістігі құрамына соның арқасында неке арқылы туыстық әлеуметтік қозғалыс ретінде емес әлем құрылымының заңын, жоғарғы күштердің қалауын орындау ретінде қабылданатын космогониялық архетипикалық бейнелерді қосады. Бұл көпшіліктің аксиологиялық құндылығын арттырып, туыстықтың сандық бағасын береді. Әлемнің космогониялық бейнесі отбасы сөзінің метафоралық мағынасын от семантикасы арқылы, ру тайпасын өмірлік қуат көзі ретіндегі бейне қалыптастыру арқылы көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Красных В. В. *Этнопсихоллингвистика и лингвокультурология: курс лекций / В. В. Красных. – М. : Гнозис, 2002. – 284 с. – Курс лекций.*
- 2 Степанов Ю. С. *Константы : словарь русской культуры. М., 2001. 824 с. – Словарь.*
- 3 Большакова А.Ю. “Теория архетипа и концептология” *Культурологический журнал, no. 1, 2012, pp. 8.-* *Культурологический журнал.*
- 4 Knox, Jean, 2003 *Archetype, attachment, analysis: Jungian psychology and the emergent mind/ Hove : Brunner-Routledge, 230 p. – Book.*

- 5 Мелетинский Е.М. Аналитическая психология и проблема происхождения архетипических сюжетов. Бессознательное: сборник / Е. М. Мелетинский. – Новочеркасск, 1994. – 379 с.- Сборник научных статей.
- 6 Юнг К. Архетип и символ. М.: Ренессанс: 1991. 304 с. – Книга.
- 7 Русаков В.М. Категория концепт – архетип – дискурс: методологические новации в исследовательском инструментарии современного гуманитарного знания Вестник Нижневартковского государственного университета. 2010. №2. 50-55 с. – Журнал.
- 8 Берсенева, О. Ю. Лингвориторическая организация психолого-прагматического дискурса (на материале популярных книжных серий о достижении успеха): монография / А.А. Ворожбитова, О.Ю. Берсенева. – 2-е изд., стер. – М.: ФЛИНТА, 2014. – 197 с. – Монография.
- 9 Кишибеков, Д. К. Ментальная природа казаха / Д. К. Кишибеков. – Алматы: Галым, 2005. – 72 с. – Книга.
- 10 Аюпов, Н. Г. Тенгрианство как открытое мировоззрение: монография / Н. Г. Аюпов. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2012 – 256 с. – Монография.
- 11 Федорова Лена В. К вопросу идентичности концептов «язычества» славян, тенгрианства тюрков и монголов / Л. В. Федорова // Concorde. - 2016. - №1. - с. 72-88 – Журнал.
- 12 Кокумбаева, Б.Д. ^[1]Культурология тенгрианского искусства: Учебное пособие / Б. Д. Кокумбаева. – Павлодар: ПГПИ, 2012. – 156 с. – Учебное пособие.
- 13 Акатай, С.-К. Н. Мировоззренческий синкретизм казахов: автореферат дисс. ... докт. филос. наук / С.-К. Н. Акатай. – Алматы, 1995. – 38 с. – Автореферат.
- 14 Аргынбаев, Х. А. Брак и семья у казахов: автореферат дисс. ... докт. ист. наук / Х. А. Аргынбаев. - Алма-Ата: АН Каз. ССР, 1975. – 130 с. – Автореферат.
- 15 Каскабасов, С. А. Колыбель искусства / С. А. Каскабасов. – Алма-Ата: Онер, 1992. – 368 с. – Книга.
- 16 Древнетюркский словарь / В.М. Наделяев, Д. М. Насилов, Э. Р. Тенишев, А. М. Щербак. – Ленинград: Наука, Ленинградское отделение, 1969. – 677 с. – Словарь.
- 17 Мадигожин, Д. Т. Логика Небесного Закона. Көк Төре / Д. Т. Мадигожин, С. С. Аязбаев. – Алматы: Изд-во Арыс, 2012. – 168 с. – Книга.
- 18 Сарыбаева, М. Ш. Система обозначений родства в английском, русском и казахском языках: автореферат дисс. ... канд. филол. наук / М. Ш. Сарыбаева. – Алматы, 1991. – 33 с. – Автореферат.
- 19 Севортыян, Э. В. Этимологический словарь тюркских языков (общетюркские и межтюркские основы на гласные) / Э. В. Севортыян. – М.: Издательство «Наука», 1974. – 767 с. – Словарь.
- 20 Сулейменов, О. О. Тюрки в доистории / О. О. Сулейменов. – Алматы: Атамұра, 2002. – 320 с. – Книга.
- 21 Абуов, А. П. Религии в Казахстане: монография / А. П. Абуов, Е. М. Смагулов. – Костанай, ТОО «Костанайский печатный двор», 2011. – 255 с. – Монография.
- 22 Kimmel M. Culture regained: situated and compound image schemas. // Hampe B (ed.) From Perception to Meaning: Image Schemas in Cognitive Linguistics, Berlin: Mouton de Gruyter. 2005. p. 285-311. – Book.
- 23 Желтоқсан Ж. Ақ Сарбаз - Космический Воин. Алматы, 1993 143 с. – Книга.

References:

1. Krasnyh V. V. Etnopsiholingvistika i lingvokulturologia: kurs leksiï / V. V. Krasnyh. – М. : Gnozis, 2002. – 284 s. – Kurs leksi.
2. Stepanov Ì. S. Konstanty : slovär ruskoï kültury. М., 2001. 824 s. – Slovär.
3. Bölsäková A.Ì. “Teoria arhetipa i konseptologia” Külturologicheski jurnal, no. 1, 2012, pp. 8.- Külturologicheski jurnal.
4. Knox, Jean, 2003 Archetype, attachment, analysis: Jungian psychology and the emergent mind/ Hove : Brunner-Routledge, 230 r. – Book.
5. Meletinskii E.M. Analiticheskaia psihologia i problema proishojdenia arhetipicheskikh süjetov. Bessoznatelnoe: sbornik / E. M. Meletinskii. – Novocherkassk, 1994. – 379 s.- Sbornik nauchnyh statei.
6. Ìung K. Arhetip i simvol. М.: Renesans: 1991. 304 s. – Kniga.
7. Rusakov V.M. Kategorija konsept – arhetip – diskurs: metodologicheskie novasii v issledovatel'skom instrumentarii sovremennogo gumanitarnogo znania Vestnik Nijnevartovskogo gosudarstvennogo universiteta. 2010. №2. 50-55 s. – Jurnal.
8. Berseneva, O. Ì. Lingvoritoricheskaia organizasia psihologo-pragmaticheskogo diskursa (na materiale populärnyh knijnnyh seri o dostizhenii uspeha): monografija / A.A. Vorobjitova, O.Ì. Berseneva. – 2-e izd., ster. – М.: FLINTA, 2014. – 197 s. – Monografija.
9. Kšibekov, D. K. Mentalnaia priroda kazaha / D. K. Kšibekov. – Almaty: Galym, 2005. – 72 s. – Kniga.
10. Aiupov, N. G. Tengrianstvo kak otkrytoe mirovozzrenie: monografija / N. G. Aiupov. – Almaty: KazNPU im. Abaia, 2012 – 256 s. – Monografija.
11. Fedorova Lena V. K voprosu identichnosti konseptov «iazychestva» slavän, tengrinianstva türkov i mongolov / L. V. Fedorova // Concorde. - 2016. - №1. - s. 72-88 – Jurnal.
12. Kokumbaeva, B.D. ^[1]Культурология tengrianskogo iskustva: Uchebnoe posobie / B. D. Kokumbaeva. – Pavlodar: PGPI, 2012. – 156 s. – Uchebnoe posobie
13. Akatai, S.-K. N. Mirovozzrencheskii sinkretizm kazahov: avtoreferat diss. ... dokt. filos. nauk / S.-K. N. Akatai. – Almaty, 1995. – 38 s. – Avtoreferat.

14. Argynbaev, X. A. *Brak i semä u kazahov: avtoreferat dis. ... dokt. ist. nauk* / H. A. Argynbaev. - Alma-Ata: AN Kaz.SSR, 1975. – 130 s. – Avtoreferat.
15. Kaskabasov, S. A. *Kolybel iskustva* / S. A. Kaskabasov. – Alma-Ata: Oner, 1992. – 368 s. – Kniga.
16. *Drevnetürkski slovä*r / V.M. Nadeläev, D. M. Nasilov, E. R. Tenışev, A. M. Şerbak. – Leningrad: Nauka, Leningradskoe otdelenie, 1969. – 677 s. – Slovär.
17. Madigojin, D. T. *Logika Nebesnogo Zakona. Kök Töre* / D. T. Madigojin, S. S. Aiazbaev. – Almaty: İzd- vo Arys, 2012. – 168 s. – Kniga.
18. Sarybaeva, M. Ş. *Sistema oboznachenı rodstva v angliskom, ruskom i kazahskom iazykah: avtoreferat diss. ... kand. filol. nauk* / M. Ş. Sarybaeva. – Almaty, 1991. – 33 s. – Avtoreferat.
19. Sevortän, E. V. *Etimologicheski slovä*r türkskih iazykov (*obşetürkskie i mejtürkskie osnovy na glasnye*) / E. V. Sevortän. – M.: İzdatelstvo «Nauka», 1974. – 767 s. – Slovär.
20. Suleimenov, O. O. *Türki v doistorii* / O. O. Suleimenov. – Almaty: Atamūra, 2002. – 320 s. – Kniga
21. Abuov, A. P. *Religii v Kazahstane: monografıa* / A. P. Abuov, E. M. Smagulov. – Kostanai, TOO “Kostanaıski pechatnyi dvor”, 2011. – 255 s. – Monografıa.
22. Kimmel M. *Culture regained: situated and compound image schemas*. // Hampe B (ed.) *From Perception to Meaning: Image Schemas in Cognitive Linguistics*, Berlin: Mouton de Gruyter. 2005. r. 285-311. – Book.
23. Jeltoksan J. *Aq Sarbaz - Kosmicheski Voin*. Almaty, 1993 143 s. – Kniga.

МРНТИ 378.02:37

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.27>

Мынбаева А.П., ¹Қудасбекова А.Б.²

^{1,2} Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ МӘДЕНИ КОД ПЕН ТІЛДІК КОД

Аңдатпа

Мәтін лингвистикасы ілімі мен мәтін теориясы тығыз байланысты. Екеуінің нысаны бір бірімен ұштасып жатады. Мәтін теориясы мәтінді құрылымдық және қызметтік жақтарынан алып таңдайды. Құрылымдық тұрғыдан зерттегенде мәтін негізгі салаларға көңіл бөледі. Байланыстылығы – бұл мәтіннің дұрыс құрылуы, дұрыс құрылмауы деген мәселелермен ұштасады. Мұнда элементтері неден тұрады және олардың арасындағы байланыстың сипаты қандай? Оны нелер құрайды? деген сұраққа жауап алынады.

Оқушылардың жеке даму көрсеткіштерінің ішінде білім беру компонентін ерекше атап өту керек. Ол өзінің ұлттық мәдениетін терең меңгеру міндеттерімен және ана тілін еркін меңгерумен байланысты. Кейбір жағдайларда мәдени және тілдік код арасындағы түсініспеушіліктер адамдар арасындағы қарым-қатынасқа теріс әсер етуі мүмкін, сондықтан қазіргі уақытта көптеген ғалымдар мәдени және тілдік кодтардың өзара әсерін зерттеумен айналысады. Ұлттық мәдени код әдебиетте айқын көрінетіндіктен, мақала авторлары оны қазіргі мектепте оқыту әдістемесіне жүгінеді. Мақаланың жетекші идеясы Рухани жаңғыру міндеттерін жүзеге асыру үшін әдеби шығармалардың тәрбиелік әлеуетін анықтаумен байланысты.

Түйін сөздер: ілім, мәтін, лингвистикалық кеңістіктегі, мәдени код, тілдік код

Мынбаева А., ¹Кудасбекова А.²

^{1,2} South Kazakhstan State Pedagogical University,
Shymkent, Kazakhstan

CULTURAL CODE AND LANGUAGE IN LANGUAGE SPACE

Abstract

Text linguistics is closely related to the teaching and theory of text. The shape of both is the same. The theory of the text selects the text from a structural and service side. In structural research, the text draws attention to the main areas. Connectedness is that it is correctly worded, incorrectly worded. What are the elements and what is the nature of the relationship between them? What does it do? it is taken to answer.

Among the indicators of personal development of students, it is especially important to distinguish an educational component. He is connected with the tasks of deep development of his national culture and free mastery of his native language. In some cases, misunderstandings between the cultural and linguistic code can have a negative impact on the

relationship between people, which is why many scientists are currently engaged in research on the interaction of cultural and linguistic codes. As the national cultural code is most clearly manifested in the literature, the authors of the article refer to the method of its study in a modern school. The leading idea of the article is connected with the identification of the educational potential of literary works for the realization of the tasks of spiritual revival.

Keywords: doctrine, text, linguistic space, cultural code, language code

Мынбаева А.П.,¹ Кудасбекова А.Б.²

^{1,2} Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,
Шымкент, Казахстан

КУЛЬТУРНЫЙ КОД И ЯЗЫК В ЯЗЫКОВОМ ПРОСТРАНСТВЕ

Аннотация

Лингвистика текста тесно связана с учением и теорией текста. Форма обоих совпадает между собой. Теория текста выбирает текст со структурной и служебной стороны. При структурном исследовании текст обращает внимание на основные области. Связанность - это вопросы правильного конструирования текста, либо неправильного его конструирования. Здесь содержатся ответы на вопросы: из чего состоят элементы и каков характер связи между ними?

Среди показателей личностного развития учащихся особо следует выделить воспитательный компонент. Он связан с задачами глубокого освоения своей национальной культуры и свободным владением родным языком. В отдельных случаях недоразумения между культурным и языковым кодом могут оказать негативное влияние на отношения между людьми, в связи с чем в настоящее время многие ученые занимаются исследованием взаимовлияния культурных и языковых кодов. Поскольку национальный культурный код наиболее ярко проявляется в литературе, авторы статьи обращаются к методике ее изучения в современной школе. Ведущая идея статьи связана с выявлением воспитательного потенциала литературных произведений для реализации задач духовного возрождения.

Ключевые слова: учение, текст, языковое пространство, культурный код, языковой код

Кіріспе. Өз мәдениетін тілі арқылы терең және еркін игере алған жағдайда тұлғадамуының көрсеткіші болады, себебі адам өзінің тілі арқылы ұлттық мәдени құндылықтарын көрсете алады. Қазіргі таңда қазақ тілінің байлығын қажеттілікке біз жеткізбесек, кім жеткізеді? Қоғам дамуы үшін оның мәдениеті дамуы сөзсіз, ал мәдениетті жоғары деңгейге көтеретін – тіл, кейде мәдени код пен тілдік кодтың арасындағы түсініспеушілік ұлттың адамзаттық дамуына әсерін тигізеді. Қазіргі таңда көптеген ғалымдарды тіл мен мәдениеттің байлығы, әрбір адамның қоғамдық және жеке өміріне қатты әсер ететіндігі туралы түсініктер, яғни мәдени-тілдік код мәселесі аландатуда.

Мәдени-тілдік кодты игеру тіл мен мәдениеттің құрылымы мен қызметі сияқты жалпы әлемдік қондырғының пайда болуына алып келеді. Біз ары қарай мәдени-тілдік кодты зерттеуді және оның ұлттық менталитетке әсерін байқап көрейік. Біз тіл – таңбалар жүйесінің сақталуы, ақпарат алмасу мен өңдеу құралы деп санадық. Яғни, бұл тұрмыс-тіршілікке қажетті бір қыры еді. А.А. Волков мынадай анықтама береді: «Тіл – универсалды семиотикалық жүйе, себебі тілдік таңбалар сөз арқылы беріледі» [1]. Ол тілді руханилықпен қатар, материалдық және физикалық мәдениет деп санайды. Семиотикалық тұрғысынан алғанда, мәдениет тілінің негізгі құрылымдық бірлігі таңбалық жүйелер болып табылады. Тіл адам үшін маңызды түсініктер мен оның соларға деген әсерін тіркеп отырады. Әлеуметтік ортада тіл – субъективті, жеке тәжірибеге интерсубъективті, мәдени мен үстеуді, әлеуметтік маңызды мәселелерді жеткізуді, баршаға ортақ мән үстеуге жандай туғызатын жол көрсетуші, құрал ретінде көрініс алады. Яғни, ақпарат алмасу процесіндегі қажеттілік.

Әдістеме. Мәдениеттің бастауы тілдің пайда болуымен тұспа-тұс келеді. Мәдени кодына байланысты анықтамалар да жетерлік. В.В. Красных соматикалық, кеңістіктік, уақытша, рухани, пәндік әртүрлі мәдени кодтарының бар екенін, олардың арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ екенін айтады [2, б. 5-6].

Н. Уәли тілдік таңбада екі кодтың болатынын айтады. Біріншісі – тілдік код, екіншісі – мәдени код. Тілдік таңбалардың мәдени семантикасын зерттеуде осы екі түрлі мәнділікті ажырата білу қажет [3, б. 18]. Ал А.И. Кравченко: «Мәдени код – ақпараттың таңбалар арқылы берілуі, өңдеу, сақтау мен ұғыну сияқты кодталған түріндегі белгілі бірі ережелер жүйесі мен таңбалардың жиынтығы» [4], – деп көрсетеді. Р. Барттың айтуы бойынша, «код – өткеннің ізі». Ал, А.Ю. Лотманша «әлем – сөз, жаратылыс – таңбаның пайда болуы, мәдениет – күрделі құрылған мәтіндердің жиынтығы». Бұл жердегі «мәтін» сөзі мәдени ескерткіштердің конденсаторы іспетті, бұл жерден мәдениет – тіл – мәтін – өмір – мәтін – ескерткіш деген байланыс шығады [5]. М.М. Бахтин «Мәтін тек қана жанды сөйлеу ғана емес, мәтін-тілдік таңба жүйесі, яғни мәдени қарым-қатынастың түрі, – дейді. Осы тұрғыда Н.Уәлиев мәтінді тілдік код деп көрсетеді. Тілдік кодты ашу үшін оның аялық білімі тілдік кодты ашаалатындай болу керек. Біздің зерттеуіміздегі мәдени-тілдік құзыреттілік тілдік код пен мәдени код аясында жүргізіледі. Бірақ біздің тұжырымдауымыз бойынша, мәдени код бірінші пайда болады да, содан тілдік код қалыптасады. Себебі мәдени кодтар адам санасында өңделіп, танымында тілдік кодқа айналып, ұлтқа тән мәтін пайда болады. Сонда мәдениет – сана – тіл – ұлт айналасында үдеріс жүреді.

Демек тілді анықтау, оның негізгі белгілерін көрсету шартты ұғымдар арқылы іске аспайды. Оның оймен, санамен байланысты қарастырылуының өзі тілдің ерекшелігін аңғартады. Осы орайда айтқанда, тілдік процестің негізінде белгілі бір энергетикалық күш жатыр, тіл үнемі даму үстінде болады (В. Гумбольдт, П.А. Флоренский). Осыны дәлелдейтін М.М. Маяковскийдің мына сөзін келтіре кетейік: «Тіл – өзін-өзі дамытатын, өзі-өзін басқаратын, өзін-өзі толықтыратын білім. Тілдік күш сол тілдің немесе басқа тілдің тілдік кеңістікке сәйкес тілдік үдерісін кодтайды. Барлық уақытта тілдік ретсіздіктердегі реттелу мен нормаға түскендегі үдерісі жүріп жатады. Бір уақытта жүретін тілдегі бұл екі үдеріс көрінісі – оның жаратылысының міндетті шарты. Тіл өмірі – тілдік өрістегі әртүрлі нүктедегі энергия саны мен энергетикалық спектрдегі оның сақталу сапасы барысындағы тілдік энергияның үздіксіз жаңғыруы мен басылуы».

Әрбір тілдің жиынтығы белгілі бір қатынас құралы – диалект, жаргон, тілдің стилистикалық өзгеріске ұшыраған түрлерімен қолданылады. Осындай қайсыбір құралдарды код деп атауға болады. Код жалпы мағынада – коммуникация құралы.

Мәдениет өз көрсетуінде аспектуалданады, яғни семиотикалық тәсіл бойынша қатар түзіп, мәдениет әртүрлі семиотикалық үлгіде танылады. Сәулет өнері, музыка, кино – әртүрлі мәдениеттің тілі – семиотикалық қатарда жалпы менталды мағынасында топтасуы мүмкін. Семиотикалық қатардың негізінде жатқан жалпы мағына мәдени кодпен ұйымдастырылады. Мәдениет семиотикасында мәдени код «лингвомәдени стереотиптермен қалыптасқан белгілер мен механизмдер жиынтығы» [6]. Бұл механизмдер екі үдерісте жүреді: 1) мағыналардың ашылуында; 2) олардың репрезентациялануында (көрініс беруінде).

К. Рапай мәдени кодты ашудың белгілі бір алгоритмін ұсынады. Оны ашу үшін адам айтқанындай емес, танымына сүйенді. Ары қарай кодты ашуда оның эмоциясына үңілді. Эмоциядан мағынасына емес, құрылымына анализ жасады. Тағы бір кодты ашудың әдісі – тілдік шаблондарды меңгеру. Тілдік шаблон деп сөйлеу шаблонын көрсетіп тұр. Сөйлеу шаблонын меңгеру арқылы мәдени-тілдік кодтағы бұзылысты байқауға болады. Ю.М. Лотманша мәдени код – кемінде екі мәдени таңбалардың бір-бірімен қарым-қатынасын құрайтын жарылыс. Таңбалар бір-біріне екі жақта әсер етеді: семиотикалық кеңістікте бір-біріне бара-бар немесе жанаспайды. Мәдени код – ақпаратты тасымалдау, өңдеу және сақтау үшін таңбалардың жиынтығы мен белгілі бір ереже жүйесі. Мәдени код – мағынасы мәдени тіршілік феномендерімен байланысты әлемдегі белгілі бір фрагменттердің бейнесі мен мәдени бірліктердің жиынтығы. Ал код – нақты хабарламаларды қалыптастыру ережесі.

Код мәдениеттің мағыналық деңгейіне енуіне жол ашады, кодтық білім болмай мәтінді аша алмауымыз мүмкін. Мәдени код барлық мәдениеттің тілінде жатыр, бірінен кейін біріне мағыналық деңгейге көше беретіндіктен оларды ашу оңайға түспейді. Мәдени-тілдік код тілді қолданушылардың ұлттық менталитетімен тығыз байланысты және ақпаратты беруде оған әсерін тигізеді. Мысалы, Ә.Бөкейханов – тұлға – Алаш орда қозғалысының жетекшісі – Қазақ Республикасының алғашқы төрағасы – ұлт қамын ойлағаны үшін жазаланған. Бұл жерде Ә. Бөкейханов – тілдік код, оның қандай тұлға екені оның мәдени коды болып табылады. Әр ұлттың мәдени коды мен тілдік коды бар. Мәдени код пен тілдік код бір-бірімен тығыз байланысты. Мәдени код тілдік код арқылы шешіледі. Енді «адам жанының бір ұшы шашында» деген тұрақты тіркесті алып қарасақ, халық ұғымында шаштың кез келген жерге тастамау керек екендігін білеміз. Осы халық санасында мәдени кодталған ақпараттың түбін іздеу үшін білім аясы қажет. Білім аясы – тілдік кодта.

Әйел баласы шашын беталды тастамас болар, -деді Айша. – Тарақтан түскен шаш әлдеқалай отқа күйсе, о дүниеде балалары шырлдайды дейді. Анасының шашының отқа күйген исін танып қояды екен де: «Анамыз тозақ отына күйіп кетті-ау!» деп шыр айналып, шырлдайды екен. Тозақ отынан анасын құтқарып алмақ болып, өздері де сол тамұқ өртіне түсіп кете жаздайды екен. Әне, сондықтан шаашты көміп таста... (Ш. Мұртаза. Ай мен Айша).

Нәтижелер мен талқылар. Мәдени кодқа жинақтай келе мындай анықтамалар беріп көрейік:

1. Сол ұлттың мәдениет түрлерін (ауызша, жазба мәдениет) түсіну тетігі. Мәдени код берілген сөздің бейнеленген мағынасын түсінуге мүмкіндік береді.

2. Адамның материалдық және рухани іс-әрекетіне негізделген сөздің мағынасы мен белгілердің жиынтығы.

3. Сепир тілдің мәдениетпен тығыз байланыста екенін айта келіп, мәдениет пен тілдің спецификасын жасады: «Мәдениетті анықтау үшін сол ортаның жасағаны мен ойлағанын білу керек, ал жасау мен ойлау тіл болып табылады». Сонымен, мәдениет тілсіз, тіл мәдениетсіз жасай алмайтынын көруге болады. Бұл байланыста тілдің «ішкі форма» екенін, мәдениет дамуы адам қоғамында жүзеге асырылатынын байқаймыз. Осы ретте бұған дейін зерттелген мәселе, тіл – тек адамға ғана тән құбылыс. Қазіргі анықталған антропоэлектілік лингвистикада тіл мен мәдениетті игеру бірінші орынға шықты. Мәдениет сәулесінен кейін тілдің функциялары тіл білімі ғылымын негізге ала отырып, адам туралы басқа ғылым салаларында қарастырылады. Мәдениет – адам жасаған және жасайтын материалды және рухани қажеттіліктер.

Елбасы айтқандай, «дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды. Қазақстандық мәдениет еліміздің барлық азаматтары үшін патриоттықтың өзегі болуы қажет. Біз ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді әр алуандығын және айбындылығын сақтай отырып, оны қорғауымыз, мұрамызды түйірлеп жинастыруымыз керек» [7]. Ол қазақстандық мәдениет – елдің барлық азаматтары үшін патриоттық өзегі болуы тиіс екенін әлденеше рет атап өткен болатын. Қазақтарда әрқашан да жеті ұлы рухани құндылығы, яғни «Жеті қазынасы» болды. Сондай-ақ, «Қазақстан-2050» бағдарламасында ұлттың мәдени кодының жеті бөлігі: мұра, дәстүр, салт, тіл, отбасы, шаруашылық жүйелер, мерекелер анықталған. Бұл – туылғаннан қалыптасатын, өмір бойы адамды сүйемелдейтін және ұрпақтан-ұрпаққа

берілетін құндылықтар. Өзінің қалыптасуының бастауын білетін, тарихи түп тамырын құрметтейтін және дәстүрін сақтайтын халық – ол қуатты және табысты мемлекеттің негізі. Тілді ұлт коды ретінде қарастыру мәдени мұрамыздан сыр шертеді. Мәдени мұра – тарих. Әр халық өзінің ұлттық кодын білуі тиіс. Ұлттық кодқа жоғарыда атаған құндылықтарымызды жатқызар едік. Ана тіліміздің қолданыс аясын кеңейту мақсатында қажеттілікті туындатуымыз керек. Осы арада ұлттық кодты сипаттайтын сол ұлттың мәдениеті, әдет-ғұрпы, әдебиеті. Атадан балаға мирас болған тілді ұлттық код ретінде қарап, тарихымыз бен мәдениетімізден сыр шертеміз. Қай ұлттың болмасын басқа халықтан ерекшеленіп, дараланып тұратын сол елдің мәдениеті, салт-дәстүрі, әдебиеті. Осылайша өзінің мәдениеті арқылы басқа елдерге, дүниежүзіне танылады. Ертеден келе жатқан ата-бабалардың өлшеусіз рухани байлығы, қазақ отбасы тәрбиесінде ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан халықтығы, ізгілігі, тәрбиенің мәдениетке байланыстылығы, табиғатқа сәйкестілік, жүйелілік, тұлғалық принциптердің өткен ғасырлардағы тәрбиенің тұжырымдамалық идеяларының жалғасы екендігін көреміз. Ұлттық мәдениет тарихының қайта жаңғырып өркендеуі, әдебиеті мен дәстүрлерін қадірлеу – оның әлем алдындағы өзіндік ерекшелігі, даралығы. Ал осы ұлттық кодтың бәрі көркем мәтінде көрініс табады.

Қорытынды. Елбасы көрсеткендей: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» [7].

Сонымен, тілдік код – әлеуметтік-лингвистикалық бағытта қарастырылатын, сол тілде қарым-қатынас жасаудағы диалект, жаргон, вербалды, бейвербалды әрекеттердегі термин. Мәдени кодқа сол елдің ұлттық құндылықтары және тарихи қойнауында өмір сүрген мәдени байлықтары жатады. Ұлттық кодтың көрінетін тұсы – көркем мәтіндерде. Мәтін – тілдік код, мәтін арқылы байланысқа түскен адресат пен адресанттың тілдік кодты аша алатындай аялық білімі болуы керек, болмаса, көркем мәтінді оқу барысында түсіне алатындай оқырманның тілдік білімі болуы қажет. Н.Уәлиевше айтсақ, тілдік білім дегеніміз сөзді, оның мағыналарын, сөйлемнің мағыналары мен құрылымдарын білу дегенге саяды. “Оқырман-тілдік тұлға” мен “суреткер – тілдік тұлға” – нақты бір тілдің субъектісі. Тілдің дыбыстық, лексика-семантикалық, грамматикалық бірліктерінің мән-мағынасы мен қызметі, нормасы екеуіне де ортақ. Бірақ автор өз ойын көріктендіре жеткізу үшін, авторлық қолданысымен беру үшін тілдік білімін қолдануы мүмкін. Мысалы, қаламгер *қарғыс атсын* демейді, *ақ дәмім жібермесін* деп қолданады. Сонымен қатар, шығармаларда «Көзімді ашып, үйдің уығына, одан шаңыраққа қараймын. Ашулы түндіктен көкпеңбек мөлдір аспанды көріп, кеудеме белгісіз бір қуаныш лықсығандай болды». Мұнда қазақ халқының заттық мәдениетін танытатын лингвомәдениеттер. Осылар арқылы оқырманға ерте заманның “есігі” ашылады. Жоғарыда келтірілген семиотика *тілдік код* болса, екінші жағынан, *когнитивтік код* я болмаса тіл субъектісінің адам санасында бейнеленуі, ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы беріліп келе жатқан дәстүрлі білімдер жүйесі. Тілдік таңба стимул болса, оқырман санасындағы білімнің мән алуы (актуалдануы) – реакция. Бұл жайт мәтін арқылы “оқырман-тілдік тұлға” мен “суреткер-тілдік тұлға” арасында диалогтің басталғанын байқатады. Екі бірдей код – тілдік код пен мәдени код ашылғанда ғана екі тұлға арасында диалог өрбиді.

1) тілдік код - сөздің лексика-семантикалық ерекшелігін көрсетеді, яғни сөздің сөздіктерде берілетін түсіндірмесімен сәйкес келеді. Оның лексикалық мағынасы болады.

2) мәдени код – лексика-семантикалық ерекшелігімен қатар, сол халықтың тарихымен үндес адам санасында көрініс беретін семиотикалық жүйе [101].

Қазіргі таңда барлық ғылым саласында ең бірінші мәселе – адам болғандықтан, тіл мен мәдени кодты антропоэвектілік мәселесі ретінде қарап, ұлттың танымында қарастырамыз.

Сонымен, мәдени ұлтық код лингвистикалық және феноменологиялық құрылымға сүйенеді. Лингвистикалық құрылым бойынша бақылау және тану рөлін орындаса, феноменологиялық құрылым бойынша тұлғаның креативтілігін тудырады, барлық мәдени-тілдік танымын байытады [8].

Біз, үш тілді білім беру бағдарламасын қолдасақ та, рухани сананың жаңғыруына ұлттық код пен тілдік кодты игере алған жағдайда, мәдениетіміз бен тарихымызды жоғары бағалаймыз және еш көлеңкеде қалдыруға жол бермейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Волков А.А. *Язык и мышление: Мировая загадка.* –М., 2007. – 240 с
- 2 Красных В.В. *Коды и эталоны культуры (приглашение к разговору) // Язык, сознание, коммуникация.* – М., 2001.
- 3 Уәли Н. *Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол.ғыл. док. ... дис.* – Алматы, 2007. – 321 б.
- 4 Быкова И.О. *Образная составляющая как релевантный признак этноконнотата//Вестник ВГУ. Серия «Лингвистика межкультурная коммуникация».* – 2005. – №1. – С. 253-255.
- 5 Лотман Ю.М. *Семносфера.* –СПб.:М., 2000. – 704 с.
- 6 Алефиренко Н. Ф. *Поэтическая энергия слова. Синергетика языка, сознания и культуры.*– М.: Academia, 2002.
- 7 <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
- 8 Мыңбаева А. *Мәдени-тілдік құзыреттілік – жаңа парадигмалар тоғысы//«Профессор Қ.Қ.Жұбанов және қазіргі тіл білімі, әдебиеттану және әдістеме саласындағы ғылыми-әдіснамалық зерттеулер» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.* – Алматы, 2015. – Б. 374-377.

References:

1. Volkov A.A. Īazyk i myšlenie: Mirovaia zagadka. –M., 2007. – 240 s
2. Krasnyh V.V. Kody i etalony kŭltury (priglaŝenie k razgovoru) // Īazyk, soznanie, komunikasia. – M., 2001.
3. Uāli N. Qazaq sōz mādēnietinīnī teorialyq negizderi: filol.ğyl. dok. ... dis. – Almaty, 2007. – 321 b.
4. Bykova Ī.O. Obraznaia sostavlāiuŝaia kak relevantnyi priznak etnokonnnotata//Vestnik VGU. Seria «Lingvistika mejkŭlturnaia komunikasia». – 2005. – №1.– S. 253-255.
5. Lotman Īu.M. Semiosfera. –SPb.:M., 2000. – 704 s.
6. Alefirenko N. F. Poeticheskaia energia slova. Sinergetika iazyka, soznania i kŭltury.– M.: Academia, 2002.
7. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhan-zhanhghyru>
8. Myñbaeva A. Mādēni-tıldık qŭzyrettılık – jaña paradigmalar toğysy//«Profesor Q.Q.Jŭbanov jāne qazırgı tıl bılımı, ādebiettanu jāne ādisteme salasındağy ğylymi-ādısnamalyq zertteuler» atty Halyqaralyq ğylymi-praktikalıq konferensia materialdary. – Almaty, 2015. – B. 374-377.

МРНТИ 16.01.07

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.28>

Мынбаева А.П.,¹ Кудасбекова А.Б.,² Куанбаева Ж.С.³

^{1,2,3} Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

МӘТІН АРҚЫЛЫ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Аңдатпа

Мәтін теориясы соңғы жылдары өз шеңберінде зерттелу деңгейі жоғарылай түсті. Біз мәтін лингвистикасын қарастыруды И.Р.Гальпериннен бастадық. Бір зерттеуші мәтіннің құрылымдық жағын қарастырса, бір мектеп мазмұны жағынан қарастырды. Мәтін теориясы – күрделі теория. Мәтін лингвистикасы – тіл білімінің күрделі саласы. Қазіргі таңда ғалымдар мәтін теориясын әрқырынан қарастырып жүр.

Мәтін – «текст» деген латын сөзінен алынған, қазақша мағынасы – байланысу, бірігу. Сондықтан мәтін тілдік таңбадардың мағыналық және тұлғалық байланыс негізінде түзіледі.

Мәтін теориясын қарастыру үшін адамның білімі мен біліктілігі қажет. Бұл мәтін теориясы арқылы филолог-мамандардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың маңызы бұл ретте ерекше. Себебі, филолог-маман жоғарыдан кейінгі білім беруде оқу үдерісінде зерттеу жұмысына көп көңіл бөлінеді. Мақалада мәтін арқылы зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастырудың маңызы туралы айтылды. Бірақ бұл жұмыс жалғасын табады.

Түйін сөздер: мәтін, лингвистика, филолог, зерттеушілік құзыреттілік, құрылым, мәтін теориясы

Myñbayeva A.,¹ Kudasbekova A.,² Kuanbayeva Zh.³

^{1,2,3} South Kazakhstan State Pedagogical University,
Shymkent, Kazakhstan

GOALS AND CONTENT OF FORMING RESEARCH COMPETENCE BASED ON TEXT

Abstract

In recent years, the level of research in the field of text theory has grown. We began the study of the linguistics of the text with I. R. Halperin. One researcher looked at the structure of the text, and another school looked at the content. Text theory is a complex theory. Textual linguistics is a complex field of linguistics. Today, scientists are increasingly studying the theory of text.

The text comes from the Latin word "text", the Kazakh meaning means "to connect, unite." Therefore, the text is formed on the basis of the semantic and personal connection of language symbols.

Learning text theory requires knowledge and skills. The importance of forming the research competence of philologists through the theory of this text is of particular importance. This is due to the fact that philologists pay more attention to research in the educational process in post-graduate education. The article discusses the importance of text-based research competence. But there will be a continuation of this work.

Keywords: text, linguistics, philologist, research competence, structure, text theory

ЦЕЛИ И СОДЕРЖАНИЕ ФОРМИРОВАНИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ НА ОСНОВЕ ТЕКСТА

Аннотация

В последние годы вырос уровень исследований в области теории текста. Мы начали изучение лингвистики текста с И. Р. Гальперина. Если один исследователь рассматривает текст с точки зрения его структуры, другая школа изучает его содержательную часть. Теория текста – сложная теория. Текстовая лингвистика – сложная область лингвистики. Сегодня ученые подходят к изучению теории текста с разных ракурсов.

Текст происходит от латинского слова «текст», казахское значение означает «соединять, объединять». Поэтому текст формируется на основе семантической и личностной связи языковых символов.

Для изучения теории текста требуются знания и навыки. Важность формирования исследовательской компетентности филологов посредством теории текста является особой. Это связано с тем, что филологи уделяют больше внимание исследованиям в образовательном процессе в послевузовском образовании. В статье рассматривается важность формирования исследовательской компетентности на основе текста. Продолжение этой работы следует.

Ключевые слова: текст, лингвистика, филолог, исследовательский компетентность, структура, теория текста

The verb *lead* acts in the meaning of ‘*to have this or that direction, to serve as a path somewhere*’ (3), the implementation of which is carried out in the following contextual conditions. In the position of the subject – an inanimate noun with a specific meaning (staircase, road, path), the position of the direct object is absent, the position of the place-direction is mandatory, which can be replaced by prepositional-case groups ‘*to what, what, in the above phrase – to the attic ...*’

Finally, in the meaning of ‘*to have as its own effect, to be the cause*’ (4) the position of the subject in the context of the verb message is replaced by an inanimate noun with the abstract meaning of inexperience, the position of the direct object is absent, but the position of the consequence, represented by the prepositional-case group *to trouble*, is mandatory.

A distinctive feature of semantic research in recent times is a deep penetration into the semantic structure of various linguistic units, as a result of which their content plan appears as more and more complex structure. Unrelenting interest in learning verbal lexemes is explained by the “semantic capacity, the tightness of the structure of the verb” 1, reflecting the object and subject correlation, the nature and methods of action, the environment in which action takes place, tempo, etc. An essential role in the semantics of verbs is played by semes, reflecting modes of action.

U. Labov, an American linguist, is rightfully considered one of the founders of the sociolinguistic trend in linguistics. In his well-known monograph on morphological variability, a new perspective is outlined for studying the variants of the verb, namely, its full and truncated form. Social and functional conditions are put at the forefront, which, in the author's opinion, determine the distribution of these forms. When analyzing various forms of variants in the language, U. Labov introduces new terminology, with the help of which he describes the factual material of variability in the language. It is noted that in the study of variations English speakers around the world need to clearly distinguish “several categories: variables and options, and three types of linguistic variables – indicators, markers, stereotypes. A variable is an inconsistency or discrepancy

demonstrated by a specific form of a language in comparison with an abstract standard, a variant is a specific value of a variable”.

Conclusion. As can be seen from the above material, both in domestic and foreign linguistics, the concept of variability of linguistic units is interpreted from different angles of view, therefore it is necessary to determine what variability is, as this concept is defined in various dictionaries of linguistic terms and in the works of linguists belonging to different schools of linguistics.

Each unit of language belonging to any level of the language system can change depending on the specific environment. This ability of a linguistic unit became the basis for understanding the concept of variability or variance. The variability of linguistic units is their ability to modify depending on the context.

Summing up, it should be said that we find the most acceptable reasoning of O.S. Akhmanova and D.A. Shakhbagova, who distinguish the terms “variability”, “variation” and “variance” and accept the definitions of this terminology, which is proposed in L.A. Verbitskaya’s monograph “Variability is a property of a language or its levels in general, the ability to vary normative funds. Variation – the interchangeability of options within a synchronous approach and within the framework of literature, normativity; functioning of normative options in speech activity. Variation is a juxtaposition of options (both in synchronicity and in diachrony), the use of which is noted in speech (literary – non – literary; old – new, correct – incorrect) [8, 19].

References:

- 1 Солнцев В.М. Вариативность. Современный русский язык: система основных понятий: учеб. пособие / Л.Б. Селезневой. Ч. 1. Понятия общие. Фонетика. Лексикология. Словообразование / Л.Б. Селезнева, Т.А. Пережегина, М.Ф. Шацкая. – Волгоград: Изд-во ВолГУ, 1999. – С. 832. – кітап
- 2 Девкин В.Д. Предисловие: Парадигматические характеристики лексики // Парадигматические характеристики лексики: Межвузов. сбор. науч. труд. – М., 1988. – С. 30-68 – ғылыми материалдар жинағы
- 3 Виноградов, В.В. История слов. – М.: Толк, 1994. – 1138 с. – кітап
- 4 Заботкина В.И. Слово и смысл. – М.: РГГУ, 2012. – 428 с. – кітап
- 5 Кобенко Ю.В. (2005) Явление билингвальной вариативности в процессе заимствования лексических единиц: на материале современного немецкого языка. Томский государственный университет, Томск, Россия. – диссертация.
- 6 Шахбагова Д.А. Фонетическая система английского языка. – М., 1992. – 243 с. – кітап
- 7 Гак В. Г. Языковые преобразования. – М.: Школа «Языки русской культуры», 1998. – 768 с. – кітап
- 8 Вербицкая Л.А. Русская орфоэпия. – Л., 1976. – 123 с. – кітап

References:

1. Solnsev V.M. Variativnost. Sovremennyi ruski iazyk: sistema osnovnyh ponäti: ucheb. posobie / L.B. Seleznevoi. Ch. 1. Ponätia obşie. Fonetika. Leksikologia. Slovoobrazovanie / L.B. Selezneva, T.A. Perejegina, M.F. Şaskaia. – Volgograd: İzd-vo VolGU, 1999. – S. 832. – kitap
2. Devkin V.D. Predislovie: Paradigmaticheskie harakteristiki leksiki // Paradigmaticheskie harakteristiki leksiki: Mejevuzov. sbor. nauch. trud. – M., 1988. – S. 30-68 – ғылыми материалдар жинағы
3. Vinogradov, V.V. İstoria slov. – M.: Tolk, 1994. – 1138 s. – kitap
4. Zabotkina V.İ. Slovo i smysl. – M.: RGGU, 2012. – 428 s. – kitap
5. Kobenko İu.V. (2005) İavlenie bilingvälnoi variativnosti v prosese zaimstvovania leksicheskikh edinis: na materiale sovremennogo nemeskogo iazyka. Tomski gosudarstvennyi universitet, Tomsk, Rosia. – disertasia.
6. Şahbagova D.A. Foneticheskaiia sistema angliskogo iazyka. – M., 1992. – 243 s. – kitap
7. Gak V. G. İazykovye preobrazovania. – M.: Şkola «İazyki ruskoï kültury», 1998. – 768 s. – kitap
8. Verbiskaia L.A. Ruskaia orfoepia. – L., 1976. – 123 s. – kitap

МРНТИ 801.11-003

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.37>

Садуақас Н.А.,¹ Миров М.О.²

¹Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе, Қазақстан
²С.Бәйішев университеті,
Ақтөбе, Қазақстан

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІН ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШІРУ ТУРАЛЫ

Аңдатпа

Мақалада қазақ тілінің әліпбиінлатын графикасына көшіру мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндалған. Түркі халықтары қолданған жазулардың тарихы және қазіргі қазақ жазуының даму кезеңдері туралы

талдау жасалған. Латын графикасын қолдану арқылы қазақ тілі мен оның жазуы әлемдік стандарттарға сай болатыны, мемлекеттік тілдің мәртебесі артып, қолданыс аясы кеңейе түсетіні, қазақ тілінің орфоэпиясы да сингармонизм заңдарына сәйкес болатыны айтылып, әліпбидегі латын әріптері мен қазақ тіліндегі дыбыстарға лингвистикалық сипаттама берілген. Қазақ тілін латын графикасына көшіру өркениетті елдердің қатарына кірудің жана векторы, қазақ тілінде дыбыстық жүйелерді анықтау және қазақ тілінің жазуынан артық сөздерді қысқарту. Мақалада қазақ жазуының қалыптасу тарихы және сол тұстағы тілдік жағдайға талдау жасалған. Латын әліпбиіне көшу қазақ халқының рухын дамытуға, оның өркендеуіне және болашақта біздің еліміздің жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Түйін сөздер: әліпби, қазақ тілі, дыбыс, әріп, графика, тілдік жағдаят, латын әліпбиі, жазу, орфоэпия, үндесім, түркі тілдері, язьки, орфография мәселелері

Saduakas N.,¹ Mirov M.²

¹*Aktobe Regional University named after K. Zhubanov,*

Aktobe, Kazakhstan

²*S. Baisheva University,*

Aktobe, Kazakhstan

ON COPYING THE KAZAKH ALPHABET IN LATIN GRAPHICS

Abstract

The article tells about the work that is being done to translate the Kazakh alphabet into Latin graphics. The research of the history of writing applied to the Turkic people and Modern Kazakh writing in the stages. Using the Latin graphics, the Kazakh language and its writing correspond to world standards, the status of the state language increases, the scope of its usage expanded, the orphanage of the Kazakh language is in line with the laws of synar monism, describing the Latin alphabet and the sounds in the Kazakh language. The transition to Latin alphabet, denotes a new vector of entry into the ranks of civilized countries, identification of sound systems in the Kazakh language and the reduction of unnecessary words from the spelling in Kazakh language. The article explains the history of the formation of Kazakh writing and analyzes the linguistic situation of that period. The transition to Latin alphabet promotes the development of the spirit of Kazakh people, its prosperity and the comprehensive future development of our country.

Keywords: alphabet, Kazakh language, sound, a letter, graphics, linguistic situation, Latin scripts, writing, orphoepic, synarmonism, turkic languages, issues of the orthography

Садуакас Н.А.,¹ Миоров М.О.²

¹*Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова,*

Актобе, Казахстан

²*Университет С. Башиева,*

Актобе, Казахстан

О КОПИРОВАНИИ КАЗАХСКОГО АЛФАВИТА В ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКЕ

Аннотация

В статье рассказывается о проделанной работе по переводу казахского языка на латинский алфавит. Рассмотрены история изучения и основные этапы развития письменности тюркских народов и современного казахского письма. На основе латинской графики казахский язык и его письмо будут соответствовать мировым стандартам, расширится статус государственного языка, расширится его применение, а орфоэпия казахского языка соответствует закону сингармонизма. Переход к латинскому алфавиту обозначает новый вектор вступления в ряды цивилизованных стран, идентификацию звуковых систем на казахском языке и сокращение излишних слов из прописания казахского языка. В статье разъясняется история формирования казахской письменности и анализируется языковая ситуация того периода. Переход на латинский алфавит способствует развитию духовности казахского народа, его процветанию и всестороннему развитию нашей страны в будущем.

Ключевые слова: алфавит, казахский язык, звук, буквы, графика, языковая ситуация, латинский алфавит, письмо, орфоэпия, синхронность, тюркские языки, проблемы орфографии

Кіріспе. Қазақ әліпбиі мен жазуын латын графикасына көшіру-бұл қазақ тілін жаңғырту, мемлекеттік тілді әлемдік стандартқа сай келтіру деп түсінеміз. Қазіргі таңда мемлекеттік тілге деген сұраныс артып, тіліміз керегесін кеңге жайып, егеменді елімізбен қатар дамып келеді. Қазақстан сияқты бүкіл әлемге танылған елдің мемлекеттік тілінің жазуы да заман талабына сай мінсіз болып келуін күнделікті өмірдің өзі де талап етіп отырғаны баршаға аян. Сондықтан латыннегізді қазақ тілі әліпбиіне алынатын әріптердің тіліміздегі дыбысқа сай келуіне және туысқан түркі халықтарына ортақ әріптерді алуға, жазу емлесі тіліміздің үндесіміне сай жасалуына ерекше мән беріліп отыр.

Тіліміздегі төл дыбыстардың «бір әріп-бір дыбыс» ұстанымға сай жасалып, тіліміздегі үндестік заңы үстем болуын да назарға алынып отыр. Адам - өз ойының иесі, өз сөзінің қожасы болса, тілдің иесі де, қожасы да - халық, сондықтан тіл - ұлттық таным мен мәдениеттің айнасы. Тіл - халықтың құнды мұрасы, мемлекеттің тірегі. Қандай ел болса да өз халқының тіліне үнемі назар аударып отыруы заңдылық болып табылады. Латын әріптері өркениеттің жазуы ретінде өмірдің өзі талап еткен басты қажеттіліктердің бірі ретінде күнделікті қоғамдық өмірімізге дендеп ене бастады. Жаңа технологияларды меңгеру, интернет жүйесі, компьютер саласы, ағылшын тілін меңгеру, медициналық білім алу, тағы басқа да жағдайларда латын әліпбиінің қажеттілігі сезіліп отырды. Сонымен қатар түркі халықтармен ортақ жазуда болу қажеттілігі, қазақ тілінің қолданысын кеңейте түсу ісінде де латын графикасының мүмкіндігі көп екендігі сезілді. Сондықтан қазақ тілінің әліпбиі мен жазуын латын графикасына көшіру туралы мәселе ел егемендік алған кезеңнен бастап ғылыми ортада қозғала бастаған еді. Еліміздің экономикалық жағдайы жақсарып, кемеліне келген тұсында латынға қатысты мәселені 2017 жылдың 12 сәуірінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» туралы жарияланған мақаласында қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастау керектігін елдің алдына міндет етіп қойған еді. Елбасы өз мақаласында: «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты», - деп, латынға көшудің маңыздылығына көңіл аударған болатын [1.2]. Қазақ жазуын латын қарпіне көшіру туралы Елбасының рухани жаңғыру бағытында баяндаған бағдарламалық мақаласындағы терең мәнді ұстанымдарын халықтың ықыласына ие болып, қолдау тауып отырған мәңгі елдің болашағына, мемлекеттік тілдің келешегіне жасалған игі істердің, маңызды тарихи оқиғалардың бірі деп бағаланды. Сондықтан қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру арқылы қазақ тілінің жазуы мен әліпбиін тіліміздің дыбыстық жүйесіне сай келтіріп, тіліміздегі басы артық кірме сөздерден арылып, мемлекеттік тілдің мәртебесі әлемдік стандартқа сай келуіне мүмкіндік жасап, өркениетті елдердің қатарына қосылудағы ана тіліміздің болашағын ойлап, оның қолданыс аясын одан ары кеңейте түсуге мүмкіндік жасау деп есептейміз. деп түсіну керек», - деген еді [2]. Қазіргі кезде біздің мемлекетіміз халқымыздың қазақ, орыс, ағылшын тілдерін білуіне қамқорлық жасап, арнайы бағдарлама бойынша келешек ұрпақтың үш тілді (қазақ, орыс, ағылшын) еркін игеруіне барлық жағдай жасап жатыр. Сондықтан латын әліпбиіне көшу ісі де мемлекеттік тілді дамытуға жасалып жатқан кезекті үлкен шаралардың бірі болып табылады.

Әдістеме. Жазу мәселесіне қатысты өткен тарихты еске түсірер болсақ, бұдан бір ғасыр бұрын қазақтың жазуында Ахмет Байтұрсыновтың араб әріптерін тіліміздің табиғатына лайықтап жасаған төте жазуы қолданылған болса, Баку қаласында 1926 жылғы 26 ақпан - 5 наурыз аралығында өткен І-бүкілодақтық түркітанушылар құрылтайы бүкіл түркі халықтары өз жазуларын латынға көшіруіне себеп болған еді. Түркітанушылардың осы бас қосуында араб жазуына қарағанда латын әріптерінің қолданысқа мүмкіндігі мен артықшылығын жақтаушылар көп болып, елдің бәрі латын жазуын қолдаған болатын. Түркі халықтарының басын қосқан осы съезден соң қазіргі Түркия Республикасының негізін қалаушы президенті Мұстафа Кемал: «Біз түркі халықтарынан бөлектенбейміз. Бізге бірге болу керек. Тіл мен жазу – түркілердің ортақ байлығы. Ортақ жазуға көшу арқылы біз ортақ мәдениет қалыптастырамыз» - деп мәлімдейді. Содан кейін Түркияның Министрлер кеңесі 1928 жылдың 28 маусымында «Алфавит жөніндегі комиссия» құрып, ол 8 және 12 шілдедегі өзінің отырысында латын графикасына негізделген жаңа түрік әліпбиін қабылдады [3]. Латын жазуының болашағын ерте сезген Мұстафа Кемал Ататүрік 1928 жылдың 1 қарашасында «Жаңа түрік әріптерінің қабылдануы мен қолдануы туралы» Заң шығарып, 1929 жылдан бастап мемлекеттік мекемелердің латын әліпбиін қолдануын қамтамасыз етеді. Сөйтіп «Әріп революциясы» деп аталып кеткен қазіргі түрік жазуын латын графикасына көшіру науқанында Мұстафа Кемал Ататүріктің бастауымен алғашқы болып түрік халықтары латын әліпбиіне көшкен еді. Көреген басшы ғасырлар бойы қолданып келген араб жазуын ауыстырып, түрік халқының өз еркімен латын әліпбиіне көшуін жүзеге асырды. Латынға көшу себебі туралы елбасы Мұстафа Кемал Ататүрік: «Біз латын әліпбиіне КСРО-дағы қалың түрік туыстарымыздан қол үзіп, көз жазып қалмау үшін қабылдағанбыз» деп түсіндірген екен [4.26]. Ал Кеңес билігіндегі елде 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумының «Біртұтас түрік алфавитін» енгізу туралы қаулысы қабылданып, түрік халықтарының жазуын бірінен соң бірін латын әліпбиіне көшіре бастады.

Нәтиже мен талқы. Кеңес еліндегі түрік халықтарының арасында алғашқы болып оқымысты С. Ағамалы-Оғлы құрастырған латын негізді эзербайжан әліпбиі көшіріліп, 1924 жылы 27 маусымда жаңа әліпбиі мемлекеттік мәртебеге ие болады. Ал қазақ білімпаздарының 1924 жылы 12-18 маусым аралығында Қазақ АКСР-нің Ағарту халық комиссариаты Орынбор қаласында қазақтың Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, М. Дулатов, Н. Төрқұлов, Е. Омаров, М. Жолдыбаев, М. Мұрзин, А. Кенжин, М. Саматов, Н. Залиев сияқты сол тұстағы белгілі адамдары қатысуымен өткізген І съезінде А. Байтұрсыновтың «Төте жазу әліпбиі» қазақтың оқыған зиялылары тарапынан кең қолдау тауып, араб әріптерінің қазақ тіліне лайықтанған әліпби үлгісі мен емлесі ресми түрде қабылданғанмен де, кейіннен жоғары жақтың шешімімен және Нәзір Төрқұлов, Мұхтар Мұрзин, Телжан Шонанов сияқты қазақ оқығандарының бір тобының қолдауымен латын әліпбиі мәселесі көбірек қозғала бастайды. Қазақ жазуының алғашқы латын графикасына негізделген әліпбиінің жобасы сол кезде Шығыс халықтарының Орталық баспасы басқармасының төрағасы болып қызмет еткен, елге танылған, білімді азамат Нәзір Төрқұловтың Мәскеу қаласында 1924 жылы шыққан «Жаңа әліпби туралы» деген кітабында жарияланды. Қазақ жазуы 1929 жылы жарияланған «Жаңа алфавит туралы қаулы» бойынша «төте жазу» деп атаып кеткен араб әліпбиінен латын графикасына көшірілген болатын. Осы латын графикасындағы қазақ әліпбиінің алғашқы нұсқасында 9 дауысты, 2

жарты дауысты, 18 дауыссыз дыбысты таңбалайтын 29 әріп болды: 1.А <а>, 2.ә <ә>, 3. ь <ы>, 4.о <о>, 5.и <ү>, 6. е <е>, 7.і <і>, 8.ө <ө>, 9.у <ү>, 10.р <р>, 11. т <т>, 12.б <б>, 13.д <д>, 14. г <г>, 15. җ <җ>, 16.з <з>, 17. ҫ <ж>, 18.һ <һ>, 19.м <м>, 20.н <н>, 21.ң <ң>, 22.в <у>, 23. к <к>, 24.қ <к>, 25.с <с>, 26.с <ш>, 27. l <л>, 28. r <р>, 29. <й> [5.131]. Сол кезде Кеңес билігіндегі, өз еркі жоқ түрік халықтары жоғары жақтың шешімі бойынша он-он бес жылдың ішінде араб, латын, кирилл әліпшелерінің бірінен-біріне өтіп, үш түрлі әліпби ауыстыруына тура келген еді.

Бұрынғы Кеңес билігінде болған елдер өздерінің тәуелсіздігін алған кезде түркі халықтары ұлттық тілдерінің мемлекеттік мәртебесін күшейтіп, өз әліпбиі мен жазуын жетілдіріп, дамытуды қолға алды. Алғашқы болып, 1991 жылы 25 желтоқсанда сол кездегі Әзербайжан Республикасының Президенті А.Муталибов «Латын графикасы негізіндегі әзірбайжан әліпбиін қалпына келтіру туралы» заң шығарып, мамандарға 1940 жылға дейін елде қолданылған латын графикалы әзірбайжан әліпбиін жетілдіріу туралы тапсырмалар берді. Сөйтіп әзербайжан халқы бұрынғысын жетілдіріп, түрік әліпбиіне жақындатып өздерінің латын негізді әліпбиін қабылдады. Ал 2001 жылдың жазында Әзірбайжан латын жазуына толықтай көшкендігін жария етті [6]. Әзербайжан тілінде «Ә» дыбысы өте жиі кездеседі. Сондықтан әзербайжан тілі үшін өзіндік ерекшелігін танытатын, дыбыстық жүйесін дәл айқындауда маңызды болғандықтан әліпби құрамына «Ә» таңбасын арнайы бұрынғысынша енгізген (пәпә – апа, мәпім – менің, әл – қол, т.б.); Әзербайжан ғалымдарының айтуынша, олардың латын графикасына негізделген емлесінде ең көп өзгеріс жасалғаны кірме сөздердің жазылуы болған. Әзербайжан тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес, ұлттық әуезбен жазылуына ерекше мән берілген (artek (аптека), valyuta (валюта), vağzal (вокзал), kompüter (компьютер), musiqi (музыка), mağaza (магазин), folklor (фольклор), fakültə (факультет), paraşüt (парашют), sūjet (сюжет), т.б.); Латын негізді әзірбайжан әліпбиінде 32 әріп пен бір дәйекші болды. Латын графикалы әзербайжан әліпбиінде «Ә» дыбысының әрпі кирилл таңбасымен берілген. Қазақ тілінде «ү», «ң» дыбыстары бар болса, әзербайжан, түрік тілінде бұл дыбыстар жоқ. Ал «ә», «к» дыбыстары қазақ, әзербайжан тілінде бар болса, түрік тілінде бұл дыбыстар жоқ. Осындай ерекшелігіне байланысты қазіргі латын негізді түрік әліпбиінде 29 әріп, әзірбайжан әліпбиінде 32 әріп, қазақ әліпбиінде 34 әріп бар. Әзербайжанның «Тіл туралы» заңында мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдары өткізетін барлық ресми рәсімдер мен іс-шаралар мемлекеттік тілде өткізіледі деген бабы бар. Бұл заң арқылы мемлекеттік тілге ерекше күш беріп, қолдау жасаған болып табылады.

Латын әліпбиіне алдымен көшкеннен кейін Әзербайжан, Түркіменстан, Өзбекстан елдері өздерінің әліпбилеріне кейіннен кейбір өзгерістер енгізді. Түбі бір түркі халықтарының тілі ұқсас болумен қатар, олардың өзіндік ерекшеліктері де бар. Олардың ортақ түркі әліпбиін пайдалана отырып, осы ерекшеліктерін де сақтауы дұрыс болады. Сондықтан олардың әліпбиі шама келгенше бір-бірінен көп алшақ кетпеуі үшін ортақ түркі әліпбиімен қатар әліпби жасау барысында ортақ ғылыми ұстанымдары болып, мысалы, жінішке дауысты дыбыстарды, мұрын жолды дауыссыз дыбыстарды, ызың, қатаң дыбыстарды танытатын қосымша белгілерді пайдалануда ортақ пікір болғаны жөн деп білеміз. Сонда әліпбиде умлаут, бревис, тильда, макрон, седиль сияқты диакритикалар да ортақ ұстаныммен қолданылатын болады.

Түркі халықтарының жазуын жақындату мақсатында 1991 жылғы қазанның 18-20 күндері Стамбұлдағы Мармара Университеті жанындағы Түркітану институты ұйымдастырған «Қазіргі түркі әліпбиі» атты симпозиумында Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркіменстан елдерінің тілші ғалымдарының қатысуымен Түркияның 29 таңбадан тұратын әліпбиіне өзге түркі халықтарының тілдеріндегі дыбыстары үшін қосымша бес қаріп енгізу арқылы 34 таңбалық (a, b, c, ç, d, e, f, g, ğ, h, i, j, k, l, m, n, o, ö, p, r, s, ş, t, u, ü, v, y, z, ä, x, q, ñ, w) Түркі ортақ латын әліпбиі жасалды [7]. Бұдан кейін 1992 жылы, 29 қыркүйек-2 қазанда Бішкекте өткен Түрік Республикалары мен Түрік мемлекеттік құрылымдары Білім Министрлігі өкілдерінің 2-Халықаралық конференциясы, 1993 жылы, 8-10 наурызда бес тәуелсіз Түрік Республикасы қатысқан және Түрік іскер топтары мен Даму агенттігі (ТИКА) ұйымдастырған Анкарадағы «Әліпби мен емле мәселесі» атты Халықаралық конференция, 1993 жылы, 21-23 наурызда Анталияда өткен «Түрік мемлекеттерінің достық, бауырластық және ынтымақтастығы құрылтайы» атты ірі жиында тағы да талқыланып, 34 әріпті әліпбиге өту қажеттілігі жайында шешім қабылданған еді [7].

Қазақтың белгілі ғалымы, академик Ә.Т.Қайдардың айтуынша, 1993 жылғы наурыздың 8-10 аралығында Түркия мемлекетінің Сыртқы істер министрлігі ұйытқы болып, ең ірі алты түркі мемлекетінің (Түркия, Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Әзірбайжан және Түрікменстан) басын қосқан Анкарадағы әйгілі конференцияда ғылыми негізде жасалған 34 әріптен тұратын латын әліпбиінің үлгісі қабылданып, «осы әліпби түркі халықтарының бәріне ортақ, оны әр ұлт өзінің тілдік ерекшеліктеріне орай қажетінше өзгерте алады» деген келісімге келген еді [4.438]. Конференцияда қабылданған қазіргі заман талабына сай түзілген латын негізді 34 әріптен тұратын ортақ түрік әліпбесі: Aa, Bb, Cc, Dd, Ee, Əə, Ff, Gg, Hh, Xx, Ii, Jj, Kk, Qq, Ll, Mm, Nn, Oo, Pp, Rr, Ss, Tt, Uu, Vv, Ww, Yy, Zz [4.426]. Осы Анкарада өткен ғылыми конференцияға қазақ делегациясын бастап барып, барша түркі халықтарына ортақ етіп жасалған латын әліпбиінің жобасына Қазақстан атынан қол қойған академик Ә.Т.Қайдар барлық түркі жұртына ортақ 34 әріптен тұратын латын әліпбиінің сол үлгі жобасын «Кемел елге кемел әліпби керек» деген тақырыппен «Ана тілі» газетіне жариялаған болатын [4.438]. Одан кейін көп ұзамай, осы ғылыми негіздерге сүйене отырып, әрі түркі халықтарына ортақ келісілген латын әліпбиінің жобасын басшылыққа алып, кирилл жазуынан қазақ әліпбиін латынға көшіру мәселесін алғаш көтерген, қазақ әліпбиінің үлгісін жасап, ғылыми ортаға ұсынған академик Ә.Т.Қайдар болатын [4.440].

Осы кезге дейін қазақ жұртшылығы латын графикасымен жасалған әліпбидің диграф, апостроф, ақутта әріпүсті бір нокат алынған түрлерімен танысып, әліпбидің осы үш түрлі нұсқасын талқылауға қатысқан болатын. Апостроф пен қосар таңбалар сөз тұрқын ұзартып, оқу мен жазуға икемді болмады. Ғылыми қауым өкілдері әліпби

жасаушылардың қазақ тілі дыбыстарының ерекшелігін барынша ескеріп, мүмкіндігінше «бір әріп – бір дыбыс» ұстанымын сақтауға назар аударуын қалаған еді. Қазақ әліпбиі мен жазуын латын графикасына көшіру барысында зерттеу жүргізушілердің бірі тіліміздің өзіндік ерекшеліктеріне, үндестік заңын сақтауға жете назар аударуды атап көрсетсе, ал кейбірі тілдің үндестік заңынынан бұрын жазудағы әріптің үнемді жұмсалуды, орыс, ағылшын сөздеріне икемді болуы маңызды деп есептеп, латынмен жазу барысында орфоэпия мен орфография арасын ажырата қарап, сөзді жазылым талабына қарай нақтылап, ал айтылымын сөйлеу барысында ескеретінімізді алға тартады. Сондықтан «к-г» дыбыстарының қыркүйек, көкөніс, шекара сөздерінде қатаң түрде жазылып, ал ұяң түрдегі нұсқасы айтылым кезінде ескерілетіні заңдастырылып жатыр. Қазіргі кирилл негізді әліпбиіміздегі 42 әріптің ішінде орыс тілінің он үш әріпі (в, ё, и, ц, ч, ш, ф, х, ь, ъ, э, ю, я) және арабтың «һ» әріпі бар, сондықтан қазақтың төл сөзінде жоқ әріптер өз тіліміздің заңдылығын бұзып, көп сөздерді орыс тілінің емле-ережелеріне бағынып жазып, өзге тіл заңдылығы бойынша айтуға итермеледі, яғни қазақ әліпбиі деген аты ғана, біздің әліпбиімізді қазақ-орыс әліпбиі деп атауға болады екен [8.6]. Бұл өз кезегінде тілді шұбарлап, қазақ тілінің өзіндік әуенін жоғалтуға жол берді. Ал осы әріптердің бәрін тастап кетуге тәуекел ете алмай, латын графикасындағы жаңа әліпбиімізге өзге тілдегі әріптердің қайтадан жартысын (в, и, ч, ф, х, һ) алып отырмыз. Қазақ тілінің төл сөздері құрамында 9 дауысты, 19 дауыссыз дыбыс бар. Бұған қоса қазіргі кирилл негізді қазақ әліпбиінде орыс тіліндегі дыбыстардың таңбаларын қосқанда барлығы 42 әріп бар. Сонда төл сөзімізде барлығы 28 дыбыс болса, әліпбиде 42 әріп болуы тілдің табиғи дыбысталымына, сонымен қатар төл сөздері құрамында өзге сөздердің де көбейе түсуіне жол береді. Негізінен әліпбиде тілдің фонема құрамынан артық әріптің болуы дұрыс емес, керісінше, фонема құрамы әріппен тепе-тең, немесе әріптен көбірек болғаны тиімді екен. Сондықтан қазіргі латын негізді қазақ әліпбиіндегі әріптер 32-34 әріпке дейін қысқартылды. Әліпби түзуде Ахмет Байтұрсынұлының «бір таңба-бір дыбыс» деген ұстанымына сүйенуіміз керек.

Қазіргі кезде қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру жөніндегі Ұлттық комиссия жасаған әліпбидің умлаут және акут арқылы жасалған кезекті жаңа нұсқасын талқылап, пікір айтып жатырмыз. Әліпбидің бұл екі нұсқасы да ұқсас, екеуінде де 31 таңба бар, айырмасы біреуі – акут, екіншісі умлаут арқылы берілген. Жіңішке «ә», «ө», «ү» дауыстылары умлаут арқылы (Ää, Öö, Üü), ал «ғ» дауыссыз дыбысы бревис диакритикасымен (Ġ) таңбаланған. Сонымен қатар, «ң» дыбысы акут арқылы - «Ŋ», ал умлаут нұсқасында «Ŋ» таңбасымен берілген. Бұдан бұрынғы нұсқалардан тағы бір өзгешелігі «İi» әрпімен «й, и» дыбыстары, «Iı» әрпімен «і» дыбысы таңбаланған. Ал «у» дыбысы «U» таңбасымен, «ұ» дыбыстары әріпүсті диакритикасы бар «Ü, Ü» таңбасымен, «ш» дыбысын әріпасты диакритикасы бар «Ş» седиль таңбасымен беру ұсынылған. Бұл нұсқада «Ш» дыбысының мәтін ішіндегі жиілігі жоғары, оны екі таңбамен беру мәтінді жасанды ұзартатыны, оны таңбалауға алынған (sh) қосар әріп екі түрлі оқылып, шатасу тудыратыны ескерілген. Сондықтан «ш» дыбысының бір седиль таңбасымен (ş) берілуі қазақ тіліндегі «бір дыбыс – бір таңба» принципі сақтауға да мүмкіндік береді. «Ч» дыбысы қазақ тілінің төл сөздерінде кездеспейді, осы дыбыспен айтылатын шеттілдік сөздердің саны да өте аз және қолданылу жиілігі төмен деп, «ч» таңбасын әліпбиден алып тастау ұсынылған [8.7]. Әліпбиде «ш» дыбысының «Ş» әрпімен берілуі қазақ-түрік әліпбиінің жақындаса түсуіне де пайдасы бар дұрыс шешім деп есептейміз. Бірақ «й, и» дыбыстарын «İi» әрпімен, «і» дыбысын «Iı» әрпімен, «ы» дыбысын «Y y» әрпімен белгіленген. Бұл дыбыстардың таңбалануы түрік әліпбиінен өзгеше болып кеткеніне тағы да әртүрлі пікір айтылып отыр. Әліпбиде ый/йй қосар дыбыстары және орыс тіліндегі «и» дауыстысы үнемдеу әдісімен бір «İi» әрпімен берілген. Латын қарпі - қазақ жазуының жаңғыруының негізі, сондықтан ұлттық әліпбиіміз бен жазу емлемізді ана тіліміздің табиғи дыбысталымына сай құрастырып, осы әліпби арқылы туысқан түрік халықтарымен жазуымызды да жақындата түсуіміз керек.

Қазақстанда латын әліпбиі туралы алғаш сөз қозғалғаннан бері ғылыми ортада латын әліпбиінің мүмкіндіктері мен оны қазақ әліпбиіне көшіру мәселесі жөнінде түрлі дәрежедегі жиындар болып, көптеген ғылыми зерттеу мақалалар да, түрлі авторлардың құрастырған әліпбилері де жарияланып, ғылыми ортада талқыланып келеді. «Қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» деп Елбасы атап көрсеткендей, қазақ жазуын латын әріптеріне көшірудің басты мақсаты - бұл мемлекеттік тіл дәрежесіндегі қазақ тілін дамыту үшін жасалып жатқан шаралардың бірі. Қазіргі орфографиямызды жетілдіру, сөзіміздің қазақ тілінің табиғи үндесіміне сай жазылуын қамтамасыз ету болып табылады. Заман ағымына сай тіл де үнемі дамып, сөздік құрамы толығырақ түседі. Күнделікті өмірде танылған барлық заттар мен құбылыстар сол тілде сөз арқылы қолданыс табады. Егер осы сөздер өз ана тілінде, немесе ана тілдің заңдылығына бейімделіп қолданылмаса, онда кез-келген тілдің сөздік қоры жұтаң тартып, ол тілдің табиғи заңдылықтары бұзыла бастайды. Барлық уақытта да тілдің өзіндік заңдылықтарын ескеріп, үнемі жетілдіріліп отыруы керек. Қазіргі жазуымызда басшылыққа алатын негізгі емле ережелеріміз 1983 жылы қабылданды, одан бері тілімізге енген сөздер де көбейді. Сондықтан латын негізді жаңа әліпбиде сөзіміздің қазақ тілінің басты заңдылығы-үндестік заңына сай жазылуына назар аударылуы керек деп есептейміз. Сонымен бірге, басқа тілден сөз алмаған таза тіл жоқ, барлығында да өзге сөздер бар, бірақ өзге сөздерді өз сөздеріндей өзгеріске түсірген. Сондықтан қазақ тіліндегі кірме сөздер де тіліміздің заңдылықтарын бұзбай, қазақ тілінің заңдылығына бағынып енуі тиіс. Осы орайда, жаңа емле ережелері жан-жақты зерделеніп, тіліміздің табиғатына сай жүйелі құрастырылып жатқанын да жауапты мамандар атап көрсетіп отыр. Әліпбиден басы артық әріптердің шығарылып тасталғаны да тіліміздің төл заңдылықтарына сай айтып-жазуды қалыптастыру мақсатынан туындаған іс болып табылады.

Қорытынды. Қазіргі кезде қазақ әліпбиі мен жазуын латын графикасына көшіру мәселесі жөнінде пікір айтып, осы бағытта зерттеу жүргізушілердің бірі тіліміздің өзіндік ерекшеліктеріне жете назар аударып, үндестік заңын сақтауды басты талап деп есептесе, енді бірі үндестік заңын сақтаудан бұрын жазудағы әріптің үнемді жұмсалуды, орыс, ағылшын сөздеріне икемді болуы, орфоэпия мен орфография арасын ажырата қарау дегенге баса назар

аударып, қазақ тіліндегі жазу заңдылығында төл сөздерді жазу және шетел сөздерін жазу емлесі деп екі түрлі ұстанымдарды алға тартып келеді. Мұндай жағдайда емледегі қазақ тілінің табиғаты, оның басты ерекшеліктері басты назарда болғанмен, өзге тіл сөздерін жазуға байланысты кейбір қиындықтарынан әлі де арыла алмай тұрған сияқты болады. Сондықтан кірме сөздерді ойдан шығарған нұсқада емес, халықтың жалпақ сөйлеу тілі ерекшелігіне қарай бейімдеп, тілдің ішкі табиғатына сай фонетикалық ұстанымға бұрып жазу керек. Әліпбиден өзге тілдің дыбыстарын танытатын әріптерді шығарып қана қоймай, сонымен бірге төл сөзіміз бен шетел сөздерін жазудағы емлені де бір-бірінен алшақ жібермей, өз тіліміздегі дыбыстар тіркесімі мен үндесім заңына сай емле жасау қажет. Бүкіл туысқан түркі халықтарының түркі ортақ латын әліпбиіне көшуі тіліміздің өзара туыстығын одан әрі жақындатып, болашақтағы байланысымызды одан әрі жақсартуға түседі. Сондықтан болашақта басқа да түркі халықтары латын әліпбиіне көшуі арқылы әлемдік кеңістіктегі тіліміздің қолданысын да кеңейте түсуге мүмкіндік болады. Қазіргі таңда қазақ әліпбиі мен жазуы жан-жақты зерттелуімен қатар, жаңа заман талаптарына сай емле ережелері де жетілдіріліп, әліпби құрамы нақтыланып, туысқан түркі халықтарының латын көшіне ілесуге дайын болып қалды. Латын графикасы арқылы таңбаланған қазақ әліпбиі мен жазуы қазақ елін жаңа биіктерге бастайтынына кәміл сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан газеті. №70 (29051). 12 сәуір, 2017 жыл. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru> 26.04. 2017.
- 2 Жаңғырудың жаңа белесі // Айқын газеті-Айқын.кз. 08.08.2017 ж.
- 3 Латын графикасын негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. / Ред. алқа: Қ.Ш.Хұсайын, Ә.Нсанбаев, К.Н.Бұрханов, С.А.Қасқабасов, М.Қ.Әбусейітова, Н.Қ.Нұрланова, М.Айдаранов, С.Құнанбаева. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. - 410 б. - 138-139 бб.
- 4 Қайдар Әбдуәли. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. 2-том. - Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. - 512. - б.
- 5 Күдерінова Қ Қазақ жазуының теориялық негіздері. Екінші басылым. -Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы», 2010. - 380 б.
- 6 Алпатов В. Реформа алфавита: латиница или кириллица // Журнал. «Русский язык», №9, 2004. Режим доступа: https://www.ca-c.org/journal/2002/journal_rus/cac-02/15.alpru.shtml
- 7 Түркі ортақ латын әліпбиі. <http://www.atalarmirasi.org/19-turki-ortaq-latyn-alipbii>
- 8 Садуақас Н.А. Әліпбидің акут және умлаут нұсқалары туралы // Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме/Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме/Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы, Тілдерді оқыту орталығының ақпараттық-әдістемелік журналы. № 2. 27 маусым. - Ақтөбе, 2020. -100 б. - (6-8 б.).

References:

1. Nazarbaev N.Ä. «Bolaşaqqa bağdar: ruhani jañğyru» // Egemen Qazaqstan gazetі. №70 (29051). 12 säuir, 2017 jyl. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru> 26.04. 2017.
2. Jañğyruıdyñ jaña belesі // Aiqyn gazetі-Aikyn.kz. 08.08.2017 j.
3. Latyn grafikasyn negızındegі qazaq älpbii: tarihy, tağylymy және bolaşaqy. / Red. alqa: Q.Ş.Hüsaiyn, Ä.Nsanbaev, K.N.Bürhanov, S.A.Qasqabasov, M.Q.Äbuseitova, N.Q.Nürlanova, M.Aidaranov, S.Qünanbaeva. - Almaty: «Arys» baspasy, 2007. - 410 b. - 138-139 bb.
4. Qaidar Äbduäli. Ğylymdağy ğümyr. Maqalalar, baiandamalar jinağy. 2-tom. - Almaty: «Sardar» baspa üii, 2014. - 512. - b.
5. Küderinova Q Qazaq jazuyınyñ teorialyq negızderi. Ekinşı basylym. -Almaty: «Memlekettik tilді damyту ortalyğy», 2010. - 380 b.
6. Alpatov V. Reforma alfavita: latinisa ili kirilisa // Jurnal. «Ruski iazyk», №9, 2004. Rejim dostupa: https://www.ca-c.org/journal/2002/journal_rus/cac-02/15.alpru.shtml
7. Türki ortaq latyn älpbii. <http://www.atalarmirasi.org/19-turki-ortaq-latyn-alipbii>
8. Saduaqas N.A. Älpbidiñ akut және umlaut nūsqalary turaly // Tilderdi oqytı: izdenis және ädisteme/Tilderdi oqytı: izdenis және ädisteme/Aqtöbe oblysynyñ tilderdi damyту basqarmasy, Tilderdi oqytı ortalyğynyñ aqparattyq-ädistemelik jurnalı. № 2. 27 mausym. - Aqtöbe, 2020. -100 b. - (6-8 b.).

Салжанова Л.Е.,¹ Розиева Д.С.,² Мамырханова Ж.Т.³

^{1,2}Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,
Алматы, Казахстан

³Некоммерческое акционерное общество Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати,
Тараз, Казахстан

COVID-19 В ЛЕКСИЧЕСКОЙ СИСТЕМЕ СОВРЕМЕННОГО ЯЗЫКА

Аннотация

В предлагаемой статье рассматривается лексика в социальном дискурсе, которая приобрела актуальность в связи с болезнью века Covid-19. Анализ проводится на основе четырех статей немецких газет “Süddeutsche Zeitung” и “Tagesschau”. Для сравнения предлагаются сведения из обзора британских и американских газет октябрьских номеров 2020 года.

Лексические единицы составляют компоненты и фрагменты дискурсов, привлекающие в последнее десятилетие все большее внимание не только филологов, но и ученых других сфер общественно-гуманитарных наук. Поэтому основной упор делается на применение слов интересующего нас пласта и актуальность его семантической, семной и семемной особенностей в текстах, соответственно в дискурсах. Однако это не говорит о том, что текст и дискурс синонимичны.

Их различие также обсуждается в статье. Исходя из этих и других соображений в статье мы старались иллюстрировать конкретный фактический материал, а также сравнивали их семантическую деривацию с фактами, извлеченными из авторитетных словарей. Так как некоторые языковые единицы в связи с их “свежестью” не успевают найти свое место в словарях, их семантические разряды определяются в контекстах. Кроме того, языковые единицы распределяются по определенным тематическим типам и семантическим категориям.

Ключевые слова: всемирная паутина, словарный запас или лексический корпус, коронавирус, концепт и дискурс

Salzhanova L.,¹ Rozjyeva D.,² Mamyrkhanova Zh.³

^{1,2}Ablai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan

³M.Kh. Dulaty Taraz Regional University,
Taraz, Kazakhstan

COVID-19 IN THE LEXICAL SYSTEM OF THE MODERN LANGUAGE

Abstract

The given article examines the vocabulary in social discourse, which has gained relevance in connection with the disease of the century Covid-19. The analysis is based on four articles from the German newspapers Süddeutsche Zeitung and Tagesschau. For comparison, information is provided from a review of British and American newspapers in October 2020.

The lexical units are components and fragments of discourses that, in the last decade, have attracted more attention of not only philologists, but also scientists from other areas of the social sciences and humanities. Language units are divided into specific semantic categories.

The article illustrates specific factual material, and also compared their semantic derivation with facts extracted from authoritative dictionaries. Since some linguistic units, due to their "freshness", do not have time to find their place in dictionaries, their semantic categories are determined in contexts. In addition, linguistic units are categorized into specific thematic types and semantic categories.

Keywords: world wide web, vocabulary or lexical corpus, coronavirus, concept and discourse

Салжанова Л.Е.,¹ Розиева Д.С.,² Мамырханова Ж.Т.³

^{1,2}Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Алматы, Қазақстан

³М.Х.Дулати атындағы Тараз регионалдық университеті,
Тараз, Қазақстан

COVID-19 ҚАЗІРГІ ТІЛ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ЖҮЙЕСІНДЕ

Аңдатпа

Берілген мақалада ғасыр ауруы Covid-19 -ға қатысты өзекті болып отырған қоғамдық дискурстағы лексика қарастырылады. Талдау “Süddeutsche Zeitung” және “Tagesschau” атты неміс газеттерінде берілген төрт мақала негізінде жасалған. Салыстыру негізінде британ және америка газеттерінің қазан айы 2020 жылдағы нөмірлеріне шолу жасалынған мәліметтер ұсынылады.

Лексика бірліктері дискурс компоненттері мен фрагменттерін құрайды. Ал дискурс ұғымы соңғы он жылдықта тек филологтар ғана емес, сонымен қатар қоғамдық және гуманитарлық салалар ғалымдарының да назарын аударып отыр. Сондықтан да үлкен көңіл бізді қызықтырып отырған сөздердің қабаттарына және олардың мәтін мен дискурста қолданылатын семалары мен семемаларына бөлініп отыр. Біз мұнда мәтін мен дискурсты мәндел дегеніміз емес. Осы және басқа да ойлар негізінде біз мақалада нақты дәлелдер беруге тырыстық және олардың семантикалық өзгерістерін беделді сөздіктер деректерімен салыстырдық. Кейбір тіл бірліктері өздерінің “жаңашылдығына” байланысты сөздіктерде орын таппағандықтан, олардың семантикалық тегі мәнмәтінде талқыланады. Сонымен қатар тілдік бірліктер белгілі бір тақырыптық типтер мен семантикалық категорияларға бөлінеді.

Түйін сөздер: әлемдік ғаламтор, сөздік қор немесе лексикалық корпус, коронавирус, концепт және дискурс

Введение. Всемирная паутина или World Wide Web (WWW) является для языковедов неисчерпаемой базой данных, пишут авторы книги “Internetlinguistik” [1, 15], которая все больше и неперестанно обновляется. С таким мнением трудно не соглашаться, особенно сейчас, когда весь мир зависит от услуг Интернета и тогда, когда мы часами сидим в поиске разных информации в силу своей занятости или деятельности. Разножанровые тексты по специальным областям (сферам общественности), всевозможные статьи журналистов или ученых, “отточенные” или небрежные комментарии читателей или посетивших разные сайты реципиентов, виртуальные беседы друзей или родственников, описания реальных событий или рассказы “лже-“ свидетелей и многое другое могут быть основой для формирования различных видов дискурсов. Кроме того, данный ряд может быть дополнен применениями социальных медиасайтов, как фейсбук (Facebook), твиттер (Twitter), тамблер (Tumblr), блоги (Blogs) или твитс (Tweets). В любом случае они не препятствуют со своими анонимными или не анонимными авторами для изучения некоторых текстов/фактов жизни и каким-то понятным для лингвистов образом найти там интересные для анализа элементы. К тому же они способствуют развитию словарного состава языка, развитию материальной и содержательной сторон филологической науки. В рамках научной публикации можно и нужно работать над языковыми материалами, которые своим содержанием и лексико-семантическим корпусом привлекают внимание языковеда. Речь идет о языковом материале, который в начале был создан устно и затем “отекстован” (частные беседы или общественные мнения) или уже обработан в письменной форме в виде газетных статей, веб-текстов. Составление языкового (лексического) корпуса является, по мнению немецких коллег, кропотливой работой и с точки зрения траты времени, и из позиции финансового бюджета (конечно, если государство в этом заинтересовано) [1, 25].

Методика. Известно, что исследованием языковых единиц, соответственно исследованием профессиональных языков занимаются аспекты прикладной лингвистики. Она привлекает в свою сферу обучение языкам, изучение их единиц, дидактику, также анализы различных видов коммуникации. Целью при этом является определение дефиниций профессиональных умений, профессиональной компетенции, специальной коммуникации и др. Передача опыта для создания специализированных баз не остается вне поля зрения, так как в современном мире есть очень много людей, изучающих не один иностранный язык, но и несколько языков. Поэтому многие материалы подвергаются новым обсуждениям *Content and Language Integrated Learning (CLIL)*. Но это не говорит о том, что знающий иностранный язык становится мудрым или умным, или ученым, однако знание языков дает возможность разобраться во многих вещах, особенно во время глобализации, в нашем быстротечном и быстроразвивающемся мире. Постоянный рост лингвистических учений и основание психолингвистики как междисциплинарная область исследования внесли существенный вклад в содержание, идентификацию методики, которая в свою очередь помогла решению многих проблем в изучении иностранных языков. В качестве примера можно назвать влиятельную книгу *Psychologist and the Foreign Language Teacher* [2, 15]. Появление когнитивистики и ее влияние на разные сферы науки тоже принесли свою пользу: для того, чтобы понять, как язык в памяти (головах), например, обучающихся появляется и как он дальше развивается, как он влияет на видение, все эти вопросы привели появлению ряда других материалов и методики использования. Нейролингвистика должна была ответить на вопрос: какие области мозга активизируются во время разработки или обработки языковых информации. Когнитивная лингвистика, психолингвистика, нейролингвистика и родственные дисциплины, и аспекты с когнитивно-лингвокультурологическим направлением, предоставили ряд новых методик и методов анализа, одним из которых является дискурсивно-лингвистический метод изучения.

Результаты. Наш взгляд привлек словарный запас немецкого языка, применение лексики в материалах статей и комментариев на них, цитирование забытых фраз, которые приобрели актуальность во время карантина. Материалы для анализа извлечены из статей следующих газет: 1 “Süddeutsche Zeitung”, название статей а) Betrug bei Corona-Soforthilfen Schnell, digital - und unsicher (16.04.2020, состояние 19:48); б) “Pandemie: Das sind die aktuellen

Corona-Regeln“ (15. 04. 2020, состояние 21:05); и 2 “Tagesschau“, статьи а) „Coronavirus - Das Problem mit der Sterblichkeitsrate“ и б) „Kampf gegen Coronahilfe-Betrug, Wie Hase und Igel“ (14.04.2020, состояние 06:01).

Мы просмотрели On-line-версии указанных газет буквально за три дня относительно тем и проблем, связанные с вспышкой коронавируса (*Coronavirus*) в мире. В отдельных случаях, особенно при чтении комментариев (всего восемь, состоящие из 5-6 предложений) и интервью, можно увидеть псевдо-авторов или скрытые имена пользователей. Это связано, скорее всего, с тем, что они в WWW очень активны и хотят сохранить свою анонимность в целях, видимо, своей безопасности.

Итак, мы представляем WWW-корпус, то есть наблюдение подлинно речевого поведения авторов. Корпус (корпора) и есть обширное собрание устных и письменных текстов (лексических единиц текста), которые

- составлены или составляются из-за познавательных интересов или сценариев употребления (при необходимости составления тематического словаря), иногда для того, чтобы по возможности иметь представление о характерных чертах относительно заинтересованного раздела словаря;

- выбираются из многомиллионных слов тематики то, что привлекает исследователя на данный момент (актуальная часть словаря);

- исходят из сегодняшнего положения дел, имея в распоряжении электронные носители и узнаваемы (читаемы) многими;

- могут быть исследованы, как правило, посредством, прежде всего, количественного анализа и введены в компьютерные программы для объяснения или интерпретирования данных с помощью имеющихся в них словарей (лексикографических источников) и др. [опыт авторов ср. также с 3, 366-381]. То, что будет представляться в работе соответствует этим критериям. Некоторые языковые единицы не успели даже найти в словарях свое (заслуженное) место. Для (пере)проверки можно дать известные немецкие on-line-сайты, как <http://wortschatz.uni-leipzig.de>; www.ids.mannheim.de; <http://www.dwds.de> etc., разместившие различные текстовые корпуса.

Однако начнем с изучения лексики в русскоязычном общественно-медицинском дискурсе, чтобы ввести в курс дела:

... Китай в очередной раз преподнес миру новую коронавирусную инфекцию. Идентифицированный вирус получил название SARS-CoV-2, а само заболевание ВОЗ назвала COVID-19 (английская аббревиатура от COV – коронавирус и ID – инфекционное заболевание). [4, 6]

В приведенной иллюстрации видим не один термин, а несколько сразу, как “коронавирус(ная)”, “инфекция”, “идентифицированный вирус”, “заболевание”, “ВОЗ (Всемирная организация здравоохранения)”, “инфекционное заболевание” и наконец “COVID”, которые обеспечили “благоприятную обстановку” для создания дискурса. Все эти термины (без всякой интерпретации и смыслового понимания) наводят на людей, общество определенный психологический страх. Чувство страха (*die Angst* – боязнь) встречается в каждом просматриваемом немецком медиа-тексте, например в газете “Süddeutsche Zeitung“ (от 15.04.2020):

Neben professionellen Berichten gebe es auch solche, die Angst schürten. Insgesamt zeige sich große Unsicherheit - Наряду с профессиональными отчетами в немецких СМИ имеются такие сообщения, которые наводят страх. В целом существует большая неуверенность/неопределенность. Вообще, глагол “schüren” (метафоричное образование) переводится как “раздувать огонь, подстрекать, разжигать”, но в сочетании с *Angst* в приведенной статье передает выражение русского языка “наводить/разбудить страх”, придавая предыдущему слову метафоричность, образность, коннотированность. Данный концепт “die Angst“ разворачивается за счет единиц *Todesfälle* – смертные случаи, *Infektionsketten* – серии инфекции, *Sterblichkeit* - смертность, *Letalität* - летальность, *Anlaufschwierigkeiten* – трудности развертывания работы, *Verdachtsfälle* – случаи подозрения, *die Hysterie* – истерия, истерика, *die Unsicherheit* – неуверенность, не стабильность, не гарантированность, *die Pandemie* – пандемия и др. Окказионализм *die Infodemie*, который был образован по аналогу “die Pandemie“ в формировании контекста также находит свое отражение в данном ряду и позволяет построить дельный, эффективный дискурс в медиа-сфере. Профессор журналистики Марлис Принцинг (*Marlis Prinzing*) возмущается поведением некоторых журналистов. Она призывает их к тому, чтобы они (журналисты, корреспонденты) занимались своими конкретными профессиональными делами, что “для журналистов очень важно, если они выполнили бы свои квалификационные функции, а не занимались раздуванием ...”: *Wenn die Weltgesundheitsorganisation analog zur Pandemie von einer „Infodemie“ spreche, beschreibe sie die Art und Weise, wie in sozialen Netzwerken mit dem Thema umgegangen würde* - Если ВОЗ говорила о “инфодемии” в аналог пандемии, то она бы показала способ, как должны обсудить тему в соцсетях. Статья видимо и поэтому называется *Medien und “Große Unsicherheit, die wir alle teilen“*– СМИ и “большая неуверенность, которую мы все разделяем”, чтение (первое знакомство с названием) которой больше давит на психологию населения (*Süddeutsche Zeitung*).

Несмотря на то, что прошло не мало времени обзор англоязычных газет, например, от 10 октября текущего года дает такой же результат. Тот же страх, те же проблемы, такие же меры не сошли с полос медиа-текстов, просто они теперь немного разнообразились с предстоящими выборами в президенты США. Однако от этого не менялось содержимое лексики; слова и словосочетания находят в лексико-дискурсологической системе современности ту же самую значимость: случаи заболевания (*cases of illness*), вызывать особую тревогу (*cause particular concern*), количество случаев заболевания в последние недели растет (*the number of cases has been increasing in recent weeks*), минимизировать угрозу вируса (*minimize the threat of the virus*), вспышка коронавируса (*outbreak of coronavirus*), разговоры о пандемии (*pandemic talk*), по мере нарастания опасности коронавируса растут опасения (*as the danger of coronavirus grows, fears grow*), медицинские и экономические кризисы, вызванные пандемией (*medical and economic*

При отборе словаря для активного усвоения необходимо учитывать также и семантическую ценность. Этот принцип требует, чтобы в первую очередь включались в словарь многозначные слова из синонимического ряда, наиболее употребительные, стилистически нейтральные.

Необходимо учитывать и ситуативно-тематический принцип, согласно которому должны быть отобраны слова, связанные с определённой темой, на которую учащиеся могли бы вести разговор.

Словарь, отобранный по указанным принципам, позволяет в кратчайший срок овладеть русским языком, повышает эффективность словарной работы.

Заключение. Словарной работе в школе уделяется недостаточно внимания, нередко носит случайный, эпизодический характер, отчего и речь учащихся формируется и выправляется медленнее, чем того хотелось бы.

Без усвоения употребительных слов с непроверяемыми написаниями учащиеся не могут в полной мере овладеть литературной речью, ее письменной формой.

«Словарная работа – это не эпизод в работе учителя, а систематическая, хорошо организованная работа, педагогически целесообразно построенная, связанная со всеми разделами курса русского языка» - писал известный российский ученый - методист А. В. Текучев.

Слово – основная звучащая единица языка. Основной функцией слова является его обозначающая роль (предметная отнесенность). Из слов рождается не только удвоение мира (слова-предметы, которые человек

непосредственно видит, ощущает и слова, которые непосредственно не воспринимались и не входили в состав общественного опыта конкретного человека), но и волевое действие по управлению своим восприятием, представлением, памятью и действиями.

Богатство словаря – признак высокого развития как общества в целом, так и каждого человека в отдельности. Особенность словарной работы в школе состоит в том, что она проводится в процессе всей учебно-воспитательной деятельности учителя. Важно, чтобы усвоение новых слов проходило не стихийно, чтобы учитель управлял этим процессом и таким образом облегчал бы его для учащихся, обеспечивал правильность, полноту усвоения слов. Поэтому работе над словарем учащихся придается в школе большое значение.

В разработке вопросов методики обучения непроверяемым написаниям исходим из следующего. В основу формирования орфографических навыков речи при изучении слов с непроверяемыми написаниями должна быть положена активная учебная работа учащихся. Учитель руководит ею, имея ввиду следующие условия, обеспечивающие эффективность этой работы:

- активизация умственной деятельности учащихся и их памяти;
- обучающий характер учебной деятельности;
- регулярность в работе над словами с указанными орфограммами.

Обучение непроверяемым написаниям должно проводиться на дидактическом материале, включающем в себя наиболее употребительные слова. Их следует отбирать из учебников, изучаемых в данном классе, художественных произведений, словарей и других источников.

Слова с непроверяемыми написаниями изучаются в школе в «словарном порядке», т. е. учащимся рекомендуется просто писать и запоминать соответствующие слова.

Передовой опыт учителей и специально проведенные эксперименты свидетельствуют, что работу над словами с непроверяемыми написаниями можно рационализировать. Суть рационализации в том, что в процессе обучения написаниям указанного типа активизируется мыслительная деятельность и память учащихся, что дает значительно более высокую эффективность, чем изучение непроверяемых написаний в «словарном порядке». Это достигается с помощью специальных приемов обучения.

Список использованной литературы:

- 1 Айтберов А.М. К вопросу об использовании родного языка. - РЯНШ. 1975. №4. С. 37-38.
- 2 Брантова Р. Использование родного языка учащихся при обучении русскому языку как неродному. - РЯНШ. 1999. № 2. С-43-44.
- 3 Буржунов Г.Г. Основные принципы словарной работы. С.54.- Методика преподавания русского языка в национальной школе. - Махачкала, 2000, 274 с.
- 4 Штейнфельдт Э.А. Частотный словарь современного русского литературного языка. - Таллин, 1963. 316 с.
- 5 Скороход Л.К. Словарная работа на уроках русского языка: Кн. для учителя: из опыта работы / Л. К. Скороход. - М.: Просвещение, 1990. - 224 с.

References:

1. Aitberov A.M. K voprosu ob ispolzovanii rodnogo iazyka. - RĀNŞ. 1975. №4. S. 37-38.
2. Brantova R. Īspolzovanie rodnogo iazyka uchařihsĀ pri obuchenii ruskomu iazyku kak nerodnomu. - RĀNŞ. 1999. № 2. S-43-44.
3. Burjunov G.G. Osnovnye prinsipy slovarnoi raboty. S.54.- Metodika prepodavania ruskogo iazyka v nasonalnoi škole. - Mahachkala, 2000, 274 s.
4. Šteinfeldt E.A. Chastotnyi slovar sovremennogo ruskogo literaturnogo iazyka. - Tallin, 1963. 316 s.
5. Skorohod L.K. Slovarnaia rabota na urokah ruskogo iazyka: Kn. dlĀ uchitelĀ: iz opyta raboty / L. K. Skorohod. - M.: Prosveřenie, 1990. - 224 s.

ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
LITERATURE

МРНТИ 17.82.31

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.41>

Айтимов М. К.,¹ Каримова Г. С.²

¹ Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қызылорда, Қазақстан

² Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ СИПАТ
(Жазушы С.Елубайдың “Ақ боз үй” роман-трилогиясы негізінде)

Аңдатпа

Мақалада қазіргі қазақ прозасы романдарындағы тарихи шындық асында халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары шығармашылық көркемдік шешіммен бейнеленіп, халқымыздың мыңжылдықтар бойы қалыптасқан дара, ұлттық сипатын эпикалық туындының мазмұны мен пішіні арқылы бейнелеу арқылы ата-бабаларымыз салған ұлағат жолының мәңгілік болашаққа ұласатыны баяндалады. Қазіргі қазақ романдарындағы ұлттық сипаттың бейнелеуі классикалық әдеби үрдіс жалғастығының көрінісі әсіресе, XX ғасырдың соңғы ширегінде және XXI ғасырдың бас кезінде жазылған романдарда ұлттық сипаттың бейнеленуі белсенді, көрнекті орын алуымен ерекшеленетіне байыптаулар жасалды. Сұмағұл Елубайдың “Ақ боз үй” романындағы деректерден туындайтын қиял қосындыларының әсерлілігі, нанымдылығы айқындала отырып, сонымен қатар, романдағы табиғат аясындағы адам тіршілігінің шынайылығын ашу, ұлттық-этнографиялық дәстүрлерді уақыт шындығымен сәйкестендіру, т.б. көркемдік шешім эстетикасы ерекшеліктері күрделі сипатымен саралана талданған.

Түйін сөздер: ұлттық сипат, деректілік, өмір шындығы, ұлттық салт-сана, әдет-ғұрып

Aitimov M.,¹ Karimova G.²

¹ Kyzylorda State University named after Korkyt Ata,
Kyzylorda, Kazakhstan

² Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

NATIONAL CHARACTER IN THE MODERN KAZAKH NOVEL
(based on the novel trilogy by S. Elubai “Lonely Yurt”)

Abstract

The article examines how modern Kazakh novels in the framework of historical reality show the traditions and customs of our people, formed over the centuries, it is considered how the authors find an artistic solution to depict the customs and customs of the people. The national character is conveyed through the content and form of the epic. The article notes that the experience of our ancestors, which has developed over thousands of years, should be continued in the future. The image of the national character is particularly evident in modern Kazakh novels, created in the last quarter of the XX century and at the beginning of the XXI century. The author of the article considers the features of the aesthetics of the artistic solution in S. Elubai's novel “Ak Boz Uy” (Lonely Yurt): from the documentary fiction is born, against the background of nature the realities of human life are revealed, national and ethnographic traditions are shown in comparison with the reality of time, etc.

Keywords: national character, documentary, truth of life, national consciousness, customs and mores

Айтимов М. К.,¹ Каримова Г. С.²

¹ Кызылординский государственный университет имени КORKYт Ата,
Кызылорда, Казахстан

² Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

НАЦИОНАЛЬНЫЙ ХАРАКТЕР В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСКОМ РОМАНЕ (на основе романа-трилогии С.Елубая “Одинокая юрта”)

Аннотация

В статье рассматривается, как в современных казахских романах в рамках исторической действительности показаны традиции и обычаи нашего народа, сформировавшиеся на протяжении веков, рассматривается, как авторы находят художественное решение для изображения нравов и обычаев народа. Через содержание и форму эпического произведения передается национальный характер. В статье отмечается, что опыт наших предков, сложившийся на протяжении тысячелетий, должен найти продолжение в будущем. Изображение национального характера особенно ярко проявляется в современных казахских романах, созданных в последней четверти XX века и в начале XXI века. Автор статьи рассматривает особенности эстетики художественного решения в романе С.Елубая “Ақ боз үй»” (Одинокая юрта): из документальности рождается художественный вымысел, на фоне природы раскрываются реалии человеческой жизни, национально-этнографические традиции показываются в сопоставлении с реальностью времени и др.

Ключевые слова: национальный характер, документальность, правда жизни, национальное сознание, обычаи и нравы

Кіріспе. Қазіргі қазақ прозасының роман жанры шығармаларында тарихи шындық пен көркемдік шешім мәселелері қаламгердің әр түрлі ізденістері арқылы жүзеге асырылып келеді. Прозалық романдардың кең көлемді эпикалық түрі әлем халықтары әдебиетінде орта ғасырдан бастап кең өрістей келе, қалыптасу, даму жолдарында өзіндік поэтикалық сипатпен даралана айқындалды. Әлем өркениетіндегі прозалық романдар жазу шығармашылығы үздіксіз даму, жетілу құбылыстарымен ерекшеленеді. Қазақ әдебиеті дамуының XX ғасыр белестеріндегі қаламгерлердің романдары ұлттық сөз өнері шығармашылығының классикалық үлгілерімен үндестігін айқындады.

XX ғасырдың 80-90 жылдары және XXI ғасырдың басындағы қазақ романтистикасында тарихилық пен психологиялық сарындықты тұтастыра жазу үрдісі өрістеді. Романдардың мазмұны мен пішінінде халық тарихының күрделі қайшылықты оқиғалары, жеке мінез-құлық сипаттарындағы қарама-қайшылықты психологиялық ерекшеліктер, т.б. сан алуан мәселелер қаламгерлердің дүниетанымы деңгейіне қарай көркемдік шешіммен жазылды. Академик З.Қабдоловтың теориялық қисыны аясында қазіргі қазақ романының мазмұны мен пішіні сипатының поэтикалық болмысын елестетеміз:

“...эпостың бұл түрінде жазылған шығармалар шындықты жекелеген эпизодтарын суреттеумен тынбайды, әдеби шығармаға арқау болған адам мен қорғау тіршілігін мейлінше кең қамтып, алуан-алуан даму кезеңдерімен тұтас жүйелеп, толассыз қимыл-қозғалыс қалпында жан-жақты жинақтайды. Адам мен қоғам өмірдің қандай ақиқаты болсын мұнда бүкіл тамыр-тереңімен қопарыла көрсетіледі де, оқырманның көз алдында өзгеше бір әлем, бүтін бір тіршілік дүние пайда болады. ...Ал дәуірлік шындықты көркем жинақтау үшін жекелеген адам тағдыры жеткіліксіз, әр алуан әлеуметтік топтардың қым-қиғаш күрделі қарым-қатынастары, олардың мақсат-мүдделеріндегі бірліктер мен қарым-қарсылықтар, өмір тіршіліктеріндегі өзекті оқиғалар мен кезенді құбылыстар кең қамтылып, терең тұтастандырылуға, сол арқылы жалпы қоғамдық дамудың заңдылықтары танытылуы тиіс. Романның көлемі үлкен, мазмұны қат-қабат, сюжеті мен композициясы орасан күрделі болу себебі де осыған байланысты” (1,368). Қазіргі қазақ романдары поэтикасын зерделеуде ұстаз-ғалымның бұл теориялық пікірінің айқын бағдар беретіні анық.

Нәтижелер. Қазіргі қазақ прозасы романдарындағы тарихи шындық асында халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары шығармашылық көркемдік шешіммен бейнеленеді. Халқымыздың мыңжылдықтар бойы қалыптасқан дара, ұлттық сипатын эпикалық туындының мазмұны мен пішіні арқылы бейнелеу арқылы ата-бабаларымыз салған ұлағат жолының мәңгілік болашаққа ұласатыны ақиқат.

Көркем шағырмалардағы ұлттық сипат арқылы халықтардың әрқайсысыларына тән дербес ерекшеліктер саралана танылады. Қаламгерлер туындылардың мазмұны мен пішінінде белгілі бір халықтың тарихи санасын, дүниетанымын, әдет-ғұрыптарын, тілін, салт-дәстүрлерін және т.б. ұлттық-этнографиялық сипатты құрайтын ерекшеліктерін көркемдік шешіммен қамтиды. Әдебиеттану ғылымының бағалау тұжырымы да қазіргі қазақ романдарындағы ұлттық сипат болмысын қарастыруға бағдарлайды:

“Ұлттық характер – әдеби шығармадағы кейіпкердің ұлттық сипаты мен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық және ойлау, сөйлеу өзгешелігі. Ұлттық характер – тарихи категория. Ол қоғамдық, рухани экономикалық және саяси жағдайларға сәйкес қалыптасады. Дүниені ұлттық түсінікпен қабылдау жолы қай адамға болсын тән қасиет. Өмірде, әдебиетте адам бейнесінен бұл қасиет толық

көрініп отырады. Әр халықтың өз эпикалық туындыларын олардың талай замандардан ұлт болып қалыптасуынан бөліп қарауға болмайды” (6,241).

Фольклор мен әдебиет мұраларының барлығында да ұлттық сипат басты ерекшелік болып саналады. Бұл – әлем халықтары сөз өнеріндегі басты ерекшеліктердің негізгісі. Қазақ әдебиеті тарихының барлық кезеңдердегі мұралардағы ұлттық сипат арқылы халқымыздың замандар бойы жүріп келе жатқан жолындағы діл тағылымы айқындалады.

Әсіресе, қазақ романтикасының көркемдік-дәстүрлік негіздері болып саналатын батырлық, ғашықтық эпостық және тарихи дастандардағы ұлттық сипат халық дүниетанымының эстетикалық шынайылығын дәлелдеді.

Қазақтың классикалық жазба әдебиетіндегі Хакім Абайдың “Татьяна-Онегин” (1887-1889), Міржақып Дулатовтың “Бақытсыз Жамал” (1910), Спандияр көбеевтің “Қалың мал” (1933), Сұлтанмахмұт Торайғыровтың “Қамар сұлу”, “Кім жазықты?”, Жүсіпбек Аймауытовтың “Ақбілек”, “Қартқожа”, Сәбит Мұқановтың “Ботакөз” және т.б. қаламгерлердің романдарында бұл ерекшелік айрықша байқалады. Жазушылардың өздеріне тән ұлттық діл дүниетанымы әрине, көркем шығармаларындағы мазмұн мен пішін поэтикасы заңдылығымен қамтылғандығын көреміз.

Талқылау. Қазіргі қазақ романдарындағы ұлттық сипаттың бейнелеуі классикалық әдеби үрдіс жалғастығының көрінісі. Әсіресе, XX ғасырдың соңғы ширегінде және XXI ғасырдың бас кезінде жазылған романдарда ұлттық сипаттың бейнеленуі белсенді, көрнекті орын алуымен ерекшеленеді. І.Есенберлиннің “Мұхиттан өткен қайық”, Б.Тілегеновтың “1986 жыл”, “Тұйық өмірдің құпиясы”, Р.Тоқтаровтың “Абайдың жұмбағы”, М.Шахановтың “Желтоқсан эпопеясы”, Т.Ахметжаннның “Ақиқат жолы”, С.Елубайдың “Ақ боз үй”, Д.Досжановтың “Ақ орда”, “Алаң”, С.Досановтың “Ұйық”, “Қылбұрау”, Ғ.Құлахметтің “Үйірі жоқ көкжал” және т.б. романдарда өмірлік жіне тарихи шындық сабақтастығын негізге ала ұлттық сипатты бейнелейтін көркемдік шешім ерекшеліктері әдеби үрдістің халықтық тұғырнамасын нығайта түсті.

Профессор Т.Сыдықов тарихи тақырыптағы қазақ романдарындағы ұлттық сипатқа байланысты ғылыми байыптайды:

“Қазақ тарихи романдарынан ұлттық салт-сана, әдет-ғұрыптың небір тұрлаулыларын кездестіреміз. Қазақтың салт-сана, әдет-ғұрпы – атадан балаға қалған асыл мұрасы, бүгінгі соның жетілген формасы. Олардан бүгінгі ұрпақ өткен дәуірлердің қоғамдық құрылысын, тұрмыстық-моральдық нормаларын, экзотика, этнографиясын танып-білуге, үйренуге мүмкіндік табады” (3,164).

С.Елубайдың “Ақ боз үй” роман-трилогиясында қазақтың ұлттық-этнографиялық діл болмысының ата-бабалық дәстүрлі мәдениет ерекшеліктері мол қамтылған. Роман-трилогияның басталуынан аяқталуына дейінгі идеялық-композициялық желіде қазақтың көшпелі тұрмысындағы өмірлік шындық көріністері табиғи шынайылығымен берілген. Алғашқы кітабының “Ақ боз үй” аталуы да трилогияның ортақ атауы болған. Романның басталуындағы пейзаждық суреттеу мен этнографиялық бейнелеу тұтастығы эпикалық күрделі шығарма композициясының идеялық, поэтикалық мезгеулі мағыналық бағдарын да айқындайтындай әсер береді.

“Елсіз жым-жырт бос жатқан құла түз. Көз байланып, қараңғы үйіріле бастаған. Қадау-қадау қалқиған сирек бұталар. Ымырт көрпесін үстіне тартып, жай созылған кең сахара бейбіт ұйқыға бой ұсынған шақ. Төңіректі қоршап, қоймалжың ұйыған осынау тыныштықты сәл дір еткізе елендетіп, әлден уақытта әрегірек қалтарыстан сыңғыр етіп тұншығып қоңырау үні естілді. Түн ішінен құмығып талып жетті. Көп ұзамай қоңырау ашық сыңғырлап, жақындай берді. Түйелері шұбап тізіліп, түн ішінде келе жатқан керуен шалынды. Ауыр жүк тиелген атан, нарлар. Үнсіз жолаушылар. Түйе мойындарындағы жез қоңыраулар жүріске бір ырақпен тербетіліп сыңғыр қағады. Шертпе күйдей жаяу қоңыр әуен таратады. Тыныш кештің шырқын бұзбай осынау бейуақ сәттің тылсым кейпіне әдемі үйлесіп жарасатындай.

Керуен көп ұзамай жолдан шықты. Құмсақ шағылға іркілді. Түйелерін шағын алаңға айналдыра шөгеріп, ортаға қапшық, қоржын жүктерін түсірді” (4).

Романның “Құдық басында” тақырыбымен басталған осы алғашқы бөліктің жоғарғы жағында орналасқан эпиграфтың “...Қаратаудың басынан көш келеді, көшкен сайын бір тайлақ бос келеді» “Елім-ай”) жолдары да шығарманың қазақ тағдырының тарихи-поэтикалық баламалаумен романға желі болғанын аңғартады. Бұл – мыңжылдықтар бойы кен байтақ Тұран кеңістігін, Алаш жұрты мекендеген атақоныстар бойынша дамылсыз көшкен қазақ ұрпақтарының тарихи тағдырының поэтикалық баламалы көрінісі.

XX ғасырдың алғашқы ширегінің аяғына таман қазақ халқын осығдай үдере көшу, ауу, босу дүрбелеңіне ұшыратқан Ресейдегі Ақпан, Қазан төңкерістерінің, ақ пен қызыл болып майдандасқан азамат соғысының, мал-мүлкін тәркілеудің зобаландарынан әбден қажыған, сүргінге ұшыраған қазақ халқының сергелдең жағдайы осындай үздіксіз жосыған көш керуендердің қозғалыстары жағдайында бейнеленген.

Қазақ көші – халқымыздың ұлттық-этнографиялық болмысының ата-бабалардан сақталған ғажайып үлгісі. Бірыңғай көшпелі ауылдар жылдың барлық мезгілдерінде де көшіп жүрген. Ал, жартылай отырықшы, жартылай көшпелі тұрмыс жағдайында қысқы қоныстармен жазғы жайлаулар арасындағы көшу керуендерінің де тұрмыстық-әлеуметтік мәні маңызды болған. Қазақ көшінің сән-салтанаты фольклор мұраларында (“Қыз Жібектегі” “Сырлыбай хан елінің көш-керуені, т.б.) да, классикалық жазба әдебиет шығармаларында (“Абай жолы” роман эпопеясында), т.б. да ұлттық-этнографиялық сипатымен бейнеленуімен келеді.

Энциклопедиялық анықтама бойынша: “Киіз үй, қазан-ошақ және басқа да қажетті үй мүліктерін артқан шұбатылған көлік тізбегін көш деп атайды. Оны қысқы, жазғы жайылымдарды жүйелі пайдалану үшін көшбасшы ұйымдастырып басқарған. Көш көліктері алдын-ала дайындалған. Науқанды жыл мезгілдеріне орай оны: көктеуге

көшу, күзеуге көшу, қыстауға көші деп атайды... Көштен қазақ халқының аспан әлемі туралы түсініктері мен байырғы қазақ күнтізбесі негізінде бағыт-бағдар анықталып отырған.

...Қазақ көштері көптеген рәміздік мәні бар ырым-жоралғыларымен бұлжымай сақталатын тәртібімен, тәрбиелік-ғибраттық маңызды салт-дәстүрлерімен өзара біте қайнасқан” (5,720).

“Ақ боз үй” романының композициялық желісінде шығарманың басындағы ауылдың үдере көшуінің одан кейінгі де бірнеше эпизодтары суреттелген. Роман композициясындағы бейнеленген ауыл көшулерінің барлығы да заман зобалаңының салдары тұрғысында көрсетілген. Роман тақырыбы етіп алынған “Ақ боз үй” тіркесінің де поэтикалық астарлы мағынасы – киіз үйлі қазақ ауылдарының көркем шындықпен жинақталған ортақ атауы. Ақ боз үй – қазақ халқы ұғымының көркем жинақталған поэтикалық атауы.

Романның басталуындағы қазақ ауылының үдере көшуі қат-қабат, қарбалас, аласапыран оқиғалар арқылы одан әрі шиеленісе өрби түседі. Ұлттық-этнографиялық сипаттың арқауы болған тарих керуеніндегі қазақ көштері арқылы зар заман қасіреттеріне ұшыраған халық күйзелісін естететеміз. Мысалы, роман тарауларындағы кеңес заманы ылаңына ұшыраған қазақ тағдыры ауылдардың көшіп-қонған беймаза күй кешкен оқиғаларымен дамытылып баяндалған, реалистік шыншылдықпен бейнеленген. Мысалы:

“Өкімет адамдарының» қарасы үзілісімен ауыл опай-топай үйлерін жығуға кірісті. Бала жылап, ит үріп, түйе бақырып, азан-қазан болып жатыр. ...Шай қайнатым уақыт ішінде дауылмен араласып дүрліккен ауыл жүктерін түйелерге артып та тастады.

Бұлыш қара арғымағын текірететіп жолға түсті. Соңынан тізіліп салқар көш қозғалды. Көзді бұған қым-қиғаш шаңыт әлі ұлып тұр. Көп сексеуілді, арақідік жайдақ құмсақ адырмен күнбатысты оң шекеге ала отырып, кіші бесін шамасында бір ескі молаға тұмсық тіреді...

...Кіндік қаны тамған жеті-ата жұртпен осылай жаназаға жиналғандай жылап-сықтап қоштасты.

Батар күнді бағытқа алып көш тағы салдыртып кетті” (4,528) идеялық желісіндетұтас ауыл адамдары да, кейде жеке отбасылар да қазақ көші ұғымы аясында бағаланады. Замананың зобалаңдарынан зар илеген тұтас бір халықтың тағдыры, әрине, жеке отбасыларының тұрмыстық-әлеуметтік жағдайы арқылы да поэтикалық балама тұрғысында алынады.

Кеңес үкіметінің құрсауына түскісі келмей үдере көшкен қазақ ауылдарын жазалаушылар қарулы жасақпен бөгейді, қарсыласқаны үшін пулеметпен қырады. Осындай қанды оқиғадан кейінгі ауыл көшінің бейнеленуі де қазақ тағдырының құм арасынан шұбатылып дәл елестетеді.

“Ойпаңның батыс тұсынан құм арасынан шұбатылып көш шықты. Алқа-салқа көш. Жылап-сықтаған қатын-қалаш дауысы. Көшпен қабаттасып жапырлап жаяулар, оған іле-шала топырлаған аттылар. Жүк артқан түйелер, айдаған мал, ойпаңға нөпірлеп шаңғытып құлады.

Күн ысуы қайтғы-ау деген шамада көш жолға шықты. Кешегі келген іздерімен кейін елге бет түзеді. Көштің дені әйел, бала-шаға, кемпір-сампыр. ...Мана, көш қаша бытырап құмға кіргенде бір жалғыз үйлі көш жылға-жылғаны қуалап бөлек кеткен. Бұл көш Балқияныкі еді” (4,528).

Қазақ ауылдарының үдере көшіп көрші мемлекеттерге қарай қашқаны – өмірлік шындық. Ал, тарихи шындық поэтикасы бойынша сол оқиғалар арнасындағы халық рухының бостандықты аңсаған ата-бабалық көзқарас сарындары айқындалады. Ал, жалпы адамзаттың гуманизм парасаты тұрғысынан алғанда адамдардың мыңжылдықтар бойы қалыптасқан ұлттық этнографиялық дәстүрлеріне, дүниетанымына көлденең жат ықпалдардың, зобалаңдарының да жөнсіздігін сезінеміз. Адамдардың туған топырағындағы, ата-жұртындағы өзіндік өмір салтына көлденең киліккен ықпалдарға бағынғысы келмей, сол жамандықтардан көшіп қашып құтылғысы келіп талпынулары да табиғи заңдылық қатарында танылады. Жазалаушылардың қаша көшкен ауылды бөгеген қырғынынан сытылып шыққан жалғыз үйдің де тағдыры қазақ тарихындағы өмір шындығына сай бейнеленген:

“Жалғыз көш құм ішін көп шарлады. Алғаш арттан қуғын-сүргін бола ма деп беталды қашты. Қуғын-сүргін болмады. Содан бағытын шығысқа таман өзгертіп күн-түн демей үдере тартты. Жал-жал құмдар таусылмады. Екі күн жүріп үшінші күн дегенде құм арасында бір жасыл жантақты шырмауықты шұқырға кезікті. Көш кідірді. Жүктерін түсіріп, екі түйе, бір ботаны, тұсап жантаққа жіберді. Екі көлік аттың да ер-тұрмандарын сыпырды. Көштегі адам саны да екеу еді. Бір еркек, бір әйел” (4,529).

Қазіргі қазақ романдарындағы халық тарихындағы қайғылы, қасіретті кезеңдеріндегі ұлттық-этнографиялық дәстүрлерді де уақыт шындығы оқиғаларымен сабақтастыра өреді. Қазақтың кең-байтақ даласының, тез жиналып, жылдам көше жөнелетін киіз үйлі тұрмысының бостандығын бала-шаға, төрт-түлігі амандығын ойлап басқа өлкелерге, бейтаныс мекендерге үдере көшіп тартып кететін ата-бабалық көңіл күй психологиясы. т.б. бәрі де ұлтымыздың сақталуына себеп болғандай әсер береді. Қаншама жат ықпалдар, басқыншылықтар, отарлау озбырлықтары дендеп кіріп, жалпақ қазақ даласын албастыдай басса да, ішкі діл рухының сақталуында ұлттық салт-дәстүріміздің үздіксіз жалғаса сақталуынан екендігін романдар поэтикасы жүйесінен аңғарамыз.

“Ақ боз үй” роман-трилогиясының композициясында қазақ тұрмысындағы салт - дәстүрлер сюжеттік желілердегі оқиғаларда бейнеленген. Қайны мен женешесінің ойыны (Ждақай мен Балқия), оқымысты жыраудың толғау-термелері мен дастандары (Лабак ахун өнері), тұрмыс қыспағы салдарынан өзара тең емес адамдары атастыру (Хансұлу мен Қозыбағар), қыз ұзату тойына әзірлік, той мерекесі кезіндегі “Той тарқар”, “Қыз қашар”, “Жар-жар”, “Қызды жөнелту”, “Сыңсу”, “Жаулық салу”, “Беташар”, “Неке қию” рәсімдері, көшіп жеткендегі жазғы жаулау көріністері, құрбан айты кезеңдеріндегі қазақ дастарханының, киіз үйінің салтанаты, қонаққа төсек салатын қазақ рәсімі және сол сәттегі қонақтың сыртқа шығатыны, қазақ қонағының түнде сол үйдегі қызға, не әйеліне көңіл білдіретіні (Бұқарбайдың Нарқызға көңіл білдіргені), қыз алып қашу (Шегенің Хансұлуды алып қашқаны) және т.б.

қазақтың тұрмыс-салтындағы, көшпелі қарым-қатынастар жүйесіндегі ғасырлар юйы жалғасып келе жатқан әдеттер, дағдылар, оқиғалар желісінде үйлестіріле бейнеленген.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ прозасы романдарындағы тарихи шындық аясында халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары шығармашылық көркемдік шешіммен бейнеленеді. Халқымыздың мыңжылдықтар бойы қалыптасқан дара, ұлттық сипатын эпикалық туындының мазмұны мен пішіні арқылы бейнелеу арқылы ата-бабаларымыз салған ұлағат жолының мәңгілік болашаққа ұласатыны ақиқат.

Көркем шығармалардағы ұлттық сипат арқылы халықтардың әрқайсысыларына тән дербес ерекшеліктер саралана танылады. Қаламгерлер туындылардың мазмұны мен пішінінде белгілі бір халықтың тарихи санасын, дүниетанымын, әдет-ғұрыптарын, тілін, салт-дәстүрлерін және т.б. ұлттық-этнографиялық сипатты құрайтын ерекшеліктерін көркемдік шешіммен қамтиды. Әдебиеттану ғылымының бағалау тұжырымы да қазіргі қазақ романдарындағы ұлттық сипат болмысын қарастыруға бағдарлайды: “Ұлттық характер—әдеби шығармадағы кейіпкердің ұлттық сипаты мен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық және ойлау, сөйлеу өзгешелігі. Ұлттық характер тарихи категория. Ол қоғамдық, рухани экономикалық және саяси жағдайларға сәйкес қалыптасады. Дүниені ұлттық түсінікпен қабылдау жолы қай адамға болсын тән қасиет. Өмірде, әдебиетте адам бейнесінен бұл қасиет толық көрініп отырады. Әр халықтың өз эпикалық туындыларын олардың талай замандардан ұлт болып қалыптасуынан бөліп қарауға болмайды” (6, 240).

Фольклор мен әдебиет мұраларының барлығында да ұлттық сипат басты ерекшелік болып саналады. Бұл – әлем халықтары сөз өнеріндегі басты ерекшеліктердің негізгісі. Қазақ әдебиеті тарихының барлық кезеңдердегі мұралардағы ұлттық сипат арқылы халқымыздың замандар бойы жүріп келе жатқан жолындағы діл тағылымы айқындалады.

Қазақ тарихының әр түрлі кезеңдеріндегі тұрмыстық-әлеуметтік өмір шындығының нақты көрсеткіштері – халық тілі қолданыстары. Қазіргі қазақ романдарында жазушылар халық тілінің кезеңдеріндегі басым қолданылғандарын авторлық эпикалық баяндаулары мен бейнелеулерде, кейіпкердің монологтары мен диалогтарында поэтикалық үйлесіммен қолданады. С.Елубайдың «Ақ боз үй» роман-трилогиясында да шығарманың ұлттық-этнографиялық сипатын даралай түсетін лексикалық мағыналары көркемдік-эстетикалық қызмет атқарған байырғы сөздер мол қолданылған. Қазіргі қазақ романдарының ұлттық-этнографиялық сипаты сөз өнері туындыларындағы поэтикалық ерекшеліктердің танымдық тағылымын тереңдете түсуде. Ұрпақтарды қазақы ұлттық рух қуатымен тәрбиелеуде мұндай көркем туындылардың маңызы мәңгілікке жалғасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қабдолов З. Сөз өнері: әдебиет теориясының негіздері.- Алматы: Мектеп, 1983. - 368 б.- кітап
- 2 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құрастырғандар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. - 240 б. - кітап
- 3 Сыдықов Т. Қазақ тарихи романының көркемдік тілі. – Алматы: Ер-Дәулет, 1996. -164 б. - кітап
- 4 Смағұл Елубай “Ақ боз үй”. Трилогия. – Алматы: Жазушы, 2005. -528 б. – кітап
- 5 Қазақстан Ұлттық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 2003. Т.5. -720 б.- энциклопедия
- 6 Ахметов З. Әдеби терминдер сөздігі /– Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б. – кітап.

References:

1. Qabdolov Z. Söz öneri: ädebiet teoriasynyñ negizderi.- Almaty: Mektep, 1983. - 368 b.- kitap
2. Ädebiettanu terminderniñ sözdigi. Qürastyrgandar: Z.Ahmetov, T.Şañbaev. – Almaty: Ana tili, 1996. -240 b. - kitap
3. Sydyqov T. Qazaq tarihi romanynyñ körkemdik tili. – Almaty: Er-Däulet, 1996. -164 b. - kitap
4. Smağul Elubai “Aq boz üi”. Trilogia. – Almaty: Jazuşy, 2005. -528 b. – kitap
5. Qazaqstan Ülttyq ensiklopedia. – Almaty: «Qazaq ensiklopediasynyñ Bas redaksiasy, 2003. T.5. -720 b.- ensiklopedia
6. Ahmetov Z. Ädebi terminder sözdigi /– Almaty: Ana tili, 1996. – 240 b. – kitap.

Акбулатов А.,¹ Әжіғалиев М.,² Утемисова Э.³

^{1,3}М.Утемисов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал, Қазақстан

²Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті
Орал, Қазақстан

Д.МУШТАНОВАНЫҢ «АҢЫЗ БОЛҒАН АБЫСЫНДАР» ХИКАЯТЫНЫҢ ЭТНОТАҒЛЫМДЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа

Мақалада әдеби өлкетану мәселесі, оның зерттелуі, қазіргі әдеби процеспен байланысты қарастылады. Қазіргі қазақ әдебиетінің бір саласы әдеби өлкетанудың дамуы, оның әдеби процесітегі орны, көркемдік құндылығы, дамуы талданады. Батыс өңіріндегі қазіргі прозаның даму бағытын Дариға Мұштанованың «Аңыз болған абысындар» хикаяты негізінде саралайды. Хикаяттағы өткен тарихи оқиғалар, батыс өңіріндегі полигон зардаптары, ашаршылық, соғыс жылдары, т.б. қазақ тарихындағы ауыр кезеңдерді абысындар тағдырына ортақтастырып суреттелген көркем шындық талданған. Ауылдағы тіршілік, ел-жер қамы, еңбекке араласып, тұрмыс-салт, әдет-ғұрыпты сақтаған абысындар өмірін арқау еткен хикаяттың этнотағлымдық сипаты ашылады. Деректі материалдарға сүйеніп жазылған хикаяттағы образдардың көркемдік, протативтік негіздері талданған.

Түйін сөздер: қазіргі қазақ прозасы, әдеби өлкетану, деректі хикаят, батыс өңіріндегі тарихи оқиғалар, этнотағлым, әйел-ана образы

Akbulatov A.,¹ Azhigaliev M.,² Utemissova E.³

^{1,3}M. Utemisov West Kazakhstan University,
Uralsk, Kazakhstan

²West Kazakhstan Innovation and Technological University
Uralsk, Kazakhstan

ETHNOGRAPHIC NATURE OF THE STORY OF D. MUSHTANOVA «АҢЫЗ БОЛҒАН АБЫСЫНДАР» ("LEGEND OF THE DAUGHTERS-IN-LAW")

Abstract

The article deals with the problem of literary local lore, its study in relation to the modern literary process. The article analyzes the development and artistic value of literary local lore as a branch of modern Kazakh literature, its place in the literary process. The direction of development of modern prose in the Western region is considered on the basis of the story of Dariga Mushtanova "Anyz bolgan abysyndar". In the story, historical events of the past, the problem of the consequences of the landfill in the Western region, famine, war years and other realities are closely intertwined with the fate of women of the same kind, and artistic truth is conveyed. Ethnoveterinary reveals the character of the work, narrating the life of daughters-in-law of one family faithful to the traditions and customs of their ancestors, accustomed to toil and home care difficult in rural life. Based on documentary materials, the author analyzes the artistic and prototypical foundations of images in the story.

Keywords: modern Kazakh prose, literary local history, documentary story, historical events of the Western region, ethnic education, image of a mother woman

Акбулатов А.,¹ Ажигалиев М.,² Утемисова Э.³

^{1,3}Западно-Казakhstanский университет имени М. Утемисова,
Уральск, Казахстан

²Западно-Казakhstanский инновационно-технологический университет,
Уральск, Казахстан

ЭТНОГРАФИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР ПОВЕСТИ Д.МУШТАНОВОЙ "АҢЫЗ БОЛҒАН АБЫСЫНДАР"

Аннотация

В статье рассматривается проблема литературного краеведения, его изучение во взаимосвязи с современным литературным процессом. Анализируется развитие, художественная ценность литературного краеведения как отрасли современной казахской литературы, его место в литературном процессе. Направление развития современной прозы в западном регионе рассматривается на основе повести Дариги Муштановой "Аңыз болған абысындар". В повести исторические события прошлого, проблема последствий полигона в западном регионе, голод, военные годы

и другие реалии тесно переплетаются с судьбой женщин одного рода, передается художественная истина. Раскрывается этновоспитательный характер произведения, повествующего о жизни невесток одной семьи, сохранивших верность традициям и обычаям предков, привыкших к труду и бытовым заботам нелегкой сельской жизни. На основе документальных материалов проанализированы художественные, прототипные основы образов в повести.

Ключевые слова: современная казахская проза, литературное краеведение, документальная повесть, исторические события западного региона, этновоспитание, образ женщины-матери

Кіріспе. Әдеби өлке материалдарын саралау қазіргі әдеби процестегі өлкелік әдебиеттің даму бағыт-бағдарын анықтауға толық мүмкіндік туғызады. Әдеби өлке шығармаларын тек сол өлкенің тумасы ретінде ғана емес, шынайы талант, шығармашылық иесі ретінде бағалағанда ғана ғылым ақиқатына адалдық болары хақ. Бұл туралы ғалым З.Бейсенғали: «Әдебиетті көрнекті қаламгер таба алмай жүрген көркемдік-идеялық, түрлік (формалық)-стильдік жаңалықтарды талантты жастардың, болмаса белгісіздеу қаламгерлердің өз шығармашылығында қолдануы әбден мүмкін. Бұл жаңалықты саналы түрде, әдейі қолданбаса да шығарма мәтіні ішінде кездесетін мұндай қолданыстардың орны бөлек. Тіпті оған автордың мән бермеуі де мүмкін. Белгілі бір өңір, аймаққа байланысты мәні бар көркемдігі ойдағыдай, шығармашылық ізденістері мол авторлардың шығармаларын жергілікті жерлерде оқытуға болады. Тек мынадай жайларды ескеру керек. Олардың шығармалары мен шығармашылығы әдеби процесс аясында қарастырылып, соған қосар үлесі мен саналы ізденістері анықталуы қажет. Әйтеуір осы өлкенің перзенті ғой деген тәрзіді жасанды ұстанымнан аулақ болған жөн. Олай болған жағдайда әдебиет тарихын оқыту да әдеби процесс заңдылығын ұғу да қиындайды»[1,132-133], - дейді.

Сондықтан бүгінгі әдеби өлкекетанудағы Батыс өңіріндегі прозаның даму бағдары турасында «оқырмандар талғамына жауап бере ме», «бүгінгі әдеби даму процесінде қандай үлес салмағы бар», «көтерген тақырыптарының өзектілігі неде», «жалпы даму тенденциясы қандай бағытта» деген сан түрлі сауалдардың төңірегінде талдаудың маңызы зор.

Әдістеме. Мақаланың зерттеу материалы ретінде әдеби өлкекетану, оның ішінде Дариға Мұштанованың «Аңыз болған абысындар» хикаяты алынды. Мақалада әдеби туындыны тарихи көзқарас тұрғысынан талдау, типологиялық талдау, образдық талдау т.б. әдістері қолданылды.

Нәтижелер. Міне, осы тұрғыдан келсек, "Ерен еңбегі үшін" медалінің, "Ы. Алтынсарин", "Тәуелсіздікке 10 жыл", "Тәуелсіздікке 25 жыл" белгілерінің иегері, ҚР Ағарту ісінің Құрметті қызметкері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ұстаз, ақын, журналист Мұштанова Дариға Ғазезқызы алғашқыда шығармашылығы негізінен айтыскерлігімен танылды.

Дариға Ғазезқызы - 1954 жылы 13 наурызда Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласында дүниеге келген. Жалпақтал (қазіргі Казталов) ауданының Көктерек селолық округінің Киров ауылындағы Саралжын сегіз жылдық мектебінде білім алып бастап, Көктерек орта мектебін бітірген. Орал мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультетінің түлегі. Жалпақтал аудандық "Коммунист", облыстық "Орал өңірі" газеттерінде, Жалпақтал аудандық партия комитетінде нұсқаушы, Халық депутаттары аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, Жалпақтал аудандық "Қазақ тілі" қоғамының төрайымы болып қызмет атқарды. Жалпақтал, Теректі аудандық кеңестерінің, Батыс Қазақстан облыстық кеңесінің депутаты болып сайланды. Республикадағы маңдайалды білім ошақтарының бірі – «Үміт» облыстық лингвистикалық гимназиясының негізін қалап, ұзақ жыл басқарды.

17 жасынан бастап айтысқа қатысты. Алматыда өткен Республикалық алғашқы Наурыз айтысында бірінші орынды жеңіп алды. Айтыс өнерінің дамуына зор үлес қосып, ана тіліміздің мәселелеріне белсене араласып отырады. Есімі Батыс Қазақстан энциклопедиясына жазылып, еңбектері ҚР ұлттық мұражайының алтын қорында сақтаулы. Өлең-жырлары " Жайықтың мөлдір сырлары" ("Поющие берега Урала") Ақжайық ақын қыз-келіншектер поэзиясы жинағына, Жұбан Молдағалиевтың анықтамалығына енген. "Адамның жаны бір жұмбақ", " Өмір-арна", " Қос қанат"(Жылама, жырла , Жайығым") жыр жинақтарының, проза жанрында "Аңыз болған абысындар", "Өз ғұмыр" кітаптарының және ұстаздық іс-тәжірибесінен құрастырған "Үміт жетелеген бес жыл", " Үміт" атты бір ел бар" еңбектерінің авторы.

Дариға Мұштанова оқырман қауымға негізгі тұғыры айтыскерлігі, «Адамның жаны – бір жұмбақ», «Өмір-арна», «Қос қанат» жыр жинақтары арқылы ақындығымен танылса да, кейінгі жылдары проза саласында да біршама өнімді еңбек етіп, небір тұшымды дүниелерді оқырмандарына ұсынып үлгерді. Оның проза саласында алғашқы туындысы «Аңыз болған абысындар» (2018) хикаяты деуге болады.

Деректі хикаят тақырыбы қазақтың дархан даласындай мейірімге толы, бір-бірімен бауырмалдық көрсете білген, «ананың әлдіі» мен «аналық махаббаттың үлгісін» көрсеткен үш ана, үш аяулы жар, үш аңыз кейіпкерлердің өнегелі тағдырына арналады. Оның жеткізуші келіні Ырысты да, ауыл адамдарының ол адамдар туралы ойлары жазушыға ерекше шабыт бергені байқалады.

Талқылау. Автор хикаяттын қысқа-қысқа оқиғалық баяндауға құрған. Түс көріп оянған Сақыпжамалдың көз алдынан сонау құм шағылда қалған жастығына лирикалық шегіністермен оралады. Келін болып түскен алғашқы бақытты күндер, алдағы қиын-қыстау уақыт алдындағы мамыражай шуақты күндер суреті көз алдымыздан өтеді.

Ал, ата-анасы бай-құлақ деген желеумен қудалауға түсіп, кәмпескеге ілігіп, тірі жетім атанған Ділде бейбақтың жетімдік жоқшылық көріп, әбден арып-ашқан өмір жолын тебіренбей оқу мүмкін емес. Тағдырдың айдауымен бір әулеттің шаңырағында бастары қосылған абысындар ғұмыр бойы өмірдің қуанышты және қайғылы сәттерді бірге

өткізеді. Қаламгер өмірдің қуанышты, бақытты сәттерден бөлек, дөңгеленген дүние, өткініші өмірдің жалғандығын негізгі кейіпкерлердің өмірлері арқылы түсіндіре білген. Қазақ қыздарының дәстүрден аттамай, ар-ибамен, әдет-ғұрыпты сақтап, өз тағдырын құрбандыққа шалуы өмірде кездесетін жайт. Бұл Сақыпжамалдың әке ұйғарымымен ұзатылуынан көрініс береді. Ал, Ділденің туған жерден, кіндік қаны тамған топырақтан жырақ кетпей, ата-анасынан саналы түрде тығылып қалуы, әке жүрегімен іштей үндесіп, тілдесуі, әрине әдеби көркем шарттылық, дегенмен әке тәрбиесі, құрбандық тағдыр, алмағайып заманда ата-анадан бала, туыс-туғандардың еріксіз ажыраған тағдырларының ақиқат шындығын бейнелеуі деуге болады.

Жазушы келін болып түскен үш абысынның жас күндерінен бастап, ақ жаулықты ана, әже болып, бір-біріне сүйеу болған «ел анасына» айналған саналы ғұмырын күйбең тірліктің, ауыр тауқыметтің сан түрлі жолында сыннан өткен әйел-ана образынан төзімділік, ақыл-парасат, қажетті жерінде атан түйені аударар қайраткерлік қазақ әйелдерінің еншісіне тиген құндылық екенін өмір тәжірибесі арқылы көркем суреттейді. Жазушы хикаяты осы үш образдың өткен өмір белестерін паралельді суреттей отырып, үш оқиғалық негізді бір арнаға тоғыстырады.

Алақандай ауыл Қараоба елді-мекенінде өмір сүріп, ортасына ауыл-аймаққа сыйлы болған Сақыпжамал, Сақып, Ділде аналарымыздың мағыналы ғұмыры хикаяттың негізгі арқауы болса, шығарманың авторлық дүниетанымында сонау сұрапыл ашаршылық, ұлы отан соғысындағы қиын-қыстау кезеңдер, полигон алаңына айналған туған топырақтан зорлықпен көшірілсе де, бірін-біріне сүйеу болған, аналық махаббат, дүниеге жылу беріп тұрған мейірім, ұлы жүректердің тағдырынан әйел-ана образдарының тағылымды жолы, қазақтың игі дәстүрі, абысындар өміріндегі өнегесі ерше шабытпен жазылады.

Ашаршылық, шешек ауыруынан бес бірдей баласынан айырылған Сақып, жастық жалындарын соғыс жалмаған жесірлік тағдыр, ең азаптысы туған жерден еріксіз айырылған қазақтың зұлмат жылдардағы ел болып қалуында, ерлермен бірге батырға бергісіз, қайратты, ақылды аналардың болғанын деректі хикаятты оқи отырып, көз жеткіземіз. Лирикалық шегіністер және авторлық дәстүрлі баяндауларға құрылған хикаяттың көркемдік желісі, оқиға құруы, образдардың ішкі-сыртқы көркемдік табиғатын ашуда автордың қаламы жүйрік, эпикалық жанрда да еркін қалам тербейтін қарымын көрсетеді.

Хикаяттағы басты тұлғалар – Сақыпжамал, Сақып, Ділде тағдыр тауқыметін тартып, қаншама қиын-қыстау, ашаршылық, соғыс жылдарындағы жоқшылық, өлім-жітімді бастан кешірсе де, ұлттық құндылықтағы сыйластық құрмет, ағайын-туыс бауырмалдық, ата-баба дәстүрін сақтау сынды адами құндылықтардан аттамай, болашаққа деген сенім, алдағы күндерге деген үміттерін үзбейді. Өмірдегі кездескен барша қиындықтарды жеңіп, ақтық демі таусылғанша, үш ана, үш алып жүректі мейірбан жандардың бірге ғұмыр сүруі, «абысын тату болса, ас көп» деген дәстүрдің негізіне қылау түсірмей сыйласып өтуі бүгінгі ұрпақ үшін аңыз болмағанда, не болады?

«Аңыз болған абысындар» хикаяты сонау аштық жылдарындағы, соғыс жылдарындағы ауыл өмірін, сол ауылда қалған әйел-аналар образына қойылған ескерткіш деуге болады. Бұл туынды өмірден алынған деректі туынды болуымен қатар, автордың ана образасын ерекше суреттеудегі махаббатпен жазылған ерекше эпикалық туынды. Бұған дейін әдебиетте ақындық қуатымен танылған Дариға Мұштанованың эпикалық жанрда да еркін көсіле жазуында өзіндік ерекшеліктері анық байқалады. Автор үш ана образасын сол өткен қоғамның тыныс тіршілігімен, кезең суерттерін шынайы сүйіспеншілігімен, интуициямен сезіне білген. Әсіресе, соғыстан кейінгі жылдардағы Нарын құмындағы полигонға айналған Капустинярдың тарихының астарындағы талай жандардың еріксіз тағдыры да жан-жақты ашылады.

«Ел іші томаға – тұйық. Әрқайсысы өздерімен өздері, бастары қатып, әрі-сәрі болып жүрген бір адам. Құм адамына тән бауырмал мінез, атамекенге кіндігінен байланған қасиетті сезім бәрін қинап жүрген сияқты. Бір-бірінен ажырау, кіндік қаны тамған туған жерден ажырау, ата-бабасы, тума-туысы жатқан қасиетті қорымдарды қалдырып кету кімге оңай соғады дейсің. Сақыпжамал, Ділде, Айсаның да жетісіп жүргендері шамалы. Бірақ ана екеуі қашанғы сабырлықтарынан танбай, үн-түнсіз малдың қамымен жүрген болып, дала кезіп кетеді көбіне. Солардың ыңғайына бағып «Не көрсем де осылармен бірге көремін ғой» деп, Ділде да іштен тынған. Әйтеуір амандық болса болғаны да. Не көрмеген, не көнбеген жұмыр бас...»[2,89]. Міне, автордың уақыт пен кеңістік тұрғысындағы тұжырымдарынан сол кезеңдегі алақандай ауыл тек мекен шақ қана емес, қазақ үшін ұлтарактай жердің соншама қасиетті, тіпті құмына дейін қасиетті, адамның мінез-құлқының туған табиғатпен біте қайнасып жатады деген өмірлік ұстанымы мен дүниетанымдық көзқарастары, авторлық болмыс айқын аңғарылады. Автордың өзі де ел анасы деңгейінде үш ана тағдырына қабырғасы қайыса ортақтасып кеткендей әсерде қалдырады. Бұл жерден автордың көркем мәтіндегі шығармашылық тұлғасы да айқын аңғарылады. Жалпы әдебиеттегі әйел-аналар образы, оның герейолық деңгейдегі суреттелуінің өз дәстүрі бар. Ана тақырыбы Ғабит Мүсіреповтың «Ананың анасы», «Өлімді жеңген ана», «Ашынған ана», «Ұлпан» сынды туындыларында классикалық деңгейде жазылса, тәуелсіздік жылдарынан кейінде қаншама туындар аналар образының галереясын жасады. Солардың бірі де бірегейі Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романын, Б.Нұржекеұлының «О, дүние-ай» атауға болады. Бұл аталған туындылардың типологиялық тұрғыдан тақырып ортақтығы, суреттелен уақыт пен кеңістік қазақ тарихының қаралы жылдары суреттелсе де, әр автордың өзіндік шешімі, көркемдік ізденісі тұрғысынан келгенде, әрқайсысының өзіндік жолы бар.

Дариға Мұштанованың көлемді тарихи романдардан ерекшелігі, шағын ғана хикаятында бір дәуірдің қасіретін арқалған үш ананың, үш мұңлықтың, ауылдың өткен тарихи деректерімен мезі етпейді, тағдыр тоғыстырған үш мұңдастың қасіреті сол жылдардағы барша қазақтың басындағы ортақ жағдай екені көркемдік деңгейде шешімін табуында жатса керек. Автор атынан баяндауларға құрылып, үш ананың өткен тағдырларына лирикалық шегіністермен орала отырып, оқырмандарын жалықтырмауында автордың тілдік қуаты, өзіндік баяндау стилі жатса

керек. Әрине, автор тарапынан қанын тамыза отырып сол кезең шындығын суреттейтін натуралистік суреттеулер де аз емес. Мысалы, ауылды еріксіз көшірген жылдардағы суреттерде автор тарихтың шындығын беруге тырысқан.

«Айтқандай-ақ, құмдағы елді жаппай көшіру басталды да кетті бір күнде. Бұлардан барасың ба, бармайсың ба» деп келісім сұрап жатқан ешкім жоқ. Түстері суық өңкей әскери адамдар келді де, картузы жылтыраған біреуі бүйірі тоқ сүрік қара планшеттен жалбыраған қағаздарын алып «12-ый разрез, населенный пункт «Умтыл» - Казталовка, Каруба» деп әлде бұйрық, әлде өкім бірдені оқыды. Сондақ соң оң қолы шолтаң етіп «Тиендер» дегендей белгі берді қасындағыларға. Болды. Көрген-баққандары сол, көшіріп жіберді әй-пайға қаратпай»[2,90]. Деректі прозаның баяндауында тарихи деректілік сақталуы заңдылық болғанымен, автор тарапынан суреттеулер романның эмоциональды қабатын күшейте түскен.

Қорытынды. Әдебиетті туғызушы қаламгерлер де өзі нысанға алған тақырыптың дәуір тынысын, яғни «әдебиет тарихын зерттеу барысында тарихшылық принципің ұстанып отыру – бірден-бір шарт. Бұл дегеніміз, әрбір әдебиет қайраткеріне, дәуірге баға бергенде, сол дәуірдің аясында, өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып барып бағалау болмақ» [3] деген пікірді ескерсек, жазушы Д.Мұштанова осындай трагедиялы тарихи кезең тынысын сезіне отырып, ауыл тарихындағы кішкентай (кішкентай болса да, тағылымды ғұмырлардың үлгі-өнегесін) аңтаңдақ тақырыпты тереңдікпен ашып, егемен елдің тұғырлы биігінде ашық әрі батыл түрде қуаныш пен қайғыны жылдар бойы жүрегінде сақтап, жылдар бойы арқалап келген үш ана жүрегіннің астарындағы мұнның жеке басынан емес, барша халыққа ортақ өткен трагедиялы тарихымен ортақтастырады. Сондай-ақ «Аңыз болған абысындар» хикаятында үш ананың арасындағы өлім ғана ажыратқан, сый-құрмет, ата-бабалар дәстүрінің құндылықтары биік адамгершілік деңгейінде де әдемі өрілген этноағлымдық сипатымен құнды әрі бүгінгі қоғам тәрбиесі үшін де маңызды туынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Бейсенғали З., Манкеева Ж. Қазақ филологиясы: егіз негіз // Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – 352 б.

2 Мұштанова Д.Ф. Аңыз болған абысындар. Орал, «Гүлім» баспаханасы, 2018. – 144 бет.

3 Ысқақұлы Д. Рухани толғамдар: Зерттеулер. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС; Дәстүр, 2015. - 404 б.

References:

1. Beisenǵali Z., Mankeeva J. Qazaq filologiasy: egiz negiz // Ǵylymi maqalalar jinaǵy. – Almaty: «Arys» baspasy, 2010. – 352 b.

2. Múshtanova D.F. Añyz bolǵan abysyndar. Oral, «Gúlim» baspahanasy, 2018. – 144 bet.

3. Ysqaqúly D. Ruhani tolǵamdar: Zertteuler. – Almaty: «Qaratau KB» JŞS; Dástúr, 2015. - 404 b.

МРНТИ 17.82.31

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.43>

Ақыш Н. Б.,¹ Жетекова Г. Ж.²

¹ М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
Алматы, Қазақстан

² Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ТАРИХИ ТҮЛҒАНЫҢ ТОЛЫСҚАН ШАҒЫН БЕЙНЕЛЕУДІҢ КӨРКЕМ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Аңдатпа

Мақалада өнегелі тұлғалар образын жасап жүрген жауынгер жазушы Сәуірбек Бақбергеннің «Ақ боз атты ару» романы қарастырылған. Жазушының аталған романы арқылы қалың оқырман қауым ағартушы, этнограф, тарихшы Шоқан Уәлихановтың өмірінің соңғы жылдарымен таныса алады. Романда Шоқан Уәлихановтың бейнесі әр қырынан ашыла түсіп, бас кейіпкерден бөлек бояуы қанық, нанымды, кесек бітімді тарихи образдар да жасалған. Шығарманың жағымды ерекшелігі - әдеби тіл байлығының анағұрлым айқын көрінісінде. Мақалада романның әр бөлігінің ерекшеліктері айқындалып, жазушылардың жас буынына үлгі бола алатын шешендік сөздердің тірі үлгісі сияқты жарқын өрнектер талданады. Ажары ашық, бейнелі тіркестерге халық тілінің ұнасымды сипаттарына лайықты бояуларымен көрініс табатын жерлері арқылы нақты мысалдар келтіріледі. Роман беттерінен байқалғандай баяндаулар жиі ұшырағанымен, олар құрғақ емес, керісінше жатық та суретті. Туындының мәнді ерекшелігінің бірі- ұлттық тәуелсіздік мәселесі де қозғалған.

Түйін сөздер: тарихи тұлға, образ, жиынтық бейне, тарихи жағдай, эстетика, хронология

Akysh N.,¹ Zhetekova G.²

¹M. O. Auevov Institute of Literature and Art,
Almaty, Kazakhstan

²Kazakh national pedagogical university named after Abay,
Almaty, Kazakhstan

ARTISTIC TRANSFORMATION OF A MATURE IMAGE OF A HISTORICAL PERSON

Abstract

The article considers the novel "AK Boz Atta Aru" by the warrior-writer Saurbek Bakbergenov, who creates the image of moral personalities. According to this novel by the writer, the General public will be able to get acquainted with the last years of the life of the educator, ethnographer, and historian Shokan Ualikhanov. The novel reveals the image of Chokan Valikhanov from different sides, in addition to the main character, bright, convincing, historical images are created.

A positive feature of the work is a more vivid expression of the richness of the literary language. The article reveals the features of each part of the novel, analyzes vivid expressions, such as a living example of oratory, which can serve as a model for the younger generation of writers, and provides specific examples where vivid figurative expressions worthy of the colors of the moral character of the national language. One of the essential features of the work is the problem of national independence.

Keywords: historical personality, image, aggregate image, historical situation, aesthetics, chronology

Акыш Н.Б.,¹ Жетекова Г. Ж.²

¹Институт литературы и искусства им. М. О. Ауэзова,
Алматы, Казахстан

²Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
Алматы, Казахстан

ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЗРЕЛОГО ОБРАЗА ИСТОРИЧЕСКОЙ ЛИЧНОСТИ

Аннотация

В статье рассматривается роман «Ақ боз атты ару» воина-писателя Сауірбека Бакбергенова, создающего образ нравственных личностей. В данном романе писателя широкая публика сможет познакомиться с последними годами жизни просветителя, этнографа, историка Чокана Валиханова. В романе раскрывается образ Чокана Валиханова с разных сторон, помимо главного героя созданы яркие, убедительные, исторические образы. Положительная особенность произведения – более яркое выражение богатства литературного языка. В статье раскрываются особенности каждой части романа, анализируются живые образцы ораторского мастерства, которые могут служить образцом для молодого поколения писателей, приводятся конкретные примеры, яркие образные выражения, достойные красок нравственного характера народного языка. Одной из существенных особенностей произведения является проблема национальной независимости.

Ключевые слова: историческая личность, образ, совокупный образ, историческая ситуация, эстетика, хронология и т.д.

Кіріспе. Кез келген көркем әдебиет туындысы туралы пікір айту үшін белгілі бір шарттардың болатыны белгілі. Соның бірі – пікір айтушы адамның зерттеу нысанын мейілінше жақсы білуге тиіс екендігі. С.Бакбергеновтің «Ақ боз атты ару» романын талдауға кіріспестен бұрын нақ осы шарттың өз бойымыздан тұтас табыла қоймаса да, халқымыздың қадірменді перзенті Ш.Уәлиханов туралы көзикарақты кез-келген қазақ оқырманының қандай мөлшерде болсын ептеп хабардар болатыны даусыз.

Сондықтан осы роман төңірегінде қазір айтылуға тиісті пікірлердің барлығын біліктілік пен білімдарлықтың көрінісіндей үзілді-кесілді қабылдай беруге болмайды. Мақтау мен міндеттеудің, талдау мен тамсанудың артық кем тұстарының кездесуі әбден мүмкін. Әзірше біздің үлесімізге тигені – қарапайым оқырман ретінде өз ойымызды ғана білдіру.

Қазақстан жазушыларының анықтамалығында жазылғанындай, жалпы прозашы С.Бакбергеновтің «Басты ейіпкерлері – Дина Нұрпейісова, Нұрмолда Алдабергенов, Кенен Әзірбаев, Шоқан Уәлиханов тәрізді тарихи тұлғалар» [1,102].

Әдістемесі. Әдебиетте де, өнерде де жасалуы оңайшылыққа түспейтін қиын ерекше тарихи тұлғалардың бірі – Ш.Уәлиханов. Ол неге қиын деген мәселеге бұл жерде тәптіштей жауап беріп жатудың өзі артық деп ойлаймыз. Өйткені С.Мұқановтың атақты «Аққан жұлдыз» трилогиясы, «Шоқан Уәлиханов» пьесасы, осы Сауірбек Бакбергеновтің өзінің «Мен сізді сүйемін», «Қоянқөзге құлаған жұлдыз» атты кітаптары, «Қазақфильм» киностудиясы түсірген «Оның уақыты келеді» және А.Әшімов түсірген төрт сериялы көркем фильмдері Шоқан жөніндегі көркем туындылардың ең елеулілері ғана.

Әрине, әр жанрдағы осындай шығармалар дүниеге келіп, көпшілік игілігіне айналғаннан кейін, Шоқан тақырыбына қайта айналып соғу кез-келген автордан жауапкершілікті, ізденімпаздықты және батылдықты талап етері сөзсіз. Жүрегінің түгі, қаламының қарымы ғана бар жазушы осындай тәуекелдің ісіне бара алар еді деп ойлаймыз. Материалды жақсы білгеннің өзінде Шоқан тәрізді алып тұлғаның бейнесін көркем шығармада келісті етіп сомдап беру кез-келген қалам иесінің қолына келе бермес те. Мысалы, кейінгі буын жазушыларының өкілдері нақ осындай әрекетке белді буып тәуекел етіп жатқандары байқалмайды.

Бұл романды талдар алдында, міне, осындай ерекшеліктерді еріксіз ескеріп, кейбір жекелеген шарттармен санасып отыруға тура келетінін білгеніміз абзал.

Шоқан өмірінің маңызды кезеңдерін көрсетуге арналған туындылардың бірі – С.Бақбергеновтің «Ақ боз атты ару» романы. Нақтырақ айтқанда, оның оқиғасы 1864-1865 жылдар аралығын, ұлы тұлғаның соңғы екі жылын қамтиды. Шегіністер арқылы өткен өмірінің кейбір кезеңдеріне ішінара жасалған шолулар Шоқан бейнесін әр қырынан аша түскен. Яғни, автор әбден кемелденген, іштей жетілген, толысқан шақтағы Шоканның жан дүниесін, адамдық-азаматтық бет-бейнесін ашып көрсетуді мұрат тұтқан. Әдебиеттанушы Т.Тебегенов айтқандай, «Халық даналығы – ұрпақтардың мінез-құлық қасиеттерінің әділ төрешісі» [2,130] екендігі осы романның көркемдік кредоларының бірі.

Біздің байқауымызша, жазушы бүкіл болмыс-бітімі күрделі халық перзентінің өзге жағынан гөрі нақ осы сипаттарына баса назар аударып отырған. Жан-жақты ғалым, публицист, патша армиясының офицері, қазақтың ақ сүйегі сынды төре тұқымы, ойшыл, суретші азаматтың өзге қырлары да романда ішін-ара көрсетіліп отырғанымен, оқырманды алдымен тәнті ететін – бәрібір оның адамгершілік қасиеттері. Ал бұндай ұғымның ішіне көп нәрсені сыйғызуға болмайтынын дәлелдеп жатудың тағы да қажеті жоқ.

Түйіп-түйіп ықшамдай жеткізгенде, роман фабуласын құрайтын негізгі оқиғалар – Достоевский-Шоқан достығы, Шоканның Петербургте болуы, Черняев отрядына қосылуы, Жетісу жеріндегі байырғы тұрғындармен байланысы, Тезек төренің ауылында өткізген айлары. Шоқан өмірінің соңғы жылдарындағы осы кезеңдердің қай-қайсысы да маңызды. Олардың бәрі тұтасып, біріге келіп, Уәлиханов шын мәнінде қандай адам болған, қазақ халқының тарихындағы оның орыны қандай деген негізгі сұрауға жауап беретінін кітап авторы жақсы аңғарған. Әр кезеңге белгілі бір мөлшерде авторлық екпін түсіре отырып баяндау арқылы автор қазақ тарихының жекелеген кезеңдерінен хабар беріп кетеді.

Осы арада профессор Ш.Елеуеновтің «Кеңес кезіндегі тарих деп жүргеніміз мөлшері пышақтың қырындай оқулыққа сыйып кететін бірдеңе болса, енді қазір ауыз толтырып айтарлық салмақты, салалы ғылым саласына айналып отыр» [3, 208] тұжырымдамасы еске түседі.

Шоқан-Достоевский достығы туралы С.Бақбергенов бұрын да жазған. Сондықтан, романның алғашқы беттеріндегі тараулар мазмұны өз кезіндегі оқырманға бәлендей таңсық бола қоймаса керек-ті. Бірақ бүгінгі оқырман қайтадан қарап, шығарманың тарихи-әлеуметтік мазмұнын тереңірек түйсінуі тиіс. Бұл жерде біз білімді де терең интеллект иесі болып көрінуімен бірге Шоканның достыққа, адамгершілікке берік жан екені де ашық аңғарылып қалады. Достардың бір-біріне құрметпен қарап, ықыласпен сыйласатын, сырласатын сәттеріне шын көңілден иланып отырсыз, оларды толғандырған, қиналған замана мәселелері халық тарихына үңіле білетін көзіқарақты оқырманды да бей-жай қалдырмайды.

Россияның мәдени-әкімшілік ортасынан шалғайда, меңіреу аймақ болып есептелінген қазақ сахарасының бір шетінде аз уақытқа ғана кездесіп, сыр ашысып жүрген достардың диалогтарындағы қозғайтын проблемалар, қинайтын жайттар замана тынысынан анық хабар береді. Шоканның ғана емес, ұлы орыс жазушысының да шағын штрихтармен тәп-тәуір көрініп қалып отыратын адамгершілік бет-пішіні, жан дүниесі. Осы жерде автордың бас кейіпкер Шоқанмен бірге Достоевский бейнесін ашуға да еріксіз күш салуға тура келуі заңды. Ойшыл да байсалды жазушы күрескер, творчество иесі болуымен бірге күліп, қайғырып, қуана білетін кәдімгі адам, таза махаббат иесі. Оның Мария Димитриевнаға деген сүйіспеншілік сезіміне тәнті болған азғана адамның бірі, әрине, Шоқан. Айтулы талант әрі үлкен жүрек иесінің мейірбандылығы, рухани мықтылығы оған айрықша әсер еткені сөзсіз.

Осы екі ұлы адамның ара-қатынасы, достық байланыстары екеуінің диалогтары арқылы ғана беріледі. Олардың достығын маңайында жүрген өзге адамдардың көзқарастары арқылы көрсетіліп жатса, романдағы осы линия тіпті ширай түсер еді, бұдан гөрі де қызықты болар еді деп ойлаймыз. Бұл арада автордың шұбалаңқылықтан қашып, достықты екеуара диалогтар арқылы ғана берумен шектелетінін байқау қиын емес. Өйткені Достоевский-Шоқан қарым-қатынасын, төңірегін талдай көрсету, жеке көлемді туындының жүгі ғой.

Ал романдағы кейіпкер өмірінің келесі бөлігі – Петербург кезеңі оқырманға біраз қызықты мәліметтер бергенімен, жан-жақты суреттеліп, тиісті деңгейде ашыла алмағандай әсер етеді. Егерде Шоканның алуан оқиғаға толы қысқа ғұмырын бейнелі түрде тұтас бір шығарманың сюжеті деп алатын болсақ, оның ең шарықтау шегі кейіпкердің осы Петербургтегі күндері болса керек. Өйткені бұған дейін сан жерлерді аралап, әртүрлі географиялық саяхаттар жасап, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, мол практикалық тәжірибе жинақтаған Шоканның сол еңбектеріне ғылыми анализ жасайтын мезгілі осы Петербург кезеңі ғой.

Мұнда өткен аз уақыттың ішінде ол әртүрлі қызметтер істеген, орыстың сол кездегі талай белгілі адамдарымен жолығып, сұхбаттасқан, достасқан. Өзгелерін айтпағанда, география қоғамының вице-президенті Семенов-Тянь-Шанскиймен, профессор Бекетовпен, ағайынды Курочкинмен, Ядринцевпен жақын достық қарым-қатынаста болғаны мәлім. Осы озық ойлы адамдармен байланысы жөнінде бірер эпизод кіргізілгенде, Шоқан Петербургтегі ортасы, сол ортаның тигізген ықпалы бұдан гөрі де анығырақ көрінер еді. Оның үстіне Шоқан өмірінің бұл кезеңіне

романда бір-ақ тарау арналған. Көлемі де шағын, 16-17 беттей ғана, Шоқанның Петербургте көргісі келетін оқырманның осындай қысқа баяндауларды азырканып қалатыны анық.

Мұнан соң Шоқанның Верныйға келіп, Черняев отрядына қосылуы, онан кейін жергілікті халықпен араласуы суреттеледі. Романда баса назар аударылып, мол орын берілген тұстар да осылар. Алдыңғы оқиғаларға қарағанда бұл тарауларды қабылдау әсерлерінің қанығырақ болуы оқиғаларды суреттеуге арналған оқиғалар мен эпизодтарға мольрақ берілуіне ғана байланысты емес. Ел арасының тіршілігі, ондағы адамдар оқиға үстінде аумалы-төкпелі заманда анығырақ суреттелген. Жетісу аймағының, Қырғызстан жерінің Россия қол астына қарауы, сол кездегі халықтың көңіл күйі роман беттерінен әсерлі көрініс тауып отырады.

Нәтижелер. «Ел қорғау, жаудан азат ету тақырыбы бергін келе, тарихи жағдайларға байланысты ұлттық тәуелсіздік тақырыбына жалғасты» [4,200] деп, С.Қалқабаева айтқандай, осылайша романда ұлттық тәуелсіздік мәселесі де қозғалған.

Осындай қоғамдық-тарихи оқиғаның бел ортасында жүрген Шоқан – жан дүниесіндегі арпалыстарды жеткізетін сәттер де сәтсіз емес.

Көркем шығармаға қойылған талаптар тұрғысынан келсек, романның бұл беттерінде көңілге қонатын екі мәселе бар. Оның бірі – бас кейіпкерден басқа да бояуы қанық, көңілге қонымды образдардың жасалуы. Солардың ішінде, атап айтқанда, оқырман есінде анығырақ қалатындары – Байзақ датқа, Әлішер датқа, Ақмолда, Нұрмағамбет датқа, Жылқыайдар, Шәһарбану тәрізді ел адамдары. Бұлардың қай-қайсысы да сол кездегі қазақ феодалдық қоғамында өмір сүріп жатқан әр түрлі тап өкілдері. Мысалы, халық арасынан шыққан батыр Байзақтың бойынан елжандылық та, ерлік те, даналық та тапқырлық та қатарынан көрініс тауып отырады. Жеке басы жұмыр басты пендеге тән кем-кетіктен де құралақан емес. Үндемей ғана жүріп, әкесінің айтқанын тыңдай беретін, біртоға мінезді Ақмолданың аласапыран соғыс уақытында басқа қырынан танылуы, кек алуға ұмтылуы – образ бойына сыйымды, нанымды қаракеттер.

Бір қарағанда, сыпайы, ұстамды, тіпті жанашыр болып көрінетін Нұрмағамбеттің жауыздығы сол кездегі үстем тап өкілдерінің шын сырын, бет пердесін ашып тұрғандай.

Талқылау. Романда Шоқанның халықпен неғұрлым жақынырақ, тереңірек араласуы да осы тұстарда. Әркіммен жақындасып сөйлесу, жекелеген адамдардың тағдыры туралы толғанып отыру, өз пікірін өткізуге ұмтылыс сияқты әрекеттер қазақ жерінің Россияның қол астына келгенше мақсат қылғаны – осындай тарихи-прогрессивті процесс кезінде мүмкіндігінше қантөгісті болдырмау. Бұл қанша ғұлама ірі тұлға болғанымен, қолында билігі жоқ жеке адамның қолынан келе қоюы қиын шаруа. Бірақ көріп тұрып, қол қусырып қалуға болмайтын жағдай тағы да туындайды.

Сол үшін жергілікті сарбаздардың басшыларымен келіссөз жүргізуге бір араласса, патша армиясы офицерлерінің ниетін жұмсарту да ойында. Шоқанға екі жақтың да психологиясы түсінікті. Байырғы халық өзара қырқысқан жергілікті әкімдердің талауында жатса, патша армиясының басшылары жаңа өлкелерді неғұрлым тезірек қаратудан өзге мақсаттары да байқалмайды.

Әрине, қолында үлкен билігі жоқ Шоқанның патша армиясының империалистік пиғылына жасайтын ықпалы шамалы. Әулиеата алынғаннан кейін офицер әріптестерімен келісудің орнына кетісіп тынуы, Корниловпен дуэльге шығуы ұсақ-түйектен шыққан жай емес, жүрген ортасында пікірлес адамы азайып жалғыз қалған Шоқанның ішкі буырқанысының, наразылығының айқын көрінісі. Осы жерде қырғыз ақыны А.Ақбаровтың:

*«Отаным деп жанын қиған бабалар,
Аспан тірер шыңдай бізге байқалып, [5,9] деген сөзі еске түседі.*

Шоқан өмірінің бір үзік бейбіт шағы – Тезек төре ауылында өткізген ақырғы айлары. Романда бұл жағдайға негіз болған жайт – Шоқан мен Айсара арасындағы шынайы сезім құбылыстары. Екі жастың бір-біріне деген іңкәр көңілі, өзара сыйластығы оқырманды тәнті етеді. Ұлы тұлғаның осы кезеңдегі өмірі жайында «1864 жылы албан руының аға сұлтаны Тезек төренің аулына барып, оның қарындасы Асараға үйленеді» [6,135] дейді тарих ғылымдарының докторы Смағұлова С.

Өмірін халқының болашағына, ғылымға арнаған азаматтың махаббат қызығына енді ғана қол соза берген шағында дүниеден өтуі кімді болса да, қынжылттары, өкінішке душар етері сөзсіз. Сол кездегі үлгілі қазақ қыздарының жиынтық бейнесі іспетті Айсара бейнесінің оқырман көңілінде тек нәзік жақтарымен қалары анық. Бұқара халық өкілі Бекен бойында қазақы мінездің аңқып тұруы жазушы ізденісінің кезекті нышаны. Бір-екі жерде көрінсе де, оқырманның қабылдауына эстетикалық жағынан оң әсер етеді.

Романның осы бөлігіне тән екінші бір ұнасымды сипат – әдеби көркем тіл құнарының неғұрлым айқынырақ байқалуы. Ажары ашық бейнелі тіркестер, халық тілінің ұнасымды сипаттарына лайықты бояуларымен көрініс табатын жерлері қазіргі жас қаламгерлерге үлгі. Мысалы, Бекен ауызынан айтылатын «Көзі көр, көңілі соқыр, басы жұмыр пендеміз ғой» деген тіркестер, «Қыранды тұл, адамды құл ететін өнегесіз тәрбие емес пе» деген тәрізді сөйлем ел арасындағы шешендіктің тірі үлгісі сынды.

Сондай-ақ, табиғат суреттерін, кейіпкер мінездерін беретін тұстардағы дәлдік пен бейнеліліктің қатар өріліп отыруы да жас жазушылар үшін үлгі боларлық жайт. Автор қаламы әсіресе қазақы мінез-құлықтарға байланысты сценаларда адам жанына үңілер сәттерде кәдімгідей жүрдектік танытады. Роман беттерінен баяндаулар жиі ұшырағанымен, олар құрғақ емес, жатық та суретті.

Енді осы туынды да кемшіліктер бар ма деген сұрақтың көкейге көлденеңдеп келуі заңды. Бұл сұрауға «иә, бар» деп жауап беруге тура келеді және оның кейбіреулерін жоғарыда айттық та. Бұл арада кейбір пікірлердің субъективті қабылдау салдарынан туындауы да әбден мүмкін екенін тағы да еске сала кеткеніміз жөн. Дегенімен айтылар ой артық жүк болып көкейде тұтылып қалмауы үшін өзіміз кемшілік деп тапқан жайттарды жасырып қалуға да болмас.

Алдымен байқалатын романның композициялық бітімі әлі де толық ширай қоймаған, босаңдау. Оған екі түрлі мысал келтіруге болады. Біріншіден оқиғаның берілуінде хронологиялық тәртіп барлық жерде тұтастай сақтала қоймаған. Уақыт жағынан кейін орын алып жататын оқиға алдында баяндалып кетеді де, алдыңғы оқиға, керісінше, артынан баяндалып жататын тұстар бар. Соның салдарынан сюжеттік желіні қуалай отырып оқиғаны тез түсініп алу жағында қиыншылықтар кездеседі.

Мәселен, романның «Қош бол, Сырымбет» деп аталатын алғашқы тараудың алғашқы сөйлемі «1864 жыл. Қақаған қыс ортасында Шоқан өзінің кір жуып кіндік кесті туған жері, атамекен Сырымбетпен біржола қоштасқанын сезген жоқ» [7,3] деп басталады. Бұл автор өзі меңзеп отырғанындай, Шоқан өмірінің бітуіне бір жыл шамасындай ғана уақыт қалған мезгіл.

Сонан кейін Достоевскиймен байланыс баяндалады да, оқиға әрі қарай шегініп кетеді және автор бұл шегіністерге бір емес, бірнеше тарау арнаған. Шегіністің өзі осылайша созылып кетуі оқырманның хронологиялық тәртіпті жүйелі қабылауына кері әсер етеді. Оқиға, образ ізіне ілескен оқырман «1864 жылдың ерте көктемінде Шоқан Матайдағы Тезек ауылынан шығып...» [7,91] деген жерге келгенше әуелгі желіден айрылып қалады. Сөйтіп осы аралықтағы оқиғалардың өзі ілгері-кейінді беріліп отырғандықтан, кейде түсіну қиынға соғып жатады. 40-бетте Достоевский мен Уәлихановтың суретке түскені, онда Уәлихановтың қанжар ұстап отырғаны баяндалса, 60-бетте осы оқиға қайтадан нақтырақ суреттеліпті.

Мұндай жайлар Шоқанның Черняев отрядына еріп, Әулиеатаға беттейтін кезін әңгімелейтін беттерде де жоқ емес. Шоқан Әлішердің тұтқында жатқанын көретін тұс 103-бетте суреттелсе, 137-бетте Әлішердің қоршауда енді ғана қалғаны айтылады. Әрине, бұл көрініс шегініс арқылы беріліп отырған күннің өзінде көркемдік жүйе талаптары тұрғысынан сәтті тәсіл деп айта қою қиын.

Композициялық бітімінен шығатын екінші жайт – образдар табиғатындағы бірізділіктің бұзылуы. Роман бетінде көрінген жаңа кейіпкер ары қарай дамымай, сол айтылған тұстарында қалып қоя беретін жерлер бар екен.

Ауызға алынып, бірақ артынан шешімі белгісіз болып қалатын детальдар да бар. Дуэльге шыққан Шоқан қарсыласы Корниловқа оқты әдейі тигізбей атады да, өзі жараланып қалады. Оның мәнісін сұраған серігіне «Оның бәрін кейін ұғасың» [7,217] деп жауап қатады. Бірақ романның аяғына дейін Шоқанның жауына не себепті оқ атпағаны ашылмаған.

Сондай-ақ, 204-бетте Шоқан ауызға алатын Северцев тағдыры да белгісіз күйде қалады. Оқырманның ынтық көңілін бұлайша күпті етіп тастау да байсалды көркем шығарманың табиғатына жараса қоймасы анық..

Романда жарқырап көрінуге сұранып тұрған Біржан, Жаяу Мұса, Черняев сияқты белгілі тарихи бейнелер бар. Бұлардың әрқайсысы – бір-бір туындыға өзек боларлық кесек бітімді, күрделі образдар. Өлшеулі ғана орын берілгендіктен болар, осы айтылған адамдар мына туынды да өз деңгейлерінде жарқырап көріне алмай тұр. Кейде сәті келсе, эпизодтық бейнелердің өзі бірер штрих жалғыз-жарым детальдармен ашылып қалып жататын кездері бар гой. Әсіресе патша армиясының қандықол генералы Черняевті шенеу мүмкіндігін автордың қолдан шығарып алғанымен келісу қиын сияқты. Байырғы халыққа жазықсыз жәбір жасаған үлкен лауазым иесінің қоғамдық кескін-келбетін, моральдық нұсқасын әлі де айқындай түскенде болар еді.

Кейбір деректерге қарағанда, Шоқанды отрядқа Черняев аннайы шақырып алыпты. «1864 жылы көктемде Оңтүстік Қазақстанды Ресейге қосу жөніндегі полковник М.Г.Черняевтің шақыруымен әскери экспедицияға қатысады» [8,95].

Ал романда Шоқан осы сапарға өзі тіленіп шыққан. Мүмкін, бұл жағдайды автор көркем шығарманың шартына орай лайықтап өзгерткен шығар.

«Жорыққа қатысып, шен-шекпен арттырмақ болған Шоқан...» деген тұжырымды автор белгілі бір документті дерекке сүйеніп айтып отырған шығар деп пайымдадық. Бірақ соның өзінде де халықтың Шоқандай асыл перзентін Черняев жорығына тек шен-шекпен арттыру үшін ғана қатысып жүр деу ойланарлық жайт.

Жалпы тілдік өрімі тәп-тәуір бұл туынды кедір-бұдыр сөйлемдерден біржола ада емес. «Қоралы жылқы...» [7,221], «...маймылдың бөксесіндей қызарып кетті» [7,144], «Сиярға туған күн бұзауға туады», «Жұпар сасыған» [7,268] деген тәрізді тіркестер өзінің нақты мағынасының табиғатына сай емес, басқаша құрастыруды қажетсініп тұр.

Жазушы Шоқан жөніндегі бұл туындысын «Ақ боз атты ару» деп тегін атамағанға ұқсайды. Тура мағынасында бұл атау ақ боз ат мініп жүретін Шоқанның асыл жары Айсараға арналған. Үлкен жүректің шын мәнінде құлай жақсы көріп, айналадағы әділетсіздік атаулыдан түңілген сәтте көңіліне жақын, рухани медет тұтқан адамы.

Екіншіден, сол ақ боз атты арудың өзі Шоқанның іске асырсаң қиялдаған, ақыр аяғында қатігез тағдырдың қыспағымен, қанша аңсаға да, жете алмай кеткен асыл арманы емес пе?!

Қорытынды. Оқиғаса орай айтылатын ой-толғамның да бірге өрбіп отыратынына образдардың жасалу тәсіліне қарап бұл қомақты туындыны жай ғана «роман» деп емес, «роман-толғау» жанрлық бітімін анықтай түскен жөн сияқты. Тұтастай алғанда, «Ақ боз атты ару» танымдық-тәрбиелік қасиетімен, тарихи тағылымымен қазақ оқырманының қандай санаты үшін де салмақты, бағалы болуы тиіс деп ойлаймыз. Халқымыздың асыл перзенті жайлы жан-жақты хикая шертетін бұл кітапқа сауатты, ел тағдырына жаны ашитын оқырманның қай-қайсысы да

бей-жай қарай алмаса керек. Жазушының жерлесі М.Қарғабай өзінің «Созақтың сырбаз Сәуірбегі» деген мақаласында «Созақ деген сырлы да, құнды өлкесі барда Сәуірбеу есімі аласармақ емес» деп тұжырымдайды. Әдебиеттану ғылым тұрғысынан да осы пікірді тиянақтайтын дәлелдердің бірі – осы аталған роман екендігі сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан жазушылары. Анықтамалық. – Алматы: «Әдебиет» баспа үйі, 2019. -600 б.
- 2 Тебегенов Т.С., Тәуелсіздік дәуіріндегі жаңа қазақ әдеуіеті. Могография. – Семей: «Үш биік» баспасы, 2013. – 380 б.
- 3 Елеуенов Ш. Романдардағы тарихи шындық пен көркем шешім. // Ұлттық әдебиет және еліміздің зияткерлік әлеуеті. Ұжымдық монография. Алматы: Print express, 2017.- 492 б.
- 4 Қалқабәева С. Қазақ поэзиясындағы дәстүрлі ұлттық тақырыптар. // Жұлдыз, №1, 2013.
- 5 Акбаров А. Қасиетті баба, әжелер. Кітапта: //Қазіргі қырғыз поэзиясы. – Астана: «Ғылым» баспасы, 2019, - 166 б.
- 6 Смағұлова С. Ұлы дала тұлғалары. – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2020 – 236 б.
- 7 С.Бақбергенев. «Ақ боз атты ару». Роман. «Жалын» баспасы. 1986 жыл.
- 8 Ұлы дала тұлғалары. – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2019. – 226 б.
- 9 Қарғабай М. Созақтың сырбаз Сәуірбегі. //Жұлдыз, №6, 2020.

References:

1. Qazaqstan jazushylary. Anyqtamalyq. – Almaty: «Ädebiet» baspa üii, 2019. -600 b.
2. Tebegenov T.S., Täuelsizdik дәuirindegi jaña qazaq әdeietі. Mogografіa. – semei: «Üş biik» baspasy, 2013. – 380 b.
3. Eleukenov Ş. Romandardaғы tarihi şyndyq pen көркем шеşim. // Ülttyq әdebiet және elimizdñ ziatkerlik әleueti. Üjymdyq monografіa. Almtу: Print express, 2017.- 492 b.
4. Qalqabaeva S. Qazaq poeziasyndағы дәstürli ülttyq taqyryptar. // Jüldyz, №1, 2013.
5. Akbarov A. Qasietti baba, әjeler. Kitapta: //Qazirgi qyrғыз poeziasy. – Astana: «Ğylym» baspasy, 2019, - 166 b.
6. Смағұлова S. Ұлы дала тұлғалары. – Almaty: «Ұлағат» baspasy, 2020 – 236 b.
7. S.Baqbergenov. «Aq boz atty aru». Roman. «Jalyn» baspasy. 1986 jyl.
8. Ұлы дала тұлғалары. – Almaty: «Ұлағат» baspasy, 2019. – 226 b.
9. Qarğabay M. Sozaqtyñ syrbaз Säuirbegi. //Jüldyz, №6, 2020.

МРНТИ 17.71.07

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.44>

Асанова Ұ.О.,¹ Ашенова А.Т.,² Қоқанова Ж.А.³

^{1,2} Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

³ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ-ТАТАР ХАЛҚЫНЫҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Кез келген халықтың педагогикалық ой-пікірлері оның түрлі мәдени-рухани мұраларында көрініс табады ақиқат. Сол рухани байлығымыздың бірі, халық әдебиетінің асыл қазынасы – мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдер – ғасырлар шежіресі, халықтың ғасырлар бойы жинаған іс-тәжірибесі мен өмір тәжірибесінен қорытып, ережелерінде тұжырымдалған аталы сөз, ой түйіні. Ол бүкіл адам баласына ортақ, сондықтан бір халықтың мақалын екінші халық өзінің төл шығармасындай қабылдай беретіні де бар. Тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымы, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі ұқсас, ділі бір, діні бір түркі халықтарының, әсіресе қазақ-татар халқының мақал-мәтелдерінің мазмұны мен жасалу тәсілдері жағынан, сөздік, сөйлемдік құрылымы жағынан өте ұқсас болып келетінін байқау қиын емес. Бұдан қазақ-татар халқының рухани, мәдени, тарихи жағынан да жақындығын аңғаруға болады. Қазақ-татар халқының мақал-мәтелдеріндегі адамгершілік пен имандылық, еңбек пен өнер, ерлік пен отансүйгіштік қарым-қатынасына негізделген педагогикалық ой-тұжырымдарының да жас ұрпақ тәрбиесінде алар орны ерекше.

Түйін сөздер: рухани құндылық, түркі халқы, өмір тәжірибесі, өсиет, тәрбие, моральдық қасиет

Assanova U.,¹ Ashenova A.,² Kokanova Zh.³

^{1,2}L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Nur-Sultan, Kazakhstan

³Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

EDUCATION ISSUES IN PROVERBS OF THE KAZAKH AND TATAR PEOPLE

Abstract

The pedagogical thoughts of any nation find their place in various cultural and spiritual heritage. One of our spiritual wealth, a treasure trove of folk literature are proverbs and sayings. Proverbs and sayings are a chronicle of centuries, a summary of the experience and life experience of the people, formulated in the form of rules. They are common to all mankind, so the proverbs of one nation can be perceived by another as their own creation. It is not difficult to notice that from the point of view of the content and methods of compiling proverbs and sayings of the Turkic peoples, especially the Kazakh-Tatar people, they are identical in the verbal and speech structure, in everyday life and world outlook, customs and traditions. From this one can understand the closeness of the Kazakh-Tatar people in spiritual, cultural and historical aspects. Pedagogical ideas based on morality and ethics, work and art, heroism and patriotism in the proverbs and sayings of the Kazakh-Tatar people occupy a special place in the education of the younger generation.

Keywords: spiritual values, Turkic people, life experience, testament, upbringing, moral qualities

Асанова У.О.,¹ Ашенова А.Т.,² Коканова Ж. А.³

^{1,2}Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан

³Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

ВОПРОСЫ ВОСПИТАНИЯ В ПОСЛОВИЦАХ И ПОГОВОРКАХ КАЗАХСКОГО И ТАТАРСКОГО НАРОДОВ

Аннотация

Педагогические мысли любого народа находят свое место в различных культурно-духовных наследиях. Одной из наших духовных богатств, сокровищницей народной литературы являются пословицы и поговорки. Пословицы и поговорки – летопись веков, обобщение опыта и жизненного опыта народа, сформулированное в виде правил. Они общие для всего человечества, поэтому пословицы одного народа могут восприниматься другим народом как свое творение. Не сложно заметить, что с точки зрения содержания и способов составления пословиц и поговорок тюркских народов, в особенности казахско-татарского народа, они идентичны в словесной и речевой структуре, по быту и мировоззрению, обычаям и традициям. Отсюда можно понять близость казахско-татарского народа по духовным, культурным и историческим аспектам. Педагогические идеи, основанные на морали и нравственности, труде и искусстве, героизме и патриотизме в пословицах и поговорках казахско-татарского народа занимают особое место в воспитании подрастающего поколения.

Ключевые слова: духовные ценности, тюркский народ, жизненный опыт, завещание, воспитание, нравственные качества

Кіріспе. Әрбір ұлттың, әрбір этностың таным үрдісі мен рухани құндылықтарды қабылдап зерделеу және тұжырымдау өрісі халықтың асыл мұраларынан көрініс табады. Осындай асыл мұралардың бірі, халықтың әдет-ғұрып, ұғым-сенімін, дүниеге көзқарасын көрсететін өмір тәжірибесінен, тіршілік-танымынан түйіп түзілген – мақал-мәтелдер.

Мақал-мәтелдер – халықтың төл жемісі, ауыз әдебиетінің көне жанрларының бірі. Академик Мұхтар Әуезов: «Мақал-мәтел халық әдебиетінің қоғамдық құбылыстарын кең қамтып, өмірдегі әрқилықарым-қатынастарды әсерлі де көркем бейнелейтін, тақырыбы, идеялық мазмұны бай, ең бір мол саласы. Мақал-мәтелдегіміз – халықтың нақыл сөздері, белгілі бір ойды ықшам түрде, ұтымды, өткір етіп айтып беретін сөз», - деп сипаттайды [1, 394]. Мақал-мәтелдер – ел арасында ең көп таралған халық ауыз әдебиетінің ең бай саласы. Екі ауыз сөзді мәтелмен айту халық дәстүріне айналған. Мазмұны, идеясы, тақырыбына қарай мақал-мәтелдер саудаға, тұрмысқа, адамгершілікке т.б. байланысты туған [2, 137].

Түркі халықтарының рухани байлығы, көркемдік және шешендік өнерінің қайнар көзі болып табылатын мақал мен мәтелдерінде халықтың өмір тәжірибесінен алынған ой түйіндері өнегелі өсиет түрінде айтылып, ұрпақ тәрбиесінде үздіксіз пайдаланылып отырған. Көрнекті чуваш ғалымы Г.Н. Волковтың «Ұлт қанша ғұмыр кешсе, тәрбие онымен бірге дамиды» деген тұжырымы осының дәлелі болмақ [3].

Нәтижелер. Түркі халықтары, оның ішінде қазақ және татар халқы мақал-мәтелдерінің тақырыптары сан алуан және мағынасы жағынан өте жақын. Онда халықтың жаны болып табылатын негізгі моральдық-этикалық нормалар көрініс табады[4,33]. Түркі халықтарына ортақ мақал-мәтелдер екі түрлі арна бойынша қалыптасатыны белгілі. Негізінде түркі әлемінде ортақ мақал-мәтелдерді әрбір ұлт өз тілінің ерекшелігіне сәйкес қалыптастырып, терең ой, айшықты пікір, кестелі сөзбен жеткізуге тырысады. Оларда халықтың әлеуметтік, шаруашылық, рухани өмірі түгел камтылып отырған.

Түркі тарихының ғасырдан-ғасырға ұласып келе жатқан ұлы мақсат-мұраттарының ішіндегі ең бастысы – өскелең ұрпақты отансүйгіштік, ерлікке тәрбиелеу мәселесі. Түркілік отансүйгіштік тәрбиенің мақсаты – жас ұрпақты түркілік рухта тәрбиелей отырып, оларға елі мен халқының, Отанының алдындағы борышы мен азаматтық парызын және ар-ұят, намыс ұстанымдарын түсіндіру. Бұл қазақ және татар халықтарының мақал-мәтелдерінде былайша беріледі. Қазақ тіліндегі: «*Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі. Ел іші – алтын бесік. Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол. Ерден кетсе де елден кетпейді*» [6] деген мақалдар татар тілінде де тура сол мағынада қолданылады, өзгеріс тек жазылуы, оқылуы және айтылуында ғана: «*Ир егет үзе өчен туа, иле өчен үлэ. Ил эче – алтын бишек. Кеше йортында йөреп солтан булганчы, үз йортында йөреп олтан бул. Ирдән китсәң дә, илдән китмә*» [7].

Талқылау. Түркілік отансүйгіштік құндылықтарды бағалау – жастардың алдында тұрған басты міндеттердің бірі, сондықтан да «ел үшін, жер үшін, атамекен үшін» деген отансүйгіштік қағида барша түркілердің ортақ борышы болып есептеледі.

Қазақ тіліндегі:

Ел-елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен де жақсы.

Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас.

Отанды сүю отбасынан басталады.

Әркімнің өз жері – жұмақ.

Туған жердің ауасы да иппа, - деген мақал-мәтелдер [6] және татар тіліндегі:

Атасын югалткан – бөлгән, илен югалткан – үлгән.

Ватаны юк – жыры юк сандугач.

Ил бар да – ир хур булмас, ир барда – ил хур булмас.

Ил өчен яшәмәгән кеше үзе өчен дә яшәми.

Иле иркенең көне иркен.

Туған илнең жыре – жәннәт, суы – ширбәт.

Үз илең – гөлстан, кеше иле – гурстан.

Үлем турында уйлама, илең турында уйла, - деген мақал-мәтелдерде [7] халықтың туған жеріне, атамекеніне, Отанына, еліне деген сүйіспеншілігі терең түйінделген.

Түркі халықтарының түсінігінде дүниеге келген әрбір ұл бала «ел қуанышы», «ел қорғайтын ұрпақ жалғасы» деп ұғынылады. Олар құралайды көзге атқан мерген, ат құлағында ойнайтын шебер, халыққа қызмет ететін, халқының салт-дәстүрін қорғайтын қамқоршы, қара қылды қақ жарған әділ, рухани-моральдық жағынан жетілген намысқой «батыр» тұлғасында қалыптасады. Намысқой, батыр, ержүрек ұрпақты тәрбиелеу отбасынан бастау алатыны белгілі, сондықтан түркі отбасында ер бала мен қыз баланы тәрбиелеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Түркілер ер баланы ұрып-соқпай, жасық қылмай, керісінше еңсесі биік, өршіл етіп тәрбиелеген. Ал қыздарын биязы болуға, әдептілікке, әдемілікке үйреткен. Бұл қазақ және татар халықтарының мақал-мәтелдерінде былайша сипатталады:

Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар.

Батыр туса – ел ырысы, жаңбыр жауса – жер ырысы.

Ер елімен жақсы.

Елі жоқ ер жетім.

Ақылды қыз – ауыл көркі.

Жақсы қыз жағадағы құндыз,

Жақсы жігіт көктегі жүлдіз.

Ақылды қыз білімге жүгірер,

Ақылсыз қыз сөзге ілігер.

Қыздың қабағында құт бар.

Қыз өссе – елдің көркі,

Гүл өссе – жердің көркі [6]

(қазақ мақал-мәтелдері)

Ул туды – илгә ту (байрақ) туды.

Улы барның қулы бар.

Улның ояты атаға,

Кызның ояты анаға.

Егет булса батыр булсын, қыз булса матур булсын.

*Алып анадан туар, аргамак биядән туар.
Яхшы кызны авылдан жибермиләр.
Кыз баланы кеше бәхетте өчен үстерәсең.
Кыз – башка йортның чырагы.
Гөл, үссә – жирнең күрке; кыз, үссә, – илнең күрке[7].
(татар мақал-мәтелдері)*

Халықтың шаруашылық, экономикалық, әлеуметтік тұрмысынан туған түркілердің еңбек-кәсібі, салт-дәстүрі мен ұлттық ойындары елдің өмір-тіршілігімен тығыз байланысты көрініс тапқан. Қазақ және татар халқы еңбекті әр уақытта ардақтап, бүкіл игіліктің көзі еңбекте деп таныған. Бұл мына мақалдардан айқын аңғарылады:

*Еңбек түбі – береке.
Еңбек етсең, емерсің.
Ер дәулеті – еңбек.
Бейнет, бейнет түбі – зейнет.
Еңбек ет те, егін ек – жарымасаң, маған кел,
Белді бу да бейнет қыл, байымасаң, маған кел[6].
(қазақ мақал-мәтелдері)
Ағач – жимеше белән, кеше – эше белән.
Алтын ұтта сыналыр, адам эштә сыналыр.
Барын да эшлим дигән берен дә эшли алмас.
Башлаган эш – беткән эш.
Бер гүзәл эш мең гүзәл сүздән яхшырак.
Игелекле эшнең иртә-киче юк.
Кайда яхшы эш – шунда яхшы исем.
Эш сөйгәнне ил сөйгән.
Эшнең кадерең белгән жирдә эшләү яхшы.
Үткән эштән алдагы эш яхшырак[7].
(татар мақал-мәтелдері)*

Сондықтан ертеден-ақ еңбек тәрбиесіне айрықша көңіл бөлген түркі халқы оны халықтық мерекелермен, түрлі ойындармен ұштастырып отырған. Әсіресе Наурыз мейрамында «Бұлақ көрсең, көзін аш. Бір тал кессең, он тал ек!» деген принципті негізге алған түркі халқы Ұлыстың ұлы күні ауланы, елді мекенді тазалап, ағаштар отырғызуды ұрпағына үйретіп келген. Бұл, біріншіден, ұрпағына «бақыттың кілті еңбекте» екенін түсіндіріп, «еңбек мұратқа жеткізетінін» дәлелдесе, екіншіден, туған табиғатымыздың қадір-қасиетін жеткіншек ұрпаққа таныту, қоршаған ортаға деген махаббатын арттыру, оны қорғауға үйретуді көздейді.

Түркі халқы қоғамда орныққан, адамдар арасындағы қалыптасқан жақсы адамгершілік мінез-құлық атаулыны өз ұрпағының бойына сіңіруді ерте кезден-ақ қолға алған. Мұны моральдық қасиеттер деп те жүрміз. Моральдық қасиеттер адамдардың іс-әрекеттерінен, өзара қарым-қатынасынан шығады. Бұл қасиеттерді түркілер ауыздан ауызға тарап, бүгінгі күнге дейін жеткен халық мақал-мәтелдері арқылы үйретуге тырысқан.

Үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу, ата-ананы ардақтау, жалпы адамдар арасындағы сыйластық адамгершілік қасиеттің өзекті мәселесі болып табылады. Сондықтан да түркі халқы жастарға «үлкеннің сөзін бөлме, үлкеннің жолын кесіп өтпе, үлкенге сый, кішіге құрмет көрсет» деген нақыл-өсиет сөздерін айта отырып, өз талап-тілектерін былайша жеткізеді:

*Елді сылағаның – өзіңді сыйлағаның.
Үлкенді сен сыйласаң, кіші сені сыйлайды.
Кішіні сен сыйласаң, кісі сені сыйлайды.
Баланың ұяты әкеге,
Қыздың ұяты шешеге.
Әкесін сыйламаған кісіні,
Баласы сыйламайды.
Анаңа ауыр сөз айтпа,
Атаңа ауыр жүк артпа.
Атаңа не қылсаң,
Алдыңа сол келер.
Ата тілін алмаған ұлдан без,
Ана тілін алмаған қыздан без[6].
(қазақ мақал-мәтелдері)*

Башына бәла төшкәндә туганыңны танырсың.

Ике туган, бергәжилсә, сандугачтайсайрашыр.
Карамакүзенә, кара нәселенә.
Кардәшкардәшинекабергәкадәрташлამый.
Нәсел – нәселгә, тилчә – тамырға.
Тату туганнарташтанкоймакорганнар.
Туганнар татулығыбайлықтанартык.
Туганыңяманбулса да, исән-әманбулсын.
Ата-бабасынискәалмаганкешеигелеккүрмәс.
Ата-анасына игелек күрсәтмәгән,
Олыгайгач үзе дә игелек күрмәс.
Ата-анасын хурлаган үзен хурлаган булыр.
Атаңны башыңда тот,
Аңаңны учыңда тот![7]

(татар мақал-мәтелдері)

Қорытынды. Қазақ-татар мақал-мәтелдерінде «үлкенге көрсетілетін құрмет баланың міндеті» екені айтылады. Инабат үлгісінің бастауы отбасында алған тәрбиеге байланысты болатынын пайымдаған түркі халықтары «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деп түйінді сөз айтқан. Үлкенді сыйлап, олардың алғысына бөленген, батасын алған ұл-қыздарының мерейі үстем болып, өркені өсе беретінін бір-ақ ауыз сөзбен дәлелдей білген[8].

Мақал-мәтелдер – әр халықтың ғасырлар бойы жинаған асыл мұрасы. Ол – халықтың рухани қазынасы. Рухани қазына – ата-бабамыздың тәлім-тәрбиесі, олардың жан дүниесіндегі адамгершілік құндылықтары. Бұл жас ұрпақты адамгершілікке, имандылыққа, елін, жерін сүйуге тәрбиелейтін бірден-бір баға жетпес құрал болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1960.
- 2 Түркі халықтарының фольклоры. – Көкшетау, 2009. – 432б.
- 3 Волков Г.Н. Чувашская народная педагогика. – Чебоксары, 1956.
- 4 Балабекова Қ. Ш., Отарбекова Ж.К. Қазақ фольклорындағы дәстүрлі ментальдік және ұлттық таным/ Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология» сериясы, No1 (67), 2019 ж.
- 5 Садықова Р., Танаева Д. Парсы және қазақ тілдерінің мағынасы жағынан ұқсас мақал-мәтелдердің қолданылу ерекшеліктері/ Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология» сериясы, No2 (40), 2012 ж.
- 6 Қазақ мақал-мәтелдері. Құраст. және ауд. Аққозин М. – Алматы, «Алматыкітап» баспасы, 2012. – 272 б.
- 7 Татар халық ижаты. Мәкальләр һәм әйтемнәр. – Казан, Татар. кит. нәширияты, 1987. – 592 б.
- 8 «Түркілік тәрбие» антологиясы. – Алматы, Интеллсервис, 2013. – 1004б.

References:

1. Qazaq ädebietiniñ tarihy. – Almaty, 1960.
2. Türki halyqtarynyñ föklory. – Köksetau, 2009. – 432b.
3. Volkov G.N. Chuvaşkaia narodnaia pedagogika. – Cheboksary, 1956. 4
4. Balabekova Q. Ş., Otarbekova J.K. Qazaq fökloryndağy дәstürli mentäldik jäne ülttyq tanym/ Abai atyndağy QazÛPU-dyñ Habarsyсы, «Filologia» seriasy, No1 (67), 2019 j. 5
5. Sadyqova R., Tanaeva D. Parsy jäne qazaq tilderiniñ mağynasy jağynan üqsas maqal-mätelderdin qoldanyly erekşelikteri/ Abai atyndağy QazÛPU-dyñ Habarsyсы, «Filologia» seriasy, No2 (40), 2012 j. 6
6. Qazaq maqal-mätelderi. QÛrast.jäne aud. Aqgozin M. – Almaty, «Almatykitap» baspasy, 2012. – 272 b. 7
7. Tatar halyk iжaty. Mäkällär häm äitemnär. – Kazan, Tatar. kit. näşriaty, 1987. – 592 b. 8
8. «Türkalik tärbie» antologiasy. – Almaty, İntelservis, 2013. – 1004b.

МРНТИ 17.07.29

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.45>

Асылбекұлы С.,¹ Аширов Ж.С.,² Куттыбаев Ш.Д.³

^{1,2,3} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

МОДЕРНИЗМ ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІДЕ

Аңдатпа

Бұл мақалада әдебиет пен өнердің дамуына әсер еткен модернистік бағыттың теориялық мәселелері мен алғышарттары қарастырылады. Жалпы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өнер мен мәдениеттегі

секілді әдебиет те жаңаша бағытқа бет бұрды. Өйткені әдеби модернизмнің пайда болуына әсер ететін негізгі фактор – адам дамуының тарихи және әлеуметтік өміріндегі жаһандық өзгерістер екені сөзсіз. Еуропалық мәдениет пен өнердің ерекшеліктері әдебиет пен көркемдік кеңістік контекстінде қарастырылады. Тарихи-әлеуметтік факторлар мен әдебиет пен өнердегі тың жаңалықтарды тудыратын факторлар арасындағы байланыс анықталды. XIX ғасыр соңы мен XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі әлем шын мәнінде небір дүрбеленді жаңалықтарға толы болды. Адамзат дамуының осы кезеңдегі сатысына көз салсақ, XX ғасыр басындағы әлемде жан-жақты және түбегейлі өзгерістер жүріп жатты. Бүгінгі биіктіктен адам дамуының осы кезеңіне қарап, XX ғасырда көп қырлы және түбегейлі өзгерістерге ұшырағанын көреміз. Еуропа әдебиетінен бастау алған бұл жаңашылдық өзгерістер қазақ әдебиетін де дамытып, әдеби алтын қорымызды жаңа шығармалармен толықтырды.

Түйін сөздер: модернизм, әдебиет, өнер, қазақ прозасы

Asylbekuly S.,¹ Ashirov Zh.,² Kuttybaev Sh.³

*^{1,2,3} Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

HISTORICAL AND SOCIAL FOUNDATIONS OF MODERNISM

Abstract

The article discusses theoretical issues and prerequisites of the modernist trend, which influenced the development of literature and art. The main factor influencing the emergence of literary modernism is global change in the historical and social life of human development. Features of European culture and art are considered in the context of literature and art space. The relationship between historical and social factors and factors causing new discoveries in literature and art is revealed. The world of the late 19th century and the beginning of the 20th century was full of new discoveries. Looking at this stage of human development from today's height, we will see that in the twentieth century it underwent multifaceted and radical changes. It began in the European literature of novelty, and also in the Kazakh literature. New and valuable domestic works appeared and the "Golden Fund" of Kazakh literature was replenished with valuable works of Kazakh writers.

Keywords: modernism, literature, art, kazakh prose

Асылбекулы С.,¹ Аширов Ж.С.,² Куттыбаев Ш.Д.³

*^{1,2,3} Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
Алматы, Казахстан*

ИСТОРИКО-СОЦИАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ МОДЕРНИЗМА

Аннотация

В статье рассматриваются теоретические вопросы и предпосылки модернистского направления, повлиявшего на развитие литературы и искусства. Конец XIX и начало XX веков был периодом бурных событий в мировом пространстве. В результате чего, произошли коренные изменения в экономике, социально-культурной и общественной жизни стран. Основным фактором, влияющим на появление литературного модернизма, являются глобальные изменения в исторической и общественной жизни человеческого развития. Особенности европейской культуры и искусства рассматриваются в контексте литературы и художественного пространства. Выявлены взаимосвязь между историко-социальными факторами и факторами, вызывающими новые открытия в литературе и искусстве. Мир конца XIX века и начало XX века был полон новыми открытиями. Глядя на этот этап человеческого развития с сегодняшней высоты, мы увидим, что XX век претерпел многогранные и радикальные изменения. Начавшаяся с Европейской литературы новизна повлияла и на казахскую литературу. Появились новые и ценные произведения казахских писателей, пополнившие «золотой фонд» казахской литературы.

Ключевые слова: модернизм, литература, искусство, казахская проза

Кіріспе. XIX ғасыр соңы мен XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі әлем шын мәнінде небір дүрбеленді жаңалықтарға толы болды. Адамзат дамуының осы кезеңдегі сатысына көз салсақ, XX ғасыр басындағы әлемде жан-жақты және түбегейлі өзгерістер жүріп жатты. Әлемнің саяси картасында мемлекеттердің шекаралары мен басқару формалары, құрылымдары қауырт өзгерді: бұрынғы колониялардан тәуелсіз мемлекеттер пайда болды, империалистік саясат ұстанған монархиялы мемлекеттер республикаларға қайта құрылымдалып жатты. Тарих сахнасында дәуірлеген Осман, Ресей, Австрия-Венгрия сынды көпұлтты империялар, Қытайдағы Цин әулетімен байланысты Аспанастан империясы және Жапон империялары сияқты дәстүрлі деп атауға болатын империялар, Африка, Америка, Азияның азат елдерін бодандаудан пайда болған Португал, Испан, Ұлыбритан, Француз сынды империя мемлекеттер ескі мемлекеттің-саяси құрылымның күні құрдымға жақындағанын түсінді. XIX ғасыр соңындағы қазақ сахарасы бодан ел есебінде Ресей мемлекетінің империалистік ықпалында болып, дәстүрлі басқару жүйесі мен елдік сипатында өзгерістерді басынан кешіріп жатты.

Әдістеме. Алпауыт саналған батыс еуропа елдеріндегі өзгерістердің бір саласы ғылым салаларындағы даму болды. XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басы ғылымдағы жаңалықтар дәуір дамуының қарқынын арттыра түсті.

Ғылымның сан салалы нәтижесі техникалық прогреске тез әсер етіп, күрделі инженерлік құрылымдарға негізделген өндіріс орындары көбейді. Техникалық прогрестің нәтижесінде пайда болған өндіріс орындары мен оның адамның өмірі жақсартуға бағытталған құралдары сол кезеңдегі батыс өркениеті өкілдерінің индустриализацияға бағыттады. Г.Даймлер, К.Бенц, Р. Дизель сынды есімдермен байланысты көлік өндірісі батыс елдерінің тұрмыстық өмірін жаңа деңгейге көтерді. Ғылым мен техникалық прогрестен қанаттанған өндіріс адамның жаға сапада болуын қажет етті. «За последние двести лет сельское хозяйство полностью перешло на индустриальные рельсы. Разнообразные машины – например, тракторы – взяли на себя задачи, которые раньше выполнялись исключительно за счет мышечных усилий или же не выполнялись вообще» [1, 414 б.]. Өндіріс орындарының әлеуеті социум өкілдерін урбанизациялық процеске жегіп, өндірістің «қала қалыптаструшы» ролі артты. Қала өміріндегі жаңалықтар мен кәсіпорындағы қиындықтар ғасыр адамының танымна да әсер етті деуге болғандай. Мәселен сол кезеңдердегі көлік өндірісінің конвейерлік сипатынан жұмыстың шығармашылық пен ойды көп қажет етпегенін, автоматтандыруға қадам басқанын көруге болады: «Конечным результатом следования этим основным правилам является сокращение требований, предъявляемых к мыслительной способности рабочего, и сокращение его движений до минимального предела. По возможности, ему приходится выполнять одно и то же дело, одним и тем же движением» [2, 35 б.]. Жаппай индустриализациядан туындаған урбанизациялық процесс дәуір адамын қаланың қауырт тіршілігіне бейімдеді. Ғасырлар айырығандағы осы аталған саяси, экономикалық және ғылым саласындағы өзгерістер батыс адамын табиғаттағы орны мен болашақ тағдыры, инсандық миссиясы туралы ойлануға мәжбүрледі. Қайта өрлеу дәуірінен бастау алған рационализм табиғатқа, құдайға тәуелді адамға қанат бітіріп, бірте бірте бұл танымнан егемен етті. Тринитарлы жүйедегі адам болмысының үстемдігі мен ондағы Тәңірі деп аталатын инстанцияның адам сенімінде аз орын алуы, бұрынғы дәуірлердегі құдайға деген сенімнің ғылыми таныммен алмастырылуы адамды табиғат пен қоршаған ортада жалғыз қалдырды. Ф.Ницше топшылаған «Құдайды өлтіріп алған» адамзат, ғылыми техникалық прогреске ие арта отырып осы позицияға өзін қойды да «Жоғарғы адам» концепциясымен танылды. Тринитарлы жүйедегі бір инстанцияның жойылуы мен адамға тән рационализм мен сенсуализмді алдыңғы орынға шығарды. «Теологиямен күресте ғылым ақырында дербестікке қол жеткізді, діни сенім мен ғылыми таным салаларының межеленуі орын алды. Теология болмыс мәнінің мәңгілік мәселелерін және адам өмірінің мақсаттарын, яғни философия саласындағы тәжірибеге ғана негізделген (эмпириялық) білімдер шектерінен тыс рухани мәселелерді өзіне қалдырды да, ал әлемнің қалай құрылғанын зерттеуді бүтіндей ғылымға берді [3,16]. Алайда, әлемдік жаратылыстағы адами болмыс табиғатын ашуға талпынудың басты осы жүйесі қауырт дамушы социум санасында тез тоқырауға ұшырады: «Біз өз ата-бабаларымыздан әлдеқайда қуатты екенімізді түсіндік, бірақ одан бақытты екенімізді сезіне алмадық» [1,518]. XIX ғасыр соңындағы Батыс қоғамындағы тарихи-әлеуметтік оқиғалар мен болмысты танудың қарқынды жаңа жолының салдарынан батыс адамы XX ғасырдан қорқыныш пен үрей, хаос пен ақырзаман күтті.

Талқылау. Модернизм ұғымының терминдік мәнін мәдениет, әдебиет пен өнер салаларына ғана телімей, кең мағынасында адамзат дамуының тарихи даму тәжірибесі ретінде қарасақ, модерннің бүкіл адамзатқа ортақ, өзара байланысты екіжақты үдеріс екені анықталады. Оның бірі ғылыми-техникалық прогрес, өндіріс саласындағы жетістіктер тудырған қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер. Яғни қоғам өміріндегі (урбанизациялық процестер, жұмысшы күшінің жаңа сапа мен сипатқа ауысуы, саяси-әлеуметтік қозғалыстар, формациялық өзгерістер (мысалы капитализм мен социализм) модернизация, яки жаңару болса, екіншісі осы үдерістердің салдарының жеке индивид-тұлғаға, қоғам мүшелеріне әсерінің көрсеткіші мәдениеттегі, әдебиет пен өнердегі модернизм. Модернизмге жаңашылдық тән. Жаңашыл идея, не бастаманың барлығына ортақ белгі өзіне дейінгі классика саналған сара жолдан біршама бас тартып, өз концепциясына сәйкес сан тараулы тыңға түрен түсіреді. Мәдениет контекстегі модерн мен қоғамдық-әлеуметтік даму сипатындағы модернизация бірінен бірі туындайды, бірін бірі толықтырады. Осы тарихи-мәдени жағдайлар тоғысындағы инсан заман ағымна сәйкес трансформацияланады. «Тұлғаның осылайша индивидтік қуатының артуы және тәжірибесінің кеңейуі артуы арқылы трансформациялануы субъективтіліктен объективтілікке қарай дамудың жалпы концепциясы арқылы кері байланыс түзеді: өзіндік және экономикалық даму. Модерн – экономикалық үдеріс және мәдени көзқарастар тәжірибесі» [4]. Демек, модернизм жеке дара әдеби бағыт, мәдени құбылыс деп қана қарастырылмайды. Модернизм өзіне дейінгі дәуірлер қалыптастырған Антикалық, Орта ғасырлар, Қайта өрлеу кезеңдері сияқты болмысты танудың таным тудырған тәжірибесі. Модернизм мәселесін қозғағанда оның оның пайда болуының алғышарттары, қалыптасу уақыты мен кезеңдерін сөз өтпей кету мүмкін емес. Модернизм туралы зерттеулер оның басым бөлігінің өнер салаларымен байланысты екендігіне баса назар аударады. Шындығында да, модерндік таным нәтижесіндегі жетекші идеялар сол кезеңдегі тарихи әлеуметтік жағдайлар салдарының көрсеткіші ретінде, алдымен өнер салаларынан бой көрсетті. Мысал ретінде 1863 жылғы Франциядағы сурет өнеріндегі академизм талаптарына сәйкес деп танылмай кері қайтарылғандардың «Қайтарылғандар салонын» айтуға болады. Академизм талаптары негізінде іріктелетін көрмеге осы жылы келіп түскен бес мың дана жұмыстың үш мыңы қайтарылған екен [5]. Бұл жайт сол дәуірдің өзінде академиялық қасандық бұғауынан босауға талпынған, жаңа әдіс, соны тәсіл іздегендердің молдығын да байқатады. Осы жылғы ресми көрмеден шеттетілгендердің ішінде кейіннен импрессионизмнің бастауында тұрған Клод Моне, Эдуард Мане, Пьер Огюст Ренуар сынды суретшілердің болған. Осы кезеңдердегі әдеби шығармалардың да идеялық және баяндау тәсілдеріндегі жаңашылдықтар лебі есті. Модернистік дүниетанымға тән идеяның көріністері Ф.Достоевский, Ш.Бодлер, А.Рембо, т.б. сынды қаламгерлерден байқалып жатты. Осылайша, XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы саяси және көркемөнер тарихын зерделей отырып, модернизмнің

калыптасу арналары мен алғышарттарын, бастауларын анықтауға болады. Әдебиет пен өнер тарихында модерндік көзқарас пен модернистік бағыт XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басында құбылыс ретінде қалыптасты. Тарихи-философиялық контекстегі модернизмді Еуропа философиясына тән идеологиялық ағым ретінде түсінеміз. Осы контекстегі модернизм өз идеологиясы арқылы классикаға айналған құндылықтарды шеттетіп, дәстүрлі қоғамға қарсы шықты. Дүниетаным ретіндегі модернизмнің басты белгісі жаңашылдықтың дәстүрден басым болғандығында жатыр.

Нәтиже. Модернизмнің тұлғалық және ғылыми танымға сүйенетін дүниетанымдық идеология ретіндегі бастаулары өнер тарихындағы модернизмнен әріде жатқандығы байқалады. Бұл бағыттың философиялық негіздерінің қалыптасу хронологиясы Жаңа Дәуірдің рационалистік философиясының хронологиялық уақытымен тұстас келеді. Философиялық контекстегі модернизм болмысты танудағы адамның, адам санасының жетекші позицияда болуынан туындайды. Біз сөз етіп отырған кезеңдердегі адам мен оның әлеуметтік (урбанизация мен индустриализация) тұрмысы, әлеуметтік орта мен тұлғаның қарым-қатынасында индивидтік сападағы адамға жетекші рөл берілді. Модернизм адамды баршаның бастауында тұрған ұлы күш ретінде тани отырып, өзін едейінгі адам қолымен жасалған жәдігерлер мен құндылықтарды терістеді. Қай кезеңдегі болмасын жаңа дүниетанымға тән қасиет-белгі – өзіне дейінгі теріске шығару әсіресе модернизмде айқын байқалды және қауырт жүргізілді. Өткенді терістеу модернизм бағыты көрініс берген өнердің барлық салаларында жүргізілді.

Кең мағынасындағы модернизмнің концептуалды мазмұны төмендегідей белгі-ерекшеліктер тұрды:

1. Өзіне дейінгі трансцендентальды ақиқатқа емес, Адамға, адам санасына деген сенім
2. Ғылым мен технологиялық жаңалықтарға сүйену;
3. Өнер мен мәдениетте дәстүрді емес жаңашылдыққа басымдық беру;
4. Өз бастауларына да күмән таныту, яки оларды да терістеу.

Адамзат өміріндегі осы бір орасан жылдардың шындығын, ондағы адам жанының түрлі әлеуметтік орта тудырған келеңсіздіктермен арпалысын мольнан суреттеп, дәл айшықтаған өнер – әдебиет болды. Өйткені әдебиеттің айтары – өмір шындығы. «Әдебиет арқылы жеткізілетін шындық, біздің түсінігімізде, әдебиетте көрініс табатын шындық, яғни, жүйелі және концептуалды түрде көркем әдебиеттің шеңберіннен тысқарыда тұрып, қаламгердің көмегімен шығармада суреттелетін философия. Бұл тұрғыдан алғанда Данте шығармаларындағы ақиқат - католиктік теология мен схоластикалық философияның көрінісі [6, 53]. «Өнерде де сөздің кең мағынасында өмір көрініс тауып отыр. Көпшілік жағдайларда жазушылар мен ақындар, басқа да өнер қайраткерлері қоғам өмірінің бір қарағанда әлеумет үстінен көрінбейтін терең түбінде жатқан құбылыстарын көргендей болады және көркемдік құралдар арқылы оларды халыққа жеткізіп отырады» [3, 7]. XX ғасыр басындағы әлеуметтік орта өміріндегі өзгерістерді, мәдениет пен өнер салаларындағы классикаға айналған эстетиканың жаңалануын әсіресе, әдебиет сезінді. Сөз өнеріндегі модернизм өмірдің адам сезінген нәзік иірімдерін түрлі тәсілдер арқылы жаңа дүниетанымды жеткізді.

Қорытынды. Әдебиеттегі модернизм – ілкі бастауларын өз заманындағы адамның әлеуметтік өміріндегі өзгерістердің, рухани дағдарыстардан алатын, тарихи көркемдік тәжірибені теріске шығарып, соны форма жаңа мазмұн негізінде дүниені көркем пайымдауды мақсат тұтатын әдеби бағыт. Әдеби модернизмнің қалыптасу себептері мен тарихи-әлеуметтік алғышарттары өзге өнер түрлерімен сабақтас. Әдебиеттегі модернизм XIX ғасырдың соңғы онжылдығында туып, Бірінші дүниежүзілік соғыс тудырған салдардың әсерімен XX ғасырдың жиырмамыншы жылдарында Еуропа мен АҚШ әдебиетінде шырқау шыңынан көрінді. Дүниетаным жаңашылдығы модернизмге ұлтаралық сипат дарытты да, өзіне дейінгі әдеби-мәдени дәстүрге дамытуды емес, теріске шығаруды мақсат еткен төңкерісшіл рухта қалыптасты. Еуропа мәдениетіндегі әдеби мәдени дәстүр жалғастығының болмауын, тоқырауын екі себеппен түсіндіруге болатындай. Бірі классикалық шығармадағы идеялық бөліктің замана үрдісіне сай келмеуі болса, екіншісі жазудың техникалық (баяндау стилі, автор мен қаһарман қарым қатынасы) тұрғыдан түгесілуі деп таныды. Бұл жайттарға өзгерімпаз замандағы оқырманның талғамы да әсер етті. Осы себепті де әдеби модернизм үшін реализмдегі автордың кейіпкерден басымдығы емес, әлемді көркемдік тұрғада таныудағы даралық шығармашылық сипаты маңызды саналды. Дәстүрлі гуманистік мәдениеттің құлдырауында өмірге келген модернизм жалпыадамзаттық гуманистік идеялар жолындағы текетірегі емес, адамның ішкі әлеміндегі дағдарысты сөз етті. Модернистік шығармалардағы кейіпкердің ішкі әлемінің алдыңғы лектен көрінуі адамды қорғаған сыртқы әлемнің дегуманизациясынан (Х.Ортега и Гассет термині) туындап жатты. Модернистер үшін сыртқы әлем суық та қатал кейіпте көрінеді. Әдеби модернистік пайымдауда адамның өмірі қысқа да бір сәттік, «камшының сабындай» ғана кезең. Өмір сүруші субъект әлемнің баянсыздығы мен ондағы осы ыңғайдағы трагизмді бағдарлай алмауы мүмкін. Ал жазушының қаламгерлік миссиясы – осы баянсыздық ішіндегі қорқыныш пен ұлылықты, әсемдікті көрсету. Адамзат тарихында адам өмірінің мәнділігі оның қауымдасу қасиетімен, социумдық ортасымен маңызды екені белгілі. Әдебиеттегі әлеуметтік проблематика әр кезде де көркемдік назардан тыс қалмайтын-ды. Бұл әсіресе реализм тұсында өткір мәселе ретінде өзектеліп, оның социалистік ыңғайы «адам адамға дос, бауыр» тезисімен түзілетін. Бұл тұрғыда әдеби модернизм кейіпкерін жалғыз қалдырады: әлеуметтік проблематика мен орта тұлғаның болмысын ашу, индивидттік портретін толықтыру мақсатында ған жанама түрде жасалады. Бұл ыңғайда М.Әуезов, Ж. Аймауытов, М.Жұмабаев, С. Сейфуллин, С.Ерубаевтан бастап бүгінге дейін шеру тартатын туындыларымыздан болмыстың осы сипатын әр түрлі дәрежеде байқай аламыз.

Модернизмнің дәуір сыны айқындаған айқын белгілерін төмендегідей түйіндеуге болады:

- адамның (кейіпкердің) ішкі әлеміне үңілуге ерекше құлшыныс таныту;

- адам мен өнерді дара құндылықтар ретінде бағалау;
- шығармашылық интуицияға басымдық беру;
- әдебиетті адам жаны мен болмысының ең құпия, нәзік түкпірлеріне енуге және әлемді рухтандыруға қабілетті құбылыс деп тану;
- жазу техникасындағы (құралдарындағы) жаңашылдық (метатіл, символ, мифошығармашылық, сана ағымы);
- әлемді әсемдік пен өнер заңдылықтарына бағндыра отырып өзгерту (дадаистер мен сюрреалистердің өнердегі радикалды ізденістері).

Көркемдік кеңістікте модернистерді қызықтыратын проблематика әлеуметтік мәселе емес, тұлға ретіндегі адам, адамның саналы және бейсаналы бастауларындағы күрестен туындайтын өміртанымдық құбылыстары. Модернистік шығарма кейіпкері өз сезімі мен қабылдауларымен тұтастықта қарастырылады, өз субъективті болмысының эпицентрі ретінде бағалануымен құнды. Модернистік дүниетаным негізінде өрістеген көркемдік кеңістіктегі адамды әдеби қаһарман деп бағалау қиын. Қаһармандық – әлеуметтік құбылыс, әдеби қаһарман – шығарма мазмұнын ашатын сюжеттік әрекетті айқындаушы. Ол романтизм мен реализм бағыттарындағы шығармаларға тән болып келетін. Ал модернистік шығарманың «қаһарманы» - әлеуметтік беделдің төменгі шектік сызығындағы адам, әркім және кез келген. Көркемдік әлем тарихындағы қаһармандар Антикалық дәуірде – құдайлар, ондан кейінгі әдебиет дамуында патшалар мен аристократтар болып, модернизм дәуірінде әркім және кез келген әлеуметтік статустағы адам болып түйінделді. Модернист жазушылардың қаламынан өзіне дейінгі әдебиет баса назар аударар қоймаған адам жанының ішкі дүнесі мен бейсаналы әлемінен өрілген болмыс суреттері туындады. Өзіне дейінгі моралдық этика әспеттеуге мүмкіндік бермеген проблемалар әдебиет әлемінен көрінді. Бейсаналықпен байланысты түсіндірілетін нәпсі мен қоғамға қатысты бейсаяси қатынас – төңкерістік рухтың белгісі ретінде танылды. Бейсаясылық (аполитичность) белгінің бір сипаты – «өнер – өнер үшін» (*фр. l'art pour l'art*) қағидатымен қабысып жатса, әдебиеттен туындайтын адамгершілік игіліктерді кейінгі орынға ысырды. Қайта керісінше қоғам өмірінен жекеге бағдар тартқан кейіпкер өмірін рационалды үдерістерді жоққа шығара отырып (мәселен, әлеуметтік статус тұрғысындағы кішкентай кейіпкер, коммивояжер Грегор Замзаның иррационалды құбылысы) эстетикалық үйлесім тудыруға тырысады. Өйткені модернистік әдебиеттегі басты нысан – қоғамдық шиеленіс емес, сол қоғам мен адам арасындағы қайшылықтың адамның дағдарысты санасындағы көрінісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Харари Ю.Н. *Sapiens. Краткая история человечества* [пер. с англ. Л. Сумм]. – М.: Синдбад, 2016. - 520 с.
- 2 Форд Г. *Моя жизнь. Мои достижения*. М. Астрель 2012
- 3 Артемьев А., Мырзалы С. *Ғылым тарихы және философиясы: оқу құралы*. – Алматы: «Бастау» баспасы, 2011. – 432 бет.
- 4 Кук Ф. *Модерн, постмодерн и город* // *Логос* 3 (34) 2002 г // <https://ruthenia.ru/logos/number/34/15.pdf>
- 5 *Салон отверженных* // https://ru.wikipedia.org/wiki/салон_отверженных
- 6 Бөпежанова Ә., Қодар Ә. «Өнер – өмір, өнер- көркем текст немесе таным тайталастары» // *Қазақ әдебиеті* № 28 (2658) 14.07.2000ж.
- 7 Rene Wellek and Austin Warren. *Theory of Literature* (Перевод с английского А. Зверева, В.Харитонова, И.Илин). М.: «Прогресс», 1978. – 325стр.

Reference:

1. Harari Yu.N. *Sapiens. Kratkaia istoria chelovechestva* [per. s angl. L. Summ]. – М.: Sindbad, 2016. - 520 s.
2. Ford G. *Moia jizn. Moi dostijenja*. M. Astrel 2012
3. Artemev A., Myrzaly S. *Ğylym tarihy jäne filosofiasy: oqu qūraly*. – Almaty: «Bastau» baspasy, 2011. – 432 bet.
4. Kuk F. *Modern, posmodern i gorod* // *Logos* 3 (34) 2002 g // <https://ruthenia.ru/logos/number/34/15.pdf>
5. *Salon otverjennyh* // https://ru.wikipedia.org/wiki/salon_otverjennyh
6. Böpejanova Ä., Qodar Ä. «Öner – ömir, öner- körkem teks nemese tanym taitalastary» // *Qazaq ädebieti* № 28 (2658) 14.07.2000j.
7. Rene Wellek and Austin Warren. *Theory of Literature* (Perevod s angliskogo A. Zvereva, V.Haritonova, İ.İlin). M.: «Progres», 1978. – 325str.

Әбдіғазизұлы Б.,¹ Найманбаев А.А.²

^{1,2} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

АБАЙ СӨЗІ – ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ҰЛЫ БАҒДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада Абай Құнанбайұлының қазақ руханиятының дамуына қосқан үлесі жайлы сөз болады. Биыл ұлы ойшылдың 175 жылдығына орай ұйымдастырылған іс-шаралар Абайтану ғылымын заман талаптарына сай шығармашылық мұраларын әлемдік өркениет қазыналарының бір саласы ретінде танытуға әсер еткендігіне тоқталып өтеді. Ақынның айналасына талантты шәкірттер, өнерлі жастар шоғырланғанын, он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында Абай ауылы қазақ жұртының бай өнері мен поэзиясының орталығына, ұлттық мәдениетті өркендету мен насихаттаудың рухани мектебіне айналды деген тұжырымды ойлар келтіреді. Одан бөлек Абай мен Шәкәрімнің рухани үндестігі, бірі аталғанда екіншісі қатар жүретінін, екі ақынның да қазақ халқын әлемдік өркениет кеңістігіне бастағанын сөз етеді. Абайдың асыл сөзі мен мол мұрасы темірқазық бағдар сияқты мәңгі жасай береді деген оймен қорытындылайды.

Түйін сөздер: тұлға, ұлт руханияты, өркениет, поэзия, әдеби дәстүр

Abdigaziyuly B.,¹ Naimanbayev A.²

^{1,2} *Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

THE WORD OF ABAI IS THE GREAT REFERENCE POINT OF THE NATION'S SPIRITUALITY

Abstract

The article will tell about the contribution of Abay Kunanbayev to the development of Kazakh spirituality. This year, the events dedicated to the 175th anniversary of the great thinker have contributed to the promotion of Abay studies as one of the treasures of world civilization. In the second half of the nineteenth century, the village of Abay became the center of rich art and poetry of the Kazakh people, a spiritual school for the development and promotion of national culture. In addition, the spiritual harmony of Abay and Shakarim, when one is mentioned, the other goes side by side, and both poets initiated the Kazakh people into the space of world civilization. He concludes with the idea that the noble word and rich heritage of Abai will last forever, like a landmark.

Keywords: personality, spirituality of the nation, civilization, poetry, literary tradition

Абдіғазизұлы Б.,¹ Найманбаев А.А.²

^{1,2} *Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан*

СЛОВО АБАЯ - ВЕЛИКИЙ ОРИЕНТИР ДУХОВНОСТИ НАЦИИ

Аннотация

В статье речь пойдет о вкладе Абая Кунанбаева в развитие казахской духовности. В этом году мероприятия, приуроченные к 175-летию великого мыслителя, способствовали популяризации науки абаеведения как одной из сокровищниц мировой цивилизации. Подчеркивается, что вокруг поэта сосредоточены талантливые ученики, талантливая молодежь, что во второй половине девятнадцатого века село Абай стало центром богатого искусства и поэзии казахского народа, духовной школой возрождения и пропаганды национальной культуры. Кроме того, духовное созвучие Абая и Шакарима говорит о том, что, когда один из них упоминается, другой идет рядом, оба поэта положили начало интеграции казахского народа в пространство мировой цивилизации. В заключении говорится о том, что благородное слово и богатое наследие Абая будут вечными нравственными ориентирами.

Ключевые слова: личность, духовность нации, цивилизация, поэзия, литературная традиция

Кіріспе. Ұлттық руханиятымыздың сонау заманалар тереңінен тамыр тартқан ұлы шежіресінің өне бойында сан алуан тағдырлы сонау дәуірлердің, ұлы дала мәдениетінің тынысы мен демін, үні мен ойын бүгінге жеткізген қаншама ғұлама даналар, озық ойшылдар, ақындар мен жыраулар өткені мәлім. Олардың тарихтан да, халықтың санасынан да алатын орындары ерекше.

Үстіміздегі жылы әлем жұртшылығы болып айрықша құрметпен бағалап, мерейтойларын мәртебелі мереке түрінде атап өтіп отырған Әбунасыр әл-Фараби мен Абай Құнанбайұлының (1) мұралары - осының айқын айғағы. Олардың есімдері бүгінде Аристотель, Конфуций сынды ғаламдық, адамзаттық көлемдегі алыптар қатарында аталуы баршамыз үшін аса зор мақтаныш.

Осы тұста Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында әдемі өрілген «Абайды қалай дәріптесек те жарасады. Оның ғибратты ғұмыры мен шынайы шығармашылығы – қазақ халқына ғана емес, жаһан жұртына да үлгі-өнеге» (2) деген жолдарының астарында аса терең мән жатқанын атап айтқымыз келеді. Мұнда ұлы ойшыл ақынымыздың шығармашылық мұраларын әлемдік өркениет қазыналарының бір саласы ретінде таныту арқылы оның есімін «Адамзаттың Абайы» дәрежесіне көтеру идеясы айқын көрінеді. Бұл дегеніңіз бір кезде іргетасын ұлы Мұхтар Әуезов қалаған Абайтану ғылымының алдынан заман талаптарына лайық аса зор міндеттер бой көтереді деген сөз.

Бүгінге дейін ұлы Абайдың асыл мұраларын жан-жақты зерттеу бағытында қыруар ғылыми жұмыстар атқарылды. Бұл бағыттағы жұмыстарға әдебиеттанушылар ғана емес, әлеуметтік-гуманитарлық ғылым салаларының көптеген ғалымдары атсалысты. Жоғары деңгейдегі зерттеулер, монографиялар мен кітаптар дүниеге келді.

Әдетте өткен тарихтың белгілі бір белесінде ғұмыр кешкен ақын-жыраулар туралы зерттеу еңбектерде оларға «өз заманының жыршысы» деген баға беріліп жатады. Шындығы да солай. Ақын жырына өз заманының ой-арманы, сыры мен мұны арқау болады.

Ұлы Абай да өз дәуірінің қоғамдық, әлеуметтік портретін жасады, замандастарының типтік образын сомдады. Қазақ даласындағы жағдайды, адамдар психологиясын, тұрмыс-салтын, мінез-құлқын суреттеуде ақын мейлінше шынайы сыншылдық танытты. Дегенмен осыған қарап Абайды «өз дәуірінің жыршысы» дәрежесінде ғана бағалай алмасақ керек. Ұлы ақынның даналық тұлғасын мұнымен шектей алмаймыз.

Абайдың әрбір шығармасы ұлт азаматтарына болашақты мегзеді, «неден жиреніп, неден үйрену» керек екенін нұсқады. Яғни қазақ даласын, ұлтының санасын өркениетті дамудың биігіне көтеруге ұмтылды. Қоғамдағы кемшіліктерді, әділетсіздікті, сауатсыздық пен мәдени артта қалушылықты өлтіре сынай отырып, ұлт азаматтарын ертеңгі өркениетке бастайтын жаңа қадамдарға шақырды. Сауатсыздықты әшкерелей отырып, білімді жұрттан өнеге үйренуді уағыздады. Ғылымы бар елдерден үлгі алуды насихаттады. Ақын шығармаларын тек жалаң сын деп қабылдауға болмайды. Абайдың әр сөзін философиялық дүниелер деп бағалаған лайық.

Сөзімізге дерек ретінде ақынның «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» атты өлеңінде замандастарына қаншама терең ой салар мәселелер көтерілгенін айтсақ та болар деп ойлаймыз. Өлеңінде ел ішіндегі әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілдерін молынан қамти келіп, ақын халықтың тұтас бейнесін суреттейді. Ақынның қандай мәселеге де философиялық биіктен көз жіберетін дана ойшыл тұлға ретіндегі жаратылысы көрінеді. Көрнекті ғалым З.Ахметовтың сөзімен айтқанда: «Ақынның поэзиядағы өз тұлға-бейнесі арқылы біз оның өзі өмір сүрген заманды қалай танытынын, халықтың мүддесін, арман-тілегін қалай түсінетінін көреміз» (3, 29).

Тұжырымдап айтқанда, Абайдың айналасындағы қоғамды, тұтастарының өмірін, қазақ даласындағы артта қалушылықты баяндаған өткір сынын қазақ даласын, ұлт руханиятын алдағы өркениетті өмірге бағыттаған басты бағдар деп бағалауымыз керек.

Абай сөзінің құдіреті ең алдымен ұлттық әдебиеттегі жаңашылдығынан көрінді (4). Қазақ өлеңі Абай арқылы жаңа арнада өрілді. Ойшыл лириканың сұлу өрімдері қазақ даласына Абай арқылы кеңінен тарады. Ақын айналасына талантты шәкірттер, өнерлі жастар шоғырланды. Тіпті он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысындағы Абай ауылы қазақ жұртының бай өнері мен поэзиясының орталығына, ұлттық мәдениетті өркендету мен насихаттаудың рухани мектебіне айналды. Абайдың шығармашылық тәлімінен дәріс алған, ұстаз жырларының нәрін сезінген шәкірттері арқылы қазақ поэзиясындағы Абай қолтаңбасы аясын кеңейтіп, тұтас дәстүрлі әдеби мектепке айналды. «Бұл дәстүр – қазақ әдебиетінің алға басу тарихында заңды жалғасын тауып, жан-жақты байып келе жатқан ұлы арна», - дейді (5) көрнекті Абайтанушы ғалым М.Мырзахметов.

Нәтижелер. Ақынның әдеби айналасының қыры мен сырын ашу арқылы Абайтанудың жаңа бір қыры ашылмақ. Абайдың әдеби дәстүрі - халқымыздың кешегісі мен бүгінгі жалғастырып, болашаққа бағыт-бағдар беретін қазына және ауызша мұраларының өзін ғана жүз том кітап ретінде ұсынып, сөз өнерінің құдіретін биік бағалайтын ел ретінде танылып отырған қазақ халқын әлемдік өркениеттің алдыңғы қатарына бастайтын ұлы құбылыс.

Абайдан кейінгі әдебиет дегенде ең алдымен ауызға ілініп, ойға оралатыны ұлы ұстаздың өзінен тікелей тәлім-тәрбие алып, шығармашылық мектебінен дәріс алған Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, Кәкітай, Мұқа, Шәкәрім, Уәйс, Әріп, Әсет, Нарманбеттер тәрізді талантты шәкірттер тобы. Абайды тану мен танытудың бастау көзінде осындай таланттар шоғыры жөніндегі терең де жан-жақты зерттеулер жатуға тиіс. Өкінішке орай, кезінде Абайдың өзі жөнінде, оның әдеби мектебі жөнінде, ұлы ақынның төңірегіндегі ақындар жөнінде әділ пікірін айтып, тиісті бағасын беруге талпынған М.Әуезов, Қ.Мұхаметхановтардың маңдайы тасқа соғылды. Сол себепті де аталмыш ақындар шығармашылығына күні кешеге дейін тұтас бір шығармашылық-эстетикалық құбылыс ретінде баға бере алмадық. Ал шын мәнінде бұл ақындар ұлы ұстаздың жаңа тұрпатты әдеби дәстүрінің құдіретін, Абайдың ақындық, ойшылдық тұлғасының күшін алғаш сезініп, соны баянды етуге, ілгері апаруға талпынған алғашқы қарлығаштар, ұлы дәстүрдің ұлағатын тұңғыш ұққан өз алдына қуатты бір шығармашылық құбылыс болатын. Абай бастаған жаңа әдеби үдерістің шынайы табиғатына баға беру де осы құбылысты тани білуден бастау алса керек.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қарай осы аталған ақындардың шығармашылық өмірбаянын, ақындық мұрасын зерттеу қолға алынды. Бұл арада осы бағыттағы істің қашанда бастаушысы болған, сол үшін кезіндегі алпауыт саясаттың талай-талай ауыртпалықтарын арқалаған көрнекті абайтанушы ғалым Қайым Мұхаметхановтың есімін айрықша бөліп айтқан жөн. Кеңестік идеологияның қаһары жер жарып тұрғанда да өзінің осы жолдағы адал мұратынан бас тартпаған қайсар ғалым тәуелсіздік заманы туған алғашқы сәттен бастап Абай шәкірттерін халқына таныстыруда қыруар іс атқарды. “Абайдың ақын шәкірттері” атты бірнеше кітаптан тұратын еңбегін жариялады. Оларда Абай талантын үлгі тұтқан өнерлі шәкірттердің бұрын-соңды белгілі-белгісіз шығармалары топталып, оқырман назарына ұсынылды.

Талқылау. Абайдан кейінгі жаңа үрдістегі ұлттық әдебиетіміздің көшін жалғаған Әсет Найманбаев, Әріп Тәнірбергенов, Көкбай Жанатаев, Нарманбет Орманбетұлы, Тайыр Жомартбаев, т.б. тәрізді шәкірт ақындардың шығармашылық мұралары жөнінде арнайы зерттеу жұмыстары жүргізілді, ғылыми диссертациялар қорғалды, монографиялар жазылды. Абайтанушы ғалымдар қатары білімді жас зерттеушілермен толықты.

Тәуелсіздік жылдары ұлы ақынның өміршең дәстүрін жалғастырған Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сынды біртуар алаш арыстарының есімі мен мұралары ортамызға оралды. Олардың өмір жолын, шығармашылық өнерін таныстыру бағытында көптеген ғылыми еңбектер, зерттеу мақалалары шықты. Бұл іске республиканың белгілі ғалымдары түгелдей атсалысты. Ш.Сәтбаеваның, С.Қирабаевтың, Р.Нұрғалиевтің, Ш.Елеукеңовтың монографиялық еңбектері жарияланды. Бір сөзбен айтқанда, осы жылдары ұлттық әдебиет пен әдебиеттану ғылымы өзін-өзі тану мен танытудың жаңаша бір тынысын бастан өткерді.

Абайдың ақындық, ойшылдық құдіретін танытуда ұлы дәстүрді жалғастырған осынау ізбасар ұрпақ өкілдерінің еңбектері орасан зор роль атқарды. Бұл тұста Абайдың талантты шәкірті Шәкәрім шығармашылығының зерттелуі халқымыздың сонау тарих тереңінен бүгінге жалғасып келе жатқан аса бай мәдени, рухани қазынасын түгендеу мен бағалаудың құрамдас бір саласы болғанына дау жоқ.

Абай мен Шәкәрім есімдері қашанда қатар аталады. Шәкәрімнің шығармашылық қуатын неғұрлым аша түскен сайын ұлы ұстаздың құдіреті асқақтай береді. Сол себепті де Шәкәрім жайындағы әрбір зерттеу, әр еңбек Абайтануға қосылған үлес болары анық.

Жиырмамыншы ғасырдың сексенінші жылдарының соңынан бастап Шәкәрімнің шығармашылық мұралары шынайы ғылыми тұрғыдан, монографиялық сипатта жан-жақты зерттеле бастады. Ондаған кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды. Дана тұлғаның әдеби шығармашылық мұраларын зерттеу барысында әдебиеттанушы ғалымдармен қатар тіл білімі саласының, тарих, философия, әлеуметтану, шығыстану, музыкатану ғылымдарының өкілдері де көлемді ді күрделі ғылыми еңбектер жариялады.

Абайтанудың бір арнасы саналатын Шәкәрімтану саласында жан-жақты зерттеу жүргізіп, құнды монографиялар жариялаған түрлі ғылым саласы өкілдерінің еңбектерін бұл салаға қосылған бағалы үлес деп бағалаған жөн(6).

Әдебиеттану саласындағы көрнекті ғалымдар С.Қирабаевтың, Ш.Елеукеңовтың, Ш.Сәтбаеваның, Қ.Мұхаметхановтың, М.Мағауиннің, М.Базарбаевтың, Р.Бердібаевтың, Р.Нұрғалидың, М.Жармұқамедовтың, Б.Әбдіғазиевтің, Р.Сейсенбаевтың, Б.Байғалиевтің, тағы басқа авторлардың ғылыми еңбектері Шәкәрім шығармашылығын әр қырынан қарастыра отырып, оның ұлттық рухани қазынамыздағы мәртебелі орнын айқындап берді.

Сол зерттеулердің сыртында Абай мен Шәкәрім мұраларын насихаттау бағытында қандай нәтижелі бастамалар болды десек, Тәуелсіздік жылдары алдымен еліміздің жоғары оқу орындарында арнайы Абайтану орталықтары ашылып, ұлы ақын шығармаларын жинақтап бастырумен, білім алушы жастарға насихаттаумен айналысты. Алғашқылардың бірі болып Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде осыдан бірнеше жыл бұрын көрнекті ғалым Мекемтас Мырзахметұлының басшылығымен «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығы шаңырақ көтеріп, жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған «Абайтану» пәнінің оқулықтарын даярлауды қолға алды. Абай шығармаларын оқытудың электронды оқулығын дайындап, қолданысқа енгізді. Университеттің барлық мамандықтарындағы оқу топтарына «Абайтану» пәні оқытыла бастады.

Абай университеті ұжымының бастамасымен шет елдерде «Абай орталықтары» ашылды. Ұлы ақын мұраларын насихаттау мақсатында республикамызда бірінші болып 2011 жылы Қытай Халық Республикасының Құлжа қаласында Іле педагогикалық университетінде алғашқы «Абай орталығы» дүниеге келді.

Бүгінде Абай университетінің ұйымдастыруымен Қытай, Түркия, Ресей, Польша жерінде, алыстағы Вьетнамның Ханой, Хошимин университеттерінде «Абай орталықтары» жұмыс істейді. Аталмыш орталықтардың ұлы ақын мұраларының халықаралық деңгейде танылуына сіңіретін еңбегі аз емес.

Мұндай орталықтар бұдан кейінгі кезеңде республикамыздағы өзге де оқу орындары тарапынан әртүрлі елдерде ашылып жұмыс істей бастады. Әйтсе де мәртебелі жұмысты ұйымдастыруда әлі де ойластыра түсетін жағдайлар аз емес. Ең алдымен аталмыш орталықтардың атқарар міндеттерін, бағыт-бағдарын, таяудағы және перспективалық жоспарын, бір сөзбен айтқанда стратегиясын айқындайтын кешенді тұжырымдама керек. Және осындай тұжырымдама негізінде жұмыс істейтін үйлестіруші орталық қажет.

Абай мұраларын және ұлы ақынның дәстүрін жалғаған ұлттық әдебиетті насихаттау мен кешенді зерттеу мақсатында өмірге келген аса ауқымды шаралардың бірі осыдан бірнеше жыл бұрын Абай жерінде, Семей мемлекеттік педагогикалық институты жанынан «Шәкәрім» ғылыми-зерттеу орталығының құрылуы болды. Абай

мен Шәкәрім мұраларын зерттеу мен насихаттауда, әсіресе Шәкәрім шығармашылығын зерттеу, ойшыл ақынның мұраларын шын мәнінде біртұтас құбылыс ретінде жүйелі насихаттау ісінде аталмыш орталықтың атқарған жұмысы орасан зор болды. Орталық ғалымдарының күшімен «Шәкәрім» атты тұлғалық энциклопедия жарыққа шықты.

Бұған дейін қазақ топырағында «Абай» тұлғалық энциклопедиясының ғана туғанын ескерсек, оның ізін ала «Шәкәрім» энциклопедиясының жарық көруі әрі заңдылық іспетті, әрі ұлтымыздың рухани жаму жолындағы кезекті биік жетістігі болды.

«Шәкәрім» ғылыми зерттеу орталығында өмірге келіп, жүзеге асырылған ендігі бір ғылыми жоба «Шәкәрім әлемі» атты ғылыми монографиялық еңбектер сериясы болды. Аталмыш серия бойынша белгілі Абайтанушы, Шәкәрімтанушы ғалымдар А.Еспенбетовтің, Ғ.Есімнің, Е.Сыдықовтың, Б.Әбдіғазизұлының, Т.Шанбайдың, т.б. еңбектері республикамыздағы «Фолиант» баспасынан жүйелі түрде жарық көрді.

Абай мен Шәкәрім мұраларын насихаттауда орталықтың ұйымдастыруымен шығып тұрған «Шәкәрім» журналы елеулі роль атқарды.

Абайтану саласындағы осы табиғаттас жұмыстар бүгін де айрықша қарқынмен жалғасып жатыр. Ұлы ақынның 175 жылдығына орай республикамыздан тысқары жерлерде қаншама мерейтойлық шаралар жоғары дәрежеде ұйымдастырылды. Бүгінде Абай мерейтойы бүкіләлемдік дейгейде, адамзаттың рухани мәдени қазынасы ретінде бағаланып отыр.

Ұлы ақынның мерейтойын атап өту бағдарламасы аясында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанынан «Абай академиясының» ашылуы ұлтымыздың ұлы Абайға тағзым ете отырып дүниеге әкелген зор құрметті ісі деп есептейміз. Бүгінге дейін Академия тарапынан белгілі абайтанушы ғалымдардың ондаған зерттеу кітаптары дайындалып баспадан шықты. «Абай мұрасы» атты халықаралық конференция ұйымдастырылды. Академия басшысы, белгілі тарихшы ғалым Ерлан Батташұлының соңғы жылдары жариялаған қазақ руханияты, Алаш қайраткерлері жайындағы елеулі еңбектері мен кітаптарының зиялы қауымның биік бағасын иеленуі, сондай-ақ, ұлы Абайдың айналасы туралы жазған «Шәкәрім», «Құнанбай» кітаптарының Мәскеудегі әйгілі ЖЗЛ сериясымен жарық көруі бұл академияның тізгіні шынайы кәсіби маманның қолында екенін дәлелдесе керек.

Қорытынды. Дана Абай қазақты барша әлемге танытты. Оның өлеңдері жұмыр жерді мекендеген ондаған халықтардың тіліне аударылды. Сол арқылы қазақ жыры әлемдік кеңістікті шарлап кетті. 2013 жылы Ханой университетінде Абай орталығын ашу салтанатында оқу орынының оқытушылары ұлы Абайдың өздеріне ұнаған жырларын аударып, шағын жинақ етіп бастырып бізге сыйға тартқан сәтте кеудемізді соншалық мақтаныш кернегені естен кетпейді.

«Ақын мұрасы- халқымыздың сарқылмас асыл қазынасы, - дейді белгілі абайтанушы ғалым Ж.Ысмағұлов. - ...Халық тарихи дамудың қаншама асуларынан асып, қандайлық биігіне көтерілсе де, Абай аты мен Абай сөзі әрдайым оның аузындағы жыры, көкірегіндегі иманы, санасындағы ожданы болып қала береді»(4, 318).

Ұлы дала руханиятының мәртебесін биіктетіп, қазақ халқын әлемдік өркениет кеңістігіне бастайтын темірқазық бағдар іспетті ұлы Абайдың асыл сөзі мен мол мұрасы мәңгі жасай бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – 1995. – кітап
- 2 Қ.Тоқаев. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан.//Егемен Қазақстан газеті, №5, 9 қаңтар 2020 ж. – кітап
- 3 Ахметов З. Кемел ақын, кемеңгер ойшыл//Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы.-Алматы; Жазушы.-Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. -1995. - Б.8-29. – кітап
- 4 Ысмағұлов Ж. Абай. Даналық дәрістері//Абайтану. Таңдамалы еңбектер. ХХҮІ том.-Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 318 б. – кітап
- 5 Мырзахметов М. Абай және Шығыс//Абайтану. Таңдамалы еңбектер. ХХХ том.-Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 294 б. – кітап
- 6 Сыдықов Е. Шәкәрім және Алашорда: Ғылыми жинақ. – Алматы: Раритет, 2008. -184 б. – кітап

References:

1. Abai Qūnanbaiūly. Şyğarmalarynyñ eki tomdyq tolyq jinağy. – Almaty: Jazuşy. – 1995. – kitap
2. Q.Toqaeв. Abai jāne ННІ ġasyrdağy Qazaqstan.//Egemen Qazaqstan gazetі, №5, 9 qañtar 2020 j. – kitap
3. Ahmetov Z. Kemel aqyn, kemeñger oişyl//Abai Qūnanbaiūly. Şyğarmalarynyñ eki tomdyq tolyq jinağy, -Almaty; Jazuşy.-T.1: Öleñder men audarmalar. -1995. - B.8-29. – kitap
4. Ysmağūlov J. Abai. Danalyq dāristeri//Abaitanu. Tañdamaly eñbekter. ННҮІ tom.-Almaty: Qazaq universiteti, 2017. – 318 b. – kitap
5. Myrzaħmetov M. Abai jāne Şyğys//Abaitanu. Tañdamaly eñbekter. ННН tom.-Almaty: Qazaq universiteti, 2017. – 294 b. – kitap
6. Sydyqov E. Şäkärim jāne Alaşorda: Ğylymi jinaq. – Almaty: Raritet, 2008. -184 b. – kitap

МРНТИ 17.07.51

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.47>

Әбдіқалық К.С.,¹ Асанбаева С.А.,² Орынханова Ф.А.³

^{1,2,3} Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

М.ӘУЕЗОВКЕ ЖҰМБАҚ БОЛҒАН АБАЙ ӨЛЕҢІНІҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада М.Әуезовке түсініксіз болған Абайдың «Жаз» өлеңінің түпнұсқасы туралы алғаш рет сөз етіледі. М.Әуезовтің осы өлеңнің кейбір жолдарына ақын қолтаңбасы екендігіне күдікпен қарауы алдымен қарастырылады. Түпнұсқаны анықтауда ақынның көзі тірісінде жарияланған газеттік нұсқа негіз етіледі. «Жазды күн шілде болғанда» деп басталатын өлең «Дала уалаятының газетінде» 48 жолмен берілсе, ақын жинақтарында 60 жолмен берілуі текстологиялық жолмен зерделенеді. М.Әуезовтің көңіліне қонбаған осы артық жолдардың қажетсіздігі тұңғыш рет дәлелденеді. Газеттік нұсқаны академиялық жинақтармен салыстырғанда кездесетін өлеңдегі жекелеген сөздердің дұрыс-бұрыстығына да көз жеткізілді. Текстологиялық сырын қарастыруда ұлы ақынның шын шеберлігін аша түсетін Абай өлеңінің газеттік нұсқасы негізгі әрі түпнұсқа екендігі айқындалады.

Түйін сөздер: мәтін, қолжазба, түпнұсқа, тұжырым, мәтіндік айырмашылықтар, газеттік нұсқа, болжам, қателер, поэзия, жинақ

Abdykalyk K.,¹ Asanbaeva S.,² Orynkhanova G.³

^{1,2,3} *Kazakh National Women Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

THE HISTORY OF PUBLICATION OF ONE POEM BY ABAI

Abstract

This article deals for the first time about the textual problem of Abai's poem "Zhaz", reading and critical analysis of it by M. Auevov. When preparing the printed text of the poem, some of its lines raised doubts. When defining the original, the newspaper version was taken as a basis which was published during the author's lifetime. The poem, which begins with the words "Zhazdy kun shilde bolganda", consisted of 48 lines, and first appeared in the newspaper "Dala ualayaty", then it was published in the author's collections, where there were already 60 lines. For the first time, the article talks about deleting extra lines, which once led to the confusion of M. Auevov. Comparing the newspaper version with academic collections, the author substantiates the correctness of correcting individual lines by meaning, guessing, by style of context. As a result, it turns out that the newspaper version is the only correct one and is the original.

Keywords: text, manuscript, original, textual differences, newspaper version, forecast, errors, wording, poetry, collection

Абдикалық К.С.,¹ Асанбаева С.А.,² Орынханова Г.А.³

^{1,2,3} *Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан*

ИСТОРИЯ ПУБЛИКАЦИИ ОДНОГО СТИХОТВОРЕНИЯ АБАЯ

Аннотация

В данной статье впервые говорится о текстологической проблеме стихотворения Абая «Жаз», прочтении и критическом анализе ее М.Ауэзовым. При подготовке печатного текста стихотворения отдельные ее строки вызвали сомнение. При определении оригинала за основу был взят газетный вариант, увидевший свет при жизни автора. Стихотворение, которое начинается словами «Жазды күн шілде болғанда», состояло из 48 строк, и впервые появилось в газете «Дала уалаяты», затем было опубликовано в авторских сборниках, где насчитывало уже 60 строк. В статье впервые говорится об удалении лишних строк, которые в свое время привели в замешательство М.Ауэзова. Сопоставив газетный вариант с академическими сборниками, обосновывается правомерность исправления отдельных строк по смыслу, по догадке, по стилю контекста. В результате выясняется, что газетный вариант является единственно верным и представляет собой оригинал.

Ключевые слова: текст, рукопись, оригинал, текстовые различия, газетный вариант, прогноз, ошибки, формулировка, поэзия, сборник

Кіріспе. Абайдың «Жаз» өлеңінің шығу тарихы ақынның 1933 жылғы алғашқы толық жинағында берілген М.Әуезовтің Көкбай ақыннан жазып алған естелік әңгімесі бойынша көпшілікке мәлім. Осы естелікті Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының кітапханасындағы қолжазба қорында сақталған М.Әуезовтің «Абай өлеңі туралы» деген еңбегінен оқығанда «Жаз» өлеңіне қатысты абайтанушы ғалымның өзіне түсініксіз жайттарды аңғардық. Анықтап айтсақ, «Жаз» өлеңіндегі Абайдың суреттеген ауылы өз ауылы. Байдың (1933 жылғы толық жинақта «Абайдың» деп берілген (338-б) астындағы аяңшыл – Абайдың Әбдірахметтен алған «аяңшыл күрөң төбел аты». Айқайшы шалы: сол жылы өз ауылымен көрші болып отырған Әнет Бармақ деген шал. Күс салып жүрген жас жігіттер өзінің балалары: Ақылбай, Әбдірахман болатын» [1, 35] деп берілген естелік сөздерге жауап ретінде сол беттің соңындағы қызыл қаламмен жазылған глоссты /ескертпені/ кездестіреміз. Онда мынадай сөздер бар: *«Көкпай «Жаз» өлеңіндегі аты аталмай жазылып айтылған адам атаулының барлығын өзінің атап, танытып пәлен-пәлен деп береді. Бірақ біздің ойымызда бұл Көкпайдың өз топшылауы, өз шешуі. Дәліне келгенде өз шешуі ұқсаса да, тақ аяңшылға мініп келген бәйге атындай аңқылдайтын байды Абай өзім деп қойды ма екен. Бұл тым надан бай, ол Абай болмас. М.Ә.»* Бұл, әрине, Көкбайдың естелігін өз аузынан естіп, жазып алған академик М.Әуезовтің сөзі екендігіне шүбә жоқ.

Ғалымның осы орынды күдігіне Абайдың көзі тірісінде «Дала уалаятының газетінде» (1889, №7) жарық көрген өлең нұсқасын оқығанда ғана анық көз жетізуге болады. Өйткені газеттік нұсқада *«тақ аяңшылға мініп келген бәйге атындай аңқылдайтын... тым надан байдың»* бейнесі мүлдем берілмеген еді.

Әдістеме. «Дала уалаятының газетінде» жарияланған өлең нұсқасы кейінгі шыққан Абай жинақтарындағы нұсқалардан өзгешелік танытса да осы уақытқа дейін әдебиеттану ғылымында орны елеусіз қалып, өз бағасын ала алмай келуі де ойлантатын жайт екені жасырын емес. Тіпті, Абайдың өз қолжазбасы сақталмағандықтан ақынның көзі тірісінде жарияланған өлеңдерінің әрбірі ескерусіз қалмауы игі еді. Бәлкім, Абай жинағын баспаға даярлауда текстологиялық негіз ретінде 1909 жылғы алғашқы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбаларына (1905, 1907, 1910) сүйенген кеңес дәуірі мен тәуелсіздік жылдарындағы зерттеушілер М.Әуезов әзірлеген ақынның алғашқы толық жинағындағы (1933) нұсқаны да алға тартатын шығар.

Негізінен М.Әуезов Абай шығармаларының толық жинағын (1933) баспаға әзірлеп, жарыққа шығарған уақытта «Жаз» өлеңінің газеттік нұсқасынан бейхабар болатын. Олай дейтініміз, біріншіден, «1880 жылдан бастап, 1886 жылдарға шейін Абай әр түрлі өлеңді жазып жүрді. Бірақ бұл уақыттағы сөздерінің барлығын Көкбай сөздері деп жүргізді. Кейін Омбыда «Дала Уалаяты» мен «Серке» газеті шыққанда, бірер өлеңі тағы да менің атыммен жіберді... Осы хал 1886 жылға шейін келді де, сол жылдардың жазында ел жайлауға шықты...» [2, 48] деп әрі қарай «Жаз» өлеңінің шығу тарихы баяндалатын Көкбайдың естелік әңгімесіне назар аударғанда тап осы өлеңнің «Дала уалаятының газетінде» жарық көргендігі туралы нақты мәліметті көріп тұрған жоқпыз. Екіншіден, «Дала уалаятының газеті» және осы өлеңнің сол газетте жарияланғандығы туралы қазақ жұртшылығы ең алғаш 50-жылдары тарих ғылымдарының докторы Х.Н.Бекхожиннің («Абай және Дала уалаяты»// Ученые записки Казахского государственного университета.– 1950.– Т. 8.– 32 б.) еңбегі арқылы танысқан болатын. Үшіншіден, газеттік нұсқаның жинақтық нұсқалардан өзгешелігіне цензураның кінәсы етіп дәлелдеген Х.Н.Бекхожин, Ғ.Әбетов, т.б. зерттеушілердің еңбектері де өз ықпалын тигізді.

Мәселен, «Дала уалаятының газетіндегі» (1889, №48) Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің сынына жауап ретінде жазған Х.Н.Бекхожиннің ой-тұжырымына тоқтала кетсек, «...Абайды жұрттан бұрын іздей бастаған Мәшһүр Жүсіп болды. Ол былай деп жазды: «Газетте жарияланған өлең «Құнанбайдың баласынікі» деген сөз халыққа жарияланды. Оның өлеңінен «байлығы жақсы білініп тұр, бірақ халыққа пайдалы іске жаһат қылғаны білінбейді... Біз Ибраһим мырзаның өнерін Құнанбайдан артық деп естіген едік... артында байлығы һәм келісті болып өлеңге қосылып тұрған соң, өлеңіне өнерін муафих қылып сөйлесе керек қой деп айтып жатырмыз» («Дала уалаяты», 48, 1889). Мәшһүр Жүсіп бұл сөзді тегінде, Абайдың «Жаз» деген өлеңі туралы айтқан. Бұл өлең газетте Құнанбай ауылының жайлауға көшіп келіп қонып жатқан көрінісін, оның байлығын суреттейтін тақырыппен басылғанын, ал өлеңнің кедейлердің бейшаралық халін сипаттайтын жерлерін цензура қысқартып тастағанын ол білмеген. Абай өз әкесі Құнанбайдың емес, жалпы қазақ байларының тұрмысын суреттегенін Мәшһүр Жүсіп түсінбеген. Ал оның «халыққа пайдалы іске жаһат қылғаны білінбейді» деп өлеңнің газеттегі қысқартылып басылған түріне қарап айтқан» [3, 111] дейді ғалым. Сонда Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «халыққа пайдалы іске жаһат қылғаны білінбейді» деген сынына «кедейдің

бейшаралық халінің» қандай қатысы бар? Газеттегі халыққа пайдалы дүниелерді ғана басу туралы айтысқа түскен сын-пікірлерден хабардар Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің мақаладағы айтпақ ойы, көздеген мақсаты да мүлдем басқаша еді... Жалпы, газеттік нұсқадағыдай «байғұс шалдың» бейнесі суреттелмесе, М.Әуезовке түсініксіздік танытқан байдың «надандығы» да байқалмас еді.

М.Әуезовтің «Бүтіндей алғанда Абай текстерінің дұрыстығына келтірілген көптеген күдіктер сол текстің ауызша және қолжазба нұсқаларының барлық жиынтығын текстологиялық талдау жасау жолымен жоққа шығарылады...» [4, 25] деген ғылыми тұжырымына сүйене отырып, текстология шарттары бойынша газеттік нұсқаны ақынның 1995 жылғы академиялық толық жинағымен салыстырып шыққанда көптеген маңызды мәселелердің беті өздігінен ашылатыны да даусыз.

Нәтижелер. «Жазды күн шілде болғанда» деп басталатын өлең «Дала уалайтының газетінде» 48 жолмен берілсе, жинақта 60 жолмен берілген. Ең алдымен артық жолдардың ретіне келсек, жинақтағы:

*Білімділер сөз айтса
Бәйге атындай аңқылдап,
Өзгелер басын изейді,
«Әрине» деп мақұлдап.
Ақ көйлекті, таяқты
Ақсақал шығар бір шеттен:
Малыңды әрі қайтар деп,
Малшыларға қаңқылдап.
Бай «байғұсым десін» деп,
«Шақырып қымыз берсін» деп
Жарамсақсып, жалтылдап.*

*...Өткен күннің бәрі ұмыт,
Қолдан келер қайрат жоқ,
Бағанағы байғұс шал
Ауылда тұрып күледі... –*

деген жолдар газеттік нұсқада жоқ. Және өлеңдегі:

*Өткен күннің бәрі ұмыт
Қолдан келер қайрат жоқ, –*

деген жолдар 1909 жылғы кітапта да жоқ. Ал газеттік нұсқадағы:

*Салтанатты байлардың
Жай отырған сөйлемей
Шаршағаннан ыстықта
Самаурыны бұрқылдап, –* деген жолдар жинақта:

*Салтанатты байлардың
Самаурыны бұрқылдап, –* деп берілген.

Абай бұл жерде сапырылған қымызды емес, бұрқылдаған самаурынды алып отырғаннан кейін газеттік нұсқадағысы қонымды болар. «Көлеңке қылып басына», астына кілем төсеп отырған байларға сапырылған қымыз да жарасар еді. Бірақ ақын ыстықта шаршаған соң сөйлемей, жай отырған салтанатты байлардың самаурынын бұрқылдатқанды жөн көрген.

Ал газеттік нұсқада жоқ жолдарға келсек, М.Әуезовтің айтуынша, «...бұл жағдайда текстологиялық талдаудың негізі болып Абайдың ақындық тілі мен шығармашылық әдісінің өзіндік ерекшелігі» еске алынуға тиіс еді.

Жыр үлгісінде жазылған бұл өлеңнің тақырыбы мен идеялық мазмұнына, әсіресе, соңғы төрт жолы жинақтық нұсқада сай келмейді. Мәселен, «Байғұс шалдың» қошемет қылып қарқылдап кімге күлетіні түсініксіз. Негізінен жыр үлгісінде жазылған өлеңдердің соңғы тармақтары мәндірек болуға тиіс. Жинақтағы «*қошемет қылып қарқылдап*» деген соңғы жолы «*қаз сытырса жарқылдап*» деген төменнен санағанда алтыншы жолмен ғана ұйқасып тұр. Ал газеттік нұсқада анық әрі толық берілген:

*Тамашасын шалдардың
Қошемет қылып қарқылдап.*

Қаз сыпырып жарқылдаған жас бозбалалардың шалдардың тамашасын қошеметтеп қарқылдап күлулері қисынды болса, газетте жарияланған мәтіннен көз жазбауға тиіспіз, өйткені қолымызда түпнұсқа деп танырлық қолжазба жоқ қой.

Сонымен, «Абайдың әдетінде бір жазған өлеңін қайта түзеп жазып, қайтадан қарастыру машығы жоқ. Жалғыз ғана «Сегіз аяқ» деген өлеңінің басын қайта бір түрлі қылып айтып еді деген сөз бар», – деп жазған М.Әуезовтің пікіріне сүйенсек, жинақтағы артық жолдар Абайдың атына шаң жуытпау «саясатынан» сол кездегі шәкірттерінің немесе көшіруші мен жинаушы, жариялаушылардың түзетулері ме екен деген ойға бастайды.

Талқылау. Енді «Жаз» өлеңіндегі жекелеген сөздердің дұрыс-бұрыстығына келсек, газеттік нұсқада:

Шұрқырап жатқан жылқының

Шалғыннан жүні қылтылдап

Құр ағарып алыстан –

делінсе, академиялық жинақта:

Шұрқырап жатқан жылқының

Шалғыннан жоны қылтылдап,

- деп беріледі. Жинақтағы түсінікте: «І.Жансүгіров 1923 ж. «Тілші» газетінде Ташкентте шыққан жинаққа сын пікір ретінде «Абай кітабы» атты мақала жазып, бір алуан қате басылған сөздерді қалай дұрыстап оқу керек екендігін нанымды көрсетті. Мысалы, «шалғыннан жүні қылтылдап емес», «шалғыннан жоны қылтылдап» деген дұрыс екенін... алғаш көрсеткен І.Жансүгіров болатын» [5, 246], – деген мәлімет көрсетілген. Сондай-ақ Б.Жақыпбаевтың «Абай өлеңдерінің тексті туралы» (1946) мақаласында «Абай өлеңдері өзі тірі күнінде басылған жоқ (365-б.). ...Бұл сөз «жүні» емес, «жоны», үйткені шалғыннан жылқының жоны көрінбесе, көрінетін жүні жоқ екені белгілі» (384) деп жазылған. Осы тұста ескере кететін бір жайт, жылқының жүні болмаса жалы (желкесіне өскен қалың қылы) бар емес пе? Ғалым Е.Ысмайловтың «Абайдың ақындық мәдениеті» деген мақаласында «Шалғыннан жүні қылтылдап» деп қарастыруы тегін болмаса керек.

Жалпы алғанда, «жон» қылтылдамайды, қылтындамайды, қылтылдамайды да. «Түсіндірме сөздіктің» (1982) 6-томында «қылтылда» сөзі: «бір байқалып, бір жоқ боп, болар болмас қана көріну» (593) делінген. Олай болса, «шұрқырап жатқан жылқының» яғни, көп жылқының жоны шалғыннан болар-болмас болып қана көрінбесе керек. Сондай-ақ «құр ағарып алыстан» деген өлең жолы жинақтық нұсқада кездеспейді. Олай болса, шалғында шұрқырап жатқан жылқының жүні алыстан құр ағарып қылтылдап тұрған суреттің де кемшілігі болмас.

«Әзілдесіп сылқылдап» деген сөз тіркесіне келсек, ғалым Қ.Мұхамедханов өзінің «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» (1959) еңбегінде: «Жаз» өлеңінің 1909 жылғы жинақта:

«Жасы үлкендер бір бөлек

Кеңесіп күліп, сылқылдап», –

деп басылған жиырма жетінші жолы – 1954 жылғы жинақта, одан бұрынғы жинақтар да:

«Әзілдесіп сылқылдап», –

деп қате басылып жүр.

Шынында «Жасы үлкендер» деген соң «кеңесіп, күліп» деу орынды айтылып тұрғаны даусыз. Сондықтан, 1909 жылғы кітапта Абай сөзі дәл берілген. Өлеңнің 19-шы жолында:

Қыз-келіншек үй тігер,

Бұрала басып былқылдап,

Ақ білегін сыбанып

Әзілдесіп сыңқылдап, –

деп «әзілдесіп» деген сөзі жастарға арналып өз орнында айтылып тұр. Сондықтан 1909 жылғы кітапта Абай сөзі дәл берілген дейміз» [6, 20] деген тұжырым жасайды. Ал газеттік нұсқада:

Қыз-келіншек үй тігер

Бұрала басып былқылдап,

Ақ білегін сыбанып

Сыбырласып сыңқылдап.

Жасы үлкендер бір бөлек

Әзілдесіп сылқылдап, –

деп берілген. Мұнда да ақ білегін сыбанған қыз-келіншектердің сыбырласып сыңқылдағаны, «көңілі жақсы жайланған» жасы үлкендердің әзілдесіп сылқылдағаны өз үйлесімін тауып тұрғандай. Абайдың «сыбырласып» деген сөзді қолданғандығы шүбә тудырмайды. Оған дәлел, Ұлттық ғылым академиясының кітапханасындағы қолжазба

қорында сақталған Абайдың жарияланбаған өлеңдерінің ішінде «Жаз шығып қыс өткен соң...» (Папка №631, 14-б.) деген бес бөлімнен тұратын ұзақ өлеңінде мынадай жолдар кездеседі:

Ел қонса үй тігісіп, жүк жыйысып,
Сыпсындар қыз-келіншек сыбырласып.

Сонымен бірге жинақтағы «ет әпер», «көк құсы» деген сөздерден гөрі газеттік нұсқадағы «тамақ бер», «құстары» деген ұғымдар мағынаны аша түседі. Біріншіден, «ет әпер», «нан әпер», «қымыз әпер» дейтіндей талғаммен ішетін бай, манап емес, қарны тойса мәз болатын кедей баласына тамақ сұратқаны орынды сияқты. Екіншіден, жаздың жалпы көрінісін суреттеген кезде жеке бөлшекті тым даралау да әсерлі шықпайды. «Көк құсы» да соған саяды. Ақынның тілінде бозбала жалғыз емес қой. Және де «көк құс» пен «қазды» қатар келтіру шығармаға ажар бермейтінін де естен шығармаған абзал.

Қорытынды. «Жазды күн шілде болғанда» деп басталатын өлеңінің текстологиялық жай сырын айтқан уақытта, ең бірінші «Дала уалаятының газетінде» жарияланған нұсқа негізге алынып, одан кейінгі жарияланымдар мен естеліктер соған бейімделе баяндалғанда ұлы ақынның шын шеберлігін аша түсетін ойларға кенелуіміз хақ. Абай шығармаларының кейінгі басылымында осы шарт ескерілуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Әуезов М. Абай өлеңі туралы//Ұ.А. Ғылыми кітапханасындағы қолжазбалар қорынан.- П.599. – қолжазба
- 2 Абай./ 1992.– №1.–48-б. – журнал
- 3 Бекхожин Х.Н. Қазақ баспасөзінің даму жолдары: Дис.тарих ғыл.докт.- Алматы, 1964.-319 б. – қолжазба
- 4 Әуезов М. Абайтану дәрістері.– Алматы: Рауан, 1994.-160 б. – кітап
- 5 Абай. Шығармаларының екі томдық жинағы.– Алматы: Ғылым, 1995.-336 б.– кітап
- 6 Мұхамедханов М. Абай шығармаларының текстологиясы жайында.- Алматы, 1959.-144 б.– кітап.

Reference:

1. Äuezov M. Abai öleñi turaly//Û.A. Ğylymi kitaphanasyndaġy qoljazbalar qorynan.- P.599. – qoljazba
2. Abai./ 1992.– №1.–48-b. – jurnal
3. Bekhojin H.N. Qazaq baspasöziniñ damu joldary: Dis.tarih ġyl.dokt.- Almaty, 1964.-319 b. – qoljazba
4. Äuezov M. Abaitanu дәristeri.– Almaty: Rauan, 1994.-160 b. – kitap
5. Abai. Şyġarmalarynyñ eki tomdyq jinaġy.– Almaty: Ğylym, 1995.-336 b.– kitap
6. Mühamedhanov M. Abai şyġarmalarynyñ tekstologiasy jaiynda.- Almaty, 1959.-144 b.– kitap.

МРНТИ 17.82

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.48>

Жетібай Р. Қ.¹

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

Ж.НӘЖІМЕДЕНОВТЫҢ «АЗАМАТ АУЫЛЫ» ЖӘНЕ «ӘЙЕЛДЕР» ӘНГІМЕСІНДЕГІ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада Жүмекен Нәжімеденовтың «Әйелдер», «Азамат ауылы» әңгімелері жан-жақты талданады. Әңгімелерге авторлық концепция тұрғысынан, көркемдік құрылым тұрғысынан талдаулар жасалады. Көркемдік детальдардағы орныд-орынсыз қолданысы қарастырыларды. Троп және фигураның түрі айқындалады. Көркемдік құралдар арқылы жасалған «Әйел» бейнесі талданады. Сонымен қатар қазіргі әдеби үдерістегі модернизм элементтерінің көріністері сараланды.

Мақалаға Жүмекен Нәжімеденовтың көп томдық шығармаларының 6-томы, Г. Орданың «Сөз құдіреті» еңбегіне, Қ. Жанұзақованың «Әдебиеттануға кіріспе» еңбектеріне сілтеме жасалады. Мақаланың маңыздылығы өткен дәуір прозасында талданбай кеткен Жүмекен әңгімелерінің көркемдік құрылымын талдау болса. Өзектілігі сол кезеңдегі әңгімелерден артықшылығы мен кемшілігін салғастыра отырып, әйел бейнесінің жасалу тәсілдерін айқындау. Ж. Нәжімеденовтың поэзияда тыңнан түрен салғаны әдеби оқырманға бесенеден белгілі болса, оның прозалық туындары әдеби аренадан қалыс қалғаны баршаға мәлім. Осы тұрғыдан алып қарағанда мақаламызда автордың прозалық шығармадағы қуатын көрсетуге және образ жасаудағы шеберлігін айқындауға барынша күш салдық.

Мақала соңында лирикалық кейіпкер мен прозадағы кейіпкер бейнесінің біртұтастығын, авторлық суреттеу тәсілінің ерекшелігін, тілдік қолданысының өзгешелігін көрсеттік.

Түйін сөздер: әйел бейнесі, әңгіме, бейне, суреттеу

Zhetibay R.¹

¹ Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

THE IMAGE OF A WOMAN IN ZH.NAZHIMEDENOV'S STORY «АЗАМАТ АУЫЛЫ» AND «ӘЙЕЛДЕР»

Abstract

This article analyzes in detail the stories of Zhumeken Nazhimedenov "Azamat auuly" and "Ayelder". The author analyzes the stories from the point of view of the author's concept, from the point of view of the artistic structure. The article analyzes the image of a "woman" created by artistic means. The article also examines the manifestations of elements of modernism in the modern literary process. The article contains links to the 6th volume of Zhumeken Nazhimedenov's works and to the works of K. Zhanuzakova "introduction to literary studies»

The significance of the article lies in the analysis of the artistic structure of Zhumeken's stories, which were not analyzed in the prose of past eras. We identified ways to create a female image by comparing the advantages and disadvantages of the history of that period. Everyone knows that W. Nazhimedenov built a virgin land in poetry, and his prose works moved away from the literary arena. From this point of view, in our article we have made every effort to show the power of the author in a prose work and emphasize the skill in creating a female image. At the end of the article, we showed the unity of the image of the lyrical hero and the hero in prose, the specifics of the author's method of description, and the originality of language use.

Keywords: female image, story, video, description

Жетибай Р. К.¹

¹ Казахский Национальный педагогический университет им. Абая,
Алматы, Казахстан

ОБРАЗ ЖЕНЩИНЫ В ПОВЕСТИ Ж.НАЖИМЕДЕНОВА «АЗАМАТ АУЫЛЫ» И «ӘЙЕЛДЕР»

Аннотация

В данной статье подробно анализируются рассказы Жумекена Нажимеденова «Азамат ауылы» и «Әйелдер». Проводится анализ рассказов с точки зрения авторской концепции, с точки зрения художественной структуры. Анализируется образ «женщины», созданный художественными средствами. Также рассматриваются проявления элементов модернизма в современном литературном процессе. Статья содержит ссылки на 6 том трудов Жумекена Нажимеденова и на труды К. Жанузаковой «Введение в литературоведение».

Значимость статьи заключается в анализе художественной структуры рассказов Жумекена, которые не были проанализированы в прозе прошлых эпох. Определены способы создания женского образа, сопоставив достоинства и недостатки истории того периода. Всем известно, что Ж. Нажимеденов построил в поэзии целину, а его прозаические произведения отошли от литературной арены. С этой точки зрения в нашей статье мы приложили максимум усилий, чтобы показать силу автора в прозаическом произведении и подчеркнуть мастерство в создании женского образа. В конце статьи мы показали единство образа лирического героя и героя в прозе, специфику авторского способа описания, своеобразие языкового употребления.

Ключевые слова: женский образ, рассказ, образ, описание

Кіріспе. Өз заманының заңғар ақыны, қабырғалы қаламгері Жүмекен Нәжімеденов поэзиядан бөлек проза жанырында да қалам тербеген-ді. Оның поэзиясы асқақ рух пен сырлы суреттің көрінісі. Асқақатаған Алатаудан нәр алған поэзия – қазақ руханиятына өлшеусіз үлес қосты десек артық айтқандық емес.

«Аспанда күн барда, әлемде сыр барда, адамдар маңдайын жуған тер құрғар ма!» – деп жырлаған ақын өлеңдерінің басты тақырыптарының бірі еңбек, адам, ізгілік еді. Көрнекті жырларының басым бөлігінде сырлы сөзбен, астарлы оймен шындық пен ақиқатты жеріне жеткізіп жырлай білді. Ақын өз кезеңінде прозаға да бет бұрып кең көлемді эпикалық түр «Даңқ пен Дақпырт», «Ақ шағыл», «Кішкентай», орта көлемді эпикалық түр «Аспан шақырады», шағын көлемді эпикалық түр «Бақсы», «Өң мен түс», «Азамат ауылы», «Әй кыз!», «Әйелдер» т.б. туындыларын дүниеге келтірді. Сол бір кезеңдерде Жүмекен Нәжімеденовтың романдарына қатысты біршама сын мақалалар да шықты. Атап айтар болсақ: С. Қирабаев, Сахариев Б., Сқақбаев М., Ыбрайымов сынды әдебиеттанушылар оң және теріс көзқарастарын білдірді. Бұған Г. Орданың «Автор жекелеген кейіпкерлерді де типтік бейнеге көтеріп, сол кейіпкерлер арқылы көп сырды ашуға тырысты» [5, 317] Дегенмен, әңгімелері тұрғысынан ешқандай талдаулар болған жоқ. Жүмекеннің әңгімелері өзінше бір зерттелуді қажет етеді деп

топшылаймыз. Дегенімен, Жүмекен әңгімелерінде оқыс ойлар мен тығырыққа тірейтін тақырыптар, не жинақталмаған, не дараланбаған кейіпкерлер кездеседі. Мұндай ерекшелікті өз кезеңімен және қазіргі кезеңмен салыстыра – салғастыра талдау қызықты әрі өзекті.

Әдістеме. Сонымен, «Әйелдер» әңгімесі «Бүгінгі күн тағы сол көңілсіз, күнкіл сөзден басталды...» [1, 316] осындай қызығушылықты арттыра түсетін сөйлемнен басталады. Қандай көңілсіз сөз, көңілге тиетін қандай ауыр сөз деп ойлана әм қызыға түсесіз. Кейін « - Сенің жайың белгілі, білем мен сені!...» [1, 316] - деп, - диалог басталып кетеді. Ал содан соң күнделікті тірліктегі қалыпты ерлі-зайыптылардың диалогтық тартысына ұласады.

Әңгіменің құрылысы да өзегі де осы диалогтық тартысынан тұрады. Диалогтор арқылы мінез, бейне ашылады. Оқиға суреттелмей диалог арқылы көркем сипатта жеткізіледі. Оқиға орны белгісіз бір отбасында өзге әйелдің күйеуі жары дүниеден өткен соң, басқа бір жас тоқалды алғаны туралы оқиға суреттеледі. Соған күйінген қара келіншек өзінің жарын кінәлап, өмірге налиды. Кінәлауына түрткі болған жайт: күйеуінің қарындасымен киноға барғанын сырттай көрген. Оны қарындасы емес бөгде әйел деп қабылдаған. Оқиға соңында жігіттің қарындасы келіп жеңгесіне ағасымен бірге киноға барғанын айтады.

Нәтиже мен талқы. Міне осындай шағын оқиғаға құрылған әңгімеде екі әйел бейнесін ашып көрсетеді. Бірі кінәмшіл, күдікшіл әйел болса, екіншісі көркем мінезді әйел бейнесі. Ендеше сол бейнелерді ашқан көркемдік детальдарға тоқтала кетейік. Сөзімізге арқау ретінде Т. Ақшұлақовтың «Шығармада әр оқиға, әр картина, әр персонаж, әрбір көркемдік деталь – белгілі мазмұн иесі» [1, 316] пікірін басшылыққа аламыз. «...көзге көрінбейтін мықты бір тұсауды үзгісі келгендей аяғын сілкіп, серпіп аттады, шелек суды шайқалуға үлгертпей, түбінен бір-ақ көтерді...» [1, 316] - ашуға мінген, күйеуін көрген сайын жүйкесі жұқарған, Кәкіштің өлімінен соң жас тоқал алған Кәкіштің күйеуінің оқиғасы есіне түскен қара келіншектің алғашқы реакциясын автор осылайша бейнелейді. Шынайылықпен қабысқан көркемдік детальдың ең ғажап тұсы «...көзге көрінбейтін мықты бір тұсауды үзгісі келгендей...» осы болса керек-ті. Әуелде бірден ойымызға тұсау елестейді. Сосын тұсауды үзбек болған жылқы елестейді. Ашуға булыққан әйелдің тап сол кездегі көңіл-күйін ашу үшін дәл осындай сурет қолданылған. Енді мынадай кереғар пікір пайда болуы мүмкін «адамның аяғына тұсау салынды ма?» автор бұл пікірдің туатынын білгендей -ақ «көзге көрінбейтін» сөз тіркесі тұлғасындағы эпитетті қолданған. Демек көзге көрінбейтін тіркесі тұлғасындағы эпитет арқылы екі мағынаны беріп отыр: адамға тұсау салынбайды, эмоцияны суреттеу. Жазушы шығармасында алғашқы диалогты қолданып, диалогпен қабысу үшін жоғарыдағы суретті қоса беріп отыр. Түпкі мақсаты – әлгі қара келіншектің эмоциясын ашып, оқырманын қызықтыра түсу. Әрі қарай былайша жалғайды: «... шелек суды шайқалуға да үлгертпей, түбінен бір-ақ көтерді. Үш құлақ, төрт құлақтанып қылтиған қырбық жапырақтар судың ыңғайымен бір-бір жығылып тұрды. Ауланың шет жағында арық қара жігіт өзінше «арам» санаған бейтаныс шөптерді өткір күректің жүзімен кірші-кірші қырқады. Табаны астына келіп қалған суды көріп: - Қасқа-ау байқасаңшы, құртасың ғой, - деп айнала қарады...» [1, 316] . Дәл осы жердегі «табаны астына келіп қалған су» сюжетті байланыстыратын шебер көркемдік деталь. Енді аздап осы детальдың құрастырылуына көңіл аударалық. Қара келіншек «шелек суды шайқалуға да үлгертпей, түбінен бір-ақ көтерді.» судың әңгімесі осы жерден басталғанды. Ашуға булығып тұрған келіншек алып-ұшып күйеуіне бас салмайды. Бұндай әрекет қазақы танымда жоқ. Немесе бүйіріне қолын таянып алып көгеріп ұрыса кетпейді. Шелектегі суды жолдасына қарай бағыттап төккізу арқылы екеуара диалогтың басталуына алып келеді. Мұның барлығы автордың грацияны тиімді пайдалануынан шыққан жақсы нәтиже. Қара келіншектің бейнесін ашу үшін диалогтық тартыс басталады. «- Қалғаны да жетер көз алдауға? Жайың белгілі, тапқан екенсің мақауды! – деді келіншек. – Не белгілі, немі білесің? – Неңді білгізейін деп ең маған, өй көргенсіз, сөзін, сөзінің түрін. «Ерге сенгенше, екі босағаң сен» деп, сенерім мен саған!» [1, 316]. Еріне сенімі жоғалған әйел, ызаға булыққан әйел. Осы бір диалогтық тартыстан қара келіншектің еріне қатты налығаны оған деген сенімінің жоғалғаны көрініс табады. Ашынған қара келіншек ашумен зекіп «Неңді білгізейін деп ең маған» - дейді. Сол ашумен аулада біраз іс бітіреді оны автор «Келіншектің ауызы - сөзде, қолы – істе» [1, 317] көркемдік тәсілімен береді. Диалогтық тартысты арық қара жігіт тоқтатады. Оның тоқтау себебі тағы да сол әйел образын тереңірек ашу. «- Неғып, сопая қалдың, әй? Болашақ тоқалыңды қарап тұрмысың? Ол келмейді, өзің бармасаң. Ендігі ұрғашы басын бұлдауды білер. Құнжыт өңкей...» [1, 317] тоқтап қалған диалогтық тартыс осы арада шиеленісе түседі. Кәкішті тастап кеткен күйеуін жазғырып, оған қоса себеп таппағандай өзінің ерін айыпты етуден басталған тартыс әлі толастар емес. Автор ер кейіпкеріне сабырлық функциясын үйіп-төгіп беріп, антонимдік жынысын барынша ашуға тырысады. Ашу келгенде ақыл кетеді демей ме, Жүмекен кейіпкері керісінше барған сайын ақылды болып барады. Кейіпкеріне диалектілік аспектідегі архаизмді «Құнжыт» қолданысқа беріп, кейіпкерінің және бір қырын ашып отыр. Екеуара біршама тартыстан соң, автордың баяндауы басталады. Баяндау арасында оқыс ой тастайды: «Қара жігіт қалған құлағын жан-жаққа тігеді. Қылтың-сылтыңы мол, сыры беймәлім атқа мінгендей тақымын қысып, қай жерде масқара боларын білмеген қалпы.. » [1, 318]. Оқырман әлгінен бері мына қар келіншек қайтеді ей?! Тіпті үндемеген еркекке күн көрсетпей жатыр ғой?! Осынау тұрпайы ойға кете бастағанда «...қай жерде масқара боларын білмеген қалпы..» деп, тыннан түрен соғады. Мұндай антонимдік ойқозғау тоғысы көркемдік тәсілде аз кездеседі. Біздіңше қара келіншек үдете түсіп, ерінің шыдамы бігіп жанжал басталуы керек еді ғой. Автор мұндай қадамға бармады. Сюжеттік байланысты мүлдем басқа арнаға бұрды. Оқырманы жақтап отырған қара жігітіміз дәл қазір бір қуыстығы бар жанға айнала кетті. Авторлық суреттеудегі бір ауық тіркес

оқырманның санасына жарылыс алып келді. «Бұл жігіттің де айыбы бар екен ғой, үндемей тұрғаны мойындағаны екен» секілді түрлі ойлар туындатты. Осы бір жерде сана жарылысын жасайды да «Ал әйел айтар сөз, артар кінәсінің ең мәнді тұсына енді-енді жеткен сияқты» деп баяндап алып қара келіншектің мынадай монологын береді:

« - Тұлыпқа мөңіреп жүрген сорлымыз ғой біз. Анттарың анау, уәделерінде де береке болсын сендердің. Құдай төбесінен ұрар-ау, ұрар. Аруақты мазақ еткені де ол. Аруақты, өлікті алдаған суайт тіріні қайтсін! Осы күнгі жұрт о дүниеден қорықпайды. Құдайға сенбегенмен аруақты сыйлаушы еді, одан қалған соң не үміт, не қайыр. Еркек, ұрғашысы түгел дуана. Өне, заңның, заманның өзі қопандатып қойған албастылар. Кедуелерін жел кернеген өңкей жуабас, түге. Қайран Кәкіш, есіл әйел, ана! Бес баланы қайдағы бір салдақыға қарап қалғанын көрсө ғой!...» [1, 319] Қызғаныштан айтылған сөз дерсің. Әйтес де оқиға шарықтау шегіне жетер кезде дәл осы монологты беру өте орынды еді. Себебі жоғарыдан тізіп келе жатқан детальдар мен сөз орамдары қара келіншектің бейнесін ашқанымен толық жеткізе алмай тұрған сияқты еді. Оның бойында тек бір налу ғана емес, өз балалары да тұрған-ды. Қазақ әйелінің бір жақсы сипаты бала-шағасын ең бірінші орынға қоюы. «Бес баланы қайдағы бір салдақыға қарап қалғанын көрсө ғой» осы арқылы қара келіншектің ойында балалары тұрғанын аңғару қиын емес. Налу монологына автор «Өне, заңның, заманның өзі қопандатып қойған албастылар..» деген сөйлемді қосып қояды. Бұл біздің талдап отырған әңгімемізге түк қатысы болмаса да кейіпкерінің қоғамға ашынулы екенінен хабар береді. Сол кезеңдерде осы тақылеттес оқиғаларды көптеп естісе керек немесе көрсө керек соның барлығы қордаланып ыза мен ашуға айналып бүгінгі оқиғаға сеп болып тұрғандай-ақ. Сонымен қатар адамдардың Құдайдан қорықпайтын болып кеткенін де осы монологтың ішіне кіртіріп кейіпкері арқылы айтқызып жібереді. Осындай трансформация арқылы авторлық баяндаудан арылып кейіпкерлік трансформация тәсіліне жүгінеді. Сөйтіп, қара келіншекті тартысты диалог, трансформациялық монолог арқылы жан-жақты ашады. Шарықтау шегінің тағы бір деталі: « - Жеңеше-ау, өлшеп айтсайшы... – Бүйте берсең ағадан айырылып қаласың -ау байғұс.» [1, 319] деп, үйге кіріп келген арық қара жігіттің қарындасының сөзі. Бұл сөз арқылы тоқтамға шақырып оқиғаның шешіміне жақындап қалғанын оқырманына сездіреді. Сосын жеңгесі мен қайынсіңлісі арасында диалог өрбіп, жеңгесі сабырға келеді. Десек те, оқырмандар келіншектікі құр байбалам кекен ғой деп ойлай бергенде: «Ол- мен ғой! «Есенияға» екі биелет әкеліп, отырғанда аға келді. Нәбидолла билетін ағаға беріп, өзі үйде қалған, - деп, арық қараға көзін қысып қойды...» [1, 320] - дәл осындай әрекет бейнеленеді. Оқырманның тұнып тұрған миында тағы да «Аһ, оңбаған...» сынды эмоция пайда болады. Осындай антонимдік сурет арқылы шешімнің өзін шиеленіске әкеп соғады. Бұл да болса жақсы тәсіл. Осы арады екіұдай ой туады «Ағасын қорғады ма? Әлде ағасы расымен барды ма?», «Қара келіншектікі дұрыс па? Қайынсіңлісінікі дұрыс па?» бұл сауалдардың барлығын автор оқырманға тастайды. Модернистік бағыттың элементтерін осы шешімнің үлгісінен көргендей боласыз. Оқырман «ақылы – айран, ойы – ойран» күйде қалады. Әңгіме соңы « - Кешір, жаным, мен бейбақты! – деп құбірледі. Ол күннің қалған уақыты көңілді өтті...» [1, 320] - деп, аяқталады.

Енді, сюжеттік байланыстар мен көркемдік детальдардың барлығын бір арнаға тоғыстырар болсақ, жазушы Ж. Нәжімеденов «Әйелдер» әңгімесі арқылы әйел бейнесін жан-жақты аша білген. Оның қаһарманы бірден бас салып ұрса кетпейді немесе ерінің бетінен жұлып жемейді. Тек әйелдік табиғатқа тән қызғаныш сезімімен жаныстық тайпасының мінезіне сәйкес әрекет көрсетеді. Автор қаһарманын суреттеуде аса бір гиперболалық тәсілге жүгінбеген. Градацияны да өзіндік орнымен қолдана білген. Теңеу тіркестер кейіпкерді дөп басып айқындап тұр. Әңгіменің тағы бір ғибратты тұсы әйел адам қызғанышпен сөйлегенде оған қарсы келіп сөйлеудің опа таптырмайты. Оны біз «Жігіт алғашқы бірер сөзге жауап қайырам деп ушықтырып алған соң, көңілін жұмысқа аландатып баспақ боп, келіншекті әдейі далаға шығарған-ды. Енді байқаса онысы тар қазандықта тұншыққан отты сыртқа, жел өтіне алып шығып қаулақтанмен бара-бар екен.» [1, 318] осы суреттеуден анық көре аламыз. Сонымен қатар әйел ызаға булыққандағы оның реңін, көзін сөзін суреттеудің орнына психо-символикалық теңеу арықлы жеткізген. Ой мен сезім, әрекет үштігін мазмұнды түрде бере алған. Әйел бейнесін жазушы толық ашты деп айту әрине әбестік болар дегенмен, осы әңгіме арқылы диалогтық тартысты, трансформациялық монологты, психо-символикалық теңеуді тиміді пайдалана отырып, ашу мен асығыстық, қызғаныш пен күйініш эмоцияларын қаһарманының бойына жинақтап тартымды суреттеді.

Жүмекеңнің әйел образын терең бейнелеген кезекті әңгімесі «Азамат ауылы» деп аталады. Әңгімеде бір кездегі бір ауылдың қарапайым кедейінің басынан өткен сауда туралы баяндалады. Ол саудада кедей жеңіліс табады. Бірақ жеңіліс таптың екен деп оны жары жерден алып жерге салмайды. Бірақ «Сабырлы жетер мұратқа» дегендей-ақ оқиға соңында сынамаққа келген бай балаларының есесінен олжалы болып шыға келеді. Осындай ғана шығын сюжетпен автор көркем әйел образын жасайды.

«Ердің атын қатын шығарады» деген халық даналығынан басталатын әңгіме желісі оқырманға бірден «жаман әйел туралы екен ғой» сынды ой салады. Сонымен қатар шығарманың әйел жынысына қатысты екенін білдіреді. Әу дегеннен:

«– Шіренуін қарашы соққанның,– деді әсем ақсұр жігіт арқан бойы алда, жайдақ атта мықынын таянып отырған тапалтақ қараны иегімен мегзеп,– ерің құдды қырып қайтқан дерсің! Астына басқан алақандай киізі болса мынау ханға сәлем бермес.– Өзі асығып барады.

– Қайтсін, олжалы оралды ғой!» [1, 351/52] – деп, қызықты бір сюжетпен басталып кетеді.

Тапалтақ қараны ақсұр жігіттің сынап тұрғанына қарағанда тапалтақ қара расында маңғаз біреу ме деп қаласыз?! Әйткенмен ол олай емес әлгі тапалтақ қараңыз әңгіменің бас кейіпкері кедейміз. Ол ақкөңіл кедей сауда

жасап саудадан ұтылғанын білмей дән разы болып үйіне қарай жол тартқан-ды. Әлгі сынағыштың достары еріккен байлар оны әрі қарай мұқатпақ мақсатында:

«– Мен,– деді әлгі ақ сұр жігіт, қияқ кара мұртының шалғысын сипап қойып,– бірінші айырбастан соң-ақ мына кедейдің қатыны сыр шығармаса бір тоғыз бәс тігем!

– Екінші айырбасқа менен бір тоғыз!– деді серігі. Осы-ақ екен, мырзалар кеулеп, кеуделеп алып кетті.

Бұлар шетінен бапқа, баққа бөккен балпаңдар-ды. Әрқайсысының есімін ел білетін. Әрқайсысы әр ру, әр атаның қасқасы мен жайсаңы. Бір шөкім дәулетін желге шашқан анау нақұрыс жігіттің хикаясы бәрін қызықтырған еді. Бәрі бір жайдақтың соңынан жөнкіліп жүргені содан – бәрі жабылып кедей бишараның әңгімесін, соның шаруа басы әйелге, үй ішіне етер әсерін көрмек, сынамақ.

– Менен қора қой!– деп қосты тағы бірі.

– Менен тайтұяқ алтын, ат-шапан!

Енді бірі:

– Менен қырық қысырақ!– деп өршеленді.

Өсте-өсте бәске тігілген мал-мүліктің ауыз саны молайып қалды.

Байлық, барлықты ғана құдірет тұтып үйренген үйірлі ерке бір сәт өз қосқандарын өздері көңілдерімен шолып байқаған, көз алдары шұбарытып жүре берді...

Сүт пісірімнен соң аттылар аңқып кеп Көкжалдың ирек сорына түсті.» [1, 352]

- диалогтық бәскеге құрылған, градациялық тіркестер әңгімеіздің басты кейіпкері кедейдің жарының образын ашуға жол сілтеді. Орынды қолданылған «Сүт пісірім» тұрақты тіркесі оқиғаның кедей үйіне жақын маңда болғандығын білдіреді. Бәсеке мәнді диалогта бай балаларының бәсекелесуі әңгіменің сюжеттік байланысын көрсетіп, негізгі ойды нақтылауға сеп болып тұр. Ғалым Б. Ыбырайымның «Әдебиеттегі көркем образ – суреткердің идеялық-көркемдік концепциясының, шеберлігінің, дүниетаным тереңдігінің куәсі, сондай-ақ болмыстағы алуан құбылыстардың өмір шындығының өзекті сипаттарының жанды-бейнелі көрінісі, дәлелі» [2, 35] - деген тұжырымы осы тұсқа сайма-сай келеді. «Қаламгердің өз кейіпкеріне деген қарым-қатнасы әртүрлі болады. Автордың өз қаһарманына деген жанашырлығы сезіледі, кейде оны ұнатпайтындағы аңғарылып қалады. Ал кей тұстарда объективті түрде тек бақылаушы ретінде баяндайды. Автор мен кейіпкер арасында үнемі ара қашықтық сақталады, өйткені кейіпкерді өз дәуірінің бигінен, өзіндік тәжірибесі тұрғысынан бағалайды.» [3, 62] - ғалым Қ. Жанұзақованың тұжырымына сүйенер болсақ Жүмекең өзі ашқалы тұрған образға жаны аши отыра суреттеді дегенге саяды. Себебі қаламгер алыстан орағытып кеп оқырманның жанашырлық сезімдерін оятып жіберуі. Демек, оқырман жоғарыда келтірілген сюжеттер арқылы «ойбуй, мынаны сынағалы келе жатыр ғой. Өзінің саудадан ұтылғаны аздай әйелін де сынағалы отыр ма, оңбағандар» секілді ой пайда қылып алады да: «Суық торғай боп бүріскен жалқы қараша үй. Керегенің төменгі жартысына, ірге-аяқ орынына күзгі қияқтан тоқылған ши ұсталған...» «Үйдің іші сыртынан да жұпыны еді. Бірер көнетоз түйе жүн шекпен, бөрік, бұзауіс қамшы – кереге басында. Төрт құрсаулы айран күбі, екі қатар үлдірік, самаурын, шылапшын...» [1, 352] - деп үйдің жағдаятын өте жұпыны суреттеп, оқырманның жанашырлық сезімін одан әрі жетілдіре түседі. Түптеп келгенде бұл автордың кейіпкермен өзара қатынасының өзіндік бір формасы. Автор кейіпкерді оқырманға неғұрлым жақындатып алса, сюжетті әрі қарай дамыту оңайлай түседі. Сюжеттің даму сатысы кедейдің:

– Уа, қатын, құлағың тос. Алдыма салып берген алты өгізінді айдап әржаққа өттім. Екеуімізге аян, өгіз осы үйдің бар байлығы еді. Оқсаттым дей алмаймын, сонда да түгел тыңда. Әржақта ақжарқын бір азамат өгіздеріме қызықты. Құрбы жігіт екен, көңілін қимадым, жо-оқ, тегін емес, қос атқа жеккен екі аяқты арбасына ауыс еттім.

– Ө-ә, бәрекелде, құтты көлігіңіз болғай!– деді әйел.

– Сабыр, қатын, сауда жаңа басталды,– деді жігіт, дауысын көтере, жайғаса отырып,– екі атты аршындата желдіріп, жарықтық Бозаң суын жағалап келе жаттым...

– Абатжанның апасы көрмеді-ау сонда сізді!– деді әйел. [1, 353]

Осындай әңгімесімен өрбиді. Жарының мұндай әңгімесін естігенде келіншегі ешақандай кері реакция бермейді. Автор тек қана «Абатжанның апасы көрмеді-ау сонда сізді!» деген көңілді нотадағы сөйлеммен келіншегінің реакциясын жасырып қояды. Бірінші бәс кетті деңіз. Кедей олжалы болды. Екінші сауда жайлы:

– Иә, Бозаң суын жағалап келе жаттым. Кілең кара көк қысырақ қуған бір бай жарау жүйрікпен о да қапталдасты. Мен де ағыздым. Бай да басты қамшыны. Мен де салдым сауырға. Ол құтыла алмады. Мен жете алмадым. Ақыры, бай айдалада жылқы қуған кісіге арбамен қосылған нендей есуас екенін білмек шығар, тоқтай ғап жөн сұрасты. Мен ол мінген жүйрікке қызыққанымды; жүйріктің өнерін көрмек болғанымды алқына әңгіме еттім. Бай ауызымнан шыққанды аңырып тыңдады. Міне, тап былай мықынын таянып сәл тұрды ерің. Сосын сақылдап кеп қатты күліп жіберді. Мен шамданайын дедім. Бай жуып-шайып кара көк тұлпарымен жанаса берді. Шіріккінің атын айтам, көріктісін қайтерсің! Аяғын билеп басады. Сонымен, не керек, бай: «Көңіл етсең бір биенің құлыны ғой, алдыңда болсын!» – деді. Мен: «Ер-тұрманымен бе?»– деп, күмістеген өмілдірік, құйысқанға қарадым. Ол: «Еркін білсін!» – деді. Мен арбадан қарғып түсіп, арғымаққа міндім.

– Уә, жарады, ер қанаты – ат деген, Абатжанның көкесі! [1, 354]

Содан, автор қаһарманын ашу мақсатында градацияға басады. Бірінші оқиға эмоционалдық реңкке толыспай қалды десеніз, екінші оқиға эмоционалдық реңкпен ажарланып кетті. Әлгінде сынауға келген бай балаларының көзі шарасынан шығардай болып, аң-таң болыс-ты. Автор оны былайша суреттеді: «Әйелдің сөзі шат, расында қатты риза боп, сүйсінген кісінің сөзіндей қалтқысыз естілді. Өзі төрт құбыласы сай адамдай

жайбарақат, мол, сенімді. Қонақтар мына секілді кеңдік, ауыз-байлыққа сену, сенбеудің ретін таппай дағдарған қалыптары, ерлі-байлы екеудің ауыздарына кезек жалтақтасады. Бір ауық жаңағы ақ сұр жігітке мына әйел күйеуінің күйеуінің сонша дарақы, есуас қылықтарын кекеп, күліп отырғанға ұсады. Бірақ бұ сезіктің негізсіз екенін іштей іштей тағы мойындайды. Отырғандар одан сайын аңтарыла, аңыраса берді. Қайсыбіреулері кедей сорлының онсыз да болымсыз шаруасын мүлде бүлдіріп, құртып қайтқанынан қаралай қысылып, самайлары терши бастады.» [1, 354]. Осындай суреттерде көркемдік детальдар өте орынды қолданыс тапқандығын көруге болады. Оның ішінде портреттік деталь мен тілдік детальдарды мейлінше үйлестіре білген. «Деталь суреттеудегі эстетикалық әсерді, эмоциялық бояуды молайтады.» [3, 63] – ғалымның осы пайымдауы осы араға дөп келгендей-ақ. Кішкене ғана деталь арқылы екі тараптың да эмоциялық реңкін дөп басқандай-ақ. Әсіресе әйелдің сабырлық, парасаттылық қасиеттерін анық ашып, айқара көрсетіп отыр. Сюжеттік даму сатысынан өткен соң шарықтау шегіне жетер шағында мынадай баяндау кетеді:

– Содан қара көкті ойнақтатып, қара жолға қиып салдым. Базар бағы осыдан озбас деп әндетіп қайтып келе жатыр едім, алдымнан тағы бір аттылы кезікті. О да бір еңіреген ер екен. Ей, қатын, жер көрген, ел көргенге не жетсін, жігіттің не бір сұлтандарын көрді-ау мына көз. Мына төс кіммен түйіспеді? Ел кең екен, қаты-ын! Сонымен, алдымнан тағы бір жайсаң жолыға кетті. «Ассалаумағаләйкум!»– дедім. Ол сәлемімді алып, қайыра сәлем берді – жасы менен кіші болып шықты. Үстіндегі шапаны жалт-жұлт етеді. Етек, өңірін оқалап, зерлеп тастапты. Сыңар шалғайының өзі шалымды жігітке қазына болғандай еді. Уа, қатын, ісің оңғарылайын дегенде сөз бар ма, Абатжанның көкесіне ылғи ығай мен сығай жолығуын қарасаңшы! Сонымен сол мар-қасқаңның, менің қара көк арғымағымна қарағанда жанары жақұттай жанды. Қойшы, не басыңды ауыртайын, ақыры шапанымды жел-бегей жамылып жаяу тарттым.

– Иінізі жаңарған екен,– деп сүйінді әйел.

– Сабыр, қатын, сауда мұнымен де біткен жоқ. Шапанды құндыз бөрікке ауыстырдым.

– Бөрік – басқа қонған бағыңыз ғой, баянды болғай.

– Қиғаштан қайықпен өтіп келе жатқанда бөрікмізді жел ұшырып, су ағызып әкетті, – деп жігіт сөзін тәмамдады.

– Басыңыздан пәле кетеді екен,– деп қуанды әйел.

– Ал, бәйбіше, әйтсе, сой ана желідегі торпақты, азаматтар ас жеп аттансын!– деді жігіт.

Әйел күйеуіне қарап иіліп, түсінген, құптаған ишара жасады да, жылыстап шыға берді. Бұл уақытта төрдегі қонақтардың бастары түгел салбырап кеткен-ді. [1, 355].

Жан-жары барынан айырылғанын көрген сәтінде де «Иінізі жаңарған екен», «Бөрік – басқа қонған бағыңыз ғой, баянды болғай.», «Басыңыздан пәле кетеді екен» деген секілді тек жақсы сөздер айта білді. Бұл дегеніміз - қазақ әйелінің бойына тән сабыр мен шүкір қасиеті еді. Оның азаматы қандай болса да оған деген қолдауын аямай, барынша оны мақтан тұтып, өзінің қорғаны сезініп жүруі қазақ әйелдерінің асыл қасиеті. Жүмекең осы әңгімесі арқылы сол бір кезеңдерде төмендетіліп жүрген қазақ әйелінің нағыз тұлғасын сомдай білген. Әңгімеге зер салып қарап отырсаңыз, бейшара кедей бар-жоғынан айырылады. Десек те оны әйелі «сен айырлып қалдың» немесе «сен онбаған ақымақсың» деп сөкпейді. Керісінше жоғарыда мысалдарда келтірілгендей қолдау білдіріп отырады.

Әңгіменің соңы: «Отызыншы жылдары Көкжалдың арқа басына ел шоғыр-ланды, алғаш ТОЗ құрылып, тұңғыш мәрте қызыл жалау тігілген бәкене үйдің маңдайына «Азамат ауылы» деген сөздер жазылды.» осындай баяндаумен аяқталады. Бұл нендей мағына дейсіз бе? «Ерді ер ететін де жер ететін де әйел» деген қазақтың даналығы бар емес пе еді? Жүмекең «Азамат ауылы» деген әңгімесі сол даналықтың насихаты іспетті. Соған қоса барлық қазақ ауылы «Азамат ауылы» болса екен деген игі тілек еді. Ал сол азамат ауылын жасайтындар, қазақтың қайсар әрі ибалы әйелдері еді.

Жүмекеңнің поэзиядағы соны іздері мен оқыс ойлары прозасында да көрініс берері анық. Лирикалық кейіпкер мен прозадағы кейіпкерлері үндесіп қалатыны айдан анық ақиқат. Мысал ретінде:

Арулар деп бастасаң-ақ бір ойды

Ой соңын жұрт төсекке әкеп тірейді:

елестейді етектер мен балтырлар,

елестейді жасты көздер үрейлі.

Білек, мойын, мықын жайлы мың бұрап,

не бір қиын ұйқастарды құрдық-ақ.

Пиғыл арзан болған сайын сөз де ерсі,

ерсі ұғымдар, енді сен де өзгерші!

Келіншек-жар, сен қымбатсың, қарт ана;

Қыз-қарындас, жар таба біл, жар таба;

ұғым жаңсақ болып кетті сен жайлы

содан мықтап сақтанбасаң болмайды;

газон сын-ды ақыл-шашы қып-қысқа,

Қыз келінді, қақпа-есіктер, мықты ұста!

Мен-ақ қырқам қаңқу сөздің қанатын,

Қорға, әйел! Әйел атын, ана атын! [4].

1980 жылы жазылған «Әйелдер» тақырыбындағы өлеңі жоғарыда талдаған «Әйелдер» және «Азамат ауылы» әңгімелерімен толық үндеседі. Лирикалық кейіпкер «Қорға, әйел! Әйел атын, ана атын!» деп, саф, таза әйел бейнесін лирикада суреттейді. Прозасында да бойында сафтығы тұнған әйел суреттеледі.

Қорытынды. Қорыта келгенде, ақын Жұмекен Нәжімеденов прозасындағы әйел бейнесі лирикалық формада да прозалық формада да тазалығымен және артық әсірелеусіз мөлдірлігімен ерекшеленеді. Сөзімізге дәлел ретінде Г. Орданың «Жұмекен Нәжімеденов поэзиядағы лирикалық кейіпкерінің бейтаныс тағдырын прозамен толықтыруды көздейді.» [5, 331]. пікірін келтіреміз. Сонымен қатар жазушының психо-символикалық детальдары арқылы әйел бейнесі өте тартымды бейнеленеді. Айқын әрі мардымды суреттеліп, оқырманына жол тартады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жұмекен Нәжімеженов. Толық шығармалар жинағы. 6 – том. Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2012. 488 бет
- 2 Ыбырайым Б. Сырлы әлем. – Алматы: Ана тілі, 1997. 82 бет
- 3 Жанұзақова Қ.Т. Әдебиеттануға кіріспе. – Алматы: «Мерей» баспасы, 2015. – 276 б.
- 4 <https://zhumeken.kz/angimeler/ayelder.html>
- 5 Орда Г. Сөз құдыреті. Алматы: «Каратау КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016.– 384 б.
- 6 Т. Ақиолақов. Көркем шығармаға талдау жасау. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1983.

References:

1. Jūmeken Nājimejenov. Tolyq şyğarmalar jinağy. 6 – tom. Almaty: «Qazyğürt» baspasy, 2012. 488 bet
2. Ybyraiyym B. Syrly älem. – Almaty: Ana tılı, 1997. 82 bet
3. Janūzaqova Q.T. Ädebiettanuğa kırıspe. – Almaty: «Merei» baspasy, 2015. – 276 b.
4. <https://zhumeken.kz/angimeler/ayelder.html>
5. Orda G. Söz qüdyreti. Almaty: «Karatau KB» JŞS: «Dästür», 2016.– 384 b.
6. T. Aqşolaqov. Kōrkeş şyğarmağa taldaş jasau. – Almaty: «Mektep» baspasy, 1983

МРНТИ 14.05.07

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.49>

Жолдыбаев О.М.,¹ Таңжарықова А.В.²

^{1,2}*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

М.МАҒАУИННИҢ «ҚЫПШАҚ АРУЫ» ПОВЕСİNДЕГІ ЭТНО-ФОЛЬКЛОРЛЫҚ САРЫНДАР

Аңдатпа

XX ғасырдың аяқ шетіне дейін ұлттық болмыста кітап жазып, қалың оқырман алдына шығару оңай болмаған. Жазушы М.Мағауин «Қыпшақ аруы» повесі ХХІ ғасырдың басында жазылған бірден-бір тың шығарма. Мұндағы аңдатылатын басты оқиғалар, қазақ ұлтының өзіндік – этнографиясы, фольклоры, төл әдебиетінің тереңдігін меңзейді. Бұл мақалада қазақ өлкесінде небір ұлы тұлғалардың туғандығы және олардың бүгінгі жас ұрпақпен рухани байланысы баяндалады. Бұнда ұлы даланың көркем туындылары балбал тастар, тарихи-этнографиялық белгілердің сыры суреттелген. Сонымен қатар повесте мүсіншінің шеберлігі, осы өнерімен біте қайнасуы соншалық, оның орта ғасыр кезеңіне енуі айтылады. Ғылыми мақаланың басты мақсаты – шығармадағы, батыр бабаларымыздың ұлылық, кемеңгерлік қасиетін этно-фольклорлық бағытта аша көзделеді. Сонымен қоса повесттегі өткен мен бүгіннің жалғасы нақында мәліметтерді талдау болып табылады.

Түйін сөздер: қазақ өлкесі, ұлы дала, балбал тастар, этно-фольклор, төл әдебиет, тарихи-этнография, мүсінші

Zholdybayev O.,¹Tanzharykova A.²

^{1,2}*Kazakh national Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

ETHNOFOLKLORE MOTIVES IN THE STORY OF M. MAGAUIN «ҚЫПШАҚ АРУЫ»

Abstract

In the twentieth century, it was not easy to write a book about national identity and present it to a wide range of readers. The story of the writer M. Magauin "Kypshak aruy" is one of the most beautiful works written at the beginning of the XXI century. The main events revealed here indicate the depth of their own ethnography, folklore and original literature of the Kazakh people. This article tells about the birth of great people on the Kazakh land and their spiritual connection with the current young generation. This story is about balbal stones in the great steppe, historical and ethnographic features. It also leads to the transition to the Middle Ages as a result of the skill of the sculptor. The main goal of the scientific article is to reveal the greatness and wisdom of our heroic ancestors in the ethno-folklore direction. The article also analyzes past and present events. In addition, analysis of information about the past and present history.

Keywords: ethnography, folklore, literature, balbal, steppe, sculptor, history, great steppe

Жолдыбаев О.М.,¹ Танжарыкова А.В.²

^{1,2} *Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
Алматы, Казахстан*

ЭТНОФОЛЬКЛОРНЫЕ МОТИВЫ В РАССКАЗЕ М.МАГАУИНА «ҚЫПШАҚ АРУЫ»

Аннотация

В XX веке было не просто написать книгу о национальной идентичности и представить ее широкому кругу читателей. Повесть писателя М. Магауина «Қыпшақ аруы» – одно из красивейших произведений, написанных в начале XXI века. Раскрытые здесь основные события указывают на глубину собственной этнографии, фольклора и самобытной литературы казахского народа. В этой статье рассказывается о рождении на казахской земле великих людей и их духовной связи с нынешним молодым поколением. Этот рассказ о балбальных камнях в великой степи, исторических и этнографических особенностях. Это также приводит к переходу в средневековье в результате мастерства скульптора. Основная цель научной статьи – раскрыть величие и мудрость наших героических предков в этно-фольклорном направлении. В статье также анализируются события прошлого и настоящего. Кроме того, анализ информации о прошлом и настоящем истории.

Ключевые слова: этнография, фольклор, литература, балбаль, степь, скульптор, история

Кіріспе. Мұхтар Мағауин поэтикасындағы тарихи шығармаларға жіті назар аудару, оны одан әрі зерделеу, қашанда һәм әдеби тарапта болсын орынды. Неге? Өйткені, бұндай туындыларды этно-фольклорлық жағынан зерттеу – бүгінгі қазақ прозасын бастау көздерін ашуға негіз болады. Олай дейтініміздің өз жөні бар. Қай тұсынан алып қарасаңыз да біздерге мол мұра және сонымен қатар көптеген деректерді аңғартады. Бұл арада жазушы өзінің ізденімпаздығы арқасында мәтіндердің сөздерін жетілдіріп, қазақ руханиятына тың дүниені алып келгендігін байқаймыз. Тағыда, бір ойдан зер салсаңыз, тек мәтіндердің мазмұны ғана емес, оған қоса бұндағы мазмұнның ерекшелігі. Ол қалай дегенде? Бұнда тарихи оқиғаларды аңғартады. Рас. Нақтылап айтқанда. Мифтік элементтермен мазмұнды беру кездеседі. Бірақ, қаламгер прозасының ерекшелігі мынада. Ол әрине көшпенді, әрі жауынгер халықтың бойындағы рухты көрсете білуінде. Тіпті қай кітабын алып қарамасаңызда, барлығында ұлтымыздың бойындағы асыл қасиеттердің көрінісі айқын сезіледі. Сонымен бірге тағы бір даралықты анық байқауға болады. Оның поэтикалық әлеміндегі бейнелі суретті образдардың мәні қазақтың ғана емес, жалпы адамзаттық ақыл-ой дүниесімен астасып жататындығымен құнды. Осы ойды ары қарай жалғастыра кететін болсақ, әрбір туындысы, адамзат өркениетінің, оның сыртында жалпы адамзаттық болмыс пен сананың биіктігін дәріптеуге негіз болатындай болып көрінеді. Бір шығарма арқылы, түрлі тағдырды беру, алуан жанрларды қосуы, бәрі-бәрі өзіндік бояу мен қолтанбаның бар екендігін айқын аңғартады.

Әдістемесі. Ғылыми мақаланы жазуда әсіресе аналитикалық-талдау, этно-фольклорлық салыстырмалы әдісін кеңінен қолданылған. Әсіресе қазақ халқының, оның сыртында түркі жұрағаты кезеңінен хабар етіледі. Сонымен қатар ұлттық, бітім болмыс талданып, жүйеленіп жазылған.

Еліміздің тұңғыш президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысында» кітабында ұрпақтар жалғасы, дәуірлер тоғысында біршама ойлар айтқан. Онда: «Егер осы заманғы дүниені тағы да бір тезге салып, қолдан түзегіміз келмесе, бұл сауалдарға «Жоқ» деген бір-ақ ауыз сөзбен жауап береміз. Мәдени өзіндік сипат өзінен-өзі жоғала салмайды. Өркениет те бір денеден екінші денеге апарын жапсыра салатын жәй әншейін желімдеме сурет емес. Кез келген ұлттық, аймақтық өркениет өте зор беріктік сипатқа ие» [1, 251].

Содай-ақ салыстырмалы-тарихи зерттеулердің түп тамырын зерттей келгенде типологиялық зерттеу нысандарына алып барады. Ал дүниежүзілік ғылыми процесте салыстырмалы зерттеу бұл – заңдылық ретінде саналады. Сондықтанда тарихи-салыстырудың бастауы пәлен уақыттан жүзеге асты немесе, шығармада тек бір жақты зерттеу ғана көзделеді деу әбестікке жататады. Қазақ фольклортану ғылымында, оның ішінде прозалық шығармаларда этнография мен фольклорға қатысты дүниеле көптеп кезігеді. Дегенмен, прозалар жазушының

стильдік ыңғайына түсіп, барынша ұстарып, жонылып, жаңа тынысы ашылады. Бұл арада айта кететін тағы бір нәрсе, фольклорлық сюжеттер, мотивтер, этно-сарындар қаламгердің қиялының қаншалықты қалықтауына орай, шығарманың өрбуіне байланысты, жазушы сол бағытта түрлі әдіс-тәсілдерді қолданады.

Адамның туа біткен қасиеттерінің бірі – әдемілікке құштарлықпен еркіндікке ұмтылу. Қандай затты істесе де, сөйлесе де ән салса да, мейлі ол тасқа салынған сурет, я көркем шығарма болсын бәрінің түбірі этно-фольклорға тірелері анық. Академик С.Қасқабасов: «Фольклордың қызметі атам заманда орныққан халық санасындағы таным мен образдарды қадағалау, ұрпаққа ұластыру, бұлжытпай орындату болғандықтан, ол бір ғана қайталау (ескіні дәріптеу) әдісін қолданады, ал, әдебиеттің міндеті жаңа қаһармандар мен бейнелерді жасау болғандықтан, ол даралау, оқшаулау (тыңға түрен салу) тәсілдерін кәдеге жаратады» [2, 26]. Жоғарыда сөз басында айтылған әдемілікке, сұлулыққа құштарлық осы шығармада көрініс табады.

Нәтижелері. Негізінен, Кеңестік держава тұсында цензура қатты болды. Түрлі тосқауылдар қалам тербеуге құштар жандардың алдынан кесе көлденең тұрды. Міне сондықтан олар үшін, әсіресе тарихи деректер, тарихи фактілерге қол жеткізбек түгілі, оны айту мүмкін болмады. Алып империяның шаңырағы шайқалып, әр қайыссы өз-өзіне дербестік алып жатты. Бұрынғы тас құрсау шешілді. Тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығында дүниеге келген туындының бірегейі – «Қыпшақ аруы» еді. Табиғатынан бітім болмысы бөлек, ерекше туынды бола білді. Неге десеңіз? бұл біздің ата-бабаларымыздың тарихынан сыр шертетін туынды болатын. Бұнда жазушының жазу стилінің шеберлігі айқындалады. Жеке адам мен қоғам. Тарих пен әдебиет. Интеллект пен жалпы қоғамдық сана. Болмыс пен бітім. Одан әрі тереңдей түссеңіз, этно-фольклорды ұштастырып өрнектей білгенін байқайсыз. Байқап қана қоймайсыз, сізге логикалық тұрғыда ой салады. Тіпті ғалым емес, қарапайым оқырманның өзі осы оқиғалар тарихта болған ба? деп ойланып қалуы мүмкін. Осы тұрғыдан келгенде жазушы әр оқырманға өз қиялы бойынша аяқтауға ой салатындай боп көрінеді. Кейде! Сөзімізді тұздықтай түссек. Мұхтар Мағауин сан-мың жылдардан бергі қазақ фольклорын, этнографиясын, қазақ әдебиетін, қазақ тарихын, тастардағы тарихын, сөз өнері арқылы бір шығармаға сыйдырған сияқты.

М.Мағауиннің «Қыпшақ аруы» повесінде ХІ ғасырдан осы уақытқа дейінгі өнер адамының (Қыпшақ ханы Көбектің бәдізші ұлы Саржан, оның бүгінгі жалғасы мүсінші Көбеков Саржан) қилы тағдыры арқылы ұлттымыздың тарихы, саяси өмірі, мәдениетінің көкейкесті мәселесі қозғалады. Повесте ХІ-ХХІ ғасырлар аралығындағы оқиғалар, сан мың жылдар аралығындағы елеулі дүниелер қамтылады. Қаламгер хронологиялық зор көлемді дәуірді қамту үшін, мифопоэтикалық символдарды дәлме-дәл қолданып, нәтижеге баруға тырысады.

Хикаяның басында жазушы революция ерлерін сомдап тоқырай бастаған мүсінші досына С.А.Половцеваның «Қыпшақ тас мүсіндері» деген альбомын тарту етеді. Мүсінші ризалық білдіріп, жазушы досының мүсінін қашағысы келеді. Бірақ оған кейіпкер: «Болмайды, - дедім, Саржанның шынымен айтып тұрғанына көзім жетіп. Мен тәңіріге, әруаққа және тылсымға сенетін кісімін. Жадағай, жалғыз-ақ өлшемдегі фотосурет емес, басыңның, бар бітімнің нақпа-нақ көшірмесі – қолдан жасалған сыңарың... Мүмкін, шайтан қонар. Ең қорқыныштысы – менің жаным өзімді тастап, сол мүсінге көшіп кететін шығар. Түгел болмаса да, тең жарым, бөлшек бітісімен.... Рахмет, әуре болмай-ақ қой, - дедім» [3, 111].

Мүсінші Саржан есімді жігіт, тастан (Айсұлу мен өзін) қашап сала бастайды. Оған түсінде Айсұлу бегімнің аян беруі істі жеделдетеді. Осы жұмысты жасау үстінде, фантазия ерік беріп, 1173 еніп кетеді. Мүсіншінің қиялы екі әлем ортасында жүреді.

«Межелі мерзімге жеткенде досын шақырып, мүсіндерге жан кіргізу рәсімін жасайды. Мынадай арбау сөз айтады: Уа, тәңірім! Қуат бер, құтын қайтар, жан бер!» [4, 209].

Одан кейінгі оқиға былайша өріледі. Оны досы (автор), іздеп мұражайға барады. Бірақ, ол жасаған ескерткіштерді таба алмай қалады. Арада ұзақ мерзімдер өтіп, тіпті ондай адамның есімін суретшілер одағынанда таппағанына өз-өзіне таң боп жүреді.

Оқиғаның шырқау шегінде, бір күндері Саржан Көбеков досына хабарласады, ұзақ мерзімнен кейін алғаш тілдесуі осы болатын. Тіпті хал-жағдайын айту барысында, қызының он сегізге толып, облыстық педагогикалық институтта оқып жүргенін айтады. Бұл өткен мен бүгіннің арасындағы байланысты аңғартқандай.

Талқылау. Мұндағы оқиғада халық прозасындағы миф жанры көрініс береді. Жазушы бірғана мүсіншінің шеберлігінің арқасында арғы заманмен керемет үйлесімділік жасай біледі. «Өткен заман жайын шертетін өлмес, өшпес дана-шежіреші – (эпос) бізге ғасырлар тынысын жеткізгендей, сол кездегі жандар бейне бір тіріліп келіп, сыр-сезімін, ойы мен шынын, үзілмес арманы мен бақыт аңсаған тілегін алдымызға жайып салғандай болар еді» [5, 124]. Айсұлу қыпшақтың ханшайымы, ал Саржан баһадүр басшы. Біздер жоғарыда айтып, кеткендей екі әлемді байланыстыру, әрі тарихи шындыққа негіздеп суреттеу бұл – шеберлік!

«Жазушы хикаясының бас протогонисі Саржанның трансгрессия тәсілі арқылы бүгінгі өмірдегі өз «менін» тауып, қайта оралуы, бұрынғы мүсінші Саржанды ауыл мектебінде мұғалім етіп, қайта оралтуы – тәуелсіздіктен кейінгі ұлттық құндылықтар тегеурінді күшке айналғанын түсталайтын символдық ишара. Сонау сақ-хунну, көне түркі таңба символдары, ежелгі қыпшақ рәміздері тәуелсіз еліміздің рухани саяси өмірінде шешуші мәнге ие бола отырған ақиқат шындық. Осы сияқты құндылықтарды, ежелгі бабалар жәдігерліктерін бүгінгі ұрпақпен табыстыруды трансгрессиялық тәсіл арқылы беріп, жазушы үлкен концептуалды ойды жеткізіп отыр» [6]. Бұл повестегі ең көркемдік, тіпті керемет шеберлікпен жазылған дүние ол өткен дәуір мен бүгінгінің ұштасуы деп білеміз.

Бұнда: «М.Мағауин қолданған әдеби әдіс-тәсіл Батыс әдебиетінде ішінара болса да қолданылады. Мысалы, XIX ғасырда өмір сүрген ағылшын жазушысы Оскар Уайльдтың «Дориан Грейдің портреті» (1891 ж) атты шығармасында осыған ұқсас тұстар бар. Суретші салған кейіпкердің жаны суретке көшіп, сурет иесімен бірге қартаяды. Кейіпкер жасаған бүкіл күнә мен бассыздықтардың табы мен таңбасы суреттің бетіне түсіп отырады» [7, 17]. Токетері, көрнекті жазушы өзінің барлық шеберлегін, біліктілігін «Қыпшақ аруы» повестіне арнағанын аңғарамыз. Бұл арада – этнография, фольклор һәм әдеби элементтер көзге айқын сезіледі. Барлығы шығармада үйлесім мен әдемі идеяны түйіндеп тұрғандай ой қалдырады.

Қазақ халқы «терең тарихан, жарқын болашаққа ұмтыл», – деп тәмілдейді. Текке айтпаса керек-ті. Мақаланың айшықты тұсында осы. Айтылып көтеріліп, зерделеніп, санаға ерекше нәр беретін ұғым-түсінік, өткен шақты ұмытпауға меңзейді. Көрнеті қаламгер аталған повесть арқылы, қалың оқырманның зердесіне асыл ой салуды көздейді. Ол үшін мифопоэтикалық тәсілдерді тарихпен өте керемет байланыстырып, жапсарластыра білген. Соның нәтижесінде этно-фольклорлық мотивтер де анық сезіледі. Оқиға желісінің бір шетінен көнені ұлықтауға үйретсе, екінші тұсынан жаңа толқынның бағытында ескергені байқалады.

Прозаны жан-жағынан түрлі қырынан талдау, талқылап ой-пікір білдірген ғалымдар аз емес. Соның бірі де бірегейі фольклортанушы А.Тойшанұлы. Ол: «М.Мағауиннің «Қыпшақ аруы» хикаятында XI ғасырдан бүгінге дейін өнер адамының (Қыпшақ ханы Көбектің бәдіші ұлы Саржан, оның бүгінгі жалғасы мүсінші Саржан Көбеков) қиялы тағдыры арқылы ұлтымыздың тарихы, саяси өмірі мәдениетінің көкейтесті мәселесі қозғалады. Хикаятта XI-XXI аралығындағы оқиғалар, яғни мың жылдық шегіндегі ел өміріндегі бел белестер қамтылады. Автор хронологиялық аса ауқымды дәуірді қамту үшін мифопоэтикалық символдарды сәтті қолданып, нәтижеге жеткені көрінеді» [8]. Рас. Демек, қаламгердің қолдана білген басты құралы десек артық сілтемегендік болар ол – мифопоэтикалық тәсіл. Тіпті оқып отырған жанның өн бойына қорқыншы сезімі ұялайды. Өлі мен тірі, өткен мен бүгін, әруақ пен адам тоғысып тілдесіп жатады. Бір қырынан алып қарағанда сакральды (киелі) қасиеті бардай боп сезіледі. Осындай әдістерді проза жанрында керемет қолданған. Осының салдарынан автор өз ойына жетіп, шығармадағы үйлесімділікті сақтай білген. Мұндағы үйлесімділік деп екі нәрсені тағы бір рет нұсқап кетелік. Оның біріншісі, ерте замандағы тарихи кезең. Ал екіншісі, жаңа заманғы уақыт. Міне көріп отырғанымыздай екі дәуірдің бір шығармада шеберлікпен тоғысуы осы болса керек-ті.

Фольклортанушылар, әдебиеттанушылар мен т.б ғалымдардың ойы осы тұрғыда келгенді ұштасады. Олардың бәрінің бір ауыздан айтқанда мына ойға саяды. Бұл шығарма мистикалық әуенмен әрленуі қазіргі таңдағы постмодернистік әдебиеттің бағыты мен бағдарынан сыр шерткендей.

Қазақ халқының прозалық жанрларына тереңірек үңіліп қарасақ түрлі сан алуан оқиғаларға тап боламыз. Мәселенки: а) сүйіп қалу, ынтызарлық; ә) бірнәрсенің түбіне жетуге ұмтылу (түрлі жағынан түсінуге болады); б) азап шегу; в) сол істің қас шеберіне айналуды. Аталғандар халық прожасының барлық жанрына тиесілі боп аеледі. Бәрінде көрініс табады. Жазушының осы шығармасында да осы аталғандар кезігеді. Осы төрт бөлікті байланыстырып тұрған құдыреттің сыры неде?

Түптей қарасақ, арадағы он шақты ғасырға емін еркін тартылып тұрған – ғажап шексіздік екен! Және бұл қандай шексіздік, ол әрине адамзаттың қиялының еркі демекпіз. Шығыс мұсылмандық ұғымда адамның бейнесін, қашау, бедерлеу, салу сынды дүниелер жат деп саналған. Десекте, жазушы осындай тиымдарды біле тұра мүсіншінің қиялын керемет пайдалана алғанын аңғарамыз. Он саусағынан өнер тамған маман болуы мүмкін, бірақ қиялының еркі тым бөлекше бола алмасы анық. Көрнекті қаламгер түркілердің Тәңірлікте болғанын байқатып қалады. Бұндағы көзге бірден ілінетін зат ол ғажап баяндау, кейіптеу тәсілдері айдан анық.

Көрнекті жазушы Мұхтар Мағауин аталмыш повесті арқылы, фольклорлық немесе әдеби һәм тарихи сананы оятып қана қойған жоқ. Ол этнографиядан біршама деректер келтіреді. Ұлы даладағы киелі жәдігерлер, балбал тастар жайын да қозғап кетеді. Сондай-ақ шығармада тек мифті тірілтіп, немесе оған жан кіргізумен оқиғаны аяқтамайды. Қайта жан кіргізу нәтижесінде, сюжетті ширата түседі. Бәлкім осынысымен де оқырман үшін тартымды, тың дүниеге айналған болар. Нақтырақ баяндағанда, басты басты дүниелер мыналар: өмірдің шындығы, махаббат, құштарлық. Аталғандардың бәрі қабысқанда повестің мән-мағынасын ашып берді деп толық тіл қатуға болады.

Қазақ қаламгерлері тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында тарихи тақырыпқа мейілінше тереңдей түсті. Бұрынғы КСРО шырмауынан, цензурасынан шығып емін- еркіндікке шыққанда, бірден бір тың рухани сала осы болды. Иә, кеңестік кезеңде де азды- кемді қалам тербеп, астарлап жаза алғандар болды. Бірақ, М.Мағауин басқа, жаңаша көзқарастан, қырынан, суреттеп, әспеттеп қалам тербей алды.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Хабаршы» журналында ерекше мәтінге көзіміз түсті. Онда: «Ұлт мүддесіне жанашырлықпен қарайтын жазушы Мұхтар Мағауин» [9, 384]. Шынында да жазушының қаламынан өрбіген бірден бір тың туынды, ол – «Қыпшақ аруы» повесі.

Ұлтымыздың этно-фольклорында ғана емес, ұлттық руханиятымызда шоқтығы биік шағарма деуге болады. Аңғаратынымыз «Қыпшақ аруы» хикаятында мифопоэтикалық әрлеулер көркемдік құрал ретінде, шынымен, мол қолданғандықтан «расында, бұл туынды жазушы М.Мағауиннің жеке шығармашылығында ғана емес, қазақ әдебиетінде мүлде тосын, соны стильдің басы болғандықтан да» [10]. сырттай қараған жанға шығарма тылсым рай танытады. Ал мұндағы идея – ХХІ ғасырда тәуелсіздіктің қадірі әрі жаңа толқынның тарих сахнасына көтерілгендігінен сыр шерткендей! Бұндағы айтылар нәтиже біреу ғана, ол өткенді еске алмай, болашаққа қадам басу мүмкін емес дегенді аңдатады.

Қорытынды. Ойды түйіндей келе қаламгер шығармашылығындағы шоқтығы биік шығарманың бірегейі «Қыпшақ аруы». Бұнда арысы сақ пен ғұн, түркілер, берісі қыпшақ заманындағы кезеңнің көріністері айқын сезіліп тұр. Сол кезеңнен, тәуелсіздікке дейін жеткен мұралар баршылық. Бұған куә ең даладағы бал-бал тастар, тас мүсіндер һәм көне ескерткіштер. Демек, «фольклор жанрларын этнографияға сүйенбей зерттеу мүмкін емес. Этнографиялық материалды пайдалану жанрлардың шығу тегін анықтау үшін ғана қажет емес. Этнография фольклорлық жанрлардың ерте замандағы сипатын, алғашқы даму жолдарын зерттеуге өте пайдалы» [11, 19]. Осыншама дүниені сөз құдіреті арқылы, автор өз шығармаларына сыйдыра білген демекпіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Атамұра, 2003 ж. – 256 б.
- 2 Қазақ әдебиетінің тарихы. 10-томдық. I том. – Алматы: ҚазАқпарат баспасы, 2008 ж. – 812 б.
- 3 Мағауин М. Қыпшақ аруы. – Алматы: Атамұра, 2006 ж. – 250 б.
- 4 Қазіргі әдебиет және фольклор. – Алматы: «Арда», 2009. – 480 б.
- 5 Қазақ фольклорының поэтикасы. – Алматы: «Ғылым», 2001 ж. – 250 б.
- 6 Жәмбек С. «Қазақ әдебиетіндегі трансгрессия бастауы қайда?» // *adebiportal.kz*
- 7 Тоқсамбаева А.О. Мұхтар Мағауин шығармаларының көркемдік-эстетикалық танымы // «Қазақ әдебиеті». Жинақ, 2005 ж. №4
- 8 Тойшан А. Мағауиннің жаңа прозасының алтын өзегі. // *abai.kz*
- 9 Әбдіқалық К., Алиева Ж., Мұхтар Мағауин әңгімелеріндегі аштық мәселесі // *Хабар.ҚазҰПУ.Сер.фил – 2020. – Т.2. №2. – 384 Б.*
- 10 Ұлттық рухтың оралуы // *Әдебиет айдыны. 2005 ж.*
- 11 Қасқабасов С. Таңдамалы. – Астана: Фолиант, 2014 ж. – 320 б.

References:

1. Nazarbaev N.Ä. Ğasyrlar toğsynda. – Almaty: Atamūra, 2003 j. – 256 b.
2. Qazaq ädebietiniñ tarihy. 10-tomdyq. I tom. – Almaty: QazAqparat baspasy, 2008 j. – 812 b.
3. Mağauin M. Qypşaq aruy. – Almaty: Atamūra, 2006 j. – 250 b.
4. Qazırqı ädebiet jäne föklor. – Almaty: «Arda», 2009. – 480 b.
5. Qazaq fölklorynyñ poetikasy. – Almaty: «Ğylym», 2001 j. – 250 b.
6. Jämbek S. «Qazaq ädebietindegi transgresia bastauy qaida?» // *adebiportal.kz*
7. Toqsambaeva A.O. Mūhtar Mağauin şyğarmalarynyñ körkemdik-estetikalıq tanymy // «Qazaq ädebiet». Jinaq. 2005 j. №4
8. Toişan A. Mağauinniñ jaña prozasynyñ altyn özegi. // *abai.kz*
9. Äbdıqalyq K., Alieva J., Mūhtar Mağauin äñgimelerindegi aştıyq mäselesı // *Habar.QazÜPU.Ser.fil – 2020. – T.2. №2. – 384 B.*
10. Ülttyq ruhtyñ oraluy // *Ädebiet aidyny. 2005 j.*
11. Qasqabasov S. Tañdamaly. – Astana: Foliant, 2014 j. – 320 b.

МРНТИ 17.07.29

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.50>

Ибраева А. Д.,¹ Сатмирова Д. А.,² Сыздықов С. Қ.³

^{1,2,3} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

Н.ҒАБДУЛЛИННИҢ ЗЕРТТЕУ ЛЕРІНДЕГІ Ғ.МҮСІРЕПОВТИҢ ДРАМАТУРГИЯСЫ

Аңдатпа

Мақалада Н.Ғабдуллиннің зерттеулері жүйелі түрде қарастырылған. Ғалымның ғылыми тұжырымдарының ішінде Ғ. Мүсірепов драматургиясына арналған еңбегі талданады. Драматургия жанры бүгінде өсіп, өркендеп келеді. Жаңа туынды, жаңа формалық ізденістер бар екені белгілі. Бірақ жаңа ізденістерге баруда бұрын-соңды шығармалардың кейінгі туындылармен сабақтастығын, дәстүр жаңашылдығын танытуымыз қажет. Осы тұрғыда әрине қазақ әдебиетінің белгілі қаламгер Ғабит Мүсіреповтің драмалық шығармаларының орны ерекше. Нығмет Ғабдуллин өз зерттеулерінде Ғабит Мүсіреповтің драматургиясының тақырыптық-идеялық өзектілігін, шынайы өмір болмысының суреттелуін, адамгершілік, әлеуметтік, қоғамдық мәселелердің жаңаша бағытта көтерілуін, сюжеттік желінің, кейіпкерлер характерінің байланысын толықтай зерделейді. Н.Ғабдуллинның қазақ әдебиетіндегі қаламгерлік қыры жазушылық өнерімен қатар, зерттеушілік еңбегімен де құнды. Ғалым еңбектері қазақ прозасының дамуы, кейіпкер характері, әдебиетті оқытудың тиімді тұстары тәрізді көптеген мәселелерге терең бойлайды.

Түйін сөздер: Н.Ғабдулин, зерттеуші, драматургия, ғалым еңбектері, зерттеушілік мұрасы ғалымның

Ibraeva A.,¹ Satemirova D.,² Syzdykov S.³

*^{1,2,3} Kazakh National Pedagogical University named after Abay,
Almaty, Kazakhstan*

DRAMATURGY G. MUSIREPOV IN THE STUDY OF N.GABDULLIN

Abstract

The article systematically examines the research of N. Gabdulin. Among the scientific conclusions of the scientist, his work on the drama of G. Musrepov is analyzed. The genre of drama is growing and flourishing today. We know that there is a new creation, a new formal search. But on the way to new searches, we must demonstrate the continuity of works with subsequent ones, the innovation of traditions. In this regard, of course, a special place is occupied by the dramatic work of the famous writer Gabit Musrepov. In his research, Nygmet Gabdullin fully studies the thematic and ideological relevance of the drama of Gabit Musrepov, the description of real life realities, the innovative rise of moral, social, and social problems, the connection of the storyline and characters of the characters. N. Gabdulin's creativity in Kazakh literature is valuable both as a writer's art and as a research work. The works of the scientist deeply affect many issues, such as the development of Kazakh prose, the characters of heroes, and effective aspects of teaching literature.

Keywords: N. Gabdulin, researcher, drama, the works of scientists, research nakedeasy

Ибраева А.Д.,¹Сатемирова Д.А.,² Сыздықов С. К.³

*^{1,2,3} Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан*

ДРАМАТУРГИЯ Г. МУСИРЕПОВА В ИССЛЕДОВАНИИ Н.ГАБДУЛЛИНА

Аннотация

В статье рассматриваются исследования Н.Ғабдулина. Среди научных выводов ученого анализируется его труд, посвященный драматургии Г. Мусрепова. Жанр драматургии сегодня растет и процветает. Известно, что есть новое творение, новые формальные поиски. Но в пути к новым поискам мы должны продемонстрировать преемственность произведений с последующими, новаторство традиций. В этом плане, конечно, особое место занимает драматическое творчество известного писателя Габита Мусрепова. В своих исследованиях Нығмет Ғабдуллин в полной мере изучает тематико-идейную актуальность драматургии Габита Мусрепова, описание реалий реальной жизни, новаторский подъем нравственных, социальных, общественных проблем, связь сюжетной линии, характеров героев. Творчество Н.Ғабдулина в казахской литературе ценно как писательским искусством, так и исследовательским трудом. Труды ученого глубоко затрагивают многие вопросы, такие как развитие казахской прозы, характеры героев, эффективные аспекты преподавания литературы.

Ключевы слова: Н. Ғабдулин, исследователь, драматургия, труды ученых, исследовательское наследие

Кіріспе. Нығмет Ғабдуллин – ұлттық сөз өнерімізде қарымды қаламгерлігімен қатар, әдебиеттану мен сын саласының аса білгір маманы екені белгілі. Зерттеуші, ғалым ретінде әдебиеттану ғылымының салаларын жете зерделеумен бірге, өнімді еңбек етіп, соңында монографиялық деңгейде мол мұра қалдырды. Ғалымның әдебиеттану саласындағы сүбелі еңбегі “ Ғабит Мүсіреповтің драматургиясы“ (1964) атты тақырыптағы кандидаттық, “Қазіргі қазақ прозасында жаңа адамды бейнелеу проблемалары“ (1972) деген докторлық диссертацияларының ғылыми мән-мағынасы жоғары, сонымен қатар зерттеулері жан-жақты талданған мағыналы болып табылады. Зерттеулерінің бағыт-бағдары айқын әрі нақты, тақырыптық жағынан өзектілігі де бірден назар аудартады. Зерттеушінің

әдебиеттану мен сын саласындағы көптеген қырлары мен өзіндік көзқарасы да жіті танылды. Зерттеу жүйесі әдеби-теориялық мәселелер негізінде құрылып, ғылыми маңыздылығымен ауқымды сипат алды.

Бұл еңбектерден өзге, “Шығарма арқауы – шындық” (1968), “Замандас келбеті” (1972), “Уақыт сыры” (1981), “Ғабит Мүсірепов – драматург” (1982) т.б. зерттеу еңбектері төл әдебиеттің дамуын, көркемдік ерекшелігін, драматургияның бүгінгі хал-ахуалын кең көлемде аша түседі.

Осыған орай, белгілі әдебиеттанушы Р. Нұрғали былай дейді: “...драматургия туралы арнаулы еңбектерден Ә. Тәжібаевтың «Қазақ драматургиясының очеркі» (1964), Р. Рүстембекованың «Қазақ совет комедиясы» (1975), М. Дүйсеновтың «Қазақ драматургиясының жанр, стиль мәселесі» (1977), Е. Жақыповтың «Дастаннан драмаға» (1979), Н. Ғабдуллиннің «Ғ. Мүсірепов – драматург» (1982) зерттеулерін бөліп атау қажет [1, 6].

Әдістеме. Ғалым Н. Ғабдуллиннің мол мұрасы жазушылық шеберлігінен, әдеби зерттеулерінен жан-жақты, терең қарастырылуынан көрінеді. Профессор С. Қирабаев Н. Ғабдуллиннің кейбір қырларын былайша атап көрсетеді: “... Нығметтің сын, зерттеу еңбектері қазақ әдебиеттану ғылымының олқы беттерін толтыруға, ғылымының әлі зерттеліп үлгермеген проблемаларын тереңдей қарастыруға арналған. Ол кандидаттық диссертация қорғаған кезде қазақтың атақты драматургі Ғабит Мүсіреповтің бұл саладағы еңбектері арнайы зерттелмеген болатын. Оның жеке пьесалары сахнаға қойылған кезде үзіп-жұлып пікір айтумен шектеліп келгенбіз. Нығмет зерттеуі Ғабиттану туралы ғылымға жаңа беттер қосты. Жазушы пьесаларын талдау арқылы оның шығармашылық өнерінің беттерін толтырды, әдебиет тарихындағы орнын да айқындады. Зерттеу ұлттық әдебиеттің драма жанрындағы ізденістері мен табыстары туралы түйінді ойлар ұсынды” [2, 323-324]. Демек, ғалым Н. Ғабдуллиннің әдеби-зерттеушілік қырлары Ғ. Мүсірепов драматургиясын жан-жақты зерттеп, тартыс желісін, оқиға мазмұнын, драма заңдылықтарын, өмір мәнін ғылыми тұрғыдан зерделеп, тиянақты зерттеп, жүйелі бағалағаны айқын байқалады.

Профессор Н. Ғабдуллиннің «Ғабит Мүсірепов драматургиясы» (1982) атты зерттеуін қайта талдап, зерделеген тұста, оның бес тарауы («Драматургияға келу. “Қыз Жібек”, “Шарықтау. “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, “Соны арна. “Ақан сері – Ақтоқты”, “Жаңа асу. “Аманкелді”, “Тың желі. Болашаққа аманат») бағыт-бағдары, тақырыптық мән-мағынасымен, ғылыми парадигмалар негізінде драматургиялық категорияларды, кейіпкер мәселесін, конфликт пен тартысты айшықты-нақшты қалыпта қарастырғаны көрінер еді. Драманың құрылымдық ерекшеліктері әрі композициялық құрылымы, қаһарман болмысы мен оқиға өрімі, қоғамдық тақырыптар, тұрмыстық көріністер, қаһарман мінезі, ой мен сөздің жүйелі ұштасуы, сөйлеу мәнері де негізгі рол атқарып, басқа да қырлары ашылады.

Драматургиялық шығармада оқиғалар біздің көз алдымызда дәл қазір болып жатқандай боп көрсетілуі үшін оған тамаша құрылған сюжет қажет. Егер геройдың характері оның іс-әрекеті негізінде айқындалмаса, кейіпкер тек қана оқиғаларды баяндаушы қызметін атқарса, драмалық шығармада оқушы мен көрушіні қызықтырарлық мағына жоғалады.

“Драматургиялық шығармада кейіпкердің сипаттарын олардың күрес үстіндегі іс-әрекеттері айқындайды. Драмалық герой белгілі бір мақсат үшін күреседі, оның осы мақсаты биік болып, соған орай іс-әрекеті де маңызды болса, характердің күші ерекше зор көрінеді. Пьесада адамның сезім күйлерін, жан толғаныстарын, арман-мақсатын және басқа ішкі қасиеттерін геройдың тек іс-әрекеттері ғана ашады. Қандай ғана әрекет-қимыл болмасын, ол белгілі бір мақсатты көздейді. Бірақ, әр кейіпкердің әр алуан іс-әрекеті оқшау-оқшау болмай, біріне-бірі тығыз байланыста өрбіп-дамиды, бүкіл іс-әрекет басты бір желінің бойына тартылады. Осылайша, өрілген оқиғалар барысы, кейіпкерлердің пьеса мазмұнының түйінді кезеңдерінде айрықша көрінген іс-әрекеттері автордың жақтап, қорғап отырған негізгі идеясын айқын танытады” [3, 154-155]. Бұл тұста, зерттеуші драматургияның қиын тұстары мен ерекше қырларын, оған терең ізденіспен, мол біліммен келу керектігін алға тартады. Пьеса тақырыбы мен табиғатын, оқиға желісі мен даму ретін, қоғамдық өзекті құбылыстарды, негізгісі боямасыз, ашық күйінде жеткізеді.

Нәтиже. Әдебиет зерттеушісі Н.Ғабдуллин әлемдік һәм ұлттық драматургия дамуын телқабыс сөз етіп, тиісті тұста ұлттық драма жанрының қалыптасуы мен даму үрдістерін де тілге тиек етеді. Кеңестік драматургия мен ұлттық әдебиеттегі осы жанрдың қалыптасуы мен даму арналарын, оның авторлары мен танымал туындыларын да тиісінше еске алады. Ал, Ғ.Мүсіреповтың драматургияға 30- жылдардың басында келгенін, оған дейін әңгіме жанрында өнімді еңбек еткенін еске алады [3,157]. Халық фольклоры мен жаңа өмір тақырыбының – драматургия жанрының қалыптасуы мен дамуына, театр өнерінің кең өріс алуына, реалистік туынды жасау жолында мол әсер-ықпалы болғанын да айрықша атайды [3, 159]. Осы аталған бағыттар – Ғ.Мүсіреповтің “Қыз Жібек” дастаны негізінде Жібек пен Төлегеннің арман-мұраттары, нәзік сезім мен махаббат азаттығы жайында кеңірек өріс алады. Сонымен қатар, Базарбай дәуірі, Бекежанның зұлымдығы әлемдік классикамен өзара салыстырылып, дастанның тақырыптық мәні байыпты бағаланады.

Ғ.Мүсіреповтің “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” трагедиясы да халық әдебиеті материалы негізінде жазылып, ел аузындағы оқиға өрімі тың өрісте дамып, дәуірдің әлеуметтік жағдайымен байланыстырылып, адамгершілік пен зұлымдықтың қатаң күресі кең түрде көрініс береді. Осы жайттарды Н.Ғабдуллин әдеби сындағы бағалау-көзқарастар жиынтығын таразылау арқылы драма құрылысына, көркемдік аспектілеріне еркін ену арқылы жан-жақты ашады. Асылы, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» трагедиясы туралы орын алып келген: реалистік пьеса емес, романтикалық сарындағы пьеса,- деген қилы көзқарас пен әр түрлі ойларға өзіндік ойларын білдіреді [3, 166].

Ғалым келесі зерттеуінде – “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” мен “Зұлымдық пен махаббат” (Шиллер) туындыларын, ішкі ұқсас болмыстарын, асыл сезім иірімдерін жан-жақты салыстырады. Қозы мен Баянның аяулы сезімдері

Фердинанд пен Луизаның асқақ махаббаттарымен қатар бірегей өріс алады. Олардың зұлымдықтың құрбаны болғанын әлеметтік құбылыстармен, өмір арнасымен жүйелі түрде бейнелейді.

Зерттеуші “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” пьесасының қазақ сахнасында кең көлемде танылғанын, алау сезімді ту еткен махаббат дастаны дәрежесіне көтерілгенін де еске алады. Ал, Қарабайдың қатыгез әрі залым, Қодардың үстем тап өкілі болғанын, Жантықтың озбыр сипатын ашып, сараң қимыл-әрекетін мінез-құлық ерекшеліктерімен етене байланыстырып, ол көбінде өмір тоғысымен, оқиға көкжиегімен, тартыс желісімен жүйе құрап, өз ара сабақтастықта беріледі.

Сондай-ақ, ұлттық драматургиядағы тарихи тақырыптардың меңгерілуі – М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов шығармашылығымен байланыстырылып, бұл ретте “Абай”, “Шохан Уәлиханов”, “Ыбырай Алтынсарин”, “Ақан сері-Ақтоқты”, “Майра”, “Біржан-Сара” т.с.с. туындылар қатар аталады. Ал, Ғ.Мүсіреповтің “Ақан сері –Ақтоқты” трагедиясында ақын-әнші орны, Ақан бейнесі, оның ғашығы-Ақтоқты тұлғасы кең түрде ашылады. Азаттық мұраттары, бостандық жолындағы әрекет-қимылдар жүйесі өмір-тағдыр аясында көрініс береді. Ақанды қуғындап, Ақтотыны мерт еткен әділетсіздік пен зұлымдықтың жиынтық көрінісі –Науан хазірет те феодалдықтың қалдығы ретінде әшкереленеді. Оның төңірегіндегі Жалмұқан, Сердәлі сипаттары да жағымсыз да жұғымсыз, күншіл һәм зұлым кейпінде беріледі. Негізінен, “Ақан сері –Ақтоқты” туындысындағы кейіпкерлер жүйесі екі бағытта айқындалады: “...бірі- халық өкілдері, екіншісі- халықты қанаушылар» [3, 223]. Мұндағы Ақан сері мен Ақтоты бейнелері махаббат еркіндігі үшін күрескен қанаушылар заманында өмір сүрсе де бостандыққа ұмтылды. Сонымен бірге, Науандар дүниесіне қарсы - Балта, Балуан, Дәмелі, Сейіт т.б. ел жанашырлары ретінде көрініп, көпшілік қаумның есінде қалады.

Зерттеуші төңкеріс тақырыбын-Ғ.Мүсіреповтің “Аманкелді” драмасымен байланыстырып, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың сипатын – кезеңнің зор шындығы ретінде сөз етеді. Азаттық күресі – бас қаһарман Аманкелді бейнесі арқылы кең көлемде көрініс береді. Оның тарихи тұлға екендігі, адами мұраттары мен қайраткерлік қырлары, өзіндік болмысы мен мінезі, қасиет - белгілері кең түрде көрсетіледі. Аманкелді озбыр заманның запыраны мол, зиянды зардаптары, зомбылыққа толы сиқын, ел өмірі мен тұрмысына кері әсерін, соған наразылықпен қарсылықтың көрінісі ретінде танытады. Қанау мен қорлық, халыққа кері ықпалы Аманкелдінің ашу-ызасын туғызады. Генерал-губернатор фон Эверсманға Аманкелді қарсы тұрады. Азаттық мұратты, бақыт жолын, теңдікті қалайтынын батыл да, өжет, өршіл қалыпта жүйелі жеткізеді. «Аманкелді» драмасы өмірдің тарихи мәні мен шындығын, дәуір ақиқатын, заман шындығын кең түрде ашады. Аманкелді мен оның төңірегіндегілер қанаушылар қоғамын, революциялық күрес мәні мен шындығын терең түсінеді. «Аманкелді» драмасындағы ұнамды тұлғалар қатарында - Мұнайтпас, Тәуке, Тымақбай, Бану т.б. әрі халық өкілі, әрі азаттық жолына шыққан өкілдер ретінде көрініс беріп, көпшіліктің есінде қалады. Олар артық-кем тұстары бола тұра басты тұлғаның ісін, характерін зорайта түсуде үлесі мол. Олар негізінен заман шындығын терең сезінеді. Уақыт тынысына қал-қадерінше үн қосады. Осы орайда, зерттеуші түйіні: “Аманкелді” драмасы белгілі дәуірдің, сол кездің адамдары мен іс-әрекетінің шындығын, хал-ахуал, мінез-құлық сипаттарын жақсы көрсететін реалистік шығарма” [3, 244].

Талқылау. Өз кезегінде Ғ.Мүсірепов бұл тақырыпқа әр кез оралып, қалам тартқаны анық. Жазушы еңбегіне ден қойсақ, “...мен білетін Аманкелді оңай тұлға емес. Ол «туа сала батыр болған, қырып сал да, жойып сал» батыр болмаған. Заманына лайық көзі ашық, парасат иесі болған кісі” [4, 104].

Зерттеу еңбегінің соңғы бөлімі – тарихи тың тақырыпқа құралған “Болашаққа аманат” драмасы тұрғысында баяндалады. Тарихи драмадағы басты кейіпкер, даңқты тұлға, атақты батыр – Сырым Датов. Оның елеулі есімі, өшпес ерлігі халыққа қызметі кеңірек қозғалады.

Жазушы, драматург Ғ.Мүсірепов “Болашаққа аманат” драмасында С.Датовтың азаттық жолындағы күресін бар болмыс-бедерімен, әрекет-қимылымен кеңірек көрсетеді. Сырымның өнеге-парасаты, жан дүниесінің ерекше сезімталдығы оның азаттық жолындағы ерен еңбегін, шындықты аңсайтынын анық аңғартады. Ол, әсіресе сүйгені - Торғынға ықыласы мен сыйластығынан де көрінеді. Себебі, Торғын - аяулы жар, нәзік және ардақты. Зұлымдық пен залымдыққа, қатыгездік пен қиянатқа қарсы.

Ал, патша әкімдері мен сұлтандар С.Датовтың әрекетіне бөгет жасайды. Драмадағы өмір белесі, оқиға желісі, тартыс кезеңі де осы тұста анық көрініс табады.

Жалпы, қазақ даласына билік жүргізіп, озбырлық-өктемдік саясатын анық та батыл танытқан патша әкімдерінің (атаман, полковник) ұрда-жық, содырлы-сиықсыз саясаты - халық наразылығын, Сырым батыр мен оның сенімді серіктері тарапынан да қарсылыққа ұшырайды. Зерттеуші бұл тұсқа қатысты көзқарасын былай білдіреді: “ ... драмада қаһармандар арасындағы тартыс ашық көрінеді, іштен үнгіп, жасырын да өтіп жатады. Драматург тартыс тармақтарын бытыратпай дамытып, негізгі желіге сабақтап отырады” [3, 252].

Осы орайда, айта кетсек, атақты драматург Ғ.Мүсіреповтің өзіндік қағидасы бар: “...сахнада герой әр ойын аяқтап, түштеп сөйлеу керек. Қасындағасын ойландыра сөйлеу керек, әр мәселеде екі-үш түрлі шешім бар, сол шешімдерді өзгелер де ойлансын.

Алған оқиғаны түштеп тастау да шешім емес, оқиғаның қалай шешілерін көрушіге қалдыруға болады, тұспалдап қалдыруға болады” [4, 507].

Анығында, қаламгер Ғ.Мүсіреповтің шығармашылық мұрасы бай әрі байтақ әлем. Тақырып табиғаты мен сипаты, жанр жүйесі мен көркемдік стилі, қаһармандар болмысы, тіл мүмкіндіктері, сөз құнары мен қасиеті де бірден назар аудартады. Академик У.Қалижанов тап басып танығанындай: “...Ғабаң кейіпкерлерін жазбай танысың. Олар өз заманының, өз уақытының көркем бейнесі ретінде қазақ әдебиетінің шоктығын биіктетіп

тұр. Көркем әдебиетіміздің тамаша үлгілері ретінде Ғ. Мүсірепов туындыларының қазақ әдебиетінің алтын қорынан берік орын алғаны халқымыз үшін мақтаныш. Уақыт керуені тоқтамай үздіксіз жылжып жатыр, ал қара сөзбен айшықталған әсем ойлар, көркем көріністер санамызда өшпестей болып нұрланып тұра бермек. Ғабеннің туындылары ескірмейді, бүгінгі жиырма бірінші ғасырдың оқырмандары үшін де тозаң тимеген алмастай жарқырай береді» [6,58].

Қорытынды. Шындығында, ғалым Н. Ғабдуллиннің “Ғабит Мүсірепов драматургиясы” атты еңбегі қазақ әдебиетіндегі қайталанбас, тың, оқшау тұрған зерттеулер қатарында. Жанр табиғатына терең бойлаған зерттеушінің аталған еңбектері қазақ драматургиясының тарихын жасады. Сонымен қатар, қазақ әдебиеті төрінде ерекше орын алар парасатты ғалымның зерттеушілік мұралары елеулі еңбектер қатарына жатады [6,7].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Нұрғали Р. Арқау. I-том. – Алматы: Жазушы, 1991. - 576 бет
- 2 Қирабаев С. Н. Ғабдуллин. – Қазақ көркем сөзінің шеберлері. – Қарағанды: Экожан, 2010. – 512 бет
- 3 Классикалық зерттеулер. Көп томдық. 31-том. - Алматы: Әдебиет әлемі, 2014. - 412 бет
- 4 Мүсірепов Ғ. Әдебиет – кәсіп емес, өнер. – Алматы: Жалын, 1987. – 124 бет
- 5 Мүсірепов Ғ. Тұтқын қыз. – Алматы: Балауса, 1993. – 512 бет
- 6 Қалижанов У. Ойкөз. - Алматы: Тау - Самал, 2012. – 424 бет
- 7 Таңжарықова А., Сатемирова Д., Келгембаева Б. Қазақ прозасындағы мифтің көркемдік қызметі//ҚазҰПУ Хабаршысы, филология ғылымдары сериясы 2020 №2(72). В-366-371.
- 8 Әбдіғазизұлы В., Абиыр Қ. Тарихи тұлға және деректілік ҚазҰПУ Хабаршысы, филология ғылымдары сериясы 2020 №1(71). В-279-286.

References:

1. Nūrǵalı R. Arqau. I-tom. – Almaty: Jazuşy, 1991. - 576 bet
2. Qirabaev S. N. Ğabdullin. – Qazaq körkem söziñiñ şeberleri. – Qaraǵandy: Ekojan, 2010. – 512 bet
3. Klasikalıyq zertteuler. Köp tomdyq. 31-tom. - Almaty: Ädebiet älemi, 2014. - 412 bet
4. Müsreprov Ğ. Ädebiet – käsip emes, öner. – Almaty: Jalyn, 1987. – 124 bet
5. Müsreprov Ğ. Tütqyn qyz. – Almaty: Balausa, 1993. – 512 bet
6. Qalijanov U. Oiköz. - Almaty: Tau - Samal, 2012. – 424 bet
7. Tañjaryqova A., Satemirova D., Kelgembayeva B. Qazaq prozasındaǵy miftiñ körkemdik qyzmeti//QazŪPU Habarşysy, filologia ǵylymdary seriesy 2020 №2(72). В-366-371.
8. Äbdıǵaziuly V., Abiyr Q. Tarihi tülǵa jäne derektilik QazŪPU Habarşysy, filologia ǵylymdary seriesy 2020 №1(71). В-279-286.

МРНТИ 14.07.07

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.51>

Иманғали Ө.¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ «ТӘУЕКЕЛ ТОЙ» ӘНГІМЕСІНІҢ ПОЭТИКАСЫ

Аңдатпа

Осы заманғы қазақ көркем әдебиетінің алатаудай заңғар биігі, қазақ сөз өнерінің кемелденуі мен шымырлануына өлшеусіз үлес қосқан талантты жазушылардың бір де бірегейі – Шерхан Мұртаза. Қаламының ұшымен халықтың өткені мен бүгінінің сан-қилы тағдырын тебірене, күйіне, сүйіне суреттеген жазушының әдеби мұрасының ішінде, шағын жанр әңгімелерінің, әдебиетімізде алар орны ерекше.

Еліміз тәуелсіздігін алып, ұзын құрық, кең тұсауға қол жеткізген тұстан бері, ширек ғасырдан астам уақыт өтті. Осы мезгілге дейінгі ұлт басынан өткен өмір шындығын көркем шындыққа айналдыру үшін қызмет ету – жазушының басты міндеті. Себебі, жазушының ең асыл мұраты – халық мүддесі [1,14]. Осыны ескерсек, Шерхан Мұртазаның тәуелсіздік таңы атқаннан кейінгі жазған әңгімелерінде қазақ халқының өмір соқпағындағы түйткілдер мен келеңсіздіктер, дарақылықтар мен даңғойлықтар реалистік тұрғыда, ашты әжу сарказммен, жұмыр да тартымды етіп айшықталған.

Мақалада жазушының «Тәуекел тойы» әңгімесіне әдебиет теориясына сүйене отырып, талдау жасалған. Әңгімелердің сюжеттік-компазициялық құрлымын талдау арқылы, шығарманың идеялық мазмұны терең талданады.

Шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын айқындайды. Өңгімеге арқау болған жазушының концепциясын (дүниетанымын) айқындау үшін, шығарманың көркемдік әлеміне, оқиғалардың маңыздылығы мен образдардың бейнелілігіне, шығарма тілі мен стиліне зерттеу жүргізілген.

Түйін сөздер: өңгіме, композиция, сюжет, кейіпкерлер әлемі, көркемдік тілі т.б.

Imangali O.¹

¹ *Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

POETICS OF SHERKHAN MURTAZA'S STORY "ТАУЕКЕЛ ТОЙ"

Abstract

One of the talented writers who made an invaluable contribution to the development and development of modern Kazakh fiction is Sherkhan Murtaza. In the literary heritage of the writer, a special place in literature is occupied by stories of small genres, in which he described the tragic fate of the past and present people with his pen.

More than a quarter of a century has passed since our country gained independence and received wide recognition. Serving the truth of the life experienced up to this time by the nation in order to turn it into an artistic reality is the main task of the writer. Because the noblest ideal of a writer is the interests of the people [1,14]. With this in mind, Sherkhan Murtaza's stories written after the dawn of independence, problems and disappointments in the life of the Kazakh people, individuality and prerogatives are expressed realistically, with obvious sarcasm, with a mysterious and attractive accent.

The article analyzes the writer's story "Тауекел той" based on the theory of literature. Through the analysis of the plot and compositional structure of the narrative, the ideological content of the work is deeply analyzed. Defines the relationship of the author's idea in the work with the reality of life. To determine the concept (worldview) of the writer, embedded in the narrative, a study of the artistic world of the work, the significance of events and imagery, language and style of the work.

Keywords: story, composition, plot, world of characters, artistic language, etc.

Имангали О.¹

¹ *Казахский Национальный педагогический университет им. Абая
Алматы, Казахстан*

ПОЭТИКА РАССКАЗА ШЕРХАНА МУРТАЗЫ "ТАУЕКЕЛ ТОЙ"

Аннотация

Один из талантливых писателей, внесших неоценимый вклад в развитие и развитие современной казахской художественной литературы – Шерхан Муртаза. В литературном наследии писателя особое место занимают рассказы малых жанров, в которых он своим пером описывал трагические судьбы прошлого и настоящего народа.

Прошло более четверти века с тех пор, как наша страна обрела независимость и получила широкое признание. Служение истине жизни, переживаемой до этого времени нацией, чтобы превратить ее в художественную реальность, является главной задачей писателя. Потому что самым благородным идеалом писателя являются интересы народа [1,14]. С учетом этого, в рассказах Шерхана Муртазы, написанных после рассвета независимости, проблемы и разочарования в жизненном пути казахского народа, индивидуальности и прерогативы выражены реалистично, с явным сарказмом, с загадочным и притягательным акцентом.

В статье сделан анализ рассказа писателя «Тауекел той» на основе теории литературы. Посредством анализа сюжетно-композиционной структуры повествования глубоко анализируется идейное содержание произведения. Определяет связь авторской идеи в произведении с реальностью жизни. Для определения концепции (мировоззрения) писателя, заложенной в повествовании, проведено исследование художественного мира произведения, значимости событий и образности образов, языка и стиля произведения.

Ключевые слова: рассказ, сочинение, сюжет, мир героев, художественный язык и др.

Өттең, бір кем дүние-ай!
Ш.Мұртаза

Кіріспе.Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңдегі ақпараттар ағымы мен түрлі мәдениеттердің тоғысы көркем әдебиетке деген көпшіліктің ынтасын басқа арналарға бұрып кетіп бара жатқаны байқалады. Дегенмен, сөз үнемдеп,

ой жинақтап, негізгі бір оқиғамен оқырманды өзінің көркемдік әлеміне жетелеп, сұлулық әлемінің құдіретіне еріксіз елітетін, эпсотың шағын үлгілерінің бірі- әңгіме жанрының, өз маңыздылығын жоймағанына куә болып жүрміз. Сондай әңгімелердің қатарына заманымыздың заңғар жазушысы – Шерхан Мұртазаның «Тәуекел той» әңгімелерісін атауға болады.

Әңгіме - болмысында қысқа болғанымен, үлкен жауапкершілік, бақылағыштық парасат пен шебер талантты талғайтын жанр. Әңгіме деп ат қойып, айдар таққан дүниенің барлығы бірдей әңгіме жанрына қойылатын талаптарға жауап бере бермейтіні анық.

Қазақ әдебиеттану ғылымында өзгенің сұрлеуімен жүрмей, соны із қалдырған әдебиеттанушы ғалым Серік Мақыров өзінің «Адамтану өнері» деген еңбегінде әңгіме жанрының ерекшелігі туралы: «Әңгіме эпикалық жанрдың шағын түрі, сондықтан онда көбіне-көп адам өмірінің жекелеген сәтін танытатын бірер оқиға ғана баяндалады. Осы мақсатқа сай әңгіменің көлемі шағын, кейіпкерлердің саны да мейілінше шақтаулы болып келеді. Әңгімеде баяндалатын оқиғаның мейілінше шектеулілігі, кейіпкерлер санының аздығы, құрлысының жинақтылығы, көлемінің шағындылығы бұл жанрдың жеңілдігін емес, қайта қиындығын көрсетеді. Автор уақыт жағынан мейілінше қысқа мерзім ішінде кейіпкерлер өміріндегі біреу де болса бірегей оқиғаны көркем баяндау, суреттеу арқылы оқырманға олардың адамдық болмыс-бітімін айқындап беруі керек. Бұл әрине оңай іс емес. Осы міндетті мінсіз орындау үшін өмірді, оның заңдылықтарын білу өз алдына, ең бастысы оның бір сәтінің тынысын аядай уақыт шеңберіне көркем де кемел таныта білу керек, бұл қаламгерден талант пен суреткерлік шеберлікті талап ететін шарттар.», - деген дәл анықтама берілген». [2,117]

Ағылшын жазушысы Уильям Сомерсет Моэм «Әңгіме, ұзын-қысқалығына қарай он минуттан бір сағатқа дейін оқылатын, әбден аршылып алынған бір-ақ нәрсе, бір ғана оқиға немесе бірігіп кеткен бірнеше оқиғалар тізбегі туралы жазылған шағын шығарма. Әңгімені еш нәрсе қосуға да, алуға да болмайтындай етіп жеткізу керек»- деген пікір айтқан. [3,250]. Саңылақ жазушы да әңгіменің жанрлық ерекшеліктеріне тоқтала келіп, жазушының бойындағы екі қасиетке: қысқа жазу мен шебер жазудың арқасында әңгіменің мерейі үстем болатынын айтқысы келген.

Бүгінгі әдебиеттану ғылымында эпостың кең көлемді түрлері (эпопея, роман) мен шағын көлемді түрлер (анекдоттар, мысалдар, астарлы шағын әңгімелер) арасындағы орташа шағын көлемді түрлер де бар екені мәлім.

Батыс және орыс әдебиеттанушыларының кейбіреулері орта көлемді эпикалық жанрға негізінен повестер мен новеллаларды және әңгімелерді де жатқызып жүр. Ал төл әдебиетімізде әңгіме шағын көлемді жанр түрі. Сөзімізге дәлел, академик З.Қабдолов өзінің «Сөз өнері» кітабында : «Әңгіме – шағын көлемді эпикалық түрдің айырықша асыл үлгісі», - деп анықтама берген болатын. [1,303] Батыс әдебиетінде әңгімеге нақты бір анықтама берілмеген. Мысалы неміс әдебиетінің өзінде әңгімені новелланың алдындағы әңгіме немесе қазіргі әңгіме деп атайды. Ағылшын әдебиеттануында short story, novelette (short novel), «short prose narrative» деп, әр түрлі атап жүр. Осыны ескерсек, қазақ әдебиетінде әңгіме жанр ретінде қалыптасып қалғаны байқалады. Себебі әдебиетіміздегі әңгіменің бастауы ауыз әдебиетінде жатыр.

Қазақ прозасындағы әңгіме жанрында қалам тербеген Б. Майлин, Ж. Аймауытов, М.Әуезов, Ғ.Мүсіреповтердің шығармалары аталған жанрды шырқау биікке көтеріп, сол арқылы өзіндік шеберліктерінде паш еткені даусыз. Шерхан Мұртаза да жоғарыда аталған жазушылардың шығармаларымен таныс болған. Шеберлікті шындау, дәстүр жалғанстығын сақтау Шерхан Мұртаза әңгімелерінде аздап та болса байқалатындығын көзі қарақты оқырманың аңғармауы мүмкін емес. Жазушы тақырыпты алыстан іздемейді, көзі көрген, көкірегі түйген өмірлік ақиқат жайттарды әңгімелерінде қорытады. Сюжетке іліккен жайттардың барлығы оны қоршаған өмірлік материалдар екенін көркем мәтінді оқи отырып байқаймыз, кейіпкерлер арқылы жазушының дүниетанымына бойлаймыз.

Бүгінгі көркем әдебиетте реалистік шығармалар мен қатар модернистік, постмодернистік шығармаларда жазылып, кең қанат жайып, даму үстінде. Бірақ, реалистік шығармаларға деген қызығушылық оқырмандар тарапынан қай жанр болса да сұранысқа ие екендігі дәлелденіп келеді. Соған сәйкес жазушылар тарапынан өмірде болған, өзіміз күнделікті өмірде көріп жүрген қарапайым адамдардың ішкі болмысын таныту, адамдар арасындағы қарым-қатынасты көркемдік тұрғыда бейнелеу бүгінгі күнгі шағын прозаның басты мәселесінің бірі болып отыр.

Зерттеу материалы. Қазақ қара сөзінің марқасқасы Шерхан Мұртазаның қазіргі ғасыр басынан бастап шағын проза жанрында қалам тербегені барша оқырманға мәлім. Жазушының Алматыдағы “Атамұра” баспасынан 2003 жылы жарық көрген “Соғыстың соңғы жесірі” атты кітабына бұрындары жазылған шығармаларымен бірге кейінгі “Алапар мен Динго”, “Бұршақ”, “Тәуекел той” сықылды әңгімелері топтастырылған. Жазушының «Тәуекел той» әңгімесін аналитикалық талдау үшін, алдымен тақырыптың таңдалу талабын таразыласақ. Әңгімеге арқау болған тақырып - қазіргі қазақ өмірінің ажырамас бөлігі, туған-туыс, ет-жақынды шақырып, қуанышты бөлісетін той мәселесі. Той сөзі түсінікті. Ал, тәуекелші? Тәуекел - бір іске жалтақтамай батыл кірісу, белді бекем буу, қалай аяқталатыны анық емес және табысты болмаған жағдайда жағымсыз салдары болуы мүмкін іс-әрекеттің жағдаяттық сипаты. Дана халқымыз тәуекелді екіге бөлген: көз жұмбай тәуекел (әйтеуір бір сәті болар), нар тәуекел (сәтті болады, әбден ойластырылады) [4, 316]. Әңгіменің басты кейіпкері көз жұмбай тәуекел жасайды. Жазушы өз халқының өміріндегі жарыса даңғазы той жасайтын, даңғойлық, ысырапшылдық, дүниеге деген бәсекелестіктің көшіне ілесем деп, шама жетпес ауыр жүкті арқалап, тыраштанып, титықтап, ақыры трагедиялық хәлге душар болатын ел арасындағы қарапайым адамдардың ойсыз әрекетінен опық жейтін тағдырын тақырыпқа теліген. Ел ішіндегі белең алып бара жатқан осынау ессіздікті ескерген жазушының бойындағы жіті бақылағыштық пен терең интуиция – тақырыптың өзекті екендігін таныған. Ел ішіндегі кесапат пен кеселдің, жара мен жырттықтың індетке

айналуынан сақтану үшін жазушы көркем шығарма арқылы ақиқатты танытатын жол нұсқайды. Осы тұрғыда, жазушы заманның тамырын дәл басқан. Жазушы таңдаған тақырып – бүгін қазақ өмірінің бір кем дүниесі.

Әңгіменің композициясы шымыр да ширақы құрылымдалған. Бірізді диалог арқылы баяндалады. Оқиға желісі тура экспозициядан: Керімқұл ұлы Нұркенді үйлендірмекші болып, аталас ағайыны Төкенмен ақылдасуға келуінен басталады. «-Тойды қайда өткізбешісің? Үйінде ме? - Жоқ, - деді Керімқұл шоқ басып алғандай шошып кетіп.- Үйге кім сияды? Мен бес жүз адам шақырамын.» [5,277]. Осы сюжеттік диалогтағы басты кейіпкер Төрәқұлдың бір ауыз сөзіне жазушы оның бойындағы біршама мінезді сыйғызады. Кейіпкердің салмақты, өз-өзіне сенімді сөзі оның алдағы болар оқиғаларда мінезділігінің сақталып қаларына оқырманды бірден күмәнмен ойлауға итермелейді. Әрі қарай Төкеннің Керімқұлға деген шынайы жанашырлық ойлары ішкі монологтар арқылы суреттеледі. «Маған десе мың адам шақырсын? Бірақ, ақшаны қайдан табады?» [5,278]. Бауыр еті баласының қызығынан кім аянар дейсіз? Бірақ дарақылық пен ысырапшылдыққа наразы жазушының объективті идеялары авторлық баяндаулардан аңғарылып тұрады. «...Басқа ішіп-жемді айтпағаныңда, бес жүзіне шамамен екі жүз елу бөтелке арақ-шарап қажет» [5, 278].-деп, қазақ тойындағы тағы бір дарақылыққа автор қынжыла, күйзеледі. Оқиға желісінің байланысуы той күні болып, тойға қонақтардың келуімен өрбиді. Тойға келген қонақтарды күтіп алып жүрген той иесінің дәмесі – қонақтардың тойға әкелген той сыйы. Жазушы композицияны градация арқылы өрбітіп, бірінен кейін бірі келген той қонақтарының жұпыны тартуларын шебер жинақтайды. Сол арқылы Төрәқұлдың ішкі жан-дүниесін күйзелтеді. Сырты бүтін, іші түтін Төрәқұлдың дел сал күйін ағып жатқан суды сылқ-сылқ күлдіріп, кейіптеу мен параллелизмді ұштастыру арқылы табиғат пен адамды қатар суреттеп, өткір сарказммен әжуалайды. Оқып отырып, еріксіз езу тартып, жымиясыз. Автордың шеберлігінен мін табу қиын. Пейзаж арқылы шығармаға, кейіпкеріне психологиялық шабуыл жасап, оның шарасыз хәлін жаныштайды. Оқиға желісі Тойға Төрәқұлдың көптен күткен қонағы Жеңісгүлдің келуімен дамиды. Не үшін көптен күткен қонақ? Себебі, Төрәқұлдың ойлауынша, той жасаймын деп арқалаған ауыр жүгін көтеруге көмек берер, ауқатты туысы - жиен қарындасы, Жеңісгүл. Құйрығын бұлаңдатып, иесіне еркелеген иттей, Жеңісгүлдің алдын орай Төрәқұлдың жалпақтауы, қапсыра құшақтап, сілекеймен бетін айран жалағандай айғыз-айғыз етуі арқылы суреттелген пейзаж арқылы кейіпкер мінезінің тағы бір қыры айқындалады. Осы сюжетте Жеңісгүлдің кеудеге таққан бриллиантының жоғалуы детальі бар. Детальдардың жиынтығы оқиғадағы тартысты дамытуға қызмет ететінін ескерсек, жазушы өте ұтымды тұста, детальді композицияға киюластырған. Оқиға желісінің шиеленісуі тост сөйлеуге шыққан Жеңісгүл кеудесіндегі бриллиант тасының жоғалғанын байқап, той шырқын бұза бастайды. Жеңісгүл үшін бұл тұста туысканның ынтымақ-берекесі, тату-тәттілігінің құны бір тиын. Жоғалған дүниесін іздеп тамадаға бір, жиен ағасына бір шаптығады. Тойдың шырқын бұзады. Оқиғаның шарықтау шегі тойға келген қонақтардың той соңына дейін күтпей, Жеңісгүлдің лаңынан кейін, жаппай кете бастауымен жалғасады. Оқиға Төрәгелді жездесінің мазак сыйлығын көріп, орындыққа сылқ етіп отыра кеткен басты кейіпкердің дәрменсіз хәлімен аяқталады. Шығарма композициясындағы оқиғалар желісі мен көркемдік детальдардың барлығын әңгімеге арқау болған мазмұнды ашуға ұтымды қолданылған.

Әңгіменің кейіпкерлер жүйесі біршама жинақы, сан жағынан саусақпен саналатындай мөлшерде болатындығы жанрлық ерекшеліктің бір шарттылығы. «Тәуекел той» әңгімесінде маңызды оқиғалар алты кейіпкердің төңірегінде өрбиді. Олар: Керімқұл, Төрәгелді, Жеңісгүл, Жетім бала, Төкен, тамада.

Керімқұл - әдістік тұрғыда реалистік образ, тек тұрғысынан эпикалық образ, тәсілдік тұрғыда юморлық образ. Реалистік образ деуіміз Керімқұл секілді адамдар тұрмысымызға дендеп кірген, тіпті, дағдымызға айналған дарақы тойға тиім болмаса, арамызда бүгінде бар, өмір сүре береді. Эпикалық образ деуіміз әңгіменің архитектурасы басты кейіпкер, той иесі, Керімқұлдың сан құбылған мінезін айқындауға құрылымдалған. Оқиға экспозициясындағы Төрәқұлдың айтқан ақылына місе тұтпай, қаперінде алмай, «Бес жүз адамға той жасаймын», «Менің есебім бойынша, ресторанның төлемінен артылып, өз қалтама қалады» [5,278].- деп баласына арналған жақсылықтан қалтасын қампитпақшы болған китұрқы пайдакүнем, аярлық мінезі аңғарылады. Оған өзі жан-тәнімен сенеді. Оқиғаның даму барысында кейіпкердің портреті, мимикасы, қимыл-әрекеті :«Сидаң бойлы, сіріңке қоңыр реңді, бурыл шашты Керімқұл ақ костюм, ақ көйлек, қара галстук тағып алып, егде тартқан жасына қарамай, ұшқыр аттай лапылдап, жайрандап, құрметті меймандардың алдынан шығып, айналасып, құшақтасып, құрмет көрсетіп-ақ жүр» [5, 279].-деп, суреттеп, Керімқұлдың барын киіп, бақанын қолына алып, ойына алған түп мақсатын көкірегіне қоя болып қатқан пайдакүнем іске асыруға деген сенімділігі тіпті де айқындала түседі. Кейіпкер психологиясын одан ары аша түсу үшін, тойға келе бастаған сенім артқан құрметті қонақтарының бастапқы сый-сыяпаттарына көңіл күйі ойпыл-тойпыл болып, ширғаға түседі. Осыдан басты кейіпкердің қонақтарды той қуанышымен бөлісу үшін шақырмағандығын, ішіне бүккен пайдакүнем ойына жету үшін шақырғандығы айқындала түседі. Алғашқы сыйға әкелінген гүл, кәмпит, қой сияқты тұрмыстық элементтерді сый ретінде күтпеген Керімқұлдың басындағы ойдың құбылуын жазушы ішкі монолог арқылы: «Осыларды да бауыр, жанашыр дейді-ау, жұмыртқадан жүн қырыққан иттер. Бұларды туысқан деп несіне шақырдым?» [5,280].-деп, бейнелейді де, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, жақындардың арасындағы сыйластықты пайдакүнемдік байланыстың құралына айналдыруды ойлаған кейіпкердің рухани таяздығын, ой-өрісінің жайдақтығын айқын аңғартады. Осындай ойдың соңынан ерген адамдарда адамдарға деген мейірім, жылылық атаулыдан көкейінде жылт қалмайтындығын жетім бала мен қаңғыбас ит бейнесі арқылы көрнекілендіре түседі. Жұрттың қолындағы сый-құрметтен үміт үзген, қалтасындағы жұқа конверттерден сеніміне селкеу түскен бас кейіпкер ендігі бар үмітін, жиен қарындасы Жеңісгүлге артады. Мына ауыр дерттен құтқаратын Жеңісгүл көз алдына періштедей елестейді. Бірақ, тойдың топалаңын шығарған Жеңісгүлдің шын бейнесі айпарадай болғанда, тәуекелге бел бұған Керімқұлдың рухани қайыршы күйі айқындалады. Кейіпкердің юморлық бейнесі қалтаға түскен конверттің ішіндегі ақшаны санай алмай, қайта-қайта білгісі келіп, сыртын басып, сыйпалауы, еріксіз

езуге күлкі ұялатады. Дүниеге құныққан, одан аққан тер, еткен еңбектен емес, жеңіл пайдакүнемдік пен айлакерлік арқылы табуды ойлайтын, көзшіл тәуекелшіл таяз адамдардың бейнесін жазушы Керімқұл образы арқылы суреттеген. Осы Керімқұл бейнесін тіктеу үшін қосалқы кейіпкерлер мен пейзажды автор шебер қабыстыра білген.

Төкен басты кейіпкер Керімқұлдың аталас туысы, ағасы. Жақынына жанашыр, Өзіндік ұстанымы бар, ақылды адам бейнесінде суреттеледі.

Аталмыш әңгімедегі тағы бір кейіпкер дүниеқоңыз, пайдакүнем, мейірімсіз басты кейіпкердің психологиялық ерекшелігін айрықша ашуға септігін тигізген – қосалқы кейіпкер, қайыршы бала. Тағдырдың тауқыметін тартқан, әкеден жастайынан жетім қалған, күнелтуі қиындай түскен, мейірімсіз ортада көпке қолын жайып, мейірім тілеп, өлместің күнін кешкен, қайыршылықтың қалтасын көтерген, ішкі жан-дүниесі таза жетім бала Керімқұлдан жеку көріп, назаланады.

Қосалқы кейіпкер ретінде той тізгінін ұстаған өнерпаздардың көркем бейнесін жазушы шебер ашқан. Кезінде әншілер мен өнерпаздар ел аралап, жұрттың көкірегін нұрға бөлесе, бүгінгі әншісімақтар халықты алдап, қоңыртақ қалтасын тақырлаумен айналысып жүргенін деталь ретінде әңгімеде пайдаланады.

Көрінгеннен дәм еткен, алақұйын, алып қаш ішін ызғар жалаған Керімқұлдың характерін ашуға орасан үлес қосқан кейіпкердің тағы бірі – майдангер, пенсионер балдызымен ұдайы қалжындасып жүретін, темекі сатып күнелтетін Төрегелді. Ұлттық болмыстың бейнесі бар Төрегелді, қазақи қалжыңға сүйеп, балдызын тақырға отырғызады.

Әңгіменің тағы бір реалистік образы Керімқұлдың жиен қарындасы, бірнеше баланың анасы – Жеңісгүл. Әсемдікке бой алдырған, сәнқой, тән сұлулығына құмартқан, ішкі жан-дүниесі таяз, шайпау, шарқыш, жала жапқыш, пәлекор әйел бейнесінде суреттеледі. Ол өзгелерге сұлу ажарлы болып көріну үшін, бетіне бес баттам бояу жағады (жасына сай келмеседе). Өзге әйелдерден ауқатты, үстем кербез көріну үшін өн бойына алтын әшекейлерді, асыл тастарды көмкере тағады. Сыртқы келбеті - осы. Ішкі жан дүниесіне үңілсек қазақи әдеп-ибадан жұрдай, шарқая-шарқыш мінезімен, пәлекор, жалақор характері бейнеленеді.

Жаңа жазылған шығармаларда бұрынғылармен салыстырғанда еш өзгешелік, ерекшелік жоқ. Тақырып, мазмұн жағынан болмаса. Дәстүрлі, классикалық әңгімелер. Жазу техникасына мін тағу қиын[6,173].

Әңгіме жанрында жазушының шеберлігін байқататын белгілер: дәлдік, қысқалық, тіл. Жазушының қысқалығы бір ауыз сөзге кең мағына дарытуында, бұл тұрғыда Шерхан Мұртазаның ойды жүйелеп, сөзді дәл қолдану машығы жылдар бойы еткен еңбектің жемісі. Жазушының кейіпкердің экспрессивті-эмоцияналды халін нанымды бейнелеп жазу үшін, айшықты теңеулерді орынды қолданады. Мысалы, «... Керімқұл шоқ басып алғандай шошып кетті» [5, 277],- деген үзіндіде, адамға физиологиясына сыртқы дененің тигізген әсеріне ми рефлекстерінің шартты жауап қату ақиқатын көркем шындық поэтикасымен бір саты жоғары көтереді. Айта-айта жауыр болған теңеулерді қолданудан гөрі, автор жаңа теңеулерді табу үшін үнемі көркемдік ізденіс үстінде жүреді. Әңгіме кейіпкері айлакер Төрегелдінің сыртқы портретін жасағанда жазушы: «Қаншырдай қара шал» теңеуін қолданады. Осындағы қаншырдай сөзі ұрғашы арыстан мағынасын білдіреді. Қаншырдың әккілі мен айлакерлігін кейіпкер мінезімен ұштастыру жазушының сөз қолданудағы қысқалығы мен дәлдігінің белгісі. Заттың не құбылыстың айрықша белгісін сипаттайтын суретті сөздерде әңгімеде баршылық. Әңгімедегі эпитеттер: «Сидан қол, сипа терек, жасыл шырша, қызыл-жасыл шатырлар, сіріңке қоңыр реңді, бурыл шаш, ақ костюм, ақ көйлек, кара галстук, бурыл шоқша сақал, ұшқыр ат, өрім тал, қоңқақ мұрын, тыртық тақырбас, алып қаш мінез, ала құйын мінез, бадырақтау бақа көз.» [5, 277-288] шығармаға жаңа рең, жаңа дем беріп тұрғандай. Құбылыстар мен заттарды айшықты бейнесіне байланысты сөздермен ауыстыра қолдануда әңгімеде шебер қолданылған. «-Е, студенттің шыбығы сыздамай ма екен? Он үшінде отау иесі деген.» [5,277] . Аталған сөйлемдегі шыбық сөзіне метафоралық тұрғыдан адамның анатомиялық мүше атауымен ауыстырып қолдану, жазушының көркемдік ізденісін тағы да дәлелдей түскендей. «Сүмбіл шам тал»,- деп, эпитетті, метофораны да орынды қолданған. Көңілі қалған қонақтарды «ит» сөзімен ауыстырып, жинақы метафора жасалған. Табиғатқа жан бітіріп: «Таластан бөлініп аққан ботана су сыл-сылқ күлді»,- дей келе, кейіптеу арқылы тірі сурет салады. Жазушының шымыр да, ширақы тілі әңгіменің эстетикалық құндылығын арттырған үстіне арттыра береді.

Қорытынды. Шығарманың композициясы ширақ, атап өткеніміздей, диалогтар характер жасауда ұтымды қызмет атқарып тұр. Әңгіменің айтар ойы анық, идеясы қанық. Болған оқиғаны болғанындай баяндап берген сияқты. Күнде болмаса да, жиі куә болып жүрген жай. Өмірдің өзінен ойып алғандай шынайы, сенімді. Әрине, қызыққа, қуанышқа шашылған малда не арман бар. Бірақ, бәрі орнымен болса. Егер жағдайы көтермесе соншама ашылып-шашылудың не керегі бар?! Мақтан ба? Иә, мақтан үшін. Бес жүз адамға той жасап, абыройымды бір асырайын деп ойлаған Керімқұлдың тойы той сыйқы болмай, өзінің де, жиналған қонақтардың да берекесі қашып, жұрт алдында әбден масқарасы шығып, абыройы айрандай төгіледі. Бұл қазақи дарақылдық. Осыны қаламгер ұятты тілмен жеткізе білген [6,174] . Шығарманың сюжеті мен композициясын, образдар жүйесін талдай отырып, бәріне ақша үстемдік еткен, барлығын ақша шешетін, бүгінгі заманда қазақи этиканың, салт-дәстүр мен қарым-қатынастың кетеуі кетіп, селкеуі молайған тұста, Шер ағанның «Әттең, бір кем дүние-ай!» - деген философиялық шерлі толғамы, терең ойға жетелейді. Шығарманың басты идеясы – соңғы кездегі қазақ тойларында белең алып, асқынып кеткен мақтаншақтық, ысырапшылдық, дарақылдық мінездерді ащы мысқылмен әжуалай отырып, халықты ақылға, ынсапқа, қанағатқа шақыру.

- 1 Қабдолов З. Сөз өнері.- Алматы: Санат,2007.-360 бет.
- 2 Мақырұлы С. Адамтану өнері. Филология факультетері студенттеріне арналған оқу құралы.-Алматы: Арыс,2009.-214 бет.
- 3 Моэм В.С. Записные книжки//Литературное обозрение.-1999.-№4
- 4 Қазақ әдеби тілінің түсіндірмелі сөздігі. 9-том. Алматы: «Арыс» баспасы,200.ж.- 764 - бет.
- 5 Мұртаза Ш. Соғыстың соңғы жесірі. Алматы: Атамұра,2003.-261 бет.
- 6 Қазақ әдебиетінің тарихы.10-том. Алматы : «ҚазАҚПАРАТ»баспасы, 2005ж.-528бет.

References:

1. Qabdolov Z. Söz öneri.- Almaty: Sanat,2007.-360 bet.
2. Maқыrұly S. Adamtanu öneri. Filologia fakülteteri studentterine arналған оqu құралы.-Almaty: Arys,2009.-214 bet.
3. Moem V.S. Zapisnye knijki//Literaturnoe obozrenie.-1999.-№4
4. Qazaq ädebi tiliniñ tüsindirmeli sözdıgi. 9-tom. Almaty: «Arys» baspasy,200.j.- 764 - bet.
5. Mürtaza Ş. Soğystıñ soñğy jesırı. Almaty: Atamūra,2003.-261 bet.
6. Qazaq ädebiatiniñ tarihy.10-tom. Almaty : «QazaQPAPAT»baspasy, 2005j.-528bet

МРНТИ 17.09.91

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.52>

Кайранбаева Н.,¹Шадкам З.²

*^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан*

ХАЗІРЕТ ӘЛИ ДАСТАНДАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НҮСҚАЛАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада батырлық жырлардың дәстүрімен тікелей үндесіп, қалыптасып, қатар дамып келген қазақ дастандарының маңызды бөлігі болып табылатын діни дастандардағы Хазірет Әлидің соғыстары мен батырлық жырлары қарастырылады. Араб-парсы әдеби шығармалары арқылы қазақ әдебетінде көрініс тапқан діни дастандардың қазақ халқына қонымды және түсінікті болу үшін оларды жырлаған қазақ ақындары мен жыраулары оларға қазақи реңк беріп отырған. Мақалада қазақ даласында кездесетін діни дастандардың ішінде Хазірет Әлидің батырлық жырларының мазмұндық, тарихи, тілдік тұрғыдан ерекшеліктерін мысалдармен қарастыруға тырыстық. Сонымен қатар Қазақстандағы Хазірет Әлидің батырлық жырларына шолу жасап, ХІХ-шы ғасырда шағатай тілінде проза түрінде жазылған “Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан” атты қолжазба дастанын сипаттап таныстыруды мақсат етіп отырмыз.

Түйін сөздер: Батырлық жырлар, діни дастандар, Хазірет Әли соғыстары, Қисса Салсал, Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан

Kairanbayeva N.,¹ Shadkam Z.²

*^{1,2} Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan*

VERSIONS OF HAZRAT ALI'S EPICS IN KAZAKHSTAN

Abstract

This article examines the religious and heroic epics of Hazrat Ali, which constitute an important part of the Kazakh epic and are in direct harmony with the tradition of heroic poetry. Kazakh poets and zhyraus, who wrote religious epics in Kazakh literature through Arabic-Persian literary works, gave them a national shade to make them understandable and accessible to the local people. In the article, we tried to consider the semantic, historical, and linguistic features of the heroic dastans of Hazrat Ali among the religious epics found in the Kazakh steppes. Having made an overview of the heroic poems of Hazrat Ali in Kazakhstan, we also sought to present and describe the written manuscript "Kissa-i Djangname-i Risale-i Shah-i Mardan", written in prose in the Chagatai language in the 19th century.

Keywords: Heroic songs, religious epics, the wars of Hazrat Ali, Kissa Salsal, Kissa-i Djangname-i Risale-i Shah-i Mardan

Кайранбаева Н.,¹ Шадкам З.²

^{1,2} *Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Алматы, Казахстан*

ВЕРСИИ ЭПОСОВ ХАЗРАТА АЛИ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В данной статье рассматриваются религиозные и героические эпосы Хазрата Али, которые составляют важную часть казахского эпоса и находятся в прямой гармонии с традицией героических стихов. Казахские поэты и жырауы, воспевавшие религиозные эпосы, отраженные в казахской литературе через арабско-персидские литературные произведения, придали им казахский оттенок, чтобы сделать их понятными и доступными казахскому народу. В статье мы попытались рассмотреть смысловые, исторические и языковые особенности героических дастанов Хазрата Али среди религиозных эпосов, встречающихся в казахских степях. Сделав обзор героических поэм Хазрата Али в Казахстане, мы также стремились представить и описать рукописный эпос «Кисса-и Джангнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан», написанный прозой на чагатайском языке в 19 веке.

Ключевые слова: Героические песни, религиозные эпосы, войны Хазрата Али, Кисса Салсал, Кисса-и Джангнаме-и Рисале-и Шах-и Мардана

Кіріспе. Діни дастандар – Ислам дінін жайып, қарапайым халыққа дін үшін күрес жүргізген батырлардың әңгімелерін жеткізуге мақсатталған халық ауыз әдебиетінің бір жанры. Олар қазақ даласына XVIII ғасырда алғашқыда ауызша, кейін жазба түрде тарай бастады. Қазақ даласына діни нанымдарды тарату, ислами құндылықтарын қазақ халқының салт-дәстүрі, мәдениеті мен әдебиетіне енуі де осы діни дастандар арқылы іске асырылған болатын. Дінді қарапайым халыққа түсіндірген кезде дастандар мен батырлық жырлар арқылы жеткізген әдіс, әсіресе Кіші және Орталық Азияда, Иранда қатты таралды. Ауылдың үлкені-кішісі жиналып, жыршылардың әңгімелерін, батырлардың ұлт, ел, дін үшін күрестерін, жолда болған оқиғаларын тыңдаған.

Қарапайым халықтың рухани өміріне әсер ететін діни әңгімелері мен хикаялары баяғы заманнан айтылса да, олардың жазылып, дамуы XIX-ғасырдың екінші ширегінде ғана бастау алады. Оның өзінде кейбіреулері сақталмай, жерде көмілсе, кейбіреулері жоғалып кеткен. Т. Әлібек: “Ортағасырлардың өзінде Шығыс елдері әдебиеттерінің кейбір классикалық сюжеттері назиралық үлгіде жырлану үрдісі көптеген халықтарда кеңінен белең алған болса, осы бағыттың қазақ әдебиетіндегі көріністері тек XIX ғасырдың бас кезінде ғана байқалады [1, 4]” – деп көрсетеді. Оның айтуы бойынша қазақ халқының соңғы үш ғасыр аясында бастан кешірген тарихи, саяси-әлеуметтік ахуалдарымен біртұтас қарастырылуы тиіс. Үзіліссіз соғыстар, көшпенді өмір салтымен қатар, кейінгі саяси идеологиялар салдарынан қазақ халқының қолжазбалары бізге жете алмай жоғалып кеткен.

Қазақ әдебиетіне ерекше орын алатын қисса жанры XIX ғасырдың II жартысында дамыды. Қисса – деп қазақ фольклорына үлкен әсер еткен шығыс (араб-парсы) әдебиетінің сюжеттеріне құрылған, тарихи оқиғалы поэтикалық шығармаларды атайды. Қиссалардың басқа жанрлардан айырмашылығын Р. Сыздықова негізгі белгілерін көрсетеді:

- сюжетті, оқиғалы, көлемді шығарма болулары;
- тақырыбы мен сюжеті араб, парсы, түркі тілдерінде жарияланған үлгілерден алынғандықтары;
- тілдерінде, әсіресе грамматикалық тұлға-тәсілдерінде шағатайлық, ескі қазақтық жазба дәстүр элементтерінің қатысуы болып табылады;
- қисса жанрының жазба дүниелер екендігін атауға болады;
- «кітаби тіл» деген терминнің қазақ топырағында жасалу, таралу тарихының сыры ашылады [2, 221].

Аталмыш белгілерін негізге ала отырып, біздің қарастырып жатқан діни қиссалар мен дастандар мазмұны жағынан араб-парсы сюжеттерін алып тұрса да, олар қазақ даласында қисса жанрының туылып, ел ішінде таралып, ескі қазақтық жазба дәстүр элементтерін қатысқанын дәлелдеуге тырысамыз.

Әдістеме. Мақаланы жазу барысында жиналған деректерді салыстыру, талдау, қорытындылау және аударма тәсілдері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар. Қазақ ауыз әдебиетінде сіңіп кеткен, бабалар жырлаған Қобыланды, Қабанбай, Бөгенбай, Алпамыс сияқты қазақ батырларымен қатар, халқымызға исламның қаһармандары дастандар арқылы танылды. Жалпы діни мотивтегі шығармалардың басты мақсаты – қарапайым халыққа асыл дін Исламды таныту, дәріптеу, насихаттау үшін, қызықты шытырман оқиғаларын түсінікті көркем тіл арқылы жеткізу. Осындай діни шығармаларда Пайғамбарымыздың (с.а.с.) уақиғалары, оның сахабалары мен ұрпақтарының дін үшін күрестері, жорықтары, өнегелі іс-әрекеттері, өсиет-насихаттары баяндалады. Олардың бірі – Пайғамбарымыздың күйсеу баласы, төртінші әділетті халифі, діни дастандардың басты кейіпкерлердің бірі Әли (р.а.) мен оның жорықтары туралы жырлар мен дастандар.

Діни дастандар, соның ішінде Хазірет Әли туралы дастандар дүниенің түпкір түпкіріне жайылған. Осы дастандардың басым бөлігі Париж, Иран, Түркия, т.б. мемлекеттердің қорлары мен кітапханаларында сақталып

тұрса да әлі күнге дейін Хазірет Әлидің батырлық дастандары мен соғыстарының нұсқалары ел арасында табылып жатыр. Бір дастан кейде қара сөзбен, кейде өлең жолдарымен жырланған. Сондықтан олардың санын нақтылап айту мүмкін емес. Дегенмен Хазірет Әли туралы дастандары түп өзегінде ислам дінін таратуда адалдық, батылдық, мәрттік, жомарттық сияқты қасиеттерден ауытқымай түрленіп таралған.

Түркия мен Иран елдерінде көне қолжазбаларды зерттеу бұрыннан келе жатқан үрдіс болса, Қазақстанда ол өткен ғасырдан ғана бастау алады. Әрине ол саяси идеология мен тарихи оқиғаларға байланысты. Осыған Т.Әлібектің пікірінше, XIX ғасыр мен XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарына дейін халық мұрасын жинау, жүйелеу, зерттеу, жариялау шаралары біршама дұрыс жолға қойылғанмен, оларды толық хатқа түсіруге отаршыл Ресей Империясы мен Кеңес өкіметінің құйтыртқы саясаттары, цензураның қатал күзреті мүмкіндік бермеді. Назиралық шығармалар, әсіресе, діни сипаттағы поэзиялық туындылар, дастандар мен хикаят-эпсаналар саяси идеологияның, таптық көзқарастың шылауында қалып, алаланып жиналды. Жинала қалғанның өзінде ұзақ жылдар шаң қауып, еліміздің сирек қорларында жатып қалды [1, 5]. Ұзақ жылдар еліміздің сирек қорларында сақталып келген қолжазбаларға еліміздің ұлт санасын оятатын “Мәдени мұра”, “Рухан Жаңғыру” сияқты мемлекеттік бағдарламалар арқасында қол жеткізіліп, енді-енді ғылыми айналымға түсіруге жол беріліп жатыр.

Міне осындай ірі жұмыстарының бірі – Мемлекеттік “Мәдени мұра” бағдарламасы аясында М.Әуезов атындағы Өнер және Әдебиет институтының дайындап, жариялаған “Бабалар сөзі” атты жүз томдық басылым. Еңбектің басты мақсаты – халықтың рухани мұрасын сол күйінде өзіне қайтару, яғни қолда бар фольклорлық материалдарды түгел жарыққа шығару. Осы басылымның оныншы томнан бастап он бесінші томға дейінгі құрайтын бес том діни дастандарға арналған. Осы бес том өзімізде табылған, басқа елдерден алып келген көне қазақ тілінде, ортағасыр түркі тілінде (шағатай тілі) жазылған алпыс бес дастанның бірі – Хазіреті Әлидің батырлығы мен соғыстары туралы.

Хазірет Әлидің имандылығы, Ислам діні жолындағы жорық жолдарын жырлайтын хикаяларды М. Әуезов атындағы Өнер және әдебиет институты “Хазірет Әли” атты жеке жинақты шығарған.

Қазақстанда табылған немесе басылып шыққан Хазірет Әли дастандарын төмендегі кестеде көрсете аламыз (Кесте-1):

№	Дастанның аты	Жылы	Жазу стилі	Авторы
1	“Хазіреті Әлидің соғысы”	XIX ғ. аяғы	жыр /баспа	Қ.Бағдатұлы
2	“Қисса Салсал”	1879 ж.	жыр /баспа	М.Жұмашұлы
3	“Салсал”	XIX ғ. аяғы	-	Ә.Найманбаев
4	“Салсал”	XIX ғ. аяғы	-	Ж.Шайхысламұлы
5	“Қисса Хазірет Әлидің Сараңбайды жолға салғаны”	1913 ж.	жыр /баспа	Ж.Шайхысламұлы
6	“Қисса Хазірет Әлидің Шаһ Барбарға құл болып сатылғаны туралы”		жыр /баспа	
7	“Хазірет Әлидің Жәнәділ шаһарына төбелескені”	1899 ж.	жыр /баспа	Қ.Шахмардан
8	“Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан”	шамамен 1908 жылы	проза / қара жазу	Белгісіз

1.Кесте. Қазақстандағы Хазірет Әли туралы дастандары

Аталмыш қолжазбалардың көбі қазіргі таңда Алматы қаласындағы ҚР Ұлттық кітапханасы мен Орталық Ғылыми Кітапханасының Қолжазба қоры, М.Әуезов атындағы Өнер және әдебиет институтының Қолжазба қоры, әл-Фраби Қазақ ұлттық университетінің “Әл-Фараби кітапханасы”-ның Сирек кітаптар қорында сақталанып тұр. М.Жұмашұлы, Қ.Бағдатұлы, Ж.Шайхысламұлы, Қ.Шахмардан, т.б. деген ақын-жыршылар аталмыш еңбектерді Омбы, Түмен аймақтарынан жинап, жүйелеп, кей тұстатарын өздерінше жырлап жариялаған.

“Қисса Салсал” дастаны дүниежүзіне жан-жаққа таралған. Алғашқы басылымы 1879 жылы болса, кейіннен 1883, 1888 жылдары жарық көрді. Шығарма бірнеше мәрте жарияланғанмен, кейінгі басылымдар бастапқы басылымды дәлме-дәл қайталап отырды, яғни олардың бәрі 1879 жылғы жарияланымның көшірмесі [4, 293]. Оның авторы – Жұмашұлы Мәулекей XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қиссашыл ақындарының бірі. Ел арасынан қисса-дастандарды жинап, өңдеп, редакциялап, Қазан қаласында жариялаған. М. Жұмашұлы “Сейтбаттал”, “Шейх Бұрқы”, “Қара түлік”, “Мінәжат”, “Қисса Салсал”, “Қисса Жұмжұма”, “Дарига қыз” атты кітап бастырды. Солардың ішінде ең ауқымдысы – “Қисса Салсал” дастаны. Оны “Ғазат Әли әл-Мұртаза” және “Жәмшид шаһқа баруға шыққандары” деп бөледі. Дастанда дін жолында соғысқан сахабалар мен әулиелердің (Сәдуақас, Әбілмәжін, Осман, Омар, Халид, Фатима, Мұсайып ғазы, Қанбар, Омар Баба т.б.) есімдерімен қатар, көптеген кәпір болып, кейін Ислам дінін қабылдаған не өлтірілген патшалардың (Қитар, Жәмшид, Фируз, Нәһар, т.б.), соғыстар мен шайқастардың өтілген жер мен қалалардың атаулары (Хиуаран, Уәлия, т.б.) кездеседі.

“Қисса Хазірет Әлидің Сараңбайды жолға салғаны” мен “Қисса Хазірет Әлидің Шаһ Барбарға құл болып сатылғаны туралы” атты дастандарды жариялаған ақын – Жүсіп Шайхысламұлы. Еңбектер Қазан қаласынан табылып, біздің еліміздің сирек қолжазба қорында сақталып тұр. “Хазірет Әлидің Жәнәділ шаһарында төбелескені” атты дастан да Қазан қаласында М.А.Чирков балаларының баспаханасынан табылды. Авторы – Қ.Шахмардан. Бұл

дастан Ш.Каримовтардың қаражатымен 1899 жылы баспадан шығарылды. Аталмыш қиссаның өзге нұсқалары немесе қайталанып басылған көшірмелері кездеспеді [4, 294].

“Әзіреті Әлидің соғысы” дастанының жырлаушысы – Қыпшақбай Бағдатұлы. XIX ғасырдың аяғында Омбы облысында өмір сүрген қиссашы. Ол Бұхара қаласында білім алып, парсы-араб тілдерін жетік меңгерген, қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жүрген насихаттаушы Шорман Білтебайұғлы деген молладан бұл хикаяны тыңдап жазды. Хикая Сәдуақас сахабаның өз баласын сүндетке отырғызу тойына шақырудан басталады. Сәдуақастың тойына сыйлық іздеуге кеткен Әли төрт жылдан кейін оралады. Барған патшалардың дін қабылдауын, кәпірлермен күрескенін, ең соңында олжалы қайтуын баяндайды. Дастанда Уәлия қаласы, Сүлеймен пайғамбар кезінен қалған қалалары жайлы сөз қозғалып, Қаққа патша, Мұхсин батыр, Жамнұн атты есімдер де кездеседі. Дастанда басқа да діни шығармалар сияқты имандылық, адалдық, достық тақырыптары көрініс табады. Аталған еңбек Ш.128 нөмерімен ӘӨИ-дің (М.Әуезов атындағы өнер және әдебиет институты) қолжазба қорында сақтаулы тұр [4, 293].

“Қисса Хазірет Әлидің Сараңбайды жолға салғаны” атты дастанын қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, бастырып таратушы, насихаттаушы әйгілі ақын Жүсіпбек Шайхисламұлы (1937-1857) жазып, Қазан қаласында 1913 жыл бастырды. “Қисса Хазірет Әлидің Шаһ Барбарға құл болып сатылғаны туралы” дастан Қазан қаласындағы М.А.Чирков бабаларының баспаханасында 1896, 1901, 1907, 1916 жылдары және 1913 жылы Университет баспаханасында жарық көрді. Бұл жарияланымдарының барлығы ОҒК-ның (Орталық Ғылыми Кітапхана) Қолжазба қорында сақтаулы. [4, 293].

“Салсалнаме”, “Қисса Салсал”, “Салсал”, т.б. атаулармен шыққан дастандардың нақты санын айтуға қиын. Дегенмен М.Әбдуовтың зерттеулері бойынша діни жырлаушылардың бірі Ә. Найманбаевтің “Салсал” атты дастанын жырлағандығын [5, 99] білуге болады.

Көне қазақ тілінде жазылған қолжазбалар мен кітаптар, соның ішінде біздің зерттеп жатқан Хазірет Әлидің соғыстары туралы қолжазбалар қазақ даласында таралып, қазіргі таңда зерттеліп, жүйелеп жатыр. ӘӨИ-дің Қолжазба сирек қорында сақталған, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жадындағы «Әл-Фараби кітапханасы»-ның Сирек кітап қорында сақталған Хазірет Әлидің соғыстары туралы қолжазбалар сақталуда. Дегенмен, елімізде табылған нұсқаларының санын нақты айта алмаймыз. Оның басты себебі профессор Б.Әзібаеваның айтуы бойынша “Назира рухында жырланған қазақтың ақын-жыраулары мен жыршылары шығыс сюжеттерін пайдалана отырып, көптеген дастандары дүниеге әкелді. Сонымен қатар, олар әр түрлі тәсіл қолданды. Біреулер түпнұсқаға толығымен сүйеніп, одан алшақтамаса, екіншілері шығыс дастандарының бірнеше варианттарымен танысып, өзіндік нұсқа жасаған, ал тағы біреулері шығыс сюжетінің желісін ғана, жалпы схемасын ғана сақтап мүлде жаңаша дүние туғызып отырған [6, 7]” деген пікірге толық қосыламыз.

Қазақ фольклортанудың зерттеуші ғалымы Б.Әзібаева діни дастандарын төрт топқа (ислам тыйым салған іс-әрекеттер туралы дастандар; мұсылман батырлары туралы дастандар; исламды тарату жолындағы дінсіздермен соғыс туралы дастандар; мұсылманшылықтың жолы) жүйеледі [6, 32]. Біздің жырларда мазмұны жағынан сахабалардың кәпірлермен соғысқаны, кәпірлердің иманға келуі туралы басым болғандықтан “дінсіздермен соғыс туралы дастандарына” жатқызылатыны сөзсіз.

XIX ғасырда түркі халықтарының шығармаларын баспадан шығарған Қазан қаласындағы баспаханы еді. Сол қаланың кітапханасында табылып, қазіргі уақытта Алматы қаласындағы Сирек қорлар орталықтарында сақталған қолжазбаларында ұлттық, немесе сол дәуірдің саяси мәселелеріне тән элементтерді байқауға болады. Шығыс дастандарда кездесетін қазақ ұлтына тиесілі элементтер жайлы пікір айтылды. “Шығыс сюжеттері қазақ халық ауыз әдебиет шығармашылығының арнасында жырланды. Сондықтан қазақ эпикалық дәстүрі өз әсерін тигізбей қалған жоқ. Нақты айтқанда, халықтың эпикалық дәстүрінің ықпалы күшті болды. Сол себептен жырланып отырған дастандар өрнегі қазақ фольклорының элементтері де қоса тоқылды. Бұл шығармалар көбінесе ауызша айтылып жүрді және жыршылар дастандарды қазақтың төл шығармаларымен қатар айтып отырды. Шығыс дастандарының ақындық стильдік ерекшеліктерін қазақ фольклорының элементтерімен, стилімен баяндау мәнерімен жақындастырудың тағы бір жолы [7, 7].”

“Қисса Салсал” мен “Әзірет Әлидің соғысы” атты дастандарына көз жүгіртсек, қазақ даласына өзіндік элементтерімен жырланғанын байқауға болады. Тіпті М. Жұмашұлының жырлаған дастанының бастауы да, басқа жыршылар бірнеше шумағын Аллаһ атымен дәріптесе, Орта Азияға тән бірден өзінді таныстырып кетеді:

Әуелде жад етемін Тәңірім атын,
Сұрасаң, Мәулекей-дүр – менің атым.
Түмен менен Омбы арасында,
Беш адамнан кем емес салтанатым [4, 9].

Шығыс дастандарында жырланған қазақ халқына тән теңеулер мен етістіктер, ұлттық нақыштағы символдар немесе қазақтың дәстүріне сай әрекеттерді байқауға болады. Мысалы, автор мұсылман батырларын түркі халықтарының символы “бөрі”-мен теңеуін алсақ:

Кәпірлер – қой, бұлар қырды аш бөрідей,
Кәпірлер – қамыс, бұлар – от секілді [4, 32].

Тағы бір жерде автор сол дәуірдің саяси идеологиясына байланысты кәпірлерді «орыс»-тармен салыстырады:

Он екі мың ләшкердің бәрі де орыс,
Кәпір өскен жер екен, қылып қуаныш.

Қазақтың ұлттық аспаптарын да дастандарда кездестіруге болады:

Өлеңші домбырасын тартып отыр,
Ер Әлиді көп мақтап айтып отыр.
Арыслан мұны естіп тыңдап тұрды,
Батырға уайымды артып отыр [4, 227].

- деп жырланса, тағы бір жерде кәпірлердің Қитар патшалағында «домбыра, сырнай, қобыз» («Қисса Салсал»-дың 303 тармағында) тартып отырғанын жырлайды.

Қазақ халқына тән қасиетті жеті санын дастандарда көп кездестіруге болады.

Шақырған соң жетіп келді Омар Бабаң,
Жеті пайғамбарға қызмет қылған тамам.
Жеті пайғамбардан жеті түрлі үлес алған,
Баба Омар айтайын жайын саған.

Күллі мұсылмандардың діни мейрамдарымен қатар, Мәулекей жыраушы түркі халықтарына ортақ көктемнің Өз-наурыз мейрамын да өз дастандарында келесідей жырлайды:

Қуанып Лат, Манатты жад қылады,
Айт, наурыз келгендей шаттанады.
Шаттыққа толғаннан Жәмшид патша,
Қуаныш барабанын қақтырады.

Наурыз мейрамының шығу тегіне байланысты әлі толық зерттелмеген. Дегенмен сол дәуірдің пайымдауы бойынша бұл мереке түркі халықтарына ортақ «жаңа жыл» мерекесі болып саналады.


М.Жұмашұлы қазақ даласының Ресей Патшалығының қоластында болғандықтан кейбір тұстарында орыс тілінің қоса жырлағанын 2743-ші тармағында байқауға болады:

Мәлікаждарды сөгеді Жәмшид патша,
“Келгенде “здрости!” демедің”, - деп [4, 95].

Дастанның соңғы шумағында орысша сөздерді қоса отырып, дастанның 1879 жылы жазылғанын баяндады:

Болды мың сегіз жүз жетпіс тоғыз
Май числоға болды ғой тамам отыз [4, 208].

Хазірет Әли соғыстарын суреттейтін, Қазақстанда алғаш рет зерттеліп жатқан тағы бір нұсқасы – “Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан” дастаны. Қолжазба “Әл-Фараби кітапханасы”-ның Сирек кітаптар қорында 261-ші нөмерімен сақталып тұр. Үш жүз парақтан (600 беттен) тұратын “Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан” дастан кітабының «92а» парағынан бастау алады [8, 92а]:



Дастанның өзі 260 парақтан, яғни 520 беттен тұрады. Қолжазба ортағасыр түркі тілінде (шағатай тілі), қарапайым ауызекі тілімен, араб графикасымен (яғни талиқ жазуымен) жазылған. Авторы белгісіз. Қолжазбаның жазылған мерзімі де белгісіз. Дегенмен мәтіннің соңғы бетінде Хижа күнтізбесімен 1324 жылы (шамамен ХХ-шы ғасырдың басы) жазылған.


Қолжазба атауының семантикасына тоқтайтын болсақ, “қисса” сөзі араб тілінен “әңгіме”, “тарих” деген мағынаны білдіреді. Өткен ғасырда қисса сөзі – «кітап өлеңдер», жалпы «кітап болып басылған дүниелер» дегенді білдірген, бұл кезде аталған әдебиет жанры, мазмұны, идеологиясы, авторлы, авторсызы, тілі, пайда болған уақыты, адресаты жағынан ажыратылмаған [2, 221]. «Джанкнаме» сөзі парсы тілінен аударғанда «соғыс туралы хат немесе жазба» дегенді білдіріп тұр. “Рисале” رساله “ сөзі араб тілінен аударғанда «хат, жазба» мағынасын қайталағандықтан, бұл сөз артық тұрған сияқты. “Шаһ-и Мардан” парсы тілінен алынған сөз тіркесінің мағынасы “жігіттердің патшасы”. Ол – Хазірет Әлидің (р.а.) лақап аттарының бірі.

Қолжазбада парсы тілінен кірме сөздер, теңеулер, шылаулар, қару-жарак атаулары жиі кездеседі. Мәтін ішінде парсы, араб тілінің сөздері, тілдік элементтері, теңеулер көп кездеседі. Әсіресе тәуелдік жалғаулар мен сөз тіркестерінде байқаймыз.

“Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан” қолжазбасын екі жақтан қарастыруға болады. Ең алдымен, ол – Хазірет Әлидің соғыстары мен Ислам дінін тарату мақсатында жорықтарының бірден соң бірі жалғасып жатқан діни әңгімелер жинағы. Қолжазбада кездескен сахабалардың есімдері, діни-ислами рәсімдері, намаз уақыттары, кәпірлермен шайқастары, Құран аяттары, дұғалар, мұсылмандардың соғысқан елді мекен атаулары, т.б. діни оқиғаларды зерттеуде дерек ретінде қарастыруға болады. Екінші жағынан, “Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан” қолжазбасы – фольклор және әдеби жанр ретінде мифологиялық шығарма. Хазірет Әлидің Пайғамбарымыздың (с.а.с.) күйеу баласы мен төрт халифаның бірі болуымен қатар, батырлығы мен ерлігі, Ислам үшін басынан өткізген оқиғалары, соғыстары ел аузында таралып, діни дастандарда оны мифологиялық ғажайып кейіпкер ретінде сипатталады. Мысал ретінде, Хазірет Әлидің екі басты айдаһармен шайқасуы, өзінің “зұлфиқар” атты қылышымен бір ұрғанда мың әскерді талқандауы, “Дүл-дүл” атты таңғажайып ақылды жылқысының дұшпандарға жеке тойтарыс беруі, оның мың шақырымдық жерден бір мезетте жетуі, т.б. [9, 177].

Діни оқиғалармен қатар, қолжазбада ономастикалық және топонимикалық атауларға толы. Дастандағы соғыс әрекеттерінің бәрі Иран мен Орта Азия аумағында орын табады. Шығармада соғыс жерлері, қоныстары, мекен атауларынан кездесетін Науадир, Хиуаран, Хауарзамин, Сейілзамин, Һажун, Қарбала даласы, Аһанруба тауы, Харазм (Хорезм) сияқты топонимдік жер-қала атаулары дәлел бола алады. Кәпірлердің есімдерінен Қатара-уль Айн, Шеһр, Науафель, Фирузи шах, Масқара, Жәмшид-шаһ, Шахи-Хуаран, Самандар палуан, т.б. адамдардың есімдерін байқауға болады. Мысалы, Садуақас, Абуль Муаджан (Әбілмәжін), Қамбар баба, Амир Мусибат қазы, Хасани Рыза, Имам-Хусейн, Жәбрейіл (а.с.), Мәлікәждар, Сахиб-қыран, Мелеке-и Деляфруз, т.б. сияқты кейбір Ислам үшін күрескен мұсылмандардың есімдерін кездестіруге болады. Кәпірлердің есімдерінен Қатара-уль Айн (Қитар), Шеһр, Науафель, Фирузи шах, Масқара, Жәмшишаһ, Шахи-Хуаран, Самандар палуан, т.б. адамдардың есімдерін байқауға болады. Тіпті кейіпкерлердің есімдер арқылы парсы мәдениетінің мифологиялық әдебиетінің ықпалын байқаймыз. Мәселен, Рүстем Жәмшид сияқты кейіпкерлер біздің заманымызға дейінгі өмір сүрген Иранның аңыз-әңгімелерінде кездесетін тұлғалар. Сонымен қатар, соғыста қолданылатын “зұлфиқар”, “амуд керан”, тир, найза, қалқан, шокпар сияқты қару-жарактардың да атаулары берілген.

“Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан” қолжазбасы М. Жұмашұлының өзінше жырлаған жерлері мен қазақ халықнама сай элементтерін қоспағанда, “Қисса Салсал”-дың мазмұнына ұқсас келеді, тіпті оның жырмен жазылған бір нұсқасы деп айтуға болады. Екі еңбектегі ерекшеліктерінің бірі де осы. Алғашқысы прозамен жазылса, екіншісі дәл сол нұсқаның өлең-жырмен жазылған варианты. Екі дастанның басталуы Пайғамбардың (с.а.с.) киік мысалға келтірсек болады. “Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан” нұсқасында Пайғамбарымыз (с.а.с.) намаз қылып, батикасын оқығаннан кейін, киік етін жегісі келгенін хабарлайды [8, 92b]:



“Бүгін көңлүм киік гүшти / Тилидүр кимдүр маңа киік алыб...”

“Қисса Салсал” жырында Мәдина қаласында бір күні Пайғамбар Мұхаммед (с.а.с.) Әбубәкір, Омар, Осман, Әли, азаншы Біләлменен отыз үш сахабасымен бірге намаз оқып отырды деп басталады. Жырдың 165 тармағында былай делінген:

- Жарандар тыңдап отыр айтқан сөзім,
Аз-маз сөз алып жүрсең өсиетім.
Кім қылар осы айтқан бір қызметім,
Көңіліміз тілеп отыр киік етін.

Хазірет Әли туралы хикаялары мен дастандары әр елде әртүрлі болып берілген. Мысалы, Түркияда осындай діни әңгімелерді “сиер” деп атаса, Иранда оны “Джангһайе Хазіреті Әли, Сиер-е Хазіреті Әли, Ғазават-е Хазіреті Әли” деп те атайды.

Түркияның түркітанушылары Хазірет Әлидің соғыстары туралы жазбаларды тауып, зерттеп жатыр. Мысалы, түрік тарихшысы Р. Салук түрік деректерінде Хазірет Әлиге қатысты жиырма екі батырлық дастандары

(джанкнамалары) белгілі екендігін айтады [10], Соған қоса И.Четин [10], О.Айқач [12], А.Өзтүрік [13], М.Аталан [14], Н.Ильхан [15], т.б. түркітанушылардың еңбектерін мен мақалаларын атауға болады.

Қорытынды. Қазақ даласында табылған аңыз-дастандардың, хикаялардың, діни-батырлық жырлардың ауыз әдебиеті болғандықтан, оның нақты қай уақытта, қай елде айтуға қиын. Дегенмен Ислам тарихында нақты із қалдырған оқиғалар желісі арқылы анықтауға мүмкіндік береді. “Қисса Салсал”, “Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан”, “Әли туралы соғыс” сияқты дастан, жырлардағы кездестірген топонимикалық атауларды (жер, су, тау, қала, құдық атаулары) пайдалана отырып, Ислам діні мен тарихын зерттеген теологтардың еңбектерімен салыстыруға болады. Екінші мәселе – қолымыздағы “Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан” дастаны мен “Қисса Салсал” жырларының басталуы, үрбейтін оқиғалар желісі мен кейіпкерлердің есімдері, топонимикалық және ономастикалық атаулары сәйкес келгенмен де, дастандардың атаулары әртүрлі болғанын анықталуы керек. Үшінші мәселе, Ислам әлеміне әйгілі болған “Қисса Салсал” (немесе “Салсалнаме”) жыр әлемнің басқа елдерінде (Иран, Ирак, Өзбекстан, Париж) табылған қолжазбалардың түпнұсқасын алып, тарихи оқиғаларды ғана емес, лингвотекстологияға қатысты тілдік ерекшеліктерді анықтап, салыстырмалық жұмыс жасалуы керек.

Қорыта келгенде, Қазақ даласындағы діни дастандарына қысқаша мәлімет бере отырып, оның ішінде Хазірет Әли соғыстары туралы дастандарының Қазақстандағы нұсқалары мен біздің қолымыздағы әлі зерттелмеген нұсқасына тоқталдық. Зерттеуіміздің келесідей нәтижелерге қол жеткіздік:

1) Еліміздің басқа да сирек қорларында сақталып жүрген қолжазбаларды түркітанушылар тарапынан зерттелуіне қажеттілігі туындалып жатыр. Солардың ішінде тілдік жағынан, әдебиет жағынан, тарих жағынан болсын дастандарды зерттеу әлі де маңызды;

2) тілдік жағынан зерттеулердің қажеттілігі мен маңыздылығын көрсетуге тырыстық;

3) араб-парсы әдебиетінің жанрларын Орталық Азияның әдебиетіне үлкен ықпалын тигізсе де, сол заманның жыршылары мен жыраулары қазақ элементтерді қоса отырып, оны “қазақиландырып” алуы, стилін өзгеруі; біздің “Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан” атты дастан прозамен жазылған оның бір көрсеткіші. Демек, Хазірет Әлидің дастандары Орталық Азияда әрі жыр, әрі қисса түрінде таралған.

4) XX ғасырдағы қолжазбалар мен тарихи жанрларды зерттеу қазақ тілінің тарихи зерттеулеріне мүмкіндік туғызады. Дастандардағы ұмытылып кеткен, қолданыстан азайып кеткен кейбір сөздер мен тілдік элементтерді көруге болады. Сондықтан тілдің даму тарихын зерттеген кезде осы мәтіндер болашақ түркітанушылар үшін зерттеу нысаны бола алады деген үміттеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Хазірет Әли. Діни дастандар. – Алматы, 2015. – 432 б. – кітап*
- 2 *Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар) – Алматы: «Ана тілі», 1993. – 320б. – кітап*
- 3 *Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Оқулық, 4-басылуы. – Алматы: «Санай», 1996. – 368 б. – кітап*
- 4 *Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Дін дастандар. – Астана: «Фолиант», 2005. – 344б. – кітап*
- 5 *Әбдуов М.І. Діни эпостың жариялануы және зерттелуі. Қарағанды университетінің хабаршысы, Филол. сер. – №3(55). –97-104 б., 2009, Қарағанды – мақала*
- 6 *Азибаева Б.У. Казахский дастанный эпос. – Алматы: Ғылым, 1998. – 250 с.- книга*
- 7 *Қазақ халық әдебиеті. Дастандар. Көп томдық (ҚазССР Ғылым акад. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер ин-ты.) – Алматы: Жазушы, 1990. – 304 б. – кітап*
- 8 *«Қисса-и Джанкнамалар-и Рисале-и Шаһ-и Мардан. – Әл-Фараби кітапханасы. Сирек кітаптар қорында сақтаулы: Ш.261., араб әрпінде. – қолжазба*
- 9 *Кайранбаева Н. Шағатай тілінде «Қисса-и Джанкнамалар-и Рисале-и Шаһ-и Мардан» қолжазбасының сипаттамасы. «Орталық азия елдерінің араб әлемімен тіл, тарих және мәдениет салаларындағы байланысы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. Алматы, 2019. – мақала.*
- 10 *Saluk R. G. Hz. Ali Cenknâmeleri ve Bir metin: “Esed ile Şah-i Merdan Cengi” Türk Kültürü ve Hacı Bektaşîveli Araştırmaları dergisi Bahar. 2018/Sayı 85. S. 71-85. – мақала*
- 11 *Çetin İ. Tursun Fakih (Hayatı-Edebo Şahsiyeti-Mesnevoleri), Ankara: İLESAM Yayınları, 2002. – kiman*
- 12 *Aykaç O. “Hz. Ali –İfrit Cenginin Yeni Bir Nüshası” Alevilik-Bektaşîlik Araştırmaları Dergisi /sayı 15, 2017. – мақала*
- 13 *Öztürk A. Bilinmeyen bir Hz. Ali Cenknâmesi. Iv. Uluslararası Alevilik Ve Bektaşîlik Sempozyumu (18-20 ekim 2018 ankara) bildiriler kitabı. 309-331 sayfa. – мақала*
- 14 *Atalan M. Türk Kültüründe Hz. Ali Cenknâmeleri. Mezhep Araştırmaları, 1/2 (Güz 2008), ss. 7-27. – мақала*
- 15 *İhan N. Oğuz Türkçesi Metinlerinden Salsal-Nâme'nin Paris Nüshası. Turkish Studies - Language and Literature. Volume 14 Issue 4, 2019. ss. 1907-1924 – мақала.*

References:

1. *Haziret Âli. Dini dastandar. – Almaty, 2015. – 432 b. – kitap*
2. *Syzdyqova R. Qazaq ädebi tılınñ tarihy (HV-XIX ғасырлар) – Almaty: «Ана тілі», 1993. – 320b. – kitap*
3. *Ğabdullin M. Qazaq halqynyñ ауыз ädebieti. Oqulyq, 4-basylyu. – Almaty: «Sanai», 1996. – 368 b. – kitap*
4. *Babalar sözi: Jüz tomdyq. – Din dastandar. – Astana: «Foliant», 2005. – 344b. – kitap*
5. *Äbdouov M.I. Dini epostyñ jarialanuy jäne zerttelu. Qarağandy universitetiniñ habarşysy, Filol. ser. – №3(55). –97-104 b., 2009, Qarağandy – maqala*

6. Azibaeva B.U. *Kazahski dastannyi epos*. – Almaty: Ğylym, 1998. – 250 s.- kniga
7. *Qazaq halyq әdebiyeti. Dastandar. Kөp tomdyq (QazSSR Ğylym akad. M.O.Äuezov atyndaғы Әdebiyet және өner in-ty.)* – Almaty: Jazuşy, 1990. – 304 b. – kitap
8. «Qissa-i Janknamalar-i Risale-i Şah-i Mardan. – Āl-Farabi kitapphanasy. Sirek kitaplar qorynda saqtauly: Ş.261., arab әrpinde. – qoljazba
9. Kairanbaeva N. Şağatai tilinde «Qissa-i Janknamalar-i Risale-i Şah-i Mardan» qoljazbasynyñ sipattamasy. «Ortalyq azia elderiniñ arab әlemimen til, tarih және мәdeniet salalaryndaғы bailanysy» atty halyqaralyq ğylymi-praktikalyq konferensiasy. Almaty, 2019. – maqala.
10. Saluk R. G. Hz. Ali Cenknâmeleri ve Bir metin: “Esed ile Şah-i Merdan Cengi” Türk Kültürü ve Hacı Bektaşiveli Araştırmaları dergisi Bahar. 2018/Sayı 85. S. 71-85. – maqala
11. Çetin İ. Tursun Fakih (Hayatı-Edebo Şahsiyeti-Mesnevoleri), Ankara: İLESAM Yayınları, 2002. – kitap
12. Aykaç O. “Hz. Ali –İfrit Cenginin Yeni Bir Nüshası” Alevilik-Bektaşilik Araştırmaları Dergisi /sayı 15, 2017. – maqala
13. Öztürk A. Bilinmeyen bir Hz. Ali Cenknâmesi. Iv. Uluslararası Alevilik Ve Bektaşilik Sempozyumu (18-20 ekim 2018 ankara) bildiriler kitabı. 309-331 sayfa. – maqala
14. Atalan M. Türk Kültüründe Hz. Ali Cenknâmeleri. Mezhep Araştırmaları, I/2 (Güz 2008), ss. 7-27. – maqala
15. İlhan N. Oğuz Türkçesi Metinlerinden Salsal-Nâme'nin Paris Nüshası. Turkish Studies - Language and Literature. Volume 14 Issue 4, 2019. ss. 1907-1924 – maqala

МРНТИ 17.82.10

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.53>

Кемелбаева А. Ж.¹

¹ҚР Ұлттық музейі,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

ТҰМАР. СҰҚ КӨЗДЕН ҚОРҒАНУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИЕТТЕГІ КӨРІНІСІ

Аңдатпа

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 12 сәуір 2017 жылы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында ұлт жадының тұғырнамасы және жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты ретінде ұлттық кодты сақтай білу туралы нақты айтты: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алмаса, ол адасуға бастайды».

Есте жоқ көне замандардан бері жер бетін мекендеген әр тайпа, әр ұлыс, әр халықтың өзіне тән ырым-тыйымдары және тұтас әулетті қорғап сақтайды деп сенетін киелі заттары болды. Рухани дүниенің қасиетін адамдар ертеден білген.

Тұмар тағу көне – түркілік дәстүр. Тіл-көз, сұқ көзден қорғайтын қасиеті бар тұмар және адам баласына теріс әсері тиетін энергетикалық қара күштердің әсерін бейнелейтін жыр шумақтары қазақ әдебиетінде мол кездеседі. Мақала осы тақырыпты тереңінен қозғайды. Ақындар киелі бейнелер арқылы туған жеріне, отанына, сүйген жарына махаббатын бейнелеп, киелі заттардың тылсым қасиетін дәріптейді.

Түйін сөздер: тұмар, бойтұмар, тіл-көз, сұқ көзден қорғану, киелі заттар, халық, сағыныш, поэзия

Kemelbayeva A. ¹

¹ National Museum of the Republic of Kazakhstan,
Nur-Sultan, Kazakhstan

AMULET. PROTECTION FROM THE EVIL EYE AND ITS REFLECTION IN THE LITERATURE

Abstract

Within the framework of the state programme of the First President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev "Look into the future: modernization of public consciousness" the project "Spiritual Shrines of Kazakhstan" ("Sacred Geography") was created, which included a solid list of the most revered monuments of natural heritage. Within the framework of the project cultural-historical research of nationwide sacred objects is regularly conducted. In addition, it includes the studies of ethnology, religious aspects, worldviews, traditions and spiritual values of the Kazakh people.

For a long time various nations had a strong belief in the vital force of amulets and talismans which in their opinion help to achieve their personal noble goals. Many of them are used for everyday household needs. After all, the world consists not only of material goods. The hearts of people are deeply worried about spiritual values.

In Kazakh poetry sacred objects are praised greatly and clearly. They go back to the national worldview. They are recognized as protection from evil spirits and help to human happiness. Discusses the poetic motives of this topic. Poets glorified love for the Motherland or for beloved one through sacred images and believed in a protective and esoteric power hidden in them

Keywords: amulet, talisman, language-eye, protection from prying eyes, sacred objects, people, longing, poetry

Кемелбаева А. Ж. ¹

¹Национальный музей РК,
Нур-Султан, Казахстан

КУЛЬТ НОШЕНИЯ ТАЛИСМАНОВ – ДРЕВНЕТЮРКСКАЯ ТРАДИЦИЯ

Аннотация

В рамках Государственной программы по статье Первого Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» создан проект «Духовные святыни Казахстана» («Сакральная география»), в который вошел солидный перечень особо почитаемых памятников природного наследия. В рамках проекта регулярно ведутся культурно-исторические исследования общенациональных сакральных объектов страны. Кроме того, в него входит изучение этнологии, религиозных аспектов, мировоззренческих взглядов, традиций, духовных ценностей казахского народа.

Издавна у различных народов существует крепкая вера в жизнеутверждающую силу амулетов и талисманов, способствующих, по их мнению, достижению личных благородных целей. Многие из них используются для повседневных бытовых нужд. Мир ведь состоит не только из материальных ценностей. Еще глубже сердца людей волнуют духовные ценности.

В казахской поэзии глубоко и ясно воспеваются сакральные предметы. Они восходят к народному мировоззрению. Признаются защищающими от нечистой силы и помогающими людскому счастью.

В статье рассматриваются поэтические мотивы данной тематики. Поэты через сакральные образы воспевали любовь к Отчизне, возлюбленной и верили в скрытую в них защитную и эзотерическую силу.

Ключевые слова: амулеты, талисманы, сглаз, порча, защита от дурного глаза, сакральные предметы, поэзия, томление, тоска, народ

Кіріспе. Жер бетін мекендеген барша халықтар сияқты жанды табиғатты пір тұтып, қастерлеген, көзге көрінбейтін рухани және энергетикалық байланыс күштерін түйсік-санасы арқылы терең қабылдаған қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында тұмар және қорғаныш қабілеті бар киелі заттар ерекше орын алады.

Өйткені қазақ дүниетанымында көк аспан, қара жер, жер-су, аң-құс, адам баласы, бәрінің де қасиет, киесі бар. Қазақтың ұлттық санасында, салт-дәстүрінде елдік әдет-ғұрыппен қоса тіл-көздің ұғытынан қорғайтын тұмар туралы сарын көп. Оған поэзия дәлел.

Әдістеме. Хамит Ерғалиевтың ұлттық дәстүрді ұлықтап жазған қос жолы [1, 29 б.]: «Не жетсін келін түскенге, / Төбеннен жауып бауырсақ?!...».

Ұлықбек Есдәулеттің «Түркістан» атты өлеңінде [2, 48 б.] қазақтың байырғы кие, құт деген ұғымы көрініс тапқан: «Қасиетті Тайқазан қайта келген соң, / Қазағымның құты да қайта оралғандай». Эрмитажға экспонат болып кеткен елдік киелі реликвия Тайқазанның елімізге қайта оралуы ырымшыл ақындардың жүрегін шаттыққа бөлеп, рухани қайта жаңғырудың лебін сезіндіргені анық.

Бауыржан Жақыптың «Тайқазан» атты өлеңінде [3, 134-135 б.]: «Бұл қазан – басқаларға арман қазан, / Шүпілдеп нұры Алланың толған қазан. / Жазылып Құран сөзі ернеуіне, / Қағбасы Түркістанның болған қазан. / Кеңдік пен қонақжайлық үлгісіндей / Қазақтың қасиеті қонған қазан. / ...Тайқазан Түркістанға алынған соң, / Басына бақыт қонды қазағымның».

Абзал Бөкеннің «Тұмар» атты өлеңінде [4, 52 б.] ақын өткен мен бүгіннің ажырамас байланысын, Тәуелсіздік бағын жырлайды: «Бас білгізіп жер тарпыған тарпаңға, / Жасы тұрмақ, / Шығады екен қарты аңға... / Қалай оның Елтаңбасы болмайды, / Түлігіне дейін салса ен-таңба?! / Бүгін енді өлген туым тірілді, / Өнұраным жалғап алды ғұмырды. / Босағада қалып келген Елтаңбам / Баяғыша төріме кеп ілінді. / Сөнбегені рас болса санада от, / Ақиқатын айтайықшы пана боп: / Тұмарың ғой бабалардан қалған бұл, / Олай болса, жайдақтатпа, – жаңа, – деп. / ...Белгімізді көтерейік биікке / Көне жұрттан көктеп шыққан, жас елім».

Нәтежелер. Тұмар тағу салты ежелгі түркілерде туған жерді қастерлеуден, отаншылдық сезімнен туса, келе-келе оның тіл-көзден сақтану қасиетін аңғарған. Ақан Құлагерін жоқтап ән [5, 46 б.] шығарған: «Құлагер, құлыныңнан керім едің, / Нағашым сұрағанда беріп едің. / Жылқымды Жыланшыққа айдағанда, / Бір сыншы көзің шыққыр көріп едің».

Ілияс Жансүгіровтың эпикалық ұлы поэмасы – «Құлагер». Құлагердің мерт болуы қоғамдық өзгерістерге ұшырап, қазақ халқының аттан түскен кезеңіне күйінішті тұспал сияқтанды. Ілияс ақын ең әуелі Құлагерді өлтірген сұмдық қызғаныш, күншілдіктің қызыл көзі екенін, қас тұлпарды сыртқы пішінінен жазбай таныған соң секем алған дұшпандық, дәлірегі, тіл-көздің ажалды сұғы екенін жазады. Ілияс Ақан серінің «Құлагер» жырын келтіргенде дәл осы тұсын сәл өзгертіп [6, 203 б.] береді: «Құлагер, құлыныңнан керім едің./ Нағашым сұрағанда беріп едің. / Аттарды Ерейменнен айдағанда, / Оқты көз, у құйылғыр, көріп едің». Кульминацияға таянғанда қас жүйрікке сұқтану молая [6, 150-151 б.] берді. ««Дегенге «Көкшетаудан Құла келді», / Көруге ынтызар боп ел жүгірді. / «Біреудің тіл мен көзі тимесін», деп / Дұға оқып, Ақан жерге түкірінді. / ...Жылқының қырағысы, шежіресі / Күреңбай көзін сүзіп тұрып қалды. / Күреңбай көзі тұнып көп қадалды, / Айналып алды-артына көзін салды. / Естуге Күреңбайдың баулау сөзін / Тарқамай көптің тобы тұрып қалды». Даладағы қу бастан жылқының жүйріктігін таныған Күреңбай сыншы Ақан серіге байлау сөзін [6, 170, 171 б.] айтты: « –Аласың астың алдын, Ақан серім! / ...Отты екен жануардың екі көзі! / Перінің пырағы ма мұның өзі?». Мұның бәрін Құлагердің жендеті Батыраш тыңдап, қарауытып [6, 172 б.] тұрады. «...Аттырып Ақан атын оқты көзге / Тұрғанын білсін қайдан ажал құрғыр. / Не қылсын Ақан оған қарасын ба? / Жау, мейлі, жүре берер жар астында. / Тұмарын Құлагердің шешіп алып, / Сипап тұр аясы мен жаясын да». Сағынайдың асында бәйгеге шапқан Құлагер асқан жауыздықтың құрбаны болып, елсізде жығылып, өліп жатқанда Ақан сері тұлпарының басын құшақтап, оны адам сияқты асқақтандырып, образын өлмес әнге айналдырып жіберді. [6, 207 б.]. Ілияс Жансүгіровтың өзінен бұрын өмір сүрген Ақан серінің зарын жан-жүрегімен езіле жоқтауы расында қазақтықтың киесін қорғау болатын. «Құлагер, қуанышпен қосып едім, / Алдыңнан үмітпенен шошып едім; / Жиылып Арғын, Найман қарағанда, / Тіл мен көз тиер ме деп, шошып едім...».

Талқылау. Тұмар, қорғаныш заттарының пайда болуының түп негізінде зиянды әсерлерден, энергетикалық вампиризмнен, сиқыр арқылы жасалатын қастықтан, ең бастысы тіл-көз, сұқтан қатты шошыну психологиясы жатыр. Әрі бұл құбылыс адамзатпен бірге жасасып келеді. Өйткені адам аласы іште. Абай: «Құйрығы шаян, беті адам, / Байқамай сенде құрбыға!» [7, 127 б.] дейді. Фариза Оңғарсынованың төрт шумақ өлеңі [8, 102 б.] осы құбылысты тап басып айтатын болса керек: «Құпия ғой, құпия адам деген! / Таныс емес жайттар жоқ маған деп ем, / болғандай ем бәрін де көріп, біліп, / әлі күнге мен қалай аман келем?». Көздің құдіреті, жалпы көзқарас туралы Фариза ақын ақиқатты былай [8, 32 б.] толғайды: «Жақсы көру! / Не деген керемет ең! / Қарағаны біреудің жебеге тең! / Бейқам бара жатқан боп, ал ішімнен / кімдер қалай қарайды – елеп өтем. / Өмір сүру үшін де біреулердің / сені жақсы көруі керек екен». Дұшпандық жек көруден шығады. Фариза ақын жырында азаттық соғыс тұспалын «Қабанбай батыр» атты өлеңінде [8, 218 б.] көз арқылы өрнектейді: «Батысым мерлеп Арқамды / алакөзімен тұр атып – / тастауға дайын сұлатып!». Өмірде ақыннан өткен сезімтал жан жоқ. Бұл Қадыр Мырза Әлінің жырында [9, 45 б.] айқын берілген: «Ту сыртымнан қадалған оқты көзді / Жер түбінен сезеді жауырыным».

Тұмар – махаббат символы. Есенқұл Жақыпбектің «Жаным-ау, менің жағама таққан тұмарсың» дейтін әні бұған айғақ. Қасым Аманжоловтың «Орамал» атты романында [10, 100 б.] қан майданға аттанып бара жатқан жауынгерге сүйген жары сыйлаған бойтұмар бейнеленген: «Айнымасқа серттескем, / Айғағым – бұл орамал. / Орамалға тілесем, / Жүрегімді орап ал. / Кіршіксіз ақ орамал, / Көз жасыммен жуғанмын. / Жаным – сендік, қабыл ал, / Бір сен үшін туғанмын». Сағи Жиенбаевтың ғажап лирикаға толы «Моншақ» атты өлеңі бар. Ақын құпиялап бойжеткен қыздың адалдығын сақтайтын бойтұмары ретінде моншақты ерекше поэтикалық бейнелілікпен суреттейді. Моншақтың үзілгені аллегориялық сипатқа ие. Төлеген Айбергеновтың өлеңінде [11, 77 б.] жарты ғасыр бұрын қазақ жастарының арасында қыз сүйіспеншілігін айғақтар бойтұмар кестелі орамал болғанын айғақтай түседі: «Орамал сыйлап Оралда қалдың, / қара бұрымды қыз болып, / Сағынып кеткем сонда мен». Жүмекен Нәжімеденовте [12, 105 б.] бұл тақырыпты терең ашатын жыр жолдары мол кездеседі. Мысалы, қазіргі заманда киімге әшекей, сурет ретінде салынатын кесте, ою-өрнек о баста қорғаныш қасиеті үшін кестеленгенін кәрі тарих айтады. «Ақ саусақ билейді, билейді / кәдімгі ақ мата үстінде. / Көк жіпті сұр ине сүйрейді, / көк ала кестелер түсті де – / Кестелер кенеттен тіріліп, / ну орман өсті де жетілді».

«Ұлттық киімдегі кесте-ою ежелгі қорғаныш болып табылады. Бастапқыда кестеленген өрнектің әрбір элементі нақты мағынасы болатын, мұның көпшілігінің мән-мағынасы қазірде әншейін жоғалып кеткен, әрі біз тек кестеден халық шығармашылығы мен сұлулықты ғана көреміз», [13, 336 б.] – деп славян халықтары киім үлгісіндегі кесте туралы мәлімет жазылған.

Мағжан Жұмабаев «Орамал» [14, 30 б.] атты өлеңде кестенің тылсым күшін құпиялап бергенге ұқсайды: «Қасірет батты жаныма, / Уға толды жас жүрек. / Орамалды жарыма / Бітірем қашан кестелеп...».

Қазақ халқының ұлттық дәстүрінде берік қалыптасқан бата беру салты сөздің ұлы қасиетін терең білгендіктен туған сәуегейлік құбылыс. Баталы құл арымас. Жүмекен ақын сөздің киесін [12, 105 б.] айрықша дәріптейді. «Шіркін сөз-ай, құдіретті ең сен неткен! / Мықтысың сен болаттан, / Осалсың сен шөлмектен. / Сөздің қасиетін сол / Сөз еткен тек мен деп пе ең!».

Бойтұмар рөлін кейде мейман сыйлаған ұлттық киім де атқара береді. Мысалы, Олжас Сүлейменовтың «Ришад, қыр қазағының баласы» атты өлеңінде [15, 67 б.] Американың Небраска штатында кездескен этникалық қазақ баласына тақия сыйлағаны суреттелген. «Мен сыйлаған тақияны / төсіне / басып тұрып, / Қарады-ау бір тесіле. / Үнсіз-түнсіз кетті әкесі бұрылып, / Туған жері түсті ме екен есіне. / Тапты деп бір туысқанын баласы / Қуанып жүр, / маз болып жүр анасы. / Әкесі – адай, / Шешесі – әсем француз, / Ришадты испандық деп қаласын».

Адам үшін ең маңызды дене мүшесінің бірі де бірегейі көз. Көздің қасиеті туралы жиі айтылуы шындық. Оның оң және теріс қасиеті тең. Жұбан Молдағалиевтің «Әттең-ай!» атты өлеңінде [16, 108 б.]: «Өткірге көзін теңесем, /

Қапысыз тиер оқтай бір. / Көмірдей қара демес ем, / Дер едім қара шоқтай бір». Көз бен сөздің құдіретін, энергиясын Жүмекен ақын терең сезініп, керемет жанды образ [12, 130 б.] жасайды: «Бұл жерге келдім ақыл-есті мықтай, / Қадалсын қаңғыған көз – өстім ұқпай. / Отырам қызыл күннің отын ұрттап, / Қанталап қайтатұғын кешкі бұлттай».

Адам көз тойымсыз, ашкөз деген теңеу содан шыққан. Адамның көзі тек топыраққа тояры туралы шығыс әпсанасын Абай «Ескендір» поэмасында жазды. Жүмекен ақын бұл туралы ой өрнегін өзінше беруі [12, 137 б.] тамаша: «Теңіз болса сұлулық, / Болса-дағы қаншама мол, қанша көп, / Сұлулыққа құмартқан көз-оймақпен / Өлдеқашан құйып алып таусар ек». Мұхтар Шахановтың өлеңі [17, 42 б.] осы ойды байыта түспей ме: «Көздер барда қадалатын тамсана / Шын сұлулық қалмақ емес назарсыз». Тұманбай Молдағалиев сүйген қызының бір тал шашын тұмар санайды: [18, 179 б.]: «Бір тал шашың қымбат маған, / Үзіп соны берші, жаным». Мұратбек Оспанов қыздың шашына жыр арнап, [19, 129 б.] сұлулыққа сұқтану ең әуелі шаштан басталарын мегзейді: «Төгілген тоқ балтырға шашың қандай, / Толқыны қара Ертістің тасынғандай. / Сусылдап қос иықтан құлап ақты, / Сұқ көзден қыпша белді жасырғандай». Тегінен, түп-түқияндық негізі күшті кейінгі жас ақындар да ұлттық дүниетаным арқауында тұрған ұғымдарды жырға қосуы қуанышты. Ұларбек Дәлейұлының «Қанымдағы қасқыр иісі» атты өлеңінде [20, 46 б.]: «Бұл дала мәңгілік тұрағым. / Бір сүйем жер үшін у жұтқан / Рух жырыңмен, / Ұлымның бесігін аластап тұрамын. / О, менің қасиеттім, пырағым!». Ұларбек «Мұңлық» атты өлеңінде [20, 30 б.] көз сұғы-ғаламдануға наразы: «Жолымда қорқау жүрсе де, / Көз сұғын қадап қолымда қалған / Соңғы күлшеге. / Білегіне мұң қондырып бізге де / Жетті көктемдер, / Естері ауысқан, ей, ақпан! / Алдынан кесіп өтпендер! / Қанатымен қаққылап оятты / келіп ұйқыман, / Қапияда бір адасып Алтайда / қалған кептерлер!...».

Жас ақын Мирас Асан «Шер-хан» атты өлеңінде [21, 29 б.] қазаққа тән аруақ культіндегі шынайы елдік идеяны растайды: «Батыр сонда да / моласы- мен-ақ, / Жаудан Жер қорғап жататыны бар!». Бұл идея ұмытылмас, елдіктің алтын қазығы сияқты. Жас ақын Қуаныш Медеубаев Мұстафа Шоқай рухына арнаған өлеңде [22, 73 б.] туған жер, атамекеннің топырағы туралы философиялық дүниетанымды айқындай түседі: «Өзіңді аңсап, түнімен жыр ақтара, / Көзден жасым ағады бұлақтана... / Менде бары – бір уыс топырақ пен / Сен деп соғар бір уыс жүрек қана... /...Өлер болсам, өзіммен елден келген / Бір уыс топырақпен жерлесін тек...».

Кейінгі заманда жоқшылықты сылтау қылып, зираттардан металл, құлпытас ұрлау сұмдықтары кездескені шындық. Аруақ культі қазақ дүниетанымының темірқазығы сияқты, бұл шынында Жаратқан Құдайға серік қосу емес, өлгендердің рухына адалдық, бес күндік жалғанды мойындау, өлі мен тірінің арасындағы сыйластық, дәлірегі, ата-бабаларын қастер тұтудан туған елдік асыл қасиет. Төлеген Жанғалиев «Өлі мен өтірік» атты өлеңде [23, 65 б.] бабалар дәстүрін надандықпен бұзған азған ұрпаққа налиды: «Бұл сұмдықты бұрын-соңды кім көрді, / Тірілер-ау, қайда қойдың тіл-көзді? / Аруақты қорладық-ау, қорладық, / Жер астында жебеп жатқан біздерді». Қазақтың санасында туған жер киелі, әркім өзінің туған топырағын қиетті санайды. Мұратбек Оспанов «Алматының азан-қазан базарында...» атты өлеңінде [19, 19 б.] құмалақшы кемпірдің айтқаны дәстүрлі ұғым:

«Киелі бір топырақтан келіпсің ғой қарағым, / Дөп ойланып құмалаққа аударады назарын».

Қорытынды. Елдікті сақтайтын қасиет ұлттың өз уызына жарып, киелі ұғымдарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізе беру ұстанымы екеніне кәрі тарих куә. Ақын-жазушылар өз халқының қорықшылары ретінде мұны қайталаудан танбайды. Мұратбек Оспановтың «Ғаламдану» атты [19, 79 б.] атты өлеңінде ұлттық рухқа мәңгі адалдық тасқа басқан таңбадай тұр: «Тұрмыс-салтың, дәстүрің – санаңнан бір шықпасын, / Түбі көрер бұл құқай біз сияқты ұлтқа сын. / Өзегінді талдырып өз еліңді ойлай біл, / Ұстап тұрып қолыңа өркениет тұтқасын».

Әлемдегі әр түрлі дәуірлер мен мәдениеттерде есте жоқ ескі уақыттағы пұтқа табыну кезеңінен бергі тұмар, киелі қорғаныш заттары ұғымы аса ауқымды. Оның бәрін қамту мүмкін де, міндет те емес. Мысалы, «Көнеде тибеттік Бон мәдениетінде бойтұмарлар өлген ұстаздарының сүйектерінен жасалған. Онда, әлбетте, күш бар, әрі қандай күш десеңізші», [24, 492 б.] (Аударған автор). Фашизм қарызға алған свастика – ежелден бүкіл әлемнің үздіксіз шыр айнала беретін отты символы. Тіпті, адам денесіне салынған бейнелеу өнері – татуировканы құпия қорғаныш, тұмар ретінде пайдалану мысалдары мол кездеседі. Адамзат қиялы шексіз. Алайда халық ғасырлар бойы иемденген асыл дәстүрлер тозбайды, себебі онда киелі ұғымдар мен игілік істері қабысқан.

«Қазақстанның заманауи мәдениетіндегі қасиетті кеңістік: дәстүр мен жаңашылдық» бағдарламасының жобасы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Ерғалиев Х. Өлеңдер. – Нұр-Сұлтан: Foliant, 2019. - 29 б.*
- 2 *Есдәулет Е. Киіз кітап. – Астана: Елорда. 2000. - 48 б.*
- 3 *Жақып Б. Уақыт ұршығы. – Алматы. Жазушы. 2004. - 134-135 б.*
- 4 *Бөкен А. Тәж. – Астана. Foliant, 2016. - 52 б.*
- 5 *Қорамсаұлы А. Шығармалары. – Алматы. 1963. - 46 б.*
- 6 *Жансүгіров І. Өлеңдер. – Нұр-Сұлтан: Foliant, 2019. - 203, 150, 151, 170, 171, 172, 207 б.*
- 7 *Абай. Жастықтың оты жалындап. – Алматы: Жазушы, 2002. - 1 том. 127 б.*
- 8 *Оңғарсынова Ф. Өлеңдер. Нұр-Сұлтан: Foliant, 2019. - 102, 32, 218 б.*
- 9 *Мырза Әлі Қ. Өлеңдер. – Нұр-Сұлтан: Foliant, 2019. - 45 б.*
- 10 *Аманжолов Қ. Өлеңдер. – Нұр-Сұлтан: Foliant, 2019. - 100 б.*
- 11 *Айбергенов Қ. Өлеңдер. – Алматы: Ан Арыс, 2010. - 77 б.*
- 12 *Нәжімеденов Ж. Өлеңдер. – Нұр-Сұлтан: «Foliant, 2019. - 105, 94, 130, 137 б.*

- 13 Ваи талисман. Автор-составитель Афанасьева О. – Санкт-Петербург: Григон, 2006.- стр 336.
- 14 Жұмбабаев М. Өлеңдер. – Нұр-Сұлтан: Foliant, 2019. - 30 б.
- 15 Сүлейменов О. Өлеңдер. Орыс тілінен аударған Қадыр Мырза Әлі. – Нұр-Сұлтан: Foliant, 2019. - 67 б.
- 16 Молдағалиев Ж. Өлеңдер. – Нұр-Сұлтан: Foliant, 2019. - 108 б.
- 17 Шаханов М. Өлеңдер. – Нұр-Сұлтан: Foliant, 2019. - 42 б.
- 18 Молдағалиев Т. Өлеңдер. – Нұр-Сұлтан: Foliant, 2019. - 179 б.
- 19 Оспанов М. Сандықтас. - Алматы: Жанар, 1997. - 129, 19 б.; «Жырүйік», – Семей: Ғалам-Шар, 2005.- 79 б.
- 20 Дәлейұлы Ұ. Қанымдағы қасқыр иісі. – Алматы: Жалын, 2010.- 46, 30 б.
- 21 Асан М. Сүйесің, жүрек, сүйесің. – Астана. 2018 ж.- 29 б.
- 22 Медеубаев Қ. Қара жәшік. – Астана: Foliant, 2013. - 73 б.
- 23 Жанғалиев Т. Ойлы адамда қызық жоқ. – Семей: Ғалам-Шар, 2005.-65 б.
- 24 Руны и амулеты. Магическая символика современного мира. – Москва: АСТ, 2018. - стр 492.

References:

1. Erǵaliev H. Öleñder. –Nür-Sülтан: Foliant, 2019.- 29 b.
2. Esdäulet E. Kiiz kitap. –Astana: Elorda. 2000. - 48 b. 3
3. Jaǵyp B. Uaqyt ürsyǵy. –Almaty: Jazyşy. 2004.-134-135 b. 4
4. Böken A. Täj. –Astana. Foliant, 2016. - 52 b.
5. Qoramsaılıy A. Şyǵarmalary. –Almaty. 1963.- 46 b.
6. Jansügirov I. Öleñder. – Nür-Sülтан: Foliant, 2019. - 203, 150, 151, 170, 171, 172, 207 b.
7. Abai. Jastyqtıñ oty jalyndap. –Almaty: Jazyşy, 2002.- 1 tom. 127 b.
8. Oñǵarsynova F. Öleñder. Nür-Sülтан: Foliant, 2019. - 102, 32, 218 b.
9. Myrza Äh Q. Öleñder. – Nür-Sülтан: Foliant, 2019. - 45 b.
10. Amanjолоv Q. Öleñder. – Nür-Sülтан: Foliant, 2019. - 100 b.
11. Aibergenov Q. Öleñder. – Almaty: An Arys, 2010. -77 b.
12. Näjmedenov J. Öleñder. – Nür-Sülтан: «Foliant, 2019. -105, 94, 130, 137 b.
13. Vaş talisman. Avtor-sostavitel Afanaseva O. –Sankt-Peterburg: Grigon, 2006.- str 336.
14. Jūmbabaev M. Öleñder. –Nür-Sülтан: Foliant, 2019. -30 b.
15. Süleimenov O. Öleñder. Orys tilinen audarǵan Qadyr Myrza Äli. –Nür-Sülтан: Foliant, 2019. -67 b.
16. Moldaǵaliev J. Öleñder. –Nür-Sülтан: Foliant, 2019. - 108 b.
17. Şahanov M. Öleñder. – Nür-Sülтан: Foliant, 2019. - 42 b.
18. Moldaǵaliev T. Öleñder. – Nür-Sülтан: Foliant, 2019. -179 b. 19 Ospanov M. Sandyqtas. - Almaty: Janar, 1997. - 129 b.;
19. «Jyrüiyq», – Semei: Ğalam-Şar, 2005.- 79 b.
20. Däleiiuly Ū. Qanymdaǵy qasqyr iisi. –Almaty: Jalyn, 2010.- 46, 30 b.
21. Asan M. Süiesiñ, jürek, süiesiñ. –Astana. 2018 j.- 29 b.
22. Medeubaev Q. Qara jäşik. – Astana: Foliant, 2013. - 73 b.
23. Janǵaliev T. Oily adamda qyzyq joq. –Semei: Ğalam-Şar, 2005.-65 b.
24. Runy i amulety. Magicheskaia simbolika sovremennogo mira. –Moskva: AST, 2018. - str 492.

МРНТИ 14.07.07

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.54>

Ломова Е.А.,¹ Маймакова А. Д.,² Хавайдарова М.М.³

^{1,2,3} Казахский национальный университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

ФРАНЦУЗСКАЯ МЕНТАЛЬНОСТЬ В РУССКОЙ ЛИТЕРАТУРНОЙ ТРАДИЦИИ

Аннотация

Франция в пушкинскую эпоху занимала исключительное место в культурной и духовной атмосфере русской жизни. Французской язык входил в менталитет русского дворянства, являющегося в тот исторический период хранителем интеллектуальной культуры нации, так что возник некий единый язык культуры.

Позднейшие русские авторы связывали образ Франции, воссозданный в их сознании, с выдающимися деятелями Просвещения и всеобщей культурной традицией этой страны. Но это не освобождало их от критического взгляда на облик французской действительности.

Легкость французов в категории исторического времени сочеталась, с их точки зрения, с новаторством во всех областях, политики и социально- общественной жизни. Русские писатели воспринимали стихию французской эпохи во всех ее проявлениях, отмечая при этом свободу личности, лежащей в основе развития и утверждения европейской демократии. Театральность кажется русскому взору одной из характернейших черт французского бытия и становится знаком и символом всей французской действительности.

Ключевые слова: культурная и духовная атмосфера, интеллектуальной культуры нации, всеобщая культурная традиция

Lomova E.,¹ Maimakova A.², Khavaydarova M.³

*^{1,2,3}Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

FRENCH MENTALITY IN THE RUSSIAN LITERARY TRADITION

Abstract

France at in the Pushkin`s historical period was engaged in very important place in the cultural and spiritual atmosphere of Russian life. The French language was assault part in the mentality of the Russian nobility, became the guardian of the intellectual culture of the nation. These historical circumstances caused the appearing the special common language of culture accepted the both nationalities.

Taking the liberty of French people wish category of historical time was combined, according their opinion, with innovation in all sites of culture, and social public life. Russian writers enlightened the elements of the French mentality in all its manifestations, the freedom of the individual, which was basic of generation European democracy.

The tendency French nationality to performance daily life produced from Russian view one of the most characteristic features of French being and becalms a sign and symbol of French reality as well.

Keywords: cultural and spiritual atmosphere, intellectual culture of the nation, meaningful dialogue of two cultures, universal cultural tradition

Ломова Е.А.,¹ Маймакова А. Д.,² Хавайдарова М.М.³

*^{1,2,3}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

ОРЫС ӘДЕБИ ДӘСТҮРІНДЕГІ ФРАНЦУЗ МЕНТАЛИТЕТІ

Аңдатпа

Пушкин дәуіріндегі Франция орыс өмірінің мәдени және рухани атмосферасында ерекше орын алды. Француз тілі сол тарихи кезеңде ұлттың зияткерлік мәдениетін сақтаушы орыс дворяндарының менталитетіне кірді, сондықтан мәдениеттің біртұтас тілі пайда болды.

Кейінгі орыс авторлары Францияның санасында қалпына келтірілген бейнесін ағартудың көрнекті қайраткерлерімен және осы елдің жалпы мәдени дәстүрімен байланыстырды. Бірақ бұл оларды француз шындығының пайда болуына сыни тұрғыдан қарауға босатпады.

Француздардың тарихи уақыт категориясындағы жеңілдігі олардың көзқарастарымен, барлық салалардағы инновациямен, саясатпен және әлеуметтік - қоғамдық өмірмен ұштастырылды. Орыс жазушылары Француз дәуірінің элементтерін оның барлық көріністерінде қабылдады, сонымен бірге еуропалық демократияның дамуы мен бекітілуіне негізделген жеке адамның бостандығын атап өтті.

Театрлық орыс тіліне француз болмысының ең басты белгілерінің бірі болып көрінеді және барлық француз болмысының белгісі мен символына айналады.

Түйін сөздер: мәдени және рухани атмосферасы, ұлттың зияткерлік мәдениеті, жалпы мәдени дәстүр

Введение. Франция в период с середины XVIII и всю первую половину XIX столетия занимала исключительно важное место в культурной и духовной атмосфере русской жизни. Литература XVIII столетия пыталась воссоздать некую модель реального мира, в котором был бы упорядочен набор случайных и разрозненных предметов, объектов и явлений. При этом единственной точкой пересечения и связи всего разрозненного и случайного в мире остается человек. Он, будучи частью мира физического, способен мыслить абстрактно и логически, что связывает его с миром духовным.

В конце XVIII столетия Россия не чувствовала себя отрезанной от европейского пространства, но Франция литературная и Франция реальная, открывшаяся глазам путешественника, не всегда согласовывались между собой. Первые часы и соответственно первые страницы парижских впечатлений полны энтузиазма и предвкушения долгожданного познания французской жизни.

Русское дворянство французское как некий эталон вкуса и изящества что, впрочем, не меняло его отношения к определенным персоналиям в личном плане.

Времена великой французской революции, восхождение Наполеона и его захватнические войны, события июльской революции 1830 года не охладили интенсивность культурного взаимодействия между Россией и Францией.

Методика. Применение описательно-текстуального метода, включающего приемы интерпретации, анализа и обобщения литературного текста позволило определить основные направления и особенности осмысления французской ментальности и французского характера в русском сознании и выявить основные направления освоения и интерпретации французского образа жизни в русском обществе указанной эпохи.

Применяемая методика позволила уяснить основные точки соприкосновения русской и французской национальных традиций и проанализировать коммуникативные возможности взаимодействия двух общественных и культурных систем.

Результаты. Русская и французская ментальности в свете общекультурной традиции никогда не были антагонистичны в свете общекультурной традиции. Но французский образ жизни не представлялся спасительным и желанным, хотя, с другой стороны, никогда и не был враждебным для русского характера.

Восприятие французского мира глазами русского человека не носило статичный характер, а претерпевало значительные изменения в русском сознании.

Связь образа Франции с просветительской традицией не увязывалась с насилием и варварством по отношению к памятникам культуры, которые русские путешественники наблюдали воочию.

Русский ум не мог достигнуть очевидную легкость французов по отношению к категории исторического времени. Но представители русской культуры признавали несомненное новаторство французов в области политической, культурной и общественной жизни.

Русские путешественники отмечали атмосферу острой состязательности и неистребимого свободолюбия, которые наполняли французскую литературу и журналистику. Видимое пренебрежение к глубокому созерцанию действительности оборачивалась у французов живостью воображения и скоростью коммуникативной реакции, а театральность становилась главным символом французского бытия.

Обсуждение. Литературные тексты XVIII века отражали процесс того, как на русской почве заимствовались чужеземные модели поведения, связанные с бездумным подражанием, зафиксированным в понятиях «обезьянничанья» или «попугайничанья».

В речи галломанов слово как знак с закрепленным смысловым значением может подвергаться координальной трансформации. При этом довольно большую распространённость получает использование высоких, абстрактных или философских понятий, которые подаются в “сниженном или даже пародийном смысле” (1, с.147).

XVIII век стал для России веком пробуждения национального самосознания, обусловленного вхождением в европейский мир, постижением его завоеваний и поиска своего места в европейском пространстве.

Франция в этом смысле была самым ярким представителем европейской цивилизации, и русская культура делала попытки интеграции в качестве полноправного члена межкультурной коммуникации, а, с другой стороны, сохраняла желание признания своей самобытности.

В данной статье рассматривается эффективность изучения латинского алфавита на основе казахской письменности с помощью информационно-коммуникационных технологий, что сегодня признано актуальным. Был подчеркнут термин коммуникация и содержание информационно-коммуникационные технологий, их функций, типы применения, общие направления учебного процесса. Также представлены вопросы перехода на латинский алфавит в Казахстане, методики обучения латинскому алфавиту, коммуникативные особенности обучения латинской графике и роль диалога в ее обучении с помощью ИКТ. Типы навыков, которые формируются у студентов по особенностям латинского алфавита, основанного на казахской письменности, были проанализированы с использованием информационно-коммуникационных технологий, что актуально сегодня. Были рассмотрены асинхронный и синхронный метод обучения, проанализированы бесконечная доска Miro.com, система задач edpuzzle.com, репозиторий Google Drive, система уроков и задач Coreapp.ai, тестовый тип Kahoot.com, obs.studio и другие компьютерные программы. Проанализированы функции инновационных образовательных платформ и эффективность обучения латинскому алфавиту на основе казахской письменности в ИКТ.

Ключевые слова: информационно-коммуникативная технология, латинская графика, обучение, методология, метод, навык, образовательная платформа

Кіріспе. “Ақпарат” сөзі түсіндіру, мазмұндау, әңгімелеу мағынасында жұмсалатын латын тілінің “informatio” сөзінен шыққан. Бүгінгі таңда “ақпарат” сөзі белгілі бір хабарды, жаңалықтарды, белгілі бір оқиғаны білдіреді. “Ақпарат” күрделілігі оның жан-жақты қолданылуымен түсіндіріледі. Айталық, ХХІ ғасыр - *Ақпарат дәуірі* деп аталды. Себебі ақпараттық технология дамып, әлемнің әр түкпіріндегі жаңалықтардың бір мезетте жан-жаққа өте күшті жылдамдықпен ағылып, таратылуымен түсіндіріледі. Әлеуметтану түсіндірме сөздігінде: “Ақпарат (-лат. “informatio” түсіндіру, мазмұндау) ұғымы күнделікті өмірден бастап техникалық салада пайдаланылатын көп мағыналы ұғым. Жалпы алғанда бұл ұғым шектеу, байланыс, бақылау, форма, инструкция, білім, мағына, құрылым, бейнелеу, сезіну тағы басқа ұғымдармен тығыз байланысты” [1, 11 б.] - деген анықтама беріледі. Ақпарат дәуірінде, ақпарат қоғамында өмір сүргендіктен бұл білім беру саласына да тікелей байланысты. Ал, “коммуникация” сөзі хабар алу, алмасу, тасымалдау, хабарды жеткізу ұғымдарын білдіреді. Профессор Ф.Ш.Оразбаеваның зерттеуі бойынша хабардың берілуі бес кезеңді қамтиды [2]: 1. Хабардық пайда болуы; 2. Хабардың жіберілуі; 3. Хабардың жеткізілуі; 4. Хабардың қабылдануы; 5. Хабарға жауап берілуі.

Коммуникация – ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып, жинақтап, жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым.

Адам баласы хабарды тіл, мимика, іс-қимыл, дыбыс, жарық, сурет арқылы берсе, бүгінгі ақпараттық қоғамда хабарды ақпараттық технологиялар арқылы да беру мүмкіндігі қалыптасты. Демек, ақпараттық технологиялардың қарыштап дамуымен қатар, білім беру жүйесінің талаптары мен сұраныстары да арта түсті.

Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар — қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ету, білімді бүгінгі заман талабына сай жанаша, ұтымды және тиімді түрде оқырманның санасына жеткізе білу техника, әдістерінің жиынтығы.

Әдістеме. Ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады. Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану арқылы оқытушы білім алушының интеллектуалдық, рухани азаматтық және басқа да адами келбетінің қалыптастыруына игі әсерін тигізеді.

Латын әліпбиінің негізінде жазуды дамыту – әлемдік қайта жаңғыру тұсында, БАҚ-тың сандық (цифровой) жүйеге өту кезеңінде қоғамның ғаламдық коммуникацияға еркін енуін қамтамасыз етеді. Себебі, “Жазу – адамның дүниені, қоршаған ортаны, жинаған білімі мен білігін ой-санасында пайымдап, белгілі бір заңдылықтарға сүйенген мағыналы тілдік бірлік (языковая единица) арқылы жазбаша көрсетуі. Бұл әрекет – дыбыстық жазудың жүйесімен, әр таңбаның белгісімен, жазбаша коммуникацияның ұғынықты үлгісімен жүзеге асатын күрделі процесс. Ол – ұлт мәдениеті мен адамзат құндылықтарының, елдің өркениетінің көрінісі” [3;113 б.].

Бұл ретте, Елбасының 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығына сәйкес Қазақстан латын әліпбиіне көшу жұмысы басталып, жаңа әліпби жобасы бекітілді[4]. Қабылданған бұл әліпбиінің негізінде Қазақстанда Латын әліпбиін оқыту орталықтары, түрлі әдістемелік көмекші құралдар кешенді түрде жарыққа шығуда.

2019 жылы Егемен Қазақстан газетінде “Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері”[5] жарияланды. Ереженің бастапқы нұсқасы ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында жасалды.

Нәтижелер және талқылау. Бұл ретте қолданылатын әдіс-тәсілдерді жалпылау мақсатында ІТ бағдарламаларын барынша кеңінен қолдану қажеттілігі туындауда. Себебі бірізді, дәстүрлі әдіспен жаңа әріптерді меңгерту бастауыш сынып, тіпті орта сынып оқушыларына тиімді болғанымен, университет студенттері үшін ежіктеп оқу немесе диктант жазып, қатемен жұмыс жасау тиімсіз екені анық. Ақпараттық дәуірде өмір сүргендіктен, қажеттіліктің барлығы интернет ресурстарында кез келген мезетте шыға келеді. Бұл ақпараттың көптігі білім алушы үшін қиындық тудырады сөзсіз. Алайда сол көп ақпаратты қажеттілігіне қарай тауып, қолдана біліп, қорытындылап, тұжырымдап, талдап, өз көзқарасын дәлелдей алу өте үлкен жетістік. Жастар өз уақыттарының басым бөлігін смартфон немесе т.б. гаджеттермен өткізетінін ескерсек, ІТ бағдарламалар кешенімен яғни АКТ арқылы жаңа әліпбиді меңгерту әлдеқайда қолайлы екенін аңғару қиын емес. Сондай-ақ Е.А. Әйрих: “Применение новых информационно-коммуникационных технологий в учебном процессе позволит направить интеллектуальный потенциал обучающихся на позитивное развитие” [6;14 с.] - дегендей, АКТ білім алушының интеллектуалдық әлеуетін арттыруға да септігін тигізеді.

Алайда, АКТ арқылы жаңа әліпбиді меңгертуде жүйелілік ұстанымын барынша басшылыққа алған абзал. Себебі бұл технологияның өзіндік параметрлері мен оларды жүзеге асыру тетіктері бар. Ақпараттық-коммуникативті технологияның жалпы бағыттары:

1. Электронды оқулықтар
2. Телекоммуникациялық технологиялар
3. Мультимедиялық технологиялар
4. Қашықтан оқыту (басқару) (Internet)

Ақпараттық-коммуникативті технологиямен оқыту мынадай міндеттерді көздейді:

- Оқу-әдістемелік, электронды кешендер құру;
- Әдістемелік Web-сайттар ашу;
- Жалпы компьютерлік желілерді пайдалану;
- Инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасау;
- Өздігінен қосымша білім аруды қамтамасыз ету

Бүгінгі күні білім беру үрдісінде АКТ құралдарын бірқатар параметрлер бойынша жіктеуге болады:

1. Шешілетін педагогикалық міндеттер бойынша:

Базалық дайындықты қамтамасыз ететін құралдар (электрондық оқулықтар, оқыту жүйелері, білімді бақылау жүйелері); практикалық дайындық құралдары (есептер, практикумдар, виртуалды конструкторлар, имитациялық модельдеу бағдарламалары, тренажерлер); көмекші құралдар (энциклопедиялар, сөздіктер, хрестоматиялар, компьютерлік ойындар, мультимедиялық сабақтар).

2. Білім беру үдерісін ұйымдастырудағы функциялар бойынша:

Ақпараттық-оқыту (электрондық кітапханалар, электрондық кітаптар, электрондық мерзімді басылымдар, сөздіктер, анықтамалықтар, оқытатын компьютерлік бағдарламалар, ақпараттық жүйелер); интербелсенді (электрондық пошта, электрондық телеконференциялар); іздеу (каталогтар, іздеу жүйелері).

3. Ақпарат түрі бойынша:

Ақпараттық ресурстар (оқулықтар, оқу құралдары, есептер, тестілер, сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедиялар, мерзімді басылымдар, сандық деректер, бағдарламалық кешендер және оқу-әдістемелік материалдар); көрнекі ақпараты бар электрондық ресурстар (коллекциялар: фотосуреттер, портреттер, иллюстрациялар, үдерістер

мен құбылыстардың бейнефрагменттері, тәжірибелерді көрсету, бейне экскурсиялар; статистикалық және динамикалық модельдер, интерактивті модельдер; символдық объектілер: схемалар, диаграммалар); аудиоапараты бар электрондық ресурстар (өлеңдер, дидактикалық сөйлеу материалдары, музыкалық шығармалар, тірі және жансыз табиғат дыбыстары, синхрондалған аудио объектілер); аудио және бейне апараты бар электрондық ресурстар (тірі және жансыз табиғаттың аудио және бейне объектілері, пәндік экскурсиялар);

4. *Нысан бойынша өзара іс-қимыл:*

Асинхронды байланыс режимінің технологиясы – “offline”;

синхронды байланыс режимінің технологиясы – “online”.

Қазіргі кезде ақпараттық технологиялардың дамуы оқыту мәселесінде де қоғамдық сұранысқа ие екендігі айқын байқалады. АКТ арқылы оқыту жаңашылдығымен ғана емес, тиімділігімен ерекшеленіп жүр. Сонымен бірге қазақ тілді сайттар мен бағдарламалар күн сайын толығып, өз қолданушыларын табуда. Қарқынды өсіп келе жатқан қазақ тілді сайттарға деген сұраныстың артуы оның әлеуметтік тұрғыдан сұранысқа ие екенін көрсетеді.

Латын әліпбиін оқытуда *тілдесім* әрекеттерінің маңызы зор. Латын әліпбиін оқытуға арналған әдістемелік зерттеулердің қай-қайсысы да тілдесім, оның ішінде *оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым* әрекеттерін қамтымай оқыта алмайды. Ол қазақ жазуына негізделген латын әліпбиін меңгеруде қалыптастыратын дағдылармен де өте тығыз байланысты. Жалпы дағды – адамда автоматтану түрінде қалыптасқан бір іс-әрекет. Латын әліпбиінде жазу дағдысын қалыптастыру екі жолмен жүзеге асады. Біріншісі, *сенсорлық дағды*, яғни оқушының сезім мүшелері арқылы әріптерді тану, жазу, оқу *оқылым* және *жазылым дағдысын* қалыптастырады. Қабылдау, түсіну, ұғу, тұжырымдау, пайымдау, қорығу, дәлелдеу арқылы дағдының *интеллектуалдық* түрін қалыптастырады. Интеллектуалдық дағды түрлеріне оқылым, жазылым, іскерлік, білім-білік, сөйлеу, т.б. дағдылары жатады. Дағды – білім алушыға ең қажетті құрал. Оқылым дағдысы – жазбаша мәтінді түсіну және қабылдаумен байланысты әрекеттің автоматтанып, дер кезінде, жылдам істелуі. Оқылым дағдысын қалыптастыратын оқылымның зерделік оқылым, танымдық оқылым, ізденімдік оқылым, көрсетімдік оқылым [2] түрлері мәтіндік тапсырмаларды орындату арқылы қалыптастырады. Жазылым дағдысы – ойды жарыққа графикалық үлгіде шығарудың дағдыға айналған түрі. Жазылым дағдысын графика мен орфографиялық нормаларды жетік меңгерудің жолдарын қалыптастыратын жазбаша тапсырмалар беру арқылы дамытады. “Әліпби мен дыбыстың графикасын жүйелі меңгерту – оқу мен жазуға үйретудің алғашқы баспалдағы бола келіп, тілүйренушінің қажетті дағдыларының қалыптасуына негіз болады” [7; 44 б.]. Түсіндіру, әңгімелеу, қорғау, сипаттау, суреттеу – тыңдалым, айтылым, тілдесім әрекеттері арқылы *сөйлеу дағдысын* қалыптастырады. Сөйлеу дағдысы білім алушылардың тілдік амалдар арқылы лексикалық қорын, ойын жүйелі, нақты жеткізуге, тіл мәдениетін қалыптастырып, шешен сөйлеуге тәрбиелейді. Тыңдалым әрекеті арқылы білім алушылар қазақ жазуына негізделген диктант жазып төселеді. Айтылым, тілдесім әрекеттері арқылы білім алушылар алған білімін қорытып, өз тұжырымдарымен, көзқарастарымен бөліседі. Қазақ жазуына негізделген латын әліпбиінің тарихы, теориясы туралы білімін қорытындылау, дәлелдеу, тұжырымдау, салыстыру – *ақыл-ой, білім, білік дағдыларын* қалыптастырады. Ақыл-ой, білім, білік дағдылары білім алушылардың латын әліпбиінің тарихы, теориясы, методологиясы жайындағы білімдерін тереңдетіп, біліктіліктерін арттырады. Қазақ тіліндегі термин, кәсіби сөздерді және жалпы лексикалық қордың орфографиялық нормаларын, жазылу емлесін меңгеру – *іскерлік дағдысын* қалыптастырады. Қазақ жазуына негізделген латын графикасы грамматологияны, орфографиялық нормаларды, жазудың емле ережелерін қамтиды, сондықтан оларды меңгеру білім алушылардың іскерлік дағдыларын дамытады.

Латын әліпбиін АКТ арқылы оқыту синхронды және асинхронды түрде жүзеге асады. Оқытудың екі тәсілі де білім алушыға өте қажет, яғни біржақты қолдануға болмайды. Синхронды тәсіл арқылы оқытушы тақырыпты түсіндіріп, баяндап, сауал қою арқылы кері байланыс алып, білім алушылар өз жобаларын қорғай алады. Синхронды тәсіл *түсіндіру және түсіндірмелі-иллюстративтік* т.б. әдістерді қолдануға өте тиімді. Мұндай әдістердің ұтымдылығы қашықтықтан оқығанда оқытушы мен білім алушылардың бетпе-бет түсіндіру, баяндау, әңгімелеу әрекеттері және білім алушылардың ғылыми жобаларын қорғап, талқылағанда көрінеді. *Түсіндіру әдісі* – білім мазмұнын, оның заңдылықтарын, жолдарын, ерекшеліктерін ауызша баяндау немесе дәріс жүргізу арқылы білім алушыларға ұғындыру. Түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс – оқытушының білім алушыларға білім мазмұнын түсіндіру барысында әр түрлі көрнекі құралдары мен компьютерлік бағдарламаларды пайдалана отырып жүзеге асыруы. Осыған сәйкес ZOOM.US – платформасын, www.whatsapp.com - интернет-сферасындағы бейне байланысты, www.skype.com әлеуметтік желісін, Discord.com – әлеуметтік желісінің аудио байланысын, Google.meet бейне байланысын және т.б. интернет платформалары мен желілерді қолдануға болады.

Ал асинхронды оқыту тәсілі арқылы білім алушылар алған білімін қорытындылап, тұжырымдап, салыстырып, иллюстрациялап, қолданып, тексеріп, эксперимент жүргізіп, дәлелдеп, өз жобаларын жасай алады. Осы орайда асинхронды оқытудың ерекшелігі – қолданылатын әдіс түрлерінің де, компьютерлік бағдарламалардың да көптігі. Айталық, “INSERT” әдісі, “Кластер” әдісі, “Фишбоун” әдісі, “SWOT” – талдау әдісі, “Кейс – стади” әдісі, т.б.

“INSERT” әдісінде оқылған мәліметті түртіп алу жүйесі бойынша таным түсінігін қалыптастырады. Жаңа материалмен таныса отырып, түртіп алу жүйесімен мәлімет жинайды, саралайды, бағалайды. Тапсырманы оқып, түртіп алу жүйесі бойынша жұмыс жасалады: W- білемін; + жаңалық; – білмеймін; ?- білгім келеді; кесте жүйесі бойынша жұмыс жасайды. Бұл кесте жүйесін латыннегізді әліпбиді АКТ арқылы меңгеруде Google – кесте онлайн-қосымшасы арқылы жүзеге асыруға болады.

“Кластер” әдісінде идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды жинақтайды, тұжырымдайды. Тақырыптардың байланыстары туралы сұрақтар құрастырып, оларға жауап іздейді, идеяларды жинақтайды. Тұжырымды ойларын қарталарға түсіріп, топтық жұмыс қорғалады.

“Фишбоун” әдісінде (Жапондық профессор Исикава бойынша) жаңа мәліметті, идеяларды сұрақ-жауап арқылы жаза отырып, қорытынды ойларын жинақтайды. Берілген мәлімет бойынша өздері сұрақ қойып, жауабын топтық жұмыста талқылауға, ой қорытуға белгілі бір қорытындыға келуге жетелейді. Постерге балықтың қаңқасы суретін салып, басына тақырып жазылады. Денесінің жоғарғы жағындағы қанаттарға идеяның себептері, төменгі қанаттарға идеяның салдары жазылады. Түйінді ой құйрығына жазылады. Кейін ауызша, жазбаша кері байланыс беруге болады.

“SWOT” – талдау әдісінде оқушының бір мәселе бойынша ойлау, талдау, салыстыру қабілетін дамытады. Өз пікірін ашық айтуға дағдыланады. Сабақты қорытындылау барысында және кері байланыс беруге қолданылады. Бұл әдісті қолдану барысында мәселенің жағымды, жағымсыз жақтарына сараптама беріледі, мүмкіндіктері бағаланып, қауіп-қатерлері туралы нақты дәлелдер келтіріледі.

“Кейс – стади” әдісінде нақты болған немесе ойдан шығарған жағдаятты талдап, болжайды. Оқушылардың есте сақтау қабілеті артады. Мәселелерді шешуге, баламасын анықтауға, мақсаттарын айтуға, талдауға мүмкіндік береді. Жұмысты жүргізу үшін бір жағдаят ұсынылады, оны бөліп-бөліп кезекпен оқиды, немесе айтады, қалғандары талдау жасап, өз ойларын ортаға салады.

Бұл асинхронды оқыту тәсілінде Miro.com шексіз тақтасы, edpuzzle.com тапсырмалар жүйесі, Google Drive қоймасы, Cogearp.ai сабақ және тапсырмалар жүйесі, Kahoot.com тест түрі, obs.studio және басқа да компьютерлік бағдарламалар өте тиімді.

Қорытынды. Қазақ жазуына негізделген латын әліпбиін АКТ арқылы оқытудың тиімділігі:

- Латын әліпбиін меңгеруге қызығушылығы артады;
- шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелейді;
- қосымша мәліметтер береді;
- өз білімін шыңдауға көмектеседі;
- уақытын үнемдейді;
- көрнекілікті өзі жасай алады;
- компьютерлік сауаттылығы ашылады;
- шығармашылық қабілеті арта түседі;
- білім, біліктілік дағдылары дамиды.

Осы ретте латын графикасына негізделген қазақ жазуын АКТ арқылы меңгерту әдістемесінің әзірленуі тек қазақ халқына ғана емес, сондай-ақ қазақ тілін меңгеруші түркі халықтары мен өзге ұлттарға да қашықтан оқыту ретінде қызмет ете алады.

Қазіргі кезде интернет ақпарат таратудың және алудың басты арнасы болып отыр. Интернет көмегімен жастар білім алып, әртүрлі жақсы/жаман дағды қалыптастырып та жататыны белгілі. Сонымен қазақ тіл білімінде латын әліпбиін онлайн және офлайн оқыту мәселелері назардан тыс қалып жатқан жайы бар. Сондықтан бұл мәселе қазіргі кезде кезек күттірмейтін аса өзекті әрі аналогы жоқ тақырыптың бірі деп айтуға болады.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Тілдік коммуникация парадигмалары: әдеби айтылым мен латынәліпбилі жазылым» атты гранттық жобасы (ЖТН АР08855685) негізінде жарияланды.

Статья опубликована на основе грантового проекта Министерства образования и науки Республики Казахстан «Парадигмы языковой коммуникации: литературное говорение и письмо на латинской графике» (ИРН АР08855685).

The article was published on the basis of a grant project of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan " The Paradigms of language communication: literary speaking and Latin graphic writing" (Grant No. АР08855685).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Биекенов К., Садырова М. Элементтандудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 344 бет.
- 2 Тілдік қатынас негіздері : оқулық / Оразбаева, Ф. Ш., - Алматы : Print-S, 2005 . - 145 б. - кітап.
- 3 Оразбаева Ф.Ш., Иманқұлова М.А. Казахское письмо, основанное на латинской графике: история и методология. Bulletin Almanach science Association France-Kazakhstan, Volume 2, 2018. Входит в базу РИНЦ. 133 с. – С. 113-124. – журнал мақаласы.
- 4 Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы заң. 2017.<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1700000569> (дата обращения: 12.03.2019) - интернет көздері.
- 5 Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері//Егемен Қазақстан. 2019 жыл 18 қаңтар №11 (29490) Б.6-7. – газет мақаласы.
- 6 Е.А. Эйрих. Применение информационно-коммуникационных технологий в учебном процессе – требование международных стандартов// Вестник. Инновационного Евразийского университета. 2012. - №3. – С. 14-19.
- 7 Оразбаева Ф.Ш., Дәулетбекова Ж.Т., Рауандина А.Қ. Сауаттылық кепілі – дыбыстар жүйесінің дұрыс қолданылуы. Абай ат.ҚазҰПУ. Хабаршы. Филология ғылымдары сериясы . No1(71), 2020. – 38-44 бб.

References:

1. Biekenov K., Sadyrova M. Äleumettanudyñ tüsindirme sözdığı. – Almaty: Sözdık-Slovär, 2007. – 344 bet.
2. Tıldık qatynas negızderı : oqulyq / Orazbaeva, F. Ş., - Almaty : Print-S, 2005 . - 145 b. - kitap. 3
3. Orazbaeva F.Ş., İmanqūlova M.A. Kazahskoe pismo, osnovannoe na latinskoi grafike: istoria i metodologia. Bulletin Almanach science Association France-Kazakhstan, Volume 2, 2018. Vhodit v bazu RINS. 133 s. – S. 113-124. – jurnal maqalasy. 4
4. Qazaq tılı älipbiin kirilisadan latyn grafikasyına köşiru turaly zañ. 2017.http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1700000569 (data obraşenia: 12.03.2019) - internet közderi. 5
5. Jaña älipbi negızındeǵı qazaq tılı emlesiniñ erejeleri//Egemen Qazaqstan. 2019 jyl 18 qañtar №11 (29490) B.6-7. – gazet maqalasy. 6
6. E.A. Eirih. Primenenie informacionno-komunikacionnyh tehnologi v uchebnom prosese – trebovanie mejdunarodnyh standartov// Vestnik. İnnovacionnogo Evraziskogo universiteta. 2012. - №3. – S. 14-19. 7
7. Orazbaeva F.Ş., Däuletbekova J.T., Rauandina A.Q. Sauattylyq kepılı – dybystar jüiesiniñ dürys qoldanylyu. Abai at.QazÜPU. Habarşy. Filologia ğylymdary seriesy . No1(71), 2020. – 38-44 bb.

МРНТИ 11:15.23

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.59>

Оралова Г. С.¹

*¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда, Қазақстан*

АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ – ҰРПАҚ ТӘРБИЕСİNДЕ

Аңдатпа

Абай Құнанбайұлы – өмір шындығын дәл бейнелеп, одан қорытынды шығара білген ақын. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың “Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан” атты мақаласын негізге ала отырып, Абай шығармаларының тәрбиелік мәні талданды.

Абай өз шығармалары арқылы әрбір адам оқыған, тәрбиелі, мақсаты айқын, анық болу қажет деген талап қойып, келер ұрпақтың тәрбиесіне ерекше көңіл аударған. Мақалада Абай шығармалары жастарды білімге, ғылымға, еңбексүйгіштікке тәрбиелейтін зор идеялы және ұлттық сананы жаңғыртып, ұлттық кодты айқындауда ұрпаққа рухани жол көрсетер туындылар екендігі талданды. Жақсы өмір сүру, өмірді тану, өнерді үйрену бәрі еңбекпен келетіндігі Абайдың шығармалары арқылы дәлелденген. Ұрпақ тәрбиелеуді үйрететін тағылымды шығармаларының, суреткерлік, сыншылдық, сипаты ғалымдар пікірлерімен дәйектелініп айқындалды. Абай өлеңдерінің сыншылдығы әлем классиктері туындыларымен сабақтастықта талданды. Сөзі орамды, тілі өткір қарасөздерінің тәрбиелік мәні сараланды. Дәстүр жалғастығы аясында Абай шығармаларының өміршеңдігіне, көркемдігіне әдеби теориялық талдаулар жасалынды. Жұмыстың қорытындысында ақынның ғибратты туындылары келер ұрпаққа өнегелі ой, ғибратты үлгі, өмір ережесін, тәрбие тағылымын ұсынатындығы пайымдалған.

Түйін сөздер: қара сөз, толық адам, рухани, даналық, ұлттық сана, дүниетаным, ғибрат, психология, әдеби мұра

Oralova G.¹

*¹ Korkyt ATA Kyzylorda University,
Kyzylorda, Kazakhstan*

EDUCATION ISSUES IN WORKS OF ABAY

Abstract

Abay Kunanbayev is a great poet who skillfully summed up the realities of life that he accurately depicted in his own works. The educational value of Abay's works is analyzed on the basis of the article by the President of the Republic of Kazakhstan Kasym-Zhomart Tokayev "Abay and Kazakhstan in the XXI century" in this article. The purpose of the article is to recreate the national consciousness and define the national code. Abay is a person who looked critically at life and managed to see all the contradictions in it. Abay paid special attention to the upbringing of the younger generation, calling on each of them to learn through his works, set clear goals for the future, be educated and demanding of themselves. The significance of Abay's works with huge ideas of educating young people to knowledge, science, and hard work is analyzed in the article. In works of Abay, it is also proved that to live a good life and learn it, study art and achieve recognition, all these things are

achieved only through hard work. Each poem of Abay is written with the purpose of awakening the consciousness of his people. The literary, critical nature of the poet's works on the topic of educating spiritually developed youth was determined by the opinions of different scientists in this article. The authenticity and veracity of Abay's poems in combination with the works of world classics were analyzed. Their phrases and expressiveness are analyzed. In terms of traditional values, a literary and theoretical analysis of the vitality of Abay's works was carried out. Finally in the article, it was suggested that the poet's works encourage our nation to remain at the height of honesty and dignity, to offer the next generation a moral idea, an exemplary model of lifestyle and education.

Keywords: words of edification, ideal person, spirituality, wisdom, national consciousness, worldview, psychology, literary heritage

Оралова Г.С.¹

¹ Кызылординский университет имени Коркыт Ата,
Кызылорда, Казахстан

НАСЛЕДИЕ АБАЯ – В ВОСПИТАНИИ ПОКОЛЕНИЯ

Аннотация

Абай Қунанбаев - великий поэт, умело подводивший итоги из реалии жизни, которые с точностью изобразил в своих же произведениях. В данной статье проанализировано воспитательное значение произведений Абая на основании статьи Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева “Абай и Казахстан в XXI веке”.

Цель статьи - воссоздание национального сознания и определение национального кода. Абай – человек, который критически смотрел на жизнь и сумел увидеть все противоречия в ней. Абай уделял особое внимание воспитанию подрастающего поколения, призывая через свои произведения каждого из них учиться, поставить на будущее четкие цели, быть воспитанным и требовательным к себе.

В статье проанализирована значимость произведений Абая, являющихся ценными идеями в воспитании у молодежи тяги к знаниям, науке, трудолюбию.

В данной статье художественный, критический характер произведений поэта на тему воспитания духовно развитой молодежи определяется мнениями разных ученых. Была проанализирована подлинность и правдивость стихов Абая в сочетании с произведениями классиков мира. Проанализированы их словосочетания и выразительность. В плане традиционных ценностей был проведен литературный и теоретический анализ жизненности произведений Абая.

В заключении статьи говорится о том, что поучительные шедевры поэта станут для будущего поколения нравственным ориентиром, образцовой моделью образа жизни и воспитания.

Ключевые слова: слова назидания, сверхчеловек, духовность, мудрость, национальное сознание, мировоззрение, психология, литературное наследие

Кіріспе. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев “Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан” атты мақаласында: “Біз ұлттық сананы жаңғыртамыз және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырамыз десек, Абайдың шығармаларын мұқият оқуымыз керек. Оның қоғамдағы түрлі үдерістерге қатысты көзқарасы бүгінгі Қазақстан үшін аса пайдалы. Өз заманының ғана емес, қазіргі қоғамның да бейнесін танытқан Абай – елдік мұраттың айнымас темірқазығы” - деген [1.,5].

Мақалада Абай шығармаларындағы ұлттық болмыс пен бітім, дүниетаным, дін мен тіл, рух, толық адам ілімінің көрінісін талдай отырып, ұрпақ тәрбиесіндегі танымдық тағлымы сөз болған. Ғасырлар бойы халқымыз ұрпағын, елін, ұлтжандылыққа, ізгілікке баулып келеді. Абай ең ардақты, асыл арманын өз халқының келешегі ұлтты жаңғыртуға шақырған. Абай шығармалары арқылы біз ұлттық сананың деңгейін бағамдайтын деңгейге жеттік. Абай - ұлттық ой-өрістің, көркем сөз бен көркем ойдың алыбы. Абай – әрі ақын, әрі философ, өзі айтқандай жан-жақты толысқан адам. С.Торайғыров: “Асыл сөзді іздесең Абайды оқы, ерінбе, адамдықты көздесең жаттап оқы, көңілге”, - [2] деп Абай тағылымын, ғибратын оқып-үйренудің адамның өзін-өзі тануындағы ролін атап көрсеткен. Абай ақынның сарқылмас әдеби мұралары толық талданып бітті деуге келмейді. Абай шығармаларында өсер ұрпақ, келешек ұлт бойындағы болмыс, бітім, мінез, дүниетаным бірегей құбылыс ретінде бағаланған деуге болады. Ақынның “Адамның ең жаманы талапсыздық”, - дегеніндей, бүгінгі ұлтымыздың, ұрпақтың сана-сезімін ояту, ой оралымын ашу, жүрегіне жеткізу, таным дүниесін ашу міндетіміз болып отыр.

Әдістеме. Сөз өнерінің кемел суреткері Абайдың өз айтқандай бүгінгі күнде ұрпақтан – ұрпаққа мирас болып, тарихи дәуірде үзілмейтін, ұласа беретін жалғастық “Атаның ұлы болмай, адамның ұлы болу” үшін адамға қажет “нұрлы ақыл”, “ыстық қайрат”, “жылы жүрек” керектігін естен шығармау абзал. Абай ұлтжандылық, халқын сүю, жерін қорғау, елінің салт-дәстүрін сыйлау, ана тілі мен діні, дінін құрметтеу, бүкіл адамзатты құрметтеу, кісілік, әлемдік мәдениеттен үлгі алуға үндейді. Бүгінгі күні ұлтжандылыққа тәрбиелеуде Абай тағылымын зерделеу маңызды болып отыр. Ақын шығармаларынан ұлағат, өнеге алу арқылы татулық, бірлік, достық, еңбек етіп, ғылымды игеруге бой ұрамыз. Жалқаулық, өсек-өтірік, мақтаншақ, надандықтан бойды аулақ салу, жан-жағына қарап талапшылдыққа ұмтылуға ұрпақты баулиды. Адам бойындағы еңжарлық, жасандылықты “Ең болмаса кеттің

ғой мал баға алмай” деп өкініп, халқын өрге сүйреп, дамыған елдердің қатарынан көрмек болған. Елді басқару мүддесінде Плотондай ойлы, ақылды, парасатты болуын тіледі. Ол Жүсіп Баласағұнның:

Ақыл керек жаһанды ұстап тұруға,
Жүрек керек елге билік құруға.
Ел басқару – бектің ісі қашаннан,
Заң тәртіптің күшімен ол жасалған,-[3.,379] деген қағидаларын есте ұстаған.

Абай поэзиясындағы өзекті тақырыптың бірі де осы ел басқару. Елге бүлік салып жүрген атқамінерлерді, елді басқармайды, қайта бұзады деп болыстардың теріс әрекеттерін әшкерелейді.

Сырттансызбақ, қусынбақ, өршілденбек,
Сабырменен топ жасап бөлек-бөлек.
Қолдан келе бере ме жұрт меңгермек,
Адалдық, арамдықты кім теңгермек,

- деп елді адал жолмен басқаруға шақырады. Елді әділ адам басқарса дауласу, арыз жазу секілді жаман әдеттер болмас еді. Ақынның танымында осы ойлар “Сегіз аяқ” өлеңінде көрінеді.

Таласып босқа,
Жау болып досқа.
Қор болып құрып барасың,

- деп келе елге керегі ауызбірлік екенін

“Көп шуылдақ не табар,
Билемесе бір кемел”,

- деп билеуші, ел ағасы, ақылды, кемеңгер адам болса деп армандаған.

Бірінді қазақ, бірінді дос,
Көрмесең істің бәрі бос,

- деген түйінді ойымен ел басқарушылардың ұстаған саясатымен байланыстырады. Елді адал жолмен басқаруға әділдік керек, адалдық, ауызбірлікте болуға шақырады.

Нәтижелер. Абайды тану – өзінді тану. Адам өз бойындағы ақыл, білім, дәулет, әділет, жақсылық жасау, ақыл, қайрат, ыстық жүректі ізгілікке жұмсау, рухани тұтастыққа айналдыруды Абай танымында толық адам ілімі деп тануымыз керек. Осы қасиетті ізгілікті істерге жұмсап, меңгерген адамды үлгі етеді, ол жаңа жолдың басшысы, - деген өнегелі өсиетін осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет. Абай толық адамға қарсы жарым адамды қояды да, одан арылудың жолы – ғылым, рақым, ғадлет, мәңгілік аласармас биіктік үлгілеріне сипаттама береді. Абайдың 1886 жылы жазылған «Ғылым таппай мақтан ба?» өлеңі кейінгі ұрпаққа, ұлтымызға айтар өсиеті мол шығарма. Бұл – программалық өлең. Өлеңнің өн бойына Абай “Ғылым” деген сөзді айта отырып, адам бойындағы рухани қазынаның үлкені және жігерлі жастың талпынатын арманының мәні – ғылым болу керектігін түсіндіреді.

Ғылым болмай немеңе,
Балалықты қисаңыз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз.
Дүние де өзі, мола да өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз[4].

Өлеңде ақын “адам болам десеңіз” танымының түрлерін саралап, атап өтеді. Оның алғы шарттарын нұсқап, неден бастау керек екенін көрсетіп отырған. “Жалқаулық”, “еріншектік”, “талапсыздық”, “өсек”, “өтірікшілік” әдеттердің бәрін жаман қасиетке теліп, қара сөздерін де өзіннің өткір, шыншыл тілімен мысқылдап сынайды. Білім мен еңбек адамды дұрыс жолға жетелейтінін өз шығармаларында жыр етеді.

Талқылау. Тәжік ғалымы – ақын Ғұламаһи Дауанидің шығармаларына қанық Абай:

Мұны жазған білген құл,
Ғұламаһи Дауани

Солай депті ол шыншыл,

-деп аяқтайды. Осы ойымызды дәлелдеу үшін абайтанушы М.Мырзахметовтың мына пікірін келтіруге болады. “Абай өзінің 38 қара сөзін ғақлия, нақлия туралы пікірін Дауанимен байланысты қарастырған”, - дейді [5., 28]. Олай болса Абайдың танымы Ә.Науаи ықпалымен Дауанидің «ғылым» туралы айтқан ойларымен үндесіп тұрғаны байқалады.

Аз нәрсеге қанағат ету хақында екі ойшылдың айтқандары ерекше назар аудартады.

Мысалы Абай өзінің 37 қара сөзінде: “Ер артық сұраса да азға разы болады. Ез аз сұрар, артылып берсең де разы болмас” - дейтіні бар. Осы ұшқыр ойын ақын: “қанағат”, “рақым” ойлап қой деп өлеңінде ишарат етеді. Осы ойлар Ә.Науаидің: “Азға қанағат - таусылмас бұлақтың көзі, ол қанша алса да бітпейді, қанша қысым жасалса да түгесілмес қазына” - деген ойларымен дәл келіп отыр. [6.,53]

Абай мен Науай шығармаларындағы үндестік рухани ой ықпалдастығы бар екені анық. Келешек жас буынға үміт артқан, ұлт болашағына сенген ақын Абай:

Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,
Көз жетті бір қалыпты тұра алмасқа.
Адамды сүй, Алланың хикіметін сез,
Не қызық бар өмірде одан басқа.

Өлең шумағында қанағатшыл, көпшіл, рақымшыл, ұлы ақынның бейнесі бой көрсетеді.

“Атым адам болғасын, қайтып надан болайын”, - деген шын даналығынан танымдық сәулені көкірегіңе ұялатасың. Әділдік, мейірбандық болмаған жерде ақыл мен қайрат та адамды жақсылыққа жеткізе алмайды деп ой түйеді. Ақыл – таразы, білім – кен, ғылымды игеру арқылы рухани жаңғыруға жол ашылады демек.

Кемел суреткер бала, ұрпақ тәрбиесін, оның өсіп жетілуін үш түрлі себеппен адамның пейіліне, өскен ортасына, көрген үлгісіне байланыстырады. Т.Тебегенов: “Ұлттық тәлім тәрбие – адамгершілік қасиеттерді ұрпақ санасында қалыптастырудың басты көрсеткіші. Хакім Абай өлеңдерінде қазақ ортасындағы жақсылығы мен жамандығы жағаласқан мінез-құлық қасиеттерін егіздей жырлап айту арқылы адамдарды ізгілік жолына бағыттау мұраты көзделеді. Абай – адамдардың кемшілігін жөндеуге тәлім-тәрбие арқылы жақсылық жолына бағыттауға болатын көзқарас ұстанымындағы гуманист – тәрбиеші”, -дейді [7., 27]. Абай қара сөздерінде ақылды тыңдағысы келмейтін өз ойы мен пікірін ғана дұрыс санайтын өзіншілдерді сынап, өзінің рухани келбетін мына сөздерінен аңғартады: “Біреу айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: өз білгенің өзіңе, өз білгенім – өзіме, кісі ақылымен бай болғанша, өз ақылыңмен жарлы бол” - деген дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз» - дейді. Осы орайда есімізге Абайдың қара сөзіндегі ойлары өлеңдерінде де көрініс табатыны түседі.

Наданның бойын басып тұр,
Қараңғылық пердесі.
Ақылдан бойы қашық тұр,
Ойында бір-ақ шаруасы [4.,130]

Бұл арада, хакім өзіншіл, менмен адамдардың дүниетанымын танытатын ойларын ұсынып, тәлім-тәрбиені ұрпақ санасына қалыптастыруда, адамды ізгілікке бағыттаған. “Ақылың мен қайратың екі жақтап”, - деген жолдарда әр адам өз бойындағы ақыл, қайратына жүгіну керектігін және оның себеп-салдарын ұғындырып береді. Абай он жетінші қара сөзінде адам бойындағы жинақтаушы күш ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек деп тұжырым жасайды. Үшеуінің айтысын беру арқылы өлең жолдарына түседі. Адам санасын айтып, адамға ой салудың бұл да бір таптырмас тәсілі. Халықтың көзі ашылып, көкірегіне сәуле түскен сайын ұрпақ тәрбиесі басты мұраттың біріне айналары сөзсіз. Мұндайда тағы Абайды іздейміз. Абайға қол созамыз, иек артамыз, оқыған сайын жаңалық табамыз, тамсанамыз, таңырқаймыз. Абай сөздері бізге күн сайын жол сілттеп тұруы тиіс дейсіз ғой. Абай ойлаған, аңсаған ұрпақ ол-терең ойлы, қайырымды, иманды, инабатты ұл мен қыз. Олар ұстанатын қағиданы да Абай жүрек саумалындай сұрыптап айтып, кеткен. Мысалы:

Жүрегіне сүңгі де түбін көзде,
Сонан тапқан шын асыл, тастай көрме
Кемді күн, қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе, біріндікін, бірің жеткіз!

Бұл сөзді біреу ұқпас, біреу ұғар, - деп кеудесінде сәулесі бар жандарға “тіл ұстартып, өнер шашып” кеткен абыз ақылғой Абай адам атын асқақтататын қасиеттерді айтып, тебірене жырлаған. Ғалым Т.Тебегеновтің зерттеулерінде адамның-ойын қурайтын негізгі сипат ерекшеліктер сараланып, баға беріледі. Психологиялық еңбекте: “Ақыл-жан әлеміндегі қиял, ойлау, ұғым, тіл, ішкі және сыртқы сезім, мінез т.б. алуан мәселелерді қамтитын психологиялық ұғым. Психология ғылымының анықтамалары бойынша ақыл – интеллект табиғаты делінген”. [8.,379] Соған

қарағанда ақын шығармаларындағы аталған даналық қасиеттер Абайдың даралық қасиетінің көрсеткіштерін айқындайды деуімізге негіз бар.

Ғалымның осы пікіріне орай Абай шығармаларының алтын қазығы – адам және оның тәрбиесі ізгілік жолындағы бағыты, ұстанымы мен тағылымын оның шығармаларынан табады. Ұрпақ тәрбиесінде алдымен адамды сүю “Толық адам” қандай болу керек, оның басты белгілері қандай деген сұрақ ақын шығармаларында дәлелденген. Үш ақ нәрсе адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек,- деп санамалап береді. “Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп” деген ойлары тек қазақты ғана емес барша адамды сүю халықтың жолы, ғәділеттің жолы деген тұжырым жасайды. “Әкенің баласы- адамның дұшпаны, адамның баласы-бауырың” деп ғибрат тастайды. Адамның басты қасиеті адамгершілік, махаббат, сезім дей келе, сол адамгершілік тәрбие арқылы келеді деп жырлайды. Ғасырлар бойы халқымыз ұрпағын ізгілікке, өз елін сүюге баулып келеді. Бүгінгі күні ұлттың тілін, ділін, дінін, болмыс бітімін, дүниетанымын, рухын, тұрмыс-тіршілігін, елін сүюге тәрбиелеуде Абай шығармаларының мәні мен маңызы зор. “Елжандылық», “ұлтжандылық” ұғымы жерін қорғау, елінің салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын сыйлау, ана тілін құрметтеу, елінің өркендеуіне үлес қосу болса, осы құндылықтарды Абай шығармаларынан табамыз. Ақын шығармалары арқылы ұрпақ тәрбиесінде қалыптастыруға тиісті мына ізгіліктерге де көңіл аудару қажет:

Өнерді, тілді құрметтеу
Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
Елінді, жерінді, ұлтыңды сүюге, бірлікке үйрету
Берекелі болса ел-
Жағасы жайлау ол бір көл.
Берекенді қайырма
Ел тыныш болса, жақсы сол. [4., 91-92]

Өлеңнен ақынның ұлтымыздың келешегіне үмітпен қарағаны байқалып тұр. Үмітті ойлар құбылысы сезіледі. Ата-ана, туыс-бауырын сыйлау, бүкіл адамзатты құрметтеу, кісілік қасиет қалыптастыру

Кемде күн қызық дәурен, тату өткіз
Жетпесе біріндікін бірің жеткіз
Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен
Қиянатшыл болмақты естен кетір.

Ақынның әлемдік мәдениеттен үлгі алуды насихаттаған туындылары жетерлік. Әлем әдебиетіндегі классик қаламгерлердің дүниетанымымен өз көзқарасын үндестіре отырып, ортақ тағылымды бейнеленген.

Абай мен Гете өзара үндестікті
Жүрегім, ойбай, соқпа енді, жалын мен оттан
Жаралып, жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат

– деген өлеңдегі ойлары Гетедегі: “Жаңа махаббат – жаңа өмір”, “Татулық жыры” өлеңдерімен сабақтас.

Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде ұлтжандылыққа, елжандылыққа тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Абай өмір сүрген заман билік негізінде құрылған феодалдық заман болды десек те, ғибраты мол шығармаларында елді, ұлтымыздың келешегін болжап кеткен. Бірлік, татулық, достық, еңбекке баулу, ғылымды үйрену, талап етуге үндеген. Абай қазақ тағдырының болашағына алаңдаған, өз заманы мен келешек ұрпақтың ұлттық-отаншылдық көзқарастарына қозғау салды. Ұлтымыздың ұрпақ тәрбиесіндегі ата-бабадан жалғасып келе жатқан даналық дүниетанымды назарға алды. Халық тұрмысындағы күнкөріс психологиясын танытатын ұлт тұрмысының тағылымын “Бесінші қара сөзінен» көруге болады. “Түстік өмірің болса, күндік мал жи”, “Өзінде жоқ болса, әкең де жат”, “Малдың беті-жарық, малсыздың беті-шарық”, “Мал тапқан ердің жазығы жоқ», «Қайраңы жоқ көлден без, қайыры жоқ елден без” [9.,101]. Ел ішінде осындай афористік мәнге ие болған сөздерді Абай сынап келе, ұлтымыздың тұрмысы малға тәуелді екенін жоққа шығармайды. Бесінші қара сөзінде: “Бұл мақалдан не шықты?”

“Мағлұм болды: қазақ тыныштық үшін, ғылымы үшін, білімі үшін қам жейді екен, ол малды қалайша табуды білмейді екен, егер малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді екен!” [9.,101]. Абайдың бұл сыны қазақтың күнкөрістік психологиясын танытуы, сынауы емес, ұлтымыз жеке бастың қамын ғана ойламау керек, ғылым-білімді игеру жолына түсіп, мал табудың жолын еске салады. Ақын осы ойларын ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін күресу қажет деп қорытады. Қара сөздерінде айтылатын танымды, тағылымдық өлеңдерінде де еске түсіреді.

Малға достың мұңы жоқ малдан басқа,
Алдарында шама жоқ алдамасқа.
Табысына табынып, қалтаң қағып,
Тойғанынан қалғанын берсе алашқа

Хәкім Абай халқымыздың ұлттық дүниетанымындағы күнкөріс психологиясын еңбек пен ғылымды игеру арқылы ғана мал табуға болады дей отырып назарға алады. Абай келешек ұрпақтың терең ойлы, қайырымды, иманды, инабатты ұл мен қыз болуын, олар ұстанатын қағиданы айтып кеткен. Абай “Менің сөзімді біреу ұғар, біреу ұқпас”, -дей келе, осыны ұғатын ұрпаққа тіл ұстартып, өнер шашып кеткен ақын.

Қорытынды. Ақынның мәңгі өшпес мұраларының өміршендігін мына пікірмен түйін жасағымыз келеді. “Абайдың шығармалары мен көркем образдары онда суреттелген дәуірмен бірге өшіп қалған жоқ. Олардың әсер етушілік қуаты – өз тұсындағы халық өмірін Абайдың мейлінше кемелденген көркем формада бейнелеуінде” [10.,18]. Әр заманның өзіндік саясаты болар, қандай жағдайда да ұлтымызды парасат биігінде қалуға, адалдыққа, абзал кісілікке шақырған.

Ғибратты туындылары арқылы келер ұрпаққа өнегелі ой, ғибратты үлгі, өмір ережесін, тәрбие тағылымын ұсынған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қасым-Жомарт Тоқаев. Абай және ХХІ ғ. Қазақстан. Қазақ әдебиеті газеті, № 1-2 саны, 10 қаңтар, 2020 жыл, 5 б.-газет
- 2 Торайғыров С. Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1989.–321 б.-кітап
- 3 Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.-кітап
- 4 Абай (Ибрагим Құнанбаев) Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 304 б.-кітап
- 5 Мырзахметов М. Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 192 б.-кітап
- 6 Новай А. Х том. – Ташкент: Баспа, 1970. – 450 б.-кітап
- 7 Тебегенов Т. Абайтану ұлағаты. – Алматы: Ұлағат, 2013. – 204 б.-кітап
- 8 Психология-Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық, 7 том–Алматы: Таймас, 2005. – 480 б.-кітап
- 9 Абай қара сөздері. – Алматы: Ел, 1992. – 272 б.-кітап
- 10 Абай энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, Атамұра, 1995.-720 б.-кітап.

References:

1. Qasym-Jomart Toqayev. Abai және ХХІ ғ. Qazaqstan. Qazaq әdebieti gazeti, № 1-2 sany, 10 қаңтар, 2020 жыл, 5 б.-газет
2. Toraiǵyrov S. Tañdamaly şyǵarmalar jinaǵy. – Almaty: Jazuşy, 1989.–321 b.-kitap
3. Balasaǵın J. Qútty bilik. – Almaty: Jazuşy, 1986. – 616 b.-kitap
4. Abai (Ibragim Qúnanbaev) Eki tomdyq şyǵarmalar jinaǵy.– Almaty: Jazuşy, 1986. – 304 b.-kitap
5. Myrzahmetov M. Abaitanu tarihy. – Almaty: Ana tılı, 1994. – 192 b.-kitap
6. Novai A. H tom. – Taşkent: Baspa, 1970. – 450 b.-kitap 7
7. Tebegenov T. Abaitanu ūlaǵaty. – Almaty: Ūlaǵat, 2013. – 204 b.-kitap
8. Psihologia-Adamzat aqyl-oiynıń qazynasy. 10 tomdyq, 7 tom–Almaty: Taimas, 2005. – 480 b.-kitap
9. Abai qara sözderi. – Almaty: El , 1992. – 272 b.-kitap
10. Abai ensiklopedia. – Almaty:Qazaq ensiklopediasy, Atamūra, 1995.-720 b.-kitap.

МРНТИ 11.25.41

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.60>

Пирманова К.К.,¹ Карбозова Б.Д.,² Токмырзаев Д.О.³

¹Казахский национальный университета имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан

^{2,3}Институт Языкознания имени А.Байтурсынова,
Алматы, Казахстан

**ТЕХНОЛОГИЯ ПРОГРАММЫ ПОЛУАВТОМАТИЧЕСКОЙ МЕТАРАЗМЕТКИ И ПРИНЦИПЫ
АВТОМАТИЗАЦИИ МОРФОЛОГИЧЕСКОЙ РАЗМЕТКИ ТЕКСТОВ НАЦИОНАЛЬНОГО КОРПУСА
КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА**

Аннотация

При изучении казахского языка необходимо уделять большое внимание области корпусной лингвистики и изучать ее теоретические и практические аспекты мирового уровня. В специальных изданиях научных журналов также публикуются статьи по общим и конкретным вопросам, касающимся создания и работы текстовых корпусов по всему миру. Однако известно, для казахского языкознания требуется специальное изучение многих вопросов, связанных с корпусной лингвистикой. Оно включает в себя: определение корпусной лингвистики и ее основных

понятий, место корпусной лингвистики в структуре языкознания, методы и т.д. Теоретические и практические аспекты вышеупомянутой корпусной лингвистики также должны быть приняты во внимание при создании базы данных текстов на казахском языке на основе компьютерного корпуса. Если корпусная лингвистика формируется как особый раздел казахского языкознания, она позволит многим специалистам по казахскому языку использовать крупномасштабные экспериментальные материалы, находить необходимые языковые данные и вносить соответствующие изменения. Все это способствует новому взгляду на эмпирические подходы к достоверности исследований казахского языка и внедрению наиболее важных языковых материалов в области науки.

Ключевые слова: корпус, национальный корпус казахского языка, лингвистические разметки, мета разметка, морфологическая разметка

Pirmanova K.,¹ Karbozova B.,² Tokmyrzhayev D.³

*¹al-Farabi Kazakh national university
Kazakhstan, Almaty,*

*^{2,3} A.Baitursynov Institute of Linguistics,
Kazakhstan, Almaty,*

THE TECHNOLOGY OF SEMI-AUTOMATIC META-MARKUP PROGRAM AND THE PRINCIPLES OF AUTOMATING THE MORPHOLOGICAL MARKUP OF THE KAZAKH LANGUAGE NATIONAL CORPUS TEXTS

Abstract

When studying the Kazakh language, it is necessary to pay great attention to the field of corpus linguistics and study its theoretical and practical aspects of the world level. Special editions of scientific journals also publish articles on General and specific issues related to the creation and operation of text corpora around the world. However, it is known that Kazakh linguistics requires special study of many issues related to corpus linguistics. It includes: the definition of corpus linguistics and its main concepts, the place of corpus linguistics in the structure of linguistics, methods, etc. Theoretical and practical aspects of the above-mentioned corpus linguistics should also be taken into account when creating a database of texts in the Kazakh language based on a computer corpus. If corpus linguistics is formed as a special section of Kazakh linguistics, it will allow many specialists in the Kazakh language to use large-scale experimental materials, find the necessary language data and make appropriate changes. All this contributes to a new look at the empirical approaches to the reliability of research in the Kazakh language and the introduction of the most important language materials in the field of science.

Keywords: corpus, national corpus of the Kazakh language, linguistic markings, meta-marking, the morphological marking

Пирманова К.К.,¹ Карбозова Б.Д.,² Токмырзаев Д.О.³

*¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан*

*^{2,3} А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Алматы, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ТІЛІ ҰЛТТЫҚ КОРПУСЫ МӘТІНДЕРІНІҢ ЖАРТЫЛАЙ АВТОМАТТЫ МЕТАБЕЛГІЛЕНІМ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ МЕН МОРФОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛГІЛЕНІМ ПРИНЦИПТЕРІ

Аңдатпа

Қазақ тілін оқу барысында корпуслық лингвистика саласына көп көңіл бөліп, оның әлемдік деңгейдегі теориялық және практикалық аспектілерін зерттеу қажет. Ғылыми журналдардың арнайы басылымдарында сондай-ақ бүкіл әлем бойынша мәтін корпустарын құруға және олардың жұмысына қатысты жалпы және нақты мәселелер бойынша мақалалар жарияланады. Алайда, қазақ тіл білімі үшін корпуслық лингвистикамен байланысты көптеген мәселелерді арнайы зерттеу қажет. Ол: корпуслық лингвистиканы және оның негізгі ұғымдарын анықтауды, тіл білімі құрылымындағы корпуслық лингвистиканың орнын, әдістер мен тәсілдерді және т. б. қамтиды. Жоғарыда аталған корпуслық лингвистиканың теориялық және практикалық аспектілері компьютерлік корпус негізінде қазақ тіліндегі мәтіндердің деректер базасын жасау кезінде назарға алынуы тиіс. Егер корпуслық лингвистика қазақ тіл білімінің ерекше бөлімі ретінде қалыптасса, ол қазақ тілін пайдаланушы әрі қазақ тілінде зерттеулермен айналысатын көптеген мамандарға үлкен көлемді тәжірибелік материалдарды пайдалануға, қажетті тілдік деректерді табуға және тиісті өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді. Осының барлығы қазақ тілін зерттеудің шынайылығына эмпирикалық көзқарасқа және ғылым саласындағы ең маңызды тілдік материалдарды енгізуге ықпал етеді.

Түйін сөздер: корпус, қазақ тілінің ұлттық корпусы, лингвистикалық белгіленімдер, мета белгіленім, морфологиялық белгіленім

Введение. Корпуса делятся на различные подкорпусы в зависимости от их функции. Создание аннотированных корпусов, особенно лингвистических разметок для лингвистических исследований, очень важно и полезно. В зависимости от того, поставлена эта разметка или нет, корпуса делятся на аннотированные и не аннотированные. Даже если разметки корпуса важны для лингвистических исследований, прежде всего, необходимо отсортировать тексты в приложениях и предоставить точную информацию о них.

Типы разметок, которые прикреплены к корпусу, можно разделить на две категории: лингвистические и внешние. Вне лингвистические разметки включает в себя:

- 1) разметка, которая описывает функции форматирования текста (темы, абзацы, пробелы и т. д.);
- 2) разметка, которая описывает автора и текст.

При этом информацией об авторе может быть не только его имя, но и его возраст, пол, годы его жизни и т. д. Текстовая информация, как правило, отличается от темы, на каком языке она написана, год, место издания, название и т. д. Наличие такой информации в корпусе позволяет искать текстовую поисковую систему и, в то же время, создавать необходимый инструмент для идентификации соответствующего документа. Иногда это называется экстралингвистическими разметками, а также используется как метатекстовая разметка или метаразметка. Есть также те, кто определяет лингвистическую разметку как внешний тег, а метаразметку внутренним тегом. Они включают текст и информацию об авторе: автор, название, год, место происхождения, жанр текста, тему, стиль, размер и т. д. Их также делят на библиографические, типологические, тематические, социальные, формальные (тексты, главы, части, абзацы, предложения и т. д.) и технические (исполнители, источники, извлеченные из электронных версий, даты обработки, закодированное время и т. д.).

Методика. У любого текста должен быть автор. Это:

а) если у текста есть автор, будет указано его полное имя; б) В случае нескольких авторов даются имена коллективных авторов. Такие как коллективные монографии, статьи в соавторстве и т.д. ; в) обобщенный автор, такие тексты (т. е. документы, письма, тексты), написанные не отдельным лицом, а коллективом, учреждением; г) некоторые авторы текста могут быть неизвестны. Такие случаи особенно встречаются в газетах и журналах. Авторов таких текстов иногда отмечают условными именами. В случае если у текста нет автора, или же если он неточный, то в метаразметке ячейка предназначенная для автора не заполняется.

При разработке метаразметки нужно решить вопрос: будут ли писать только фамилию автора, необходимо ли написать полное имя, отчество, фамилию или имя и отчество, чтобы записать его в метаразметке. Также необходимо дать ему фамилию до или после, это нужно для последовательности метаразметки. Например: А.Кегенбекова; Автор: Кегенбекова А.; Автор: Алтын Кегенбекова и т.д.

Некоторые тексты не предоставляют информацию об авторе. Например, фольклорные сочинения распространяются устно, а автора нет. В этом случае таблица, в которой представлена информация об авторе, может быть оставлена пустой или вы можете пометить ее как неизвестного автора. Иногда приходится добавлять дополнительные пункты в отношении автора. Например, хотя сказки распространяются устно, есть автор, который собирает все эти сказки. В этом случае вы можете ввести пункт под названием “составитель” в метаразметку.

The difficulty in solving this matter is in: sometimes historic alteration of sounds are at hand but the reasons of alteration are unknown. We state changes of sounds in speech but we cannot explain the change not by the influence of neighbouring sounds, not by the influence of stress, not by analogy of sounds, etc. Such alteration of sounds is called spontaneous.

Quite a lot of scientists worked hard in order to find out the reasons of alternation of vowel sounds. G.I. Ramstadt, M. Ryasyanen, N. A. Baskakov, E.V. Sevortyan, D.G. Kiekbayev, A. M. Chsherbak put forward the supposition that alternation of vowels in the first syllable possibly depends on the influence of combinatory, positional distribution of surrounding consonants or as they consider it depends on the influence of vowels placed in subsequent syllables (affixes). A. Gaben, N.A. Baskakov, E.V. Sevortyan, N.G. Egorov, A.I. Yapharov explain the matter from another viewpoint; they say that vowels underwent changes due to various spontaneous alterations that's why they turned into labial or unlabial, open or narrow, backlingual or forelingual vowels. N.A. Baskakov, E.V. Sevortyan, A.M. Chsherbak, G.I. Ubryatova express the idea that synharmonic variants in Turkic languages appeared possibly because of mixture of different dialects. M.L. Cherkasskiy gives the following opinion about synharmonic variants and parallels. Turkic languages had polysynthetic structure before they turned to be agglutinative in ancient altaic epoch. According to the polysynthetic structure separate words are joined into complexity which is submitted to the law of synharmonism.

Conclusion. Vowels are harmonised not only by their hard, soft, labial features but also by open, narrow features. On account of vowels having carried no phonological load their pronunciation depended on consonants. Because of this qualitative alteration of vowel sounds have arisen. Therefore synharmonic variants and parallels produce the relic remained in the process of evolutionary development of Turkic language structure [2, 54].

References:

- 1 *Ancient turkic dictionary. Leningrad, 1969, 657 p.*
- 2 *Cherkasskiy M.A. Turkic vocalism and synharmonism. Historical typological research experiment. Moscow, 1965, 142 p.*
- 3 *Dialectological Dictionary. Almaty, 2007, 800 p.*
- 4 *Kenesbayev I., Musabayev G. Contemporary Kazakh Almaty, 2010, 300 p.*
- 5 *Kiekbayev D.G. About vowel alteration in the Bashkirian language. Research Notes of Bashkirian State Pedagogical Institute, VIII, philog. series 2, Ufa, 1956, pp.221-229.*
- 6 *Mollova M.K. To the History of Turkic Vocalism. Issues of Linguistics, 1966 № 2, pp. 56-65*
- 7 *The structure of Kazakh language. Almaty, 1991, 123 p.*

References:

1. Drevnetürkski slovar. Leningrad, [*Ancient turkic dictionary*]1969, 657 s.
2. Cherkasski M. A. Türkski vokalizm i singlarmonizm. İstoriko-tipologicheski issledovatelski eksperiment. [*Turkic vocalism and synharmonism. Historical typological research experiment*]Moskva, 1965, 142 s.
3. Dialektologicheski slovar.[*Dialectological Dictionary*] Almaty, 2007, 800 s.
4. Kenesbaev İ., Musabaev G. Sovremennyi kazahski Almaty, [*Contemporary Kazakh Almaty*]2010, 300 s.
5. Kiekbayev D. G. Ob izmenenii glasnyh v bashkirskom iazyke.[*About vowel alteration in the Bashkirian language.*] Nauchnye zapiski Baskirskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo instituta, VIII, filog. seria 2, Ufa, 1956, s. 221-229.
6. Mollova M. K. K istorii türkskogo vokalizma.[*To the History of Turkic Vocalism. Issues of Linguistics*] Voprosy iazykoznanania, 1966 № 2, s. 56-65
7. Struktura kazahskogo iazyka. Almaty, [*The structure of Kazakh language*]1991, 123 s.

МРНТИ 17.82.31

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.62>

Саметова Ж. Ш.¹

¹*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ НЕОРЕАЛИСТІК (МАГИЯЛЫҚ)
КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕРДЕГІ АҒЫМДАР**

Аңдатпа

Көркем сөз кестесімен өрілген әдеби шығармалардың бейнелілігі мен дәлдігін, ұлттық тілдің сұлу айшықтарын жан-жақты танытуда түрлі әдіс пен тәсілдерді қолдану тиімді болып отыр. Соңғы кездері әдебиеттану ғылымының әр саласы бойынша дәстүрлі зерттеулермен қатар әдебиетті жаңа әдіс-тәсілдер, технологиялар арқылы талдау да кең өріс алуда. Осыған орай осы мақала қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдардың жаңа мәселесіне арналады. Яғни, қазіргі әдеби процессті жаңаша бағытта зерттеуге көңіл бөлінбегендігі және бүгінгі әдебиеттің ағымдық жүйесінде көкейкесті мәселеге айналып отыр. Көркем әдебиет үнемі өзгеріс пен қозғалыстағы ұғым болғандықтан, оны зерттеп-зерделеудің әдістемелері де күн өткен сайын жаңарып отырмақ. Сондай-ақ осы

мақалада жаңа дәуір прозасының қалыптасуы мен кемелдену жолын көркемдік ізденістер мен ағымдармен байланыстыра қарастырдық.

Түйін сөздер: қазақ прозасы, реализм, неореализм, магиялық реализм
*Sametova Zh.*¹

¹*Kazakh national pedagogical University named after Abai
Almaty, Kazakhstan*

NEOREALISTIC (MAGICAL) CURRENTS OF ARTISTIC SEARCH IN MODERN KAZAKH PROSE

Abstract

Effectively use different techniques to Express the imagery and accuracy of literary works, intertwined with artistic rhetoric, the beauty of the national language. In recent years, along with traditional research in various fields of literary criticism, literature analysis using new methods and technologies has been gaining momentum. In this regard, this article is devoted to a new issue of artistic pursuits and trends in modern Kazakh prose. In other words, no attention is paid to the study of the modern literary process in a new way and it becomes an urgent problem in the modern system of literature. Since fiction is a constantly changing and moving concept, the methods of its study are updated every day. Also in this article, we have considered the path of formation and improvement of modern prose, linking it with artistic searches and trends.

Keywords: Kazakh prose, realism, neorealism, magic realism

*Саметова Ж. Ш.*¹

¹*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан*

НЕОРЕАЛИСТИЧЕСКИЕ (МАГИЧЕСКИЕ) ТЕЧЕНИЯ ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ПОИСКОВ В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ

Аннотация

Эффективно использовать разные приемы для выражения образности и точности литературных произведений, переплетающихся с художественной риторикой, красотой национального языка. В последние годы, наряду с традиционными исследованиями в различных областях литературной критики, набирает обороты анализ литературы с использованием новых методов и технологий. В связи с этим данная статья посвящена новому вопросу о художественных занятиях и тенденциях современной казахской прозы. То есть, не уделяется внимание изучению современного литературного процесса по-новому и становится актуальной проблемой в современной системе литературы. Поскольку художественная литература – понятие постоянно меняющееся и движущееся, то и методики ее изучения обновляются с каждым днем. Также в данной статье мы рассмотрели путь становления и совершенствования прозы нового времени, связав его с художественными поисками и течениями.

Ключевые слова: казахская проза, реализм, неореализм, магический реализм

Кіріспе. Реализм – өмір шындығы. Тіршілік бар жерде шындық бар. Өмір болған соң әділетсіздік пен шындық қатар жүреді. Бірақ оны қаз-қалпында ашып айтуға мүмкіндік бола бермейді. Сондықтан реалистік шығармалардың өзі көңілдегі күйініш пен қоғамдық өмірдің көлеңкелі тұстарын астарды ишарамен, жұмбақтай айтуға мәжбүр болады. «Әдеби ағымдардың бәрінде де өмір шындығы бар екендігі мойындалмайды. Осыған орай «реализм» дегеніміздің өзі алабөтен алпауыт, өзгелері «былжыраған» бірдеңе деген ой тұмауы керек. Автор ойын қалай ашып жеткізбесін, өз кезеңінің реалистік шындығын өзіндік таңдауымен береді. Бастапқыда қандай бір стиль ойлап тауып өзгелерден оқшауланамын деп ойламайды. Сол кезеңдегі қоғамның саяси ахуалын жеткізудегі ізденісі соған жетелейді. Оған Мағжан поэзиясы мысал. Ол әу баста символист боламын деп ойлаған жоқ. Шындықтың бетіне тура қарауға мүмкін болмаған соң, қазақтың ойын оятар тәсіл іздеді. Қазір ол қазақ әдебиетіндегі символизм стилі болып бағаланып отыр» [1, 76.]- деп жазады өзінің «Қазақ әдебиетіндегі модернизм» атты еңбегінде ғалым Б.Қанарбаева. Бұдан байқалатыны шындықты айтуға болмайтын кезеңде әдебиет пен өнерде «ағымдар» болып түрленіп отырады. Түрлі әдеби ағымдар аталып жүрген «измдер» өмір шындығымен қатарласа дами бермек. Бірінсіз бірінің күні жоқ. Осыдан келіп ағымдардың қандай түрі болмасын көркем әдеби стиль екендігі мойындалады. Әдеби стильдердің мол болуы, суреткерлерді ой тоқырауынан ғана шығармайды қоғамға демократиялық еркіндік те береді. Сол арқылы заман тынысын біліп отыруға мүмкіндік жасайды. «жазушы қай қоғамда өмір сүрмесін, сол қоғамның мән-мазмұнын түсіндіріп бере алмаса, ол жазушы емес» деген екен Вольтер. Ендеше түрлі әдеби ағымдарды пайдалану сол қоғамның барлық қатпарларын, өмір шындығын ашып жазуға жағдай жасайды. Реализмде шек жоқ, ол әлем әдебиетінің барлық түрлеріне ортақ. Бәрінің ішінде өмір шындығы бар. Мәселе, автордың соны қалай, қандай тәсілмен жеткізе білгендігінде.

Талқылау. Осы орайда қазақ әдебиетінің мәңгілік тақырыбы “перілік пен пенделіктің”, “періштелік пен сайтандықтың” басын аша зерделейтін кез туды. Ең бастысы... Қазақ қаламгерінің Жын-Шайтанмен күресуін қолдау

керек пе, әлде оның әдеби барлығын білмегенсіп, түйеқұстай кеңестік дәуірдің теориялық ойларына басымызды тығып алып, ат-тонды ала қашу керек пе?! Осындайда осы бір әдеби құбылыстың сөз етілмеуі француздық әдебиет теоретигі А. Компаньонның “Французда теориялық ойдың болмағаны ма?!” деген ащы күйінуін ойға оралтады. Кезінде тағы бір француз философы Бодлер өзінің “Қайыршыны төмпештендер” еңбегінде “Бейбақ Сократтың Жын-Шайтаны – тыйым салдырушы. Менікі керісінше – ұлық бекемдеуші; өйткені, ол не іс-әрекеттің не болмаса қиян кескі күрестің Жын-Шайтаны” деп жазған болатын. Тап осы жағдайды өз мәтіндері арқылы қазақ қаламгерлері бізге сездіргісі келеді. Оны елемеу, көзге ілмеу кеңестік дәуірдегі таптауырынды сын мен марксистік теорияның жалына жабысып алып, әдеби зерттеулерде “жаңа сын”, “поэтика”, “структурализм”, “семиология”, “нарратологияны” қолданбау опа бермейтіні анық. Міне, осылар өз зерттеушілерін тапса, қазақ ғылымының бағы жанар еді де, заманалық әдебиетіміз сан алуан бояуымен оқырман қауымға жарқырай таныла түсер еді.

Магиялық реализм – XX ғасырдағы жаңа әдеби құбылыс. Бұл терминді Батыс әдебиеттануда ең алғаш неміс өнер тарихшысы Франц Рох өзінің 1925 жылы шыққан «Постэкспрессионизм. Магиялық реализм. Жаңа Еуропа бейнелеу өнерінің проблемалары» атты еңбегінде суретшілердің жаңа толқынының көркемдік әдісі ретінде қолданды. Араға екі жыл салып, аталған еңбекті ішін ара испан философы Х. Ортега-и-Гассет испан тіліне аударды да, кеңістіктегі өмірге ұқсасымды «магиялықпен» араластырған магреализм әлем прозасына өзінің бар екендігін танытты. Ресей зерттеушілері ұлттық магреализмдерінің бастау көзінде Н. В. Гоголь туындылары, атап айтсақ, «Портрет», «Нева даңғылы» (1835), «Мұрын» (1836) сынды шығармалардан басталады десе, біз магиялық реализм қазақ әдебиетінде қисса-дастандар мен М.Көпейұлы туындыларынан бастау алады деп нық сеніммен айта аламыз. Ал, ұлттық магреализмді прозада қалыптастырған Адам Мекебаев болды.

Қазіргі таңда түркі әдеби әлемін, оның ішінде қазақ прозасына зор ықпал етіп отырған Латын Америкасы әдебиетіндегі «Магиялық реализмнің» тарихына көз жүгіртер болсақ, оның негізін 1949 жылы кубалық жазушылар Алехо Карпентьера-и-Вальмонт «Жер қағанаты» хикаяты және Мигель Анхель Астуриас «Жүгері адамдары» атты романын жазу арқылы салды. Өткен ғасырдың ортасында өмірге келген бұл жаңа әдеби ағымға әлем әдебиеттанушылары бірден ден қойды. Алехо Карпентьер өз туындысы бойында суреттелген реалдылық ғажайыптық элементтерімен астасатынын ұғынып, «ғажайып реалдылық» (исп. «lo real maravilloso») терминін қолданды.

Қазақ әдебиетінде ескі аңыздары қайта жандандыра отырып көркем игеру, мифтік сюжеттерді көркем сюжетке айналдыру тарихы XIX ғасырдан басталады. XX ғасырдың алғашқы ширегінде аңыздарды көркем құралдар арқылы игеру дәстүрін қалыптастырған М.Жұмабаев, С.Сейфуллин шығармашылығында поэмалық сюжет жасаудың үлгілері түрінде көрінді. Ұлттық прозадағы бұл орайдағы Ғ.Мүсіреповтің сәтті бастамалары («Ер Қаптағай», «Жеңілген эсрафил» тәрізді әңгімелері) мифологиялық ойлаудың, мифологиялық мәтіндерге, кейіпкерлерге иек артудың мысалдары ретінде көзге түседі. Біз қарастырып отырған кезеңдегі проза ертедегі және классикалық аңыздарды көркем шығарма құрылымына батыл енгізе отырып, оларды трансформациялау, тилизациялау арқылы жаңаша мән үстеуге деген ізденістерімен айрықшалады. Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, О.Бөкей, Т.Нұрмағанбетов, С.Жүнісов, Д.Досжанов, Р.Сейсенбаев, Ә.Тарази тағы басқа жазушылардың шығармашылығындағы мифопоэтикалық форманың өріс алуы әдебиеттанушылардың назарын соңғы кездере ерекше баурап келе жатқаны рас. Қазақ прозасында айқындала көрінген бұл құбылысты архетип категориясы тұрғысынан талдаған А.Исмақова: «Миф поэтикасы қазіргі әлемді ауқымды уақыттық мүмкіндіктер арқылы бейнелеулерімен байытып, қолданыстағы мәдени метафоралар мен ассоциациялар қорын кеңейтеді. Өз мағыналарын бұрын да танытып үлгерген поэтикалық формулалардың (архетиптердің) «қайта тірілуі» байқалады», - деген пікірді алдыға тартса [2, с.381-382], мифологизмнің нақты бір жазушы (О.Бөкей) поэтикасы арқылы зерделеген Ж.Аймұхамбетова «Қазіргі қазақ ақын-жазушылары авторлық позициясын танытуда, шығарманың идеясын ашып, көркемдік айшықтарын бедерлей түсуде мифтік сюжеттерді, мифологиялық түсініктерді, оның ішінде мифтік құбылушылықты мақсатты түрде пайдаланып, шығармашылықпен дамыта қолданғанын байқауға болады», - деген тұжырымын ұсынады [3, 126 б.]. Кейінгі зерттеулерде мифопоэтиканың «реминесценциялар, мотивтер, сюжеттер, тәмсіл сөздер, аллюзиялар» формаларындағы нақты көріністерін саралау қолға алына бастады.

Фольклорлық мұралардан нәр алып, қазақ әдебиетінің классиктері қалыптастыра алған мифологиялық ойлау жүйесі із-түссіз жоғалып кеткен жоқ. Ол дәстүр 1970-80 жылдар позасында жаңа мән иеленіп, реалистік принциптер аясынан табыла бермейтін сипат алды. Енді аңыздық желілер, мифологиялық кестелер тарихи-реалды уақытқа негізделген түрде ғана емес шығарма логикасынан шет тұра да беретін автономдық сананың қайта жаңғыруы ғана емес, түрленуі кейпінде көрініс тапты. Мифологизмді енді қазақ жазушылар болмыс жұмбақтары мен өмірдің мәнісі туралы философиялық ой айтудың тәсілі тұрғысынан өрістетті. Бір сөзбен айтқанда, неомифологизм құбылысы аталмыш кезеңнің магиялық реализм сипатын толықтыра түскен тәуелсіз әдеби ағымдардың біріне айналды.

Әлемдік әдебиетте мифтің, мифтік сарынның басқа сюжеттік-образдық формаларына, оның ішінде әдебиетке мифологияланған жарқын образдар бере алғандығын, ол желінің Эсхилдің «Орестеясынан», Булгаковтың «Мастер и маргаритасына» дейін тартылып, әлі үзілмегендігін айтатын Н.Будур мен И.Панкеевтердің: «Миф, өзіндік құндылық ретінде, толық қалыптасқан жүйе ретінде өмір сүруін жалғастырып қана қоймай, толыса түсу және басқа құрылымдарды байыта түсу арқылы өмір сүру кеңістігін ұлғайтып келе жатыр»[4, 26] - дегеніне келісеміз. Қазақ прозасының аса айқын түрде көрінген «мифологиялану» үдерісі туынды құрылымы мен бейнелеу, баяндау сипаттарына ірі өзгерістер ала келгенін өзіміздің ғалымдар да айта бастады. Зерттеуші А.Жақсылықов Р.Сейсенбаевтың шығармашылығын талдай отырып айтқан: «Шайтанның тағы» романындағы мифтің, аңыздың

рухани энергиясын пайдалану арқылы адамды психологиялық ракурсте терең ашу – соңғы он жылдағы әдеби техника мен поэтиканың белгілі стильдік тенденцияларынан хабар береді, - деген ойы да осы өзгерістердің жекеліктен гөрі жалпылық сипат алғандығын танудан туындағаны анық [5, 3]. Ә.Кекілбаевтің «Аңыздың ақыры», «Күй», «Ханша-дария хикаясы», О.Бөкейдің «Айпара-ана», «Жасын», «Құм мінезі», «Сайтан көпір», «Қар қызы», «Жетім бота», Р.Сейсенбаевтің «Шайтанның тағы», «Өлілер құмды кезіп жүр», С.Санбаевтың «Ақ Аруана», Т.Әбдіқовтің «Тозақ оттары жымыңдайды», М.Ысқақбаевтың «Ұят туралы аңыз», «Ғажайып бала» т.б. туындыларында мифологиялық жүйелер мен магиялық құрылымдар арқылы адамзаттың мәңгілік рухани құндылықтары турасында философиялық жинақтаулар жасалып отырады.

Зерттеу. Қазақ әдебиеті әлемдік модернизм тәжірибесін өз бойына сіңіре отырып, сонымен бір мезетте беймодернистік (немодернистік) «реалды абсурдты» өмірге әкелді. Реалдылық пен фантастикалық астасқан «магиялық реализме» қаламгерлерімізге өзіндік мифтуындыгерлігін (мифотворчества) жасауына мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде қазіргі қазақ әдеби прозасында «экзистенциалды-реалистік» синтезден тұратын туындылар өмірге келді. Қазақ магиялық реализмі жанр ретінде өз бойына нақты тарихи дәуір мен абстрактті-мифологиялықты біріктіретін тәмсілден тұрады.

Магиялық реализмнің элементтеріне төмендегідей белгілерді жатқызуға болады:

- фантастикалық элементтер ішкі қайшылықсыз болуы мүмкін, бірақ ешқашан түсіндірілмейді;
- кейіпкерлер магиялық элементтің қисынын (логикасын) сөзсіз қабылдайды;
- көптеген тек қана сезім арқылы қабылданатын бөліктері болады;
- символдар мен бейнелер жиі қолданылады;
- адамның сезімі мен құмарлығы жан-жақты (егжей-тегжейіне дейін) сипатталады;
- уақыт ағымы бұрмаланады, сондықтан ол циклді немесе жоқ сияқты. Тағы бір тәсіл ретінде коллапс қолданылады, яғни осы шақ өткенді қайталайды немесе еске түсіреді;
- себеп пен салдар орын ауыстырады, мысалы, кейіпкер қайғылы оқиғаға дейін азаптанады, күйзеліске түседі;
- фольклор немесе аңыз әңгімелерінің элементтері кездеседі;
- жағдай баламалы көзқарастар тұрғысынан ұсынылады, яғни баяндаушының дауысы үшінші жақтан біріншіге ауысады, жалпы қарым-қатынас және естеліктер туралы түрлі кейіпкерлер пікірлерінің және ішкі монологтың бір-біріне ауысуы жиі кездеседі;
- өткен қазіргімен, астральды физикалықпен, кейіпкерлер бір-бірімен қарама-қайшылықта болады;
- шығарманың ашық финалы оқырманға өз бетінше ненің шынайы және дүниенің қалыбына сәйкес келетінін анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл тарихи тақырыпты бүгінгімен ұштастырушы қазақ магиялық реализміне де тән.

Біз магиялық проза жанрының готикалық романмен ұқсастығы мен айырмашылығының түп төркінін ашып алуымыз керек. Тақырыпнамасы (тематикасы) мен философия «әлемдік жауыздықтан» тұратын готикалық роман – «үрей мен құпия» романы батысеуропа мен америка әдебиетінде XVIII екінші жартысы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында танымалдыққа ие болып, өзіне тән ерек жағдаятты, жұмбақтылықты, түнек-тұмақтылықты суреттеді. Сюжеттері құдайдан безген жан жасайтын құпиялық қылмысқа құрылды».

Магиялық реализм адамның жүйкесіне салмақ түсіріп, оқырманның бар зейінін өзіне аударады. Енді осы құпиялық пен тылсымдықты арқау еткен қазақ магиялық реализмінің басты жанрлық ерекшеліктеріне тоқталсақ.

Басты идея мен сюжет – ұлт немесе жеке адамының өлімі. Бұл өлім о дүниеде орын алуы ықтимал. Қаһарман мен персонаждар ерек қабілетке ие болып келеді. Немесе өзге әлемнің өкілі болып табылуы мүмкін. Қосар әлемділік арқылы қаламгер қазақ тұрмысын танытуға талпыныс жасайды. Әрі авторларымыз түркі бағзы мифтері мен мұсылман әпсаналарын осы мақсатта оқырманға түсінікті болу үшін мистикалық бағдарда ұсынады. Тарихилық ауаны қорқынышқа оранып реалдылықпен танытылады. Автор өзі де, оқырманы да, кейіпкері де бүгінгі өмір сұрқын үрейленген күй кешеді. Осы қорқыныш пен үрейге толы күй кешіру автордың шеберлігіне байланысты.

Талдау. Шартты-метафоралық мистикалық прозаға ден қойып жүрген XXI ғасыр жазушыларынан Т.Кеңесбаев, Д.Рамазан сияқты қаламгерлерді жатқызамыз. Олардың сюжеттеріндегі шарттылық бүгінгі күнгі алаш тірлігін түрлі қырынан алып көрсетеді. Архаикалық көне кезең, о дүниедегі болуы мүмкін жағдаят бүгінгімен салыстырылып пернелеп берледі немесе таза қазіргі қазақ кезеңі символдандырылып ұсынылады. Сол себепті мистика арқау болған шартты-метафоралық прозалық мәтіндердің жанрын анықтау оңай дүние емес. Онда тәмсіл, кейбірде сатира мен әулие-әмбиелердің ғұмыры алмасып кетеді. Антиутопия орын алады.

Сондай-ақ бұндай туындылар айырықша хронотопқа ие. Мысалы мистика араласқан Д.Рамазанның «Жан» әңгімесі турасында тап осыны айтуға болады.

Бұрын латын елдерінің әдебиеті Батыстың шәкірті саналып келсе, магиялық реализм арқылы латиноамерикалық авторлар өткен ғасырдың 50-70 жылдары әлем әдебиетіне соны жанрды өмірге әкелді. Бұл туындылар бұған дейінгі ешбір прозалық туындыларға ұқсамайтын. Орыс тілінде шыққан аударма туындалар арқылы осы шығармалармен таныс болған қазақ прозаиктері осы стильдік-дербес бағытқа тек еліміз егемендік алған соң ғана бірыңғай ден қоя алды.

Осы ағымды ұстанған қаламгерлеріміздің өмірді қабылдауы мен дүниетанымы христиандық еуропа дүниетанымнан мүлдем өзгешеленеді. Жеке бастық бастау көзді авторларымыз саналы түрде тұншықтырып, бірінші кезекте бас кейіпкерлері ұжымдық сананың өкіліне айналады. Бір кейіпкердің образы арқылы кейде тұтас бір әулеттің, кейде тұтас халықтың портреті сомдалады. Біз бұны Дидахмет Әшімханұлының «Тасқала» және «Жынды жел» әңгімесінен танып біле аламыз. Батыстық үрдісте канонданған кез келген әдеби бағыт пен ағымның ығына

басы бүтін жығылмай, авторлық образ аясында Дидахмет Әшімханұлы «Жынды жел» әңгімесімен өз қаламгерлік концепциясын сыртқа жаяды.

Тәуелсіздік жылдар прозасына келетін болсақ, бұл бағытта жазылған көрнекті қаламгер Т.Нұрмағанбетовтің «Кене» әңгімесін мысал етуімізге болады. Әдебиет сыншысы Амангелді Кеңшілікұлы Тынымбай Нұрмағанбетовтің «Кене» әңгімесін мистикалық шығармаға жатқыза отырып, мұны соңғы жылдардағы қазақ прозасының үлкен табысы деп айтсақ, та артық емес. «Кене» әңгімесінде жазушы Т.Нұрмағанбетов реализм мен мистиканы араластырып жіберіп, әлем әдебиетінде өзіндік мектебін қалыптастырған жазушы Франц Кафканың өзімен іштей бәсекеге түсіпті [6, 1166.].

Тап осындай бағытта жазылған қазақ магиялық реализм өкілдерінің туындылары бай фольклорлық дәстүрі бар, өзіндік дүниетанымға ие, бірақ, қазіргі таңда бабалар ғұрпынан, салт-дәстүрінен ажыраған қазақ қоғамын қиял-ғажайыптық және фантастикалықты өзек ете отырып суреттейді. Өркениеттер мен өзге дағды-әдеттің қазақ бойын жайлап алуы қазақ әдеби прозасында «магиялық реализм» ағымының өмірге келуге түрткі болды.

Магиялық реализм туындыларындағы бас қаһармандардың рациональдық саналылыққа дейінгі жадысы реалды және әдеттегі заттардың мәртебесіне түрлі түрлі магиялық пен фантастикалықты үстейді. Тап осы реалдылық пен фантастикалықтың қоспасы арқылы қазақ прозашылары алаш мәдениетін әлемге танытудың көркемдік амал-тәсілін таба алды.

Бұл көркемдік әдістерге: әр эпизодтық көріністің айтып болмастығы (сұмдық оқиға бұрынғыдай жұрттың бәрі тағатсыздана күткен кезде емес, қайта оқырман мен қаһарман өз сақтығын жоғалтқан шақта орын алады); шығарма бойында не болып не қойып жатқанын түсінбеу (бұл ерек құбылыстың қайдан келгенін ұғынбай, онымен қалай күресудің жолын білмей, көмекті қайдан күтуді білмей дал болушылық); құпиялық пен жұмбақтылық (шындық өмірде ақылға қоныссыз болса да, мәтін бойынан оқырман ұғына алатын шынайлық); күтпеген сюжет өрілімінің басқа бағытқа өрістеуі мен аяқ астынан туындайтын не авторлық не оқырмандық шешім шығару; туындыдағы оқиғалар мен қаһармандар образындағы мистикалыққа қарамай шындық өмірмен қисындылық жатады.

Қазіргі қазақ прозашылары ұлт өміріндегі қоғамдық-әлеуметтік өзгерістердегі әлеуметтік-саяси келеңсіздіктерді нақты шындық пен шартты шындықта беруде көркемдік әдіс ретінде реализмді түрленде қолданып жүр. Біз қарастырып отырған магиялық реализм постмодермен қатар қазіргі ұлттық әдеби процесте қаламгерлерімізге мүлтіксіз қызмет етіп келеді дей аламыз.

Қазақ магиялық реализм әдебиетінде орыс отаршылдығының бізге қалдырған мұрасы «адасқан қоғам, алжасқан ұлт» тақырыбы туындап, оның бодандықтың санаға салған ізін, ұлт жадында қалдырған сарқытын прозаик қаламгерлер бір көркемдік бағыт аясында (гиперреализм) алуан әдеби бағдармен және әдеби ағыммен түрлі қырынан ірі, орта және шағын прозалық жанрларда оқырманға ұсынуда.

Дендеп алған бодандық болмысты жоққа шығару, өмірді терістеу және орысшыл парасат құдіретін керек етпеуге үндеушілік қазіргі заман прозасындағы магиялық идеалдылықтың басты ерекшелігі мен негізгі нышан белгісі болып табылады. Қазақ магиялық прозасындағы шағын әңгіме жанрындағы Әділбек Ыбырайымұлының «Бейсауат кісісі» тап осындай романаға жүк болған тақырыпты арқалаған туынды.

Қазір қаламгерлеріміз өз туындыларында дәйексөзді сүйіп қолданады. Бұл эпиграф түрінде таза реалистік туындыларда сиректеу көрініс берсе, гиперреалистік қазақ прозасында және постреалистік ұлт прозасында кең қолданыс табады. «Бейсауат кісі» әңгімесі де «Әкең қартаймай құлға жарымайсың» деген дәйекшелі халық мақалымен басталады.

Әділбек әңгімесінің құндылығы автор оқырманын бодандық санадағы әкемен бостан санадағы баланың арасындағы арбасушы интеллектуалдық бет шайысудың әлегіне түсіріп қояды. Осы ұлттың саяси-әлеуметтік күн тәртібіндегі мәселеге Әділбек мистикалық ғажайыпты қолдану арқылы жауап іздеуге талпыныс жасайды да, өзінің елден еректенетін қаһарманы Қиясбаев Жолдыбайды өмірге әкеледі.

Бәріміздің «Абай жолы» арқылы білетін шындық өмірдегі Қиясбай барша қазаққа мәлім тарихи тұлға. Әділбек осы қазақи қиясбайшылық оң жолды емес, батысшыл теріс жолды ұстанушы қиясбайшылықпен идеялық күреске түскенін кейіпкеріне ат таңдау арқылы 1932 мен 1958 жылдардың ащы шындығын оқырманына астарлай ұғындырады.

1932-2013 жылдар аралығындағы қазақ өмірін барынша терең беруде қаламгер өзінің жеке бастық толқуын кейіпкерінің өзіндік психологиялық әрі-сәрілігімен ұштастырған әңгіме кіріспесі былай басталады:

«...Қайшалысқан көліктер. Жол жиегімен үздік-создық шұбырған адамдар. Әйнектері сәулеге шағылысқан зәулім үйлер.

Бұл өз көзіне өзі нанбай жан-жағына аңтарыла қарады. Әрі-беріден соң басы айналды. Тамылжыған жаймашуақ күн тынысын тарылтатындай.

Басында шәпкі, үстінде сұр күздік пальто. Мойнына асып алған «ФЭД» фотоапараты бар. Ары-бері өткінішілер бұған тіпті көңіл де аудармады. Тек өзі ғана ештеменің мәнісін түсіне алмай абдыраған халде төңірегіне шырқ айнала көз тігеді. Әлдене ұғынса бұйырмасын. Жұрттың бәрі жеңіл, ашық-шашық киінген. Жүздерінде күлкі болғанымен мейірмандық білдіріп, іш тартпайды. Біреуі қасына таянсашы. Жоқ, ондай ишара байқалмады.

Енді бір таң қалғаны әнеу жігіт жападан-жалғыз келе жатып даурыға сөйлеп, жырқ-жырқ күледі. Міне, жанына да таянды.

– Прошу прощения, подскажите как пройти на улицу «Целинников»?

Қызыл шортылы, шолақ жең әлгі бейтаныс сол қалпы мұны ерен көрмей жанынан өтті де кетті. Мойын да бұрмады. Өзімен өзі сөйлесіп барады.

Бұл оның соңынан аңтарыла қарады. Қайран. «Киім киістері қалай? Мыналарға не болған?» Сонда ғана барып бұл өз үстіне үңілді. Пальто, жемпір... Жан-жағына сезіктене көз тастады. Өне, топтанған 7-8 оқушы балалар келе жатты. Бір қызығы бұл түсіне қоймайтын қазақша сөйлейді. Орысша сөз сирек естілетіндей... әлде естілмейді...»

Келтірген мысалымыздағы кеңестік дәуір мұрасы «ФЭД» фотоаппараты автор қалауына орай жинақтап, өмірлік пайымдауын жасауына септесіп тұр. Әділбек осы түйіндеуінде бір жағынан өмір шынайылығын, екінші жағынан образға енген заттық ұғымды ескіліктің сарқыншағы деп эстетикалық тұрғыдан айқындайды.

Қаламгердің осындай өзіндік сөз қолданыстарын оны шығармашылық тұлға ретінде түсіну үшін, Әділбектің символдарының әмбебаптығын айыра білуіміз қажет. Осы әмбебаптықты «ФЭД», «Цилинников» сынды символ образды сөздер ұқтыра алады.

Ойымыз тиянақты болу үшін әңгімеден мына үзіндіні оқып көрелік:

– Улицу «Цилинников» спрашиваете? – деп, бұның өзіне сауал қойды.

– Да.

– Ондай көше бар ма өзі? – деді әлгі баланың желкесінен біреуі қазақша.

– Жоқ! – деп өрекіпіді өзгелері.

– Бұл кісі басқа жақтан келген ғой...

Мыналардың шүлдірін түсінбеді.

Осы кезде бұрыштан шыққан жол-патрульдік полициясы жандарына таяна берді.

Бақылаушы базада отырған оператор күмәнді нысанның әрекетін бейне камерадан аңдап, жүлгедегі кезекшілерге ақпарат түсірген еді.

– Азамат!

Жанарында сауалы мол жігіт ту сыртынан естілген дыбысқа үйелменімен бұрылды. Қарсы алдынан фуражканы адамды көрді.

– Жол-патрульдік полициясы лейтенант Сыдықов! – Аузынан бұрын қолы маңдайына ербең етіп тиді.

Балалар тырқ-тырқ күліп, өз жөндерімен тартты.

– Қай жақтан келіп едіңіз, баратын адресіңізге жете алмай тұрсыз ба? – Кәсіби дағдымен бейтаныстың үсті-басына барлай қарады. Жаз айындағы ұсқыны мен ескі үлгідегі киім киісі еріксіз көз тартты. Қазір ешкім қолданбайтын мойнына ілген антикварлық фотоаппарат күлкі шақырды.

– Я вас не совсем понимаю.

Мұндай жай көпшілік арасында жиі ұшырасатындықтан полиция еш қиналмай орысшаға көшті.

– Алыстан келдіңіз бе?

– Осында тұрам. – Үні сенімсіз шықты.

– Тұратын жеріңіз?

– «Тыңшылар» көшесі...

– «Тыңшылар» көшесі дейсіз бе? – Полицияның жадына ондай атау оралмады. – Құжатыңыз бар ма?

– Қазір... – Төс қалтасынан қып-қызыл куәлік шығарды.

Лейтенант қолына алған құжатқа бір, оны ұсынған иесінің жүзіне бір көз жүгіртіп өтті. Құжатта «комсомол билеті» деп жазылған. Билік өкілі мұндай куәлікті бірінші рет көріп тұр. Тек көне кинолардан байқағаны бар. «Қиясбаев Жолдыбай, бүкілодақтық комсомолдар қатарына 1950 жылы қабылданды».

«Комсомол билеті» – белгілі бір дәуірдегі Марксизм мен Ленинизм идеясына сенген, әлі де одан айнымай келе жатқан Қазақстандағы «кеңес адамдары» әлеуметтік тобын таңбалайтын «Символикалық форма».

Қазақ соцреализмі мен гиперреализмінде фантастикалық емес, фантастика тәсілін қолданушылық әрқилы болып келеді.

Жан Поль Рихтер «кереметті қолданудың» екі түрлі тәсілін атап көрсетеді. Біріншісі – материалдық, екіншісі – оған қарсы фантастикалық. Осы екі әдіс егемен еліміздің азат әдебиетіндегі прозалық туындыларда жиі ұшырасады. Біз осыны Ә.Ыбырайымұлының өзіміз талдап отырған әңгімесінде қалай қолданғанын туындының жанрлық табиғатын, композициялық бітімін сөз еткенде жоғарыда үзінді арқылы біршама тоқталып кеттік.

КСРО кезінде ұлтсызданған «совет адамы» қалыптасты. Осы дүниетанымдағы өз ұлтымыздан шыққан жандар әлі де өз ортамызда жүргені жасырын емес. Автор жат дүниетанымдағыларға идеялық соққы беру үшін мистикаға әдейілеп барып отыр. «Бөгде» характерге, ділге, мәдениетке қатысты сауал адамзатты оның барша тарихында толғандырумен келеді. Оған әлемнің түрлі елдерінің фольклор мен әдебиетінен көптеген мысалдарды жолықтырамыз. Қазіргі әдеби процестегі «өзге мен өздің» арасындағы шарпысуды, арбасу мен арпалысты «Бейсауат кісі» туындысы бойынша танып біле аламыз.

Әділбек Ыбырайымұлының әңгімесіндегі айқындаушы нышан-белгісі: қым-қуат шарпысқан психологизм. Адам жанын ұғынудың өзіндік кілтін іздеген қаламгер «ақиқат іздеуші» ретінде оны ұлттық философиядан, қазаки дүниетаным шеңберінен, сезімдік-түйсіктік аядан қарастырып қиялымен шарқ ұрады. Осы арадан келіп, «ғұламаның қасіреті» мен «қайырымсыз адамзат» ұғымдары қазақ прозасында этноцентризм рухында христиандық батыстық, шығыстық мұсылмандық әдеби ұстанымдармен үндеседі. Осылайша қазақ прозасы әлемдік прозаның құрамдас бір бөлшегі ретінде жоғарғы деңгейдегі әлеуметтік, имандылық және эстетикалық аңсарға толы («ақылдың азабы»),

«рухани қаталау», «төңкерісшіл арзулы») жеке әдеби әлем болып табылады. Ұлтсызданған Валя апай-Бағыла мен Женя-Жолдыбай трагедиясы оқырманды бей-жай қалдырмайды.

«– Арада болмашы үнсідік орнады. Валя апай сөзін қайта сабақтады. – Женя қызық адам болатын. Ол кезде оның сөздері ақылға қонбайтын. Болашақты көремін дейтін. Бүр күні оған әлденәрсе әсер етті, содан өзгерді. Газеттерге, радиоға жаза бастады. Және жойдасыз, көңілге сыймайтын әңгімелерді айтатын.

Дулат пен Сыдықов Валя апайдың үйінен біраз жайтқа қанығып шықты. Одан кейін Жолдыбайды іздеу жан-жақты жалғасты. Сол әңгіменің желісі дәрігерді мемлекеттік дыбыс архивіне алып келді. Қаптаған сөрелерден 1958 жылғы материалдар жиналған қатарға жіті назар аударылды. Ақырында бір ұштығы табылды. Ескі ұнтаспасында Жолдыбай есімді азаматтың сұхбаты сақталыпты. «Сәлеметсіздер ме, құрметті радио тыңдаушылар! Бүгін бізде қонақта облыстық пионерлер үйі жанындағы үйірменің жетекшісі, өнертапқыш Қиясбаев Жолдыбай, – деп басталады диктор әйелдің үні. – Ол болашақтың техникасы мен технологиясы жөніндегі өзінің тамаша жобаларымен бөліскелі келіп отыр. Байсалды үнді ер кісі тыңдармандармен сәлемдесті. «Таяу болашақта, 40-50 жылдың төңірегінде ғалымдардың ізденісімен біздің өміріміз адам сенбестей өзгереді. Жасанды жүректер қолданысқа енгізіледі. Тамақ әзірлеу жылдам және оңайға түседі. Телефон сымсыз тұтқаға айналады. Тек қана ол емес адамның қызуын, қан тобы мен қысымын кішкентай түтікшені денеге тигізу арқылы анықтайтын боламыз.

Дулат дереу Валя апайға телефон соқты.

– Біз сіз айтқан сұхбаттарды ұнтаспадан таптық, тыңдап көресіз бе? Мүмкін Женяның дауысын танырсыз».

Осы дербес ұлттық жеке әдеби әлемде бір жазушы түркілік дәрегейге, бір жазушы әлемдік жалпыадамзаттық дәрежеге қол жеткізуге өз тарапынан шығармашылық талпыныс жасайды. Ұлттық прозалық томаға-тұйық ноктаны үзуге талпынған Әділбек әңгімесінде осы екі сипат та бар.

Осы екі сипат мына полистильдіктен танылады:

«– Азаматтардың жеке басын тіркеу, сондай-ақ, құқық қорғау органдарындағы деректер 1932 жылы туған Қиясбаев Жолдыбай деген адамның болғанын растайды. Бірақ ол 1958 жылы емес, 1978 жылы із-түзсіз кеткендердің қатарында. Оның жоғалғандығына қатысты құжат пен жеке суреті бар. Әлгі суреттегі кісінің өңіне қарағанда егделеу адам. Сіздің көрсеткен суретте – жас жігіт.

– Мұны қалай түсінуге болады? – деді дәрігер.

– Ресми іздеу салынған суреттегі адамның жасы 46-да. – Полиция аңтарыла дәрігерге мойын бұрды. – Ол жөніндегі бағыттамада «Жолдыбай өзімен бірге «ФЭД» фотоаппаратын алып сыртқа шыққан, содан қайтып оралмаған» деген сөздер бар.

– Қызық. Жолдыбайдың өзі де дәл осылай айтты. Бірақ, ол 1958 жыл...»

Әңгімеде фантастика элементтерінің араласуы, мистиканың ұшырасуы қаламгердің қалам күдіретімен оның әрін ашады. Әрі автор астарлы оймен өзге тілді, өзге ділді қандастарымыз: кеңестік-ресейлік «орыс әлемінің» бір бөлшегі ретінде жүрген «Бейсауат кісілер» деген авторлық үкім шығарып, қаламгерлік кесік айтады.

Әділбектің аталған шығармасында ұлттық прозадағы дәстүрлі ділмәрлықтың орнын фантастика элементтерін кірістіріп, жасырын мистиканың ұшырасуымен алмастыруы құптайтын қадам. Қазіргі қазақ әңгімесінің тұрапты мен бітімінің өзгеріске түскенін осы туындыны оқу барысында аңғарамыз.

Көбіне Латын әдебиеті жазушыларына тән, жапон әдебиетінде Муракамидің қолтанбасынан көрінетін магиялық реализм қазіргі жас қаламгерлеріміздің шығармаларынан да орын алуда. Солардың бірі «Ханшайым» атты жинақтың авторы Алмаз Мырзахмет.

Аталмыш жинағына енген «Жазушының жазбасы» әңгімесі шығармашылықпен арнайы айналыспақ болған қаламгердің күнделігін баяндайды. Жазушының үйдің ішінде отырып, көрген елесінің бәрі, ойлағаны ойы да оның жазылған шығармасы. Оны жас қаламгердің баяндауы сездіреді. Бір оқығанда шын өмірі ме, әлде басқа бір әлем бе деп қалғаныңызбен, жазушы жазбасына кіріккен тұсын ажыратын да осы екі орта. «Өрт» әңгімесінде он алты жасқа келсе де, мектеп табылдырығын аттамаған Еркебұланның психологиялық жағдайы айтылады. Жылда мектепке апарғанда оны қабылдамайтын. Анасы болса, «сен ешкімнен кем емессің» деп өсіреді. Анасы кем емессің десе, Рая апайы неге мектепке алмайды? Осыны түсіне алмаған Еркебұлан түн ортасында Рая апайдың қорасын өртейді. Өзі соған мастанып, рахат сезім кешеді. Өз өзімен сөйлесіп, аспандағы, жердегі жаратылыстардың бәріне сыр шертеді.

Өз ойыммен қиял әлеміне еркін көз жіберетін Еркебұланға алты жасында Егінбайдың баласы мысықтың марғауын сыйлаған. Бір күні шешесі пеш жағып, сыртқа шығып кетеді. Сөйтсе марғау пештің түбіне кіріп, ұйықтап жатқан екен. Оны байқамаған анасы, құрғақ отын әкеп, отты тұтатып жібереді. Марғаудың даусы мен жүннің иісі үйдің ішін алып кетеді. Еркебұлан содан бері осындай күйге түскен. Полицияға ұсталғанда да, тергеуде болған да да жөнді жауап бермейді. Бұл өз ісі ме, әлде тапсырма ма деп сұралғанда: «Қораны айналып періштелер қорғап жүрді. Ақ мата жамылған... Басы жоқ... Қорасының маңында...» деп қайталаудан тоқтамайды. Еркебұланды жындыханаға апаруды бұйырады. Кімді кінәлайсыз? Марғауды абайсызда өртеп жіберген анасын ба, мектепке алмай қойған Рая апайды ма? Әлде марғауды сыйлаған Егінбайдың баласын ба? Ешкімді. Бұл адам тағдыры. Осындай мысықтың қарғысы деген түсінікті Алмаз жақсы пайдаланған. Мұндай қазақы аңыздар өте көп қой. Осы «Өрт» секілді аңыз бен бүгінгі күнді параллель беру арқылы, аңызды айтып отырған секілді боп, бірақ бүгінгі күннің бейнесін жасауға Алмаздың қалам қуаты шебер шыңдалған.

Осы орайда қазақ әдебиетінің мәңгілік тақырыбы “перілік пен пенделіктің”, “періштелік пен сайтандықтың” басын аша зерделейтін кез туды. Ең бастысы... Қазақ қаламгерінің Жын-Шайтанмен күресуін қолдау керек пе, әлде оның әдеби барлығын білмегенсіп, түйеқұстай кеңестік дәуірдің теориялық ойларына басымызды тығып алып, ат-

тонды ала қашу керек пе?! Осындайда осы бір әдеби құбылыстың сөз етілмеуі француздық әдебиет теоретигі А. Компаньонның “Французда теориялық ойдың болмағаны ма?!” деген ащы күйінүін ойға оралтады. Кезінде тағы бір француз философы Бодлер өзінің “Қайыршыны төмпештеңдер” еңбегінде “Бейбақ Сократтың Жын-Шайтаны – тыйым салдырушы. Менікі керісінше – ұлық бекемдеуші; өйткені, ол не іс-әрекеттің не болмаса қиян кескі күрестің Жын-Шайтаны” деп жазған болатын. Тап осы жағдайды өз мәтіндері арқылы қазақ қаламгерлері бізге сездіргісі келеді. Оны елемеу, көзге ілмеу кеңестік дәуірдегі таптауырынды сын мен марксистік теорияның жалына жабысып алып, әдеби зерттеулерде “жаңа сын”, “поэтика”, “структурализм”, “семиология”, “нарратологияны” қолданбау опа бермейтіні анық. Міне, осылар өз зерттеушілерін тапса, қазақ ғылымының бағы жанар еді де, заманалық әдебиетіміз сан алуан бояуымен оқырман қауымға жарқырай таныла түсер еді. Қазақ әдебиеті майданында қаламгерлеріміз тарапынан батыл эксперименттер мен қиян-кескі реформалар жүріп жатыр. Әр эксперименттің басында, әр реформаның артында оқырманға өздерін танытқан әдебиет дүрлері тұр. Бір нәрсе айқын – «Әдебиетте ешкім бірінші емес». Солай десек те, постмодерндік сезімталдықпен магиялық және сюрреалистік реализмде өзін танытқан жаңашыл қаламгерлеріміздің бірі – Думан Рамазан. Бізге бұл пікірді оның «Жан», «Жын», «Пері мен пенде» сынды шығармалары айтқызып отыр. Автор екі түрлі хронотоптық кестелеуді қолданады. “Жан” әңгімесі “Өлілер мен тірілер әлемі арасындағы паралельге” құрылса, “Жында” “Реалды және бейреалды әлем арасындағы паралель” көркемдік шарттылық түзеді. Автордың көркемдік деңгейі жоғары болған сайын оның туындысы сюжетінің қайталанбастығы мен дербестігі айшықтала көзге ұрып тұрады. Міне, сондай сюжетінің қайталанбастығы мен дербестігі айшықтала көзге ұрып тұратын Думан Рамазан әңгімелерінің бірі – “Жан”. Қазақ әдебиетінде алаш діни-философиялық дүниетанымындағы түрлі мифтік құбыжықтар формулаға айналып отыр. Біз осы бір әдеби формулалықты көптеген ұлт авторларының шығармашылығында мольнан ұшырататын болдық. Думан Рамазан “Жан” әңгімесінде бас кейіпкері Жұлдызжанның көмегімен әңгімелеуші архетиптер арқылы бізді ұлттық мәдени тақырыптармен, алашқа ғана тән стеротиптермен, әрі символдармен табыстырады. Формула дегеніміз – Думан әңгімесінің тіні болатын белгілі бір ұлттық арнайы штамптана синтезденген комбинация, әрі алаштық архетиптердің әңгімелеуші формада көрініс беруі. Ұлттық діни-философиялық түсініктің шығарма бойында адам жанының не көк кептер, не көк шыбын болып ұшып кетуін жаңа жағдайға бейімдей қолдану. Фольклорлық ұғым да, авторлық ұстаным да бір-бірінен алшақ кетіп тұрған жоқ. Заманалық қазақ өнері өзін стандартқа түсіруді хош көре бермесе де, жазушы қаламы арқылы ұлт арасында кең тараған белгілі бір дағдылы конструктылардың (қаңқаның) оқырман мен туындыгер арасын жалғайтын коммуникатор қызметін атқаратынын жоққа шығаруға болмайды. Бұл ұлт әдебиетіне тән әдеби формулалық арқылы өзін танытады. Бұрынғы кеңестік кезеңдегі формулалық кедейлікті, ұлттық дәстүрді тәрк етуді дағдылы конструктыға айналдырса, енді бұның орнын бағзы дәуірден тамыр тартқан фольклорлық-діни персонаждар мен ұғым-түсініктер басып отыр. Өйткені, әңгіме жанры ұзақ жазылатын хикаят пен роман емес, сондықтан оқырман дүниетанымына жақсы таныс діни-мифологиялық ұғымдарды қаламгер түрлі ракруста бере алған. Бұл формулалық жазушыға өз туындысын бір жағы жылдам жазып шығуға септессе, екінші жағы өз ойын түрлі аспектіде ұғынуы үшін оқырманға ұсынуына мүмкіндік береді.

Қорытынды. Қазақ прозасындағы неомифологизм үрдісінде айрықша бөліп айтуға тұратын тәсілдердің бірі – мифтік құбылтушылық. Адамзаттың балаң санасы тудырған архаикалық мифтердегі адамның басқа заттардың кейпіне ене алуытурасындағы сенімдері кейінгі жылдар прозасында жаңа стилизацияға түсті. Думан Рамазан кейіпкерінің де құс кейпіне енуі осыны аңғартады. Адам мен табиғат, адам мен жануарларды тұтастандыра қарайтын сарынның жаңа уақыт өңдеуіне, интеллектуалдық сүзгіге түсуі қазақ әдебиетінде анималистикалық прозаның өрістеуіне де мұрындық болды. Қазақ әдебиетінде хайуанаттарға адами сипаттар берудің өткір философиялық-эстетикалық астарлары болды. Мифологизмнен тамыр тартатын анималистік образдар адамның болмыспен қарым-қатынасын тереңдей зерделеудің ұтымды тәсіліне айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қанарбаева Б. Қазақ әдебиетіндегі модернизм: Арнаулы курсқа бағытталған көмекші құрал. Алматы: «Экономика», 2010. – 330 бет.
- 2 Исмакова А.С. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль (начало XX века и современность). – Алматы: Ғылым, 1998. – 394б.
- 3 Аймұхамбетова Ж.Ә. Оралхан Бөкей прозасындағы мифологизм мәселесі. Филол.ғыл.канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссер.-я. Астана, 1999. – 126 б.
- 4 Будур Н., Панкеев И. К читателю //Мифы и легенды народов мира – М: Олма-Пресс, 2000.
- 5 Жақсылықов А. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в казахской литературе. Типология. Эстетика. Генезис. – Алматы: «Қазақ университеті», 1999. – 520 с.
- 6 Кеңілілқұлы А. Қазақты сую. – Алматы: «Өнер». – 2008. 232б.

References:

- 1 Qanarbaeva B. Qazaq әdebiетіндегі modernizm: Arnauлы kursqa baғыttalған көмекші құрал. Almaty: «Ekonomika», 2010. – 330 bet.
- 2 İsmakova A.S. Kazahskaia hudojstvennaia proza. Poetika, janr, stil (nachalo HH veka i sovremenöst). – Almaty: Ғулым, 1998. – 394b.

- 3 Aimūhambetova J.Ä. Oralhan Bökei prozasындағы mifologizm мәселесі. Filol. ğyl.kand. ğylymi дәреjesin alu үшін дайындалған diser.-ia. Astana, 1999. – 126 b.
- 4 Budur N., Pankeev İ. K chitatelü //Mify i legendy narodov mira – M: Olma-Pres, 2000.
- 5 Jaqsylyqov A. Obrazy, motivy i idej s religioznoi soderğatelnöstü v kazahskoi literature. Tipologia. Estetika. Genezis. – Almaty: «Qazaq universiteti», 1999. – 520 s.
- 6 Keñsiliküly A. Qazaqty süiu. – Almaty: «Öner». – 2008. 232b

МРНТИ 17.17.01

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.63>

Сарбасов Б.С.,¹ Кдыралиева Ж. Б.²

^{1,2} *Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

ЕЖЕЛГІ ӘДЕБИ МҰРАЛАРДАҒЫ АҒАШ БЕЙНЕСІ

Аңдатпа

Ғылыми мақалада ежелгі дәуір әдеби мұралардағы ағаш бейнесі туралы айтылады. Ежелгі дәуір әдебиеті мұралары туралы айтқанда, ең алдымен туындылардың тек қазақ халқына ғана емес, өзге де түркі тектес халықтардың әдебиетімен ортақ екендігін, ежелгі түркі тілінде жазылғандығы, ғылыми тұрғыдан қай халықтың әдебиеті бүгінгі күнгі тілдегі ұлт тілімен жазылуы шарт еместігін ескеруіміз керек. Осындай ортақ мұралардың бірі мақаламызға арқау болған аңыз-ертегілердің символына айналған мықан ағашының нысаналық белгісін айтуға болады. Алып ағаш жайлы көптеген аңыз-әңгімелер, тамырын тереңге жайған түркі тектес ұлттардың түп ата-тегінің бейнесін көрсеткен ағаш жайлы «Алып терегім құлады»- деген сөз бар. Бұл сөз өте ертеде өзіндік мағынасымен құнды, аңыз ертегілерімен де іспеттес жалғасын тауып, бүгінгі күнге дейін киелі ағаш ретінде тарихтан өз орнын тапқанды жайында мақалада жан-жақты сұрыпталып, нақты мысалдармен дәйектелді.

Түйін сөздер: алып ағаш, бәйтерек, аңыз-әңгімелер, құндылықтар, шежіре. т.б.

Sarbasov B.,¹ Kdralieva Z.²

^{1,2} *Kazakh National Women's Teacher Training University,
Almaty, Kazakhstan*

THE IMAGE OF A TREE IN ANCIENT LITERARY HERITAGE

Abstract

The scientific article deals with the image of a tree in the literary heritage of ancient times. Speaking of the heritage of ancient literature, we must first take into account that the works are common not only to the Kazakh people, but also to the literature of other peoples of Turkic origin, written in the ancient Turkic language. One of such common heritages is the target symbol of the mykan tree, which has become a symbol of the legends on which our article is based. There are many legends about the giant tree, the saying "My giant tree has fallen" about the tree, which reflects the roots of the deep-rooted Turkic peoples. This word has a long history of its own meaning, as well as legends, and to this day it has found its place in history as a sacred tree, which is described in detail in the article with specific examples.

Keywords: giant tree, Baiterek, legends, values, genealogy

Сарбасов Б. С.,¹ Кдыралиева Ж. Б.²

^{1,2} *Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан*

ОБРАЗ ДЕРЕВА В ДРЕВНЕМ ЛИТЕРАТУРНОМ НАСЛЕДИИ

Аннотация

В научной статье рассказывается о древнем образе дерева в литературном наследии. Говоря о наследии древней литературы, необходимо прежде всего принять во внимание, что произведения общие не только для казахского народа, но и для литературы других тюркских народов, написанные на древнетюркском языке, с научной точки зрения нет необходимости писать литературу какого-либо народа. О дереве ходит много легенд, которые отражают корни глубоко укоренившихся тюркских народов, одна из поговорок «Алып терегім құлады» выражена во многих смыслах. Это слово имеет долгую историю своего значения, а также легенд, и по сей день оно нашло свое место в истории как священное дерево, о чем подробно рассказывается в статье на конкретных примерах.

Ключевые слова: гигантское дерево, Байтерек, легенды, ценности, генеалогия и т.д.

Кіріспе. Қазақ аңыз-ертегілеріндегі мықан ағашының (бәйтеректің) нысаналық белгісі – заман, мәңгілік өмір. Қазақ үшін о дүние мен бұл дүниенің шекаралық белгісі – шоқ терек. Ер Төстік те, Керкұла атты Кендебай да, Тазша бала да бәйтеректің түбіне келіп, осы өмірге оралады. Олар біз жайлаған кеңістіктен өзге кеңістікте өмір сүріп келген. «Күн астындағы Күнікей қыздағы» алтын ағаш та сондай құдіретке ие, мықан ағашы (бәйтерек) – мәңгілік уақыттың символы.

«Ер Төстік» те, «Керкұла атты Кендебай» да, «Күн астындағы Күнікей қыз» да Түркі қағанаты мен оғыз-қыпшақ дәуірінен бұрын шыққан ертегілер. Мүмкін, оқиға құрылымы жағынан өзгеріске ұшырап, бір желі қосылып, бір желі алынып тасталған болар, бірақ, ежелгі дәуірдің нысанасына айналған бәйтерек аңыздың түп қазығы болып қалған. Бұл нысана «Қозы-Көрпеш Баян сұлуда» – бестерек, «Қыз Жібекте» – жалғыз курай. Қу ағаш (Төлегеннің панасыздығын меңзеу), «Абай жолында» шынар, алып бәйтерек ретінде көрініс тапты.

Әдістемесі. Мықан ағашы (бәйтерек) – түркі тілдес ұлттардың түп атасының бейнесі. Қыпшақты тілге тиек етер болсақ, қазақ шежіресі бойынша қыпшақтар қазақ орта жүзінің алты үлкен тайпасының бірі.

«Оғыз-намеде» Ұлық Орда бек Етіл суынан өту үшін ағаш кесіп, сал жасайды. Ол жайында «Оғыз-намеде» Оғыз қаған әскеріндегі өзі бек, өзі ер Ұлық Орда бек деген белгілі жауынгер болған делінген. Ол Оғыз әскері Етіл суынан өте алмай қысылған кезде, тапқырлық жасап, қалың қолды Етіл суынан сол салмен өткізеді. Үлкен қызмет етеді. Оғыз қаған: «Ай, ай сен мұнда бек бол» [1,91] – дейтін эпостың айтуынша Қыпшақ Ұлық Орда бекті Оғыз қаған Етіл өңіріне бек етіп тағайындайды. Яғни, Қыпшақ Ұлық Орда бек Етіл өңірінің әкімі, иесі... Алайда ол Оғыз маңына топтасқан көп ұлыстың бірі ретінде суреттеледі. «Әрине, мұнда мотив өте көне болып, оның географиялық ортасы жаңа болуы мүмкін. Бұл қыпшақтардың VIII–XI ғасырларда осы өңірде болуы жағдайына байланысты қайта жаңғыруы да мүмкін» – дейтін ғалымдардың пікірі оғыздар тарихының түрлі кезеңдерінің бір кейіпкер маңына топталу процесін меңзейді.

Ал Әбілғазы шежіресіндегі деректер бойынша жорықта ағаш қабыршағында дүниеге келді делінетін «Қыпшақ» атты бала Оғыз қағанның өкіл баласы ретінде соның қолында тәрбиеленіп, кейін сенімді батыры, әйгілі қолбасшысына айналады. Дон, Еділ бойындағы халық Оғызға қарсы толқып наразылық білдіргенде, хан соларды күшпен басуға көп әскермен Қыпшақты жібереді. Қыпшақ бек наразылықты басқан соң, осы жерде ұзақ жылдар бойы билік құрып, кейін 4000 жылдай тәуелсіз өмір сүрген Дешті Қыпшақ мемлекетінің негізін салады. Сол қалың Қыпшақ елі осы баладан тараған ұрпақ еді дейді Әбілғазы шежіресі [2].

Мықан ағашы, алып бәйтерек – ата-бабамыз Алып Ер Тұңға. Оның атасы Қыпшақ, тегі түрік Ишбақай, Ишбақайдың арғы атасы – Тарғытай. Тарғытай да бәйтеректің саясында, найзағайлы дауылда дүниеге келген. Ұлы Герадот дегдар «Адам ата-Хауа ана» дәуіріне апарды. Ал Адам ата мен Хауа ана бейіштегі жақсылық пен жамандықтың парқын таңытатын киелі ағаштың жемісін жеген соң біз жаралдық-мыс емес пе.

Мықан ағашы (бәйтерек) – аңыздарда дүниенің кеңдігінің символы. Ол табиғат пен өмірдің жалғасқан айнымалы шексіздігін меңзейді. Фольклортанушы ғалым С. Қасқабасов «... Бәйтеректің басына ұя салған самұрық (не алып құс) кейіпкерді аспан әлеміне алып ұшады, иә болмаса жер бетіне шығарады. Зәулім бәйтерек бейнесі – қазақ жағдайына сәйкес космостық ағаштың өзгерген түрі. Мұны қазақтардың айдалада өсіп тұрған жалғыз ағашты қадір тұту салтынан да көруге болады» дегенді айтады. Бұл ойымызды Шоқан Уалихановтың мына пікірі қуаттай түседі: «Жапанда өсіп тұратын жалғыз ағаш немесе бұта қадірленіп, адамдар оның басына түнейді. Қасынан өтіп бара жатып, адамдар ағаштың бұтақтарына шүберек байлайды. Ыдыс тастайды. Тіпті, құрбандық шалады. Я болмаса аттың жалын түйіп тастайды», «орман тәңірінің киесі атады» деп жалғыз ағашты кестірмейтін, жас талды сындырмайтын әдетіміз күні бүгінге дейін жалғасып келе жатуы да сол кездегі түсінік-түйсіктерден қалған болса керек» [3,45].

Пайғамбарымыздың атасы Абдулмутталиб былай деген: «Бір жолы ұйықтап жатып түсімнен шошып ояндым. Дереу бір көріпкелге барып, жорығайын деп ойладым. Оған барғанымда ол бетіме қарап «Ей, Құрайыш басшысы! Саған не болды? Жүзіңнен әлдебір беймазалық көрініп тұр. Әлде бір нәрсе болып қалды ма?, - деді. «Иә, бір түс көрдім, бұл туралы ешкімге тіс жарған жоқпын» деп оған айтып бердім: Бүгін түсімде өте үлкен бір ағаш көрдім. Бір ұшы аспанға жетіп тұр, бұтақтары шығыс пен бастысқа таралған. Ол ағаштан сондай бір нұр шашырайды, күн оның қасында жай нәрсе болып қалды. Бірде көрініп, бірде жоқ болады. Адамдар соған бет бұрған еді. Барған сайын нұры арта түсті. Құрайыш тайпасының кейбір адамдары сол ағаштың бұтақтарына жабысуда, кейбіреулері ол ағашты кесуге ұмтылуда еді. Бір жас адам ол ағашты кескісі келгендерге тосқауыл болады. Ол адамның жүзі әсем, бүкіл

денесінен де хош иіс тарап тұр еді. Ондай адамды мен өмірімде көрген емеспін. Мен де әлгі ағаштың бір бұтағынан ұстағым келді, бірақ қолым жетпеді», - дедім. Түсімді айтып, болғаннан кейін оның өңі бозарып, «ол саған бұйырмайды», - деді, мен «кімге бұйырады?» дегенімде «Сол ағаштың бұтағынан ұстағандарға», - деді. Сосын «Сенің тегіңнен бір пайғамбар келеді, барлық жаққа үстемдік жүргізеді, адамдар соның дініне кіреді», - деді. Сосын қасымдағы Әбу Тәліпке қарап, «Бұл оның көкесі болып қалар», - деді. Әбу Тәліп бұл оқиғаны пайғамбарымызға пайғамбарлығы білдірілген кезде айтқан және «Міне, сол үлкен ағаш – Әбул Қасым Әл-Әмин Мұхамед алейһиссалам» деген [4,30-31].

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) «Құрманың жапырағы жерге түспейді. Мүміннің де жасаған дұғалары жерге түспейді» (яғни, қабыл болмастан кері қайтарылмайды)» деген екен. Құрма пальмасы – Иса пайғамбарды босанған кезде Мәриям анамызға пана болғандығы Құранда айтылады. Құранның аяттары ең бірінші құрма ағашының жапырақтарына жазылған. Мәдинадағы алғашқы мешіт, құрма діндері мен кірпіштен соғылған. Құрма талшықтары Алла Елшісінің төсеніші болған.

Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с) жасы ұлғайған шағында бір құрма талының дінін құтпа оқитын орын ретінде тұрақты пайдаланады. Ол құрма ағашы Пайғамбарымызға тірек ретінде қызмет ететін-ді. Кейін, Алла Елшісіне құтпа оқитын арнайы мінбер орнатылғанда, ол сол жаңа орынға ауысады. Пайғамбармыз өзінің әдеттегі орны болған құрма дінінен басқа орынға жайғасып, құлшылықтан алдында құтпа оқи бастағанда, Алла Елшісінен ажырап қалған құрма ағашы сәби балаша (баланың жылағанына ұқсас дыбыспен) жылаған екен. Әрі ол құрма дінінен шыққан дыбыс, Пайғамбар (с.ғ.с) төменге түсіп, қолын оның үстіне қойғанынша тоқтамаған көрінеді [4,201].

Ислам әлемінде жәннаттық жеміс саналатын құрманың орны ерекше. Құран аяттарында құрма пальмасы бірнеше рет аталған. Әрі он бес жере құрманың Алла Тағала тарапынан адамзатқа берілген сый екендігі айтылады. Алла елшісі құрманы адам үшін ең жақсы тағам деп санаған. Сондай-ақ жүрек ауруларының емі ретінде құрманы пайдалануды өсиет еткен.

Халық арасында тараған тағы бір аңызда осы құрма аманат ретінде жүреді. Бұл Арыстан баб әулиенің Қожа Ахмет Яссауиге Алла Елшісінің аманаты тапсырғаны туралы әпсанада айтылады.

Нәтижелер. Ағаш – адамның күнкөріс қарекеті мен рухани өмірде ерекше орын алатын табиғат нысаны. Анимистік дүниетанымға байланысты туындаған наным-сенімдер бойынша ағаштарда жаны бар «тіршілік иесі». Әлемнің көптеген халықтары Ағашты қастерлеп, табынған.

Саян-Алтайдағы түрік халықтары Ағашқа құрбандық шалып, сан түрлі жора-жосындар атқарды. Олардың ағашты ерекше қастерлеуі орманды өлкенің тұрғындары болғандығымен байланысты болса керек. Мысалы, иркіт руы өздерінің «әкесі ырғай, анасы қайың» деп санайды. Ал қазақта қыпшақ руының арғы тегі ағашпен байланысты айтылғаны белгілі.

Оғыз қағанның жарын Тәңіріден тілеуі, оның бірінің ағаш қуысында отырған сұлулығы керемет қыз болуын сипаттайтын тұстары да түрлі фольклорлық наным-түсініктер тоғысқан. Осындағы ағаштың қуысындағы сұлу қыз көзінің көкпен де көгірек, шашының теңіз толқынындай (ол да көк) болуы – тәңірлік нанымның көріністері. Себебі, Жаратушы Көк Тәңірінің мекені көкте болғандықтан, ең әдемі де қасиетті түс – Көк, және ол Тәңірінің нышаны болып дүниеге келу мотивінің негізінде ежелгі адамдардың ағашты тотем тұтқан наным-сенімінің ізі бар.

Талқылау. Қазақ фольклорындағы ағаш культі жайында С.А. Қасқабасов: «Ертегілерде үш әлемді, яғни бүкіл космосты, сөз еткенде үлкен зәулім ағаш суреттеледі. Бұл ағаш көп жағдайда мифтік үш әлемді вертикальді түрде жалғастырып тұрады. Ғылымда оны «әлемдік ағаш» (мировое дерево) немесе «космостық ағаш» (космическое дерево) деп екіге бөледі. Осы космостық ағаш бейнесі көне мифтермен бірге шамандық нанымға да кіріккен. Жалпы, әлемдік ағаш туралы мифтік ұғым қазақтың ертегілері мен шамандық нанымдарында да кездеседі. Рас, онда жоғарыда айтқан көне мифтердегідей емес, реликт түрінде кездеседі. Мәселен, кейбір қазақ ертегілерінде зәулім бәйтерек суреттеледі. Ол кейіпкердің өмір жолында өте маңызды рөл атқарады. Бәйтерек түбінде айдаһарды өлтірген кейіпкер аспан әлеміне көтерілуге немесе жер астынан шығуға мүмкіндік алады: бәйтеректің басына ұя салған Самұрық (не алып қаракүс) кейіпкерді аспан әлеміне алып ұшады, я болмаса жер бетіне шығарады. Міне, мұндағы зәулім бәйтерек бейнесі – қазақ жағдайына сәйкес космостық ағаштың өзгерген түрі» – дейді [3,86-87].

Ежелгі заманның ұлы бақсылары: «Менің тұрағым – Көк Тәңірі, Күн мен Ай, анам ағаш, жел мен су» [5,601] – деген екен. Сондай-ақ ғалым космостың ағаш бейнесінің шамандық нанымда жақсы сақталғандығы, қазақ бақсыларының қолына ұстаған асатаяғының (асай-мүсей) осы космостық ағаштың өзгерген элементі деген ойлар ұсынады. Жалпы ағаш тотеміне қатысты ғалымдардың түрлі тұжырымдары бір арнаға тоғысады.

Шамандық сенімдегі, болашақ бақсының құтын аспан әлемінің рухтары – құстар алып кетеді де, қасиетті ағаштың басындағы ұяға апарып тәрбиелейді. Мұндай Әулие ағашты сахалар Ыйық мас деп атаған. Бақсы неғұрлым күшті болса оның құты ағаштың жоғарғы жағында, әлсіздеу болса төменгі бұтақтарындағы ұяда тәрбиеленетін болғандығы туралы Ш. Ыбыраев пікірлер түйіндеген [5,601]. Осындай тәрбие кезінде бақсының құты аққу құсқа айналдырылған. Кейін бақсының өзіне қайтарылып берілген.

Кумандардың сенімі бойынша өлген құдайдың қызынан туған Құрылтайдан тарайтын бақсылар тумай тұрғанда оның «бәйтерегі» басқа бір мифтік елде өсе бастайды» екен [6,103]. Әлемдік ағаш, аспан, жер және жер асты әлемін байланыстырушы, сондай-ақ екі дүние арасында дәнекер жалғастырушы қызметін атқаруы И. Кастанье жазып алған бір бақсылық сарында сақталған:

Он бесімде жабысты,

Жиырмада табысты.
Көнбес ескі көндерде,
Қу ағашқа түнерде [7,45].

«Мұндағы «он бесінде жабысып, жиырмасында табысқан дерт» бақсылықтың қонуы екені даусыз, ал «қу ағашқа түнеу» де сол Сібір шамандарының түсінігіндегі ана-құстың бақсы құтын ағаштағы ұяға түнетуі болса керек» – деп көрсетеді Ш. Ыбыраев [5,601].

Сондай-ақ «Қорқыт ата кітабындағы» Ораздың ағашқа сиынып, онымен тілдесуі осы байырғы тотемдік түсініктердің сілемдері (екінші жыр). Жалғыз көзді дәуді өлтіретін Бисат өзі туралы:

Атам атын сұрар болсаң, қаба ағаш,

Анам атын сұрар болсаң, күркіреген арыстан,- деуі Оразды гәуірлер қол-аяғын байлап, дар түбіне әкелгенде оның дар ағашына қарап:

«Атың ағаш десең, шамданба ағаш! О, Мекке мен Мәдиненің есігі болған ағаш! Құдаймен тілдескенде, Мұсаның асасы болған ағаш! Ерлердің ері Әлидің дүлділіне ер болған ағаш! Зұлпықарға сап болған ағаш! Хасан мен Хұсайынға бесік болған ағаш! Ерге де, әйелге де қатер болған ағаш! Мені саған асар болса, құлап түс ағаш! [8,56] деп сөйлеуі Ағаш культімен байланысты көне ұғымдар. Ол қасиетті адамның не бақсының атасы (анасы) ретінде ағаштың аталатындығы тағы да сол құттың мекені болумен ұштасып жатыр. Көне түркілік ұғымда ағашты ана санау, адам жанының ағашқа барып паналауы сияқты ұғымдар орын алғандығын зерттеушілер жазған.

Қорытынды. Оғыздың болашақ жарын ағаш қуысында кездестіріп ғашық болуында осы көне түсініктердің ізі жатыр. Сондай-ақ эпоста белгілі бір этникалық атаудың берілуінде де осы ұғымның ықпалы бар. Мәселен: «Оғыз-наме» кітаби эпосында Етіл (Еділ) өзенінен әрі өтіп, Үрім (Рим) қағанмен соғысқан Оғызға, Ұлық Орда деген шебер кісі ағаштан сал жасап, дүние-мүлкімен аман-есен бері өткізеді. Ұлық Орданың бұл ісіне сүйсінген Оғыз қаған: «Сен осы жерге бек бол, «Қыпшақ» бол, – дейді. Әбілғазының «Түріктер шежіресінде» ағаш қуысында туған балаға Оғыз қаған «Қыпшақ» деп ат қояды. Себебі, «қыпшақ» – ағашта туған деген мағынаны білдіреді екен.

Көне замандарда төл топырағымызда жасалып, сақталып келе жатқан мұралар да аз емес. Адам танымының алғашқы кезеңдеріндегі айнала табиғатты тұтас жан деп ұғыну, адам мен табиғаттың бір-біріне оң және теріс әсерлері туралы түсініктер бұрынғы ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігіне тірек болып, бүгінгі заман ой-танымында, әдеби көркемдік әдістерінде сақталған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Өмірәлиев Қ. «Оғыз қаған» эпосының тілі. – Алматы: Ғылым, 1988. – 280б.*
- 2 *Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 208 б.*
- 3 *Қасқабасов. С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.*
- 4 *Рамазан Айваллы Хазірет Мұхаммед алейһиссаламның өмірі – Алматы, 2014. - 586б.*
- 5 *Ыбыраев Ш. Қорқыт және шаманизм. //Қорқыт ата – Алматы, 1899. – 601б.*
- 6 *Алексеев Н.А. Ранние формы религии тюркоязычных народов Сибири. – Новосибирск, 1980 – 103с.*
- 7 *Кастанье И. Из области киргизских верований // ВОВО. – 1992. – №3 (с 45)*
- 8 *Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. – Алматы: Ғылым, 1986. – 216 б.*

References:

- 1 *Ömiräliev Q. «Oğyz qağan» eposynyň tılı. – Almaty: Ǵylym, 1988. – 280b.*
- 2 *Äbılǵazy. Türik şejiresi. – Almaty: Ana tılı, 1991. – 208 b.*
- 3 *Qasqabasov.S. Janazyq. Är jylǵy zerteuler. – Astana: Audarma, 2002. – 584 b.*
- 4 *Ramazan Aivally Haziret Muhammed aleihissalamnyň ömiri – Almaty, 2014.-586b.*
- 5 *Ybyraev Ş. Qorqyt jäne şamanizm. //Qorqyt ata – Almaty, 1899. – 601b.*
- 6 *Alekseev N.A. Rannie formy religii türkoiazыchnyh narodov Sibiri. – Novosibirsk, 1980 – 103s.*
- 7 *Kastane İ. İz oblasti kirgizskih verovanii // VOUO. – 1992. – №3 (s 45)*
- 8 *Qyraubaeva A. Ejelgi ädebiet. – Almaty: Ǵylym, 1986. – 216 b.*

МРНТИ 14.01.11

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.64>

Сейсенбаева Ж.А.¹

¹ *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҚЫЗ БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ КӨРКЕМДЕЛУ СИПАТЫ

Аңдатпа

Мақалада қыз бала тәрбиесінің қазақ әдебиетінде көркемделу сипаты мен ерекшелігі айқындалған. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі ана бейнесінің, қыз тәрбиесінің суреттелу ерекшелігін нақты мысалдармен дәлелденген ғылыми мақалада қазақ қыздарына қайсарлық, өжеттік, тақпапарлық, көргенділік пен даналық сияқты қасиеттер ғасырлар бойы ел аузындағы аңыз әңгімелерге, батырлар жырына, ән-жырға арқау болғандығы тұжырымдалған. «Қызға қырық үйден тыю» деген дана философиялық қағидаға орай ата-бабаларымыз қыз баланың тәрбиесіне ерекше мән берген. «Қыз өссе елдің көркі» дегенге сай болу үшін оны адамгершілікке, парасаттылыққа, еңбек сүйгіштікке, әдемілікке баулыған. «Қыз жат жұрттық» деп айтылып, өмірден сабақ ала білген бабаларымыз бөтен елде қыздарының тәрбиелігі-мен, көргендігімен дараланғанын қалады.

Қазіргі ұлттық әдебиетіміздің алдында тұрған ең басты мәселе – әйел-аналар бойынан кездесетін жағымсыз мінездерден гөрі, ертеден бойына құт дарыған, отбасының берекесі, ұлттың тәрбиесін негізге алған әйел-аналар бейнелері шебер сомдалған шығармалардан үзінді келтірілген. Елінің еркіндігі үшін ерлермен бірге атқа қонып, қайыспас қайсарлық танытқан қазақтың батыр қыздары туралы жазылған шығармалар туралы да ғылыми мақалада мысалдар келтірілген.

Түйін сөздер: қыз тәрбиесі, ауыз әдебиеті, проза, мақал даму, поэзия, рухани құндылық, рухани қазына

Seisenbayeva Zh.¹

¹ *Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

ARTISTIC FEATURE OF GIRLS ' EDUCATION IN KAZAKH LITERATURE

Abstract

The article reveals the features and nature of artistic design in Kazakh literature. In the scientific article, proved by concrete examples of the features of describing the image of a mother, raising a daughter in Kazakh Proverbs, it was formulated that such qualities as selflessness, courage, arrogance, foresight and wisdom have been the basis of legendary stories, heroic songs, songs in the mouth of the country for centuries. In connection with the wise philosophical principle "forty years of a girl", our ancestors paid special attention to the education of girls. In order to meet the " Kyz osse Eldin korkimi", he was instilled morality, decency, hard work, beauty. As they say "Kyz zhattyk", our ancestors, who studied life, wanted the upbringing of their daughters in a foreign country to be individualized by what I saw.

The main problem facing our modern national literature is the images of women-mothers who have taken as a basis the upbringing of the nation, prosperity, and family well-being, and not the negative character traits found in women-mothers. The scientific article provides examples of works about Kazakh heroes who performed equestrian feats together with men for the freedom of their country and showed unwavering selflessness.

Keywords: education of girls, oral literature, prose, proverbs, poetry, spiritual values, spiritual treasures

Сейсенбаева Ж.А.¹

¹ *Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан*

ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ЧЕРТА ВОСПИТАНИЯ ДЕВОЧЕК В КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Аннотация

В статье раскрываются особенности и характер художественного оформления в казахской литературе. В научной статье, доказанной конкретными примерами особенностей описания образа матери, воспитания дочери в казахских пословицах, было сформулировано, что такие качества, как самоотверженность, смелость, высокомерие, дальновидность и мудрость, на протяжении веков были основой легендарных историй, героических песен, песен в устах страны. В связи с мудрым философским принципом "сорок лет девочке" наши предки уделяли особое внимание воспитанию девочек. Для того, чтобы соответствовать «Қыз өссе елдің көркімі», его привили нравственность, порядочность, трудолюбие, красоту. Как говорится "Қыз жаттық", наши предки, которые учились жизни, хотели, чтобы воспитание дочерей в чужой стране было индивидуализировано тем, что я видел.

Главная проблема, стоящая перед нашей современной национальной литературой, – это образы женщин-матерей, взявших за основу воспитание нации, благополучия, семейного благополучия, а не негативных черт характера, встречающихся у женщин-матерей. В научной статье приведены примеры произведений о героях-казахах, которые за свободу своей страны вместе с мужчинами совершали конные подвиги и проявляли непоколебимую самоотверженность.

Ключевые слова: воспитание девочек, устная литература, проза, пословицы, поэзия, духовные ценности, духовные сокровища

Кіріспе. Қазақ халқы қыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, ұлт тағдырымен байланысты қараған. Бұл үрдімті байырғы ауыз әдебиетінен бастап, күні бүгінге дейін ақын-жазушылар шығармаларына тақырып етіп, көркемдеп жеткізуде.

Әйел- ана сонау түркілер түсінігінде отбасының құты мен ырысы, ұйытқысы мен жылуы. Түркі дүниесін терең зерттеген тарихшы-ғалым Лев Гумилев «Көне түріктер» деген іргелі зерттеуінде «Түркілер әйелдерді сал-серілердей әдейі қатты құрметтейтін. Баласы үйге кіргесін әуелі шешесіне иіліп, тәжім еткен, содан кейін барып әкесіне сәлем берген. Орхон жазуында да ордада апа қарындастары қалып қойып, оларға ажал қауіп төнгенде, Күлтегіннің оларды жанқиярлықпен қорғап қалғаны зор шабытпен жырланады. Түркілерде анасының шыққан тегіне айырықша мән берілген», - деп жазған. Қазақ халқының «Жігіттің жақсы болуы нағашы-сынан» деген сөзінің мағынасы да тереңде. Оның түп мәніне үңілсек, ата-бабаларымыз аналарының, жұбайларының қадір-қасиетіне, оның шыққан тегімен байланыстырған. Мұның өзі қыз баланың ұрпақ өрбітудегі орнының жоғары, жауапты екендігін танытады.

Халық мақал-мәтелдеріндегі әйелдер образының көркемделу деңгейінің жан-жақтылығымен дәлелдейтін болсақ, ол біріншіден, әйел үйдің сәні, үй іші жұмыстарының билеушісі ретінде суреттеледі. Екіншіден, әйел ерлердің сенімді серігі, жөн сілтер ақылшысы ретінде бейнеленген. Қазақ мақал-мәтелдерінде ерлердің дәуірге сай, жарамды азамат болып жетілуін әйелдерге байланыстыра бейнелейді. Үшіншіден, әйел адам балалардың ең алғашқы тәрбиешісі, қамқор, қорғаны. Қазақ мақал-мәтелдерінің көпшілігі еңбекпен, шаруашылықпен байланысты болғандықтан, бала тәрбиесінің негізі де еңбекке, шаруашылыққа баулу. Қазақ әйелдерінің бір міндеті – үйде бала бағу болғандықтан, 5 жасқа дейінгі бала тәрбиесі негізінен аналарға міндеттелген де, бала тәрбиесінде ана негізгі орында тұрған.

«Дүниеде ана махаббатынан қасиетті нәрсе жоқтығын» ерте түсінген халқымыз өз мақал-мәтелдерінде ана-бала махаббатын айшықты тілмен әсем де, терең суреттеп берген. Мысалы: «Баласы бәйгеге шапса, шешесі үйде отырып, тақымын қысады», «Әке қарғысы – оқ, шеше қарғысы – бөк», «Орақ ұстап, әкең қалғанша, оймақ ұстап, шешен қалсын» деп, әке мен шешені салыстыра тұжырымдап, бала үшін ананың аяулығын айтқан. Сондықтан да, қазақ мақал-мәтелдерінде ана ұрпақ тәрбиешісі, ақылгөй ретінде көзге түседі. Төртіншіден, әйелдер ынтымақтың дәнекері ретінде бейнеленеді. «Ат сатсаң аймағыңмен» дейтін халқымыз ауыл, ру-ұлыстар берекесіне ерекше мән беріп, әйелдерді осы берекенің ұйтқысы, дәнекері ретінде қараған, бұны төмендегі мақалдардан көруге болады.

Қазақ халқы ана тәрбиесімен ісер, әдепті, арлы болып өскен қыздарын алақанға салып әлпештейтін. Мұны «Қыз өссе – елдің көркі», «Жақсы қыз – жағадағы құндыз» қатарлы мақалдардан аңғарсақ, түскен жеріне аяғымен құт әкелген көргенді келіндер есейе келе, ауылдың үлкен-кішісіне жібектей мінезі, ақылгөй шешендігімен жағып, ауылды аузына қарататын дана аналар болған. Мұны халқымыз «Ерін баққан әйел елін де бағады», «Абысын тату болса – ас көп», «Алған жарың жақсы болса – үйіңнен қонақ кетпес, алған жарың жаман болса – досыңның да аяғы жетпес» қатарлы мақалдарымен тұжырымдап, бүкіл ауыл берекесінің, ағайын-достар татулығының ұйтқысы әйелдер етіп көрсеткен.

Әдістеме. Анаға деген риясыз құрметті Сегіз серінің «Гаухартас» әніндегі «Анаңнан айналайын сені тапқан» деген жолдан-ақ көруге болады. Жалпы, бұл тақырып қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінде жиі кездеседі.

Қазақта қыз баланың, жалпы әйел затының бойындағы төменшектік, именшектік, ұялшақтықтан гөрі өжеттік, еркіндік, ақыл, парасат сияқты қасиеттерді жоғары бағалайды.

Қазақ қыздарына қайсарлық, өжеттік, тәкаппарлық, көрегенділік пен даналық сияқты қасиеттер ғасырлар бойы ел аузындағы аңыз әңгімелерге, батырлар жырына, ән-жырға арқау болған Тұмар, Зарина, Роксана, Домалақ ене, Айша бибі, Құртқа, Гүлбаршындардан келгені анық. Қазақ: «Асыл әйел әрі еркек, әрі қатын», - дейді. «Жақсы әйел» және «жаман әйел» концептісінің көрінісін ақын-жыраулар шығармашылығынан да, шешендік сөздер үлгісінен де көруге болады: Жақсы қатын алсаңыз, Жақсылығын білдірер, Ерін жөнге көндірер, Анық осы, бозбала, Жұмақтан шыққан хормен тең, Алғаның жаман жолықса, Жамандығын білдірер, Ер қадірін кетірер, Оның өзі, бозбала, Маңдайға біткен сормен тең (Шал ақын); «Әйелдің жақсысы қандай, жаманы қандай болады? - дейді Ыбырай, шешенге: - Әй! - дегенде: - Ә; - десе, - Манағы қайда? - дегенде: - Мә, десе - жақсы әйел сол. - Әй! - дегенде: - Оқ, десе, - Манағы қайда? - дегенде: - Жоқ десе, дау да іздеме, жау да іздеме, бәрі де өз үйінде, - депті Тұяқ шешен».

Аталған тілдік деректер «жақсы ер бала-шағаның қамын ойлап, табыс табумен айналысуы керек те, оны жарататын, іске асыратын, қонақты дұрыс күтіп, ерінің жақсы атын шығаратын, үй шаруашылығындағы мәселелерді өзі шешіп, күйеуінің ақылына ақыл қосып, дұрыс шешім қабылдауға итермелейтін – жақсы әйел» деген қазақтарда қалыптасқан көзқарасты дәлелдей түседі.

Халық: «Алып анадан туады», - дейді. Аңыз, ертегі, әңгімелердің өзінде де әйелдердің неше түрлі образын табуға болады. Халықтың шешені атанған Жиреншеге қысылған жерде жол тауып, өлімнен қорғап отыра-тын, ханның сұмдық пікіріне тор құрып, өзіне бас игізетін Қарашаш - айта қалғандай ақылды әйелдің образы. Халық оны өзінің ардағы еткен Жирен-шеден де артық санайды. Жиренше ақыл таба алмай қалғанда, ақыл тауып беретін де, сөзден мүдіргенде аузына сөз салатын да Қарашаш болды.

Қазақ әйелдері туралы сөз болғанда, әсіресе олардың сырты мен іші үйлескен сұлулығы, мінез байлығы, ақыл-парасаты жөнінде әңгімеленген-де, ең алдымен батырлар жырындағы әйел кейіпкерлердің көз алдыңызға келері сөзсіз. Құртқа – қазақ әйеліне тән ақыл-парасат пен көрегенділік-тің, Жібек – сұлулық пен сымбаттың, Айман мен Ақжүніс әйел үшін таптырмайтын қасиет – қулық пен айлакерлік, тапқырлықтың, ал Баян – сұлулықпен бірге махаббатқа адалдықтың, сезімге тұрақтылықтың символы.

Әрі сұлу, әрі ақылды, әрі ел қорғайтын батырға жәрдемші әйелдерді біз батырлар эпосынан көп табамыз. Соның бірі – Құртқа.

Нәтижелер. Құртқа – халықтың ең таңдаулы, ақылды әйелінің образы. Құртқаны дәріптегенде, оны ақылды етіп көрсеткендегі мақсат - жас әйел, қыздарға Құртқаны үлгі ету. Әйелдің рөлі тек қана үй жұмысы, еркекті күту емес, әлеуметтік мәселеге қатысып, олардың да ел үшін қызмет етуін аңсаған-дық. Бұл жерде елдің көзқарасы мен үстем таптың көзқарасы екі басқа. Қазақтың үстемдік еткен феодалдар табы әйелді мал орнына ұстап, оларды тек еркектің құмары үшін деп ұқса, халық әйелдерді өзінің ақыл, ойын ел қорғауға жұмсайтын, елін жаудан қорғайтын, ел ардағы батырға көмекші, жәрдемші, ақылшы болатын өз балам деп ұғады. Жырда суреттеген әйелдердің ақылдылық, айлакерлік, алдын болжағыш қырағы-лықтары, тап сол қалыпта болмаса да, «сол болса» деген ұлы арманның ұшқыны, ел тілегі.

Қобыландыны елдің кейінгілер үшін үлгілі ұлы десек, Құртқа – үлгілі қызы.

Қазіргі ұлттық әдебиетіміздің алдында тұрған ең басты мәселе – әйел-аналар бойынан кездесетін кері мінездерден гөрі, ертеден бойына құт, жолына нұр, алысқанда аруағын асырар сарқылмас күш иелері әйел-аналар бейнелері шебер сомдалған. Ел басқарған бабаларымыз аналарымен, жұбайларымен ақылдасып ел мәселесінің шешіп отырған жайттар тарих беттерінен белгілі. Елінің еркіндігі үшін ерлермен бірге атқа қонып, қайыспас қайсарлық танытқан қазақтың батыр қыздары жайлы бүгінгі ұрпақ білуі керек. Кең байтақ қазақ даласының тыныштығын қорғай білген қайсар қыздар, тарихи тұлғалар туралы жазылған құнды деректерге, қолжазбалар мен хикаяларға бір сәт көз жүгіртер болсақ, талай таңдай қақтырар ерліктерге куә боларымыз хақ.

Мәселен, біздің дәуірімізге дейінгі 570-520 жылдары өмір сүрген Тұмар ханым (Томирис)! Ол жүрек жұтқан батырлығымен ғана емес, елінің ертеңінен тереңнен ойлай білетін даналығымен, ділмар шешендігімен аты аңызға айналған тұлға. Жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбаевтың «Дулыға» атты кітабындағы мағлұматтарға жүгінсек, кезінде талай елді басып алып, көп жұртты қан қақсатқан қаһарлы парсы патшасы Кир Тұмар ханымға елші жіберіп: «Маған тұрмысқа шықсын. Екеуміз екі елдің басын қосып, бірігіп билейік», деп алдаусыратады. Кирдің мақсаты сақ елін жаулап алу екенін түсінген Тұмар ханым: «Мен елімнің падишасымын. Мен иілсем – елімнің иілгені. Кир көзін маған емес, менің еліме салып отыр. Ал, мен еліме бұғау салдыртпаймын, ата-баба аруағы жатқан жерді жаттың табанына таптатқызбаймын, қорлатпаймын. Соны есінде сақтасын», - деп жауап береді. Батыр апамыз айтқанын істеді де. Сөзге тоқтамаған Кир патшаны қанға тұншықтырды.

Қазақ әйел мәртебесін әрқашан жоғары қоя білген халық. Есімі ел ұранына айналған абыз аналардың бірі – Домалақ анамен Бәйдібек бабамыз ел шаруасын да, отбасы мәселелерін де келісіп шешіп отырған. Әйгілі Мөңке бидің «Әйеліңмен дос бол, үйіңнің берекесі кіреді» деген нақылын, Әз-Жәнібек ханның тұсындағы Жиреншенің Қарашаштың қара басын қара орманға балағанын, Қазыбек бидің «Аймалайтын анаң қымбат, мейірімді апаң қымбат» деген кесімді сөздері халқымызда әйел затын ер азаматтардың қадір тұтып, қастерлеп бағалағанына көз жеткіземіз. Абайдың әкесі Құнанбайдың да көп жайттарды анасы Зере мен жұбайы Ұлжанның пікірмен санасып, ортақ мәмілемен келісіп отырғаны белгілі. Қазақтың «Келісіп пішкен тон келте болмас» деген мәтелі де осы сөзімізге орайлас айтылатын сынды. Енді, одан бері тарих беттерін парақтар болсақ, «Алашорда» қозғалысының қайраткерлері азаматтар жынысына қарамай өз құқығын заңды саяси талаптар арқылы қорғауы мәселесін көтеріп, әйелдердің саяси құқығы ерлермен тең болуға тиісті деген қаулы қабылданғаны белгілі. Ұлы Отан соғысы кезеңінде ерлермен қатар, отанын қорғауға ерлермен бірдей аттанып ерлік көрсеткен қазақ қыздары Мәншүк пен Әлия еңбегін қайда қоясыз».

Ел басына қауіп төнген кешегі екінші дүниежүзілік соғыста «Ер апаларының» ерліктерін жасаған қазақтың Мәншүк пен Әлиясы шығыс халықтарының мақтаны. Қашанда қиын-қыстау кездері батыр қыздары-мыздың ерлігі ерекше көзге түсетінін тарих та, өмір де дәлелдеп келеді.

Желтоқсан оқиғасының батыл қыздары Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамметжанова сияқты ұлттық намысты берік ұстаған, ерлік пен елдікті ұран еткен ұлтжанды қыздарымыз қаншама. Қазіргі заманда ұл-қыздарымыз бен немерелеріміз өздерінің әкелері мен бабаларының әулетті ісіне, олардың, салып берген игі жолына мақтанса, соларға еліктеп өссе дейміз. Ал ата-аналарымыз сондай салауат иесі боп өсіп келе жатқан ұл-қыздарына сүйсінсе дейміз. Өздерінің жақсы ісін, жарқын мұрагерлеріне мақтанса дейміз. Біздің ұрпақ адамзаттың ізгілігі мен инабаттылығын, олардың әділдігін бағалай білетін байыпты азамат болса дейміз».

Коммунистік-тоталитарлық жүйенің әлемде алғаш рет іргесін шайқалтқан, Тәуелсіздікке жол ашқан Желтоқсандағы жастардың, әсіресе, қазақ қыздарының қаһармандығы кезінде ақын Исраил Сапарбайдың «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» деген өлеңімен әрленгені белгілі.

«Қазақ әйелі» деген қасиетті ұғымның қалыптасуына негіз болған Ғ.Мүсіреповтың романтикалық әңгімелері туралы айтар болсақ, «Ашынған ана», «Адамның анасы», «Ананың анасы», соның ішінде «Ұлпан» секілді шығармаларындағы қайталанбас мәнде сомдалған әйел үлгісін көруге болады.

Ғабит Мүсірепов әңгімелеріндегі қазақ әйелдерінің өршіл де өжет, қажырлы да сабырлы, пайымды да, ақылды қасиеттері барынша жарқын суреттелген. Жазушы әңгімелерінің көркем идеясы, сюжеттік құрылымы-мен тамаша сабақтасқан озық туындылар ретінде бағаланады. Әңгімелерінің бір ерекшелігі – адам психологиясына терең бойлататын қайсарлық, өжеттік, адалдық қасиеттерді ішкі күрделі көңіл-күймен шебер танытады.

Жазушының ана тақырыбына жазған әңгімелерінде ананы ардақтау, оның ұлылығы алдында бас ию басым болып келеді. Жазушы суреттеген әйелдер өз балаларының ғана емес, жалпы адамзаттың асыл анасы ретінде асқақ ардақталады. Өйткені, ол – адамға өмір сыйлаушы, қоғамдық өмірдің тірегі, қайнар көзіндей мәңгілік махаббаттың

иесі. Жазушының ана әңгімелері оқырмандарын адамгершілікке үндейді, үлкенді сыйлауға, адамға мейірбан болуға тәрбиелейтін танымдық-тәлімдік, тәрбиелік маңызы жоғары туындылар.

Талқылау. Б.Майлиннің «Зейнештің серті», «Күлпаш», «Әже», «Раушан – коммунист» еңбектеріндегі әйел бейнелерінен, М.Дулатовтың «Ақбілегіндегі» Ақбілектің, «Бақытсыз Жамалындағы» Жамалдың, С.Торайғыровтың «Қамар сұлуындағы» Қамардың, М.Әуезовтың «Абай жолындағы» Зере мен Ұлжанның бейнелерінен қазақ әйелдерінің сол дәуірдегі нағыз, шынайы бейнелерін айнадағыдай көре аламыз.

Сол дәуірдегі әйелдерге қатысты әйел теңсіздігі, қалың мал секілді өзекті мәселелерден тыс, тек қана әйел бейнесіне көз жүгіртер болсақ, ол бейнелер – ибалы қыз, инабатты келін, жанашыр жар, тәрбиенің қайнар көзі іспетті иманды һәм еңбекқор аналар. Мұндай құндылығы зор шығармалардың әлі талай келер ұрпаққа өткен ғасырлардан үлгі етер әйел бейнесін жеткізері даусыз. Ал енді сол келер ұрпағымызға келешекте қазіргі қоғамымыздағы әйел, аналарымыздың нағыз бейнесін өз деңгейінде жеткізе аламыз ба? Оларды қоя тұрып, біздің өзіміз дәуіріміздің тынысынан сыр шертетін әдеби әңгімелерден, көркем шығармалардан боямасыз өмір, бұқпасыз кейіпкерді, дәлірек айтсақ, замандастарымыздың шынайы кейпін көре алып жатырмыз ба?

Қазіргі әдебиетіміздегі әйел тақырыбына бағытталған көркем шығармалар жоқ емес, бар. Әйел, аналарға арнап қалам тартып жатқан жазушыларымызда бар, дегенмен, толыққанды образ жасалып, бүгінгі замандағы әйел келбеті ашылып, ұрпаққа еліктер образдар суреттеліп жатыр ма?

Бүгіндегі әйел болмысын зерделеп, қоғамдағы ащы шындықты көркем-дей білген туындылардың бірі жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қуандық Түменбайдың «Ұябасар» атты шығармасын айтсақ болады. Әңгімеде соңғы 20 жылдағы тәуелсіздік алғаннан кейін, нарық заманы келіп, кәсіпорындардың, соның ішінде, АХБК жабылуы себебінен, жұмыссыз қалған жас қыздың күнкөріс қамымен тәнін саудалағаны ашық суреттеледі. Бұл сол әңгімедегі Салтанаттың ғана басынан өткен жайт емес, талай қарақөздеріміздің мына заманда өз орнын таба алмай жүргенінің дәлелі.

Қорытынды. Қазақ әйелі бүгінде заман дәрежесіне сай қайраткерлік жасампаздық дәрежеде жетті десек қателеспейміз. 20 жылдық тәуелсіздік кезеңінде саяси аренада, мемлекеттік басқару саласында талай аруларымыз дара тұлға ретінде, қайраткерлік дәрежеде қызмет жасауда. Іскерлік әлемінің тамаша тәжірибесінен өзіндік қолтаңбаларымен еліміздің даму кезеңіне ықпал етуде. Экономикалық-саяси тұрғыдағы әйел мәртебесінің гендерлік саясат негізінде теңдестірілуі – еліміздің жан-жақты дамуына, заманауи қазақ әйелінің – басшы, бизнес-вумен, өндірістік, ғылым, шығармашылық және т.б. салалар қызметкері имиджін жандандыруына және позитивтен-діруге, ынталандыруда жаңа биіктерге жеткізу жолы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Сейсенбаева Ж.А. Ұлттық тәрбиенің ғылыми негізі: Оқу құралы. – Алматы: «Ақ-Толғанай»; – 2011. - 158 б.
- 2 Сейсенбаева Ж.А. Қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесінің тұлға қалыптастырудағы рөлі. //Ұлттық тәрбие. – 2013. - № 4.
- 3 Пірәлиев С.Ж., Нұриев М.А., Сейсенбаева Ж.А., Садыкова А.Е., Саметова Ж.Ш.. Интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы тіл мен әдебиет. Оқу құралы. – Алматы: «Ақ-Толғанай»; – 2011. – 164 б.
- 4 Ұлттық тәрбие (ұлттық тәрбиенің этика-эстетикалық негіздері): оқу құралы. /Құрастырушылар: Прәлиев С.Ж., Нұриев М.А., Якупова А.Н., Сейсенбаева Ж.А., Аганина Қ.Ж. - Алматы: «Ақ-Толғанай»; – 2011. - 224 б.
- 5 Прәлиев С.Ж., Нұриев М.А., Оразымбетқызы Ә., Сейсенбаева Ж.А. Ұлттық тәрбие (салт-дәстүр, әдет-ғұрып негізінде).

References:

- 1 Seisenbaeva J.A. Ұлттық тәрбиенің ғылыми негізі: Оқу құралы. – Алматы: «Ақ-Толғанай»; – 2011. - 158 b.
- 2 Seisenbaeva J.A. Qazaq әdebietindeгі әiel beinesinің tұлға qalyptastyradaғы rөli. //Ұлттық тәрбие. – 2013. - № 4.
- 3 Piräliev S.J., Nuriev M.A., Seisenbaeva J.A., Sadykova A.E., Sametova J.Ş.. İntelektualdy ulti qalyptastyradaғы til men әdebiet. Oqu qūraly. – Almaty: «Aq-Tolğanai»; – 2011. – 164 b.
- 4 Ұлттық тәрбие (ұлттық тәрбиенің этика-эстетикалық негіздері): оқу құралы. /Qūrastyrushylar: Praliev S.J., Nuriev M.A., Yakupova A.N., Seisenbaeva J.A., Aganina Q.J. - Almaty: «Aq-Tolğanai»; – 2011. - 224 b.
- 5 Praliev S.J., Nuriev M.A., Orazymbetqyzy Ä., Seisenbaeva J.A. Ұлттық тәрбие (salt-dästür, ädet-ğūryp negizinde).

БАҚҚОЖА МҰҚАЙДЫҢ «ӨМІРЗАЯ» РОМАНЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ҚҰРАЛДАР МЕН ӘДІСТЕРДІҢ РӨЛІ

Аңдатпа

Ғылыми мақалада Баққожа Мұқайдың «Өмірзая» романындағы замана шындығын суреттеудегі көркемдік құралдар мен әдістердің рөлі сөз болады. Романдағы өмір шындығының көркем шындыққа айналу жолындағы бейнелеуші әдіс-амалдардың негізгі қызметін баса көрсетіп, суреттелген кейіпкерлердің адами болмысының барынша ашылуына айрықша көңіл бөліп, көркемдік тұрғыдан тұжырымдалуы туралы сараптама жасалды. Мақаланың мақсаты қазақ көркем прозасындағы өзіндік болмысы мен дара қолтаңбасы айқындалған шығармалардың шындықтың әсерлі көркемделуіне, ой мен образға, адамгершілік парасаттылыққа, терең философиялық мәнін ашуға бағытталған. Жазушы шығармаларының құндылығы да суреттеудің нақтылығымен шынайылығында болса керек. Әдебиеттің өзіндік танымын терең түсінген жазушы оның бар қадір-қасиетін көркем туындыға сыйғызуға бар күшін салған. Сол себепті де тарихи шындықты бұрмаламай, ойқырманна нанымды суреттеу арқылы шығарманы шырайландыра түскен. Әдеби теориялық бағдарды бетке ұстар болсақ, жазушы бұл шығармада ұлт болмысына сай жаңа характер сомдаған. Б. Мұқай өз туындыларында көркемдік тәсілдерді пайдаланып, ұлттық характер сомдап, тың идеялық шығармаларымен барынша танымал болған қаламгер. Шығармада бейнеленген өмір құбылыстары сол туындының тақырыбы десек, әдеби шығарманың идеясы оның мазмұнындағы бірлік тұтастығы.

Түйін сөздер: көркем шығарма, образ, тарихи тұлғалар, замана шындығы, сөз өнері, ұлттық характер, патриотизм, сюжет

Seisenbayeva Zh.¹

¹*Kazakh national pedagogical University named after Abay,
Almaty, Kazakhstan*

THE ROLE OF ARTISTIC MEANS AND METHODS IN BAKKOZHA MUKAI'S NOVEL «ӨМІРЗАЯ»

Abstract

In the scientific article, the role of artistic means and methods in describing the realities of time in Bakkozha Mukai's novel "Umirzaya" will be discussed. An analysis of the artistic formulation of the depicted characters was carried out, emphasizing the main function of figurative techniques on the way to the transformation of the reality of life in the novel into an artistic reality, paying special attention to the maximum disclosure of human reality. The purpose of the article is to reveal the deep philosophical meaning of the works, thoughts and images, moral intelligence, and expressive reality of the works of Kazakh artistic prose, which reveal their identity and uniqueness. The value of the writer's works is also probably due to the accuracy of the description. Having a deep understanding of the self-knowledge of literature, the writer made every effort to fit all his dignity into a work of art. Therefore, without distorting historical reality, the work was decorated with a convincing description of the oikyrgan. As for the literary theoretical orientation, the writer created a new character in this work that corresponds to the realities of the nation. B. Mukai is a writer who used artistic techniques in his works, created National characters, and became famous for his original ideological works. While the phenomena of life depicted in the work are the subject of this work, the idea of a literary work is the unity of unity in its content.

Keywords: works of art, images, historical figures, modern realities, art of speech, national character, patriotism, plot

Сейсенбаева Ж.А.¹

¹*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан*

РОЛЬ ХУДОЖЕСТВЕННЫХ СРЕДСТВ И МЕТОДОВ В РОМАНЕ БАККОЖА МУКАЯ «ӨМІРЗАЯ»

Аннотация

В научной статье речь пойдет о роли художественных средств и методов в описании реалий современности в романе Баккожи Мукая «Умирзая». В романе сделан анализ художественной выразительности, подчеркивающий основную деятельность изобразительных приемов на пути превращения реальности жизни в художественную реальность, уделяя особое внимание максимальному раскрытию человеческой сущности изображаемых персонажей. Цель статьи - раскрыть глубокий философский смысл, мысль и образ, образность, выразительность произведений в казахской художественной прозе, в которых отражена самобытность. Ценность произведений писателя, вероятно, также заключалась в точности и правдивости описания. Писатель, глубоко осознав самобытное познание литературы, приложил все усилия, чтобы привнести в художественное произведение все его достоинства. Поэтому, не искажая историческую реальность, он воспевал произведение, изображая веру в нее. Если судить по литературным теоретическим ориентирам, то в этом произведении писатель воплотил новый характер, соответствующий национальному бытию. В своих произведениях Б. Мукай использовал художественные приемы,

сыграл национальный характер, был известен своими идейными произведениями. Явления жизни, отраженные в произведении, являются предметом этого произведения, а идея литературного произведения - единством в его содержании.

Ключевые слова: художественное произведение, образ, исторические личности, современность, искусство слова, национальный характер, патриотизм, сюжет

Кіріспе. Қазақ прозасының роман жанры күннен күнге дамып, кемелденіп келе жатқаны белгілі. Күрделі жанр саласындағы көркем туындыларында өзіне тән машық-мәнерімен, баяндау стилімен дараланып, идеялық шеберлігімен ерекшеленіп тұратын жазушының бірі – Баққожа Мұқай. Қаламгер сомдаған кейіпкерлер бүгінгі таңдағы замандас бейнесін айшықтандыра отырып, оқырман көңілінен берік орын алады. Прозаның қай түріне қалам тартқанда шығармада заман шындығын көркемдік шындыққа айналдыру үшін жазушы терең ізденіс пен аukumды мәселелерді ой қазық етеді.

Батыс әдебиетінің тағы бір жаңашыл әдісіне бой ұрған жазушы романда еліміздегі ызғарлы желтоқсандағы ұлы мұрат жолында қыршынан қиылған боздақтар туралы ой қозғайды. Жазушы қазақ елінің тарихындағы қиын кезеңдегі уақыт тынысы мен өзгерістерді, азаттық аңсаған адамзатпен мәңгі жасайтын проблемаларды суреткерлікпен жеткізе білген. Сол уақыт тынысын көркем шындыққа айналдыруда бір тақырыптың өзі алуан түрлі сипатқа ие болуы заңды. Бұл, әрине, әр қаламгердің сол шындықты өз көзқарасы, өз ой танымы тұрғысынан эстетикалық дәрежеде жеткізе білуіне байланысты. Баққожа Мұқайдың прозалық, я болмаса драмалық туындыларында болсын, замана шындығы бар поэтикалық көріністерді қамти отырып, табиғи деңгейде жеткізіледі.

Жазушының ХХ ғасыр аяғындағы қазақ халқының Ресей отарлау саясатына қарсы күресін барынша мол материалмен қамтып жазған романы осы – “Өмірзая”. басындағы үстем биліктің шарықтау шегіне жетіп, отарлау саясатының барынша мол материалмен қамтып, оқырман назарын аударған романы - «Өмірзая». Бұл туындыны жазудағы авторлық нысана - Кеңес үкіметінің сыңаржақ саясатының қазақ халқының ұлттық болмысы мен қоғамдық құрылысына тигізген ауыр зардаптарын суреттеу. Автор тарихтың ақтандақ беттерін ашып, жетпіс жыл бойы үстемдік еткен Ресей үкіметінің жымысқы саясатын жүзеге асырушылардың тұлғасын бейнелейді. “Өмірзая” романында өмір қиындығына шыныққан рухани қуаты берік, моральдық сапасы жоғары азаматтар бейнесін жасаған.

1989 жылы “Өмірзая” деген атпен драмалық туынды болып жарияланып, 1992 жылы сахна төріне қойылған туынды, 1998 жылы роман болып өңделген. 2000 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығын иеленген бұл шығарма кейіпкерлері суреткер өзі өмір сүріп отырған кезеңнің тұлғалары. Қазақ халқына құлдық қамытын кигізген солақай саясаттың жас ұрпақтың рухани сана-сезіміне қандай әсері қандай болғаны жан-жақты көрсетіледі. Саяси-әлеуметтік осындай саясаттың қазақ топырағына, менталитетіне тигізген әсерін суреттеу Б. Мұқай шығармаларының тақырыптық аясына тән. Оқырманға отарлық езгіге қарсы кезең шындығын жан-жақты ашып көрсететін бұл романда қазақ халқының намысшыл мінезі мен аңғалдығы отаршылдық пиғылдың сан түрлі құйтырқы саясаты көрінеді. Алғашқы топ - халықтың болашағы үшін жанын аямай күрескен шындық үшін “аттандаған” Алдияр Ақпанұлы бастаған топ болса, келесі топ «заманың тазы болса, түлкі боп шал» идеясының төңірегінде жиналған, қара бастарының қамы үшін бәріне шыдауға бар Мұса Байларовтың айналасына жиналғандар.

Әдістеме. Романда жақсылық табиғи түрде шешуге тырысқан жазушы өмір шындығын нанымды суреттеген. «Өмірзая» романы бостандық жолындағы биік идея, күрделі ақиқатқа құрылғандықтан оқырман ықыласына бірден бөленді. Шығарма әкелген жаңалығының бір қыры - әдебиетке қызғылықты характер қосуы. Жең ұшынан жалғасқан сыбайластықтың өрмекшінің ұясындай торланып алған тобырлық әрекеттері Мұса Байларов пен Жақия Тайлақұлы секілді “мықтылардың” келбеті арқылы бейнеленсе, ғалым Алдияр Ақпанұлы бейнесі арқылы шындықты жеткізуге талпынған характерлер сомдады. Бұл бейнеден адам баласына тән жақсы қасиеттің бәрі адалдық пен білімділік, төзімділік секілді қасиеттерді анық көруге болады. Олардың бойынан адам баласына тән жақсы қасиеттің бәрін - адалдық пен білімділік, төзімділік секілді қасиеттерді анық көруге болады. Шығармадағы бас қаһарман Аяған бейнесі қуаты зор образ. Романның басынан аяғына дейін өмірдің ауыр зардаптарынан көз ашпайтын, заманның ащы дәмін ғана татқан, бірақ өз дегенінен айнымаған кейіпкер адамгершіліктің биік болмысы ретінде бағаланады. Ал, жамандық ұғымының жинақталған бейнесін Мұса Байларовтың бойынан көреміз.

Шығарманың оқиғасы трагедияға құрылған. Аяғанның адал жары - Әсемнің асқынған ауру әсерінен қаза табуы, Хадишаның көзсіз махаббаттың қырсығына шалынып, жетімдіктің азабын еселеп тартуы, Аяған үшін інілік қызмет атқарып жүрген Асылханның саяси қастандықтың құрбаны болуы, Аяған мен Әсемнің бүлдіршіндері – Олжас, Елжас, Бибілердің балалық бал дәурендерінің өкінішпен өтуі, т.т. кімді де болса ойландырмай қоймайды. Аяған кеңестік үкіметтің өз дегенін істетпей қоймайтынына анық көзі жетіп тұрса да, қасқайып қарсы тұрды. Ақыры, оны майыстыра алмасын білген “мықтылар” өлтіріп тынады. Осы шығармадағы адамгершілік идеялар адамзаттық ізгіліктер ұстанымның биіктігін айқын көрсетеді. Осы ретте “Смерть – последняя точка существования. Не только осознания этого факта, но и само изображение егот как вечно тайны обостряет развитие характера персонажа. Автор заставил нас полюбить своих героев, и их смерть причиняет нам страдания, как будто мы навсегда расстаемся с живыми людьми” [1, 261 б.], - деген С. Сигуаның тұжырымы біз сөз етіп отырған романның кейбір оқиға сипаттарының мәнін аша түседі.

Жазушының өлім фактілерін, қайғылы ситуацияларды өзіндік бір суреткерлік мақсатпен көркемдеуі де қаламгердің әлемдік әдебиетте қалыптасқан көркем дәстүрлерді еркін игеріп, меңгергенінен хабардар етеді.

Бакқожа Мұқайдың бұл романындағы трагизмнің реалистік мәні жоғары. Төл әдебиетіміздегі басқа да белгілі жазушылардың осы тектес шығармалары секілді, бұл туындыдағы трагедиялық мазмұн мен трагедиялық шешімнің әлеуметтік-қоғамдық, тарихи-саяси астары терең.

Нәтижелер. Сонымен, Бакқожа Мұқай романында тотарлық езгі тудырған түрлі қайшылықтар шарықтау шегіне жеткен кезі көркемдік шешімін тауып суреттелген. Бұл жерде авторлық идея өмірдегі адалдық пен азғындық күресінің терең мәнін ашу. Осы жолда автор білімді пайда мен аярлық жолына пайдаланған рухы әлсіз адамдар ісін әшкерелейді. Шығарма барысында тек алға шығып жеңіске жетіп отырады. Бұл заманның құрсаулы шындығының көркем бейнесін таныту мақсатында алынады. Автор оқырманға адалдық пен ізгіліктің жеңіске жетуі керек екендігі жайлы ойды өзге тәсілдермен жеткізуге тырысады.

Қазақ тарихында өшпес орны бар желтоқсан оқиғасын суреттеу арқылы тақырыпқа терең еніп суреткерлік шеберлік арқылы бейнелейді. Шығармада өмірдегі адам қолымен жасалған қыруар қиыншылықтар мен азаптар, сан түрлі тағдыр талқысы мен тартыстар суреттеледі. Әр қилы трагедиялық кезеңдерде адасудың құрбаны болған бейнелер сомдалған бұл туындыдағы жазушының көркемдік ізденістерін жоғары бағалау қажет. Қазақ халқының тарихындағы ең бір шешуші тарихи кезеңді тақырып етіп, оқиғаны тудырған заман талқысы мен талабын кейіпкерлер тағдыры арқылы көркем кестелеген «Өмірзая» романы қазақ прозасының салмағы мол сүбелі туындысы деуге болады.

“Бакқожа Мұқайдың шығармашылық саладағы отыз жылдық еңбегінің ең қомақтысы өзі туып өскен өлкенің Хан тәңірі сияқты асқақ биігі – биыл Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығына ұсынылып отырған “Өмірзая” романы” [2, 4 б.], деп, жазушы С. Балғабасев бағалағандай романның қазақ тарихын суреттеп жеткізудегі ролі ерекше.

Белгілі жазушы Бакқожа Мұқайдың соңғы романы «Өмірзая» ХХ ғасырдың соңғы кезеңіндегі қазақ тарихының ащы шындығын суреттейтін салмақты туынды. Қаламгердің кез-келген шығармасында күнделікті күйбең тіршіліктің көзге көрінбес ұсақ мәселесінен бастап, әлеуметтік өмірдің ірі шиеленіскен кезеңдері өрбіп, оқырманын баурап алатыны белгілі. Әрбір туындының бойында оқырманын шығармадағы шырғалаң иірімдеріне бірге тартар күш – шындық. Жазушының осы шындықтың адам тағдырына әсерін тереңдете көрсету, ауыр халді көркемдей түсу жолында өзгеше бір қаламгерлік қуатпен еңбек еткені шығарманың өн бойынан байқалады. Жазушы шығармаларында белгілі бір тақырыптардың көркемдік шешім табуы, характер сомдауындағы қыруар ізденісі ең алдымен өмір шындығын көркем шындыққа жеткізудегі шеберлігі деуге болады. Осы айтылған мәселе туралы И. А. Гончарев былай дейді: «Художественная правда и правда действительности - не одно и то же. Явление, перенесенное целиком из жизни в произведении искусства, теряет истинность действительности и не станет художественной правдой. ...что художник пишет не прямо с природы и с жизни, а создает правдоподобия их. В этом и заключается процесс творчества» [3, 142 б.]. Ендеше, жиырмасыншы ғасырдың соңындағы қазақ тарихының басындағы шындықты жоғары деңгейде көркем шындыққа көркемдеп, әлеуметтік талдау арқылы ұлттық ерекшелікті сомдап суреттеген «Өмірзая» - автор шығармашылығының ерекше шындалған асуы. Өз кезеңіндегі көркем шындықтың эстетикалық сипатын сомдаған жазушының поэтикалық ізденістері аталмыш шығарманың жемісі.

Б. Мұқайдың аталмыш шығармасы қазақ халқының бодандық бұғауындағы басынан кешірген оқиғаларының ірілі-ұсағын астарлы оймен түйіндеген. Яғни, жазушының өмір туралы философиялық концепциясы көркемдік тұрғыда қаламгерлік суреткерлікпен көрініс тапқан. Осы арада, бұл екі ұғымның бірлігі жайлы сыншы С. Өшімбаевтың пікірін келтіре кеткен орынды:

«Суреткерлік сөзбен сурет салу ғана емес, немесе болған, болуы мүмкін қызықты, мазмұнды оқиғаны боркемдік тілмен баяндау, сүлесок күйде суреттеп шығу да емес. Суреткерлік өмірдегі жай көзге танымайтынды таныту, жұрт байқамағанды байқату, елеменді електен өткізіп көрсету, білмегенді бііктете елестету, танымағанына таңқалтып, дүйім қауымды таныту, шын мен жалғанның, ез бен ердің, адал мен арамның, кесепат пен парасаттың ішкі-сыртқы белгілерін таңбалап беру, басқаны қасіреттің қайғысына ортақтастыру, бақыттының бағына қуанту, жақсылыққа тебірену, зұлымдыққа лағнет айтқызу. Ал, ойшылдық болса, жазушының осы қасиетіне имандай иландырып, айтқанына ажар беретін, көрсеткеніне көрік бітіретін, шығармасына қан жіберіп, жан беріп тұрған күретамыр іспетті. Суреткерлік – жазушының зеректегі десек, ойшылдық – зерделігі, кемелдігі, бейнелеп айтқанда кемеңгерлігі. Демек, ойшылдық пен парасаттылық суреткер сырының сымбаттылығы ғана емес, айтар идеясының қымбаттылығы, жасаған образдары жан-дүниесінің мөлдірлігі, ой-сезімнің тереңдігі көргені мен түйгені молдығы. Суреткерлік көргендік – терең ойшылдық пен пайымды парасаттылықтың ұштасқан жерінен жазушы творчествосындағы өміршең философия, басқаша айтқанда, интеллектуалдық концепциясы жарқырап көрінеді. Осындай жағдайда ғана шынайы жазушы әдебиет атты “адамтану ғылымында” (М. Горький), “басқаның бақытын қолдап, адамдық асқақ сезімді қорғайтын” (Т. Манн), сөз өнерінде жаңалық ашып, мұратты жауһар ойымен көркем сөзбен гауһар мұрана тұрғыза алады” [4, 24 б.].

Б. Мұқай шығармаларында адам мен заманды терең байланыспен өзара тұтастыққа көркемдеуге тырысады. Жалпы көркем әдебиеттің басты объектісі адам екені белгілі. Қоғам мен адам тығыз байланысты ұғым. «Жазушы адам мен қоғам, адам мен орта қатынасын әлдайым басты назарда ұстайды. Әрқилы тағдыр иелері өздерінің арман-мұнымен, қасірет-қайғысымен, қуаныш-ренішімен бой көрсетіп жатады. Осы қатынастарда қарапайым жандардың қоңыр тіршілігінің өзінен заман шындығын, уақыт бедерін танып, таразылау қаламгерлік мақсатқа толық бағындырылған. Кәдуілгі күн көріс қамымен тіршілік кешіп, еңбек етіп жүрген «қатардаға көптің бірін» бейнелеудің

өзі жазушы шығармашылығында қоғамдық, әлеуметтік мәнге ие болады. Бірақ, осы арадан кей тұстарда еріксіз бой көтеріп қалатын саяси үгітшілдікті, құрғақ әлеуметшілдікті кездестірмейміз» [5, 211 б.], - дейді Т. Әлімқұлов шығармашылығын терең зерттеген ғалым Қ. Әбдәзұлы. Осы айтылғандар Б.Мұқай шығармашылығына да қатысты. Қоғам адаммен немесе адам қоғаммен тығыз бірлікте. Бұл аталмыш көркем туынды да шынайы қалпында суреттеледі. «Жазушы өз заманының көзімен құлағы ғана емес, сонымен бірге оның ары мен иманы да. Сондықтан ол өзінің өмірден көзімен көргендері мен құлағымен естігендерін ақ қағазға мықшындап көшіре бермейді, ең әуелі сол көргендері мен естігендерінің ең мәнділерін жүрегі мен рухын толғандықандарын өз ары мен иманының сүзгісінен өткізіп, таразысына салып безбендейді, миы мен жүрегінің мың градустық доннасында балқытады» [6, 145 б.] – деп, көрнекті жазушы С. Мұқанов атап көрсеткендей, басты нысана ретінде өз заманы мен замандастарын алғанымен өз көзқарасын дәл сол қалпында қағазға түсірмей, рухани болмыспен көркем образдылықпен суреттеуі шартты. Кез-келген кезеннің тарихи-әлеуметтік шындығын тануда көркем сөз өнерінің алатын орны жоғары екендігіне. Кеңестік идеологиялық шындықты, әсіресе қазақ тарихындағы ащы шындықтың бет пердесін әшкерелеген «Өмірзая» шығармасы мысал бола алады. Кеңес Одағы кезіндегі қазақ тарихының шындығы халықтан жасырын болып келгені мәлім. Ол туралы айту, жазуға тыйым салынған. Тәуелсіздікке қол жеткізіп, демократияның алғашқы лебі жеткеннен кейін де, қаламгерлер осы тақырыпқа қалам тербеуге бет бұра алған жоқ. Осындай күрделі тақырыпқа қалам тербеген қазақ жазушыларының алғашқыларының бірегейі Б. Мұқай десек те болады. Романның жазылу дерегіне сүйенер болсақ, қаламгер шығармаға он жыл ғұмырын сарп еткен. Бір ғана шығармаға осынша жылдық еңбегін арнау себебі, бұрын жазылмаған тың тақырыпты игеріп, оқырманға жеткізудің тауқыметіне байланысты. Жазушы-драматургтың романмен аттас әрі пьеса жазып, оны Республика теарларында сәтті қойылғаны өнер сүйер қауымға таныс. Кейін романға осы пьесаның біраз көріністері мен кейіпкерлері кірді. Атап айтсақ, Наполеон, Ес, және айырылмай жүретін қос кемпір [7, 5 б.]. бейнелеріне романнан да орын берілген болатын. Жазушының халық тағдыры туралы айтпақ ой толғаныстары драмалық шығармалардың мүмкіндігі шектеулі екендігін ескерер болсақ, автордың айтар ой-тұжырымы мақсат-мүддесі бір пьесалық дүниенің аясына сыйғыза алмағаны анық. Жазушының көлемді дүние роман жазуына келу жолы да осы мақсатта болатын. Ол дүниеге келген туындысы арқылы оқырманға бір түйінді тұжырым зерделетеді, өзін және өзгені толғандырған сұраққа жауап береді. Өйткені, мақсатсыз шығарма жазылмайды. Демек, қандай бір туындыдан да жазушының не айтқысы келгенін, сол айтпақ ой-идеясын қалай жеткізгенін көреміз. Тақырыптар ортақ, мегзер идея да ұқсас бола береді. Ең бастысы – тақырыпты игеруді, идеяны шеберлікпен жеткізе білуінде. Шығарманың жақсы-жамандығының, шынайылығының негізгі өлшемдері де – осы айтылғандар. Шығарманың өзіндік бет-бедері, салмағы мен құны да осылардан аңғарылады.

Халық тағдырын ақын-жазушылар тарихи тұрғыда суреттеуді ұлы алапат шайқаста қанды-қырғын соғыстар, хандар мен батырлардың ерлігі арқылы суреттеп жеткізер болса, “Өмірзая” романының қамтитын кезені мүлдем басқа екені түсінікті. Романда сөз болатын уақиғалар “ел аман жұрт тыныш” қалпында қамтылып, бейбітшілік кезенді суреттегендей әсер қалдырады. Бірақ, осы шын мәнінде солай ма еді? Міне, “Өмірзая” романы тарихтың осындай қатпарлы құпия беттерін қалың оқырманға жайып салады. Жалпы, көркем шығарма өзегіне көпшілік байқай бермейтін жазушы көрегендігі арқау болатыны сөзсіз. Ойшыл суреткер әрқашанда оқиғалар тізбегін, шындықты көркем дүниелер арқылы жеткізуге тырысады. “Өмірзая” романы қамтитын кезеңде қазақ қоғамында үздіксіз күрес жүріп жатқан еді. Ұлттық мәдениетке, тағдырға, оның жойылып, өркендеуіне, болашағына неше түрлі кедергілер жасалған болатын. Романдағы күрес қалың бұқара халық байқамайтын елеусіздігімен шығарманы шырайландыра түскендей. Билік басында отырған ел ағалары мен үкімет орындарының басшылары сол халықтан қауіпті жасыруға тырысқан. Бұл күрестің қаһармандары оқыған, зиялы қауым. Бірақ, олардың күресі тарихта қалған батырлар күресінен кем емес. Тіпті, одан да күрделі десек те болады. Себебі, бұл шайқас адам сезімімен, ақылмен ойластырылып, шешілгендіктен де күрделі. Шайқас әдетте екі жақ арасында болатындықтан, бұл шығарма да екі жік барынша ашылып көрсетіледі. Бір жақ ақиқатты ашып айтып, жақтаушылар болса, екінші жақ шындыққа қарсы шығушылар. Жақтаушылар тобына Алдияр Ақпанұлы бастаған, Аяған Қуатов, Асылхан, Хадиша және студент жастар. Келесі топ Мұса Байларов, Жақия, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қызметкері Мақсұт және Алмас сынды кейіпкерлер. Бұлардың шайқасының мәні неде? Міне, шығармада автор көтеріп отырған басты мәселе – осы күрес. Жазушы осыны бар қырынан ашуға тырысады. Шындықты жақтаушылар тобы қазақ халқының тарихын бұрмалауға мүлдем қарсы. Олардың ойлайтыны халық болашағы. Тарих дұрыс жазылса ұлт тағдыры өсіп, өркендейді деп түсінеді. Ана тілін, салт-дәстүр мен ой-сананың гүлденіп дамуында тарихтың ролі жоғары екендігін түсінеді. Ал, таразының келесі жағындағы топ, халық болашағын мүлде ойламайтын, жеке бастың қамын жоғары қояды.

Романда эмоциялық сезімдер, психологиялық процестер, диалог, авторлық баяндау, сипаттау тәсілдерінен бөлек, ішкі сөздер ағымымен де беріледі. Шынайы жасалған ішкі монолог кейіпкердің жан-дүниесіне оқырманды терең бойлатады, сонымен бірге толқытады. Монолог кейіпкердің нақтылы бір жағдайға байланысты туындағын ой мазмұнының жеткізуімен құнды. Кейіпкердің арман-аңсары, үміт-тілегі, ой-пікірі, сезімі, жан-дүниесін мазалаған жайларын сипаттауда ұтымды.

Қазақ халқының тарихындағы ауыр шежіресін сездіретін, өз мезгілінің мұңы мен мұқтажын суреттеуді мақсат еткен роман “Өмірзаяның” көркемдігін толығымен қарастыратын үшінші бөлім ““Өмірзая” романындағы дәуір шындығы және көркем шешім” деп аталады. Жазушы қазақ елінің тарихындағы қиын кезеңдегі уақыт тынысы мен өзгерістерді жаңашыл әдіспен жеткізе білген. Қаламгер романындағы көркемдік дәстүр жалғастық мәселесі,

авторлық даралық мәнерін қалыптастыру әдісіндегі маңызы, орны айқындалды. Айтылған ой, түйін – барлығы да нақты мысалдармен, яғни жазушы романының үзінділерімен дәлелденді.

Қорытынды. Романда сонымен қатар жеке эпизодтар, сюжеттік желілер жымдасып келіп, бүкіл қоғамды жайлаған теңсіздікті, әділетсіздікті көрсететеді.

Жазушы шығармашылығы – композициялық, тақырыптық бірлігімен тұтасып, іштей сабақтасып жатады. Олардың композициялық шымырлығын, сюжеттік тұтастығын байқамау мүмкін емес. Образдар жүйесінің күрделілігі, оқиғаның философиялық терең мәні мен әлеуметтік мазмұндылығы, айналып келгенде, осы композициялық тұтастықтың сақталуынан дер едік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Сигуа С. Миф и логика: Структура прозы К. Гамсахурдиа. - Тбилиси: Мерани, 1984. – С. 336.. С. 145.
- 2 Гончарев И. А. Писатели современности // Собр. Соч. – М, 1980. - Т. 1- С. 141-152
- 3 Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. - Алматы: Жазушы, 1993. – 623 б.
- 4 Уэллек Р. Уоррен. Теория литературы. - М.: Прогресс, 1978. – 450 с.
- 5 Әбдезұлы Қ. Т. Т. Әлімқұлов шығармашылығы және 70-80 жылдар прозасы. - Алматы: Ғылым, 2001. – 270 б.
- 6 Мұқанов М. Жазушылар хақында // Таңдамалы шығармалар: 6 т. - Алматы: Қазмемкөркемәдебиет, 1956. – 1т.- 304-310 бб.
- 7 Мұқай Б. Өмірзая. - Алматы: Жалын, 1998. – 489 б.

References:

- 1 Sigua S. Mif i logika: Struktura prozy K. Gamsahurdia. - Tbilisi: Merani, 1984. – S. 336.. S. 145.
- 2 Goncharev I. A. Pisateli sovremenosti // Sobr. Soch. – M, 1980. - T. 1- S. 141-152
- 3 Äshimbaev S. Şyndyqqa süiispenşilik. - Almaty: Jazuşy, 1993. – 623 b.
- 4 Uellek R. Uorren. Teoria literatury. - M.: Progres, 1978. – 450 s.
- 5 Äbdezüly Q. T. T. Älimqulov şyğarmaşylyğy jäne 70-80 jyldar prozasy. - Almaty: Ğylym, 2001. – 270 b.
- 6 Mūqanov M. Jazuşylar haqynda // Tañdamaly şyğarmalar: 6 t. - Almaty: Qazmemkörkemädebiet, 1956. – 1t.- 304-310 bb.
- 7 Mūqai B. Ömirzaia. - Almaty: Jalyn, 1998. – 489 b

МРНТИ 17.09.91

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.66>

Сманов Б.Ө.,¹ Абдимомынов Е.Б.,² Қуттыбаев Ш.Д.³

^{1,3} Абай атындағы Қазақ ұлтты педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

² М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз, Қазақстан

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ГЕНЕЗИСІ МЕН ЭВОЛЮЦИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОЛДАРЫ (көне дәуірден ХХ ғасырға дейін)

Аңдатпа

Мақалада сонау ғұн, көне түркілік дәуірден бастау алатын қазақ поэзиясының генезисіне тереңінен тоқтала отырып, оның ежелгі және орта ғасырлардағы қалыптасу, жолындағы ерекшеліктерді ғылыми-танымдық көзқараста сараланады. Сондай ақ, қазақ хандығының құрылған тұсында дүниеге келген жыраулық поэзия мен оның өкілдерінің шығармашылығындағы азаттық, еркіндік идеяларының көрінісі жан-жақты зерделенеді. Үш жүз елу жылдан астам уақытқа созылып, ұлт алдындағы тарихи миссиясын олықтай орындап, сөз өнерінің дамуына үлкен үлестерін қосқан жыраулық поэзиядан кейін тарих сахнасына шыққан ХІХ ғасырдағы зар заман ақындарының шығармашылықтары да тыңғылықты талданады.

Өзінің қалыптасу, даму эволюциясында қазақ поэзиясы жан-жақты кезеңдерді бастан өткеріп, жетіле түскендігі мен жалынды жырымен өз қоғамын, келер ұрпақты тәуелсіздік жолында күреске шақырып, азаттықтың бағасын білуге үндеген жыраулар мен ақындарымыздың шығармашылығын зерттеген ғалымдарымыздың құнды пікірлері де назарға алынады. Нәтижесінде әр заманның қоғамдық өмірінің сұранысына сай көркемдік, идеялық, құрылымдық, стильдік тұрғыда толығып, жаңарып отырған қазақ поэзиясының тарихын зерттегендер оның алғашқы бастауын көне дәуірден, одан кейін Күлтегін, Тоныкөк заманынан алатындығы туралы пікірлер ғылыми негізде қуаттала түседі.

Түйін сөздер: поэзия, генезис, эволюция, даму

Smanov B.,¹ Abdimomynov E.,² Kuttybaev Sh.³

^{1,3}Kazakh national pedagogical University named after Abaya of Almaty,
Almaty, Kazakhstan

²Taraz regional University named After M. H. Dulati,
Taraz, Kazakhstan

GENESIS AND WAYS OF EVOLUTIONARY DEVELOPMENT OF KAZAKH POETRY (from ancient times to the twentieth century)

Abstract

The article reveals the peculiarities of the formation and development of Kazakh poetry in antiquity and the Middle Ages with a deep study of the genesis of Saks, Huns and ancient Turkic epochs. In addition, the manifestation of the idea of freedom, freedom in the work of Zhyrau and its representatives, born during the formation of the Kazakh Khanate, is thoroughly studied. Also the deep analysis of creativity of poets of sorrowful times of the XIX century, who came on a historical stage after zhyrau poetry and left the indelible trace in development of verbal art, carrying out the historical mission is given.

Special attention is paid to the valuable opinions of our scientists who studied the works of poets who called on their society and the younger generation to fight for independence and the value of freedom at a time when Kazakh poetry was going through various stages of development in the evolution of its formation and development. As a result, the opinion of researchers who studied the history of Kazakh poetry, which was supplemented, updated and developed in artistic, ideological, structural, stylistic directions in accordance with the needs of social life of each epoch, is scientifically substantiated that Kazakh poetry originated in antiquity, and then in Kultegin and Tonikok.

Keywords: poetry, genesis, evolution, development

Сманов Б.У.,¹ Абдимомынов Е.Б.,² Куттыбаев Ш.Д.³

^{1,3}Казахский национальный педагогический университет им.Абая,
Алматы, Казахстан

²Таразский региональный университет им. М.Х.Дулати,
Тараз, Казахстан

ГЕНЕЗИС И ПУТИ ЭВОЛЮЦИОННОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ (с древнейших времен до XX века)

Аннотация

В статье раскрываются особенности становления и развития казахской поэзии в древности и средневековье с глубоким изучением генезиса саков, гуннов, древнетюркских эпох. Кроме того, всесторонне изучается проявление идеи свободы, свободы в творчестве жырау и его представителей, рожденных в период образования Казахского ханства. Также дан глубокий анализ творчества поэтов скорбных времен XIX века, вышедших на историческую сцену после поэзии жырау и оставивших свой неизгладимый след в развитии словесного искусства, выполняя свою историческую миссию.

Особое внимание уделяется ценным мнениям наших ученых, изучавших произведения поэтов, которые призывали свое общество и подрастающее поколение к борьбе за независимость и ценность свободы в период, когда в эволюции своего становления и развития казахская поэзия проходила различные стадии развития. В результате научно обоснованы мнения исследователей, изучавших историю казахской поэзии, которая дополнялась, обновлялась и развивалась в художественных, идеологических, структурных, стилистических направлениях в соответствии с потребностями общественной жизни каждой эпохи, что казахская поэзия берет свое начало в древности, а затем в Культегине и Тоникоче.

Ключевые слова: поэзия, генезис, эволюция, развитие

Кіріспе. Адам санасы қоғамдық ортаға қашан да тәуелді. Сол қоғамның жоғын жоқтаған жоқшысы болу, ішкі әлемінің сан түрлі иірімдерінің тап басып тамырын табу руханият саласы өкілдерінің басты міндетінің бірі. «Қай халықтың болмасын әдебиет тарихы ең алдымен сол халықтың тұрмыс-тіршілігімен қоғамдық-әлеуметтік тарихымен тығыз байланыста болып келеді» [1, 2 б.]. Демек, шынайы өмірде де, қоғамдық ортада да халықтың тұрмыс-тіршілігінде болған сан түрлі оқиғалар өнер субъектісінің санасында қорытылып, сол арқылы әдеби ағымның ілесуіне жол ашылады. Мұның барлығын біз сөз өнерінің сырлы суреттеуі арқылы танып-білеміз, ұғынамыз. Қазақ сөз өнерінің тамыры тым арыда, ғасырлар қойнауында жатқандығын біз тек XX ғасырдың екінші жартысында ғана ғылыми тұрғыда дәлелдеп бере алдық. Сонау XX ғасырдың басында көрнекті әдебиеттанушы ғалым Б.Кенжебаевтың бастауымен іргетасы қаланған бұл игілікті істі кейінгі жылдары шәкірттері М.Мағауин, А.Қыраубаева, М.Жолдасбеков, Н.Келімбетовтар жалғастырып ауқымды нәтижелерге қол жеткіздік. Қазақ

әдебиетінің ежелгі бастауларын тыңғылықты зерттеп-зерделеген аталмыш ғалымдардың өзі есте жоқ ерте заманнан деп басталатын бүгінгі дамыған жазба әдебиетіміздің сүт анасы ауыз әдебиетінің алғашқы таралуының айшықты сипатын бейнелеген ұлттық поэзиямыздың генезисін Түрік қағанаты үстемдік құрған VIII ғасырдан бастап, осы кезеңде дүниеге келген «Күлтегін», «Төныкөк» жырларын атап жүрді. Алайда уақыт өткен сайын зерттеушілердің санасында «Осыншалықты ғажайып жырларды жазудың озық үлгілері бұрындары өткен замандарда да болды ма?» деген сауал үнемі жаңғырып тұрды. Бұл қазақ поэзиясының генезисін одан әрі тереңдете зерттеуге жетеледі. Түркі халықтарының ежелгі тарихына тереңдей бойлау, тың деректерді мұқият саралау ақыры соңында аталмыш сұрақтың жауабын тауып, әдебиетіміздің тамырын жаюға жол ашты. Нәтижесінде сөз өнеріміздің тарихы түркілердің арғы ата-тегі ғұндар мен сақтардың дәуіріне қарай беттеді. Бұл туралы белгілі ғалым Н.Келімбетов «Алып Ер Тоңға», «Аттила», «Шу» батыр, «Ергенекон», «Көк бөрі» дастандарының жеке-жеке үзінділерін, фрагменттерін, сюжеттік оқиғаларын ұзақ жылдар бойы іздестіріп, тырнақтап жинап, белгілі бір логикалық жүйеге келтірдік» [1, 3 б.] – дейді. Бұл пікірден ұғатынымыз, көне түркілік кезеңдегі қаһармандық жырлардың стильдік, мазмұндық, көркемдік сипатындағы ерекшеліктердің қазақ поэзиясы үлгілерімен сабақтасып ұқсастықта келуі ұлттық поэзиямыздың тарихи генезисінің алғашқы бастау-бұлағының негіздерін аталмыш туындылар құрайды деген тұжырым жасауымызға алып келді.

Зерттеу материалы. Көне дәуірден сыр шертетін Орхон-Енисей деп аталатын көне жазбаларда түркі халықтарының батырлыққа толы қаһармандық жорықтары, жеңістері мен жеңілістері, наным-сенімдері, тұрмыс-тіршілігі, сыртқы жаулардан қорғанып елдік мүдде мен мұраттарға жету жолындағы әрекеттері, еркіндікті аңсап тәуелсіздікке ұмтылғандығы туралы баяндалған. Көптеген түркі халықтарының басын біріктіріп әлемдік деңгейде Түркілердің империясын құрған қуатты мемлекет түрлі тарихи оқиғалар мен сыртқы дұшпандардың іріткі салуының салдарынан ішкі талас-тартыстан біртіндеп ыдырай түсті. Әуелі Баты және Шығыс деп аталатын екі қағанатқа, кейін оданда ұсақталған құрылымдарға, мемлекеттерге, тайпалық бірліктерге бөлініп ұсақталып, өз қуатынан айырылғандығы тарихтан мәлім. Түрік қағанаты тұсында да поэзиялық жанрда жазылған әдеби туындылар көптеп жазылып, бірін-бірі толықтырып отырды. Көлемі екі-үш жолдан тұратын көптеген ұсақ ескерткіштерді қоспағанда «Күлтегін», «Білге қаған», «Төны көк» секілді кең көлемді жырлар да сол заманның тыныс-тіршілігінен, тарихи өмірінен сыр шертетін құнды туындылар. Белгілі түркітанушы ғалым Л.Н.Гумилев кез келген халықтың шынайы тарихын жасау үшін хатқа түсіп сақталған хаттармен қатар этнографиялық, археологиялық, жәдігерлердің және әдеби туындылардың маңызды екендігін айтқан. Әйгілі ғалымның бұл пікірін қуаттаған әдебиет зерттеушісі, академик Д.С.Лихачев «Ғылымда тек сирек кездесетін деректермен ғана шектеліп қалуға болмайды. Өйткені, тарихи өмірдің өзі деректерден гөрі әлдеқайда бай әрі сан қырлы болып келеді» [2, 45 б.] – деп жазған. Демек, қазіргі жер әлемдегі түркі халықтарының өткен тарихи өмірі, қоғамдық-әлеуметтік жағдайы, мемлекетінің тарихы, дәстүр салты мен тұрмыс-тіршілігінің келбеті және т.б. қырларының барлығы да көне әдеби жазбалардың мәтіндеріне сүйеніп дайындалған. Сондықтан, осы кезеңдерде қазіргі қазақ поэзиясының ең алғашқы көркемдік ерекшелігінің сипаты жыр жолдарымен суреттеліп басталған деп айтуымызға болады. Бұдан шығатын қорытынды, қазақ поэзиясының генезисі – қазақ сөз өнерінің тарихымен сабақтаса отырып, бір уақытта қалыптасқан. Ол ғұндар мен сақтардың, көне түркілердің дәуірі еді.

Түркілердің империясы тарих сахнасынан кетіп, әр халық өз алдына отау тігіп жеке ел болғанда «қазақ» этнонимі пайда болды. Бұл шамамен XV ғасырдың ортасына тұспа-тұс келеді. Қазақ этнонимімен қазақ халқының шығу тегіне қатысты іргелі зерттеулер жүргізген ғалымдардың барлығы да ғұндар мен сақтар, көне түркілер секілді тайпаларға соқпай кете алмайды. Керісінше аталмыш тайпалардың тарихи деректері мен әдеби мұраларына шолу жасап, сол арқылы қазақ халқының қалыптасу тарихы туралы байламдарын жасаған. Бұл бағытты зерттеушілердің көзқарастарын сараптап, тұжырымдап айтар болсақ «...это не история Казахстана, но история предков казахского народа» [3, 87 б.] – деген пікірлерге келіп саяды.

Талқылау. Түркі бабаларымыз құрған алып империя Түрік қағанаты құлдырауға ұшырағаннан кейін тарих сахнасына Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда, Моғолстан секілді мемлекеттер бірінен соң бірі келіп жатты. Осы кезеңдерде ұлан байтақ жерімізге, жаужүрек елімізге әйгілі Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары, одан кейін арабтар бірнеше рет шапқыншылық жасағандығы да тарихтан бергілі. Ежелгі түріктер мекендеген Орта Азия мен Қазақстан жерін жаулап алып халықты билеп-төстеген моңғолдар, арабтар жергілікті халықтың тіліне тиіспей қарап отыра алмады. Сөздік қорымызға бірнеше тілден жаңа сөздер енді, тіпті шағатай тілі деп аталатын жалпыға ортақ әдеби тіл де пайда болды. Сондықтан бұл уақыттарда жазылған әдеби туындылар шағатай, оғыз, қыпшақ тілдерінде жазылып жатты. Тіпті әдебиет зерттеушісі Б.Кенжебаев осы кезең әдебиетінің бір үлгісі болған «Кодекс Куманикус» сөздігін «ежелгі латын тілінде жазылған, мағынасы қыпшақ тілінің сөздігі яки қыпшақ тілі туралы жинақ» [4, 54 б.] – деген тұжырым жасаған. Лингвистикалық тұрғыдан қарағанда тарихи трагедияға толы бұл кезең негізінен XII-XIV ғасырларды қамтыды. Бірақ ел өмірінде жаугершілік заман болып, бейбітшілік болмаған сол кезеңнің өзінде сөз өнері өз мәні мен маңызын жойған емес. Әсіресе Алтын Орда дәуіріндегі әдебиетте поэзия ерекше қарқынмен дами түсті. Оған сол кезеңдердегі поэзия жауһарлары болған «Қисса әнбия», «Құсырау Шырын», «Қисса Жүсіп», «Гүлстан», «Жұмжұма», «Мұхаббат нама» және т.б. туындылардың жазылып, халық арасында кеңінен тарағандығы, оны барлық жұр ерекше ықыласпен оқығандығы дәлел. Бүгінде тек қазақ емес барша түркі халықтарына ортақ әдеби мұра болып табылатын аталмыш туындылар да поэзия түрінде жазылып тарады. Сондықтан, қазақ халқының, оның поэзиясының генезисі туралы сөз еткенде міндетті түрде жоғарыда айтылған деректерді ерекше ескеруіміз қажет.

Қазақ хандығының құрылуымен қатар қазақтың төл әдебиеті туып, дербес, айрықша мәнге ие болды. Біз бүгін азаттық пен қаһармандыққа толы тарихымыздағы осынау кезенді «Хандық дәуір әдебиеті» деп қарастырып жүрміз. Төл әдебиетіміздің алғашқы дәуірі болып табылатын осынау кезеңде әдебиетіміз өзіне дейінгі дәуірлерде қалыптасып, ел жадында ерекше сақталып, мықтап орнаған поэзия түрінде дамыды. Төл әдебиетіміздің туып, жыраулардың жырлары арқылы түрленіп, толығы түскен қазақ поэзиясының көркемдік қуығы да өз алдына эволюциялық жолмен дамып ерекшелігін танытты. Қазақ халқының айтулы алып рухани жәдігерлері саналатын хандық дәуірдегі жыраулар поэзиясында да тәуелсіздік идеясы басты назарда болды. Қазақ хандығы құрылып жаңадан ел болып қалыптаса бастаған кезеңде мемлекетімізге көз алартушылар да аз болмады. Осы кезеңде батырларымыз «ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» түн ұйықтамай ел қорғау қамымен жүргенде, жырауларымыз елдің рухын көтеріп, идеологияның жандана түсуіне, азаттық пен тәуелсіздіктің жолына елді шақырып, бірігіп күресу жолына үндей білді. Сол уақыттардағы тәуелсіздік идеясы, елмен, жермен қоштасу, туған жерден айырылу, ханға кеңес беру, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бейбіт заманды аңсаған жырлардан көрініс берді. Мәселен Асан жыраудың:

Ай, хан ием, мен айтпасам, білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің [7, 14 б.].

– деп басталатын толғауынан біз ата-бабамызды толғандырған бостандық пен азаттық идеясының түркілерден бастау алған алтын өзегін көреміз. Бұл туралы белгілі әдебиетші ғалым Ә.Қоңыратбаев: «ол ел басындағы ауыртпалықты жырлап, заман жайлы сыншыл ой тудырған философ, замана сыншысы еді» [8, 21 б.] – деген.

Жалпы жыраулық поэзияның өкілдері тек қана шығармашылық иелері ғана емес, сонымен қатар ел билеу ісіне араласып хандарға кеңесші болған, ұрыс даласында батырлығымен көзге түскен, дипломатиялық қатынастарға үлес қоса білетін дарынға иелері, жалынды жырларымен қалың жұртшылықты қасына топтастырып тыңдата білген шынайы қайраткерлер болып келеді. Аумалы-төкпелі заманда қажет болған жағдайда туған елі мен жерінен қол үзіп, басқа жаққа кетерде де ел-жұртқа басу айтып, қоштасу жырларын арнап отырған да жырауларымыз болған. Қалың жұр оллардың айтқанына көніп, сөздерін қадірлеген.

Ел қияға қонғай ма,
Еділ, Жайық арасы
Кеңшілік қоныс болғай ма?!
Ебей бас құба үлек,
Ернімен шырпы шалғай ма?!
Бұл қоныста отырып,
Біздің мұсылман баласы
Жағасы босап тынғай ма?! [7, 20 б.]

– деген жеті бөлімнен тұратын көлемді толғауында Қазтуған жырау елдің құтты қонысын тастап бара жатқан уақытында қоштасу жырын айтқан.

Сан ғасырлар бойы жаугершілік заманды басынан өткеріп, кең даласы майдан алаңына айналған қазақ елінің азаттық пен еркіндікті аңсауы өзгеше бір бөлек дүние. Жалпы алғанда халқымыздың фольклоры мен ертегілерінде, батырлар жыры мен жыраулар поэзиясында, және одан кейінгі кезеңдердегі барлық әдеби туындыларында азаттық, еркіндік, тәуелсіздік идеясы бар. Ал керісінше басқыншылық, өзгенің жеріне көз алартушылық секілді идеялар мүлдем жоқ. Ғылыми әдебиеттерде де мұндай деректер кездеспейді. Тәуелсіз еліміздің тұңғыш президенті Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен айтсақ: «Қазақтың тарихында қазақ ұялатындай ештеме жоқ». Бұған біз азаттықты аңсап, елін, жерін қорғап, қаһармандықтың озық үлгісін көрсеткен жыраулар поэзиясына зер салып саралағанда тағы бір рет көз жеткіземіз. Қазақ халқының ел болып, мемлекет болып қалыптасуы мен даму жолында тәуелсіздік идеясын таратып, одан әрі қуаттап отырған жыраулар ретінде Шалкиіз, Доспамбет, Марқасқа, Жиёмбет, Бұқар, Үмбетей, Ақтамберді сияқты халқымыздың дара туған ұлдарын да ерекше атап өтуіміз қажет. Шығармашылығындағы негізгі тақырыбы өздері бел ортасында жүрген жоңғар басқыншыларына қарсы кескілескен майданның табыстарын суреттеу болған аталмыш жыраулардың да туындылары бүгінгі ұрпақ үшін әдеби туынды болуымен бірге тарихи дерек ұсына алғанымен де ерекшеленеді.

Қазақтың жыраулар поэзиясы өзінің ғылыми зерттеу жұмыстарының басты тақырыбына айналдырған академик С.Қасқабасов та жыраулардың негізінен Қазақ хандығындағы саяси оқиғаларды оның тұтастығы мен тәуелсіздігіне көзін алартқан жаулармен күресті нәтижелі стратегиялық бағыттарын суреттегенін растайды. Фольклорист ғалым бұл бағыттағы пікірін: «Жыраулар поэзиясындағы ең басты тақырып Қазақ хандығын құрған ру мен тайпалардың татулығы мен бірлігі және мемлекетті нығайту мен оның жауынгерлік күшін арттыру болды. Ал мұның өзі жыраулар поэзиясында ең мәнді де маңызды етіп қаһармандықты, елінің тәуелсіздігі мен мемлекетінің нығаюы үшін жан аямай күрескен батырлар мен қайраткерлерді мадақтап, көтермелеп жырлау дәстүрін қалыптастырды» [9, 61 б.] – деп тұжырымдайды.

Қазақ сахарасында хандық биліктің жойылуымен бірге ел билеген хандарымыз, олардың қасында жүрген жырауларымыз да келмеске кетті. Ендігі тағдырымыз, бодандықтың қамытын киіп, өзге елге отар болумен сипатталды. Бұл XIX ғасырдың орта шеніне тұспа-тұс келді. Осы кезеңде сөз өнері мен ұлттық поэзия өзгеше өрнектеліп, көркемдік, құрылымдық жағынан жаңғыра түсті. Дегенмен, сонау сақ, ғұн, түркілік кезеңдерден бастау алған поэзияның ел өміріндегі негізгі функциясынан, сөз өнеріндегі өрнегінен, өзегінен айтарлықтай өзгере қойған жоқ. Мұның өзі поэзияның әрі көне, әрі жаңа жанр екендігін айқындайтын бірден-бір көрінісі еді. Қазақ поэзиясының генезисі мен өлең құрылысын тыңғылықты зерделеген ғалым А.Үсен өзінің «Қазіргі қазақ өлеңінің құрылысы: дәстүр және даму үрдістері» атты монографиялық еңбегінің кіріспесінде: Қазақ поэзиясы ұлт әдебиетінің ең көне, ең жаңа жанры болып қала бермек. Көнесі сол – оның іргесі қазақ халқы ұлт болып бедерленіп бөліндей тұрғанда қаланып, сонау сақ, ғұн тайпаларының ерлік дәстүрінен тамыр тартқандығы, жанасы сол – бүгінгі тарихи дамудың, қазіргі қоғамның үлкен мәселесінен жеке адамның жан дүниесіне дейін бейнелеп, адамзат алдындағы қастерлі де киелі парызына деген адал жолынан айнымай келе жатқандығы» [10, 4 б.] – деп қазақ поэзиясының өткені мен бүгін туралы құнды пікір білдірген. Біз де әдебиетші ғалымның осы пікірін қуаттай отырып, қазақ поэзиясы әр заманда, әр уақытта, өз заманы мен қоғамның сұранысына байланысты халық алдындағы қасиетті де қастерлі міндетін толықтай орындап отырған, және бұр бағыттан ешқашан да таймақ емес екендігін баса айтқымыз келеді. Сонымен, сан ғасырлық тарихы бар қазақ поэзия XIX ғасырда да өз бағытынан таймастан, халық алдындағы миссиясын толықтай орындауға бет бұрды. Осы кезеңде жыраулар тарих сахнасынан кетіп, олардың орнын ақындар басты. Жырау мен ақынның бір қарағанда функциясы ұқсас болып көрінгенімен, олардың бір-бірінен айтарлықтай айырмашылықтары бар. Мәселен, жыраулар ханның қасында кеңесші болып ел билеу ісіне араласып отырған, ал ақындарға мұндай міндетті атқару міндеттелмеген, жырау «толғау» шығарған, ақын «өлең» шығарған, мұнда да құрылымдық жағынан айтарлықтай ерекшеліктерді атап көрсетуге болады. Қазақ әдебиетінің тарихында жыраулардан кейінгі уақыттарда поэзияны дамытып, өзінше өрнектеген ақындар ретінде Шал ақын, Махамбет, Дулат, Мұрат, Шортанбайлардың сімі ерекше аталады. Қазақ әдебиетін тереңінен зерттеп, зерделеген ғұлама ғалым М.Әуезов те осы кезең әдебиетін халықтың рухымен тығыз байланыстырып қарауға жол сілтеп, ұлттық әдебиетіміздегі бір ғасырға жуық уақытқа созылған бұл кезеңге «Зар заман» деп атау берген. Ғалымның пікірінше сол кезеңдегі әдебиеттің қыр-сырын, жалпы сипатын «соларды туғызған ел мен шартты тарих бетінен ұғыну керек» деп бағамдай келе зар заман сарынын тудыған ақындардың қалың шоғыры Исатай, Мхамбет, Кенесары қозғалыстарынан кейін тарих сахнасына көтерілгендігін жазған. Аталмыш кезеңдегі ақындардың поэзиясы тек сарынымен ғана ерекшелініп қойған жоқ, сонымен қатар өлеңде теңеудің бірнеше түрлерін, стильдік ерекшеліктерін танытумен де көркемдік ерекшелік танытты. Мәселен, Махамбет таза азаматтық жыр үлгісінде ғана өлең шығарып қойған жоқ, оның өлеңдерінде эпостық батырлық жырдың таңбалары да, дидактикалық-шешендік толғаулар да, лирикалық элегия элементтері де кездеседі. Сондай ақ, ақынның жырларында эпитет пен теңеудің, метафораны қолдану мен стильдік ерекшелік те бар. Демек, ақын заманына сай өлеңнің өз бедерінің (бедерлі сөздерді) табиғатына айшықты жаңғыруларды қосып түрлендіре білген. Ықылым замандардан бері поэзиямызда ерекше орын алған азаттық пен еркіндік идеясы Махамбет жырларының да басты бағытына айналы білді. XIX ғасырда басқыншылық пен империялық биліктің сұрқия саясатының көлеңкесінде қалған қазақ халқы үшін азаттық идеясының мәні мен маңызы әсіресе айрықша қажет болды. Сондықтан, Махамбеттің жырларында азаттық идеясы негізгі мотивке айналып, ерекше қарқынмен көрініс берді. Оның өлеңдерінде қайтпас қайсарлық, өмірсүйгіш романтикалық қаһармандар туралы көптеп жазылды. Мұндай Махамбеттің азаттық идеясының берілуі жолдары туралы жазған ақын әрі зерттеуші О.Тұржанның «Махамбет өлеңдерінің поэтикасы» атты еңбегін ерекше атап өтуімізге болады [11, 74 б.].

Зар заман ақындары ғұмыр кешкен дәуір негізінен отаршылдық дәуірі болғандықтан осы кезеңдегі поэзияның да басым бір бағыты отаршылдыққа қарсылық пен күрескерлікке толы болды. Қазақ тарихында орыс отарлаушыларына қарсы күрестің қас батыры саналатын Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының әдеби образын жасаудан да сол заманның ағымы байқалады. Әсіресе заман шындығын суреттеуде өзі де шайқасқа түсіп, Исатай батырдың сенімді серігіне айналған Махамбеттің шығармалары шынайылығымен баурап алады. Сол себептен де әдебиетші ғалымдар Махамбет поэзиясын халықтық және күресшіл поэзияның бастауында тұрған деген пікір білдіреді. Әрі оның шығармашылығының жаңа қазақ жазба әдебиетінің негізін салуға да ықпал еткендігін атап өтпеске болмайды. Заман тынысы боямасыз, бояусыз суреттелетін реалистік поэзияның көрнекті өкілі болған Махамбеттен үлгі алған Шернияз, Сүйінбай, Шөже сынды ақындар да қазақ поэзиясына өзінше соны соқпақ қалдырды.

Ақындығы мен қоса қолына найза алып жаумен аяусыз шайқастарға қатысқан Махамбеттің батырлығы да бір төбе. Әсіресе халықты қанаушы, әділеттілікке мойынсұна қоймайтын хан-сұлтандарға қарсылыққа шақыруда оның өлеңдерінде патриотизм мен мол поэтикалық қуаты анық сезіледі. Халық жадында сақталған төмендегі өлең жолдары әрбір ер-азаматтың бойындағы намысқа қозғау салып, рухы мен жігерін жани түседі.

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,

Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей...
Ерлердің ісі бігер ме? [7, 165 б.]

– деген риторикалық сұрақ түрінде өрбіген жырға жауапты ақынның өзі бере отырып, халықты өз сөзіне еріп, соңынан жүруге шақырады.

Ақын шығармашылығының тағы бір ерекшелігі оның өзі өмір сүрген дәуір тынысын өлеңдерінде арқау етуімен бірге сол заманның әдеби үдерісін де бойына сіңіре алғанымен байланысты. Өйткені XIX ғасыр әдебиетінде жырғаулар поэзиясымен қоса енді қалыптасып келе жатқан жазба әдебиеттің де сарыны болған. Оның шығармашылығына қатысты пікір білдірген жазушы С.Мұқанов Мхамбет жырларын қуатты ете түсетін себебін оның жорықты бастан өткерген, қалам мен қаруды қолына қатар ұстауынан іздей келіп: «Халық бостандығы үшін болған күресті сипаттайтын XIX ғасырдағы поэзияда Махамбет жырларының орны ерекше, өйткені XIX ғасырдағы халық көтерілісі кезінде найзамен қаламын бірдей қару етіп жұмсаған одан басқа ақын жоқ» [12, 94 б.] – деп қорытынды жасаған.

Өрине соғыс құрбандықсыз болмайды өзі халықты азаттық жолындағы күреске шақырған Махамбет те Исатайдай серігінен айырылған да жазған жоқтау жырлары да оның шығармашылығының негізгі бөлігін құрайды.

Бұл жоқтаулардың басты тақырыбы Исатайдың майдан даласындағы ерлігі, әскери тактикасын, азаматтық болмыс-бітімін жырлап, дәріптеу болғанымен оның астарында отаршылдыққа, қазаққа өз даласында тізе батырғандардың әрекетіне деген нала жатыр. Демек Махамбеттің Исатайды жоқтау жырлары да заманының жаршысы бола алуымен реалистік поэзия туындылардың қатарына енеді.

Нәтиже. XIX ғасырда басталған қазақ даласын отарлаудың зұлматы мен білім – мәдениет сынды құндылықтарға баса мән беру мәселесі ұлы ақын Абай Құнанбайұлы мен оның замандасы Дулат ақынның шығармашылығында да өте жақсы суреттелген. Ұлы жазушы М.Әуезов поэзия өкілдерінің шығармашылығындағы ерекшеліктеріне байланысты «зар заман ақындары» [13, 82 б.] деп атап айдар таққан осынау дәуір ақындарының өміріне қоғамдық дамудың ең ауыр кезеңдері тигені баршамызға аян. Сан ғасырлар бойы ел мен жер қорғау үшін соғыстардан қалжыраған елімізді алып империяның жаулап алуына халықтың мойынсұнған уақыты, отаршылдық қамытының мойынға толықтай киілген кезі болатын. Бұрынғы әдеби туындыларда жалпылама суреттеуге, ханға арнауға, жермен қоштасып, елден айырылуға құрылған азаттық пен тәуелсіздік идеясы ендігі жерде нақтылана түсіп «жекелік» сипатқа ие болды. Отаршылдық жүйе туралы ашық әрі тікелей жазыла бастады. Зар заман ақындары отаршылдық жүйенің халық өміріне тигізген ықпалы туралы тікелей жырлап, тәуелсіздік жайлы тікелей айтты. Мәселен, Шортанбай ақын:

Заман қайтіп оңалсын,
Адам қайтіп қуансын,
Жандарал болды ұлығың,
Майыр болды құлығың!..
Кәпірді көрдің піріндей,
Тілімәшты көрдің дүріндей,
Абақты тұр қасыңда,
Қазылған қара көріндей!

– деп жырлаған [14, 47 б.]. Ақын шығармашылығында қоғамдық өмірдің шынайы құбылыстары барынша нақтыланып, жүйеленіп берілген. Азаттық саясаттың тудырған «өкілетті тұлғалары» жандаралдар, тілімәш, майырларды беру арқылы ақын өз уақытына сай қоғамдық өмірдің шындығын айтады. Ақын жырға қосқан аталмыш бейнелер арқылы қазақ қоғамы отаршылдық саясаттың негізгі сипатын тани түсті. Сондай ақ, ақынның өлеңдерінен отаршылдық саясатты жасаушыларға жағымпазданып, күн көруді мұрат еткен пендешілік психологияның да тамырып тап басып көрсете білген. Көпшілік жағдайларда ақын өлеңдерінің соңында өткен күнді, қой үстіне босторғай жұмыртқалаған бейбіт заманды аңсау, соны іздеудің де көрініс беріп отырған. Түйіндеп айтқанда ақынның өлеңдерінен оның азаттықты, тәуелсіздікті, әділдікті, бейбітшілікті, бірлікті аңсағандығын аңғаруымызға болады.

Зар заман ақындарының тағы бір жарқын өкілі Дулат ақын да өз замандасының үнін былайша қостайды:

Жағаңа дуан түскен соң,
Суыңды орыс ішкен соң,
Аяғөз суы қағыңды,
Би, старшын мойнына
Жезден қарғы тағыңды.
Аға сұлтан, қазылар,
Майырға болды жағымды.
Шайқады қулар тағымды,
Тайғызды бастан бағымды [7, 13 б.].

Азаттық, бостандық, тәуелсіздік идеялары әдебиетімізде осылайша бірін-бірі толықтырып, жалғасын тауып отырған. Ғасырлар бойы ел жадында жаңғырып, жаңарып, қайта көтеріліп отырған мұндай идеяларды халыққа жеткізу стилі өзгешеленіп отырғанымен негізгі ішкі болмысында еркіндік пен азаттықты аңсаған халықты жетелеп, болашағына бағдар болатын темірқазық болып тұрып қалды. Бостандық идеясының қалыптасып, дамуы тарихи-қоғамдық, әлеуметтік, саяси құбылыстар өзгерген сайын өзге бір ағымдар мен бағыттарға ауысқанымен, ешқашан жолынан тайып негізгі дінгегін жоғалтқан емес. Оны біз «қаншама ғасыр өтсе де мән-мағынасын жоймайтын, аумалы-төкпелі заманға тап келсе де қадірі кемімейтін, қаншама ре қара күйе жағылса да, өктемдік пен озбырлықтың қылышына туралса да, кейіннен бүтінделіп, сәулесі мен нұрын шашып, жарқырай түсетін, қын түбінде жаппас алтын кездік сияқты рухани құндылықтар.....» [15, 97 б.] санатына енген «зар заман» ақындарының поэзиясынан көре аламыз.

Қорытынды. Жоғарыда айтылған деректерді тыңғылық саралай келгенде айтарымыз, қазақ поэзиясының генезисі, тарихи тамыры тым тереңге тартады. Ол сонау сақ, ғұн, көне түркілік дәуірден бастап орта ғасырларда, кейінгі хандық дәуірде де ешқашан ел мүддесін қорғау, халықты рухани құлдыраудан сақтауға ұмтылдыру, сөз қадірін тереңінен ұғынып, оны қадірлей білуге баулу, азаттық пен еркіндік, тәуелсіздік секілді ауқымды идеяларды көтеру жолындағы негізгі бағытынан жаңылған емес. Өзінің қалыптасу, даму эволюциясында қазақ поэзиясы жан-жақты кезеңдерді бастан өткеріп, жетіле түсті. Жалынды жырымен өз қоғамын, келер ұрпақты тәуелсіздік жолында күреске шақырып, азаттықтың бағасын білуге үндеді. Әр заманның қоғамдық өмірінің сұранысына сай көркемдік, идеялық, құрылымдық, стильдік тұрғыда толығып, жаңарып, дамып отырған. Қазақ поэзиясының тарихын індете зерттегендер оның алғашқы бастауын сонау сақ, ғұн дәуірінен, одан кейін Күлтегін, Тоныкөк заманынан алатындығын растайды. Сондай-ақ есте жоқ ескі заманда аты ұмытылып кеткен ақынның туындысы да халық жыры болып бүгінгі заманға жетті. Әсіресе батырлар жырын қазақ поэзиясының қайнар бұлағы деуге болады. Авторы болмағанымен ойы, идеясы тіпті кейбірінде тұтас оқиға да жүреді. Ал бұл жырлардың астарында тәуелсіздік пен азаттық идеясы жатады. Елі мен жер үшін қасық қаны қалғанша шайқасқан қаһарман ұлдардың ерлігін суреттеуді де дәл осы тәуелсіздікке қол жеткізудегі іс-әрекеттер ретінде қабылдағанымыз жөн. Мұның өзі ғасырлар бойы қалыптасып ел өмірінде ерекше орынға ие болған қазақ поэзиясының революциялық емес, эволюциялық жолмен дамығандығының сипатын көрсетеді. Көне дәуірлердегі тарихи жәдігерлерге поэзиялық үлгіде ел тағдырын, жер қамын, келешек ұрпақтың жай-күйін болжап, аманаттар қалдырған бабаларымыздың дәстүрін өзінен кейінгі тарих сахнасына шыққан поэзия өкілдері өз деңгейінде дамытып отырды. Көне дәуір данышпандарының, хандық дәуірдегі жырауларымыздың, зар заман ақындарының шығармашылықтарындағы ұқсастықтар мен сабақтастықтар жоғарыда айтылған пікірлерімізді қуаттай түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 336 б.
- 2 Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера земли. – М., Айрис-Пресс: 2014. – 560 с.
- 3 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алматы: Рауан, 2012. – 380 с.
- 4 Қазіргі қазақ әдебиеттануындағы Тәуелсіздік идеясы. Жауапты ред. Ісімақова А.С. – Алматы: Тіл оқу-әдістемелік орталығы, 2011. – 528 б.
- 5 Айбын. Энциклопедия. Бас ред. Б.Ө.Жақып. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 880 б.
- 6 Современный философский словарь. – Бишкек: Одиссей, 2010. – 610 с.
- 7 Жеті ғасыр жырылайды: екі томдық. – Алматы: Жазушы, 2008. –Т.1.– 409 б.
- 8 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 290 б.
- 9 Қасқабасов С. Жан азық. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
- 10 Үсенова А.Ә. Қазіргі қазақ өлеңінің құрылысы: дәстүр және даму үрдістері. – Алматы, Білім, 2010. – 320 б.
- 11 Тұржан О. Махамбет өлеңдерінің поэтикасы. – Алматы: Ақиқат, 2013. – № 9. – 134 б.
- 12 Мұқанов С. Халық мұнарасы. – Алматы: Жазушы, 2002. – 304 б.
- 13 Қыраубаева А. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Астана: Елорда, 2004. – 280 б.
- 14 Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы. – Алматы: Білім, 2010. – 307 б.
- 15 Тілешев Е. Суреткер және көркемдік әдіс. – Алматы: Арқа, 2005. – 278 б.

References:

- 1 Kelimbetov N. Ejelgi дәuir әdebieti. – Almaty: Atamūra, 2005. – 336 b.
- 2 Gumilev L.N. Etnogenez i biosfera zemli. – M., Airis-Pres: 2014. – 560 s.
- 3 Kläštornyı S.G., Sultanov T.İ. Kazahstan. Letopis treh tysächileti. – Almaty: Rauan, 2012. – 380 s.
- 4 Qazırgı qazaq әdebiettanuyndağy Täuelsızdık ideiasy. Jaupıty red. Isımaqova A.S. – Almaty: Tıl oqu-ädistemelik ortalyğy, 2011. – 528 b.
- 5 Aıbyn. Ensiklopedia. Bas red. B.Ö.Jaqyp. – Almaty: Qazaq ensiklopediasy, 2011. – 880 b.
- 6 Sovremennyi filosofski slovär. – Bıshek: Odisei, 2010. – 610 s.
- 7 Jetı ğasyr jyrlaidy: eki tomdyq. – Almaty: Jazusy, 2008. –T.1.– 409 b.
- 8 Qoñyratbaev Ä. Qazaq föklorynyñ tarihy. – Almaty: Ana tılı, 1991. – 290 b.
- 9 Qasqabasov S. Jan azyq. – Astana: Audarma, 2002. – 584 b.

- 10 Üsenova A.Ä. *Qazırǵı qazaq öleñiniñ qūrylysy: дәstür jäne damu ürdisteri.* – Almaty, Bilim, 2010. – 320 b.
- 11 Tūrjan O. *Mahambet öleñderiniñ poetikasy.* – Almaty: Aqiqat, 2013. – № 9. – 134 b.
- 12 Mūqanov S. *Halyq mūnarysy.* – Almaty: Jazuşy, 2002. – 304 b.
- 13 Qyraubaeva A. *Ejelgi дәuir әdebieti.* – Astana: Elorda, 2004. – 280 b.
- 14 Omarūly B. *Zar zaman poeziasy.* – Almaty: Bilim, 2010. – 307 b.
- 15 Tileşev E. *Suretke jäne körkemdik әdis.* – Almaty: Arqa, 2005. – 278 b.

МРНТИ 512.122

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.67>

Сұлтанғалиева Ж.С.¹

¹ Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе, Қазақстан

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ ЖӘНЕ Ф.ОҢҒАРСЫНОВА ЛИРИКАСЫ

Аңдатпа

Мақалада Ф.Оңғарсынова өлеңдерінің лирикалық кейіпкері кім және автормен қарым-қатынасы, көркемдік пен шеберлік өрнектері сөз болмақ. Сонымен бірге, Ф.Оңғарсынованың әр тақырыптағы лирикалық өлеңдері, ондағы кейіпкерлер әлемі, яғни лирикалық қаһарман мәселесі, ақындық шеберлік сырларын әр қырынан пайымдау көзделген.

Ғылыми мақалада көрнекті ақын Ф.Оңғарсынова поэзиясының эстетикалық танымы мен ақын шығармашылығын салыстырмалы талдау жасау сияқты міндеттер алға қойылған.

Мақаланың негізгі мақсаты ақын өлеңдерінің тақырыптық, жанрлық түрленуіне байланысты мазмұндық, тәрбиелік мәнін ашу, көркемдік құралдарды пайдалану ерекшелігіне тоқтала отырып, ұлттық бояудың қанықтығын, стилін анықтау болып табылады. Фариза жырларынан ақын жүрегінің мазасыз дүрсілін оның қаһармандарының өмірдің әрбір қалтарысына мазасыз көзқарасын ұғынғандай боламыз. Ақын өлеңдері автордың өз мінезін, қоршаған ортаға көзқарасын анықтайды. Өйткені оның поэзиясы өршіл поэзия, сырлы да суретті поэзия екендігі көркемдікпен сараланады.

Түйін сөздер: поэзия, лирикалық кейіпкер, көркемдеу мен шеберлік, өлең күдіреті, көркемдік құралдар, ақындық шеберлік, жанрлық түрлер, автормен байланыс

Sultangalyeva Zh.¹

¹Aktobe State Regional University after K.Zhubanov,
Aktobe, Kazakhstan

MODERN KAZAKH POETRY AND LYRICS F.UNGARSYNVA

Abstract

The article presents a detailed analysis of the multifaceted poetic work of the famous poetess F. Ungarsynova. This is the indissoluble unity of the lyrical hero and author, and the poet's finest poetic speech, and the variety of the genre of her works, and the complex world of the image of the lyrical hero.

The article attempts to describe the aesthetic worldview and work of F. Ungarsynova in a comparative manner.

Particular attention is paid to the artistic world and the linguistic means of F. Ungarsynova, who have her own poetic style. Also considered is the enormous influence of the poet's work on modern Kazakh poetry. The article draws attention to the fact that the poetess managed to combine such principles as open citizenship and piercing lyricism, purity and nobility of human relations and the tragedy of unrequited love, lines about sacred friendship and wise thoughts about the poet's craft. Her poems are an impressive picture of modern reality.

Keywords: poetry, lyrical character, art and poetic masterpiece, art tool

Сұлтанғалиева Ж.С.¹

¹ *Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова, Актюбе, Казахстан*

СОВРЕМЕННАЯ КАЗАХСКАЯ ПОЭЗИЯ И ЛИРИКА Ф.ОНГАРСЫНОВОЙ

Аннотация

В научной статье представлен подробный анализ многогранного поэтического творчества известной поэтессы Ф. Унгарсыновой. Это и нерасторжимое единство лирического героя и автора, и тончайшая поэтическая речь поэтессы, и многообразие жанра ее произведений, и сложный мир образа лирического героя.

В статье сделана попытка описать эстетическое мировосприятие и творчество Ф. Унгарсыновой в сравнительном ключе.

Особое внимание уделяется художественному миру и языковым средствам Ф. Унгарсыновой, которой присущ собственный поэтический почерк. Также рассматривается огромное влияние творчества поэтессы на современную казахскую поэзию. В статье обращается внимание на то, что поэтессе удалось совместить такие начала, как открытая гражданственность и пронзительная лиричность, чистота и благородство человеческих отношений и трагичность неразделенной любви, строки о священной дружбе и мудрые мысли о ремесле поэта. Ее стихи – впечатляющая картина современной действительности.

Ключевые слова: поэзия, лирический герой, художественное обрамление и поэтическое мастерство, художественные средства, магия поэзии, поэтическое мастерство, жанровые типы, связь с автором

Кіріспе. Қазақ әдебиетін бұл күнде жұлдыздан алқа тағылған көк күмбезіне теңеуге болады. Сол көк күмбезінде үркердей шок жұлдыз боп жыр биігінен көрініп жүрген ақын қыздарымыз бар екенін мақтанышпен айта аламыз. Ал әрірекке көз салсақ, өлең өнерінің оларға бұрыннан дарығанын көріп, тағы да мерейіміз өсе түседі. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерінде кездесетін Қарашаш сынды үлкен ақылды, от ауызды, орақ тілді қыздар шешендіктің не бір ғажайып шыңына жеткені бәрімізге аян. Бертіңгі дәуірде өмір сүрген Сара ақынның өнері ше?.. Өзінің тұңғық терең ойымен, сезімнің қылын тап басып, үздіктіре шертетін нәзік жырымен Біржан сияқты ақиық табындырған Сара таланты ұрпақтан – ұрпаққа ешқашан көмескі тартпас сап алтындай, асыл мұра боп қалуда. Күні бүгінге дейін одан үйренер, өнеге алар жайлар көп.

Алайда өткенге көз тастағанда, өз талантымен осындай оқшау шыққан өнер саңлақтарын саусақпен санап шығуға болады. Солардың бәріне де кегежесі кейін тартқан кер заман кері әсерін тигізіп отырған. Сондықтан да әрқайсысының өз өлең жолдарында халықтың ауыр халін толғап, қанаушы тап өкілдеріне деген ыза – кегін отты сөзбен білдіруі заңды да.

Ұлы қазан төңкерісі байырғы қазақ жеріне теңдік пен бақыт әкелді. Осыдан кейін еліміз нұрлы жаңбырдан кейінгі даладай қайта құлпырып, түрленіп кетті.

Төңкеріс еңбекші халыққа теңдік әкелумен қатар оның өнерінің дамуына да кең даңғыл жол ашты. Осы кездегі әдеби өрлеу жылдарында біз Шолпан Иманбаева, Алма Оразбаева сияқты ақын қыздардың аттарын атап өтуге тиіспіз. Олар да жаңа заманның алтын шапақты таңын шабыттана қарсы алып, оны қуана жырлады. Қазақ қыздарының ішінде ұлы өзгерістің мәнін алғашқылардың бірі болып сезініп, соны өзге замандастарына жеткізуге ат салысты. Әрине бұл ақындардың жырларында әйел теңдігі басты тақырып болуы да түсінікті. Алдымен олар төңкеріс берген осы теңдікті зор қуанышпен жырлады. Осыған орай қазақ әйелдерінің қазан төңкерісінен бұрынғы ауыр халін, сүйгеніне қосыла алмай қорлыққа өткен өмірін жырларына арқау етті. Заман талабына сай жазылған өлеңдер ауыздан - ауызға тарап, айтылып жүруі соның айғағы.

Әдістеме. Міне, осы Ш.Иманбаева, А.Оразбаева сияқты ақын қыздардың жолын кейінгі сінділері жалғастырып, бүгінде әдебиетке олжа салып келе жатса, бұл бәріміз үшін қуаныш, әрі мақтаныш. Әрине, жоғарыда аталған ақын қыздардың өлеңдері, бүгінгі оқырман көзімен қарағанда, көркемдік дәрежесі жағынан әр деңгейде болуы мүмкін. Уақыт өткен сайын өсу, өркендеу, алға қарай дамудың болып тұруы даму заңы. Қазіргі оқырман көзі қарақты, көркемдік талғамы жоғары қауым. Бірақ бүгінде әдебиетке үлес қосып жүрген ақын қыздарымыз осы мәдениетті (интеллектуалды) поэзия талабына сай ойлы да отты жырлар жазуда. Солардың ішінде М.Хакімжанова, Т.Әбдірахманова, М.Айтхожина, Г.Сейілжанова, А.Бақтыгереева, Ф.Оңғарсынова, Р.Қунақова, Қ.Бұғыбаева және басқа осылар тәрізді ақындар есімін атап өтуге тұрарлық. Олардың әрқайсысы өзіндік үнімен, өзіндік өрнек нақышпен жырлауға тырысады. Оқырмандардың әрқайсысының жырларын танбай танитыны да содан болса керек.

Осылардың арасында өзінің арынды, адуынды, кейбір сыншылардың айтуынша «әйелге тән емес тентек» өлеңдерімен көзге түсіп жүрген Фариза Оңғарсынованы ерекше атаған орынды. Ақынның шығармашылығы сан қырлы, көп салалы. Алайда оның өлеңі әрқашан сыршылдығымен, сыншылдығымен тәнті етеді.

Осыны «ағынан ақтарыла жырлау, ой, сезім тізгінін өлең жолында ірікпей еркін ұстау – «Шілде», «Сенің махаббатың», «Жүрек күнделігі», «Дауа», «Сұхбат» атты мәнді жинақтардың авторы Фариза Оңғарсынова туындыларының өзекті қасиеті», - деп сыншы А.Егеубаев орынды айтқан.[1,32].

Ақын Ф.Оңғарсынованың шығармашылығы сол кездің өзінде баспасөз бетінде сыншылардан ара-кідік бағасын алып жүрді. Олардың әрқайсысы ақынның шығармашылығына әр қырынан үңіле қарап, кемшілік жетістіктерін айтуға тырысқан.

Өнерпаздық тұлғасын дүйім жұрты танып білген, елі мен халқына қадірі артқан, табиғат сыйлаған талантымен танылған поэзия тарланбоздарының шығармашылық өрнегінің өмірлік мұратқа айналып, зерттелуінің өзі – ғұмырлық рухани танымға ие заңды құбылыс.

60 – жылдары әдебиет әлемінің айшықты жанры – поэзияда адуынды жырларымен жұртшылықты елең еткізген ақынның бірі Фариза Оңғарсынова болатын.

Абай атындағы Республикалық мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері, көрнекті ақын Фариза Оңғарсынова шығармашылығы қазақ әдебиетінде өзіндік үні мен орны бар тұғырлы дүние.

Ф.Оңғарсынова поэзиясының табиғатын түсіну – алыптардан бастау алады. Көркем сөз зергерлері Ғ.Мүсірепов, Ө.Тәжібаев дамытқан баянды бағам – байлауды әдебиетші ғалымдарымыз М.Қаратаев, Ө.Шәріпов, С.Сейітов, З.Ахметов, Ө.Жәмішев, С.Қирабаев, Р.Нұрғалиев т.б жалғастырды. Ақынның өз тұтастарынан және қаламдас іні – сіңлілерінен К.Ахметова, Н.Оразалин, Ө.Кекілбаев, С.Ерубаев, У.Қалижанов, А.Егеубаев, Т.Шапай және басқалардың пікір – пайымдарының мәні жоғары болды.

...Көңілді, жайлы күнімді,
Азапты, қайғы – мұңымды.
Өзіммен бөліскенің үшін,
Қатем мен жетістіктерім үшін,
Мынау менің қиындау тағдырым болып,
О баста көріскенің үшін,
Өлең, мен сені аялап өтем!

Осы бір жолдарды оқып отырып, ақынның шынайы жүректен ақтарыла шерткен сырының адалдығына күмән келтіре алмайсыз. Бұл жолдарда о баста тағдыр боп жолыққан ақындық өнердің қиындығы да, оның оқпаны көп соқтықпалы соқпағы да, кейде түн ұйқыны төрт бөлгізетін мазасыз шақтары да қолмен қойғандай дөп басып айтылған емес пе?..

Ендеше жыр құдіреті, оның кез – келген сезімтал оқырманды бейтарап қалдыра алмайтын сенімділігі дегеніміз де осы. Жоғарыдағы жолдар белгілі ақын Фариза Оңғарсынованың қаламынан шыққан.

Ақын қыздар шығармашылығына зер сала қарағанда, Ф.Оңғарсынованың ерекше дараланып көзге түсетіні бұлтартпас шындық. Ақын шығармашылығы жайлы жазған Ө.Бөпежанова оның лирикалық қаһармандарын «...Отты да өршіл, асқақ та мазасыз жандар», - деп орынды түсінік жасайды. [2,21].

Шынында да Фаризаның жырларын оқып отырғанда, ақын жүрегінің мазасыз дүрсілін оның қаһармандарының өмірдің әрбір құбылысына мазасыз көзқарасын түсінгендей боламыз.

Осы бір жағдай бізді, оқырмандарды да баурап, жыр әуеніне қарап ысынып – суынып отырғанымызды байқамай қаламыз. Ал поэзияның, тұтастай алғанда әдебиеттің ұлы мақсаты да оқырманды бейтарап қалдырмау, өзі айтып отырған идеяға өзгелерді тарта, баурай білуі екені даусыз. Ақын мұрасы сонау алпысыншы жылдардың қақ ортасында бастау алып, сексенінші жылдардың аяғындағы дейінгі кезеңді қамтиды. Ақын лирикасы талантты өлеңдермен толықты. Осылардың арасында “Маңғыстау монологтары” Мемлекеттік сыйлыққа ие болған шығармасы.

Нәтижелер. Жазушы, әрі ғалым Ө.Шәріпов «Қазақ поэзиясы өрлеу үстінде» деген мақаласында: «...Осы дәуірде келіп қосылған, қазір даусыз, жақсы талант ретінде жүрген қыз – келіншек ақындар жайында біраз әңгіме айта кету керек. Олар Қ.Бұғыбаева, А.Бақтыгереева, Ф.Оңғарсыновалар. Бұлар бұрын аттары белгілі М.Хакімжанова бастаған Т.Әбдірахманова, Ө.Шалабаева, М.Айтхожиналардың тобына қосылған анық талантты, білімді ақындар» деп сол кезең көзқарасында байламын айта келе: «...Аз ғана қынжылатын жағдай – бұл есімдері аталған қыз – келіншек ақындардың өлеңдеріндегі тақырып ауқымы, диапазон, азаматтық әуен әлі жетімсіз. Сондықтан да олардың дауысы тым ұяндау шығып жатады. Даралану, ерекшелену, өсу байқалмайды. Тек Ф.Оңғарсынованың соңғы топ өлеңдері оқушы қауымды бір сүйсіндіргені бар» деп айтқан болатын.

Соңғы кездері әйел және ер ақындардың шығармашылығындағы айырма жөнінде әртүрлі, кейде кереғар пікірлер айтылып жүр. Ф.Оңғарсынованың шығармашылығын жалпы талдауға кірісер алдында осы жайға тоқтала кету жөн секілді. Өйткені Фариза шығармашылығы осы айтылып жүрген «шартты» айырмашылықты жоққа шығаратын бірден – бір дәлел тәрізді.

Жалпы әйелдер шығармашылығы жайлы сөз етілгенде, «Әйелдер әйелше жазу керек, олардың жыры әйел затына тән нәзік те мөлдір болғаны жөн», - деген сияқты пікірлер жиі естіледі. Бұл бұрыннан қалыптасып қалған кейбір кереғар түсініктерге байланысты болуы мүмкін. Ф.Оңғарсынова өзінің «Талант табиғаты біреу» атты мақаласында жоғарыдағы мәселеге байланысты өз ойын айтқан. Осы мақалада «Жас ақын жазушылардың өткен бір кеңесінде белгілі ақын Олжас Сүлейменов: «Поэзияда әйел, еркек, кәрі мен жас жоқ, жақсы өлең бар, сосын нашар өлең бар» - деп өте түсінікті айтқан еді», - деп автор өз пікірін айқын білдіреді. Шынында да әңгіменің түйіні – ақынның өмірді қалай көріп, оны қай қырынан көрсете алуында ғой. «Әйелдер поэзиясы» деген түсінік орыс әдебиетінде де болғанын білеміз. Міне, осы түсінік өз шығармашылығымен жоққа шығарған Анна Ахматова еді. Айтыс барысында көз жүгіртіп, зер сала мән жан Сараның мірдің оғындай сөзі, айшықты жыры Біржанға дес бермейтінін аңғарып, таң қалады. Сараның жеңілісінің өзі ақын талантының ортаң қолдығынан емес еді. Арқаға аты

таныс арынды Біржан ақынның өзі айтыс соңында Сара талантына құрмет көрсетіп, тіпті оның жеңілгеніне өкініш білдіргендей болады. Осы жерде Фаризаның мына бір өлең жолдарына назар аударып көрелік.

Менде бір толғаныс бар,
(Кейде өзім де түсінбеймін).
Дауыл күнгі дарияның күшіндей бір.
Сонау біздің қырдағы тұяқ тілген
Бәйге алаңы секілді дүсірлеймін.

Өзім сонда тұтас бір ғасырдаймын,
Жүргендеймін жарқылдап қасында Айдың
Марғау бейжай дүниені сілкіндіріп,
Бір таң қылмай мен, сірә, басылмаймын.

Біз осы бір ұзақтау үзіндіні босқа келтіріп отырғанымыз жоқ. Жоғарыдағы жолдар кейбір ер ақындардың аузына түсе қояр ма екен. Өзін «тұтас бір ғасырдаймын», «дүниені сілкіндіріп, бір таң қылмай басылмаймын» - деп адуындап отырған – нәзік жанды әйел жандарының өкілі. Ал керісінше, сағыныш саздарын сыздата жырлап, аузын ашса, көкірегінен күрсініс естілетін күйрек, күйкі ер ақындарды қайда жібереміз. Мұның өзі оқырмандар әйел ақындарды «нәзік сезім» сырын іздеп қана қоймайтынын даусыз дәлелдейтіндей.

А.Ахматова, М.Цветаева, С.Капутикян, М.Аллигер, Б.Ахмадулина жырларына табынушылар оларды өздері сүйіп оқитын ер ақындардан кем санамаса керек. Сондай – ақ қазақ оқырмандары Ф.Оңғарсынованың, М.Айтхожинаның, А.Бақтыгерееваның және басқаларының поэзияларын сүйікті ақындары М.Мақатаевтың, Қ.Мырзалиевтің жырларынан кем көрмейді.

«Көркем сөз көкжиегінде, ақынға, жазушыға, еркекке, әйелге, кәріге, жасқа деп шектеліп қойылған Саржайлау да жоқ, құлазыған қу дала да жоқ. Ащы теңіз де ортақ, тұщы теңіз де ортақ, ғарышқа дейінгі биіктік те ортақ, Жер – Ананың отты жүрегіне дейінгі тереңдік те ортақ. Ерлік, адалдық, батылдық, ұяттылық, арлылық сияқты адамгершілік – адамдық қасиеттердің бәрі де ортақ. Мен қазақтың ақын қызы Фаризаны осындай асқарлардың шыңында көремін».

Академик жазушы Ғабит Мүсіреповтің Фаризаның «Сұхбат» деп аталатын кітабына жазған ағалық алғы сөзі осылай басталады. Әр сөзінің салмағы, сабағы бар сарабал суреткердің «Сұхбатқа» алғы сөз жазуында арлы ақынға, азамат ақынға берілген биік әрі әділ баға деп қарауымыз керек.

Сонымен бірге бүгінгі әйелдердің қоғамдағы рөлі, жауапкершілігі артып, олардың сана – сезімі, ақыл – ой дәрежесі жаңа бір сатыға көтеріліп отырған кезеңде әйелдер шығармашылығына тән ерекшеліктердің де бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Әйел ақындар барлық адамзатқа тән махаббат, бейбітшілік тақырыптарын өздеріне ғана тән ынтық жүреппен, аналық сезіммен бере алады. Сондықтан да олардың айтқандары көкейге қонымды, нанымды көрінеді. Алайда мұны әйел ақындардың бірден – бір әрі сөзсіз ерекшелігі деп қатаң шекарамен бөліп тастауға да болмайды. «Жаңа уақыттың жаңашыл ақындарының жаңашылдығы, жаңаны ғана жазғандықта емес, құбылысты бұрын жырламағандай етіп, өзінше, өзгеше суреттей білуінде», - деген екен кезінде атақты Гете. Ұлы ақындардың осы сөзі күні бүгінге дейін өз мәнін жойған емес. Қазіргі жаңа заманның, бақытты заманның ақындары сол өмірден өздері түйген, өздері куә болып, сүйсінген жайларын жырына қосады, мынау талғампаз өмірдің бар бояуын алып, тынысын жыр жолдарына орап, жып – жылы қалпында оқырмандарына ұсынады. Бақытты еліміздің алдында тұрған ұлы мұраттар шабытқа – шабыт қосып, жыр селін асқақтатқандай.

Әдебиетімізге кешегі алпысыншы жылдары өзіндік дауысы, айшық бедері, қайталанбас нәзік қолдан шыққан өрнегі бар бір жас дарын келіп қосылды. Әдебиет сүйгіш қауым әлі шырқатып кете алмаған дірілі басым жас дауысты бірден естіп, елендесті. Сонда олар осы балғын дауыстың келе – келе буынын бекітіп, жыр әлемінде шырқай көтерілетініне сенім білдірген еді. Оған ағалық, апалық ақ тілектерін арнап, қамқор құшақтарын жайғандар да табылды.

Міне, сол үннің иесі Фариза Оңғарсынова болатын. Бүгінгі Фариза деген есімнің өзі жыр сүйер қауымның құлағына сіңісті. Ал, онда аты – жөнін толық айтқанда ғана бірлі – жарым өлеңдерімен, баспасөз бетіндегі журналистік мақалаларымен еске түсетін жас талап еді. Алғашқы кездегі қымсына оқып, оқырман жүзіне ұяла қарайтын жырлардың бірте – бірте буыны бекіп, бұғанасы қатайған болатын. Әсіресе оқырманға оның өлеңдеріндегі көсілген еркіндік, тың ойлар, тосын ырғақ әсер ететін.

Бұл күнде сол Ф.Оңғарсынова «Сандуғаш», «Асау толқын», «Мазасыз шақ», «Мен сенің жүрегіңдемін», «Сенің махаббатың», «Дауа», «Сұхбат», «Жүрек күнделігі» атты көпке таныс жинақтардың авторы, елге белгілі ақын.

«Адам деген күрделі жаратылыс қой. Оның ішінде әйел адамның жан дүниесі – өз алдына бір әлем, мен өз жырларымда сол әйел жанының сан күйін мүмкіндігім жеткенше жырлағым келеді. Менің бұл тақырыптағы лирикалық кейіпкерлерім – әйелдер, олардың тағдыры, жан дүниесі, күлкісі мен көз жасы – өлеңдерімнің арқауы», - деп жазған Ф.Оңғарсынова «Шілде» атты кітабының алғы сөзінде.

Бұған автордың шығармашылық жолындағы тұтас бір ойы сыып тұр. Ол әйелдердің көзімен, олардың сезім - түйсігімен, солардың түсінігімен қарай отырып, өмір құбылыстарын жырға қосады. Әйтпесе жоғарыда келтірілген ойлар тек әйелді ғана жырға қосамын, одан басқа тақырып маған жат деген ұғым туғызбаса керек.

Талқылау. Біз ақынның өмір жолына тоқталып жатуды мақсат етіп қоймағандықтан оның шығармашылығына ғана үңілеміз. Ф.Оңғарсынованың шығармашылығы да көптеген тақырыптарды қамтыған, сан қырлы, сұлулық сипаты күрделі шығармалар. Ақын ешқашан белгілі тақырып аясында қалып қоймақ емес, сол себепті де поэзия өмірдің өзіндей күрделі. Өмір мен поэзияның егіз ұғым ретінде қаралатыны да сондықтан. Өйткені өмірсіз поэзия, поэзиясыз өмір болуы мүмкін емес. Ғасырлар бойы талай дүлдүл ақын жырласа да сан қырынан ажарлана түсіп келе жатқан мәңгілік тақырып бар. Ол – махаббат тақырыбы. Махаббат – туған жерге, елге деген бітпейтін, ешқашан ортаймайтын сүйіспеншілік, өмірге құштарлық. Махаббат – ананың балаға, баланың анаға ынтықтығы. Махаббат – ғашық жандардың табынатын тәңірі. Олай болса тіпті бүкіл адамзат өмірінің түп қазағы – махаббат екенін байқаймыз.

Фариза жырларында да осы мәңгілік тақырып өзінше өрнекпен берілген.

Сен де тас та қастерлі, аспанда алау,
Сен де жанды тербетер дастан бар – ау.
Менің мына өмірге құштарлығым,
Сені жақсы көруден басталған – ау.

Бұл үзінді ақынның «О туған жер...» атты өлеңінен келтірілген. Айтылып, жазылып, жүрген, кейбір сыншылар айтатындай «шиырланған тақырып». Бірақ ақын сол тақырыпты өзінше жырлайды. Сөйтіп, мына өмірге деген құштарлығының туған жерді жақсы көруден басталғанын әдемі айтады. Адамға өмір сыйлайтын, махаббат сыйлайтын кіндік қаны тамған туған жері екенін әсем баяндайды. Әркімнің – ақ ойындағы сөз. Алайда мынау өлеңді оқып шыққан соң ғана, «шынында да солай - ау», - деп тамсанамыз. Ақынның тапқырлығы дегеніміз осы. Немесе мына жолдар ше:

Арғымақтары қайда екен бұл даланың,
Бәйге алаңын көргенде шыдамадым.
Аңсап келген ауылда сәйгүлікке,
Тақым салмай мен қалай тұра аламын.

Ауылды аңсап алыстан келген адамның шынайы толғанысы айқын көрінбей ме?! Тек бұл емес, бір шумақ өлеңде ұлттық бояу да жатыр. Сайын далада жұлдыздай ағар арғымақ, сәйгүлікке тақымын тигізбей көңілі тыншымайтын қазақ баласы көз алдымызға келеді. Бәйге алаңын көргенде көңіліне желік біту де халқымызға тән қасиет.

Ақын болған істі баяндаушы немесе суреттеуші ғана емес, ол сол өмірге белсене араласып, өзі көрген, куә болған жайды жария етуші, белсенді күрескер. Алайда ол ерлік істерді жыр қылғанда оның қоғамдық мәнін ашып, соған шынайы көңілден таңданады, ақындық жүреппен сүйсінеді.

Маңғыстау!
Мұнараларың шаншылса аспанды ұрып,
Тайталаса алмай қалады асқар бұғып.
Жанар таулардай лапылдап отты алауларын
Жанары жасық жандарды жасқандырып.

«Маңғыстау»... атты өлеңін осылай асқақ пафоспен бастаған ақын ұлы өзгерістерді қуана қошеметтеп, ерекше шаттанады, осы мақсатта өлеңнің ырғағы да арынды, екпінді құрылған. Маңғыстаудың жаңарған, жасарған түріне сүйсініп тұрған ақын бір сәт былай толғанады:

Өмірге құштар жандардың,
Жалынды жүрегі дауылды далаға ғашық.
Мұнаралардан жүр мұнда самал адасып.
Жастықтың құрыш қолымен кетіпті бүгін,
Құмдауыт белді күз кеуде қалалар басып.

Міне, біз әлгі ұланғайыр ғажайып өзгерістердің өздігінен ғайыптан болмағандығын, оның адамның жасампаз қолынан туғанын көріп, мерейіміз тағы да көтеріледі. Мұнда таңдай қағу жоқ, жастықтың құрыш қолы жасаған іске, ерен еңбекке разылық, замандас ерлігі үшін мақтаныш сезімі бар.

Талай ақын дала десе әуелі көз алдына оның тау – тасын, өзен – көлін, төскейді дүсірлетіп шауып бара жатқан сәйгүліктерді, мыңғырған мал мен жайқалған егінді елестетеді. Әрине бұл да дала ол да жырлануы керек. Бұл ретте Фариза өз даласын табиғат тамашаларынан емес, ол даланың абзал адамдарының тағдырынан, солардың өскен ортасынан іздеуі оның өзіндік үнін, өзіндік жолын айқындайды.

Торғай елі туралы Фариза сол даланың қара топырағында туып, бүгінде қазақ поэзиясының тұлғалы жандарының біріне айналған Сырбай ақынға назы ретінде жырлап кетуі қандай жарасымды. Ол осы өлкеге деген

сүйіспеншілігін ақын ағасына сыр қылып айтып, шашу ғып шашады. Фариза өскен өнерді қазақтың жалпақ даласының символы ретінде таниды. Сол өлкені өзінің туған үйіндей ыстық сезінеді. Әйтпесе ақын:

Аңсаумен оралуы гүл шоғына,
Басылар емес жанның сусауы да.
Сонан соң өкінбес ем кетсем мәңгі
Айналып боз даланың жусанына! – деп айта алмас еді, тебірене алмас еді.

Ақын өлеңдері автордың өз мінезін, дүние танымын анықтайды. Өйткені оның поэзиясы өршіл поэзия, сырлы да суретті поэзия.

Ол өз өлеңдерінде өзін мүлде кішіге санайды. Торғай толғауларын ақын қыз жырлай отырып, сол елдің азаматтарының тұлғасына қызығады, ерлік істеріне сүйсінеді.

Қорытынды. Оның өлеңдерінен ақын кредосы, оның шығармашылығында ұстанған ең негізгі сара бағытын айқын байқаймыз. Жұмыр жердің бүгіні мен ертеңі, адамзат мүддесі шын мәніндегі үлкен әріппен жазылар махаббат қай заманның да озық ойлы адамдарын, ақындарын толғандырып отырғаны даусыз. Болашақта да ол ақындар жырының ең басты, негізгі тақырыбы болмақ. Осы мәңгілік тақырыпты Фариза да өз үнімен, өрнегімен жырлап келе жатқанын шама – шарқымыз жеткенше көрсетуге тырыстық.

Фариза кейбіреулердей сылбыр сезім, сағымдай созылған бітпейтін мұңнан ада. Рас оның кейбір махаббат тақырыбына жазған өлеңдерінде сағыныш пен нәзік мұң бар. Бірақ оны күйректік деп айтуға әсте бола қоймас. Қай өлеңін оқып қарасаңыз да ішкі бір ширығуды, өзіне деген сенімділікті, жасымайтын жігерді аңғарып сүйсінесіз. Ақын - образ – оқырман үш бұрышындағы принцип лирикалық қаһарман мұңының объективтік сипатта үшеуіне ортақ болуы десек, Фариза ақын лирикасында оқырман жүрегін толқытсам, сезімін оятсам деген ой ешқашан бәсеңдемейді. Фаризаның тағы бір ерекшелігі деп оның өлеңдеріндегі оттылықты, арындылықты айтуға болады. Кейде ол басы асау жырының шаужайына ие бола алмай, ағылып, төгіліп кетеді. Бұл да оның оқырмандарын сүйсіндіретіні даусыз. Ақын қыздарымыздың біразында осы жетісе бермейді.

Өлеңге талғаммен қарау әр ақынның міндеті десек, осы қасиет бар ақында бірқалыпты емес. Ал Фаризаның сырбаз талғампаздығын, тіпті кейде кірпияздығын бұған дейін айтқанбыз. Соның негізінде ақын өлеңді барынша жинақы, тартымды жазады. Мұның өзі оның әр өлеңіне ерінбей тер төгетінін байқатады.

Әсіресе тың айшықты бедерлер, бейнелі образ берудегі жетістіктері осыған дәлел. Ақынның шеберлік қырларының күрделі сан алуан болуы да сондықтан.

Қорыта келе айтарымыз, қазіргі қазақ поэзиясында Ф.Оңғарсынова екпінді, еркін үнмен қалың оқырманның сүйіспеншілігіне бөленген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Егеубаев. А.Сыр мен сымбат.- Алматы, Жазушы, 1981. - 223 б.
- 2 Бөпежанова. Ә.Өрнектер. – Алматы, Жазушы, 1991.- 200 б.
- 3 Шәріпов Ә. Қазіргі дәуір және қазақ совет әдебиетінің даму проблемалары. - Алматы, Ғылым, 1973. - 86 б.
- 4 Тәжібаев. Ә.Фаризаны оқысам, қанаттанып қаламын.// Жетісу, 1989,23 желтоқсан
- 5 Мүсірепов Ф. Заман және әдебиет. – Алматы, Жазушы, 1982.- 352 б.
- 6 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.-360 б.
- 7 Оңғарсынова. Ф.Сұхбат. – Алматы: Жазушы, 1982. -179 б.
- 8 Сүлейменов. О.Сөз қадірін түсінген оны босқа шаппайды. // Қазақ әдебиеті газеті, 1976. 18 маусым.
- 9 Мүсірепов. Ф. Алғы сөз // Ф.Оңғарсынова. Сұхбат.– Алматы, Жазушы, 1982.-179 б.
- 10 Гете. И.В. Он томдық шығармалар жинағы. – Москва, 1988.
- 11 Оңғарсынова. Ф.Шілде. – Алматы, Жазушы, 1978. – 318 б.
- 12 Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. – Алматы, Жазушы, 1972. -132 б.

References:

1. Egeubaev. A.Syr men symbat.- Almaty, Jazuşy, 1981. - 223 b.
2. Böpejanova. Ä.Örneker. – Almaty, Jazuşy, 1991.- 200 b.
3. Şarıpov Ä. Qazırğı дәuir және qazaq sovet ädebietiniñ damu problemalary. - Almaty, Ğylym, 1973. - 86 b.
4. Täjıbaev. Ä.Farizany oqysam, qanattany p qalamyn.// Jetısu, 1989,23 jeltocşan
5. Müsirepov Ğ. Zaman және ädebiet. – Almaty, Jazuşy, 1982.- 352 b.
6. Qabdolov Z. Söz önerı. – Almaty: Qazaq universiteti, 1992.-360 b.
7. Oñğarsynova. F.Sühbat. – Almaty: Jazuşy, 1982. -179 b.
8. Süleimenov. O.Söz qadırın tüsingen ony bosqa şaşpaidy. // Qazaq ädebietı gazeti, 1976. 18 mausym.
9. Müsirepov. Ğ. Alğy söz // F.Oñğarsynova. Sühbat.– Almaty, Jazuşy, 1982.-179 b.
10. Gete. İ.V. On tomдық şyğarmalar jınağy. – Moskva, 1988.
11. Oñğarsynova. F.Şilde. – Almaty, Jazuşy, 1978. – 318 b.
12. Älımqulov T. Jumba q jan. – Almaty, Jazuşy, 1972. -132 b.

Таңжарықова А.В.,¹ Сатмирова Д.А.²

^{1,2} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЭЗОТЕРИКАЛЫҚ САРЫНДАР

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ әдебиетіндегі жаңашылдық, жанрлық ізденістер мен эзотериялық сарын қарастырылады. Қазақ әдебиетіне ұлттық бояуды сіңіре отырып, жаңа бояу қалыптастырған қазақ жазушыларының анимистік, тотемдік ұғымдар, аталар аруағына табыну, киелеу, дүниеден көшкен жанның аруағын еске алып, қабірін қастерлеу дәстүрі, эзотерикалық культ ұғымдарын қолданудағы ерекшеліктері айқындалады. Тәңірлік космогониялық сенім, культ, архетиптік бастау түсініктері, эзотерикалық тылсым сана қазақ прозасында ауыз әдебиетінен үзілмей келе жатқан дәстүр аясында пайымдалады.

Түйін сөздер: қазіргі әдебиет, ұлттық болмыс, тотемдік ұғымдар, космогониялық сенім, культ, архетип, эзотерикалық сарын, көркемдік шешім

Tanzharikova A.,¹ Satemirova D.²

^{1,2} Kazakh National Pedagogical University after Abay,
Almaty, Kazakhstan

ESOTERIC MOTIVES IN KAZAKH PROSE

Abstract

In this article the innovation, genre searches and esoteric motives are considered in Kazakh literature. The Kazakh writers, who have researched the national color in the Kazakh literature and they formed a new coloristic, found out the animistic, totemic concepts, the cult of ancestors, the cult, the traditions of venerating graves and the memory of people who have left the world, and the peculiarities of using esoteric cult concepts. The tengrian cosmogonic faith, cult, archetypal origins and esoteric mystical consciousnesses are interpreted in Kazakh prose within the framework of a tradition uninterrupted by oral literature.

Keywords: modern literature, national existence, totemic concepts, cosmogonic faith, cult, archetype, esoteric motive, artistic solution

Таңжарықова А.В.¹, Сатмирова Д.А.²

^{1,2} Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

ЭЗОТЕРИЧЕСКИЕ МОТИВЫ В КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ

Аннотация

В этой статье рассматриваются новаторство, жанровые искания и эзотерические мотивы в казахской литературе. Казахские писатели, впитавшие в казахскую литературу национальный колорит и сформировавшие новую колористику, обнаруживают анимистические, тотемные понятия, культ предков, культ, традиции почитания могил, памяти ушедших из мира людей, особенности применения эзотерических культовых понятий. Тенгрианская космогоническая вера, культ, архетипические истоки, эзотерическое мистическое сознание трактуются в казахской прозе в рамках традиции, не прерываемой устной литературой.

Ключевые слова: современная литература, национальное бытие, тотемные понятия, космогоническая вера, культ, архетип, эзотерический мотив, художественное решение

Кіріспе. Көне анимистік, тотемдік ұғымдар аталар аруағына табыну, киелеу, дүниеден көшкен жанның аруағын еске алып, қабірін қастерлеу дәстүрі, эзотерикалық культ қазақта күні бүгінге дейін жалғасып келеді. М.О. Әуезов - әуел бастан-ақ эзотерикалық сарындарды шығармашылықпен игерудің өзіндік өрнегін салған қуаты зор қаламгер. «Қорғансыздың күні» атты классикалық туындысында: «Кемпір күннің түрін көріп, назалы дауыспен: «Құдай, тағы төбемен ұрайын деген екенсің ғой! Қарағым адасты ғой. Ұшып өлді ғой. Аруақтарым, қолдай ғөр! Ақсарбас! – деп баласын шақырып айқайлай бастады» [1,79]. Осынау тілдік белгілер қазақтың болжау, сезу, эзотерикалық қалып-

болмысына мейлінше тән когнитивтік түзілістер категориясына жатады. Соны жазушы драмалық қисыны ерен әңгімесінде қанық берген.

Әдістеме. Көк түркілердің заманында космогониялық сенімнің ең қуаттысы аспанды құрметтеу болғаны белгілі. Тылсыммен тілдесе алатын, екі дүниенің арасын жалғайтын халық арасынан шыққан ерекше адамдар – бақсылардың болғаны аян. Мәселен, Асқар Алтайдың еңбегінде тәңір-иеге табынуды «Қолма-қол ауыл азаматының бірінен тыстан қалмақтың атақты қара бас қойын алдырып, Сауан кемпір көкке қолын жая «Көк Тенгір» деп отқа май құйды, қазақ жиеніне мал шалдырды[2. 19,133]. Асқар Алтайдың туындысында Ұлардың нағашы жұртына – қалмақтың Торғауыт руының кісілеріне қонақ бола барғанда, оны нағашысы - Шадан мен Долай бақсы аңға ертіп шығады. Жазушы бақсыны былайша суреттейді:

«Жетіпiске iлiнген Долайды әдейi ерткен сияқты. Нағашысы Шаданнан естуiнше, кәрі Долайдың көрмегенi жоқ, естiмегенi аз. Қобының кiсiкiнiгiн аулаған, кiсiкiнiгiн торлаған. Жауырынға салып бал ашады. Даңғыра қағып бақсы-балгерлiгiн iстейдi. Бұл шұнақ құлақ бураның ашамайында даңғыра iлулi. Қара қынапты қайқы қылышы белiнде асулы Ол да ат сауырын, жел бауырын жабардай қалың қара тұлыптың астында қалыпты»[2.140].

Ертеңiне таң ата даңғыра даусынан оянған Ұлар мен Шадан жанған оттың жанында зiкiр салып жүрген Долайды көредi. Бақсының сол сәттегi кейпi: «Долай шетiне шылдырмақ орнатылған, толған айдай даңғырасын басынан асыра көтерiп, кейде кеудесiне баса саусақтарымен сабалап, аузынан ақ көбiк шаша зiкiр салып жүр. Ерiп жатқан қар үстiнде жалаң аяқ, жалаң сирақ зыр қағады», - деп бейнеленген .[2.142]

«Бақсы» деген сөзге профессор Б.Абылқасымов: «Қазақтың бақсылық ұғымына әлемдiк этнография мен фольклортануда әбден қалыптасқан «шаманство» терминi сәйкес келедi. Бұл терминнiң, әсiресе, мол қолданылған кезi – ХIХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басы. Одан кейiнгi уақытта «шаманизм» атауы үстем бола бастайды, бiрақ «шаманство» да қатардан қалмайды. Бергiн келе екеуiнiң аражiгiн ашып, жеке-жеке ұғымда қолданайық дейгiн пiкiрлер де туады», - [3.198-199] деген анықтама берген.

А.Алтай бейнелеген Долай бақсының да жындар мен сайтандарға әмiр жүргiзе алатын құдiреттi күшке ие екенiн роман-мифтiң мынадай үзiндiлерi дәлел бола алады:

«Жуан белден үйiлген шыны сексеуiл жылуы жан шыдатпай шалқып жатса да, өз-өзiн ұмыта өлермен күйге енген Долай бақсы тоқтар емес, қайта сәт сайын жараған жүйрiктей бусанып, шеке тамырлары шодырая шорланып, үкiдей үнi зараланып, жын-сайтандарын шақырып, перi-перiштелерiне жалбарынып, жұлын-жүйесi шиыршық атып, от маңын жын ойнаққа айналдырып алғандай»[2.143].

А.Алтай да өзiнiң кейiпкерi – Долайдың бақсылығымен қоса жауырыншылығы да бар екенiн атап өткен. Соған орай оған да болжаушылық қасиет тән екенi роман-мифте Ұлар мен оның сүйген қызының опат болатынын күн бұрын сезгенiнен байқалады. Оны жазушы бақсының Ұлармен қоштасқан сәтiн: «Долай бақсы мен Шадан нағашысы да азаматтың арналы, аңсарлы сезiм сырын түсiндi. Жас адамның албырт мiнезiне таңдана сүйсiнген. Долай бақсы жыны жон бергендей, бiр жайдан хабардармын дегендей, сүйсiне тұрып тiксiнген... Жас жiгiтiң iсi мен қан қызыл гүлдiң түсi әлдеқандай сезiмiн қозғай сескенттi», - деп суреттеу арқылы аңдатады [2.148]

Белгiлi жазушы Тұрсынхан Зәкенұлының «Көк бөрилердiң көз жасы» атты романында да бақсы образы халықтың наным-сенiмiн жан-жақты ашатын көркемдiк деталь болып табылады. «Көк бөрилердiң көз жасы» атты романы қазақ халқы қазақ атанбай тұрған, жеке-жеке туыс тайпалар болып топтасқан заманда, Шыңғысхан билiк құрған дәуiрде бағзы тарихына тереңдеп баруымен құнды. Ұлы даланың тарихы саналатын бұл дәуiрдiң ерекшелiктерi мен кейiнгi уақыттың қадау-қадай басты белгiлерiн, ұлттар мен ұлыстардың тағдырларын анықтап бергендiгiнде болса керек. Тарихты ешкiм қайта жасай алмайды немесе бұрмалауға да құқы жоқ.

Ертеде көне түркiлiк заманда, кейiннен қазақ тайпаларын құраған iрi тайпалар бiр-бiр мемлекет болып, көк тiреп тұрған. Соның бiрi – найман тайпасы. Шыңғысхан әу баста жеңiп ала алмаған наймандар күштi ұлыс болатын. Бiрақ ауызбiрiшiлiктiң жоқтығынан ақыры найман Шыңғыс ханнан жеңiлдi.

Жазушы бұл тарихи ауыр мезеттi «Көк бөрилердiң көз жасы» деп тұспалдап атайды. Романтикалық, эзотерикалық сарындары мол болуымен де оқырманды тартатын бұл роман расында тарихшының түркi шежiресiн терең бiлуiмен қастерлi. Көркемдiк көкжиектерiмен, тiлдiк қуатымен және шебер композициясымен баурайды.

Бөрилi байрақ көтерген, ата қоныс Орқынды мекендеген наймандарды автор көне түрiктердiң дәл өзi деп бағалауы оқырманды адастыру емес. Тарихи шындықты iздеу, елдiк iрiлiктi ұрпақ жадынан өшiрмей таңбалау болып табылады.

Көк бөри – тотем. Тотем атаулы зор энергетикалық, эзотерикалық қуатқа ие. Егер сол тотем болған жануар әлсiресе, онда сол жануарды құдiрет тұтқан халық қоса әлсiрейдi. «Көк бөрилердiң көз жасы» автордың пайымдауынша, найман тайпасының Орқыннан аууы, туған жерiмен қоштасуға мәжбүрлiгi. Бұл аласапыранға, бұлғақтарға ұшыраудың, жоғалтулардың басы.

Бұл романды найман қағанатының шежiресi ретiнде қабылдау керек. Жазушы бiрнеше ғасыр бұрын өткен тарихи тұлғаларды тiрiлтедi. Ханғай тауын жайлаған наймандар ордасы орталық Монғолияда, Орқын өзенiнiң терiстiк-батыс тұсында орналасқан iрi этнос болатын.

Қазақтың шығу тегiнде, елдiк тарихында шежiренiң орны бөлек. Шежiренi бұл фәниде айрықша қастер тұтатын екi халық болса, бiрi қазақ, жалғыз халық болса, қазақ соның нақ өзi.

Этнограф-жазушы, халқының жоғын түгендеуде намыс пен рух шындап, тер төккен алаш азаматы Ақселеу Сейдiмбек «Қазақтың ауызша тарихы» атты энциклопедиялық кiтабында елдiк тарихты небiр шынайы деректер арқылы кейiнгi ұрпаққа аманаттап кеттi.

Найман руының көне тарихын жазушы Т.Зәкенұлы жеріне жеткізе суреттейді. Найманмен бірге керей руы қоса жүреді, екеуі бауыр ел.

Бірақ Керей Оң хан ел басына күн туғанда Теміжүн-Шыңғыстың жақтасы болды, бағынудың басты себебі рухы жеңілуден туғаны шүбә тудырмаса керек. «Олар ер түріктің көне қонысында елдікке жеткен «тоғыз оғыз» бен «сегіз оғыз» бауырлары еді. Сегіз деген сегіз таңбалы найман еді. Тоғыз деген тоғыз таңбалы керей еді.

Ұраны – Қаптағай, таңбасы – жебе ұшы, байрағы – бөрі басы болды», Найманның Күшлік ханының образы нанымды берілген. Оның исламды қабылдай алмауы да тарихи дерек. Ол Шыңғыспен бітімге келмейді, елдік рухын сақтайды. Өліспей беріспей, монғолмен кескілескен қанды соғыста қасқайып өлді.

Тұрсынхан Зәкенұлының «Көк бөрілердің көз жасы» атты тарихи романында найман тайпасының шежіресі халыққа тән ұлы үлгімен – аңыздық көркемдікпен өріледі. Романда автор әйгілі көк бөрі тотемі туралы сюжетті аю мініп жүретін Сәуке шал, бақсының дуалы аузымен үркіншілікте даладан тауып алып, аялап өсірген қызы Ұлтуғашқа әңгімелеп беруі арқылы баяндайды.

Бұл ісі қазаққа тең тараған шежірелік аңыз нұсқасына жатады. Ергене-Көң тауында туған аңыз. Екі еркек, екі әйел жаугершілікте бір тайпа елден аман қалып, сол тауға барып паналайды. Сонда өсіп-өнеді. Темір кенін игереді. Ергене-Көң тауына сыймай кеткенде, бір көк бөрі мен теңбіл бұғы жол бастап отырып, жаңа қонысқа жетелеп әкеліпті. Бұл жерлер – Онон, Керөлең, Тоғла – су аттары. Ары қарай бұл аңызға Шыңғыс ханның тууы туралы аңыз қоса өріледі. Ақыры найман сегіз тайпа елге айналғаны туралы ел аузында айтылатын шежіре осы.

Түркі халықтарының шығу тегі туралы этногенездік тотемдік аңыз тарам-тарам болып, ірге бөліп кеткен халықтарға ортақ.

Жер бетіндегі халықтар тарихы қашанда жаугершілік арқылы өлшенеді. Жауынгер бір тайпа бір тайпаны қырып-жояды, тізеге салып бағындырады, біраз бөлігін өзіне сіңіріп алады. Мұны түркі бектерінің тектілік заманынан бері «Әз ұлдарын күл етті, пәк қыздарын күң етті» деп зарлайтын Тонькөк пен Күлтегін өсиеті растайды. Неге?! Неге түркі халқы табғашқа, монғолға бодан болды? Неге күлдық қамытын киді, бағынды? Ауызбіршіліктің жоғынан сөйтті.

Жазушы Тұрсынхан Зәкенұлы бұл тарихи романында осынау елдік осалдыққа көп мән берген. Найман ханы Күшлік қаһарлы хан Шыңғысқа бағынбаған, өле соғысқан. Бұланты өзенінің бойында Күшлік хан қалып, Алтайдың күн бетіндегі бір туған бауыры Бұйрықтың елінен дерек алып тұрады. Бұларға қарсы жау – монғол-керей жасағы. Расында керей тайпасы монғолға бөтен, түбі найманмен бір туыс ел. «Бөлінеміз деп бөріге жем болдық» деп зар қағады бүліншілік алдында тұрған қайран ел.

«– Күшлік бауырым. Жарық күнде жасын түсіп, жәйін күнде жау тиіп, ел азып, жұрт тозып бір ауыр күй кешіп тұрмын. Алтайдың күн бетін – Бұлғын мен қос Шіңгілден Жайсаң-Сауырға дейінгі жерді жау басып қалды [4, 127].

– Әсіресе мынау Керейге не дауа? Күні кеше ғана емес пе еді, Еркеқараның осында ант-су ішіп, анда болып аттанғаны. Бұрыннан қиыр жайлап, шет қонған, жау алдына бет қонған ағайынның бұл қай бұлтағы? – деп кәрі Көксау Саурық батыр...Сол сәт манағы шал оның сөзіне тағы кіріге кетті:

- Ой, Саурық батыр. Бүгінгі Керей кешегі сен білетін Керей емес. Құржақұстан қалай тақ кетсе, керейден солай бақ кетті. Бүгінде ол монғолдың боданы. Монғолдың кара белбеу хан-нояндары солардың қолымен от көсеп отыр» [4, 128].

«Сол кезде орда талқысында отырған Таян хан: - Бұл хабарға қарағанда монғолдардың аттары әлі арық секілді. Бірақ олардың бізбен соғысуға қанша қол құрап отырғаны белгісіз. Оның үстіне нақ сенген уақ жұрты аяқ астынан монғолға беріліп іргемізді жалаңаштап кетті...», – деді[4, 244].

Найман жұрты Орқыннан айрылады. Бұл автордың философиясында ұлы даланың иесі мен киесі көк бөрілердің көз жасы, тарихта түркі жұртын монғол нәсілі билеуіне жол ашып берген ащы жеңілістің басы болып табылады.

Бұл романда ежелгі дәуірден бері қаймағы бұзылмай жеткен жер-су ататулары, топонимикалық, географиялық деректер үлкен көркемдікпен берілген. Тілі шұрайлы, суреттеуі мықты. Бұлғын мен Қос Шіңгіл, Шілінгір өзені, Жайсаң-Сауыр; найманның жері – Ханғарқан мен Ханғай, Алтай етегі, Керулен, Кенді тауы, бұл тауды Мыңбұрхан, кейде Бұрхан-қалдун тауы деп те атайды [4, 356]. Ерен-Абыр, Саяпыл, Бұлыңғыр, Боғда, Күнес, Құз-Орда, Алатаудың көк түріктер дәуірінде «Ақ-ола» аталғаны [4, 367], бұл жазушының көруінде найман еліне мадақ.

Талқылау. Әлемге аты мәшһүр Шыңғыс қаған портретін жазушы бір ретте былай суреттейді: «Енді қараса, Сани-Баянның жанында Құлан қатұнның сұлулығы жолда қалғандай екен. «Енді қайттым? Болары болды, бояуы сінді» деп ойлаған ол, қалайда сыр білдірмеуге тырысты. Жіпсиген жылан көзімен Сани-Баянға сұқтана қарап отырып: – Сен неге жылап кіресің? – деді» [4, 321]. Бұл қаһарлы Шыңғыс ханның басқыншылығынан бір деректі танытады, кез келген әміршілер қалағанын істейтін сорлы әйел затының халін, жаулап алған елдердің күндікке, мүсәпірлікке түскен сұлуларының ежелден мәлім жайын білдірсе керек. Бұл эпизодта Шыңғыс ханның асқан ақыл иесі екені терең ашылған. Ол Күшліктің екі баласымен қолға түскен жары Сани-Баян сұлуға басына түскенге көн дегенді ұқтыратын, айласы тұңғыық, тегіне сұқтанған соң аталы сөз айтады: «Ұлыс қолдан қолға өтеді. Әйел затының еркі дәм мен несібеде, дәм айдаған жерге бұйырады. Арлы туған Сани-Баян, ендеше, сен де тағдырыңа қапаланба! Күшліктен күдерінді үз! Мына қызды мен өзім бала қылып аламын. Ұлың өзіңе болсын. Ал сен болсаң, өз нояныңның көңілін тап! – деді» [4, 368].

Шыңғыс ханның саясаты ерекше көреген болып шықты. Ол өз тұқымын асылдандыруды аса шебер жүргізді. Өз ұлдарына өзі жаулаған, ата жауы болған найман мен керейдің текті тұқымынан шыққан қаса сұлу қыздарын

қосты. «Найман мен керейдің хан тұқымынан шыққан осы төрт қыз кейін келе Төледен тараған Шыңғыс әулетінің атақ-даңқын төрткіл дүниеге жайды» [4, 359].

Бұл кей тұсы өлеңмен өрілген романда автор шығыс халықтарының ауыз әдебиетінде айрықша құнды әдеби тәсілді ұтымды қолданған. Мысалы, әр тараудың сыр-сипатын ашатын әрқилы эпиграф атаулы:

Қолына алып қобызын,
Елден елге, бектен бекке келер ақын.
Ерлердің кімі жақсы, кімі жаман,
Білер ақын.
Қорқыт жырынан.

Расында қара сөз бен жыр аралас келетін бұл стиль сонау «Мың бір түн» эпикалық ертегісі мен парсы прозасынан бергі дәстүр жалғасқан әдебиеттің шамшырағындай, батырлар жыры, эпос, фольклоры қуатты қазаққа тән ұлттық сананың дәл өзіндей.

Автор бір оқиғаны суреттеуінде найманның Көксау Саурық батырының мысы басты дейтін Шыңғыс ханның даналығы қиыншылықта білінеді. «Тіпті Байтарақ белегірінде қара балта Көксау Саурықтан жеңілгенімізді ешкім білмесін. Кімде-кім ол туралы айтса басы алынады! – деді Темүжін ат үстінде келе жатып» [4, 14].

Романдағы аса колоритті образ – Сәуке бақсы, ол ат орнына аю мініп жүреді. Ол халықтың рухани өкілі.

Айналайын, арда Алтай!
Ұмай ұлып, ұлар ұшқан қарақан тауым!
Ата-бабам күл төгіп, көң салған,
Төрт түлікке ен салған ескі жұрт!
Есіркесең сен есірке!
Көктегі Төбе-Тәңірім,
Жердегі бөрі Тәңірім сен есірке!
Несібемнен айырма.
Таң бозында жолыққан
Боз күлікті жолаушының жолын тоғыстыр. [4, 43].

Оның өз жыры да көркем, ежелгі бақсылық мәдениет дәстүрінде берілген. Аю жын қызыл көз көріпкел Сәуке бақсының жыры:

...Сыйынған пірім, сен – Тәңір.
Аю пірім, ау, аю пірім.
...Жалғыз жүріп жортатын,
Жан әлемі от пен судай көрікті,
Қайда барса да ерікті,
Жанымда тұрған жас ұлан... [4, 39-40].

Бақсылық халық дүниетанымында жарық дүниенің құпиясын қастерлеуден алшақ кетпейді. Бұл құбылыс Тәңірі берген игі таным.

Айтулы ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлы «Сарықыз» атты поэмасында бақсының поэтикалық табиғатын жыраға қосты. [5,59].

Өлімнің қобыз тартса жаны кірген,
Қазақта Қойлыбайды бәрі білген.
Бата алған Қойлыбайдан бала бақсы –
Тілеп те, жын жүгендеп, пері мінген.

Романда ескілікті мақал-мәтел кездеседі: «Садақтан шошыған құс ағаштың ашасына қонбапты» [4,151].

Бұл роман қанды шайқастар мен күрестерде елдік рух шыңдалуын жанды оқиғалар желісімен баяндайды.

Шыңғыс хан тарихы қазақ халқының тарихынан алшақ кетпейді. Әсіресе, тарихи шындық мынау – қазақ мемлекеттігі қалыптасуына ерекше ат салысқан қазақ хандары тегіс Шыңғыс ұрпақтары болып табылады. Дегенмен көне тарих бұл ретте сәл іркіліс тауып, бір жайтты тұспалмен болсын айта кетуден тайынбайды. Ол Шыңғыс ханның тұңғыш ұлы Жошы тарихы. Ал қазақ хандарының баршасы тегіс осы Жошының ұрпақтары.

Тұрсынхан Зәкенұлы «Көк бөрілердің көз жасы» атты бұл романында бұл деректі аттап өтпеуі заңдылық.

«Шыңғыс хан ойланды: «Ұлым Жошы нағып аяқ астынан Қолтуғанға бүйрегін бұра қалды? Мұның әке-бабасынан бізге тарттырғаны аз ба еді? ...Соны біле тұра неге жандасады Жошы? Әлде қанына тартып тұр ма?...»

Шыңғыс хан қызарып терісіне сыймай кетті. Өзін осындай күйге түсірген адамға да, тағдырға да қатты өшігулі. Әсіресе, ұлы Жошының аяқ астынан Қолтуған жағында болуы тегіннен тегін емес. Ол бұл дүниеде дегеніне жетіп,

әлемді жалпағынан билеген жанның да көңілінде бір түйткілдің болатынын енді түсінді... Бірақ мұндай ойларын ешкімге сездірмеуге тырысты» [4,474].

Сөйтіп, меркіт руының соңғы тұяғы, Токта бектің баласы Қолтуған ерді монғолдар ерен қинап өлтірді. Хан Шыңғыс дұшпанын аямай үйренген. Ұзамай Жошы емшектес інісі, анасы бір, бірақ мұны нәсілі бөлек деп жек көрген інісі Шағатай адамдарының қолынан аң аулап жүріп, мерт болады.

Жошының ажалы қазақ елінің жадында «Ақсақ құлан» атты күй аңыз болып мәңгі қалды.

Кетбұға бақсының «Ақсақ құлан» күйі сюжетімен бұл роман аяқталады. Бұл арқылы автор ежелгі түркі жұртының эпостық-эстетикалық болмысы мен көркемдік көкжиегін танытады.

Нәтижелер. Халықтың тылсымдық, эзотерикалық дүниетаным ерекшелігін тақырып еткен туындылардың ішінде С.Байқоңовтың «Өлара» атты хикаяты да – бітімі бөлек дүние. Әу дегеннен-ақ құмалақшы кемпірдің жадау-жүдеу күйдегі портретін сомдаудан басталатын шығарма жан жалғыздығын кешкен кейуаның хал-күйінен хабарлар етеді. Кейуана санасындағы бетбұрысты сәтті жазушы әулиенің түсінде аян беруін суреттеу арқылы аңғартады.

Жазушы құмалақ ашу сәтіндегі кемпірдің ішкі-сыртқы жан құбылыстарын портрет арқылы береді. Хикаятта киелілік қасиеттің атадан балаға жалғасатындығын, оны аялап ұстау әулеттің ұл-қызының таңдаулысының ғана маңдайына бұйыратын бақ екенін көрсету үшін жазушы Зауза кемпірдің емшілік қонар алдындағы дертке шалдығуын әулиеге сыйынып, емделуін, түс көріп, түсінде әулие аян беріп, аманатын табыстауы жолындағы азапты сәттерді еске алуын суреттейді.

Жазушы емшіліктің адамға қонуы ұзақ созылатын үдеріс екендігі жайлы көне ұғымдарды авторлық баяндаумен сабақтастырған. Бақсылық, емшілік киесін ұстанған адамдардың ең алдымен ауыр психологиялық дағдарыстан өтетіндігі, аурудың « иелерімен сөйлесудің» өзгешеліктері суреттелген.

Екінің біріне қона бермейтін ауыр азапты жол арқылы келетін қасиет екенін Зауза кемпірдің балғын шағына оралу арқылы елестетеді.

Жазушы әңгімесін енесінің қасиетіне ой жүгірткен келінінің ішкі сезім күйін суреттеумен аяқтау арқылы бүгінгі жаһандану үрдісіндегі халықтық қазынаға назар аудару керектігін меңзеген.

Осындай тылсым ой-түсінікті жазушы Әбділдәбек Салықбай «Құлпытастың киесі» атты әңгімесіне арқау еткен. Аталар аруағын қастерлеген халық марқұмның жерленген орнын да ерекше қадірлеген. Ата-баба қорымы – ата-баба сүйегі жатқан жер олардың мәңгілік мекен тұрағы ретінде жан-жақты қамқорлықпен күтілген. Қабірді бүлдіру ата-баба намысын қорлау, таптау боп есептеліп, қорлықтың ең үлкені саналған.

Қорытынды. Туған жердің киесі мен иесін танып, адами қасиеттердің бастау-бұлағы ата-баба сенімі, культ, архетиптік бастау түсініктер, эзотерикалық тылсым сана қазақ прозасында ауыз әдебиетінен үзілмей келе жатқан тағылымдық-тәрбиелік қызметі жоғары желі болып табылады.

ҚР БҒМ Ғылым комитеті қаржыландырған АР 08855780 "Қазақ прозасындағы мистика" жобасы аясында.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Әуезов М. Шығармалары (12 томдық) 1 том – Алматы: «Жазушы». 1969.
- 2 Алтай А. Алтай новелласы: Роман-миф, повесть-притча, новелла. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2001 – 292 б.
- 3 Абылқасымов Б. Бақсы сарыны // Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы: «ҚазАқпарат», 2008. 198-199-б.б.
- 4 Зәкенұлы Т. Көк бөрілердің көз жасы. тарихи роман. Алматы. "Олжас" баспасы. 2003. -526 б. Айтұлы Н. Бөрітостаған - Алматы, ҚазАқпарат, 2007 ж. 226 бет.

References:

1. Äuezov M. Şyğarmalary (12 tomdyq) 1 tom – Almaty: «Jazuşy». 1969.
2. Altai A. Altai novelasy: Roman-mif, poves-pricha, novela. – Almaty: «Ölke» baspasy, 2001 – 292 b.
3. Abylqasymov B. Baqsy saryny // Qazaq ädebietiniñ tarihy. On tomdyq. 1-tom. Qazaq fölklorynyñ tarihy. Almaty: «QazAqparat», 2008. 198-199-b.b.
4. Zäkenüly T. Kök böriлерdiñ köz jasy. tarihi roman. Almaty. "Oljas" baspasy. 2003. -526 b. Aitüly N. Böritostağan - Almaty, Qazaqparat, 2007 j. 226 bet.

МРНТИ 14.01.11

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.69>

Тамабаева Қ.Ө.,¹ Сейсенбаева Ж.А.,² Шормақова С.М.³

*¹Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті,
Тараз, Қазақстан*

*²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

³М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз, Қазақстан

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ БАЙЫРҒЫ КӨНЕ ЕСЕПТЕРІ - ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАСИЕТТІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Мақалада байырғы дала есептері арқылы халықтық ой-өріс пен рухани ойлау кеңістіктің терең арналы екендігін, ой ұшқырлығына баулитын осындай фольклорлық жанрларды жеке зерттеп-зерделеудің маңыздылығы сарапталады. Көптеген фольклорлық жанрлар секілді байырғы дала есептері де бірде поэзиялық, бірде прозалық түрде жазылып, синкретті сипаты басым болып келеді. Бұл да байырғы дала есептерін фольклорлық туынды ретінде зерттеу қажеттілігін анық аңғарта түседі. Фольклордың өзі көп салалы синкретті өнер және құбылыс екендігі ғылыми тұжырымдалады.

Түйін сөздер: фольклор, дала есептері, проза, тұлға, даму, поэзия, рухани құндылық, рухани қазына

Tamabaeva K.,¹ Seisenbaeva Zh.,² Shormakova S.³

¹*Taraz innovation and Humanities University,
Taraz, Kazakhstan*

²*Kazakh national pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

³*Taraz regional University named after H. Dulati,
Taraz, Kazakhstan*

ANCIENT CALCULATIONS OF THE GREAT STEPPE – THE SPIRITUAL VALUE OF THE KAZAKH PEOPLE

Abstract

The article explores the deeply rooted nature of the space of folk thought and spiritual thinking through ancient steppe calculations, the genre of such folklore as the genre of folklore. Like many folk genres, ancient steppe problems are written in both poetic and prosaic form, with a predominance of syncretic character. This clearly indicates the need to study the problems of the ancient steppe as a folklore work. It has been scientifically established that folklore itself is an interdisciplinary syncretic art and phenomenon.

Keywords: folklore, field tasks, prose, personality, development, poetry, spiritual values, spiritual treasures.

Тамабаева К.О.,¹ Сейсенбаева Ж.А.,² Шормакова С. М.³

¹*Таразский инновационно-гуманитарный университет,
Тараз, Казахстан*

²*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан*

³*Таразский региональный университет им. Х. Дулати,
Тараз, Казахстан*

ДРЕВНЕЙШИЕ РАСЧЕТЫ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ - ДУХОВНАЯ ЦЕННОСТЬ КАЗАХСКОГО НАРОДА

Аннотация

В статье исследуется глубоко укоренившаяся природа пространства народной мысли и духовного мышления через древние степные вычисления, жанр фольклора. Как и многие народные жанры, древние степные задачи написаны как в поэтической, так и в прозаической форме, с преобладанием синкретического характера. Это наглядно свидетельствует о необходимости изучения проблем древней степи как фольклорного произведения. Научно установлено, что фольклор сам по себе является междисциплинарным синкретическим искусством и явлением.

Ключевые слова: фольклор, полевые задачи, проза, личность, развитие, поэзия, духовные ценности, духовные сокровища.

Кіріспе. Қазіргі заман талабынан туындайтын мәселелердің бірі – жас ұрпақты жаңа қоғам мүддесіне лайықты жан-жақты дамыған парасатты адам ретінде қалыптастыру, ұлттық рухани құндылықтарымыздың мәнін ашу. Олай болатын болса, ұлттық көркем сөз байлығының қайнар көзі болып саналатын фольклордың жекелеген ұсақ жанрларын зерттеп-зерделеудің маңызы айрықша екені даусыз. Ұлттық рухани қазынаға балап отырған фольклорлық туындыларда молынан кездесетін байырғы есептер де – біздің зерделеуімізде – халық ауыз әдебиетінің күрделі де тылсым саласы.

Есептер ауыз әдебиетінің жанры ретінде алғаш 1966 жылдан бастап сөз болып, ғалым М.Әбжанов «Қазақ халқының жұмбақтары» деген зерттеу еңбегінде жұмбақтардың бір түрі ретінде қарастырып, бұлардың өте аз дамыған түрі екендігін атап өткен. Сонымен бірге есепті ауызекі шығарудың алғашқы түрі болуы тиіс деген пікір айтқан [1].

Оны дәлелді ету үшін фольклорлық жанрларға тән қасиеттердің байырғы есептерге де тән екендігін бағамдадық. Ең алдымен кез-келген фольклорлық туынды белгілі бір халықтың рухани-мәдени мұрасы екені анық. Байырғы дала есептері де халқымыздың көркем ойлау ерекшеліктерін, эстетикалық және тарихи танымын аңғартады. Келесі ретте, фольклорлық туындыларға тән авторсыздық, көпнұсқалық қасиеттері байырғы дала есептеріне де қатысты. Сондай-ақ, жазба әдебиеттен бұрын қалыптасқандықтан мәдени құбылыс ретінде ауыздан-ауызға жетіп, тараған. Көптеген фольклорлық жанрлар секілді байырғы дала есептері де бірде поэзиялық, бірде прозалық түрде жазылып, синкретті сипаты басым болып келеді. Бұл да байырғы дала есептерін фольклорлық туынды ретінде зерттеу қажеттілігін анық аңғарта түседі. Өйткені, фольклордың өзі көп салалы синкретті өнер және құбылыс. Олай болатын болса, фольклорлық жанрларға тән тарихилық, этникалық, эстетикалық қасиеттер байырғы дала есептерінің өн бойында толып тұр. Байырғы дала есептері мазмұнында өткен тарих шежіресі, халықтық таным, ұлттық құндылық, рухани нәр толып тұр. Ал, олардың әдеби-көркемдік ерекшелігі туралы көптеп айта беруімізге болады.

Әдістеме. Адамзат тарихының дамуы барысында байырғы көне есептердің қазақ халық ауыз әдебиеті жанрларының бірі болып қалыптасуына ең алдымен рухани факторлардың негіз болғаны белгілі. Өйткені көне есептердің қамтыған тақырыптарына мән беріп қарасақ, оған қоғамдық тарихи оқиғалар, белгілі адамдар өмірі ықпал етіп отырғандығын байқаймыз. Көне есептердің дамуы адамзат тарихының дамуымен тығыз байланысты болғандықтан, есептер өз бойында адамзат қоғамы бастан кешірген тарихи кезеңдердің ізін сақтап отырғандығы заңды құбылыс. Атап өтетін болсақ, Қабанбай Батыр өміріне қатысты аңызға құрылған есептер ел ішінде таралған. Атап өткеніміздей, алғаш Қабанбай туралы аңыздар пайда болған. Мысалы: Қабанбайдың азан шақырылып қойған аты – Ерасыл. Жас күнінде жылқыға шапқан жабайы қабандарды жайратып ел көзіне түскендіктен «Қабанбай» аталса керек. Кейін осы атқа лайық болғандықтан, яғни ерлігімен көзге түскендіктен «батыр» деген анықтауыш қосылып Қабанбай батыр атанған көрінеді. Тарихқа сүйенсек, Қабанбай батырдың алғашқы шайқасы 1718ж., содан кейін, 1723ж. Түркістан қорғанысына, 1726ж. Бұланты шайқасына, 1730ж. Аңырақай-Алакөл шайқасына қатысып, Абылай ханның бас батырының біріне айналған. Батыр 103 жекпе-жекке шығып, бәрінде жеңген [2].

Қазақ халқы – көшпелілер қатарына жатқанымен, ойлау дәрежесі, ұрпақ тәрбиесі тұрғысында ертеден-ақ өзіндік ұстанымы, ерекшелігі болған. Айталық, санамақтар арқылы баланың ой-өрісін ұлттық негізде жетілдіріп, дүниетанымын ұлттық тұрғыда дамытуды көздейді. Халқымызда би де шешен де көп болған. Ұлттық намысты кез-келген дүние малынан артық қойған халқымыз тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін бір ауыз сөзбен уәжді шешкен бабалар шешіміне тоқтаған. Ендеше, ұлы дала төсінде еркін күн кешкен халқымыздың ұлттық болмысы, дүниетанымдық ерекшелігі мен уақыт пен кеңістіктік өлшемдері байырғы есептерде де тұнып тұр десек қателеспейміз. Мәселен, қартайған шағына дейін жекпе-жекке шығып және бір-де бір рет жеңіліп көрмеген, теңдесі жоқ ерекше жеңімпаз болған Қабанбай батыр 65 жастан асқанда жекпе-жекке шығып, жеңімпаз болғанымен қатты әрі ауыр жаралы болады. Емші-бақсылар оны биіктігі 5 метр 12 қанат киіз үйге жатқызып емдейді. Бірақ жарақат ауыр, күннен күнге батырдың жағдайы төмендей береді.

Талқылау. Бір күні шаңырақтан төмен түсіп келе жатқан өрмекшіні көріп қалған Қабанбай бұны жақсылыққа жорып, жазалып кететін болдым деп үміттенеді. Бірақ біраз уақыттан кейін өрмекші қайта жоғары көтеріле бастайды. Оны көріп қалған Қабанбай енді не болар екен деп көңілі құлазып кетеді... Біршама уақыттан кейін өрмекші қайтадан төмен түсе бастайды. Оны көрген Қабанбай тағы да жазылатын болдым деп қайтадан үміттенеді бастайды. Бірақ біраз уақыттан кейін өрмекші қайтадан көтеріле бастайды... Аңғарып қараса сол өрмекші 15 минут сайын 2 метр төмендеп, келесі 15 минут сайын 1 метр жоғарылап, одан кейін қайтадан 15 минут бойы 2 метрге төмендеп, одан қайтадан 15 минут бойы 1 метрге жоғарылайды екен...

Нәтиже. Әйтеуір біраз уақыттан кейін өрмекші Қабанбай жатқан төсектің бір шетіне түскенде, Қабанбай: «Бұл Тәңірден келген нышан. Мен жазыламын, жазылды деген осы... Енді маған қайтып жатуға болмайды» - деп қуанғанынан төсектен тұрып кетіпті. Сол тұрғаннан төсекке қайтып жатпай қояды да, көп ұзамай жазылып кеткен екен. Бұған қуанған ел-жұрты, құрбандыққа бір ақбозат шалып, Қабанбайға қайтадан жекпе-жекке шығуға тыйым салған екен. Сонымен Қабанбайдың соңғы жекпе-жегі осылай аяқталған екен...

Сонда өрмекші қанша уақытта шаңырақтан жерге түскен?

Жауабы: 1 сағат 45 минут [3].

Бұл бір дала жұмбағы болса, келесі кезекте осы мысал арқылы басқаша есепті шығаруды талап етеді:

Қабанбай батыр қартайған шағына дейін жекпе-жекке шығып және бір-де бір рет жеңіліп көрмеген, теңдесі жоқ ерекше жеңімпаз батыр екені елге әйгілі.

Келесі есепті елдер Қабанбай батыр есебі деп атап кеткен. Себебі Қабанбай 65 жастан асқанда жекпе-жекке шығып, жіңімпаз болғанымен қатты әрі ауыр жаралы болады. Емші-бақсылар оны үлкен 12 қанат киіз үйге жатқызып емдейді. Бірақ жарақат ауыр, күннен күнге батырдың жағдайы төмендей береді.

Бір күні шаңырақтан төмен түсіп келе жатқан өрмекшіні көріп қалған Қабанбай бұны жақсылыққа жорып, жазалып кететін болдым деп үміттенеді. Бірақ біраз уақыттан кейін өрмекші қайта жоғары көтеріле бастайды. Оны көріп қалған Қабанбай енді не болар екен деп көңілі құлазып кетеді... Біршама уақыттан кейін өрмекші қайтадан төмен түсе бастайды. Оны көрген Қабанбай тағы да жазылатын болдым деп қайтадан үміттене бастайды... Аңғарып қараса сол өрмекші 15 минут сайын 2 метр төмендеп, келесі 15 минут сайын 1 метр жоғарылап, одан кейін қайтадан 15 минут бойы 2 метрге төмендеп, одан қайтадан 15 минут бойы 1 метрге жоғарылайды екен...

Әйтеуір 1 сағат 45 минут өткенде өрмекші Қабанбай жатқан төсектің бір шетіне түскенде, Қабанбай: «Бұл Тәңірден келген нышан. Мен жазыламын, жазылды деген осы... Енді маған қайтып жатуға болмайды» - деп қуанғанынан төсектен тұрып кетіпті. Сол тұрғанан төсекке қайтып жатпай қояды да, көп ұзамай жызылып кеткен екен. Бұған қуанған ел-жұрты, құрбандыққа бір ақбозат шалып, Қабанбайға қайтадан жекпе-жекке шығуға тыйым салған екен. Сонымен Қабанбайдың соңғы жекпе-жегі осылай аяқталған екен...

Сонда шаңырақтың биіктігі қанша метр болған?

Жауабы: 5 метр [3].

Міне, осы есептің өзінде халқымыздың тәңірлік сенімі жатыр, байырғы дала есептері арқылы жас ұрпақты тәрбиелеумен қатар, олардың бойына ұлттық игіліктеріміз бен құндылықтарымызды дарытып, ана тілінде ойлау мен мәдениетті сөйлеуіне, сауатты болуына мол әсер еткен. Осындай есептер кез-келген адамды тұлғалық жетілдірумен қатар, ерекше қызығушылығын туғызып, логикалық ойлауын дамытады. Осындай ұлы есептер арқылы халқымыздың ұшқыр ойлауы, сөзге ұтқырлығы анық байқалады.

Би-шешендер мен ел билеген көсемдер, батырлардың өзі ерекше сеніміне ие болу үшін таңдаған адамын әркез түрліше сынақтан өткізіп отырған. Тіпті жаугершілік заманның өзінде өз әскерлерінің ойлау деңгейін таразылау мен дамыту үшін де осындай ұлы дала есептері қолданылғанын зерттеп білдік. Сөзіміз дәлелді болу үшін мына бір есепті келтіруге болады.

Ертеде Абылай хан майданда ерекше көзге түскен жаужүрек 9 сарбазды арнайы марапаттау рәсімінде алғыс сөзін айта келе, мынадай сыйлық беріпті дейді халық аңызы: «... Желіде қатар-қатарымен байлаулы жаудан түскен 101 арғымақтың әрбір оныншысы бірінші сарбазға сыйлыққа беріледі. Одан қалған арғымақтардың әрбір тоғызыншысы екінші сарбазға беріледі. Бұдан қалған арғымақтардың әрбір сегізіншісі үшінші сарбазға тиесілі. Сол сияқты төртінші, бесінші ... барлық сарбаздар өздеріне тиесілі қалдық топтағы әрбір төртінші, бесінші ... арғымақтарды сыйлыққа алады. Ал ең соңғы тоғызыншы сарбаз алғашқы сарбаздардан қалған арғымақтардың әрбір екіншісін алады. Сонымен, ең соңында желіде қанша арғымақ қалады – барлығы майданда ерекше ерлік көрсеткен Жеке Батырға беріледі. Ол қазір жолда келе жатыр, амандық болса ертең келеді... Шатаспас үшін ешкім арғымақтарды таңдамай, тек қана өзіне тиесіліні ғана алу керек, сонда ешкімде реніш болмайды...» деген екен. Жиналған ел «кімге қанша сыйлық, кімге көп, кімге аз берілді... Неге Жеке Батырға қалдық беріледі және ол аздау сияқты...» деп түсінбеушілік танытқанда, Абылай хан: «... Барлықтарың риза боласындар, ешкімде реніш болмайды» деген екен. Сонда сарбаздар қанша сыйлық алды?

Көркемдігі мен әдеби құрылымы жағынан байырғы есептер жұмбақтармен төркіндес, өзара ұқсас келеді. Мысалы: «Бір қыз бен жігіт жолаушы жүріп келе жатып, бір ауылдың тұсынан өтіп бара жатқанда, алдынан біреу шығып:

• Мына жігіттің астындағы жорғасын-ай, қасындағы жолдасын-ай! – депті.

Сонда жігіттің қасындағы қыз:

- Бұл жігіттің шешесі менің шешемнің қайын енесі. Мен сонда бұл жігіттің кімі боламын?– депті. Сонда қыз бен жігіттің жақындығы қандай болады? »

Міне, бұнда туыстықты жұмбақ еткен.

Бұрын қазаққа күйеу таңдаған дана қыз жұмбағын шешкен кісіге тием деп серт беретін. Оның мысалы ретінде «Аяз би» ертегісіндегі Менді қыздың сертінде айқын тануға болады.

Бір қарт өзімен бірге жүріп келген жас жігіт туралы «сөзінде кесапаты зор жігіт» дейді.

Қызы: «Қандай кесапат көрдіңіз?» - дегенде, қарт:

- Ойбай, шырағым, оның күні бойы сөйлеген сөзінде кесапатысыз бір сөз жоқ. Әуелі ол: «Жол қысқартайық», - деді. Мен «Жол қалай қысқарады?» - деп едім. Ол: «Бір-бірімізді кезек арқалап отырайық», - деді. Мен оған: «Біз бір-бірімізді қалай арқаламақшымыз?» - дедім.

Мұнысы былай тұрсын. Бір кезде пісіп тұрған егінге кез келіп едік: «Ата, мына егін желініп қойған ба, желінбеген бе?» - деп сұрады. «Орылмай тұрған егінді кім жеп қояды?» - дедім мен. Бұл мұнымен тұрсын. Бір кісі өліп, оны табытқа салып қойғалы апара жатыр екен, соны көре сала: «Ата, мына адам шын өлген бе, өтірік өлген бе?» - дейді. Онан шығып келе жатыр едік: «Ата, жаңағы адам өлмеген екен», - дейді. Міне, мен оның осындай төрт кесапатты сөзін естідім, - дейді.

- «Әке, бұл сөздерге түсінбеген екенсіз. Оның, бірінші, «Кезек арқаласып отыралық» дегені: «Кезекпе-кезек әңгіме айтып отырайық, жол қысқарғандай болып, тез жетіп қаламыз», - дегені. Екінші, «Мына егін желінген бе?» - дегені: «Байдікі ме, кедейдікі ме?» - дегені екен. Байдікі болса, кісі жалдап, өз көлігімен жыртып, өз тұқымын себеді,

өнімін ертең өзі алады. Ал бұл желінбеген болып саналады. Кедейдікі болса, ол сорлы тұқымды несиеге сатып алады, жерді көлік жалдап жыртады да, түскен өнімі борыштан аспайды. Сондықтан ол шикідей жеп қойғанмен бір есеп болады. Үшінші, ана өлікті «Өтірік өлген бе, шын өлген бе?» - деп сұрағаны: «Баласы бар ма?» - дегені. Ол адамды қабірге салғанда, оның балалары қабірдің басында барлығы білініп, жылап тұрған шығар, «Өлмеген адам екен» дегені – сол болу керек. Артында қалған баласы бар адамның аты жойылмайды, сондықтан ол өлмеген, - деген екен. Сіз сол арасының жұмбағын шеше алмаған екенсіз», - деген соң, қарт өзінің қате ойлағанын сезеді де, жігіттің қолын алып:

- Мен сенің айтқан сөздеріңе түсіне алмай, ішімнен соған қатты ренжіп едім. Олай емес, сен ақылды жігіт екенсің, мына менің қызыммен екеуіңнің ақылың тең, екеуің бірге өмір сүріндер, - деп қызын соған беріпті.

Міне, бұдан жұмбақтардың да даналыққа құралғанын, ойлауға шақыратындығын байқаймыз.

Дегенмен, жұмбақтар адамдардың айнала қоршаған ортаны тану мүмкіндігін арттырады, аз сөзбен көп нәрсені айтуға бейімдеп, тұспалдап сөйлеуге дағдыландырады. Байырғы дала есептері жұмбақтар секілді адам зеректігін шындап, танымын тереңдетіп, шығармашылық тұлға ретінде қалыптастырады. Әдеби тіл тұрғысынан талдап келгенде де, бұл есептерден әлі де болса ара-тұра айтылып қалатын көшпенді болған, ақыл-парасат пен тапқырлық, даналығы кемдеу болып, сауатсыз болған деген халқымыз туралы айтылатын пікірлердің еш негізсіз екендігін, керісінше, халқымыздың асқан дана болғандығын, сөз киесін ұғынып, құдіретін сезінген ұлттық ойлау дәрежеміздің зор биік болғандығын аңғарамыз.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, байырғы дала есептері арқылы халықтық ой-өріс пен рухани ойлау кеңістіктің терең арналы екендігін, ой ұшқырлығына баулитын осындай фольклорлық жанрларды жеке зерттеп-зерделеудің маңыздылығын ерекше атауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Әбжанов М. Қазақ халқының жұмбақтары – Алматы: Мектеп, 1966.–66б.

2 Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Құрастырушылар: Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы: Алматыкітап, 2008. –102б.

3 Байбеков С.Н., Тілеухан Б.Қ. Ұлы даланың байырғы 100 көне есебі – Астана: Мастер ПО ЖШС, 2019. –223б.

References:

1. Äbjanov M. Qazaq halqynyñ jümbaqtary – Almaty: Mektep, 1966.–66b.

2. Tarihi tülğalar. Tanymdyq-köpşilik basylym. Qürastyruşylar: Toğysbaev B., Sujikova A. – Almaty: Almatykitap, 2008. –102b.

3. Baibekov S.N., Tileuhan B.Q. Üly dalanyñ baiypğy 100 köne esebı – Astana: Mastep PO JŞS, 2019. –223b.

Мақалада көрнекті ақын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Жұмекен Нәжімеденов поэзиясындағы лирикалық және этикалық шығармаларының көркемдік ерекшеліктері саралана талданып қарастырылған. Ақын поэзиясындағы азаматтық-отаншылдық сарынды лирикалық өлеңдерінің басым сипатпен жырланатыны, Ұлы Даладағы туған жер топырағы, қасиетті Отан, ұрпақтар жалғастығы, ата-бабалық дәстүрлерді құрметтеу, т.б мәселелердің психологиялық-философиялық тұтастықпен жырлануы бағаланған. Сонымен бірге, ақын поэзиясындағы табиғат туралы лирикалық өлеңдердегі көркемдік бейнелеулердің (кейіптеу, метафора, эпитет, теңеу, символ, аллегория, психологиялық параллелизм, т.б) поэтикалық-эстетикалық мағыналық ерекшеліктері талданған. Табиғаттағы заттарға, құбылыстарға арналған азаматтық арнаулардың лирикалық-психологиялық сипаты мәтіндік талдаулармен айқындалған. Ақынның тұрмыстық-әлеуметтік ортадағы қарым-қатынастар жүйесіндегі олқылықтарды, кемшіліктерді бағалаған өлеңдеріндегі ирония, сарказм бейнелеулерімен өрнектелген сыншыл сарындар да талданған.

Ақынның эпикалық поэзиясындағы поэмаларының өмір шындығын көркем шындықпен жинақтап бейнелеудегі тарихи-философиялық, эстетикалық-поэтикалық көркемдік шешім ерекшеліктері сараланған. Зерттеу еңбек Жұмекен ақын поэзиясындағы туындылардың поэтикалық ерекшеліктерін мәтіндік талдаулармен жаңаша қарастыру тұрғысында ерекшеленеді.

Түйін сөздер: даналық поэзиясы, уақыт пен кеңістік, азаматтық лирика, азаматтық-гуманистік дүниетаным, психологиялық шарттылық, сыншыл-сатиралық сарын, философиялық поэма, т.б.

Tebegenov T.,¹ Asilbekuli S.²

*^{1,2}Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

ARTISTIC CHARACTER OF ZHUMEKEN NAZHIMEDENOV'S POETRY

Abstract

The article analyzes the artistic features of lyrical and ethical works in the poetry of the outstanding poet, laureate of the State prize of the Republic of Kazakhstan Zhumeken Nazhimedenov. The poet's poetry is dominated by civil-Patriotic lyric poetry, psychological and philosophical integrity of the sung questions: the native land of the great Steppe, the sacred homeland, the continuity of generations, respect for ancestors, etc. At the same time, the author analyzes the poetic and aesthetic semantic features of artistic images in lyrical poems about nature in the poet's poetry (personification, metaphor, epithet, comparison, symbol, allegory, psychological parallelism, etc.). the Lyrical and psychological nature of civil dedications to things and phenomena in nature is determined by text analysis. We also analyzed critical motives expressed by images of irony and sarcasm in the poet's poems, which assessed gaps and shortcomings in the system of relations in the domestic and social environment.

Differentiated features of the historical-philosophical, aesthetic-poetic artistic solution of the poem in the epic poetry of the poet in the generalization and reflection of the reality of life with artistic reality. The research is highlighted in the context of a new consideration of the text analysis of the poetic features of works in the poet's poetry.

Keywords: poetry of wisdom, time and space, civil lyrics, civil-humanistic worldview, psychological conditioning, critical-satirical motive, philosophical poem, etc.

Тебегенов Т.С.,¹ Асылбекулы С.²

*^{1,2} Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан*

ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ХАРАКТЕР ПОЭЗИИ ЖУМЕКЕНА НАЖИМЕДЕНОВА

Аннотация

В статье проанализированы художественные особенности лирических и этических произведений в поэзии выдающегося поэта, лауреата Государственной премии Республики Казахстан Жумекена Нажимеденова. В поэзии поэта преобладает гражданско-патриотическая лирическая поэзия, психологически-философская цельность воспеваемых вопросов: родная земля Великой Степи, священная Родина, преемственность поколений, уважение предков и др. Вместе с тем, проанализированы поэтико-эстетические смысловые особенности художественных образов в лирических стихах о природе в поэзии поэта (олицетворение, метафора, эпитет, сравнение, символ, аллегория, психологический параллелизм и др.). Лирико-психологический характер гражданских посвящений вещам, явлениям в природе определяется текстовым анализом. Анализировались и критические мотивы, выраженные образами иронии, сарказма в стихотворениях поэта, оценивавших пробелы, недостатки в системе отношений в бытовой и социальной среде.

Дифференцированы особенности историко-философского, эстетико-поэтического художественного решения поэмы в эпической поэзии поэта в обобщении и отражении действительности жизни с художественной реальностью.

Исследование выделяется в контексте нового рассмотрения текстовым анализом поэтических особенностей произведений в поэзии поэта.

Ключевые слова: поэзия мудрости, времени и пространства, гражданская лирика, гражданско-гуманистическое мировоззрение, психологическая обусловленность, критико-сатирический мотив, философская поэма и др.

Кіріспе. Поэзия – адамзаттың көркемдік ойлау дүниетанымының көрсеткіші. Жаратылысты құрайтын тіршілік әлемінің көріністерін де, құбылыстарын да философиялық-психологиялық таным, түсінік арқылы сараптай бағалау, бейнелеу, болжау тек ғана поэзиялық сезім иесі ақынның ғана жырларымен жүзеге асады. Ойшыл ақындар поэзиясы тектес және үндес құбылыстарды да, қарама-қайшылықтар мен қақтығыстардың да тіршілік қозғалысын кешенді, көп үнді, мол қатпарлы қалпымен тұтастай қамтып жырлауымен ерекшеленеді. Уақыт пен кеңістік жүйесіндегі саналы тіршілік иелері адамдардың жан әлеміндегі әрқайсысына тән даралық та, ортақ көңіл-күй әуендері де ойшыл ақындар шығармаларында поэтикалық көркемдік жинақтау өрнектерімен айқындалады. Ақындар поэзиясындағы ғарыштық-ғаламдық құбылыстарды, үндестіктер мен қайшылықтарды көркем ойлау поэтикасымен жырлаудың мәдени-философиялық (1) әдеби-танымдық (2) сипаты ғылыми-теориялық еңбектерде ұлттық және жалпыадамзаттық эстетикалық сабақтас, тұтастық тұрғысында бағаланады. Академик З.Қаблодовтың пікірі аясында біз ұлттық және жалпыадамзаттық ортақ суреткер тұлғалар тағылымының сипатын сезінеміз: «Бүкіл дүниежүзілік әдебиет тарихына көз жүгіртсек, ренессанстық Боккаччосы мен Раблессі, ағарту дәуірінің Бомаршесі мен Лессингі, ХІХ ғасырдың Стендалі мен Золясы, тіпті өзіміздің қауымдас халықтарының Гоголі мен Достоевскийі, Шевченкосы мен Абовяны... өзіміздің Абай, Махамбет пен Мағжан – бәрібір осынау саңлақ суреткерлердің қай-қайсысы да ең алдымен өз дәуірінің ұлы, өз ортасының маңдайалды азаматы, өз халқының рухани таяныш-тірегі, өз тұсының ең биік арманы мен тілегіне жалынды жаршы болған таланттар. Бұлардың ең асыл мұраты – халық қамы, ұлт мүддесі» (2, 24). Қазақ өркениеті тарихындағы аталған ойшыл ақындар поэзиясы дәстүрінің жалғасын біз Жүмекен Нәжімеденов шығармаларынан байқаймыз. Фәни дүниеде 48 жыл ғана болған ақын артына мол әдеби мұрасын қалдырған. Негізгі шығармашылығы поэзия, бірақ прозада да көрнекті романдар жазған дарынды қаламгердің 1960–2010 жылдар арасында жарық көрген кітаптары – ұлттық құндылықтарымыздың қатарын құрайды (3, 354-355).

Нәтижелер. Ақынның поэзиясында азаматтық-отаншылдық сарынды лирикасы басым жырланған. Әлем әдебиетінің классикалық үлгілері қатарында бағаланатын көрнекті ақындардың барлығында да халқының ата-бабалары, өзінің әулеті, өсіп-өнген, кіндік қаны тамған туған жер топырағы, атамекен, байтақ Отан туралы жырлардың басты орын алатыны мәлім. Мысалы, Дж. Байронның, В. Гетенің, Г. Гейнениң, Ш. Петефидің, А.Мицкевичтің, Р.Тагордың (4, 8-228), хакім Абайдың (5, 19-47), Шәкәрімнің, Мағжанның, Сұлтанмахмұттың, Төлегеннің және т.б. ақындардың ұлттық және жалпы адамзаттық ұғымдар сабақтастығындағы осындай жырлары бар.

Негізгі бөлім. Жүмекен ақынның осы классикалық дәстүрмен үндес «Отан», «Туған жер», «Менің үйім», «Сенің, туған жер, демінді бір алған», «Сарыарқа», «Саржайлау», «Ереймен тауларында», «Дала дидары», «Дала төсін еске алу да – сүйеніш қой, медет қой», «Сенде туған, ей дала, жас балалар», «Дала, дала, дала ғой жатқан асыл», «Толғансам, туған жер, сен сиынарым», «Ауылды сағыну», «Ауыл топырағы», т.б. жырлары айрықша дараланып көрінеді. «Менің топырағым», «Топырақ», т.б. өлеңдері – классикалық әдебиет дәстүрін өзіндік өрнекпен жырлаудың көркем үлгілері. Өлеңдердегі лирикалық қаһарманның романтикалық әуенмен төгілген жан сыры – перзенттік махаббат сезімінің көркем кестелі өрнегі.



Туған жердің табиғи сипатымен тұтас өрілген көңіл тебіреністері – поэзиядағы адам тағдырының көркем шындықпен өрнектелуі. Ата-бабалардан сақталған ұрпақтар жан діліне тән ерекшелік – дәстүрлі көркемдік ойлаумен туған жерінің сипатынан рухани нәр алып жігерленетіні, марқаятыны. Жүмекен де туған жерінің сайымен, алабымен іштей тілдесіп («Жатырмысың, самалды сай, сырлы алап, жусаныңнан сынап-шықтар сырғанап»), даламыздың қарапайым қалпының өз ұлылық екендігіне мүнәжат ете жырлайды. Қазақ даласының келбетіне тән реалистік суреттерден поэтикалық әсерлі романтикалық бояулы бейнелеулер жүйесіндегі ақын жасаған баламалы тіркестер атамекенді ардақтаған азаматтың елжіреген сезім әлемін танытады. Мысалы, «Дала дидары» өлеңінің әрбір тармағындағы баламалы бейнелеулері ұлттық көркемдік ойлау тереңдігін айқын аңғартады.

Жүмекеннің өлеңдеріндегі қазақ даласының тұтас кеңістігі де, аспаны да, таулары да, ондағы тастары да, дөңдері де, ормандары, ағаштары, бұталары да, олардағы жапырақтары, тамырлары, т.б. – бәрі де көркем шындық жинақтауларымен жырланады. Жүмекеннің поэзиясы – табиғаттағы барлық заттардың, құбылыстардың баламалануы арқылы тіршілік қозғалысындағы үндестіктер және қарама-қайшылықтар жүйесін саралап танытуымен ерекшеленеді. Азаматтық-гуманистік дүниетаным кеңістігіндегі ой өрілімдері, түйінді тұжырымдары тек ғана табиғаттағы қозғалыстармен көріністермен баламалана өрнектеледі.

Табиғат құбылыстарын, көріністерін поэтикалық кейіптеу (олицетворение) және астарлау ауыстыру (метафора), пернелеу (аллегория) сынды құбылту тәсілдері ақын өлеңдерінің тұтас поэтикалық жүйесін құрайды. Құбылту мен айшықтаудың фольклор мен әдебиеттен келе жатқан классикалық үлгілерімен көркем шындықты бейнелеудің психологиялық-философиялық сарындарын шебер тұтастырған ақын жырлары ойшылдық әлемінің көркемдік ойлау кеңістігінің шексіздігін көрсетеді. Мысалы, «Алматы», «Жалындап барды да батты күн», «Сәуір туды, бұлттар

аппак, су аппак», «Шығыс жақтан келсе-дағы таң күліп», «Баурай бұлтты жаңа көшті баяулап», «Көк балауса егілер», «Жартас», «Аспанда Күн барда, әлемде сыр барда», «Теңіз», «Теңіз болса сұлулық», «Жібек бұлақ желкілдейді», «Көк те жер де жұлдыз – бәрі ұшқын», «Тамшы», «Аппак болып барлық маңай тұр жанып», «Алатаудың шарқатынан тарқатылған ақ бұлақ», «Бояулар туралы», «Күзгі көңіл», «Алма», «Күзгі жайлау», «Ел-жұрт», «Қрылов тақырыбы», «Табиғат», «Жетім лак», «Тепе-тең», «Ақ боз», «Қуаңшылық», «Сұрақ», «Жел», «Түн», «Қызылоба», «Қисық бұта», «Емен», «Сыбыр», «Қара ағаш», «Күй», «Күз-көңіл», «Таңғы сезім», «Шегініс», «Күннің батуы», «Нөсерден соң», «Жол», «Туған жер», «Тоғай ертегісі», «Таулар мен төбелер», «Ғұмыр ертегісі», «Шаңырақ», «Махаббат пен қара қас», «Кетік кірпіш», «Пәлсапа тасы», «Тентек», «Шөл», «Қошалақ тауы», «Темірқазық», «Жалғыз қайың», «Тор», «Күз», «Тау», «Қауыз», «Желтоқсан», «Тамыр», «Қос қоңыр қаз», «Қызыл кітап», «Қақ», «Мәжнүн тал», «Шыбықтар», «Тамшы», «Алты қаз», т.б (6, 6-273).

Табиғаттағы заттар мен құбылыстардың өзара үндестіктері де, бір-біріне қарама-қайшы көріністері де, қозғалыстары ақынның кейіптеу, астарлау, ауыстыру, пернелеу әдістерімен қолданған жеке сөздер, сөз тіркестері арқылы өлең сөздің философиялық-психологиялық сипатындығы көркемдік-эстетикалық әсерлілікті даралайды. Мысалы: «Жүз толқындар бірін-бірі тұншықтырып ағады, қыз толқындар бірін-бірі шымшып күліп барады», «Жүйрік жел баса алмай аптығын бұтаға сүйенді солықтап», «Ұрды шапақ қара бұлтты қан қылып», «Құм шағылдар үйілген артын қырман секілді», «Таңғы шапақ – от боп жанған еріндер», «Алба-жұлба өңірін қаусыра алмай ыққа айналып бұталар бүрсендейді», «Түбі кәрі теректің сирағындай бүркіттің», «Жылжи алмай қалыпты, эне, тау қатып, көкшиеді мұз-қабағын күрт түйіп», «Қыпындайды көк кірпігі шыршаның тауға еліктеп қалыпты, эне, бұлт та ұйып», «Құсетгенді терісі кәрі еменнің тізесінің дірілін және көрдім», «Мен де бейне күздің қоңыр бұлттымын, жел қысқанда не жауарын білмейтін», «Табиғаттың тұтастығын сақта, ілім, ал табиғат кімге керек адамсыз?!», т.б. Адам діліндегі және табиғат құбылыстарындағы өзара үндес, тектес құбылыстарды адресаттық нысанға ала тебіренген ақынның жыр жолдары психологиялық әсерлілікпен жырланған. Өлеңдердегі лирикалық қаһарман-ақын поэтикалық нысанға алған деректі және деректі затқа да, құбылысқа да тікелей сөзін арнайды. Бұл – адамдар жан діліндегі – психологиялық хал-ахуалдың табиғи сипатына тән ерекшелік. Мысалы, ақынның өлеңдері мен поэмаларынан мынадай лирикалық-психологиялық адресаттық арнаулар айрықша сараланып көрінеді: Сал сайранды, **жел**, табиғат еркесі, **Гүл**, өтірік албыртпа бетінді...; Сен кетпеші, шыңды тастап, **ақша бұлт**, Кету керек болса түбі – мен кетем!; Неғып тұрсың, сыбдырамай, **қара ағаш**, Жүгір, **самал**, жапырағын ала қаш! Неғып тұрсың, **махаббатшыл дүние**, Келе жатыр, сәуле-сұлу жалаңаш; Жасыл-жасыл **жағалай жал**, **жағалай жал**, саған айтам! Жылан қабық шұбар **шыңдар**, Сендер де тас шығарсыңдар! Содан да даңқ-атақ үшін құр шіреніп жатамысың?; **Қайсар бұлттар**, қар жалаған, бір жауыныңды арна маған!; **Бұлттар**, **бұлттар**, жасырма Табиғаттың биігін... **Толқын**, тулап жарға қарғып, ал, Жаралғаныңды ұмытпа тек тамшыдап. Тебірен, **теңіз**, Тебіренгенің – далбаса, басың сүйеп құлайтын қара жерің болмаса; Биле, **саусак**, бас пернені; **Сезім мен сыр**, кәне, сыртқа шығыңдар!; Оу, **көк аспан**, тесіліпті-ау, тегенең; Ей, **нұрлы таң**, **нұрлы таң**, жел үп етсе үркейін деп тұр бұтан; О, **мөлдір аспан**, **мөлдір аспан**! сен егерде көзі болсаң адамның, үйренер ең ұшқын аулап, сыр бағып; Ей, **қаламдар**! – Оқымасын жат хабар, – Жазбаңдаршы соғыс деген сөзді осы; **Қайла**, **күрек**, қайдасыңдар – кел бермен! **Қағаз**, **қалам**, **сиясауыт** – кет аулақ, Шабыт тауып жарымадым сендерден; Керек, керек тазару! Айналайын **өлең-ау**, Сені де бір сүзетін тесік қазан керек-ау!; Саған сеніп, **көк мылтық**, тыншымадым, саған сеніп, **күрегім**, таптым амал; Сенде туған, ей, **дала**, жас балалар, аман болсын қорлықтан, масқарадан; **Бөрте қайың**, көрсем деймін мен сені, бүршік жарған кездерінде теңселіп; **Аспан**, сені көрсем деймін ылғи да, түс кезінде, Күн төбеден нұр құйған; Адаса бер, **шоқ жұлдыз**, адаса бер, адаса бер, **ақ жұлдыз**, адаса бер; Тебірен, **тау**, толған, **теңіз**, **жел**, теңсел; Толғансам, **туған жер** сен сиынарым; Алысқа баста мені, **дала жолы**... Тек саған, саған ғана сүйенемін, **топырақ**, қасиетті, **киелі елім**. **Бұталар**, етегімнен іліп тартпа, **шоқалдар**, қолтығымнан сүйе мені; Тез өтші, **жансақ ойлар**, **қате түндер**... Жамандық атаулыны жат етіндер. Іркілмей тез шығыңдар, **өтер күндер**, сыймай қалған жүктеріңді әкетіндер. Бір дәптерді жанадан жасатып көр, ал, **мезгіл**, мені соған қоса түште. Мың алғыс саған достым, **Бүгінгі күн**, Ертеңге орныңды енді босатып бер. ... келіңдер, тезірек кел **алғы күнім**, **жаңалық**, **жақсылықтар**, **асығандар**!; «Ей, **киелі топырақ**! Сенен бөлек тынысым, тіршілігім жоқ менің».

Жүмекенің лирикалық және эпикалық шығармаларының бәрінде де осындай психологиялық шарттылықпен алынған поэтикалық арнаулар мол кездеседі. Бұл – ақынның жан әлеміндегі сезім тебіреністері қамтитын кеңістіктің сипаты. Ақын өлеңдерінің поэтикалық жүйесіндегі лирикалық қаһарман деректі және дерексіз заттық мағынасы бар ұғымдарымен тілдесу, сырласу, ой бөлісу, т.б. саналуан психологиялық жағдайдағы қарым-қатынаста болады. Ақынның табиғаттағы тіршілік иелеріне немесе құбылыстарға арнаған сөзімен нысанға алынғандар арқылы мағыналық тұжырымдар, түйіндеулер айтылады. Ақынның азаматтық-отаншылдық сарынды өлеңдері философиялық және психологиялық тұтастық сипатымен байқалады. Өлеңдерде қазақ даласының өсімдіктері де, таулары да, өзендері де, аңдары да, құстары да, аспаны да, желі де, бұлтты да – бәрі де адамдардың жан ділі әлемімен тұтасқан сипатымен жырланады.

Ақынның азаматтық лирикасында ата-баба, аға, іні, әйел, ұл мен қыз перзенттер, т.б. қазақы дүниетаным ұстанымы көркем ой мағыналарымен жырланған. Мысалы, «Менің үйім», «Ана», «Ей, достарым, тірлікте көлеңке жоқ дедің бе?!», «Бүкіл әлем махаббаттан тұрады», «Әке туралы», «Қыздар!», «Үй-іші», «Әйел», «Әйел деген – бір драма күрделі», «Дос жыласа – мен қалайша күле алам», «От басы», «Әже», «Әйел», «Жігіт кетті жаралы», «Бұзылмасын ұя бір», «Ұлым, менің тұйық боп», «Әкелер мен ағалар», «Ақсұт», т.б. Аталған өлеңдерде ұрпақтар сабақтастығындағы халықтың асыл қасиеттері, алдыңғы толқынның жақсылығын да, кемшілігін де саралап,

байыптап, жаңа бағытқа лайықты бағдар алатын қазіргі және болашақ ұрпақ көзқарасы жырланған. Өлеңдердегі лирикалық кейіпкер бүгінгі ұрпақ атынан қазақ өркениетіндегі бұрынғы болған өкінішті оқиғалар («Қазасы үшін кешегі Махамбеттің», «ажалы үшін кешегі Құлагердің»), орны толмас, алыптар («кешегі өткен Мұқаңдар үшін де бір») үшін бүгінгі ұрпаққа көңіл айту-жұбату сөзін арнайды. Ақынның бұл топтағы өлеңдерінің поэтикалық түйіні – әрбір жаңа ұрпақтың өзіне дейінгі асыл дәстүрді ардақтауын, орын алған кемшіліктен аулақ болуын айту. Ойшыл ақындар шығармашылығының өзекті арнасы – әуез, әуен желілері. Ақындардың әуез бен сөз өнері тұтастығы аясында толғанатыны – табиғи құбылыс, шабыт қайнары. Жүмекен поэзиясында домбыраның құдіреті, адамның рухани демеушісі болған әуез қызметі үнемі жыр арқауына алынған. «Ғұмыр деген бір ұзақ күй болады», «Күй десе ірке алмайсың бұ қазақты», «Күй атқарар жұмыс бүгін көбейді», «Кей пернеге қалады саусақтар», «Нүкте», «Күй», т.б. өлеңдерде адам мен тіршілік қозғалыстары сабақтастығы жүйесінің домбырадан төгілген алуан әуенмен жинақталған әуез құдіретіне философиялық түйіндеулер берілген.

Талқылау. Жүмекен – сыншыл ақын. Мағыналары мегзеуге, поэтикалық баламалауға құрылған бейнелеулермен ұрпақтар жалғастығындағы жақсылықпен жағаласқан келеңсіздіктер кесепатын сыншыл реалистікпен бейнелейді. Ақын – тіршілік кеңістігіндегі барлық құбылыстарды, қасиеттерді үндестігімен де, даралық өзгешелігімен де, қарама-қайшылықтары салғыласқан, қақтығысқан үйлесімсіздіктерімен де санасына қабылдайтын шығармашылық тұлға. Жүмекен поэзиясының тұтас жүйесі осындай көп сарындардың, мол дауыстардың, қайшылықтар мен үйлесімдердің, жылдамдық пен баяулықтың, жомарттық пен сарандықтың, өсу мен өшудің, өрлеу мен құлдилаудың, шарықтау мен құлдыраудың, мейірімділік пен қатыгездіктің, ажарлылық пен ажарсыздықтың және т.б. қарама-қарсы ұғымдардың шендескен, егізделген сипатымен жырланған. Ақынның сыншыл өлеңдері осындай философиялық мағыналылығы айқын бейнелі сөздермен, тіркестермен өрілген. Мысалы: «Әзіл-шын» («Махаббат деп атар едім мен нені?»), «Даңқ», «Кісі болса көтерілер», «Жақсы десе – жылынып жүрек жібіп», т.б. Ақын адамдардың абырой мен атаққа, биік беделге ие болуындағы болмыс шындығын қарама-қайшылықты сыншыл тілмен өрнектейді. Ақын – адамдардың мінез-құлық психологиясындағы аумалы-төкпелі құбылыстардың сипатын қара қылды қақ жарғандай сыншылдықпен бейнелей жырлайды. Адамдардың мансап, атақ-даңқ жолындағы ұстанымдарының шынайы сипатын ақын әділ бағалаумен жырлайды.

Ақын шығармаларының басым бөлігі тұрмыстық-әлеуметтік сыншыл, сатиралық бояулы өлеңдерден құралған. Ойшыл-сыншыл ақынның қалыптасқан мәнеріндегі азаматтық-отаншылдық, ұлттық-этнографиялық сарынды шығармалары адамдар ортасы қарым-қатынастарының күрделі ерекшеліктерін сыншыл, сыншыл сипатымен жырлауымен ерекшеленеді. Қазіргі ғарыштық кеңістік ауасының ластанған экологиялық жайы («Дәрігер айтты»), досқа арналған әзіл мен шынайы көңіл ілтипатының мәні («Этика-әзіл»), сөйлеген сөзі мен шын мінез қасиеті кереғар адамның бейнесі («Екі жүз»), қаңқиған зор тұлғасы бар, бірақ өмірге икемсіз ақылсыздар тағдыры («Жираф»), ынжықтықты айыптау («Айтылмаған сөз»), жоқ кезде бөліп бере алмайын, ісі түссе маңыңнан шықпайтын ағайынды кінәлау («Жам-ағайын»), қайтыс болған адамның азасында арақ ішетін азғындау құбылысын айыптау («Жаназа»), өсуге, асылдың лайықты бағалануына кедергі теңгерменшілікті айыптау («Бұта мен қайшы»), талантты ақындар шығармашылығының алтыннан бағалы асылдығын дәріптеу («Талант»), сұлулықты аялауға үндеу («Көбелек қанатына қатысты сөз»), адамдардың өздеріне лайықты еңбек түрімен айналысуын аңсау («Таза жұмыс»), тіршіліктегі өзара қақтығысқан, қайшыласқан қарама-қарсылықтар жүйесін бағалау («Іш мылжыны»), адамдар мінезінің құбылмалылығына сын («Биіктік»), екіжүзді өтірікшілерді әшкерелеу («Майлы сорпа»), менмен төрешілдікті сынау («Тіс ауруы»), ауруларға селқос қарайтын қатыгез дәрігерлерді әшкерелеу («Дәліздегі әңгімелер»), бастықтарға жағынған жарамсақтарды бейнелеу («Жарамсақ-этнод»), жақсылықты бағаламайтын надандықты, көңіл соқырлығын айыптау («Сауал»), орынсыз өкпешіл, кінәмшыл пасықтықты бейнелеу («Мінездеме»), өтірік мақтаудың зардабын айту («Қастандық»), дарындыларды тежеп, талантсыздарды көтермелеген әділетсіздерді әшкерелеу («Патриот»), нан ұстап шын сөрттеспей қосылған жұбайлық ғұмырдың ажырасумен аяқталған баянсыздығын таңыту («Шөп-махаббат»), адам тағдырының трагедиялық ахуалын жырлаған сықақшы шын ақын өлеңіне («Жыр оқыды бір ақын») жылаудың орнына күлген тыңдаушы қауымды сынау («Есерлік пен тоқтық егіз, бұ да егіз, жылайтұғын жерде содан күлеміз»), жаман өлеңсымағымен жалған атақ, бедел алған ақынсымақтарға халықтың беретін бағасын айту («Жаман жырды лақтырды ақын шумақтап. ... әлдеқашан өліп кетті өлеңі») кекесін (ирония) мен мысқыл (сарказм) мағыналарымен жырланған. Адамның қартайған кезіндегі көңіл-күйін, жан әлемі сұранысын балаларының, жас буынның түсінбейтіні («Қақпа алдындағы қарт», «Мұздыбай қарт», «Ештеңе айтпайтын қарт»), ұрпағын жетілдіру, өсіру жолында өмірін сарп ететін әке-шеше тағдырының өнегесі («Бәйтеректер», «Әке мен бала», т.б.) күнделікті өмір тұрмысы шындығына сай сыншылдықпен суреттелген. Шығармашылық өнер иесінің дәрумені домбыра үні екенін түсінбеген мақау дәрігер («З. Шүкіровтің домбырасы мен өзі туралы»), басқаратын ауруханасының іші таза болғанмен ауласы жиіркенішті, лас бас дәрігер («Іш пен тыс»), ғалым күйеуін ақшасы үшін ғана сыйлап, кейін үйінен айдап шыққан озбыр, зұлым әйел («Ақша»), мемлекеттік мекемені басқару жүйесіндегі таланттылары кудалау («Мәжіліс алдындағы мәжіліс (Баллада-памфлет)»), құлқынның құлы болған арам, ақылсыз адам («Алтын көрсе періште»), т.б. әлеуметтік-тұрмыстық күйкі жағдайлар ақынның тәлімгерлік бағалауымен сыналған.

Ақынның «Жырлар жазу түскен әкім хақында» атты сатиралық және лирикалық сарындар тұтастығымен жазылған өлеңі адамгершілік-имандылық көзқарас қуатын танытады. Әкім болған кезінде ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болған пенденің іс-әрекеттері де, оны қоршаған қоғамдық-әлеуметтік ортаның құбылмалы сипаты да әлеуметтік-тұрмыстық сатира бояуларымен бейнеленген.

Төрт бөліктен тұратын осы оқиғалы өлеңде бір жылы құрғақшылық болып, егін шықпай шаруашылық шығынға батып, әкім орнынан алынып, ақыры ол ешкімге керексіз, сүйкімсіз ең елеусіз адамға айналады («Күні кеше болған жігіт тірі аңыз жылы сөзге зәру бүгін бір ауыз»). Өлеңдегі авторлық көркемдік түйін – адамдардың бір-біріне кешірімді болуын тілеу.

Жүмекен поэзиясындағы сыншыл реалистік сарын аясында тіршілік қозғалысындағы осындай пенделік ұсақтық кемшілік атаулының бәрі де сыналады. Ал, кейбір, өлеңдерінің тұтас құрылысының сатиралық-юморлық сипаты да айрықша әсермен байқалады.

Жүмекен – хакім Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» көзқарасын ұстанған гуманист ақын. Ақын әлеуметтік-философиялық сарынды шығармаларында Жер планетасындағы барлық мемлекеттерге, халықтарға ортақ баянды бейбітшілік, татулық, достық, ауызбіршілік, береке ұлағатын жырлайды.

Ақынның «Москва сапары» циклы («Қарулар палатасында», «Адам толқын», «Қыздар моласы», «Москвадағы Пушкин ескерткіші түбінде», т.б.) өлеңдерінде уақыт пен кеңістіктегі, бүкіл ғаламдағы адамдар мен қоршаған тіршілік қозғалыстарының барлығы да гуманизм ұлағатымен қуаттанған адамгершілік-имандылық ойлары сипатымен жырланған. Ақын жырларының бір қатары («Отырғам жоқ ұнатқаннан жыр етіп», «Нейтрон бейнесі», «Қару-жарақ хақында», «Мандайын оқ тескен каска туралы», т.б.) адамзатты қырғынға ұшыратқан соғысқа қарсылық, қанішерлерді айыптау сарынымен жырланған.

Жүмекен шығармашылығындағы эпикалық жанрлар да поэтикалық ерекшеліктерімен даралана көрінеді. Ақынның поэмалары классикалық үрдіске сәйкес жырланған. Ақынның «Көзсіз батыр», «Қанды сүт», «Келін» атты поэмаларының поэтикалық мазмұн мен пішіні жүйесінде соғыс алапатының адамдардың жеке бастарына, отбасыларына, бүкіл адамзатқа жасаған қырсығы, зұлмат кесапаты жырланған. Қанды майдандардағы шайқастарда аяғынан, қолынан, көзінен айрылған мәңгілік мүгедектер тағдыры қаһармандық рух пен элегиялық мұң-шер тұтасуымен өрілген. «Көзсіз батыр» поэмасының басты кейіпкері Жанайдардың көркем бейнесі жаумен жағаласқан шайқаста көзі мен бір аяғынан («Бір соғыстың құны ғой екі көз бен бір аяқ») айрылған, бірақ өмірге құштарлық қуатымен темір күрекпен ағаш егіп, шалғымен көк қияқты жайпап, тіршілікке құштарлығын жоймаған, баласын өсіріп әскерге аттандырып, адамның аса қуатты жан иесі екендігін дәлелдеген қалпымен сомдалған.

«Қанды сүт» поэмасының да тақырыптық арқауы – қанқұйлы соғыстың зұлым келбетін бейнелеу, идеясы – адамзат ұрпақтарына ортақ Ана жүрегінің ұлылығын таныту. Поэманың басты кейіпкері, жас Ана – қазақ жігітіне тұрмысқа шыққан украин қызы Катя. Эпикалық туындыда партизандармен орманда жүрген сол қазақ жігіттің жары Катяның үйдегі екі ұлымен бірге басқыншы жаудың тергеуінен де, азаптауынан да қорықпай, мойымай, кеудесіне көк сүнгі кірсе де шынын айтпай қайсар рухпен өлгенін жырлау арқылы қаһарман – Ана ерлігі бейнеленген.

«Келін» поэмасы да соғыс тақырыбына арналған, идеясы – әулет отын өшірмейтін қазақ келінінің асыл тұлғасын таныту. Поэма кейіпкерлері Сұлтан атай мен Ұлпа шешей жалғыз ұлы Айдарды үйлендіреді, бірақ кенет басталған соғысқа кеткен жігіт қаза болып, аяғы ауыр келін жесір қалады. Майданнан «Қара қағаз» келіп, шал мен кемпір, жас сәби жетім, келін жесір болды. Ақын қайғы-қасіретке көмілген халықтың көңілін («Көкірегін күйінумен күйдірді ел, ақ жүректі қара қайғы бомбалап») де, жетімдік пен жесірлік орнаған Сұлтан атайдың отбасының жағдайын реалистікпен суреттейді.

Поэманың сюжеттік-композициялық желісінде жалғзынан айрылған ата-ананың, жарынан айрылған келіншектің күйініш, өкініш, сағыныш, аңсау, торығу, төзу, т.б. – саналуан психологиялық хал-ахуалы романтикалық-элегиялық әуенге бөлене жырланған. Поэманың бас кейіпкері келінге ата мен енесі рұқсат берсе де, ешқайда кетпеген, ата-енесі қайтыс болса да осы ошақтың отын сөндірмеген, жалғыз ұлды оқытқан Отанасы – Қазақ Келінінің ғажайып бейнесі мен дидарласамыз.

«Қыран қия» поэмасына да соғыс тақырыбы негізгі желі етіп алынып, басты кейіпкерлері етіп адамзат тарихының дара тұлғаларын (Гете, Пушкин, Цицерон, Бауыржан Момышұлы, Александр Матросов, Мәншүк, Әлия, т.б.) тектілік үндестіктері тұрғысынан сабақтастыра жырлайды. Балаларына тек ғана тектілердің, дара тұлғалардың есімдерін қойғысы келетін, ұрпақтардың кесек мінезді, ер көңілді, мәрт мінезді батыр да, дана шешен де, ақын да, әнші де, т.б. саналуан жақсы қасиеттер иелері болуын аңсаған халық көңілінің көркемдік-эстетикалық ойлау дүниетаным кеңістігін сүйсіне, тебірене толғайды:

*Мен халқымды мақтан етем қашаннан;
Көсемдігі – тіл мен жақтан жасалған,
есерлігі – ерліктерден жасалған,
қыңырлығы – қайырымнан жасалған
бар ұрлығы – барымтадан бас алған,
көңілімен көл-көсір,
батагөйі – Бұқарларымен қосып,
Құрмангазы, Біржандарымен қосып
мен – халқымды мақтан етем, қашаннан!
Ұлдарының бірі – күйші,
өр бірі,*

*өр келеді ерлік түгіл қорлығы.
Қызын – Күләш атаған ерлігі,
ұлын – Бауыржан атаса ерлігі.
соның бәрі денсаулығы халықтың,
үміті мен дәмесінің зорлығы!
Көкейлерге құпия үміт мол бұққан,
Қасымы көп сондықтан,
Жамбылы көп сондықтан.
... Бір Бауыржан атқа мінді енді ептеп,
бір Бауыржан барады әне еңбектеп.
Бір Бауыржан тракторын жүр айдап,
бір Бауыржан қой айдап жүр құрайлап.
... О, аналар, тектілерді төкпектет,
өссін, өссін Бауыржандар көп-көп-көп!
Кім біледі, шығар бәлкім ісімен
бір Бауыржан-Бауыржандар ішінен,
ал әзірше Момышұлы біреу-ақ! (7, 254-255)*

«Жаңғырық» поэмасының идеялық-композициялық желісіндегі негізгі кейіпкерлер – Исатай мен Махамбет. Эпикалық шығарманың құрылысындағы бұлардың есімдері аталмайды, бірақ солардай дара, дана тұлғалардың адамзат тарихында ылғи қараулықтың, қызғаншақтықтың, өзімшілдіктің, опасыздықтың құрбандары болып келе жатқан трагедиялы тағдыр жолдары романтикалық элегия сарынымен өрнектелген. Ауылын, аймағын, халқын отаршылдықтан, озбырлардан азат еткісі келген қазақтың көсем батыр, би-шешені мен дана ақын-қайраткері – тарихтағы тектес арыстар тағдырларымен сабақтас назарға алынған. Поэманың басты кейіпкері Батыр – Ақынның өзін өтірік елпілдеп қарсы алып үйіне кіргізген адамға алданғаны («Секемсіздік – ерлердің сол баяғы соры да, түсті қыран топастың торғай аулар торына») да тарихи шындықпен бейнеленген. Қару-жарақсыз алаңсыз отырған Батыр-Ақынға қапыда бас салған тоғыз адамның әрекетіне де ақын жақсылыққа жаны қас жауыздық келбетін айқындайтын тіршілік философиясы тұрғысынан баға береді. Поэманың түйіні – тарихтағы дара туған даналарды тоғышарлардан, опасыздардан, жарамсақтардан, жалдаптардан қорғауды қазіргі және болашақтағы ұрпақтарға ұқтыру, міндеттеу.

Ақынның «Тамыр мен жапырақ» («Табиғат дастаны») поэмасы – ғарыштық-ғаламдық кеңістіктегі табиғат ұғымы аясына кіретін заттар мен құбылыстар сабақтастығын, үндестігін, өзгешеліктерін, қайшылықтарын, т.б. – бәрін де поэтикалық мағыналар жүйесімен жырлаған эпикалық-философиялық туынды. Ақын поэзиясындағы туындыларына тән ортақ поэтикалық сипат – лирикалық және эпикалық жанрлар тұтастығының мол сақталатындығы. Жүмекен поэзиясындағы жанрлық жүйе Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» қазақ өлеңінің поэтикалық табиғатына сәйкес түрлерге (сап толғау, марқайыс толғау, намыс толғау, намыстаныс толғау, сұқтаньыс толғау, ойламалдау, сөгіс толғау, күліс толғау) сәйкес жырланғанын аңғарамыз. Бұл – адамның жан ділі мен қоршаған табиғатты, жаратылыс әлемін тұтастандыра, сабақтастыра жырлауға негіз болатын – философиялық-психологиялық сарын болмысының сипаты.

Біз саралап отырған сөз арқауындағы туындылардың басым бөлігі эпикалық сюжеттер мен лирикалық толғаныстар тұтастығымен жырланған. Ал, «Тамыр мен жапырақ» («Табиғат дастаны») поэмасы да адам тағдырын тіршіліктегі үндес нәрселермен баламалап жырлаудың көркем үлгісі. Поэмадағы философиялық көркемдік ойлау жинақтауымен бейнеленген заттар (тау, тас, дауыл, самал жел, ағаш, жапырақ, тамыр, топырақ, гүл-бұта, т.б.) мен адамдар тағдырларының баламалануы арқылы ақын адамгершілік-имандылық дүниетанымының мәңгілік салтанат құратынын дәлелдейді. Табиғаттағы дүлей дауылдарда тас-талқын болған ағаштарды, олардың бұтақтарынан қаңғалақтаған ұшқан жапырақтарды, бірақ соған мызғымаған тамырлар мен сол құбылыспен үндес адамдар тағдырларын егіздей баламалау арқылы ақын қарама-қайшылықтардың күресі мен бірлігі, себеп пен салдар, тарихтағы жеке тұлға, халықтың қаһары, ұрпақтар жалғастығы, т.б. әлеуметтік мәнді тарихи-философиялық тұжырымдар, бағалаулар жасайды.

Ақынның осы философиялық поэмасында планетадағы бүкіл дүниені, адамзат ұрпақтарын сабақтасқан егіз ұғымдармен баламалап бейнелеуі («Тек көп тамыр таратады-ау адам қан, ал қан да – сол тамырдан таралған, күллі дүние – жалғыз-ақ түп алма-ағаш») де көркем шындықпен бейнелеу кестелерімен жырланған. Ақын шығармаларының барлығы да философиялық ойшылдық тереңдіктерімен баурайды. Қазіргі заманғы әдебиеттану қисыны бойынша: «Өлең рухынан әлемге, өмірге, адам тағдырына деген лирикалық көзқарастың көрініс табуы, жан толқынысынан хабар беретін лирикалық үн естіліп, болмыс мәнін, шындық елесін іздеген, мәңгілік сауалдарды өзінше қабылдап, өзінше жауап қайтаруға тырысқан лирикалық «Меннің» айқын сезілуі – философиялық лирикаға хас айрықша нышандар ретінде танылады» (8, 351). Философиялық поэзияның лирикалық және эпикалық үлгілерінде де автордың жеке адам мен бүкіл адамзат ұрпақтарының тағдырын ғарыштық кеңістіктегі өзара үндес немесе мүлде қайшылықты құбылыстар, қасиеттер жүйесімен сабақтастыра жырлайтыны мәлім. Ежелгі замандардан бері ғасырлар бойы осындай кешенді ойшылдық сарынмен жырланып келе жатқан әлем әдебиетіндегі классикалық мұралардағы философиялық-поэтикалық кешенді бейнелеулермен жырлау үрдісін дарынды ақын Жүмекен Нәжімеденовтің игергенін анық көреміз. Сондықтан да, ақынның поэзиясындағы туындылардың барлығы да әдеби

тектің эпикалық, лирикалық, драмалық жанрлары сипаттарының тоғыса тұтасқан поэтикалық табиғатын байқатады. Яғни, Жүмекен поэзиясы – даналық толғаныстары тұтасқан поэтикалық көркем кестелер көрінісі. Ақынның шығармаларындағы теңеу, айқындау, құбылту мен айшықтау аясындағы кейіптеу, мегзеу, психологиялық егіздеу, т.б. үлгілерден бейнелілік өрнектері де ойшыл, суреткер ақын даналығын дәлелдейді. Мысалы: «Жомарт халық ұлы едім мен – жарқын жан», «Жетті, міне, жігіт-самал албыртып, бойжеткен-гүл бала қалды ұялшақ», «Тыныстармын аспан бұлтын жамылып, Ай астында ақ бұлақ боп сылдырап», «Айлы түнгі Алатаудай томсарып», «Қып-қызыл күм-иегіндей бір жылауық кемпірдің», «Бұрыл бұлтты жыртып өтті найзағайдың жарқылы», «Ұсап кетті қалың найза көкбуырыл бір тасқынға», «Жұдырықтай түйілді ауыл, түйілді кек шемен болып, көтерілді құйын-дауыл, көтерілді ел өлең болып», «Барлық дала – бір домбыра, мезгіл қолы шебер шертті», «Үміт, күдік – екі төбет екеуі, ... екі төбет ортасында бір кесек ет – жүрегім», «Жарқ-жұрқ етіп жарықтың айбалтасы қараңғының қабырғасын сөгеді», «Жан бір – бөлме, көңіл – есік қағып кір», «Сенім-шамын қоям ылғи бұқтырып», «Амал қанша, ұясынан кей қаздың жаман шірік сауысқан мен қарға ұшты», «Уақыт – қашықтық деп қалам ұғып, сол қашықтық – жана ой, жана білім», «Күдік деген Сауысқан, ал сауысқан қай жерінде жара бар – соған қонар», «Әкім болсаң – әділ жол бар, ал баста, әкім болсаң – желкенде тұр алдаспан», «Қармағымды ой қапты – қалтқымды батырып», «Мен – іңірдің желімін қоңыр бұлтын шұбыртқан», «Ақылдыға қайғы алдырсам деп едім, ақымақты ойландырсам деп едім», «Токсан, жетпіс, сексен, жүз де – кәрі, рас, бірақ, бірақ ... өлу үшін – бәрі жас!», «Мәңгі тозбас сезімге – тозбайтұғын зат шыдар. – Ең тұрақты махаббат, бәлкім, табиғат шығар», «Сүю үшін еменді – туу керек емен боп», «Саусағымен ауаның, қара бұлтты ақ шыңға байлап қойып сауамын!», «Жалқы жігіт байлау болса – ол да ерсі, жалғыз жілік майлау болса – ол да ерсі», «Момышұлы қанын төгіп ел үшін тас-тағдырдан тартып алды жеңісін», «Сен – шың болсаң, халық дана – кең дала», «Өзен болсаң, халық – қияр теңізді, қанша бұрқап аққаныңмен долдана», «Тегім менің – топырағым деп біліп, күш көрсетсе жігіт – міне, тектілік», «Қайратсызға – қалтырау да бір мектеп», «Кей жігіттің бидай сын-ды болмысы, суға тойса – бөртіп шыға келетін», «Қасқыр болып шабу үшін емес тек, қасқыр болу – қорғанулар үшін де керек екен, керек екен қасқырлар», «Ағаш сынды халық та жапырағын тастап, түлеп отырар: күретамыр – халық бірақ қалды аман», т.б.

Жүмекен – халық даналығының көркем шындықпен жинақталған қазынасын өзіндік дара өрнекпен жырлаған ойшыл ақын. Уақыт пен кеңістіктегі адамзат ұрпақтарына тән қарама-қайшылықтардың тоқталмайтын күресі мен ажырамайтын бірлігін философиялық поэзияға тән мазмұны мен пішін жүйесі поэтикасының күрделі, кешенді, көп үнді, егізделген, тоғыса тұтасқан өрнектерімен жырлаған ақын мұрасы – даналық поэзиясы сипатымен миллиондаған оқырмандарының көңілдерінен мәңгілік орын алды.

Туған халқына, байтақ Қазақстанына арналған перзенттік махаббатын, азаматтық-қайраткерлік қызметін көркемдік сипаты құнды шығармаларымен жасаған ақын ғасырлар бойы қалыптасқан қазақтың халық тілінің поэтикалық қолданылу мүмкіндіктерін тереңдете дамытты. Ақынның поэзиясындағы қазақтың байырғы және кейінгі заманғы ауызша және жазбаша лексикалық қорындағы сөздер мен сөз тіркестерінің философиялық-психологиялық алуан мағыналы реңктерімен қолданылуы да халықтың тілдік қорының байлығын танытады. Ойшыл ақынның «Ана тілі туралы сөз» деген диалог-өлеңі қазақ ұлтының әлем өркениеті тарихында мәңгілік сақталатынының кепілі тілі екендігін ұлттық-отаншылдық сеніммен, ұрпақтарға аманат ұлағатымен жырланған.

Қорытынды. Әлем өркениетіндегі классикалық поэзия үрдісімен сарындас шығармалар жазған ақынның әдеби мұрасы – біздің тәуелсіз Қазақстанның қазіргі және болашақ ұрпақтарының рухани құндылықтары қатарынан орын алатын, мәңгі жасайтын қазына. Отбасын, балаларын, қазақ ұлтын, бүкіл планета халықтарын, ғаламдық-ғарыштық кеңістікті құрайтын өткен мен бүгінгі және болашақты табиғат құбылыстарымен, қозғалыстарымен біртұтас бірлік жағдайында жырлаған («Ой түбінен ойнап туған жырменен тыныш таппай – тірі болып жүр денем») ақынның поэзиясы – әлемдік классикалық мұралар қатарында бағалануға лайықты. Ақын «Бес бұтақ» атты өлеңінен өзінің отбасындағы бес перзентіне арналған әкелік махаббаты мен жер бетіндегі бүкіл адамзатты сүйген азаматтық-гуманистік сезім тұтасуын оқимыз. Өз ұлты мен әлемдегі барлық халықтардың, бүкіл тіршіліктің үйлесімін, өсіп-өркендеуін көркем шындық бейнелеулерімен жырлаған ойшыл ақын Жүмекен поэзиясы сөз өнерінің ұрпақтар жаназығы екендігін дәлелдейді. XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап осы кезеңге дейінгі жарты ғасыр бойы шығармалары байтақ елімізді ұлттық-отаншылдық асқақ рух қуатымен баурап келе жатқан ақын Жүмекеннің өлеңдері мен поэмалары миллиондаған оқырмандарының, ақынды сүйген халық махаббатына бөленіп мәңгілік рухани қазына болып бағаланады.

Халық махаббатына ие болған ақын мұрасының – Қазақстан Республикасының әлем өркениетіндегі асқақ мәртебесін биіктете түсетіні ақиқат.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Мәдени-философиялық энциклопедия / Құраст. Т.Ғабитов, А.Құлсариева, Ә.Әлімжанова және т.б. – Алматы: Раритет, 2007. – 336 б. - кітап

2 Қабдолов З. Сөз өнері: Оқулық-монография. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2014. – 496 б. – монография

3 Қазақстан жазушылары: Анықтамалық. – Алматы: «Әдебиет» баспа үйі, 2019. – 600 б. – анықтамалық.

4 Тебегенов Т.С. Әлем әдебиеті (XIX-XX ғасырлар): Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық-хрестоматия. 2-кітап: Еуропа, Америка құрлықтарының әдебиеттері - Қарағанды: «Ақнұр баспасы», 2016. - 344 б.

5 Тебегенов Т.С. Абайтану ұлағаты: Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы, 2013. – 204 б. - кітап

6 Нәжімеденов Ж. Менің Қазақстаным: Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Атамұра, 2008. – 368 б. - кітап

7 Нәжімеденов Ж. Ұрпағым, саған айтамын: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1988. – 312 б. - кітап

8 Әдебиеттану. Терминдерінің сөздігі / Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.- кітап.

References:

1. Mädeni-filosofialyq ensiklopedia / Qūrast. T.Ğabitov, A.Qūlsarieva, Ä.Älimjanova және t.b. – Алматы: Raritet, 2007. – 336 б. - кітап
2. Qabdolov Z. Söz öneri: Oqulyq-monografia. – Алматы: «Ölke» baspasy, 2014. – 496 б. –monografia
3. Qazaqstan jazuşylary: Anyqtamalyq. – Алматы: «Ädebiet» baspa üii, 2019. – 600 б. – anyqtamalyq.
4. Tebegenov T.S. Älem ädebieti (НИН-НИ ğasyrlar): Joğary oqu oryndary studentterine arnalğan oqulyq-hrestomatia. 2-кітап: Europa, Amerika qūrlyqtarynyñ ädebietteri - Qarağandy: «Aqnūr baspasy», 2016. - 344 б.
5. Tebegenov T.S. Abaitanu ūlağaty: Joğary oqu oryndaryna arnalğan oqu qūraly. – Алматы: Abai atyndağy QazŪPU «Ūlağat» baspasy, 2013. – 204 б.- кітап
6. Näjimedenov J. Meniñ Qazaqstanym: Öleñder men dastandar. – Алматы: Atamūra, 2008. – 368 б. - кітап
7. Näjimedenov J. Ūrpağym, sağan aitamyn: Öleñder men poemalar. – Алматы: Jazuşy, 1988. – 312 б.- кітап
8. Ädebiettanu. Terminderiniñ sözdigi / Qūrastyrushylar: Z.Ahmetov, T.Şañbaev. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.- кітап.

МРНТИ 17.07.41

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.71>

Тоқшылыкова Г.Б.,¹ Каримова Г.С.,² Тутбаева Ж.А.³

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

*²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

*³Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Алматы, Қазақстан*

КОБО АБЭ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ИНТЕРТЕКСТУАЛДЫЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ БАЙЛАНЫСЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа

Мақалада әлем әдебиетіндегі әдеби құбылыс – постмодернизм әдебиетінің негізгі белгісінен саналатын «интертекстуалдылық» элементтерінің байланысы мен қызметі Кобо Абэ романдары негізінде анықталды. Жапон постмодернистік әдебиетінің көрнекті өкілі Кобо Абэнің қазақ тіліне аударылған «Құм құрсауындағы әйел», «Бөтен бет» романдарына интертекстуалдылық байланыстар аспектісіне талдау жасалды. Автордың аталған романдарындағы интертекстуалдылық элементтер: аллюзия, цитация, афоризм, пародия және олардың байланысы мен қызметі нақтылы мысалдар негізінде дәлелденді. Постмодернизм әдебиетінде интертекстуалдылық басты орынға шығады: мәтіндер арасында байланыс бар, олардың кез-келгені әлем әдебиеті контекстінде көрініс табады. Интертекстуалдылық басқа әдеби туындыға сілтеме бола алады, онымен салыстыруға болады, стилін алуға болады. Жазушының ежелгі даналар сөздеріне, сопылық ілім өкілдеріне, діни мазмұндағы кітаптарға, батыстық философияға, публицистикалық материалдарға, ғылыми-танымдық мақалаларға сілтеме жасап, келтірген үзінділері анықталды. Бұл Кобо Абэ шығармашылығының постмодернистік эстетикаға толыққанды жауап беретін шығармалар екендігін дәлелдейді. Кобо Абэ романдары постмодернистік еркіндікті, жаңашыл эстетиканы пайдаланып, бүгінгі әлеуметтік мәселелер мен қоғамдық тенденцияларға терең бойлай алған, интеллектуалдық дәрежесімен әлем әдебиетінің бір бөлшегіне айналғаны нақтыланды.

Түйін сөздер: интертекстуалдылық, түпмәтін, аллюзия, цитата, реминисценция

Tokshylykova G.,¹ Karimova G.,² Tutbaeva Zh.³

*¹Kazakh national pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

*²Kazakh national women's pedagogical University
Almaty, Kazakhstan*

*³Abylai Khan Kazakh University of international relations and world languages
Almaty, Kazakhstan*

CONNECTION AND FUNCTION OF INTERTEXTUALITY ELEMENTS IN KOBO ABE'S NOVELS

Abstract

This research paper describes a literary phenomenon literature of XX-XXI century - postmodernism. When the full analysis of the appearance, character development and the kinds of postmodern literature in world literature, to define the concept of the term "intertextuality", which is the main feature of postmodern literature. It was a review of the tasks of studying intertextuality in a literary text. We stopped at the bibliographies of outstanding representatives of Japanese literature, postmodernism and Kobo Abe was analyzed aspects intertekstualnyh relations novels "Woman in the Dunes" and "Face of Another", which have been translated into the Kazakh language. Intertextual elements mentioned novels author: allusion, citation, aphorism, parody and accurate examples were given their due, and tasks. When using the new postmodern aesthetics and ease of novels Kobo Abe, intellectual level vniknuvshish deep in today's social problems and social trends, adding that became part of world literature.

Keywords: intertextuality, context, allusion, quotation, reminiscence

Токишылыкова Г.Б., ¹Каримова Г.С., ²Абдукаимова Ж.³

¹Казакский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

²Казакский национальный женский педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

³Казакский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,
Алматы, Казахстан

СВЯЗЬ И ФУНКЦИЯ ЭЛЕМЕНТОВ ИНТЕРТЕКСТУАЛЬНОСТИ В РОМАНАХ КОБО АБЭ

Аннотация

В данной статье связь и функция элементов «интертекстуальности», считающихся главным признаком литературы постмодернизма – литературного явления в мировой литературе, были определены на основе романов Кобо Абэ. Проведен анализ в аспекте интертекстуальных связей романов выдающегося представителя японской постмодернистской литературы Кобо Абэ «Женщина в сугробе», «Чужое лицо», переведенных на казахский язык. Интертекстуальность в названных романах автора доказана на конкретных примерах элементов: аллюзии, цинизма, афоризма, пародии и их связи и функции. В литературе постмодернизма на первый план выходит интертекстуальность: существует связь между текстами, любая из которых находит отражение в контексте мировой литературы. Интертекстуальность может служить отсылкой к другому литературному произведению. Выявлены фрагменты, цитируемые писателем со ссылкой на древние мудрые слова, представителей суфийского учения, книг религиозного содержания, западной философии, публицистических материалов, научно-познавательных статей. Это доказывает, что творчество Кобо Абэ – это произведения, полностью отвечающие постмодернистской эстетике. Было уточнено, что романы Кобо Абэ, используя постмодернистскую свободу, новаторскую эстетику, глубоко прониклись сегодняшними социальными проблемами и общественными тенденциями, с интеллектуальной степенью стали частью мировой литературы.

Ключевые слова: интертекстуальность, контекст, аллюзия, цитата, реминисценция

Кіріспе. Постмодернизмнің басты нысаны – үлкен әріппен басталатын Мәтін. Постмодернизм теориясы әлемдегі ең танымал, ықпалды философ, мәдениеттанушы, әдебиеттанушы, семиотик, лингвист ғалым Жак Дерриданьң концепциясының негізінде пайда болды. Дерриданьң түсінігінше, «әлем – бұл мәтін», «мәтін – ақиқаттың жалғыз ғана мүмкін моделі». Әрбір мәтін интермәтін болып табылады, себебі мұнда басқа мәтіндер әртүрлі деңгейде немесе адам аңғармай қалатын пішінде негізгі мәтінге еніп, қолданылып отырады. Әрбір мәтін бұрынғы ескі цитатадан алынған жаңа мәтінді құрайды. Мәдени код, формула, ритмикалық құрылым, әлеуметтік идиомалардың үзінділері – мәтін ішінде араласып жүреді. Интертекстуалдылық – индивидтің туындысы тұйықталған (оқшауланған) дүние емес, барлығына ортақ деген ұғымды ұстанады. Постмодернизм әдебиетінде интертекстуалдылық басты орынға шығады: мәтіндер арасында байланыс бар, олардың кез-келгені әлем әдебиеті контекстінде көрініс табады. Постмодернизм сыншылары мұны түпнұсқаның жойылуы және штампқа тәуелділіктен арылу деп таниды. Интертекстуалдылық басқа әдеби туындыға сілтеме бола алады, онымен салыстыруға болады, стилін алуға болады. Постмодернистік әдебиетте ертегілер мен мифтер, ғылыми фантастика мен детектив жанрларынан үзінділер жиі кездесіп отырады [1., 191].

Интертекстуалдылық – мәтіндер арасындағы өзінше бір диалог, мұнда претекст (протекст) элементтерінің бұрыннан бар мәтін элементтерімен ұқсастығы болады және олар әртүрлі деңгейде (лексикалық, стильдік, құрылымдық, мазмұндық) көрініс табады және мәтінді толық түсінуге мүмкіндік береді. Интертекстуалдылық сыртқы әлем жөнінде ақпараттар беріп отырады, яғни референтивтік қызмет атқарады. Интертекстуалдылық метамәтіндік қызметті де атқарады. Мәтін ішіндегі кейбір үзінділердің басқа бір мәтіннен алынғанын аңғарған оқырман (кейбіреулері аңғармауы да мүмкін) үшін әрқашан таңдау бар: бұл үзіндінің бұрынғы үзіндіден ешқандай айырмашылығы жоқ дей отыра мәтінді әрі қарай оқи береді немесе мәтінді тереңірек түсіну үшін негізгі түпмәтінді

тауып оқиды (есіне түсіреді). Бұл үзіндіні түсіну үшін негізгі түпмәтінмен арасындағы өзекті байланысты табады, яғни үзіндінің мағынасын ашады. Осылайша интертекстуалдылық қатынас бір уақытта “мәтін ішіндегі мәтін” конструкциясын немесе “мәтін туралы мәтін” конструкциясын көрсетеді.

Әдістеме. “Бөтен бет” романында кейіпкердің бет жөніндегі философиясының орны бөлек. Ол бетпердені бар ынта-шынтысын салып жасайды, себебі бетперде оның кісілік болмысы жазылар ақ парақ іспетті. “Бір қате түсінік бар емес пе, жүрек пен жүрек, жан мен жан арасын жалғауда *бет* басты рөл атқарады деген жалған түсінік бар емес пе? Жүрек пен жүрек түсіну үшін адам бір-бірінің *бетіне* сұқтанып отыра беруі шарт па? Кітап, өлең, саз жүрек пен жүректі, жан мен жанды жалғамайды деп кім айтады? Егер, *бетсіз* өмір болмайды десек бір-бірінің *бетін* көре алмайтын соқырлар қалай адамды бағаламақ?” [2., 173]. Тіпті “менің саған тұңғыш назарымның түсуінің өзі сенің дидарыңның арқасы емес пе? Дәл қазір де сенен қашықтап кетуімнің өлшемі тағы да сенің көмескіленген дидарың болып елестейді. Сенің осы көркің болмаса біздің ерлі-зайыпты болып бас қосуымызды елестетудің өзі мүмкін бе еді” деп “дидар”, “көркің” деген сөздер арқылы тағы да беттің адам өміріндегі рөлі күшті екенін мойындайды [2., 173].

“Егер адам қасиетін тек бетпен ғана өлшейтін олсақ, онда біз танымайтын адаммен телефон арқылы қалай сөйлесіп жатамыз? Сонда немене, қараңғыда адам бір-бірінің бетін көре алмаса бір-біріне сенбеуі керек пе? Жауласуы керек па? Бет әлпінде мұрын, көз, ауыз, құлақ болса, олар өз міндетін атқарып тұрса болды емес пе? Бет оны жұртқа міндетті түрде көрсету үшін емес, өзің үшін керек емес пе?” [2., 184] дей келіп, “бет құбылысы дегеніңіз ғимараттың артқы есігі емес, керісінше алғы есігі. Сондықтан да оны назарға сүйкімді етіп безендіреді. Бет құбылысы дегеніңіз, сондай-ақ, жалпыға бағытталған жарнама емес, белгілі бір кісіге арналып жазылған хат іспетті. Мінеки, осындай уәже келген мен енді таңдау құқын өзіңе қарай ысырып, иығымнан ауыр жүк түсіргендей болып отырмын. Енді бұл ойынға екінші адам етіп өзінді тартып отырмын” [2., 194]; “балықтар, кез келген жәндікте де бет бар емес пе? Үстелдер мен орындықтарда да бет бар, керек десең. Олар да біреуге ұнап, біреуге ұнамайды” [2., 198]; “бет құбылысы өмір айнасы десек... Тіршілік тыныстары қилы-қилы бет құбылыстарын қажет етеді. Алайда, олардың дені қайталанып отырады. Бет құбылыстарының сансыз қайталануы бетте әжім болып із қалдырады. Күлегеш бет табиғи күлкіге бейім. Ашушаң бетте ашу табы үнемі тұрады. Ал, менің бетпердем болса жаңа туған сәбидің жүзінде ондай тіршілік таңбаларынан құлан-таза. Жаңа туған сәби қырыққа келген кісінің бетпердесін киіп алып күлсе не болар еді? Құбыжыққа айналмас пе еді?” [2., 206]; “Егерде мен жалған күлген болсам жаңа бетке түскен ізде де жасандылық табы сайрап жатар еді. Бетпердеге ынта-шынтымды салуымның себебі де осы еді. Ол менің кісілік болмысым жазылар ақ парақ іспетті” [2., 207]; көңілін кеулеген аласапыран мазасыздықты ғана емес, жүйке тырысын жазып, қалыпты жағдайға түсу үшін тыныштандыратын дәрі қабылдайды. Одан соң өз жандүниесіне бір телескоп линзасы арқылы қарағандай мамыражай күй кешеді. Сол сезімдер арқылы ол “адамдар арасындағы қарым-қатынастың бет атты жалған символға, жалған нышанға құрылғанын ашты” [2., 209]. Дәрінің әсерімен күдік құрсауын артқа тастап, бұрын-соңды басынан кешпеген адам сезімге ие болады. Бет жоғалту арқылы дүниеге өзге көзбен қарайтын жаңа терезе ашқандай сезінеді өзін.

Жапон жазушысы аталған романына рухани аллергия деген ұғымды енгізеді. Рухани аллергияға ол: нәсілшілдік, дуалау төңірегіндегі қасаң сенімдер мен жыланнан қорқу, тарақаннан тітіркену тәрізді сезімдерді жатқызады. Және мұндай рухани аллергияның аузынан ана сүті кеппеген бозбала тұрмақ, білдей бір институттың білдей зертхана жетекшісінің де бойынан табылатындығын айтып өтеді. Жазушы “нәпсі мен өлім өзара тығыз байланыста. Жыныстық қатынастың шырау шегіне жетіп үзілгенде, тіптен, ойға өлім оралмаушы ма еді. Қыс келмей ағаш жеміс беретіні тәрізді, құраудың алдында шөп дән беретіні тәрізді нәпсіні де біз адамның ажалмен айқасы деп түсінсек абзал” [2., 225] деген ой тастайды.

Нәтижелер. Гректер бетпердені ежелден театрда пайдаланды. Денемізді перделеп киім кию өркениет жолындағы асу болса, бетті перделудің болашақта үйреншікті әдетке айналары хақ деп кесіп айтады. Дәлел ретінде, бүгінгі мереке, салтанаттардың бетпердесіз өтпейтінін тілге тиек етеді. Бетперде адамдар мен адамдар қарым-қатынасын жекебастың денгейінен ғаламдық деңгейге көтереді дейді. Азаматтың беделі оның тындырған жұмысының салмағымен өлшенеді, бетке емес, миға байланысты дегенмен, адам мазмұны майданында беттің алар рөлі, үлес-салмағы көп екенін пайымдаймыз. Автор шығарма композициясына “Но бетперделер көрмесін” саналы түрде енгізіп отыр. Негізінде Но бетперделері өмірмен байланысты үзетін бетперделер еді. Но шеберлері беттің сыртқы қабатынан өтіп бассүйекке баратын; яғни, олар беттің кәдімгі сезім құбылыстарынан бас тартып, тереңдеп бассүйекке тірелетін. Өйткені Но шеберлері бет құбылысы қандай сезімді білдірмесін бәрібір бос ыдыс рөлін атқарады деп түсінген. Но қағидасы бойынша бос ыдыс тәрізді адам беті құбылып кез келген бет, кез келген бетперде рөлін атқара бермек.

Но бетперделерімен қатар романда Лангер бетпердесінің ерекшелігі айтылады. Лангер сызығы бойынша бетке сызық, яғни әжім түсе бастады. Кейіпкердің есебі бойынша қиялында таңдаған кісі эмоциясының пайыздық үлестерін көрсетеді. “Кісінің көңіл күйіне байланысты оның бет құбылысының пайыздық үлесін былайша береді: қызығушылық – 16 пайыз, әуесқойлық – 7, келісу – 10, ризашылық – 12, күлкі – 13, жоққа шығару – 16, риза болмау – 7, жек көру – 6, күдік – 5, таң қалу – 6, әбігерлену – 3, ашу – 9 пайызды құрайды. Дәрі ішкеннен кейін ол терең сезімдерді басынан кешірді. Сол сезімдер арқылы ол адамдар арасындағы қарым-қатынастың бет атты жалған символға, жалған нышанға құрылғанын түсінді. Кейіпкердің түсінігінде бет ертегідегі ібілістің өзі сияқты: “Ерте, ерте ертеде бір патша болыпты. Патша бір күні беймағлұм сырқатқа ұшырапты. Сырқаттан патшаның денесі күн өткен сайын қардай еріп кішірейе бастайды. Емшілерден де, дәрі-дәрмектен де түк қайыр болмайды. Сонда патша заң шығарады. Заң бойынша патшаны кімде-кім көзбен көрсе сол өлтірілетін болады. Заң өз жемісін бере бастайды.

Патшаның мұрны, аяғы тізеге дейін еріп кетсе де жұрт оны білмейді. Дені сау деп ойлайды. Ал, ауру болса асқына түседі. Патша еріп бара жатқан балауыздай кішірейе береді. Төсек тартып қалады. Енді жалпақ жұртқа жариялап сырқатына жәрдем сұрайын дегенде тіл-аузы да жидіп кетеді. Қазақтың “ауруын жасырған өледі” дейтінінің кері. Ақыры патша кішірейе-кішірейе жоқ болады. Уәзірлері патшаның тірі екендігіне шүбә келтірмейді. Патша жоқ болғаннан кейін зұлымдық та өзінен-өзі жоғалады. Оны тірі деп сенген халық арасында мейірімді, данышпан патша туралы лақап тарайды. Оған деген зор махаббат оянады”. “Нәсілшілдік жекебас пиғылдың аясынан шығып, айналып келгенде, көлеңкесі халық пен тарихқа түседі. Енді келіп менің осы халық өкілдері арасынан пана іздеуімнің өзі де өңін айналдырған нәсілшілдік еместігіне кім кепіл” олардың түрлеріне қарап жапондардан ажырату қиын, тек шүлдірлеген кәрісшелерінен ғана ажыратады. Өзін кәрістермен салыстырып, кәрістерге бүйрегім бұрды деп түсінуі – өзін алдау екендігін түсінгенде қапаланып, “қазіргі рәлім ақ нәсілді қайыршының қара нәсілді патша алдында тұрғанындай еді” дейді. “Бетперде жасауға деген ұмтылыс тірі актер түріне көңіл толмағандықтан, одан да асып түсетін түр іздеуден туындаған жалпыхалықтық ынтадан” [2., 188]. Әйел бетперделері ғасырлар бойында олар сезім белгілерінен жұрдай сопақ асқабақ қана болып алған. Сөйтіп, ықылым замандағы бетперде жасаушылардың бастамасы ұмытылған. Беттегі сүйек бедерлері жоғалған. Сезім білдірмейтін бетперде жасау белең алған.

Талқылау. “Құм құрсауындағы әйел” романында Никидің өзінің әріптестері, мұғалімдер туралы көзқарасы жақсы емес, оларды біресе “әншейінде жанындағылардың немен айналысып жүргенін қызғана қадағалап отыратын” “қайсыбір жанашырлары” десе, енді бірде мұғалім деген қызғаныш індетінің ортасында өзгеше тірлік кешетін қауым», “жақтырмаған қыртыс қабақтармен және астарлы ишаралармен тұздықталған намысына тиер кекетіп-мұқату, өсек-аяң айтуға даяр тұратын халық. Одан қала берді “жылма жыл олардың жанынан өзен суы сияқты оқушылар толқыны ағып өтіп, алысқа кетіп жатады, ал мұғалімдер болса, қара тас тәрізді осы ағынның түбінде қала беруге мәжбүр. Олар өзгелерге болашақтағы жарқын үміттері туралы әсерлей айтады, бірақ өздерінің жарқын болашағын, тіпті түсінде де көре алмайды. Олар өздерін енді ешкімге керексіз қоқыс сияқты сезініп, не қияли жалғыздыққа ден қояды, не күншілдікке бой алдырып, басқаларға үнемі күмәнмен қарайтын болады. Жанындағылардан ерекше бірдеме байқаса, кінәлап шыға келеді. Олардың еркін іс-әрекетті сағынатыны сондай, кез келген еркін іс-әрекетке өшпенділікпен қарамай тұра алмайды” [2., 60].

Реминисценция (латын. *reminiscentia* – еске алу) – көркем мәтінге, көбінесе кездесетін басқа бір шығарманы еске түсіретін нышан. Әдеби реминисценция – негізінен автордың еркінен тыс болатын жайт. Яғни, автор әдейілеп қайталамайды, поэтикалық зерде түбіне шөккен әлдебір таныс, бейтаныс сурет, ырғақ тынысы, ұйқас үйлесімі шығармашылық үдеріс үстінде сана түкіпірінен бедерленіп шығып, жаңа туынды құрылымынан орын тебеді. Реминисценцияның еліктеуден, көшіруден айырмашылығы да осында. Сондықтан реминисценция бір көргеннен аңдала бермейді. Реминисценция кейде ассоциация туғызу, оқырман көңілін белгілі бір шығарма арқылы қонақтаған сезім толқынысын қайта “тірілту” мақсатында саналы түрде қолданады [3., 171]. “Көз алдыма осыдан отыз жыл бұрын болған бір оқиға ап-анық түрлі-түсті суреттей тіріліп келіп тұра қалды. Әңгіме әпкемнің қосымша шашын тұңғыш көргенім туралы. Бұндай жасанды шаш маған моральдық бұзылудың, әдепсіздіктің дәл өзіндей көрінді. Шашты білдіртпей ұрлап алдым да апарып отқа салып жібердім. Бірақ шешем менің өртеп жібергенімді біліп қойды. Жаман ренжіді” [2., 165]. Мұнда біздің ойымызға бірден орыстың “Бақа-ханшайым” ертегісі келеді. Оның да сюжеті, қосалқы дүниені өртеп жіберу, сол үшін болған реніш – бәрі сәйкес келеді. Айырмашылығы – бірінде өртенген шаш болса, екіншісінде – сыртқы қабат, терісі. Демек, адам денесін жабатын, жасыратын қосымша дүние туралы түсінік адам санасында есте жоқ ескі замандардың өзінде болғаны байқалады. Қобо кейіпкері бетпердені ақиқатты жасыру үшін жасады. Және ол мақсатына жетті де. Дәріні үстемелеп ішу арқылы өзін, ойын, дүниеге деген көзқарасын өзгерткендігін “ертегіде айтылатын сотанақ үйрек аққуға айналды ақыры” деп Андерсеннің “Ұсқынсыз үйрек” ертегісіне сілтеме жасайды. Андерсеннің аналогы саналатын ешкім менсінбейтін, бауырына баспайтын ұсқынсыз үйрек күндер өте келе аққуға – ертегі патшасы атанған Андерсеннің өзі болса, бетперде арқылы ол бостандыққа қол жеткіздім деп ойлайды.

Жазушы адамдар қарым-қатынасының бәрін тек бетке апарып таңуға қарсы, бұл адам байланысына сызат түсіретін дүние екенін беттің өзі ақ, қара, сары болып бөлінуімен көрсетеді. “Адамдар қарым-қатынасының бәрін бетке апарып таңу сол байланыстың аясын тарылтпай ма? Ол – адамды бетінің реңкіне қарап бөлу тәрізді жексұрын түсініктен де көрініп тұрған жоқ па? Адам жанына жолақ болуға тиіс беттің өзі **ақ, қара, сары** болып өзара бөлініп жатса онда ол қалайша адам жанына жолақ рөлін атқара алмақ? Бұл деген сөз жан маңызын көрінеу кішірейту емей немене?” [2., 173] деп нәсілдік бөлінушілікке деген ішкі қарсылығын білдіреді. Құдай бірдей етіп жаратқан адам баласын бетінің реңкіне қарап бөлуді жексұрын түсінік деп біледі. “Біз сары нәсілміз. Алайда біз жаратылысымыздан сары нәсіл емеспіз. Алғаш рет бізді теріміздің түсі бөлектеу болғаны үшін сары нәсіл атаған. Бет шарттылығын елемей, кісіні дененің төмен бөлігімен бағалау алдаумен тең” [2., 246]. Теледидардан берілген Нью-Йорктегі америка негрлерінің нәсілдік толқуларын, Гарлем көшелеріне қаптап шыққан ақ-қарасы аралас полицейлер, жейдесі жыртылған байғұс негрді дырылдатып сүйреп бара жатқанын көргенде пақыр кейіпкердің көңіл-күйі түсіп, негрлермен өзін салыстырып, араларында ортақ ештеңе болмаса да, адамдарды түр-түсіне қарап алалайтын түсінік құрбандары болғандығына налиды, мұңға батады. Қанша дегенмен негрлер көп болғандықтан негрлер мәселесі үлкен әлеуметтік мәселеге айналады, ал кейіпкер проблемасы әрине жеке бастың аясынан арылмақ емес. Портреттік бейнелеуге автор үлкен мән береді. Оның астарынан философия іздейді. Портреттік бейнелеу өнері ғасырлар бедерінде өзгеріп отыратын факторын да ұмытпайды.

Реминисценцияның тағы бір әдемі үлгісі кейіпкер мен бетперденің ұрысынан көрінеді. Кейіпкер бетінен сыпырып алып тастауға оқталғанда бетперденің берген жауабы неміс ақыны Шамиссоның “Петер Шлемильдің ғажайып оқиғасы” атты шығармасын еске салады. Мұнда басты образ Петер байлық үшін көлеңкесін сатып жібереді, бірақ бұндай байлық Петерге бақыт әкелмейді, тіпті Петердің өзін жоққа шығарып тастайды. Көлеңкесінің жоқтығын айналадағы адамдар байқап, оны қоғамнан оқшаулатады. Оған сенімсіздікпен, жиіркене қарайды. Сол секілді бетперде де әбден еркінсіп, өз рөлінің күштілігін пайдаланып: “қарай гөр, өзін, мен түк емес екенмін ғой. Осыған дейін әлдекім боламын деп тер төктім. Енді бұл мүмкіндікті пайдаланбай қалмаймын... Күңкілді қойшы! Мен енді сен қашып құтыла алмайтын кесапатпын. Менен құтылғың келетіні бар, о бастан бұл ойыңды неге бастадың? Бастадың екен үніңді шығарма! Бір қолыңмен алсаң, екінші қолыңмен бересің!” деп екілене сөйлейді. “судың да сұрауы бар” демекші, адам өзі жасаған әрбір әрекетіне жауап беретіндігін, ертеңгі күні өкініп қалмай, не нәрсені де ойлансып істеу керектігін ескертеді. Ақша беріп сатып алғаннан кейін жұрттың барлығына өзінің көлеңке емес, адамның өзі екенін мойындатқан көлеңке тәрізді, бетперде де өз күшіне мінгеннен кейін ойына келгеннің бәрін істеді, неше түрлі жоспар құрды, тал түсте әйелін тапаншамен қорқытып зорламақ та болады. Кейіпкердің бұл шарасыз халі Бальзактың “Шегірен былғарысындағы” Рафаэльдің күйін еске салады. Бетперде кейіпкердің жан күйзелісінің өзін өз пайдасына шешіп, бейне бір балшықтан өсіп шыққан арамшөптей барған сайын күшейіп, нығая түсті.

Кейіпкер есіне жиырма жыл бұрын өткен оқиғаны алады. Онда ол нәрестенің мәйітін көреді, мәйіт резина шар тәрізді қазыл теңбелденіп ісініп кеткен екен. Алғашында оған нәрестенің ерні жыбырлағандай болып көрінеді, дұрыстап, анықтап қарағанда бұл нәресте-өліктің аузын жайлап алған құрттар екенін біледі. Оқиғадан жаман шошынып, санасында терең із қалады. Міне, осы өлген нәресте, аузынды жыбырлап жатқан құрт оқиғасы арқылы автор Габриель Гариса Маркестің “Жүз жылдық жалғыздық” романындағы инцесттің құрбаны болған нәрестенің, құмырсқаға жем болған бүтін бір әулеттің трагедиясына сілтеме жасап отыр деуге болады.

Ал бетперденің көмегімен әйеліне қол жеткізгеннен кейін, оның еш қымсынып, ұялмастан бетпердеге берілгеніне ызаланып, ашуға булыққан сәтін автор “іште булыққан дауылды арзан қонақ үй бөлмесіне кіргенде де зорлықпен әрең бауыздықтадым. Мен ішкі дауылымды қапшыққа қуып тығып аузын туып тастадым” деп суреттейді. Бұл әрине, грек мифологиясындағы сюжет. Атақты ақын Гомердің “Одиссейдің басынан кешкендері» поэмасында баяндалатын еліне жете алмай сергелдең болып жүрген, желдің соғысы тоқтамай біресе оңтүстікке, біресе солтүстікке лақтырып тастап жүрген желді жеңе алмаған, бағындыра алмаған Одиссейдің шарасыз күйі көз алдымызға келеді. Бірақ мейірімді жел құдайы Эол Одиссейге көмектесіп, кетерінде ол бір үлкен қап береді. Бұл қаптың ішінде Эолға бағынышты желдер болатын. Бостандықта қалған жалғыз жел – Зефир Одиссейдің кемесін Итакаға айдауға, жеткізуге міндетті болды. Эол бұл қаптың аузын Итакаға жеткенше мүлде ашпауын сұрайды. Кеме он күн жүріп Итака жағалауына жақындағанда құдайлар Одиссейді қалың ұйқыға батырады. Сол сәтті пайдаланған серіктері Одиссейдің қаптың аузын жол бойы ашпай келе жатқандығын, Эол бір қап алтын мен күміс сыйлағандықтан, Одиссей бізден жасырып келе жатыр, бөлісуіміз керек деп ойлап, қаптың аузын ашып жібереді. Сол кезде бостандыққа шыққан желдер алапат дауыл тұрғызып, кемені қайтадан Эол аралына айдап әкеледі. Міне, әлем әдебиетін жетік білетін, оның әдемі үлгілерін өз шығармаларында кеңінен пайдаланатын Кобо кейіпкері де іште булыққан ашу демейді, іште булыққан дауыл дейтіні сондықтан.

“Құм құрсауындағы әйел” романында жексенбі күні жәндік жинауға шыққан бұл жанды ауыл тұрғындары шұңқырға алдап әкеліп, тұтқында ұстайды. Істерге амалы қалмаған бұл байғұс терең шұңқырда күн сайын әйелмен бірге құм тазалауға мәжбүр болады. Таусылмайтын шексіз, шетсіз, толассыз, үнемі қозғалыста құмды күреп тауысу да мүмкін емес. Бұл тұста жапон жазушысы Кобо Абэнің әлем әдебиетінде грек мифологиясы бойынша белгілі “Сизиф еңбегі” тіркесінің мағынасын ұлттық колоритте ашып отыр деуге болады. Автор Сизиф туралы мифті сол күйінше қайталамай, өз еліндегі парилер кастасының тағдырымен қабыстыра берген. Жапон тарихынан білетініміздей, 1858 жылдан соң парилер кастасы (ЭТА) ресми түрде жойылған. Бірақ шын мәнінде күні бүгінге дейін өмір сүріп келеді. Автор баяндауындағы ауыл тұрғындары осы ЭТА кастасына жатады. Осы тұста Кобоның өз кейіпкері Никидің басына түскен қиындықты – грек драматургы Эсхилдың “Жалбарынушылар” трагедиясындағы Аид патшалығына түскен Данай қыздарына берілген жаза – түпсіз құмыраға су толтыру жазасымен ұқсас келетіні байқалады.

Шұңқырға тап болмас бұрын Ники құм туралы көп ойлайтын, өз бетінше ізденіп, зерттейтін. Кобо үшін құм болмысты сора бастаған, тұрақсыздық, сенімсіздік, қиындықтың символы, уақыттың үздіксіз сырғуы, адамға өз тағдырын аяусыз мойындатудың символы болатын. Бұл тақырып Батыс Еуропа әдебиетінде үнемі көтеріліп келеді, әсіресе экзистенциалдық бағытта. Осы тұста да интертекстуалдылық элементі айқын көрініп отыр. Абсурд театрының өкілі Сэмюэль Беккеттің “Керемет күндер” шығармасының кейіпкері де құмға батып кетеді.

Көркем әдебиеттің өзіне тартар тылсым күштерінің бірі – адамның ішкі әлемінің құпиясын ашуға ұмтылу, жан толғанысын толыққанды бейнелей алу қабілетімен астасып жатыр. Бұл күнделікті тіршілікте мүмкін емес. А.Есин: “Психологизмдегі әдебиеттің өткен ұзақ тарихи құпияларының бірі – адам жаны туралы айта отырып оның әрқайсысымен жеке-жеке сұқбаттасқанда болады” [4., 73] деп жазғанындай, психологиялық прозаның адам санасына етер ықпалы, оның эстетикалық-эмоциялық күйіне әсері ерекше екені белгілі. Зерттеуші Г.Пірәлиева: “Психологиялық прозаның басқа көркем прозадан айырмашылығы – адам баласына тән жан құбылыстарын, ішкі және тысқы сезім түзілістерін тереңдей зерттеп, “ойға ой, көңілге күй” түсіріп, толғай және толғана білуде болса керек” деп жазды [5., 117]. Расында да психологиялық прозада қолданылатын әдеби тәсілдер шығарманың сюжеттік,

композициялық, стилистикалық элементтерін ерекшелендіріп, кейіпкердің психологиялық күйін оқырманға ұсынады.

Аллюзия – (латын тілінен аударғанда – мезгеу, қалжың) – әдебиетте, шешендік өнерде, ауызекі сөйлеу тілінде танымал айтылымдарға немесе тарихи, әдеби, саяси деректерге, не көркем шығармаларға жасалатын сілтеме. Кобо романдарында аллюзияны көптеп кездестіреміз. Автор құбыжық бет туралы әңгіме қозғағанда “Поп – шапаннан, солдат – пагоннан” деген Карлейль жазбасын еске түсіреді. Карлейль жазғандай құбыжық бет жүректі құбыжыққа айналдыратындығынан қорқады. Құбыжық бет адамды жалғыздыққа итермелейді, ал жалғыздық жүректі мұздатады. Жүрек жылуы сәл мұздаса адамдармен байланысып тұрған жібінің үзіліп, құбыжықтың нақ өзіне айналуан қорқады. Одан соң құбыжық Франкенштейн туралы романды сөз етеді. “Өзінің құбыжық екенін сезген құбыжық бір ғана нәрсені көксемек – өзін-өзі жалғыздық құшағына жерлеуді ғана көксемек. Төңірегіндегілердің әлжуаздығы құбыжықтың қиратуға деген тәбетін ашады. Демек, бұл әлемде күйретуге лайық немесе зорлық жасауға ыңғайлы құрбандықтар болып тұрғанда, құбыжық зорлық жасауға үнемі құлшына бермек. Демек, құбыжықты тудыратын құрбандықтардың өзі деуге болады” [2.,185].

Аллюзияны “сақал” мәселесіне қатысты жиі кездестіруге болады. Кейіпкер іштей сақалға қарсы, өйткені сақал дегенде оның ойына вокзал алдында тұратын теке сақал полицейдің бейнесі келеді. Өткен ғасырда сақал үйреншікті әдет болса, қазір, жиырмасыншы ғасырда ерсілеу ма қалай деп, әр ғасырдағы сақалға қатысты оқиғаларды еске салып өтеді. “Сақалдар бандит немесе батыр сақалдармен шектелмейді. Пайғамбарлардың сақалдары бар. Лениннің сақалы да есте, оған Еуропа ақсүйектерінің сақалдарын қосыңыз. Ол аз болса Фидель Кастроның сақалы бар. Оларға қазіргі жастар әуестеніп жүрген өнер адамдарының сақалдарын қосыңыз” [2., 203]. Жалпы, “сақал” деген сөз біздің қазіргі қоғамда да жақсы стереотип емес.

Қызмет етуден басқаны білмейтіндей қонақ үй меңгерушісі, қолына ақша ұстағанына мәз болып, оқыс сөзуарланып, өз өмірбаянын әңгімелеуге кіріскен, бірақ құдай ондап қолындағы кілтін еденге түсіріп алып қана сөзі бөлінген күлкілі де пысық әйел бірден Бальзактың Воке ханымын еске түсіреді. Оған да өз пансионында кімнің жатқаны маңызды емес, ақшасы болса болды, ақша десе құрдай жорғалайтындығын жақсы түсінікті.

Кіндік ортасы биік бетке жататын әйелінің бетін психоморфология әдісіне салып, төңіректе не болып жатқанына негізгі мән беретін пенде қатарына жатқызып, әзілге айналдырып, қалжыңдай отырып, оның мектептегі лақап есімі Будда болғандығын меззейді. Бұл да аллюзияның негізгі белгісі. Мұны алғаш естігенде ол рақаттана күлген. Енді адам бетіне мән беретін жағдайға жеткенде, ол Буддаға теңеуінің дұрыс екендігіне көз жеткізеді. “Сенің Будда ескерткішіне зәредей де ұқсастығың жоқ еді. Алайда, сен қаласаң безерген сап-салқын тас бейнеге айнала салар едің. Менің пайымымша, сенің дидарыңда салқындықтан гөрі сезімталдық басым. Блан теориясына салып сенің жаныңа тереңдеп үңілер болсақ, онда сол тереңде Будданың отырғанын көрер едік. Сен төңірегінде не болып жатқанын зерделеп жүресің. Бұл қасиет, адам, қалыңдығы бір метрлік резина кигенмен пара-пар. Ешқашан, еш жеріңді ауыртып алмайсың. Көзіңді сығырайтып төңірекке миық тарта жұмсақ қарау – Будда дидары емес пе? Бұндай дидарлы адам қиындықты күліп жүріп-ақ жеңбек. Сәл қашықтай қарасаң бұл жан балқытар жымыс. Алайда жақындаған сайын миық күлкі бұлдырлана түседі. Сені Будда ескерткішіне теңеген кім де болса айнытпай дәл тапқан” [2., 182]. Әйелінің бет әлпетін, оның мектептегі лақап есімін әзілдей отырып жеткізгенімен, астарында кейіпкердің әйеліне деген риясыз көңілі, пәк махаббаты жатыр. Жапон халқы ерекше құрмет тұтар Будда ескерткішімен қатар қойып суреттеуінің өзі – осының айғағы.

Бетперде ғасырында бетпердеге қарсы жасалатын үкіметтің әрекетін “үкімет болса ылғи да шабан қимылдайтыны белгілі. Алдымен бетпердеге бақылау қояды, бетперде кию ұсақ қылмыстар қатарына жатқызылмақ. Бұндай дәрменсіздік бетперде жасайтын фабрикалардың, қара базардың гүлденуіне апарып соқпақ” деп кезінде Америкада ішімдікке тыйым салған заңға сілтеме жасайды.

“Құм құрсауындағы әйел” романында да аллюзияның бірнеше үлгілері кездеседі. Құмның ерекшелігі туралы айта келіп, құм көшкіні туралы сөз болғанда “дәл осындай құм көшкіндері кезінде гүл жайнаған қалалар мен ұлы патшалықтарды көміп, жұтып қойған. Мұны не деп атайтын еді... Иә, таптым, Рим империясының құрдымға кетуі. Ал Омар Наям жырға қосқан қалалар ше... Мызғымастығына ешбір жан күмәнданбаған көне қалалар. Алайда түптің түбінде, солардың өзі де диаметрі сегізден бір миллиметр ғана болатын құм көшкінінің заңына төтеп бере алмады емес пе?” [2., 37] деп түрлі тарихи деректерге мезгеу жасайды. Басына түскен қиындықтан шығудың жолын қарастырғанда да “Колумб жұмыртқасы туралы мысалды” есіне алып, ең дұрыс шешімнің қарапайым болып келетіндігіне көз жеткізеді.

“Құм құрсауындағы әйел” романының негізгі кейіпкері Ники өз әріптесі кәсіподақ комитетінің белсенді мүшесін Мебиус таспасына теңейді. Мебиус таспасы бұл – бір рет шыыршықтап, екі ұшын біріктірген бір бет қағаз. Міне, осы Мебиус таспасы тәрізді кісілер қызға қырындаған кезде, әдетте, тамақтану мен талғам туралы ұзақ-сонар әңгімеден бастайды. “Әгерки, аш адамды алайық, аштықтан бұралған адам үшін тамақ болса болды, оған бәрінің дәмі бірдей – Кобәден әкелінген сыыр еті де, қуырылған хиросималық шаян да” деп танысын қағытқан болып отырып, жапон тағамдары туралы айтып өтеді.

Кобонның аталған шығармаларында қолданған теңеулері де ерекше: “терезедегі жылт-жылт еткен электр жарығын «қара тақтадағы ақ бордың ізіндей», ұсақ-түйекке мән беруді “ойға алған жоспарың сабын қағанақтай бырс-бырс жарылып түк қалмас», қақ бөлінген кітапты “шіріген жұмыртқаға”, ал ішкі әлемін “шіріген жұмыртқаның сұйығындай” деп салыстырады. Одан басқа “оттай жанып, жың қаққандай, қуысқа тығылған аңдай, әңгімеміз қиылыспайтын теміржолдай, көңіл-күйім мөлдір сулы стақанға қара бояу құйып жібергендей, біреу көз қиығын салса ине сұққандай жаны шығады, осы түріммен бұралқы иттей қадірім жоқ, сүліктің індеріндей шұрық тесік, су

ағысын қалай бағыттауды білген кетпенші тәрізді, қанат байлап ұшқандай кейіпте, піскен шиедей, шынжыр моншақтай, тығырыққа тірелген аңдай, лай судай бұлыңғыр тұман, аңғал сәбидей, электронды таразыдай, сіріңкенің талындай, кәнігі саудагердей, басы айналған тоқтыдай, жаңбырдың астында қалған қағаз батпырауықтай күйкі халде, арадай талаған ой, буланған терезедей, тәбеті ашылған мешкейдей” т.б. Әсіресе, жапон халқының ғасырларға жалғасқан тіршілігіне, күнкөрісіне орай “балыққа” қатысты теңеулер жиі кездеседі: “сен үндемейтін балық емессің ғой», “иістенген балық майы тәрізді, “қалбырдағы бұқтырылған балықтікі тәрізді”.

Автор туындыларында күнделік жанрының үлгілерін де ішінара кіргізіп отырған. Ол кейіпкер жазбаларынан анық көрінеді. Аты жоқ кейіпкерінің басынан кешірген қиындығын сөзбен айтып жеткізу мүмкін болмаған жағдайда суреткер монологтарды да шебер пайдалана білген. “Беті қалпындағылардың біз сияқтыларда шаруасы жоқ болатыны несі екен. Сонда бет дегенің шешуші мәнге ие болғаны ма? Жоқ, менің тағдырым тым әдеттен тыс, тек менің жеке басыма ғана орнаған хал. Жұрт ашаршылық, табиғат апаты, сырқат, жұмыссыздық, бақытсыз махаббат, ашылған қылмыс тәрізді қасиеттерді түсініп көңіл бөледі. Мүсіркейді. Ал, менікі ше? Менің қасіретім ше? Менің қасіретім тек менің қасіретім болып отыр. Оны жұрт ұқпақ емес. Ұқпақ тұрмақ менен жұрт ат-тонын ала қашпақ. Мен байғұстың тіпті наразылық білдіруге де шамам жоқ екен” [2., 185].

Афоризм – авторы белгілі, терең мағыналы, ықшам да көркем сөз тіркесі, үлгі-өнеге түріндегі тұжырымды ой. Нақыл сөз (афоризм) – мағынасы терең, ойды қысқаша бейнелейтін, мақал-мәтелге ұқсас, айтуға оңай көркем сөз тіркесі. Яғни қысқа, әрі ойлы, авторы белгілі, тұжырымды ереже-қағидалар. Афоризм – қысқа сөзбен түйінделген тиянақты, бейнелі ой. Кобо Абэ әдеби-көркем шығармашылық еңбегінде афоризмге үлкен мән беріп, оны жинауға ерекше көңіл бөледі. Ол ертедегі ел арасындағы көнекөз қариялар немесе әлем әдебиетінің белгілі майталмандары айтқан афоризм сөздерді жадында сақтаған, қажеттілерін хатқа түсіріп алып отырған. Солардың бірқатарын келтірсек, “тішімсіздіктің өзі – күштіліктің ең жоғарғы көрінісі” [2., 31], “қылмыскердің жазасын тартқызу дегеннің өзі – оның әрекетінің өтемі қайтқанын мойындаудан өзге түк те емес” [2., 44], “жазушы болуға құлшыну – өркөкіректіктің ең қарапайым түрі. Бұл да қуыршақ ойнатушы болуға тырыса отырып, өзін сол арқылы басқа қуыршақтардан бөлектей бастау сияқты қылық” [2., 84], “қайшылық болмаған соң теңеу де жоғалады. Қайшылықтың болмауы деген сөз – азғындау”, “қарқынды ыңғайластық арқасында қарқынды қарсылық туындайды” [2., 177], “жазу – болған жайды тек әріппен өрнектеу емес, жазу – басыңды тәуекелге тігіп сапарға шығу” [2., 234]. Расында ол жазды, көп жазды. Тіпті дамылсыз жаза берсем деп ойлады. Бірақ ешқашан қолы жетпейтін қызға керемет сыйлық табам деп тыраштанған ұсқынсыз пенденің күлкілі күйіне түсіп кетуден сақтанып, дер кезінде өз-өзін ірке білді. “Тіршілік мұраты – бостандықты ысыраптау. Адам пенде үнемі өмір мақсаты тек молайту деп біледі. Бұл бостандық дегенің ылғи қат, зәрулігінен туған қиял” немесе “бостандық деген уыты күшті дәрі, аздап ішсең – шипа, көп ішсең – зала” [2., 236]. “Эталонға ұмтылу – өзгеге ұқсауға ұмтылу” [2., 178]. “Адамның өз-өзінен бір минут те болса қашып құтыла алмауы – абақтыны абақты ететін қасиет” [2., 187], “жыныңды шығару – өз денсаулығыңды сақтаудың бір жолы” [2., 192], “бетперде дегеніңіз ойынның бір қатал түрі – көремін дегеніңді көре алмайсың. Бұл – адамдардан жасырынудың бір тәсілі” [2., 192], “ашық теңізге өз еркінмен шықтың екен, кейін қайтар жол жоқ екен, онда өкпелеуге хақың жоқ” дегені қазақтың “тәуекел – түбі жел қайық, өтесің де кетесің” деген ойымен үндес келіп, бел шешіп, өзін шешім қабылдап кіріскен әрекетіңнен бас тартпау керектігін шегелеп айтып өтеді; “әйел неғұрлым боянған сайын оны азғыру соғұрлым жеңіл болмақ”, “заң, салт-дәстүр, тәртіп дегенің жұп-жұқа бет теріңізбен қапталған, сәл түртсең шашылып қалуға даяр тұрған құм қамал”, “әрекетсіз отырсаң пұшаймандық иектегі бастайды” “өз-өзіңе деген құрмет ұятсыздықпен қоян-қолтық тірлік кеше береді”, “қызғаныш деген құқын ұмытпаса да, жауапкершілікті ұмытып кете беретін еркетотай бикеш тәрізді” деген сынды афоризмдерді аталған туындыдан көптеп кездестіруге болады.

Цитата – (латын тілінен аударғанда – келтіремін, шақырамын) – автордың өз мәтініне өзге біреудің сөзін енгізуі. Әдетте, цитата жаңа шығарманың мағыналық аясына енгізілген өзге шығарманың белгісі немесе өзгенің мәтіні немесе өзге мәтіндер тобы болады. Цитатаның екі түрлі қызметі болады, ол жаңа мәтіннің бір бөлігі бола отырып, ескі мәтіннің де мағыналық бөлшегі [3., 235]. Реминисценцияға қарағанда цитата біршама аяқталған, өзге мәтін ретінде анық аңғарылады, ол графикалық, синтаксистік немесе пунктуациялық түрде айырмашылықпен көрсетіледі. “Мақсат – зерттеу нәтижесі емес, зерттеу барысы, міне, сол мақсат” [2., 237] деген цитатаны пайдалана отырып, өзінің дәлелдемек болған теориясымен қабыстырады. Оның ойынша, зерттеу барысы деген – материяға қатысты бостандықты жоғалту деген сөз. Ал мұның астарында мақсат пен тетікті шатастырмау жайлы, нәтижеге тым үлкен мән бермеу жайлы ой жатқаны айқын. “Өзің сүйген жаннан махаббат талап етуге сенің қандай құқың бар” [2., 195] деп бір ақын сөзін ала отырып, кездескен кезде өзін мүсіркеп, ықылас жасағанымен, етегін түргізбеген әйеліне еш ренжи алмайтынын тілге тиек етеді. Әйелінің бойында өзіне деген тек аяушылық сезімнің қалғандығына іші өртенеді. Өз әйелін түсінуге қанша тырысып, ұмтылғанымен, ол құбылып біресе нүктеге, біресе тұзу сызыққа, біресе тегіс тақтаға айналып, ақырында пошымсыз мөлдір рух қалыпқа еніп кейіпкердің бес сезімі бірдей құрған тордан сырғанап өтіп кетеді.

Қорытынды. Кең тыныстылығы, жаңашылдығымен ерекшеленетін жапон интеллектуалды прозасының көрнекті өкілі Кобо Абэ шығармашылығы сюжеттік желі мен мекеншақ категориясына тәуелсіз, постмодернистік эстетика талаптарын жүзеге асырған туындылардан тұратындықтан онда интертекстуалдылық элементтері көптеп кездестеіндігін зерттеушілер айтып та, жазып та келеді. Жазушы ежелгі даналар сөздеріне, сопылық ілім өкілдеріне, діни мазмұндағы кітаптарға, батыстық философияға, публицистикалық материалдарға, ғылыми-танымдық мақалаларға сілтеме жасап, олардан үзінділер де келтіріп отырады; бұлар кейде астыртын түрде, баяндаушы немесе

кейіпкердің монологында қоса беріліп отырады, бірақ соның өзінде ол сөздердің түп тамыры айқын танылып отырады. Бұл өз кезегінде Кобо Абэ шығармашылығының постмодернистік эстетикаға толыққанды жауап беретін шығармалар екендігін дәлелдейді. Кобо Абэ “Бөтен бет”, “Құм құрсауындағы әйел” романдарында интертекстуалдылық элементтері: реминисценция, аллюзия, цитата, афоризмдерді жазушы жайдан-жай пайдаланып отырған жоқ. Интертекстуалдылық құралдар арқылы автор өзінің көпшілік оқырман қауымға жетізгісі келген ойлары мен пайымдауларын безендірді. Көпшілігін туралап, ашық айтпай, тұспалдап отырып жеткізді. Постмодернистік бағытта жазған жазушының туындыларындағы көтерілген негізгі мәселелерді, тіпті шығарманың идеясын дәл айнытпай таба білу үшін де реминисценция, аллюзия үлгілерін таба білудің, астарын аша білудің мән-маңызы зор. Постмодернизмде мәтінге ерекше көңіл бөлінеді, ал мәтіннің өзі өмірді суреттеуден немесе өмір туралы ой қорытудан тұрмайды, үзінділер, цитаталар, түрлі пікірлерден құралады. Бір мәтінді әртүрлі интерпретациялау, әдеби ойын, өткен мен бүгінгіні пародиялау арқылы қоғамдағы қарама-қайшылықтарды, оның адам санасындағы көрінісін, трагедиялық дүниетанымын суреттеу, жай суреттеу емес көпмағыналылыққа бой алдырып, адам ойына күдік кіргізіп суреттеу – постмодернизмге тән құбылыс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Тоқшылыкова Г.Б. *Интертекстуалдылық – мәтіндер арасындағы байланыс. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. №1(51), 2015. 189-195бб. – журналдарда жарық көрген мақалалар*
- 2 Кобо Абэ. *Кэндзабуро Оэ. Құм құрсауындағы әйел. Бөтен бет. Жапон жаны. –Астана: Аударма, 2006. - 477б. – кітап*
- 3 *Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. /Құраст.: З.Ахметов, Т.Шаңбай/ -Семей-Новосибирск, “Талер-Пресс”, Үшінші басылуы. 2006, -398б. – кітап*
- 4 *Есин А.Б. Сюжет и конфликт в рассказе // Лит. учеба. -Москва, 1985. №3. С. 224-228. – кітап*
- 5 *Пирәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. -Алматы: Алаш, 2003. 221б. – кітап*

References:

1. Tokşylykova G.B. İntertekstualdylyq – mätinder arasyndağy bailanys. Abai atyndağy QazŪPU Habarşysy. «Filologia ғылымдары» seriesy. №1(51), 2015. 189-195bb. – jurnaldarda jaryq körgen maqalalar
2. Kobo Abe. Kendzaburo Oe. Qŭm qŭ rsauyndağy äiel. Böten bet. Japon jany. –Astana: Audarma, 2006. -477b. – kitap
3. Ädebiettanu. Terminder sözdigi. /Qŭrast.: Z.Ahmetov, T.Şañbai/ -Semei-Novosibirsk, “Taler-Pres”, Ūşınşı basyluy. 2006, -398b. – kitap
4. Esin A.B. Süjet i konflikt v rasskaze // Lit. ucheba. -Moskva, 1985. №3. S. 224-228. – kitap
5. Pirälieva G. Kŏrke m prozadağy psihologizmnñ keibir mäseleleri. -Almaty: Alaş, 2003. 221b. – kitap

МРНТИ 17.07

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.72>

Юсуп А.Н.,¹ Юсуп П.Қ.²

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

*² Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

М.ЖҰМАБАЕВТЫҢ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақтың ұлы ақыны М.Жұмабаевтың балаларға арналған көркем туындылары сөз болады. Ол – қазақтың поэзия әлемінде терең із қалдырған, сөз өнерінің құдіретін асқақататып, өлең теориясында өзіндік көркем өрнек тудырған, терең мұң-сырға, асқақ арман мен ұшқыр қиялға толы өлең дүниесін кейінгі ұрпаққа мирас етіп қалдырған ақындарымыздың бірі. Оның өр тұлғалы поэзиясына ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ сахарасында болған небір шытырман оқиғалар мен тартысты жағдайлар арқау болған. Ақын өмір сүрген заман аумалы-төкпелі әлеуметтік-қоғамдық өзгерістерге толы болды. Сол себепті де ақын шығармашылығы біз үшін көп уақыттарға дейін жабулы қазандай тұңғыық қараңғылықта қалды. Тәуелсіздіктің ақ таңы атқаннан кейін ғана қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ұлы тұлғаларының бірі Мағжан ақын халқына қайта оралды.

Түйін сөздер: ұлт әдебиеті, балалар әдебиеті, поэзия, аударма, өнер, білім, ағарту

Yusup A.,¹ Yusup P.²

¹ *Kazakh National Pedagogical University of Abay,
Almaty, Kazakhstan*

² *Kazakh National Women's Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

WORKS OF M.ZHUMABAYEV FOR CHILDREN

Abstract

This article will focus on works of the great Kazakh poet M. Zhumabaev for children. He is one of our poets who left a deep mark in the world of Kazakh poetry, praising the power of the art of words, creating a kind of artistic expression in the theory of poetry, transmitting to descendants a world of deep feelings, lofty dreams and sparkling fantasies. His postures were preceded by stormy adventures and tense situations that took place in the Kazakh steppe at the beginning of the 20th century. The time during which the poet lived was filled with dramatic social changes. Therefore, the poet's work remained in the darkness of the abyss, which for the time being was closed to us. Only after the onset of independence Magzhan, one of the greatest figures of Kazakh culture and literature, returned to his nation.

Keywords: national literature, children's literature, poetry, translation, art, education, enlightenment

Юсуп А.Н.,¹ Юсуп П.К.²

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан*

*² Казахский национальный педагогический женский университет,
Алматы, Казахстан*

ПРОИЗВЕДЕНИЯ М.ЖУМАБАЕВА ДЛЯ ДЕТЕЙ

Аннотация

В данной статье речь пойдет о художественных произведениях для детей великого казахского поэта М. Жумабаева. Он один из наших поэтов, оставивший глубокий след в мире казахской поэзии, воспевающий могущество искусства слова, создающий своеобразное художественное выражение в теории поэзии, передающий потомкам мир глубоких чувств, возвышенных мечтаний и искристых фантазий. Его поэзии предшествовали бурные приключения и напряженные ситуации, происходившие в казахской степи в начале XX века. Время, в течение которого жил поэт, было наполнено резкими социально-общественными изменениями. Поэтому творчество поэта осталось во мраке бездны, которая до поры до времени была закрыта для нас. Только после наступления независимости Магжан, один из величайших деятелей казахской культуры и литературы, вернулся к своему народу.

Ключевые слова: национальная литература, детская литература, поэзия, перевод, искусство, образование, просвещение

Кіріспе. XX ғасырдағы ұлт әдебиетінің қалыптасу тенденциясы мен даму бағытын айқындауда Алаш оқымыстыларының орны ерекше. Ескіше білім берудің заман талабы мен қоғамдық сұранысқа жауап бере алмайтын мүшкіл халі, орыс-қазақ бастауыш мектептеріндегі орысша оқытудың доминанттық жағдайы қазақ ұлтының келешек дамуына қаншалықты кері әсер ететінін жандүниесімен түсінген алаштықтар бұл мәселеге жан-жақты әрі терең дайындықпен кірісті. Жалпы танымдық қабілеті табиғат заңдары мен сөз өнеріне жақын келетін қазақ халқының осы ерекшелігін олар аса қатты ескерген сияқты. Өйткені сол кездегі білім беру мен ағарту жұмыстары әдеби даму үдерісімен қатар жүргізілді. Алғашқы әліппе мен сауат ашу, есеп құралдары мен табиғаттануға арналған құралдардың мазмұны осыны көрсетеді. Білім беру мен ағарту және ғылым салаларын ұлттық дүниетаным мен тілдік ерекшеліктерге сай қайта жаңғырту үшін арнайы жұмыс топтары құрылып, кімнің қай салаға жауапты екендігі, кім қандай еңбек жазатындығы да ортақ пысықталғанға ұқсайды. Педагогика, психология, арифметика мен ті-әдебиет бойынша сол кезде жазылған ғылыми-теориялық еңбектер мен зерттеулер қазақ ғылымының бүгінгі жетістігінің алғашқы бастаулары болатын. Осындай ұлы мақсат, келелі істің басында Алаш көсемдері Әлихан Бөкейханұлы мен Ахмет Байтұрсынұлылар тұрды.

Әдістеме. Осы ұлт зиялылары мен кемеңгерлерінің ішінде Мағжан Жұмабаевтың алатын орны ерекше. Ол – қазақ, түркі әдебиетінің ұлы классигі. Ақынның замандасы, оның шығармашылығына тұңғыш әдеби сын айтып, айрықша жоғары бағалаған Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, «Өзгеден гөрі әлеуметтің мұнын баса жақтайтын ақын болуы керек. Өйткені ақын қоғамның қарапайым тырна қатар топас мүшесі емес, өзгелерден гөрі сақ құлақты, сезгіш жүректі, сара ақылды, өткір қиялды мүше» [1, 297]. Жазушы сөзін пайымдар болсақ, М.Жұмабаев – поэзиясына өз заманының кез келген оқиғасын арқау еткен тілдік тұлға. Сол себепті ақын шығармашылығында оның тілдік тұлғасын айқындайтын, оның дүниетанымы мен түйсігінен мол хабар беретін концептілер шоғыры жетерлік. Оның өмірінің мәні болған «Дала», «Туған жер», ақын сенген құдіретті күш – «Көк Тәңірі», «Түрік», шуағымен жер жүзін

жылытқан «Күн», т.б. концептілер акын поэзиясының алтын дінгегін құраған. «Мағжан бүкіл ұлтқа тән ұғым-сезімнің, поэтикалық өнердің шекарасын кеңейтіп, қазақ әлемінің жан дүниесін ашып берді. Оның таза қазақтық рухы кімнен де болса жоғары. ...Мағжан суреткерлігі бүкіл қазақтың өмір үшін күресі мен қайғысын тұтас қамтиды. Халықтың сан-салалы тіршілігінің ол үшін бөтені жоқ. Бәрі де Мағжан қаламында өлең боп ойнап, сыңғырлап, сылдырап, жалтырап кетеді. Барлық ұлы ақындар сияқты, Мағжанға да шындықты сезінудің сиқырлы күші дарыған. Мағжан ақындығының құпиясы оның өз тұсының шындығын дәл бейнелуінде ғана емес, өлеңінің сиқырлы күшінде. ...Ол бірде өмірдің күлкісіндей қуанышты бейнелесе, бірде жылаған, қайғы тұтқан қазақтың жан сезімін көрсетеді, ақын ойындай алмасып, ауысып жатқан дүниенің бір сәттік қозғалысын көз алдына әкеледі және ол лып етіп өте шығады. Мағжанның ақындық жолының күрделілігі де осында» [2, 38].

Талқылау. Оның азаматтық, ақындық жолы бір бөлек те, ұстаздық, ағартушылық жолы бір бөлек. Ол өзінің қысқа ғұмырын қазақ халқының бақыты мен болашағына арнады. Ұлтты бақытқа жеткізудің жалғыз жолы оқу-ағарту ісі екенін Мағжан ерте ұқты. Сондықтан да өз өмірін осы игілікті іске арнады.

Ақын шығармаларының үлкен бір арнасы-халық ағарту ісі, білім беру және педагогика саласы. XX ғасырдың 20-30 жылдарында мектеп оқушылары мен мұғалімдерге арнап «Педагогика», «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні» еңбектерін жариялады. Жалпы бала тәрбиесінде Мағжан ешқандай зорлық-зомбылықтың болмауын ұсынады. Балаға мейірбандылық тәрбиесін беру керектігін айтады. Ол: «Баланы жазамен қорқыту еш дұрыс емес. Баланы ұру, соғу ісі адамшылыққа ұнамайтын іс. Ұрылып, соғылып тәрбиеленген бала жанының бар жақсы мінездерінен, ақылынан, есінен айрылып, миғұла болады. Сужүрек, жасқаншақ болады» [3, 45], - дейді. Соған орай осы кезеңдегі қазақ педагогтарының бала тәрбиесіндегі ұстанған қағидасы ізгілікті педагогика болды. Өзінің «Педагогика» еңбегінде ол бала тәрбиесін төртке бөледі, яғни дене, ақыл, тәрбие, сұлулық. «Балам адам болсын десең, осы тәрбиені дұрыс орындасын», - деп көрсетеді. Сондықтан өз еңбегінде «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбиесіне қатысты ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар», -- деп көрсетеді.

Мағжан шығармаларында XX ғасырдың басында басты тақырыптардың бірі болған оқу-білім тақырыбы ерекше орын алады. Ақын өзінің алғашқы шығармаларының бірі «Жатыр» деген өлеңінде:

Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,
Кілтін де өнер-білім ашып жатыр.
Бірі – ай, бірі – жұлдыз, бірі күн боп,
Жалтылдап көктен нұрын шашып жатыр,

- дей келіп, өз жұртын да сондай өнерлі елдерден үлгі алып, ілгері ұмтылуға шақырады. Осы ойын балаларға арналған «Өнер-білім қайтсе табылар», «Қазағым», «Қарағым», «Балалық шақ», т.б. өлеңдерінде тереңдете түседі, жастарды бойқүйездіктен арылып серпілуге, білім алып, халқына қызмет етуге үндейді. «Өнер-білім қайтсе табылады» атты өлеңін де жастарға арнап, өзінен кейінгі іні-қарындастарын оқуға жұмылдыруға арнап жазған. «Жақын, туған, бауыр, туған ауылға айналмай», жастардың қалаға барып оқу оқығандығын мақұлдайды.

Балалық шағы,
Патшалық тағы,
Ала алмас оны бағалап,

- деп басталатын келесі бір тамаша жырын ол ауылда ойын қуып жүрген балаларға арнайды. Оларға ақыл-сананың таза кезінде бойға тек асыл қасиеттерді сіңіруге кеңес береді.

Жастық – алтын,
Қуып қал салтын.
Салты оның үйрену.
Өнер қуып, белді бекем буып,
Надандықтан жирену.
Өрге, қарғам, ұмтыл!
Аты өшкірден құтыл! – дейді.

Баланың құлағына жағымды «қарағым мен шырағымды» қолдана отырып, айтқан ойын сәби санасына ұялата білген. Жалпы қазаққа үндеу тастаған ақын білімге ең алдымен балаларды баулу керектігін баса айтады. Бұл тұста ол балаларға арнап «Ертеңгі сәулелер» атты өлеңді орысшадан аударды. Түпнұсқа авторы белгісіз бұл өлеңнің аудармасы сәби ұғымына сай көркем шыққан. Сюжеті бойынша күн жерге сәуле тастайды, бірінші сәуле бозторғайды оятады, ол ән салуға кіріседі; екінші қоянды оятады, ол жем іздеуге кіріседі; үшінші тауықтарды оятып, олар ертеңгі қарекетіне кіріседі; төртінші бал арасын оятып, бесінші баланы оятады, ол аунап қойып ұйықтай береді. Ақын Абай үлгісімен қорытынды жасайды, яғни білімнің сәулесінен қашуға болмайды, қайта шырт ұйқыдан ояну керек. Осыған үндес балаларға арналған «Қарағым» атты өлеңі де бар. Ол қазақтың тұңғыш педагогі Б.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» өлеңімен сарындас.

Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!
Ойынға, құр қаларсың, көңіл берме.
Оқымай ойын қуған балаларға
Жолама, шақырса да қасына ерме!
Кідірме, аяңдама, алға ұмтыл,
Алам деп көктен жұлдыз қолың серме.
«Қарманған қарап қалмас!» - деген рас сөз,
Тоқтамай істе болсаң батып терге.
Жасынан оқу оқып, өнер қуған,
Жан жетпес көңілі жүйрік емеңгерге.
Білімсізг құр қалтақтап жүргенменен,
Ерте өлген, көмілулі қара жерге [4, 32].

Бұл шығармасында ақын болашақ ұрпаққа жастық шағынды бекерден-бекер өткізбей, оқу оқы, еңбек ет, еңбегің еш қалмайды, өнерлі, білімді болсаң, жұлдызың жарық, шығар тауың биік болады деп өсиет айтып, бата береді.

Белгілі кеңес жазушысы С.Мұқанов ақынның балалар әдебиетіне қосқан үлесі туралы былай дейді: «Мағжанның мәскеудегі өмірінде күрделі көз салған нәрсенің біреуі – балалар әдебиеті... Мағжан балалар әдебиетін жазғанда балаларға өзінің дарашылдық, қиялшылдық пікірін сіңіру үшін жазды» [5, 187]. Мағжанның кішкентай балаларға базарлық ретінде жазған ең алғашқы өлеңдері алғаш Қазақстан оқу комиссариаты шығарған «Жаңа мектеп журналының 1926 жылғы 6-санына «Тегін қосымша» болып басылған кітапқа енеді. Олар: «Бөбектің тілегі», «Ойын», «Балалар атасы», «Ана», «Сылдырмақ», «Сұр құлын», «Сал, сал білек, сал білек», «Немере мен әжесі», «Ана мен бала», т.б. «Бөбектің тілегі» деген өлеңінде ақын баланың арман-тілегін былай береді:

Тоқтышағым тоғыз тап,
Саулық қойым сегіз тап,
Сегізін де семіз тап
Құла бием құлын тап,
Құлын таппа құнан тап,
Құнан тапсаң, семіз тап...

Ал «Ана» деген өлеңінде баланың анасы баласын былай жұбатады:

Бұрыл тайға мін бөпем,
Ақ кызы бар ауылында,
Балпаңбайдың үйіне
Бұрала басып түс бөпем.
Қымызынан іш бөпем...

М.Жұмабаев – балаларға арнап ертегі, дастан, поэмалар жазған ақын. Олар: «Ертегі», «Жүсіп хан», «Ескендірдің мүйізі», «Қойлыбайдың қобызы», «Өтірік ертегі». Мысалы, «Өтірік ертегі» поэма-ертегісінде мысыққа қарсы тышқандар көтерілісі негізгі ойын жеткізу үшін схемалық түрде алынған. Шираз қаласындағы бір тышқан жүзім шарабына тойып алып, мысықтарға соғыс ашады, мысық мешітке барып, тәж киіп, тышқандармен бітісем деп алдауы, тарту-таралғысымен келген тышқандарды қан жоса егуі, мысықты көп тышқанның байлауы, дарға асам деген жерден босап кетуі, ақыры тышқандардың өз ханын құртып, ханды да, мысықты да елден аластатады. Поэманы оқи отырып, баланың өміргедеген көзқарасы, қызығушылығы арта түседі. Жаман мен жақсыны, зұлымдық пен қайырымдылықты ажырата білуге үйренеді. Сол секілді жас жеткіншектің оқуына жеңіл, сюжеті қызықтырып, жалықтырмай оқылатын «Жүсіп хан», «Өтірік ертегі» дастандарын жазған. «Жүсіп хан» поэмасының басталуы:

Бар екен де, жоқ екен,
Аш екен де, тоқ екен.
Ертегі – ертегі – ертегіте
Ала қарға – қазаншы,
Қара қарға – қазаншы.
Шымшық терген шөпшекті

– деп, халықтық сөз бастау дәстүрі мен ақынның өзіндік өлең құраудағы жаңа тәсілімен ұласқан.

Сонымен қатар ақын орыс ақын-жазушыларының балаларға арналған шығармаларын қазақ тіліне аударған. Мысалы, М.Горькийден «Хан мен ұлы», В.Ивановтан «Бала», П.Дороховтан «Большевик баласы».

Қорытынды. Мағжанның балаларға арналған шығармаларды жазудағы мақсаты – бала дүниетанымын байыту, жас жанның жүрегіне ұлылық, ізгілік, адамгершілік қасиеттерін дарыту болды. Ақын өзінің мейірім шуаққа толы

нәзік лирикасы арқылы жас ұрпақтың санасын оятуға тырысты, олардың келешектегі азат өмірін қауіп –қатерден, жат ұғымдардан сейілткісі келді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы. Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар. Құрастырған Әшімханов Д. – Алматы: Жалын, 1992.*
- 2 *Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. –Алматы: Білім, 1995.*
- 3 *М.Жұмабаев «Таңдамалы» А.2003*
- 4 *М.Жұмабаев «Шығармалары» Өлеңдер, пәмалар, қара сөздер. –Алматы: Жазушы, 1989*
- 5 *С.Мұқанов «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» А. 2008*

References:

1. Aimauytov J. Mağjannyñ aqyndyğy turaly. Bes arys: Estelikter, eseler jäne zertteu maqalalar. Qürastyrğan Äşimhanov D. – Almaty: Jalyn, 1992.
2. Qirabaev S. Ädebietimizdiñ aqtañdaq betteri. –Almaty: Bılım, 1995.
3. M.Jümabaev «Tañdamaly» A.2003
4. M.Jümabaev «Şyğarmalary» Öleñder, pöemalar, qara sözder. –Almaty: Jazuşy, 1989
5. S.Müqanov «HH ğasyrdağy qazaq ädebieti» A. 2008

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ PEDAGOGI AND METHODOLOGI PROBLEMS

МРНТИ 16.31.51

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.73>

Акажанова А.,¹Рахимова А.М.²

*^{1,2}Г.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған, Қазақстан*

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Ғылыми мақалада ұлттық ойындар арқылы оқушының дүниетанымын дамытудың педагогикалық шарттары қарастырылған. Ұлттық ойын түрлерін білім беру бағытында қолдану білу, оны білімалушының болмысын дамытуға қолданудағы педагогикалық шарттарының қажеттілігі айқындалған. Ұлттық ойын – ұлттық құндылықтарды тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастыратындығымен ерекшеленсе, ұлттық ойын түрлерін оқу үдерісінде пайдалану ұлттық тәрбиелік білім дағдысын қалыптастырады. Тиімді қолданылған ұлттық ойын түрлері мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтымен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп, тапсырманы ықыласпен сапалы орындайтын болады. Мақалада орта білім беру жағдайында оқушының дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарының үш тобы анықталып, білім беру үрдісінде қолдану жолдары нақтыланған. Ұлттық ойындарды сабақ беру үдерісінде ұйымдастыруды талдай келе, оның бірнеше ерекшеліктеріне тоқталған. Мектеп оқушыларының жеке тұлға ретінде дамуына халықтық педагогиканың мұралары, ұлттық тәлім-тәрбие зор үлес қосады. Тәрбие үрдісінде халық педагогикасының тәлімдерін енгізу арқылы ұлттық құндылықтарын қастерлей алатын азамат дайындауға жол ашылады.

Түйін сөздер: ұлттық ойын, педагогикалық шарттар, дүниетаным, орта білім, интеллектуалдық әлеует

Akazhanova A.,¹ Rahimova A.²

^{1,2} Zhetysu state university named after I. Zhansugurov,
Taldykorgan, Kazakhstan

PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR DEVELOPING A STUDENT'S WORLDVIEW THROUGH NATIONAL GAMES

Abstract

In the scientific article, pedagogical conditions for the development of the student's worldview through national games are considered. The need for the ability to use national games in the educational direction, pedagogical conditions for its application to the development of the student's personality are determined. The national game is a way to recognize national values. The game is distinguished by the fact that it not only teaches children how to overcome the difficulties encountered in life, but also forms organizational skills, and the use of National Games in the educational process forms national educational and educational skills. Effectively used national games help students to listen with great enthusiasm and firmly master the material explained by the teacher. After all, the desire of students is more in the game than in the lesson. After an exciting game, they will quickly become companions and will willingly perform the task efficiently. The article identifies three groups of pedagogical conditions for the formation of a student's worldview culture in the context of Secondary Education, and clarifies the ways of their application in the educational process. Analyzing the organization of National Games in the teaching process, we focused on several of its features. The heritage of folk pedagogy and national education make a huge contribution to the development of schoolchildren as individuals. Through the introduction of the teaching of folk pedagogy in the educational process, it is possible to prepare a citizen who can respect national values.

Keywords: national game, pedagogical conditions, worldview, secondary education, intellectual potential

Акажанова А.,¹ Рахимова А.М.²

^{1,2} Жетысуский университет имени И. Жансугурова,
Талдыкорган, Казахстан

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ РАЗВИТИЯ МИРОВОЗЗРЕНИЯ ШКОЛЬНИКА ЧЕРЕЗ НАЦИОНАЛЬНЫЕ ИГРЫ

Аннотация

В научной статье рассмотрены педагогические условия развития мировоззрения школьника через национальные игры. Выявлена необходимость использования национальных игровых форм в образовательном направлении, педагогических условий их применения в развитии действительности обучающегося. Национальная игра - способ познания национальных ценностей. Игра отличается тем, что не только учит детей преодолевать трудности, с которыми они сталкиваются в жизни, но и формирует организаторские способности, использование национальных видов игр в учебном процессе формирует национальные воспитательные знания. Эффективно использованные национальные игры помогают учителю с большим энтузиазмом слушать и твердо усвоить изучаемый материал. Ведь тоска учеников больше тяготеет к игре, чем к уроку. После увлекательной игры они быстро и качественно справятся с заданием. В статье определены три группы педагогических условий формирования мировоззренческой культуры учащегося в условиях среднего образования и конкретизированы пути ее применения в образовательном процессе. Анализируя организацию национальных игр в процессе преподавания, остановимся на нескольких ее особенностях. Большой вклад в развитие личности школьников вносят наследие народной педагогики, национальное воспитание. В воспитательном процессе через внедрение принципов народной педагогики открывается путь к подготовке гражданина, способного чтить национальные ценности.

Ключевые слова: национальная игра, педагогические условия, мировоззрение, среднее образование, интеллектуальный потенциал

Кіріспе. Қазіргі білім беру бағытында педагогикалық іс-әрекет негізінде ұлттық құндылықтарға бағытталған оқыту жүйесін дамытуға бағытталған шарттарды оқу-әрекетке ендіру мәселесі қажеттілігі айқын. Педагогикалық жүйе белгілі педагогикалық шарттарды сақтағанда дамиды.

Осы орайда оқушылардың дүниетанымдық мәдениетін мектеп жағдайында дамытуды ұйымдастыру жолдары мен шарттарын қарастыруда жалпы педагогика ғылымындағы қалыптасқан тәжірибеге назар аудардық.

Алдымен шарт дегеніміз не екендігіне талдау жасасак, ол белгілі бір жағдайдың туындауы, тіршілік жасау, оқу, еңбек ету, өзгерістер, түрлендірулер үшін қажетті объектілердің жиынтығы. Әрбір нысанның бір-бірімен тікелей және жанама байланыстары бар, олар белгілі бір шамамен сипатталатындықтан, жиынтық мөлшерде жеткілікті педагогикалық шарттарды құрайды.

Әр құбылыстың ақырғы нәтижесі әсер етуші жеке себептерге ғана емес, ішкі және сыртқы шарттардың нәтижесінің ара қатынасынан туындайды. Ғылыми әдебиет көздерінде «шарт» ұғымына бірнеше анықтамалары берілген.

Шарт - қоршаған ортаның қандай да бір үдерісіне ықпал ететін жағдайлар мен факторларды түсіну деп анықталады [1. 230 б.].

Ғалым В.И.Андреев педагогикалық шарттар мазмұн, әдіс-тәсіл элементтерін жасау және пайдалану, мақсатты түрде іріктеудің, мақсатқа жету үшін білім беруді ұйымдастыру түрлерін пайдаланудың нәтижелерін білдіреді деген тұжырым жасайды [2. 301б.].

Ю.К.Бабанскийдің тұжырымдауынша, кез- келген педагогикалық үдеріс белгілі бір шарттарды сақтаған жағдайда табысты жүзеге асатыны және шарттардың тәрбие мақсаттары мен педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастыру үшін ескерілетіндігі мен құрылатындығы айтылған. [3. 170 б.].

«Педагогикалық шарттар» ұғымының өзіне тән белгісі ол оқыту және тәрбие үдерісін құраушылардың барлық элементтерін (мақсаты, міндеті, мазмұны, әдістері, формалары, құралдары) қамтиды.

«Педагогикалық шарттар» мағынасы оқу-тәрбие үдерісінің барлық бағыттарының тиімді қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті объективті және субъективті факторлардың жиынтығы және олар тарихи қалыптасып, бейнелер мен түсініктер түрінде айқындалады [4, 205 б.].

Сонымен шарт - бұл белгілі бір объектінің қызмет етуінің негізі болып, объективті және субъективті, қажетті және жеткілікті деп те жіктеледі.

Әдістемесі. Демек, білім беру жағдайында оқушының дүниетанымдық мәдениетін дамытуды ұйымдастыру үдерісіндегі **педагогикалық шарттарды** оқытушы мен білімалушының өзара түсінісуі, бірлесіп әрекет етуге бейімділігі, бірлескен шығармашылық жұмыстарға негізделетін ұлттық ойын түрлерінен жасалған, сонымен бірге ынтымақтастық іс-әрекеттерге жетелейтін, коммуникативтілік қабілеттілікті қалыптастыратын жағымды педагогикалық жағдай деп есептеуге болады. Сондай-ақ, **педагогикалық шарт** оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыруға бағытталады. Осы уақытқа дейін оқыту үдерісі «оқытушы-оқушы-оқытушы» тұрғысынан сипатталса, қазіргі білім пирамидасының өзгеруі «оқушы-оқытушы-оқушы» қатынастарының объектілі-субъектілі, субъектілі-объектілі, субъектілі-субъектілі байланыстарына негізделуде. Себебі, жаңартылған білім беру барысында білімалушының өздігінен білім алу бағдарламасын дәстүрлі білім алу шеңберінде ғана емес, әлемдік парадигма деңгейіне сай құрастыруы қажет, әлемдік стандарт деңгейінде бос уақытын ұйымдастыра алуы тиіс. Бұл жағдайда «субъектілік» феноменін маңызды құраушы ретінде шешім қабылдай білу және өзіне жауапкершілік алу, дербестік, тәуелсіздік, мақсатқа ұмтылушылық құрайды. Сондықтан білімалушылардың өздігінен білім алу үдерісіне саналы сұранысы оқушының интеллектуалды әлеуетін белсендіру болып табылады. Субъектілікті тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыруға әсер ететін өзін және өзінің даму жағдайын өзгертуге қабілетті адамның жасампаздық, белсенділік ұстанымы деп түсінеміз.

Осыдан педагогикалық шарттар қойылған мақсат пен міндеттерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқу-тәрбие үдерісінің мазмұны мен оны ұйымдастыру түрлерінің объективті және оларды іске асырудың материалдық мүмкіндіктерінің жиынтығы, жоспарланған нәтижені қамтамасыз ететін, міндетті түрде сақтауды қажет ететін сыртқы талаптар ретінде олардың іс-әрекетте жүзеге асырылуы жоғарыда санамалап берілген педагогикалық шарттардың қызметтік жүйесіне тікелей байланысты.

Ұлттық ойын түрлерін білім беру бағытында қолдану білу, оны білімалушының болмысын дамытуға қолданудағы педагогикалық шарттарының қажеттілігіне тоқталсақ, Адамның жас ерекшелігіне қарамай, яғни адамды балалық шағынан бастап кәрілікке жеткенше ойын қажеттілігі жетелеп отырады. Ал жас баланың ой-өрісі ойын арқылы дамиды. Ұлттық ойын барысында адамгершілік қасиеттері, өмірге деген көзқарасы, ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығы қалыптасады. Ұлттық ойын арқылы сыныптағы нашар оқитын оқушыларды да сабаққа нәтижелі тартуға болады.

Әрбір ойынның бала үшін білімділік мақсаты ғана емес, тәрбиелік, танымдық мақсаты зор

Кез-келген сабақтың үлкен тәрбиелік әлеуеті бар, сондықтан да мұғалімге балаға зиян келтірмеу жауапкершілігі жүктеледі. Әдістемелік дұрыс құрылған сабақ өзінің әрбір сәтімен тәрбиелейді, материалды өзекті, қажет және қызықты етеді.

Біз орта білім беру жағдайында оқушының дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарының үш тобын бөліп көрсетеміз:

- *ақпараттық шарттар* бұл оқушының дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру үдерісінің танымдық негізін сипаттайды (мазмұндық жағынан оқушыға ақпарат беруді қамтамасыздандыратын, дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мәселесін шешуге мүмкіндік беретін білім мазмұнын айқындайды);

- *технологиялық шарттар* оқушының дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру үдерісінің әдістемелік негізін қамтиды (дүниетанымдық мәдениетін жобалауды, оқу-тәрбие үдерісінде әртүрлі жұмыс формаларын, әдіс-тәсілдерін, амал-жолдарын ұйымдастыру арқылы жүзеге аспақ);

- *тұлғалық шарттар* оқушының дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру үдерісінің психологиялық-акмеологиялық негізін айқындайды (субъектілердің әлеуметтік тәжірибесін байыту, оларды кәсіби іс-әрекетке енгізу, тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің көріну ортасына эмоционалды-құндылық қарым-қатынасын белсендендіру және т.б. тұлғалық сапаларын қалыптастырады).

Әрбір педагогикалық шарттарға жеке-жеке тоқталсақ, *бірінііден*, ақпараттық қамтамасыздандыруды *мазмұндық* жағынан ұйымдастыруға көмектеседі. Тұлғалық-бағдарлық, іс-әрекет және таным теорияларына сүйене отырып, тұлғаның дүниетанымның бірізділікпен жүйеленуін қамтиды, оқушылардың тұлғалық мүмкіндіктерінің диагностикасын енгізетін, тұлғаның дамуына психологиялық – педагогикалық қолдау көрсететін, оқу-тәрбие үдерісінің тұлғалық-бағдарлық бағытын күшейтуді қамтамасыз етеді. Сонымен бірге бұл шарттар педагогикалық және білім алушылар ұжымында адамгершілік-психологиялық климатты (ахуалды) сақтау, педагогикалық ынтымақтастықты іске асыру, дүниетанымдық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-әрекетте осы үдеріске қатысушылардың субъектілік қарым-қатынасын сипаттайды.

Екіншііден, орта білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың әдістері мен тәсілдері; оның мазмұны мен құралдарының эксперименттік-тәжірибелік жұмыста тексерілуі. Бұл шарттар қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында кешенді педагогикалық міндеттерді шешудің қажеттілігін дәлелдейтін ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолданып жүзеге асыруды; әрбір адамның тұлғалық ерекшелігін, деңгейін ескеруді; мақсатқа бағытталған рефлексияны жүзеге асыруды; магистранттардың әрекетін танып білуге оқытушының дайындығын қалыптастыруды және жалпы бұл үдерісті әдістемелік тұрғыдан қамтамасыздандырады.

Үшіншііден, іс-әрекетті ұйымдастыру кезінде оқушылар мен оқытушылар арасында ортақ іс пен мүддеге деген бірыңғай ынтымақтастық көңіл-күйдің орнауы; оқушылар қиындыққа кездескен кезде оқытушылардың көмекке келуі; оқушылардың іс-әрекетін бақылап – марапаттау; атқарылған істі қорытындылау, оқушының қол жеткен табыстарына көпшілік болып қуана білу; сыныпта оңтайлы педагогикалық көңіл-күйдің (атмосфераның) орнауы; жеке тұлғаның қоғамның талаптарына сай әлеуметтенуі; сынып алдында тұрған ортақ мақсатты дұрыс белгілеу, соған сәйкес атқарылатын іс-шараларды дұрыс жоспарлау; жоспарланған міндеттердің әркімнің іскерлік қабілетіне қарай дұрыс бөлініп берілуі. Олар диагностика, тиімді ұйымдастырушылық құрылымын, механизмін меңгеруді; білім алушы тұлғасының өзін-өзі басқаруын, өзін-өзі бақылауын ұйымдастыруды; педагогикалық талдауды және ақпараттық-коммуникативтік технология құралдарымен тұлғаның дүниетанымның қалыптасуының алдын алудың белсенді тәжірибелік-бағдарлық формалары мен әдістерін пайдалануды; оқу-тәрбие үдерісінің технологияландыру жақтарын қамтамасыздандырады.

Сонымен бірге жоғарыда бөліп көрсетілген шарттар тобынан басқа дүниетанымдық мәдениетті қалыптастырудағы *ерекше маңызға ие педагогикалық шарттарды* атап көрсетуге болады: тұлғаның дамыту өлшемдері мен оқытудың мазмұнын жобалау; оқушылардың мақсатты түрде дүниені қабылдауы, жүйелі түрде сезінуі, дүниені түсіну икемділігінің қажеттілігі; әлеуметтік-мәдени іс-әрекеттегі тұлғаның жекелік әлеуеті; оқу және кәсіби іс-әрекетте көріну деңгейлері; дүниетанымдық мәдениеттің қалыптасуын бағалау және бақылау деңгейлері. Осының барлығы *дүниетанымдық мәдениетін дамытудың білім беру ортасын құруды қажет етеді*.

Нәтижелер. Осы орайда Б.А.Тұрғынбаеваның біліктілікті арттыру жүйесіндегі *дамытушылық орта* - әлеуметтік-мәдени кеңістіктің бір бөлігі, субъектілердің шығармашылық жағдайындағы өзара әрекеттесетін аймағы [5. 56 б.] деген тұжырымын басшылыққа ала отырып, оқушының дүниетанымдық мәдениетін орта білім беру жағдайында *маңызды шарт ретінде қалыптастырушы ортаға* ерекше назар аудардық.

Ортаның негізгі аспектілері: кәсіби және тұлғалық әрекеттесу; кәсіби және тұлғалық өсу; кәсіби ізденісті ынталандыру; кәсіби шебер тұлғалардың қарым-қатынасқа түсу барысында өзара ынтымақтасуы.

Орта жасаудың негізгі қағидалары: оқу топтарының ұйымшылдығы; тұлғааралық қарым-қатынастың синтониялық моделін қалыптастыру траекториясын анықтап, білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне және сұраныстарына негізделуі; білім алу үшін топтарда жағымды психологиялық ахуалдың болуы; ашық пікір алмасулар мен білім алудағы еріктілік пен еркіндік.

Ортаның параметрлері: білім алушының өзімен, өзге этнос өкілдерімен әрекеттесу кеңістігі; қатысушылар, олардың мәдени-құндылық бағдарлары, қызығушылықтары мен мүмкіндіктері, этникалық ерекшеліктері.

Ортаның позициялары: өзгелерге үлгі көрсету; басқалармен біртұтастықта болуға ұмтылу; жағдайды ортаның ортақ көзқарасына сай бағалау және бақылау; өзгенің тұлғалық ерекшеліктерін бағалай білу.

Демек *орта білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырушы орта дегеніміз* – тұлғаның әлеуметтік, мәдени, танымдық аумақтарын қалыптастыруға бағытталған, мақсатты шығармашылық аймақ болып табылады.

Сонымен бірге бұл педагогикалық шарттардың іс-әрекетте жүзеге асырылуы дүниетанымның өзіндік атқаратын қызметіне тікелей байланысты.

Жалпы ғалымдар тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін эмоционалды және ерік-жігер компоненттерінің диалектикалық бірлігі ретінде қарастыра отырып, оны интеллектуалдық (білім жүйесін меңгеру), жеке көзқарас (қарым-қатынас, себеп-салдар, бағыт-бағдар) пен тәжірибе (білімді жүзеге асыру) сияқты тұлға құрылымының негізгі бөліктерінен тұрады деп есептейді.

Ендігі кезекте сызба нұсқадағы тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудағы әрекет ету жүйелеріне мазмұндық сипаттама беріледі.

І Оқу үдерісі, пәндік жүйе. Сабақ ұғымы оқыту жұмысын ұйымдастырудың мақсатын, мазмұнын, оқытудың әдістері мен жабдықтарын сипаттайды. Негізгі сипаттамалардың ішінде сабақтың мақсаты негізгі рөл атқарады. Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін орта білім беру жағдайында қалыптастыру – оқытудың білім беру мақсатынан туындайды.

И.С.Якиманскаяның айтуынша, білім беру үдерісі білім алушы мен оқытушының оқу диалогы негізінде жүреді. Оқу диалогы бағдарламалық әрекетті бірге құруға бағытталған және ол мына қағидаларға сүйенеді [б. 89 б.]:

- білім беру – бұл тұлғаның түрлі қабілеттерінің дамуы мен тұрақтануы жүретін адамның белсенді, жан-жақты, қоғамдық құндылыққа ие іс-әрекеті;

- білім беру – бұл екі құрамдас бөліктердің бірлігі: оқыту және оқу; бұндағы оқу – адамның жеке қажеттіліктеріне, өмірлік мақсаттарына, ұмтылыстарына, қызығушылықтарына сәйкес тұлғалық дамуы нәтиже ретінде танылатын үдеріс;

- білімділік көрсеткіштері – дербестік, белсенділік, шығармашылық, ойдың өзгергіштігі.

Сабақ жағдайында білім берудің негізгі міндеті – оқытушының басшылығымен білім алушыларға берілетін мағлұматтарды саналы түрде меңгерту, алған білімді іс жүзінде қолдана білуге дағдыландыру, іскерлікке үйрету, адамға қажетті қасиеттер қалыптастыру [б. 191-192 б.].

Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін орта білім беру жағдайында дамытуды ұйымдастырудың сабақ-пәндік жүйесінде өткізілуіне қарай: дәстүрлі тәжірибелік сабақтар, мазмұнына қарай: жаңа білімді беру сабағы, қайталау сабағы, бекіту сабағы, аралас сабақ және т.б. бөлінесе; коммуникативтік формасына қарай: тұлғаға бағдарланған сабақ, ұжымдық технологияға бағытталған сабақ, диалог пен топқа негізделген сабақ және т.б. бөлуді жөн санадық.

Орта білім беруді ұйымдастырудың әр алуан формалары бар екені белгілі: дәстүрлі, тәжірибелік оқулар және оның түрлері – зертханалық жұмыстар, практикум, өзіндік жұмыс, оқушының оқу-зерттеу жұмыстары т.б. Оқытуда оқушының белгілі бір дидактикалық міндеттерді шешуі үшін танымдық қызметтік басқару тәсілдері ретінде айқындалады. Өзіндік жұмыс, оқытуды ұйымдастыру түрлері ретінде анықталады, себебі, олар оқытудың мазмұны мен әдістерін жүзеге асыру шеңберіндегі оқушылар мен оқытушылардың өзара іс-әрекетін іске асыратын әдіс болып есептелінеді. Орта мектептерде білім беруді ұйымдастыру сыныптық және сыныптан тыс әдістермен іске асырылады, әрқайсысында оқушымен оқу жұмысын ұйымдастырудың жаппай, топтық және жеке түрлері іске асады. Оқу пәнін ұйымдастырудың дәстүрлік түрін топтастыруға болады.

«Білім жүйесіндегі басым міндеттердің бірі тұлғаның шығармашылық және рухани қабілеттерін дамыту, салауатты өмір салты құндылықтарының берік негіздерін қалыптастыру, сондай-ақ, жеке даралықты жетілдіруге жағдайлар жасау жолымен сана-сезімді байыту болып табылады» [7. 256 б.]

Біздің жағдайымызда, сабаққа қатысушылар әлі ой-өрісі құбылмалы, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениеті мен дағдыларын дамытуды қажет ететін орта мектеп буыны. Олай болса, оқушының дүниетанымдық мәдениетін орта білім беру жағдайында дамытуды ұйымдастыру үдерісіне аса көңіл бөлу қажет. Орта мектеп алдында тұрған міндет – оқушыларға білім бере отырып, ойлау қабілетін дамыту, қызығушылығын арттыру, оқуға ынтасын ояту, ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілігін дамыту. Орта мектеп жағдайында ұлттық ойындарды қолдану арқылы оқушы өз іс-әрекетінде қолдануға машықтанады, оқуға деген ынтасы оянады. Қ.Жарықбаевтың еңбектерінде баланың логикалық ойлауын дамыту, ұғымдар туралы түсініктерін дамыту-науқандық жұмыс емес. Ол әрбір сабақ барысында, мектептегі барлық тәлім-тәрбие үдерісі барысында ұдайы жүргізілетін жұмыс. Ол қандай пән болмасын, ойлаудың формаларын жіктеп, талдап, салыстыра отырып, көңіл бөлген жөн. Әдетте, сабақтық оқыту жүйесінің бірнеше типтері бар екені белгілі. Дегенмен, сабақтың түрлерін талдай отырып, диалог пен топқа негізделген сабаққа баса назар аудардық. Себебі, көзқарастары қалыптасқан, білімді азаматтардың дүниетанымдық мәдениетін орта білім беру жағдайында дамытудың бірден бір жолы ұлттық ойындарды пайдалана отырып білім беру деп тұжырымдадық.

Тәуелсіздік алған жылдардан кейін еліміздің алдындағы өзекті мәселелердің бірі – жаңа заман талабына жауап бере алатын мемлекеттің ұлттық идеясын жасау мәселесімен қатар, қазіргі модернизациялану жағдайында қоғам өміріндегі ұлттық идеяның алатын орнын анықтап, рухани жетілу, адамгершілікті дамыту, идеологиялық біріктіру қызметтерін кеңейту мүмкіндіктерін іздестіру қажеттілігі туды. Осы бағытта ұлттық ойындар арқылы оқушының білім кеңістігін дамытып қана қоймай, ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілігін дамытудың әдістемелік бағдарын жүйелеп алғанмыз дұрыс.

Қорытынды. Ұлттық ойындарды сабақ беру үдерісінде ұйымдастыруды талдай келе, оның бірнеше ерекшеліктерін атауға болады: Бірінші, сабаққа барлық қатысушылар бір деңгейде қаратылады. Осы мақсатта сабаққа қатысушыларды талқылау үдерісіне қатысуға мүмкіндік беретін технологияны қолдану. Екінші, білім алушылардың психологиялық даярлығына қамқор болуды қамту. Сабаққа қатысушылардың барлығы бірдей жұмыстың қандай да бір түріне тікелей қатысуға психологиялық дайын болмауы мүмкін. Осыған орай, сергіту, қатысушыларды жұмысқа белсенді қатысуымен мақтау, білім алушының өзін дамытуға мүмкіндік беру. Үшінші, қатысушылардың саны мен білім беру сапасы тікелей бірлікте болады. Төртінші, жұмысқа арналған орынды даярлауға көңіл бөлу қажет. Бесінші, сабақтың жүру барысы мен тәртібіне аса мән беру ерекшелігінде. Қорыта айтқанда, ұлттық ойындарды пайдалана отырып, білім беру бір мезгілде бірнеше міндетті шешуге мүмкіндік

жасайды. Ең бастысы - ол коммуникативтік білік пен дағдыны дамытады, білім алушы тұлғалар арасында эмоционалдық байланыс орнатуға көмектеседі, тәрбиелік міндетті қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Білім, 2003. – 280 б.
2. Кожяхметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика - Алматы: Ғылым, 1998. - 317 с.
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі: Дамудың жетістіктері мен болашағы. - Астана, 2008. - 95 б.
4. Төлеубекова Р.К. Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі адамгершілік тәрбиенің теориялық-әдіснамалық негізі. - Алматы:Комплекс, 2001. – 295 б.
5. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасы. – Алматы: Ғылым, 2001. - 343 б.
6. Шалғынбаева Қ.Қ. Қазіргі жастардың әлеуметтік-тұлғалық мәселелері // Педагогика және психология журналы. - Алматы, 2010. - №1.- Б. 109-112.

References

1. Qaliev S. Qazaq etnopedagogikasynyñ teorialyq negizderi men tarihy. – Almaty: Bilim, 2003. – 280 b.
2. Kojahmetova K.J. Kazahskaia etnopedagogika: metodologiya, teoria, praktika - Almaty: Gylym, 1998. - 317 s.
3. Qazaqstan Respublikasy Bilim jәne ғылым ministrlyğı. Qazaqstan Respublikasynyñ joғary jәne joғary oqu ornynan keiingі bilim beru jүйesi: Damudyñ jetistikteri men bolaşaғы. - Astana, 2008. - 95 b.
4. Töleubekova R.K. Qoғam damuynyñ jaña kezeñindeгі adamgerşilik tärbieniñ teorialyq-әdisnamalyq negizi. - Almaty:Kompleks, 2001. – 295 b. .
5. Böleev Q. Bolaşaq müғalimderdi oquşylarğa ülttyq tärbie beruge daiyndaudyñ teoriasy men praktikasy. – Almaty: Ғылым, 2001. - 343 b.
6. Şalғыnbaeva Q.Q. Qazırғы jastardyñ әleumettik-tұлғalyq мәseleleri // Pedagogika jәne psihologia jurnaly. - Almaty, 2010. - №1.- B. 109-112

МРНТИ 14.35.09

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.74>

Акан Г.,¹ Рахимжанова С.К.²

^{1,2} Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Бұл мақалада қоғамның дамуына сәйкес жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлау және жеке тұлғаға, студентке қойылатын талаптар туралы айтылады. Әлеуметтік сұраныс бойынша жоғары оқу орындарында болашақ маман даярлау деңгейіне талаптардың күшейтілуімен байланысты болашақ маманның өзіне де жеке тұлға ретінде қойылатын талаптардың өте жоғары екені белгілі. Сонымен қатар жоғары оқу орындары студенттерінің мотивациялық кәсіптік даярлығын қалыптастыруды тұрақты бағдар мен мотивтер жүйесі тұрғысынан қарастырған. Кәсіптік даярлық барысында тұлғаның дамуы жүзеге асады. Кәсіптік тұлғаның қалыптасуы оның мамандықты

таңдаған сәтінен бастап, бүкіл ғұмыр бойына жалғасады. Көптеген байқаулар көрсеткендей, жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқытуда студенттердің кәсіптік даярлығын қалыптастыру мотивтер, қажеттіліктер мен қызығушылықтарсыз тиімді болмайды. Сол себепті мотивтер, қажеттіліктер мен қызығушылықтар мотивацияның құрылымдық компоненттері ретінде қарастырылады.

Түйін сөздер: тұлға, кәсіби даярлық, болашақ мамандық, студент, шетел тілі, мотив, дағдылар, оқыту үдерісі, қалыптастыру

Akan G.,¹ Rakhimzhanova S.²

^{1,2} Kazakh National Women's Teacher Training University,
Almaty, Kazakhstan

FORMATION OF STUDENTS' PROFESSIONAL QUALITIES IN TEACHING A FOREIGN LANGUAGE

Abstract

This article deals with the training of future specialists in higher education institutions in accordance with the development of society and the requirements for the individual, the student. As it is known, due to the increased requirements for the level of training of future specialists in higher education institutions, the social demand for future specialists is quite high, both for themselves and for the individual. In addition, the formation of motivation for professional training of students in higher educational institutions was considered from the point of view of a stable orientation and motivation system. In the process of professional training, personal development is carried out. The formation of a professional personality begins from the moment of choosing a profession and continues throughout life. Many competitions have shown that the formation of professional training of students in teaching English in higher education institutions is not profitable without motives, needs and interests. Therefore, motives, needs and interests are considered as structural components of motivation.

Keywords: personality, professional training, future profession, student, foreign language, motive, skills, learning process, formation

Акан Г.,¹ Рахимжанова С.К.²

^{1,2} Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КАЧЕСТВ СТУДЕНТОВ В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Аннотация

В данной статье говорится о подготовке будущих специалистов в высших учебных заведениях в соответствии с развитием общества и требованиями к личности, студенту. Как известно, в связи с усилением требований к уровню подготовки будущих специалистов в высших учебных заведениях по социальному спросу у будущего специалиста достаточно высокие требования, предъявляемые как к себе, так и к личности. Кроме того, формирование мотивации профессиональной подготовки студентов высших учебных заведений рассматривалось с точки зрения устойчивой ориентации и системы мотивов. В процессе профессиональной подготовки осуществляется развитие личности. Формирование профессиональной личности начинается с момента выбора профессии и продолжается всю жизнь. Многие конкурсы показали, что формирование профессиональной подготовки студентов в преподавании английского языка в высших учебных заведениях не выгодно без мотивов, потребностей и интересов. Поэтому мотивы, потребности и интересы рассматриваются как структурные компоненты мотивации.

Ключевые слова: личность, профессиональная подготовка, будущая профессия, студент, иностранный язык, мотив, навыки, процесс обучения, формирование

Кіріспе. Мемлекеттің халықаралық қатынастарының кеңеюі мен сапалы өзгеруі, қоғамдық өмірдің барлық салаларының ғаламдануы студенттердің жоғары кәсіптік даярлығымен қоса, адамның күнделікті және интеллектуалды өмірінде шетел тілінің шынайы қажеттілігін туғызып отыр.

Жоғары оқу орындарында белгілі бір уақыт аралығында шетел тілін жалпы білім беру пәні ретінде оқытуда, студенттің жеке тұлға ретінде дамуы мен белгілі деңгейде білім, дағдыларды игеруімен қатар, тілдің шынайы мүмкіндіктерін пайдалана отырып, студенттердің кәсіптік даярлығын қалыптастыру үдерісі кешенді жүзеге асырылады.

Даярлық дегеніміз, «Қысқаша психологиялық сөздікке» сүйенсек, тұлғаның белсенді-әрекетті қалыбы, белгілі іс-әрекетке бағдар, міндетті орындау үшін өз күшін ұйымдастыруы. Белгілі бір әрекетке даярлық үшін білім, дағдылар, қайраттылық, рухтың болуы.

Даярлық ұғымын көпсатылы ұғым ретінде функционалды (студенттің психологиялық даярлығы, өзінің әрекетті жүзеге асыруға қабілеттілігін сезінуі, ұмтылуы), тұлғалық (даярлық туа біткен қасиет емес, кәсіптік даярлықтың

мақсаты және нәтижесі) және функционалды-тұлғалық (даярлық интегративті білім, яғни әрекетті жүзеге асыру үшін қажетті қалыптасқан білім, дағдылар жиынтығы) тұрғыдан қарастырады.

Адамның кез-келген әрекетке даярлығы – бұл « ... қажетті сыртқы жағдайлардың қатысуымен және қажет болғанда өзінің де қойылған міндетті шешу үшін ұмтылуымен белгілі әрекетті сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін адамның ерекше күйі» [1,34].

О.Б. Дмитриева болашақ мамандардың кәсіптік әрекетіне психологиялық даярлығын қалыптастыру мәселесін зерттеген. О.Б. Дмитриева студенттің кәсіптік даярлығы ұғымына келесі анықтаманы берген, «... кәсіптік даярлық тұлғаның жеке қасиеті мен болашақ қызметінің негізгі алғышарты. Студенттің кәсіптік даярлығы өз міндеттерін табысты орындауға, меңгерген білім, дағдыларын дұрыс пайдалана білуге және кез-келген кездейсоқ жағдайларда өзіне-өзі есеп бере алуы мен бағалай білуіне ықпал етеді» [2,76]. Автор жеке тұлғаның мүмкіндіктерін пайдалану арқылы шығармашыл, өз мүмкіндіктерін адекватты бағалай және барынша жүзеге асыра алатын жоғары білікті мамандарды оқыту мен тәрбиелеуді қатар ала отырып, даярлауды ұсынған.

Әлеуметтік сұраныс бойынша жоғары оқу орындарында болашақ маман даярлау деңгейіне талаптардың күшейтілуімен қатар, болашақ маманның өзіне де жеке тұлға ретінде талаптар өте жоғары. Жоғары оқу орындары студенттерінің мотивациялық кәсіптік даярлығын қалыптастыруды тұрақты бағдар мен мотивтер жүйесі тұрғысынан қарастырған. Студенттің белсенді мотивациялық кәсіптік даярлығын қалыптастыруға бағытталған психологиялық күйі мен мүмкіндіктерін қарастырған. Автор студенттің кәсіптік даярлығын жеке тұлғаның сипаттамасы, қасиеті ретінде қарастырады. « ... кәсіптік даярлық ұғымы, жеке тұлғаның еңбек нарығында бейімделу, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі бағалау қасиеттерін қалыптастыруы. Кәсіптік даярлық барысында тұлғаның дамуы жүзеге асады. Кәсіптік тұлғаның қалыптасуы оның мамандықты таңдаған сәтінен бастап, бүкіл ғұмыры бойы жалғасады» [2,82].

Студенттің кәсіптік даярлығы «өз мамандығы аясында міндеттерді шеше алатын, алған білім, дағдыларын одан әрі жетілдіруге қабілетті тұлға».

Студенттің кәсіптік даярлығы ұғымын төмендегідей анықтаған: « ... жаңаша талаптарға жауап бере алатын, өзін-өзі бағалауға қабілетті, үнемі өзгеріп отыратын жағдайларға даяр, болашақ кәсібіне рефлексивті бағыты бар тұлға» [3,68].

Болашақ маманның кәсіптік даярлығын қалыптастырудың бірнеше шарттарын айқындаған: кәсіптік міндеттерді тиімді шешудің негізі, шығармашылдық және қатысымдық құзіретті қалыптастыру; болашақ мамандығын қадірлеу және кәсіптік мүмкіндіктері мен даму перспективасын бағалау; жоғары оқу орындарының оқыту жүйесінде белсенді әдістерді қолдану. Автордың айтуынша, оқыту үдерісінде аталған мүмкіндіктерді туғызу студенттердің кәсіптік даярлығының деңгейін көтеруге ықпал етеді.

Әдістеме. Студенттің кәсіптік даярлығы – мотивациялық, бағыттаушылық, операциялық-әрекеттілік, бағалаушылық компоненттерінің интеграциясы деп түсінеді. Мұнда студенттің кәсіптік даярлығының компоненттері кәсіптік міндеттерді ойдағыдай шешу қажеттілігі, міндеттерді шешу үдерісіне қызығушылығы, ұмтылуы, кәсіптік міндеттерді түсінуі, шешу жолдарын білуі, маңыздылығын бағалай білуі, кәсіптік қызметіне сәйкес қабілеттіліктері, өзін-өзі бағалай алуы т.б. қарастырылған.

«Жалпы дидактикаға кіріспе» атты оқулықта кәсіптік даярлық мақсаттары:

- кәсіпке байланысты жалпы кәсіптік білімді меңгеру;
- шығармашылық жұмысқа дайындық, белгілі мамандыққа байланысты әрекеттің әдіс, тәсілдерін, түрлерін практикалық меңгеру;
- кәсіптік даярлық үшін маңызды арнайы қабілеттерді дамыту;
- жоғары кәсіптік деңгейге қол жеткізу мақсатында мамандыққа байланысты қажеттіліктері, мотив пен қызығушылықтарын дамыту;
- өз білімін көтеру арқылы кәсіптік шеберлікті дамыту дағдыларын сіңіру делінген.

Даму барысында қажеттілік қызығушылықтың ерекшеліктеріне ие болады, ал қызығушылық кәсіптік білімді меңгеруде берік қажеттілікке айналады. Қажеттілік қанағаттандырылады, ал қызығушылық одан әрі кеңейеді. Қажеттілік, мотив, қатынас – «қызығушылық» ұғымын құрушы компоненттер. Ол қызығушылықтың маңызды бөлігі ретінде эмоционалды-танымдық бағытты атайды және қызығушылықтың белгілері ретінде жағымды қатынас, эмоционалды-танымдық бағыт, ішкі мотивация; қызығушылықтың өлшемдері ретінде пәнге зейін, сұрақтардың туындауы, белсенділік, әрекетке ұмтылу дейді.

Қызығушылық пен қажеттілік арасындағы айырмашылықты көрсеткен: « ... қызығушылық зейін, ой, пікірде көрініс тапса, қажеттілік әуестік, ықылас, ерік, қалауда көрініс табады». Ол оқытуда қызығушылықтың рөлі екі түрде көрінеді дейді. Қызығушылық оқытудың нәтижесі де, алғышарты да бола алады: «... бір жағынан қызығушылық оқытушы қолданатын құрал болады және екінші жағынан қызығушылықты қалыптастыру педагогикалық жұмыстың мақсаты болады; толық қызығушылықты қалыптастыру – оқытудың маңызды міндеті» [4,96].

Сондықтан, шетел тілі арқылы кәсіптік даярлықты қалыптастыруда студенттің қажетті, қызықты ақпаратты қабылдауға танымдық қажеттілігі пайда болады. Егер кәсіптік мәндегі ақпарат студент үшін жаңа болса, оны нақтылау, анықтау қажеттілігі пайда болады, егер ақпарат студентке таныс болса, оны толықтыру, түсіндіру ынтасы пайда болады. Студенттің саналы қажеттілігі қызығушылыққа ұласады. Студент мақсатқа ұмтылуы арқылы танымдық қажеттілігі пайда болады. Сондықтан шетел тілі арқылы студенттің кәсіптік даярлығын қалыптастыруда студенттің танымдық әрекетінің мотиві ретінде жоғары білікті маман болуға ұмтылу, жоғары төлемді жұмыс табу, түрлі кәсіптік бағыттағы бағдарламаларға қатысып шетелде білімін ұштау, өзін-өзі жетілдіру, бағалау т.б. шығады.

Нәтижелер. Түсіндірме сөздікке сүйенсек «Мотивация – өмірге қажетті мақсаттарды туғызатын, қажеттілікті қанағаттандыруға бағыттайтын қылықтардың барлық факторлары, механизмдері және үдерістердің жинағы». Шетел тілін оқыту арқылы студенттердің кәсіптік даярлығын қалыптастыруда өте маңызды, оның нәтижелілігін қамтамасыз ететін «жүргізу тетігі», жалпы оқуда және шетел тілін оқытуда жетістікке жетудің талассыз факторы мотивация болып табылады. Мотивация – белгілі мақсаттарға (жеке, білімдік, кәсіптік т.б.) қол жеткізу үшін өзінді және өзгелерді әрекетке ояту.

Жоғарыдағы аталған қажеттіліктер, қызығушылықтарды, танымдық қажеттілікті қамтитын мотивтер жүйесі оқу әрекетіне белсенді, мақсатты мазмұн бере отырып, оның қозғаушы күші болады. Аталған мотивтер жүйесі студенттердің жас ерекшеліктерімен, ойлау, интеллектуалдық даму т.б., педагогикалық үдерісті ұйымдастыру факторларымен анықталатын оқу мотивациясын құрайды. «Мотивация – ішкі серпіліс, импульс, сезім немесе тұлғаны ерекше әрекетке итермелеуші күшті талпыныс».

Мотивация тіл үйренушінің субъективті әлемі, ішкі қызығушылығы мен қажеттіліктері. Г.В. Рогова шетел тілін үйрену барысында мотивацияның ішкі және сыртқы түрлерін атайды: сыртқы мотивация – тіл үйренушінің шетел тілін өзін-өзі тану мақсатында үйренуі; ішкі мотивация түрлері:

- тіл үйренушінің қатысымдық қажеттілігінен туындайтын мотивация: шетел тілінде сөйлеу, тілді кәсіптік мақсатта үйрену, ой-өрісін кеңейту, шетел тілінде хат жазу;

- лингвотанымдық мотивация: шетел тілінде қатысымдық күзірет деңгейіне жету үшін тіл үйренушінің тілдік материалға (лексика, грамматика, ойындар, тілдік мазмұны т.б.) көзқарасы;

- тіл үйренушінің жұмыс түрлеріне көзқарасы, жұмыс істеу әдістемесі, өздік жұмыспен айналысу әдісі [4, 21].

Жоғары оқу орындарының студенттеріне тән мотивтің екі түрін: жетістік мотиві және танымдық мотивті атайды. Оқу-танымдық мотив студент пен оқытушының өзара дұрыс қарым-қатынасының нәтижесінде дамиды; жетістік мотивтері танымдық және кәсіптік мотивацияға бағынады.

Жоғары оқу орындарында шетел тілін жалпы білім беру пәні ретінде оқытуда кәсіптік даярлықты қалыптастыру шетел тілінің мүмкіндіктерін пайдалану арқылы студенттердің мотивациясын тұрақтандыруға, дамытуға ықпал етеді және мотивация – студенттің кәсіптік бағытта болашақ мамандығына саналы түрде ұмтылуымен байланысты маңызды әрекет түрі.

Шетел тілін тиімді меңгеру мотивациясының жеті түрлі сипаттама ұсынады:

- түсінуге ықпал және болжалдың дәлдігі;

- қарым-қатынасқа ерекше мотивация;

- тілдік формаға зейін;

- қарым-қатынас партнерларын іздеу;

- сөйлеуде өзін-өзі бақылау;

- мағынаға зейін.

Талқылау. Студенттердің тілді саналы меңгеруі және шетел тіліне мотивациясын тудыру үшін ғалымдар тілді оқытудың үш деңгейін анықтаған: ситуациялық деңгей, студенттің тілдік деңгейі және студенттің (танымдық) деңгейі. Студенттің тілдік деңгейі оның бастапқы білім деңгейі мен пәнге көзқарасы арқылы анықталады. Студенттің (танымдық) деңгейі оның танымдық үдерісте көрінетін жеке қасиеттері арқылы, өзінің күшіне, қабілетіне сенімділігі арқылы байқалады. Ситуациялық деңгей мотивациялық аспектілерді қамтиды: қызығушылық, қажеттіліктеріне сәйкестік, сәттілікті күту, нәтижелерге қанағаттану т.б. З.Дорнейдің айтуынша аталған үш деңгейдің әсері бір-біріне тәуелді емес, өйткені әр деңгейдің мотивтері белсенді.

Үш деңгей шетел тілін оқытудың негізгі компоненттеріне сәйкес келеді дейді: тілді меңгеруші адам (мотивация), меңгерілетін шетел тілі (тілдік білім) және шетел тілін меңгеру жағдайлары (ақыл-ой әрекеттерін) және тілді өз бетінше қолдану шеберліктері (өзін-өзі ұйымдастыру) .

Тұлғаның кәсіптік даярлығын қалыптастыру үдерісі оның болашақ мамандығын таңдаған сәтінен, яғни студенттің жоғары оқу орнына түскен күнінен басталады. Сондықтан, жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқытуда студенттердің кәсіптік даярлығын қалыптастыруды ұйымдастыруда студенттердің жас ерекшеліктерін ескеру қажет.

Интегралды жас ерекшеліктері кезеңдерінен өтуде адамның тек психикалық функциялары (ойлау, қабылдау, ес, зейін) ғана емес, сондай-ақ олардың арақатынасы мен құрылымы да өзгереді. Әрбір жас кезеңінде бұл функциялардың тиімді даму кезеңі болады. «Студенттік шақ білімдер мен кәсіби іскерліктерді мақсатты, жүйелі игеруші, табанды оқу еңбегімен айналысатын адамдарды қамтиды. Элеуметтік топ ретінде кәсіптік бағыттылығымен, болашақ мамандыққа тұрақты қатынастың қалыптасқандығымен сипатталады» [5, 47].

Студенттік шақты әсіресе, ойлау-сөйлеу функцияларының белсенді дамитын және мамандыққа байланысты арнайы қабілеттері қалыптасатын нағыз кезеңі деп есептеген. 17-23 жас аралығындағы жастар ерте кемелді жастағы ересектер. Бұл жаста студенттердің ой қабілеттері толық қалыптасқан, ой әрекеті тұрақтана және тиімді бола түседі. Студенттік шақта вербалды-логикалық тапсырмаларды орындауда зейіннің аударылу жылдамдығы және естің белсенділігі артады.

Жоғарыда аталған жас аралығында ой әрекеті тұрақты және тиімді, студенттердің күрделі ой операцияларын (талдау, синтез, салыстыру, қорыту, нақтылау т.б.) толық меңгергендігі зерттеулер арқылы анықталған. Студенттік шақта естің, зейін мен көрудің дамуының тағы бір ерекшелігі оның мамандануы, ол дегеніміз студенттің болашақ мамандығына байланысты әрекеттерге қызығушылықтың пайда болуы [5,106].

Көптеген байқаулар көрсеткендей, жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқытуда студенттердің кәсіптік даярлығын қалыптастыру мотивтер, қажеттіліктер мен қызығушылықтарсыз тиімді болмайды. Мотивтер, қажеттіліктер мен қызығушылықтар мотивацияның құрылымдық компоненттері ретінде қарастырылады.

Қоғамдық өмірде қалыптасатын адам іс-әрекеттерінің мотивтері әр-түрлі болады, өйткені олар түрлі қажеттіліктер мен қызығушылықтардан туындайды. Ол «...мотив белгілі бір әрекетке саналы ұмтылу және ол адамның әрекетті бағалауына, мән беруіне, түсінуіне байланысты қалыптасады; содан барып белгілі мазмұндағы шынайы өмір әрекеттеріне қажетті мотив пайда болады». Мотивтер – іс-әрекетке ұмтылу қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты. «Мотивті - адамды іс-әрекетке жетелеуші қажеттілік» ретінде қарастырады. Ішкі мотив ретінде жаңаны тануға, шығармашылық тұрғыдан дамуға, білімін молайтуға ұмтылуды, сыртқы мотив ретінде оның әлеуметтік мәнін атайды. Ішкі мотив көзі – саналы танымдық қажеттілік болып табылады.

Қорытынды. Жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды, жоғары оқу орындарында шетел тілін оқыту арқылы кәсіптік даярлықты қалыптастыру шетел тілін оқытудың тиімділігін арттыру арқылы; студенттердің шетел тілі көмегімен кәсіптік бағытта білімдерін жетілдіру қажеттілігін тудыру арқылы; студенттердің шетел тілінің жеке және қоғамдық маңыздылығын түсінуі арқылы; пәнге тұрақты қызығушылық танытуы; шетел тілінің мүмкіндіктерін пайдалана алуы арқылы жүзеге асады. Жаңаша мемлекетаралық, әлемдік қатынастардың тез дамуы жастардан қатысымдылықты, гуманитарлық сауаттылықты және мәдениаралық байланыстарға қабілеттілікті талап етеді.

Кәсіптік даярлық ұғымын нақтылау, оқыту мотивациясы және ғылыми әдебиеттерге жалпы шолу жасау, бір жағынан, нысанадағы ғылыми жұмыстың тақырыбы бойынша көптеген сұрақтардың алғышарттарын анықтауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан, жоғары оқу орындарында шетел тілін оқыту арқылы студенттердің кәсіптік даярлығын қалыптастырудың компоненттерін анықтауға мүмкіндік берді [5,97].

Жоғары оқу орындарында шетел тілін оқытуда студенттердің ынтасы, қажеттілік, мотивтері (кәсіптік, танымдық, шығармашылық, практикалық) студенттерге шетел тілін оқытуда кәсіптік даярлықты қалыптастырудың мотивациялық компонентін құрайды; Студенттің оқудан: таныстыру, анықтамалық, шолып оқу дағдысының қалыптасуы; жазудан: тізбекті ой жүйесін жеткізу, тұжырымдамалар мен шығармалар, жеке және іскерлік мәндегі хаттар жазу дағдысын жетілдіру; сөйлеуден: оқылған тақырыптар көлемінде монолог пен диалогты дамыту шеберлігі; тыңдаудан: күнделікті кездесетін, ақпараттық, кәсіптік мәндегі хабарларды тыңдау арқылы қабылдау шеберліктері мен дағдылары бойынша студенттің білім, тәжірибесі және шетел тілін кәсіптік бағытта меңгеруі мазмұнды-операциялық компонентті құрайды; студенттің тілге қажеттілігін, танымдық қызығушылығы мен белсенділігін ұйымдастыра білуі, интеллектуалды шеберліктері, ақыл-ой әрекеттері арқылы тапсырманы орындау, ойлау шеберліктері студенттерге шетел тілін оқытуда кәсіптік даярлықты қалыптастырудың когнитивтік компонентін; студенттің тілді қолдану, өзін-өзі бағалай алу, өзін-өзі бақылау қабілеті рефлексивті компонентті құрайды. Жоғары оқу орындарында шетел тілін оқыту арқылы студенттердің кәсіптік даярлығын қалыптастырудың компоненттері ұсынылған. Бұл компоненттер тілдік әрекет түрлері: фонетика, лексика, грамматика салаларын жүйелендіре отырып жүзеге асырылады.

Студенттердің мотивациялық компонентті меңгеру деңгейі олардың орындау әрекеттерін мақсатты түрде бақылау, байқау арқылы, студенттермен әңгіме, сауалнама жүргізу және студенттің шетел тілін меңгеру көрсеткіштерін есепке алу арқылы жүзеге асады. Мазмұнды-операциялық компонентінің қалыптасу деңгейін студенттердің шетел тілінен сөйлеу, оқу, тыңдау, жазу дағдыларының тестік тапсырмалар арқылы және кәсіптік терминологияны меңгеру деңгейін тексеру арқылы анықталады. Студенттердің шығармашылық, сыни ойлау, жазбаша, ауызша тапсырмаларды орындауы: пікір білдіру, презентация жасау, талдау барысында когнитивтік компонентінің қалыптасу деңгейі анықталады. Рефлексивті компоненттің қалыптасу деңгейі студенттердің жұмыстарын, шығармашылық тапсырмаларды орындау нәтижелерін және студенттердің ауызша, жазбаша жауаптарын талдау арқылы жүзеге асады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Егоров В.В. *Организационно-педагогические основы подготовки инженера-педагога для профессионально-трудового обучения учащихся*: дисертация докт. пед. наук. – Алматы, 1995. – 376 с.

2 Кенжебеков Б.Т. *Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру*: пед. ғыл. докт., дис. – Қарағанды, 2005. – 267 б.

3 Маусымбаев С.С. *Жоғары оқу орнында болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімін кәсіби даярлау теориясы және практикасы*: (физика-математика факультетінің материалдары негізінде) пед. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2005. – 37 б.

4 Хмель Н.Д., Ивахнова Л.А., Хан Н.Н. *Формирование основ дидактической готовности учителя*. Алматы: РИМП Эксито, 1994. – 103 с.

5 Исмаилова Р.Б. *Өзіндік жұмыс арқылы студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру*: пед. ғыл. канд. автореф. – Түркістан, 2010. – 25 б.

References:

1. Egorov V.V. *Organizasionno-pedagogicheskie osnovy podgotovki injenera-pedagoga dlä profesionälno-trudovogo obuchenia uchašihsä*: disertasia dokt. ped. nauk. – Almaty, 1995. – 376 s.
2. Kenjebekov B.T. *Joğary oqu orny jüiesinde bolašaq mamandardyñ käsibi qūzyrettiligin qalyptastyru*: ped. ғыл. dokt., dis. – Qarağandy, 2005. – 267 b.

3. Mausymbaev S.S. Joғary oqu ornynnda bolaşaq jaratylystanu pänderi müğalımın käsibi daiarlaw teoriasy jäne praktikasy: (fizika-matematika fakültetiniñ materialdary negızinde) ped. ğyl. dokt. ... avtoref. – Almaty, 2005. – 37 b.
4. Hmel N.D., İvahnova L.A., Han N.N. Formirovanie osnov didakticheskoi gotovnosti uchitelä. Almaty: RİMP Eksito, 1994. – 103 s.
5. İsmailova R.B. Özındık jümys arqyly studentterdiñ käsibi bağyttylyğyn qalyptastyru: ped. ğyl. kand.avtoref. – Türkıstan, 2010. – 25 b.

МРНТИ 16.01.11

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.75>

Асылжанова Д.¹

¹Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Алматы, Қазақстан

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада тіл оқытудың жаңа әдістерін, соның ішінде коммуникативтік оқытуды ұсынған ғалымдардың еңбектеріне шолу жасау негізінде ағылшын тілін оқытудың тиімді әдістері қарастырылады. Шет тілі сабақтарында заманауи әдістерді қолдана отырып оқытудың ерекшеліктері, маңызы мен әдістері қарастырылады. Студенттердің шет тілінде еркін сөйлеуі үшін жүйелі оқытудың маңыздылығы атап өтіледі, сонымен қатар сабақ барысында қиындықтарды жеңу тақырыбы, мысалы, оқушылардың белсенділігі мен белсенділігі, білімдерін тексеру, уақытты басқару, оқушылардың білімі мен шығармашылығын арттыру. Ақпараттық технологиялар мен электронды оқулықтарды, интерактивті тақталарды, Дидактикалық ойындарды қолдану, оқытуда этномәдени және лингвомәдени білімді қолдану шет тілін оқытудың тиімді тәсілі ретінде көрсетілген.

Түйін сөздер: шет тілін оқыту, әдіс, тәсіл, оқытудың коммуникативтік әдісі, әдістеме түрлері, дидактикалық ойын, ақпараттық технологиялар

Asylzhanova D.¹

¹Abylai Khan Kazakh University of international relations and world languages,
Almaty, Kazakhstan

EFFECTIVE METHODS OF TEACHING ENGLISH

Abstract

This article discusses effective methods of teaching English based on a review of the work of scientists who have proposed new methods of teaching the language, including communication training. The features, meaning and methods of teaching using modern methods in foreign language lessons are considered. The importance of systematic learning for free communication of students in a foreign language is noted, as well as the topic of overcoming difficulties during the lesson such as involvement and activity of students, knowledge testing, time management, improving the level of knowledge and creativity of students. The use of information technologies and electronic textbooks, interactive whiteboards, didactic games, the use of ethno-cultural and linguistic-cultural knowledge in teaching is shown as an effective approach to teaching a foreign language.

Keywords: foreign language teaching, method, approach, communicative method of teaching, types of methods, didactic game, information technologies

Асылжанова Д.¹

¹Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана,

ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ПРЕПОДАВАНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация

В данной статье рассматриваются эффективные методы преподавания английского языка на основе обзора работ ученых, предложивших новые методы преподавания языка, в том числе коммуникативное обучение. Рассмотрены особенности, значение и способы обучения с использованием современных методик на уроках иностранного языка. Отмечается важность систематического обучения для свободного общения учащихся на иностранном языке, а также затрагивается тема преодоления трудностей во время урока, таких как вовлеченность и активность учащихся, проверка знаний, тайм-менеджмент, повышение уровня знаний и творчества учеников. Использование информационных технологий и электронных учебников, интерактивных досок, дидактических игр, использование этнокультурных и лингвокультурных знаний в преподавании показано как эффективный подход к обучению иностранному языку.

Ключевые слова: обучение иностранному языку, метод, подход, коммуникативный метод обучения, виды методики, дидактическая игра, информационные технологии

Кіріспе. Шет тілін оқыту әсіресе ағылшын тілін оқыту мен меңгерудің тиімді әдістерін жасау, жетілдіру, оңтайландыру қазіргі қазақстандық білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Оқытылуға тиісті материалдың көптігі мен оны оқытудың тиімділігі, ең бірінші, оқытылғалы отырған аудиторияның шетел тілін меңгеру деңгейіне тікелей байланысты. Бұл, әдетте, шетел тілін оқытудың, соның ішінде еуропа тілдерін оқытудың классикалық әдістемесі болып табылады.

Соңғы уақытта шетел тілін меңгерудің көптеген жолдары мен әдістері, оқу құралдары, оқу орындарында арнайы лингвфонды және компьютерлік курстар пайда болды. Лингвистикалық орталықтар әртүрлі интенсивті курс түрлерін ұсынуда. Интернет контент те тілді меңгерудің түрлі әдіс-тәсілдерімен толтырылуда. Дегенмен, күнделікті тәжірибе көрсетіп отырғандай, талапкерлердің барлығы да шет тілін меңгеруде үлкен жетістікке жете алмай жатады. Бұған көптеген факторлар әсер етеді, соның ішінде шет тілін оқытудың дұрыс методикасын таңдау басты фактор болып табылады. Ресейлік полиглот Д.Петров «қандай тиімді әдіс болмасын, білім алушылардың барлығына бірдей пайдалы бола алмайды, өйткені әр тұлғаға тек белгілі бір әдіс ғана лайықты келуі мүмкін[1]» дейді. Бұдан біз тиімді әдістердің дербес емес, кешенді түрде болатынын аңғарамыз.

Әдістеме. Қазіргі қазақстандық білім беру жүйесінде оқушыларға ағылшын тілін үйретудің жаңаша әдістемесі қолданылып жүр. Шет тілдерін оқытудың педагогика тарихында көптеген концептуалды әдістемелері болған: матрикалық әдіс, коммуникативті әдіс, суггестопедия, аудиолингвалды әдіс, аудиовизуалды әдіс, Илья Франктың оқыту әдісі, жан-жақты дамыту әдісі, грамматика-аудармалық әдіс, тура әдіс, Г.Пальмер әдісі, құрылымдық әдіс, диалогтық оқыту әдісі, т.б.

Ағылшын тілін ерте жастан оқытудың мақсаты – оқушылардың ағылшын тілінде қарым – қатынас жасай алу негіздерін меңгеруі болып табылады. Ерте жастан ағылшын тілін оқыту оқушылардың коммуникативті даму біліктілігін арттырады, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді, бірден көп тілдерде сөйлесуге мүмкіндік алады. Ал, әлемдік тіл ретінде бейресми түрде орныққан ағылшын тілін меңгеру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шыңдай түседі. Қазіргі ағылшын тілін білу – уақыт талабы.

Нәтиже. Ағылшын тілі біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениетаралық қарым- қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. Мемлекеттің халықаралық байланыстарының сапалық өзгерістері адамның практикалық және зияткерлік іс-әрекетінде ағылшын тілі сұранысқа ие болу қажеттілігін туғызып отыр.

Ағылшын тілін оқытуда оқушылардың қызығушылығын ояту – басты мәселе. Шетел тілін меңгеруде көп қиыншылықтар кездеседі. Бұл қиыншылықтарды жеңу үшін пәнге деген ынтасын әуестігін арттыру керек.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады:

1. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
2. Сабақты түрлендіріп өткізу;
3. Сабақта оқушылар өздері жасаған постер, суреттер, схемаларды пайдалану;
4. Техникалық құралдарды тиімді пайдалану;
5. Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету;

Ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың білім-біліктілік танымдық, коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыруда ойын элементтерін қолданудың маңызы зор.

Ойындар маңызды әдістемелік тапсырмалардың орындалуына мүмкіндік туғызады:

- ✓ Балалардың сөйлеу арқылы араласуына психологиялық дайындығын жасауға;
- ✓ Олардың тіл материалын көп қайталауына табиғи қажеттілікті қамтамасыз етуге;
- ✓ Сөйлеудің жалпы алғанда күтпеген жағдайға дайындығы болып табылатын оқушылардың қажетті сөйлеу

үлгісін таңдап алуға жаттықтыруға;

Талқылау.

Ойын әдістемелерін ағылшын тілі сабақтарында жасөспірімдердің танымдық белсенділігіне ынталандыру құралдары ретінде пайдалану проблемалары жөніндегі әдебиетті зерделеуге;

➤ Ойын әдістемелерін топтастыруға әртүрлі көзқарастарды талдауға;

➤ Ойын әдісі арқылы оқыту олардың, пәнге деген қызығуын арттырамыз, өз ойың, пікірің, көзқарасың білдіруге, екінші бір адамның жауабын тыңдап, оны толықтыруға, жетістіктері мен кемшіліктерін айта білуге жаттығады;

Талқылау. Ағылшын тілін үйрету барысында музыканың ықпалы зор. Өн тілдік қарым-қатынас құралы ретінде жаңа сөздер мен сөз тіркестері құпалып оқушының сөздік қорының молаюына ықпал етеді. Өн, өлең тыңдау кезінде таныс лексика оқушы есінде тез жатталады. Шет тілінде ән айтып үйрену барысында оқушы дыбыстарды дұрыс атап үйренеді, сөйлемге дұрыс екпін қояды. Өнмен жұмыс барысында оқушының көңіл-күйі көтеріліп, тілге деген қызығушылығы арта түседі. Сабақ барысындағы әндер мұқият жас ерекшелігі ескеріліп таңдап алынуы тиіс. Сонымен қатар электронды оқулықтардың пайдасы өте зор. Сабақта электронды оқулықтарды пайдалану арқылы оқушының шығармашылық қабілетін арттыруға, ізденісін ұлғайтуға, танымдық көзқарасын қалыптастыруға, өзіндік жұмыстарды тез орындауға машықтанады.

Шет тілдерін оқыту әдістемесінде «әдіс» ұғымының 4 бірдей қолданысын таратып берсек болады:

1) Оқытудың белгілі бір мақсаты мен қағидаттарына, мазмұнына негізделген тұтас бір бағыт. Мәселен, оқыту әдістемесінде коммуникативтік әдіс, саналы-салғастырмалы, салыстырмалы-салғастырмалы әдіс, аудиовизуалды әдіс (Р.Губерния) т.б [2, 54].

2) Сонымен қатар, оқыту әдістемесінде белгілі бір автордың ұсынған оқыту жүйесі болады. Мәселен, Г.Пальмер әдісі, Майкл Уэст әдісі, Д.Петровтің интенсивті әдісі, Игорь Шехтердің әдісі т.б.

Әдіс дегеніміз – қойған мақсатқа жету үшін оқытушы мен оқушының ортақ қызметі (танысу, жаттығу, қолдану). Сондай-ақ тілді оқыту тарихында белгілі бір дәуірде қолданылған бірегей оқыту стратегиясы («әскери») әдіс- Екінші Дүниежүзілік соғыс ұақытында қолданылған әдіс) да болады.

Шет тілін оқытуда кең қолданылып жүрген тиімді әдістің бірі – Е.И.Пассов ұсынған коммуникативті оқыту әдісі. Әдістің ерекшелігі тілді оқыту әдісін барынша шынайы коммуникацияға, тілдік қатынас жасауға бағыттау. Аталмыш әдістің негізгі қағидаты сөйлеумен, аузыша тіл қатысумен, диалог жүргізумен, жаттығуларды орындай отырып сөйлесім жағдаятын құрумен байланысты. Бұл жайында Е.Пассов: «Если попытаться в общих чертах определить коммуникативность, то можно сказать, что она заключается в подобии процесса обучения процессу коммуникации. Точнее говоря, коммуникативный метод основан на том, что процесс обучения является моделью процесса коммуникации. Как любая модель процесс обучения в каких-то аспектах упрощен по сравнению с реальным процессом коммуникации, но по основным параметрам (по крайней мере по принципиально важным) он ему адекватен, подобен», – дейді. [3, 33].

Коммуникативтік біліктіліктің негізгі компоненттері:

- лингвистикалық (лексика, грамматика) біліктілік;

- дискурсивтік (тілдің коммуникативті қолданылуы) біліктілік;

- прагматикалық (коммуникативті мақсатқа жету) біліктілік;

- әлеуметтік-мәдени (өзін-өзі ұстау нормаларын игеру) біліктілік;

Мұндағы лингвистикалық біліктілік бұл оқушылардың тілдік білімдері, дискурсивтік біліктілік – түрлі мәселелік жағдайларда іс-әрекет ету тәсілдері, прагматикалық біліктілік – тілді продуктивті іс-әрекет жағдаяттарда (немесе шынайы жағдаяттарға жақындатылған) қолдануды білдіреді.

Шет тілін оқытудың коммуникативті әдісі тілді тек оқытып қана қоймайды, сол тілдің мәдени кеңістігімен де таныстырады. Заманауи әдістемеді бұл тезис тілді үйренушінің мәдениетаралық құзіреттілігін қалыптастыруға негізделген лингвомәдени бағыттың іргесін қалауға мүмкіндік берді [4,7].

Шет тілін оқыту әдістемесінде лингвомәдениеттанымдық, этнолингвистикалық парадигма негізінде білім беру тәжірибесі қолданылып келеді. Тілді оқыту арқылы әлемнің тілдік бейнесін түсіну, әр халыққа тән ұлттық тәрбие мен ұлттық сана-сезімді бағамдаудың тілді үйрену мен меңгеруде маңыздылығы әдістемеді дәлелденген. Тіл ұлт мәдениетінің индикаторы болғандықтан, тілді меңгеру барысында ұлттық мәдени үлгілерді де, ұлттың әлемді тану моделін де түсіндіру үйренушінің тілді терең меңгеруіне мүмкіндік береді.

Тілді меңгерудің лингвомәдениеттанымдық бағыты тілдік қоғамның негізгі ұғымдары мен түсініктерінен хабар беруге, білім алушының когнитивтік жүйесін кеңейтуге үлкен үлес қосады. Шет тілін лингвомәдени концептілер төңірегінде меңгерту дидактикалық мәліметтерді игертудің тиімді әдісі бола алады [5].

Қазақстандық білім жүйесі шет тілін оқытудың заманауи әдістеріне – лингвомәдениеттанымдық, психолингвистикалық, лингводидактикалық, мәдениетаралық қатынас жүзінде оқыту біртұтас жүйе ретінде қарастырылмаған. Шет тілін үйретудің тиімді тәсілдері ретінде барыншы практикалық-педагогикалық тәжірибе әдістеріне сүйенеді.

Ж.Төлеухан ағылшын тілін оқытудағы кейбір мәселелерді айта келіп, оларды шешуге бағытталған тиімді әдістерді ұсынады .

- инновациялық технологияларды қолдау: оның ішінде IPod қолдану, сол арқылы видео, фильм, телебағдарлама және бейнебаян көріп, оған талқылау жасау, өз пікірлерін айту, басты кейіпкерге хат жазу, мазмұнын айту, фильм кейіпкерлерінің сөздерін не фразаларын қолдану сияқты жаттығу түрлері сабақты сапалы өткізуге көмектеседі;

- шет тілін үйренуде сөз жаттау, сөздік қорды дамыту ең басты қадам, сөзсіз біз шет тілінде бірден сөйлей алмаймыз. Бастауыш сынып оқушылары сабақ барысында алынған жаңа сөздерді келесі сабаққа жаттап келгенімен

бірнеше сабақтан соң ұмытып қалады. Мұндай жағдайларды болдырмас үшін жеке сөз ғана емес сонымен қатар фразалар мен идиомаларды да көп жаттаған дұрыс [6,7].

Сонымен қатар автор көруге берілген медиаөнімдер студент пен оқушыларға ұнайтын, олардың сүйіп тыңдайтын музыкасы, фильмі, мультфильмдері болғаны дұрыс дейді. Ал сөздік қорды ұлғайту барысында жаңа сөздерді көп мөлшерде берудің қажеті жоқ, оның орнынан әр сабақта 6-7 сөзден аспауы керек дегенді айтады. Одан бөлек, автор оқытушы мен студент сабақта кезектесіп жұмыс жасауы керектігін, студенттерді бірнеше топқа бөліп және топты (топтағы студенттер саны 8-10-нан аспауы тиіс) деңгейіне қарай, яғни деңгейі төмен не жоғарыларды араластырып жұмыс істеу оларға қарым-қатынасты дамытуға жақсы жағдай туғызатындығын айтады.

Қазіргі тиімділігі жоғары оқыту технологияларының жалпыға танылған түрлері: модульдік оқыту, проблемалық оқыту, жобалай оқыту технологиясы, жеделдетіп оқыту, сатылай кешенді талдау, ойындық технологиясы, коммуникативтік технология, т.б [7.14].

Коммуникативті үлгідегі сабақтар: *КВН-сабақ, конференция-сабақ, Вернисаж-сабақ, жарыс сабақтары, панорама сабақ, «дөңгелек үстел» сабағы, аукцион сабақ, сынақ сабақ, лекция сабақ, семинар сабақ, экскурсия сабақ, көрме сабақ, «сот жүргізу» сабағы, «телекөпір» сабағы, «музыкалық калейдоскоп» сабағы, «хайуанаттар әлеміне саяхат» сабағы, олимпиада сабағы, спектакль сабағы және т.б. [7.25].*

Шет тілін терең меңгерудің тиімді жолдарының бірі – ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану болып табылады. Ғалымдар А.А.Андреев, В.И.Солдаткин, В.П.Кашицин ағылшын тілін оқытуда ақпараттандыру үрдісінің ықпалын жан-жақты сипаттай отырып, әсіресе, білім мен ұғымды ұсыну, меңгеру әдістерінің өзгеретіндігін, мұғалімдер мен оқушылардың өзара әрекетінің жолдары туралы айтады.

А.Даулетиярова ақпараттық-коммуникациялық оқыту технологиясының келесідей үлгілерін ұсынады: Project teaching, student team learning: team rewards and individual accountability, Jigsaw, Learning together, Step by step, Professor Higgins, English Platinum, Hangman, Lex, Self English, Irregular verbs, Albion, BX Language acquisition, English Practice, AcrivStudio, Bridge to English және т.б. Мәселен, талапкерлердің сөздік қорын, диалогтық сөйлеуін дамытуда Hangman, Lex, Self English, English Practice, BX Language acquisition, Triple play plus in English, English on holidays бағдарламаларын пайдаланса болады [9.37].

Шет тілін оқытуда кең қолданылып жүрген тағы бір әдіс – дидактикалық ойындарды пайдалану. Дидактикалық ойындардың мақсаты – білім алуға, кітап оқуға және ғылымға қызығушылық туғызу. Мектеп пәндерін оқытуда, баланың білімі мен танымдық жағын арттыруда дидактикалық ойындар орны ерекше. Дидактикалық ойын тәсілдері арқылы сабақ беру оқушылардың оқуға деген қызығушылығын ғана тудырып қоймайды, сонымен қатар оқушылардың сабақ кезінде өздерін емін-еркін сезінулеріне, соған сәйкес кезекті ақпаратты жылдам, жеткілікті қабылдауларына әсер етеді.

Дидактикалық ойындардың, әсіресе, коммуникативтік сипаты шет тілін оқытуда барынша кең қолданылады.

Шет тілі сабақтарында ойын технологиясын қолданудың бірнеше маңызды себептері бар:

1. Тілдік ойындарды қолдану оқушылар бойынан қажетті қызығушылықты тудыра алады.
2. Ойын технологиясы уақытты үнемдеп, үлкен жұмыс көлемін еш қиындықсыз тамамдауға мүмкіндік береді.
3. Ойындар мазмұнды мағыналы қарым-қатынаспен қамтамасыз етеді. Ойын тек дискреттік түрде болғанның өзінде, қарым-қатынас орын алады, себебі оқушы ойынның ережелерін түсінуге ұмтылады және де ойын жайлы өз пікірлерін білдіргеннің өзі де толыққанды қарым-қатынасқа жатады.
4. Меңгерілуге тиісті тілдік материал оңай әрі жағымды жолмен беріледі.
5. Ойын қолданған кезде ең маңызды деген төрт іскерлікті бірдей дамытып отырады.
6. Ойынның білім беру қызметімен қатар тәрбиелік мәні де бар. Мысалы, оқушылар топта, ұжымда жұмыс істеуді үйренеді, сыныптастарын құрмет тұтып, өзгенің еңбегін бағалауды үйренеді.

Оқытуда қолданылатын ойын әдістері – ойынның нақ өзі емес, ойын түріндегі әдісі. Ол логикалық, дербес орындалатын жаттығу жұмыстарына балалардың зейінін аударып қызықтыру, сабаққа белсенділігін арттыру, алған білімін тиянақтау, кеңесту, кейде сабақты түсіндіру мақсатында қолданылады. ойын әдістерін қолдана өткізіліген сабақтар, жаттығу жұмыстары баланың сөзге белсенділігін арттырып, олардың ойлау, қабылдау әрекеттерін кеңейту, білім сапасын тереңдете тиянақтай түсуге жәрдемдеседі.

Ағылшын тілін үйретуге қатысты ұсынылып жатқан әдістердің барлығы негізінен коммуникативтік дағдыны қалыптастыруға, жетілдіруге арналған.

Қорытынды. Қазіргі заманғы жаңа ақпараттық технологияны қолдану арқылы оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейінде пәнаралық байланыстарды тереңдетуге мүмкіндік туады. Бұл оқушының ақпаратты, қоғам жағдайында ойлау қабілетін арттыра түседі. Осынай бағыттағы білім оқушыларды Отанға деген сүйіспеншілікке, достық пен ынтымақтастыққа баулиды.

Оқушылардың оқу-танымдық құзіреттіліктерін қалыптастыра отырып, танымдық іс-әрекет белсенділіктерін арттыру үшін, көрнекі құралдар, техникалық құралдарды жиі пайдалану қажет.

Мұнда оқушылар кез келген ақпаратты алғаннан кейін немесе мәтінді алғаннан кейін сол мәліметке қатысты өзіндік көзқарас туындайды. Яғни адамның ішкі жан дүниесіне сезімдік, эмоционалдық із қалдырады, сол себепті мұғалім берілетін ақпараттарға жағымды қарым-қатынас туындатып, білімнің негізін қалайды. Елдің болашағы келешек ұрпақтың қолында, яғни олар мұратты, моральды, тәртіпті болумен қатар мықты білім иесі болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Петров Д. Лекция «Психология изучения языков». 2016.

2 Г.В.Рогова, Ф.М.Рабинович, Т.Е.Сахарова. Методика обучения иностранным языкам в средней школе/– М.: Просвещение, 1991. – 287 с. – (Б-ка учителя иностр.яз).

3 Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – 2-е изд. – М.: Просвещение, 1991. – 223 с.

4 Кашина Е. Г. Традиции и инновации в методике преподавания иностранного языка. – Самара: Изд-во Универс-групп, 2006. – 75 с.

5 Н.И.Курганов. Обучение иностранным языкам на основе лингвокультурных концептов//Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. – 2007. – №28

6 Ж.Төлеухан, А.Құрмет. Ағылшын тілін оқытудағы тиімді әдістер//Методика обучения иностранному языку=Шетел тілін оқыту әдістемесі. – 2012. – №4. – 6-8 б.

7 Д.Утаханова. Методика обучения иностранному языку=Шетел тілін оқыту әдістемесі. – 2016. – №5. – 14-16 б.

8 Р.Б.Ахметова. Ағылшын тілі сабақтарында жаңа педагогикалық технологияны пайдалану. Методика обучения иностранному языку=Шетел тілін оқыту әдістемесі. – 2011. – №1. – 23-25 б.

9 А.Б.Даулетиярова. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар негізінде ағылшын тілі сабақтарын жүргізу жүйесі. . Методика обучения иностранному языку=Шетел тілін оқыту әдістемесі. – 2011. – №1. – 34-40 б.

References:

1. Petrov D. Lekcia «Psihologia izuchenia iazykov».2016.
2. G.V.Rogova, F.M.Rabinovich, T.E.Saharova. Metodika obuchenia inostrannym iazykam v srednei škole/– М.: PRosveşenie, 1991. – 287 s. – (B-ka uchitelä inostr.iaz).
3. Pasov E.İ. Komunikativnyi metod obuchenia inoiazycznomu govoreniu. – 2-e izd. – М.: Prosveşenie, 1991. – 223 s.
4. Kaşina E. G. Tradisii i innovasii v metodike prepodavania inostrannogo iazyka. – Samara: İzd-vo Univers-grupp, 2006. – 75 s.
5. N.İ.Kurganov. Obuchenie inostrannym iazykam na osnove lingvokülturnyh konseptov//İzvestia Rosiskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta im. A.İ. Gersena. – 2007. – №28
6. J.Töleuhan, A.Qürmet. Aғылşyn tilin oqytudaғы tiimді ädister//Metodika obuchenia inostrannomu iazyku=Şetel tilin oqytu ädistemesi. – 2012. – №4. – 6-8 b.
7. D.Utahanova. Metodika obuchenia inostrannomu iazyku=Şetel tilin oqytu ädistemesi. – 2016. – №5. – 14-16 b.
8. R.B.Ahmetova. Aғылşyn tili sabaqtarynda jaña pedagogikalıyq tehnologiany paidalanu. Metodika obuchenia inostrannomu iazyku=Şetel tilin oqytu ädistemesi. – 2011. – №1. – 23-25 b.
9. A.B.Dauletiarova. Aqqaratıyq-komunikativtik tehnologialar negizinde aғылşyn tili sabaqtaryn жүrgizu жүiesi. . Metodika obuchenia inostrannomu iazyku=Şetel tilin oqytu ädistemesi. – 2011. – №1. – 34-40 b.

МРНТИ 378.016

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.76>

Алиханкызы Г.¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

ШЕТ ТІЛІ САБАҒЫНДА АУЫЗША СӨЙЛЕУДІ ДИСКУССИЯ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Шет тілін оқытуда басшылыққа алынатын дағдылардың бірі- сөйлеу. Ауызша сөйлеу әрекеті студенттердің өз ойларын айқын айтуына, диалогтық қарым-қатынасқа түсу барысында қиналмауына әкеп соқтырады. Мақаланың негізгі мақсаты шетел тілі сабақтарында студенттердің ауызша сөйлесу дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыру, пікірталас, дебаттар, дискуссияларды студенттердің тілдік деңгейін ескере отырып сабақ барысында тиімді ұйымдастырудың жолдарын көрсету. Сонымен қатар автор мақалада әлемдік педагогикалық тәжірибедегі пікірталастың түрлерін қарастырды. шет тілі соның ішінде қытай тілі сабағында студенттердің ауызша сөйлеу дағдыларын дамытуда кездесетін кейбір қиындықтарды қарастырды.

Түйін сөздер : дискуссия, ауызша сөйлеу, шет тілі, тілдік дағдылар

Alikhankizi G.¹

¹Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan

WAYS TO DEVELOP SPEAKING THROUGH DISCUSSION IN A FOREIGN LANGUAGE CLASS

Abstract

The basic skills of teaching a foreign language is - speaking. Oral communication allows students to express themselves clearly and to have no difficulty in engaging in dialogue. The main purpose of the article is to develop students' communication skills and abilities in foreign language lessons, to show how to effectively organize discussions, debates in the classroom, taking into account the language level of students. In the article was also considered the types of discussions in the world pedagogical practice by the author. There were regarded some of the difficulties in the development of students' speaking skills in foreign languages, especially Chinese.

Key words: discussion, oral speaking, foreign language, language skills

Алиханкызы Г.¹

*¹Казахский национальный университет имени Аль-Фараби,
Алматы, Казахстан*

СПОСОБЫ РАЗВИТИЯ УСТНОЙ РЕЧИ НА УРОКЕ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА ПОСРЕДСТВОМ ОБСУЖДЕНИЯ

Аннотация

Основные навыки обучения иностранному языку - разговорная речь. Устное общение позволяет студентам ясно выражать свои мысли и без труда вступать в диалог. Основная цель статьи - развить коммуникативные навыки и умения учащихся на уроках иностранного языка, показать, как эффективно организовать дискуссии, дебаты на занятиях с учетом языкового уровня учащихся. В статье автором также рассмотрены виды дискуссий в мировой педагогической практике. Были рассмотрены некоторые трудности в развитии у студентов разговорных навыков на иностранных языках, особенно китайском.

Ключевые слова: дискуссия, устная речь, иностранный язык, языковые навыки

Кіріспе. Адам баласының сана-сезімінің дамуында дыбысты тілдің пайда болуының маңызы зор болды. Сөйлеудің пайда болуы нәтижесінде адам организмі анатомиялық өзгерістерге түсіп, дыбыс артикуляциясына қабілеті бар сөйлеу аппараты жасалды. Осының арқасында адам жеке дыбыстарды ғана емес, түрлі дыбыс тіркестерін, тиісті мән-мағынасы бар сөздерді айта алатын қабілетке ие болды. Сөйлеу адам санасының басты белгісі. Ол бізді жануарлар дүниесінен ерекшелендіріп тұратын негізгі жан қуаты. Сөйлеу мен сананың пайда болып, біртіндеп қалыптасуын тек биологиялық жағдайлардан емес, ең бастысы қоғамдық-әлеуметтік, тарихи факторлардан іздестіруіміз қажет. Сана мен тіл адамзат қоғамының тарихи дамуының, олардың іс-әрекетпен айналысуының, еңбек құралдарын жасап, пайдалана білудің нәтижесі.

Сөзді қабылдау және оны ұғыну бір-бірімен тығыз байланысты. Сөзді дұрыс қабылдамай тұрып, оны ұғынуға болмайды. Жеке сөздерді қабылдаудың өзі оны ұғынуды қажет етеді. Қабылдау мен ұғыну бір мезгілде жүріп отырады, бірінсіз-бірі іске аспайды. Интонацияны қабылдау сөйлеу аппаратында, адамның мәнерлі қозғалыстарында түрліше реакция тудырады. Мәселен, бұйрық интонациясы бойынша іс орындалса, тілек интонациясына келісу немесе келісушілік білдіреді. Адамға тән сөйлеу әрекетінде екі сипат болуы шарт. Бұларсыз сөйлеу өзінің қызметін дұрыстап атқара алмайды. Мұның біріншісі – сөйлеудің мазмұндылығы, екіншісі – оның мәнерлілігі делінеді. Сөйлейтін сөзде мазмұн болмаса, ол өзіндік сөздік мәнін жояды. Сөздің мазмұндылығы дегеніміз екінші біреуге жеткізілетін ойдың айқындығы (1).

Сөздің мәнерлілігі дегеніміз – адамның сөйлеу кезіндегі эмоциялық қалпын білдіре алуы, яғни әрбір сөйлемді өзінің сазымен айта алуы. Халық жақсы сөйлейтін адамдарды «сөзі мірдің оғындай екен» дейді. Мәнерлі сөйлей білудің мұғалімдік мамандық үшін маңызы зор. А.С.Макаренко бұл жөнінде: «Балалар сіздің сөзіңізден өзіңіздің еркіңізді, сіздің мәдениетіңізді, сіздің жеке ерекшелігіңізді сезіне алатындай болуы керек», – дейді.

Сөйлеу әрекеті үлкен ми сыңарларының анализдік, синтездік қызметінің нәтижесі. Бұл, біріншіден, сөйлеу органдарындағы қозғалыстарды, жазылған әріптердің түрлерін, тілдегі дыбыстарды нәзік талдаудан; екіншіден, сөздік сигналдардың бөлшектік элементтерін байланыстырудан көрінеді. Физиологиялық тұрғыдан сөздің мәнін И.П.Павлов былай түсіндіреді: «Егер айналадағы дүниеден алынатын біздің түйсіктеріміз бен елестеріміз шындықтың бірінші сигналдары болып табылатын болса, онда тіл ең әуелі сөйлеу органдарынан ми қабығына баратын кинестезиялық тітіркенулер, екінші сигналдар – сигналдардың сигналы болып табылады. Олар шындықтан

дерексіздену болып табылады да, жалпылауға мүмкіншілік береді, ал бұл соңғы бізге ғана тән ең жоғары ойлауды құрайды».

А.А.Монтъевтің айтуынша, сөйлеу әрекеті, теориясына сай, барлық тілдік әрекет сияқты белгілі бір динамикалық құрылымда болады екен. Тілді интеллектуал қызметінің құралы ретінде ала отырып, психолог-ғалымы былай көрсетеді:

- сөйлеу әрекетін жоспарлау
- оны жүзеге асыру
- салыстыру мен бақылау

Сөйлеу іштей сөйлеу және сырттай сөйлеу болып екіге бөлінеді. Ал, сырттай сөйлеу ауызша, жазбаша, монологтік және диалогтік болады. Сөйлеудің бұл түрлері бір-бірімен тығыз байланыста іске асып отырады.

Шет тілін оқытуда ауызекі сөйлеудің рөлі өте зор. Себебі ауызша сөйлеу арқылы адамдар бір-бірін түсінеді, өз ойларын айтады, дәлелдейді, естіген, айтылған хабарға өз көңілқүй қатынасын білдіреді.

Ауызша сөйлеу әдістемесін суреттеуге келгенде ауыз екі тілде ойдағыдай сөйлеудің төмендегі негізгі шарттарын ескергеніміз жөн:

1) Ауызша сөйлеудің монологты және диалогты формалары оқытудың барлық кезеңдерінде қатар жүреді;

2) Тілді меңгеруге кешенді түрде ықпал ету жүзеге асырылады; яғни бұл ауызша сөйлеу мен оқытуға бір мезетте үйрету, тілдік және сөйлетуге арналған дайындық жаттығуларының жүйелі түрде орындалуы;

3) қосымша оқыту құралдарының жиі жиі қолданылуы;

4) лингафонда, компьютерлі кабинеттерде ауызша сөйлеуге бағытталған жаттығуларды кең көлемде қолдану.

Ауызша сөйлеу ептілігін дамытуға үйретудің қажеттілігі, әсіресе диалогты құрастыра білуге үйрету, түсіне отырып тыңдауға үйретудің барлық торабымен тығыз байланысты (2).

Сөйлеудің өзара әрекеттесуі коммуникативтік мақсаттардың сөйлесу міндетін анықтап, жақындастыруға және соған жетуге бағытталған күш-жігерді біріктіреді, үйлестіреді және толықтырады. Бұл қарым-қатынас үрдісі, өзара әрекеттесу, қатысушыларға ауызша сөйлесуге күш-жігер үйлестіру арқылы байланыс тапсырмаларын шешуге мүмкіндік береді. Өзара қарым-қатынас байланысын ынталандырады және әсіресе студенттердің маңызды сөз сөйлеу әрекеттерін оятады.

Студенттердің жоғары тілдік деңгейінде коммуникативті құзыреттілікті қалыптастырудың бірінші жолы, сөйлеудің өзара әрекеттесуін тікелей меңгерту, дегенмен, жоғарғы орындағы студенттерді тілдік білімге жеткілікті деңгейде ие, сөйлеу этикетін меңгерген, сөйлеудің әртүрлі түрлерін меңгерген болып келеді.

Зерттеулерге сүйенсек негізі оқышылардың сөйлесу дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыру әдетте үш негізгі кезеңнен тұрады:

1. қарым-қатынасқа қатысушылардың сөйлеу мінез-құлқын бақылау және талдау арқылы болжалды негіз қалыптастыру;

2. стратегияны және оның орындалу тактикасын қалыптастыру;

3. нақты қарым-қатынаста немесе онымен тығыз байланысқа түсуде сөйлесудің дағдыларын дамыту (3).

Шет тіл сабақтарында сөйлесу қарым-қатынастарын орнатудың көптеген әдістерін және тәсілдерін ескере отырып, біз осы мақаламызда студенттердің сөйлеу әрекетін қалыптастыруда қолданылатын бірнеше әдістерге тоқталамыз. Сонымен қатар мақалада проблемалық оқыту принциптеріне сай келетін бірқатар белсенді әдістерге баса назар аударамыз.

Студенттердің шет тілінде ауызша сөйлеуін дамытудың бірден-бір жолы - шет тілін оқытуда сабақ барысында дискуссияны қолдану, бірнеше белсенді проблемалық әдістердің құрамдас бөлігін ашып көрсету. Студенттердің топпен жұмыс істеуі, тұлғааралық қарым-қатынасы, шешім қабылдауы, студенттердің ойлауға ынталандыратын көшбасшылық қасиеттерін дамыту, шығармашылық, ғылыми-зерттеу тәсілдерді көрсетуі және түрлі тапсырмаларды және басқа да маңызды және құнды дағдыларды шешу үшін жаңа идеяларды табу үшін қолданылатын белсенді оқыту әдістері (4).

Белсенді әдістердің негізгі әдістемелік сипаттамасы мыналарды қамтиды:

1) практикалық бағдарлау;

2) ойын әрекеті және оқудың шығармашылық сипаты;

3) өзара әрекеттесу;

4) түрлі хабарламалар;

5) диалог пен монолог;

6) студенттердің білімін және тәжірибесін пайдалану;

7) олардың жұмысын ұйымдастырудың топтық нысаны;

8) оқытуға белсенділік таныту;

9) қозғалысы мен көрінісі.

Дәстүрлі - репродуктивтік сипатқа ие және белгілі бір білім көлемін студентке беруге бағытталған ақпараттық-қабылдағыш оқыту әдістері. Мұндай әдістер: лекция, семинар, практикалық сабақтар және т.б. Студенттердің басты міндеті - ақпаратты жаттап, оны басқару.

Белсенді оқыту әдісі, екінші жағынан, студенттерді оқу үрдісінде ойлау мен практикалық іс-әрекеттерге белсене араласуға шақырады, сондықтан белсенділік оқытушы және студент тарапынан болады.

Оқу үрдісінің әртүрлі кезеңдерінде белсенді оқыту әдістерін қолдануға болады:

• Бірінші кезеңде бастапқы білімді меңгеру кезінде проблемалық лекция, эвристикалық сұхбат, тренингті талқылау және т.б. пайдалануға болады.

• Білімді бақылау (шоғырландыру) кезеңінде ұжымдық ақыл-ой қызметі, тестілеу және т.б. сияқты әдістер қолданылуы мүмкін.

• Білімді және дағдыларды қалыптастырудың соңғы кезеңінде алынған білімнегізінде және шығармашылық қабілеттерін дамытуда симуляцияланған оқытуды, ойнауды және ойнату әдістерін қолдануға болады (5).

Әдістеме. Кез келген құбылыс немесе оқиғаға қатысты әр тұлғаның жеке пікірі болады. Ал ол ойды жеткізе алатындар бар, жеткізе алмайтындар бар. Ол үшін пікірталас мәдениетін меңгеру маңызды рөл атқарады. Жаңа заманның талабына сай, пікірталас мәдениетіндегі ең бастысы аудиторияға ой тастау, ал көпшілік ойын әрқашан бір арнаға құя бермейді. «Ойды ой қозғайды», жаңа пікір тудырады немесе жаңа пікірдің ашылуына жағдай жасайды, не қарсы көзқарас пайда болады. Сұрақтың мазмұнына қарап, оны екіге бөлуге болады: түсіндірме сұрақтар; қосымша сұрақтар. Сұраққа берілген жауапқа әрқашан да барлығы бірден келісіп, мойынсұну бола бермеуі де мүмкін, осы тұста пікірталас пайда болады. Пікірталас – түрлі көзқарас, ой-пікірлерді қатар қою, салыстыру, салғастыру арқылы өзінің көзқарас, ой-пікірін дәлелдеу. Пікірталасты мынадай түрлерге бөлуге болады:

- Пікірталас
- Ойталас
- Пікірсайыс
- Ойбөліс

Пікір – көрген, оқыған, естіген әңгіме, баяндама, көркем шығарма т.б. еңбектер жайындағы әсер, туған ой. Пікірталас – жастарды көшбасшылыққа баулудың бір құралы да. Пікірталаста шеберлігінді шыңдаудың да жолдары бар. Ол үшін түрлі пікірталас клубтарының сайыстарын көріп, тәжірибе жинаудың маңызы зор. Студенттердің коммуникативті құзыреттілігін дамыту, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, диалогтық және монолог сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін шет тілін оқыту кезінде интерактивті технологияларды пайдалану ұсынылады. Біздің пікірімізше, ең тиімді интерактивті технологиялар пікірталастар, дискуссия, дөңгелек үстелдер, конференциялар, рөлдік ойындар болып табылады.

Талқылау барысында оқытушы көмекші, сұхбаттасушы рөлін атқарады, тек тыңдаушылардың есте сақтауы үшін белгілі бір ақпараттарды беріп отырады. Бұл жерде студент пассивті тыңдаушылардың рөлінде емес, диалог барысындағы белсенді және толық қатысушысы болады. Кез-келген мәселе, проблемалар, ұсыныстар, идеялар туралы ұжымдық талқылаулар болады. Оқытушының міндеті студенттерге тапсырмаларды орындауға беру емес, керісінше олардың жағдайды өз бетінше тұжырымдауына, білімдерін жобалауға және анықтау арқылы жаңа білімдерді меңгеруге, оларды талқылау барысында бекіту болып табылады. Студенттердің шығармашылық белсенділігі арттырылады, олардың сыни және объективті ойлау қабілеті дамытады және машықтанады.

Дәріс немесе практикалық сабақ барысында оқыған әрбір тақырып бойынша пікірталас өткізуге болады. Көбінесе студенттер жастардың проблемаларын, субмәдениетті, қоғамдағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін, саяхат түрлерін, олардың қызығушылығын, болашақ мамандығын, достарымен немесе отбасымен қарым-қатынастарын, экологиялық мәселелерді, студенттік өмірін және т.б. мәселелерді талқылауды жөн көреді. Дискуссия студенттердің өз бетінше ақпаратты жинау, өңдеу және талдау жұмыстарын жақсартады.

Осы мақалада дискуссия тұжырымдамасын қарастырып көрейік. Энциклопедиялық сөздікке сәйкес, пікірталас, дискуссия (discussio - талқылау, зерттеу) - шындыққа қол жеткізуге және тек сендіру әдістерін дұрыс пайдалануға бағытталған әдіс. Бұл қарым-қатынастың маңызды нысандарының бірі, шындықты суреттеу проблемаларын шешу әдісі. Дискуссияға қатысушылар келісімге келе алмаса да, олар, әрине, өз бағытында жақсы түсінікке қол жеткізеді. Оның үстіне, бұл оқушының субъективті сезімін төмендетеді, сонымен қатар жеке адамның немесе оқушылардың өз тобына деген сенімдерін жалпы қолдайды. Талқылау нәтижесінде қол жеткізілген шындық екі тараптың ортақ игілігіне айналады.

Дискуссияның қорытындысы талқыланатын тақырып бойынша айтылған пікірдің шамасына қарай қысқартылуы керек. Бұл талқыланатын тақырыпқа тән объективті және қажетті сипаттамалардың синтезі болуы керек. Басқаша айтқанда, дискуссияның нәтижесі пікірталасқа қатысушылардың немесе олардың көпшілігінің қолдайтын көп немесе кем объективті пікірінде болуы керек. Осылайша, талқылау нәтижесінде проблеманы шешу анық және нақты қалыптасады, әр тараптың нанымдары негізделеді.

Талқылаудың оқу нәтижесі қатысушыларға әртүрлі ақпарат алу үшін өздерінің құзыреттілігін көрсету және жетілдіру, талқыланатын мәселе бойынша өздерінің идеялары мен көзқарастарын тексеру және түсіндіру, білім беру міндеттерін бірлесіп шешу үдерісінде қолданыстағы білімді қолдану үшін берілген мүмкіндік арқылы анықталады.

Осылайша, дискуссияның даму функциясы студенттердің шығармашылығын ынталандыруға, олардың ақпаратты талдауға қабілеттілігін дамытуға, студенттердің коммуникативтік белсенділігін арттыруға, олардың оқу үрдісіне эмоционалды түрде қатысуына байланысты олардың идеялары мен көзқарастарын логикалық тұрғыдан дәлелдеуге мүмкіндік береді. Талқылаулар өздігінен, еркін және ұйымдастырылған болуы мүмкін.

Әлемдік педагогикалық тәжірибеде пікірталастың келесі түрлері ұсынылады. - Дөңгелек үстел - студенттердің кішігірім тобы (әдетте шамамен 5 адам) «тең жағдайда» қатысатын әңгіме, олардың арасында және аудиторияның арасында пікір алмасу бар. Дөңгелек үстелдер барысында түпнұсқалық шешімдер мен идеялар өте сирек кездеседі. Сонымен қатар, дөңгелек үстел көбінесе нақты шешімдерді әзірлеу құралы емес, адвокаттық рөл атқарады.

- Ойталас - сарапшылар тобының отырысы («панельді талқылау», «ток-шоу») алдымен белгілі бір топ мүшелерінің (алдын-ала тағайындалған) мақсатты мәселені талқылауы болып табылады, содан кейін бүкіл аудиторияға олардың ұстанымы туралы мәлімдеме болып табылады.

- Миға-шабуыл әр түрлі проблемаларға шешім табудың, жаңа идеяларды шығаратын ең танымал әдістерінің бірі. Американдық психолог А. Осборн 50-жылдарда ұсынды. Қазіргі уақытта оқытуды жетілдірудің бір әдісі қарастырылып, көптеген бизнес-дидактикалық ойындардың негізі болып табылады. Бұл әдіс мұқият ойластырылған және қатысушылардың тобын ұйымдастырудың талаптарын орындауды, жүріс-тұрыс технологиясын және мінез-құлқы ережесін қамтиды

- Дискуссия - латын тілінен аударғанда «себеп, дау айту». Бұл ортағасырларда жоғары оқу орындарында қолданылған жоғары білім берудегі ең ерте құрылымының бірі. Бұл оқытудың түрін қолдану барысында, проблема тудыратын немесе мәселенің белгілі бір көрінісін көрсететін кіріспе сөз бар, сол кезде оның өзі талқыланады және сол арқылы мәселе шешіледі. Оқыту жүйесінде дискуссияны алдын ала дайындалған қысқа сөзден кейін оқушылар ашуы мүмкін. Дискуссия жоғарыда көрсетілген мазмұнда немесе презентация түрінде болуы мүмкін (риторика әдістері). Бұл сайысқа қатысушылар әдетте сөз сөйлеушінің өзіне сілтеме жасамайды, бірақ ұсынылған ақпаратқа (оның хабарына) сілтеме жасайды (6).

Жоғарыда келтірілген материалдан проблемалық жағдайларды шешудегі талқылау әдісінің кең таралуы жеке және әлеуметтік әрекеттер үшін ең маңыздысы, бұл студенттердің логикалық, тәуелсіз және сыни ойлауының дамуына ықпал етеді, өздерін қорғауға және басқа біреудің көзқарасын жоққа шығаруға, біреудің пікірін тыңдауға мүмкіндік береді. Дискуссияның кезеңдері туралы бірыңғай талаптар жоқ, бірақ, әдетте, 3 кезең бар: талқылауға кіріспе, мәселені талқылау және нәтижелердің қысқаша мазмұны.

Дискуссия барысында оқытушы тыңдаушыны есте сақтау үшін белгілі бір көлемде ақпарат беріп, көмекші, сұхбаттасушы рөлін атқара отырып, тек оқытушы болуын тоқтатады. Бұл жерде студент пассивті тыңдаушылардың рөлінде емес, диалогтың белсенді және толық қатысушысы болады. Кез-келген мәселе, проблемалар, ұсыныстар, идеялар туралы ұжымдық талқылау бар. Студенттердің шығармашылық белсенділігі арта түседі, олардың сыни және объективті ойлау қабілеті жетіледі және дамиды.

Осылайша, талқылау барысында ақпараттың шоғырландырылуы, зерттелген материалдың шығармашылық түсінігі, құндылық бағдарларының қалыптасуы және коммуникативтік дағдылары мен қабілеттерінің қалыптасуы үшін өте тиімді екендігі туралы тұжырым жасауға болады. Дискуссияның кезеңдерін егжей-тегжейлі қарастырайық:

1. Дискуссияға дайындық. Бұл кезеңде талқылау тақырыбын, талқылау мақсатын, көшбасшы тандайды (оқытушы көшбасшы ретінде әрекет ете алады, бірақ студенттердің біреуі көшбасшы рөлін атқара алады), рөлдерді бөледі, нормативтік актілерді қабылдайды және т.б.

2. Дискуссия тақырыбын таңдауға қатысты әдіскер үш негізгі критерийді анықтайды:

➤ өзектілігі, қазіргі заманға сәйкестілігі

➤ қатысушылардың тақырыпқа деген қызығушылығы,

➤ тақырыптың қатысушылардың құзыретіне лайықтылығы (олардың лингвистикалық және тілдік емес дағдылары мен қабілеттері). Дұрыс таңдалған тақырып оқушыларды ынталандыру үшін үлкен рөл атқарады.

3. Дискуссияны өткізу. Бұл кезеңде қатысушылардың тікелей баяндамалары, мәселені талқылау.

4. Қорытындылау. Дискуссияны талқылау және бағалау бар. Оқытушы студенттердің мінез-құлқына түсініктеме беріп, талқылау кезінде әр қатысушының қатысуы. Студенттердің қызығушылығын ескере отырып, аудиториядағы білім беруді талқылауды ұйымдастыру керек. Сонымен қатар, студенттерге миға шабуылдау әдісі арқылы қызығушылық тудыратын тақырыпты таңдауға мүмкіндік беруге болады.

Дискуссияны өткізу белгілі бір опцияны таңдаудың себептері мен оның дұрыстығын айқындайтын, пікірталас пен рефлексияны талап етеді. Дегенмен, зерттеудің ең жоғары деңгейінде тақырыптар студенттердің психологиялық сипаттамаларына сай болуы керек. Тақырыпты таңдау тек тіл мен сөйлеу дағдылары мен қабілеттерін дамытуға ғана емес, сондай-ақ студенттерді белсенді ауызша өзара іс-қимылға қатысуға ынталандыратын проблемалық оқытуға қатысуы керек. Әрбір мәселені талдауы студенттердің өзін-өзі анықтауға көмектесетін ойлау мен өзін-өзі талдауын ынталандыруы керек.

Мақаламызда ары қарай қазіргі таңда тілдік жоғарғы оқу орындарында оқытылып жатқан шет тілдерінің бірі қытай тілінің оқытылуына студенттердің ауызша сөйлеуін дамыту барысында дискуссияны қолдануға тоқталып өтсек. Дискуссия білім беру функциясы ретінде, қытай тілін оқытудың мақсаты болып табылатын коммуникативтік құзыреттілік элементін яғни - жоғары деңгей студенттердің әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырады. Бұл шет тілі мамандығын оқитын студентке бір-бірімен өзара сөйлеу әрекетін үйренуге, келісімге қол жеткізуге, ортақ стратегияны немесе тактиканы құруға, ұстануға, ымыраға келуге мүмкіндік беретін топтық ұйым. Мұнда адамның, халықтың топтары мен халықтар арасындағы қарым-қатынаста тыңдауға, өмірде маңызды болып табылады. Сонымен қатар, жағдайдың шарттылығын тілдік ортадан тыс оқытуға тән пікірталастың ерекшелігі ретінде атап өту маңызды. Дискуссия сөзсіз жасандылық элементтерін сақтайды, олар кем дегенде сақталуы керек. Сондықтан, дискуссияға дайындық кезеңіне ерекше назар аудару керектігі - қатысушылар өздерінің сөйлеген сөздерінің реті, сабақтың тілдік жағын, тиісті материалды меңгеруін, жоғары деңгей студенттерімен қажетті лексикалық бірліктерді және грамматикалық құрылымдарды зерттеу және нығайтуды қарастырады. Сонымен қатар, студент талқылау бағытын анықтайды, талқылау үшін сұрақтар тудырады және ақпаратты іздеу және талдау жұмыстары тақырыпты таңдап, проблемалар тудыратын және т.б. қатысатын студенттермен жүзеге асырылады.

Қытай тіліндегі сабақтардың келесі ерекшелігі лингвистикалық аспект болып табылады. Бұл зерттеу түрінде қателіктер сөзсіз, себебі дискуссия тілі студенттердің ана тілі емес. Мұндай қателерді түзету пайдалы және өнімді болуы керек. Дегенмен, дискуссия барысында қателерді түзету қатысушыларды қысқартады, динамиканы бұзады, бірақ сонымен бірге қателерді, әсіресе, түсінбеушілікке алып келуі мүмкін. Осы жөнінде әдіскелер келесі нұсқаларды ұсынады:

1) қорытынды кезеңде қателерді талдау және түзету, жеке критерий бойынша грамматикалық және лексикалық дұрыстығын айқындау;

2) сұрақты нақтылау кезіндегі қателерді түзету немесе оқытушының студенттің грамматикалық тұрғыдан дұрыс мәлімдемелерін қайталау (7).

Студенттердің қиындықтары қытай тілінде өз ойларын білдіру үшін тілдік құралдарды және олардың шектеулі дәрежесі бар тілдерді таңдауды қажет етуі мүмкін. Мұнда оқытушы студенттерге әрдайым қытай тілінің негізіне сүйеніп, өздерінің ана тілін қолданбауы үшін бақылау керек. Қытай тілінде сабақты жоғары деңгейде өткізуді қарастыра отырып, оның кейбір артықшылықтары: қытай тіліндегі пәндерді талқылау және ұйымдастыру, логикалық ойлауды дамытумен, өзін-өзі бақылаумен айналысады және білім алушылардың тілдік құралдар жинағын өзектендіреді.

Сонымен қатар, жеке ой-пікірлер мен идеяларды көпшілік алдында, әсіресе қытай тілінде таныстыру, лингвистикалық және психологиялық тұрғысынан алғанда өте күрделі процесс болып табылады. Көпшілік сөз сөйлеген кезде адамдар сөйлеуді құрастыра алмайды, идеяларды нақты тұжырымдамайды, қажетті тілдік құралдарды өздігінен пайдалана алмайды. Қытай тілінде сөйлеудің негізгі дағдыларын қалыптастыру және тіл үйренушілердің коммуникативті құзыреттілігін дамыту үшін қытай тіліндегі дебаттарды немесе дискуссияларды ұйымдастыру, бәсекелесетін топтарды алдын-ала дайындау, пікірталасты қолдану ұсынылады.

Дебаттарды немесе дискуссияны дайындау студенттердің топпен (командалармен) жұмысты ұйымдастыра білуін қалыптастырады. Студенттерді топтарға бөлудің ықтимал қағидаттарының арасында келесі тақырыптарды бөлуге болады: оқытушы топтарды бөледі, рөлдерді тағайындайды немесе топтар өз алдына топ құрып, өзара немесе келісім бойынша бөлінеді. Сондай-ақ, студенттерді үш топқа бөлуге болады («күшті», «орта», «әлсіз») және әрбір топтан бір адамды бір топқа біріктіруге болады. Топты немесе қатардағы немесе қатардағы көршілерді біріктіруге болады.

Қытай тілін үйрену кезінде пікірсайысты сабақтың нысанын және «Пікірсайыс» технологиясының элементтері ретінде пайдалана аласыз. Сыныптарда «өзгертілген» деп аталатын пікірсайыстарды қолдануға болады, онда ережелерге кейбір өзгерістер енгізілді, бұл барлық топтың жұмысқа қатысуына мүмкіндік береді. Өзгертілген пікірталастарда ережелерді өзгерту, топтардағы ойыншылардың санын көбейту, көрермендердің сұрақтарына жауап беру, «топ қолдаушыларын» ұйымдастыру, мәселені ойыннан кейін жалғастыру және т.б. талқылауға болады.

Пікірсайыс форматы:

➤ үш адамнан тұратын екі топтың белсендісі (спикерлер) қатысады. Біріншітоп (ұсынушылар) ортаға тасталған ойға тұжырымдама жасайды (пікірталас тақырыбы), екінші топ (қарсыластар) - оны жоққа шығарады;

➤ қатысушылар алдын-ала рөлдермен және ережелермен танысады (сабақта қысқартылған ережелерге сәйкес дебаттар өтеді);

➤ топтар 5 минуттан кейін бір-бірімен оларды орындау алдында кеңес алу құқығына ие болады (уақытты бөліктерде немесе бір уақытта қолдануға болады); рөлдер мен ережелер алдын ала анықталған.

Экспрессивті пікірталастар - үшін дайындық уақыты өте аз. Олар оқулықтың немесе материалдың негізінде жүргізіледі және мәтінмен жұмыс істеу формасы ретінде де дебаттармен тығыз байланыста болады.

«Жеке-жеке» жылдамдықты немесе мини-дебаттарды өткізу кезінде әр қатысушы қарсыласына екі сұрақ қоюға құқылы. Сабақтың тақырыбы - құрамдас бөліктерге бөлінген қандай да бір жалпы мәселе. Әрбір кіші-проблема үшін бәсекелес сөйлеушілердің әрқайсысы екі минуттан сөйлейді және олардың сұрақтарын бір-біріне қойылады, әрбір спикердің қорытындылары жазбаша түрде жазылып, ол топта талқыланады.

Жоғарыда көрсетілген дағдыларды жүзеге асыру үшін қытай тіліндегі сабақтар тек фонетиканы, грамматиканы, сөздік қорын, стилін және тілдің басқа аспектілерін меңгеруге ғана емес, сонымен қатар тілдік дағдыларды дамытуға және сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталуы керек. Осыған байланысты Е В Пасовтың айтуынша, шет тілдерінде барлық жаттығулар белгілі бір дәрежеде айтылуы керек.

Қорытынды. Студенттердің ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту әдісі ретінде дискуссияны пайдаланудың көптеген артықшылықтары бар екенін және қарапайым әңгімеге қарағанда, бірнеше артықшылықтарға ие екендігі туралы айта кеткен жөн. Сондай-ақ, дискуссия топтық оқыту әдісі болып табылады, ал топтық оқыту - бұл проблемалық оқытудың негізі, оның мақсаты әрбір студенттің өзіндік жеке позициясын күшейту, белгілі бір коммуникативтік қасиеттерін дамыту болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Ломтев Т.П. Язык и речь.//Вестник МГУ.Филология.Журналистика. -2005. -б.200.
- 2 Садықова А.К., Алденгожаева Э.С. Шетел тілінде тілдік тіректер негізінде
- 3 монолог түрінде сөйлеуге үйрету. ИЯШ. №6, 2007. б.30.
- 4 Барболин М.Г. Методологические основы развивающего обучения. - Москва:2001
- 5 Амандықова Г.Н, Мұхтарова Ш.Е., Баймұқанова Б.С «Шет тілін оқыту әдістемесі» б.38

6 Boud, D., Cohen, R., & Sampson, J. (1999). *Peer Learning and Assessment. Assessment & Evaluation in Higher Education*, 24(4), 413-424. Retrieved September, 2015.

7 Alozie, N., & Mitchell, C. (2014). *Getting Students Talking: Supporting Classroom Discussion Practices in Inquiry-Based Science in Real-Time Teaching. The American Biology Teacher*, 76(8), 501-506. Retrieved September, 2015.

8 Ходаковский К. *Китайский язык становится доминирующим в Интернете. URL: <http://www.3dnews.ru/news/kitayskiy-yazik-stanovitsya-dominiruyushchim-v-internete/02.01.2011>*.

References:

1. Lomtev T.P. *İazyk i rech.//Vestnik MGU.Filologia.Jurnalistika. -2005. -b.200.*
2. Sadykova AK., Aldengojaeva E.S. *Şetel tilinde tildik trekter negızinde*
3. *monolog türinde söyleuge üiretu. İAŞ. №6, 2007. b.30.*
4. Barbolin M.G. *Metodologicheskie osnovy razvivaiuşego obuchenia.- Moskva:2001*
5. Amandyqova G.N, Mũhtarova Ş.E, Baimũqanova B.S «Şet tilin oqytu әdistemesi» b.38
6. Boud, D., Cohen, R., & Sampson, J. (1999). *Peer Learning and Assessment. Assessment & Evaluation in Higher Education*, 24(4), 413-424. Retrieved September, 2015.
7. Alozie, N., & Mitchell, C. (2014). *Getting Students Talking: Supporting Classroom Discussion Practices in Inquiry-Based Science in Real-Time Teaching. The American Biology Teacher*, 76(8), 501-506. Retrieved September, 2015.
8. Hodakovski K. *Kitaiski iazyk stanovitsä dominiruiuşim v İnternete. URL: <http://www.3dnews.ru/news/kitayskiy-yazik-stanovitsya-dominiruyushchim-v-internete/02.01.2011>*.

МРНТИ 10.02.09

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.77>

Berkinbayeva G.¹

¹*Linguistic Center Of Narxoz University,
Almaty, Kazakhstan*

COMMUNICATIVE APPROACH TO LANGUAGE TEACHING IN METHODOLOGY OF F.SH.ORAZBAYEVA'S WORKS

Abstract

The article provides a general background to communicative approaches, distinguishing the notions of communicative competence. The theory by Orazbayeva Fauziya Shamsievna was examined discussing main points of communicative approach for language programs. The examination of the theoretical bases finds out some of the existing principles and to develop more modified theoretical framework. Academician of the International Academy of Pedagogical Sciences Orazbaeva Fauziya Shamsievna is recognized as a scientist who developed a methodology for teaching the Kazakh language. Main factors related to the topic of dialogical speech, the culture of speech are exemplified through the scientist's contribution to the problem. Pedagogical communication and scientific publications on the method of language teaching are presented in the research paper

Keywords: language communication, speech culture, dialogue, language teaching methods, language personality, interactive learning, language communication, innovative learning

Беркінбаева Г. О.¹

¹Нархоз университетінің лингвистикалық орталығы,
Алматы, Қазақстан

Ф.Ш. ОРАЗБАЕВАНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТІЛДІ ҮЙРЕНУДІҢ КОММУНИКАТИВТІК ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада коммуникативті құзыреттілік тұжырымдамалары көрсетіле отырып, коммуникативті тәсілдер туралы жалпы түсінік берілген. Оразбаева Фаузия Шамсиеқызының тілдік қатысым теориясы жайында көзқарастар келтіріліп, тілді оқыту бағдарламаларындағы коммуникативті тәсілдердің негізгі тармақтары талқыланды. Халықаралық педагогика ғылымдар академиясының академигі Оразбаева Фаузия Шамсиеқызының қазақ тілін оқыту әдістемесін жасаған тұңғыш ғалымдардың бірі ретінде танылады. Ф. Оразбаеваның мақалаларындағы оқыту барысындағы педагог пен тәрбиеленушілердің өзара әрекетін тиімді ұштастыру мәселесі сөз етіледі. Диалогтік сөз мәдениетінің ерекшеліктері, сөйлеу мәдениеті, тілдік тұлға тақырыбына байланысты негізгі факторлар лингвист ғалымның ғылымға қосқан үлесі мысалдар арқылы көрсетіледі. Зерттеу жұмысында қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша педагогикалық қарым-қатынас жайында ғылыми жарияланымдар ұсынылған.

Түйін сөздер: тілдік қатынас, сөйлеу мәдениеті, диалог, тілді оқыту әдістері, тілдік тұлға, интерактивті оқыту, тілдік қатынас, инновациялық оқыту

Беркинбаева Г.О.¹

¹Лингвистический центр Университета Нархоз,
Алматы, Казахстан

Педагогикалық тілдесімде тілдік қарым-қатынас негізгі рөлге ие. Бұл тілдік қарым-қатынасты күрделі және басты танымдық үдеріс ретінде қарастыруды қажет етеді. Қазақ тіл білімінің негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлы тілдік қатынасқа айрықша мән берген. Педагогикалық тілдесімге қажетті сапалардың бірі – тіл тазалығы. А.Байтұрсынұлы тіл тазалығын сақтаудың маңыздылығына тоқтала келіп: «Таза сөйлеу дейтіміміз – ана тілінің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау, басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңісіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу. Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айрылып қалуы ықтимал» деп тіл тазалығын сақтауға мән бергізеді [3, 76].

Тіл кез келген сөйлеу құбылысындағы хабарды қабылдау мен өңдеудегі танымдық үдеріс ретінде пайымдалады. Танымдық үдеріс қатысымдық бірліктер арқылы хабарды қабылдау мен жіберуде, сөйлеуде іске асатын шарттарға, кімдердің арасында жүзеге асатындығына тәуелді болып келеді. Тіл екі жақты байланысты немесе ұжымдық білімді қажетсінеді. Студенттің өз білімі мен әлеуметтік ортада алатын білімі өзара тығыз байланысты бола келіп, сөйлеу әрекетіне әсер етеді. Білімді берудің ұтымды жолдарын анықтау оның танымдық деңгейінің дамуына әсер етеді.

Сөйлеу әрекеті бірнеше кезеңдер арқылы жүзеге асырылады: Бірінші, ойды шығаруға дайындық. Бұл кезеңде уәжділікті, талапты, мақсатты сезіну жүзеге асады, өткен тәжірибе және жағдайды ескеру негізінде ойды шығару нәтижелерін ықтималдықтан болжау жүзеге асады. Студенттің сөйлеу қатынасында жылдам реакция тудыратын мұндай дайындықтағы шешімдер танымдық деңгейде үлкен жылдамдықпен әсер етеді. Бұл шешімдердің бәрі жинақтаудың немесе нақтылаудың түрлі деңгейлерін иеленуі мүмкін және ойды шығарудың ішкі жоспарының құрылуымен аяқталады. Сөйлеу әрекетінің жетістігі тілді игерудің нәтижесі мен студенттің сөйлеу дағдысы мен іскерлігінің қаншалықты дәрежеде қалыптасқандығына тәуелді болып келеді. Студент педагогикалық тілдесімде айтатын сөзін іштей жоспарлау арқылы жүзеге асырады. Жадтағы сөзді тыңдау, қолданып көру, сөздерді шығарып тастау, т.б. әрекеттер жүзеге асады. Тілдікесімге есте сақталған, тыңдалған сөздерді бағалау механизмі әсер етеді. Ол өзіне қажетті сөзді осы механизм арқылы бағалап, содан кейін барып қолданады.

Ғалымдар сөз адам жадында жекелеген күйде емес, жүйеленген түрде, қажетті сөзді тыңдауды жылдамдататын және жеңілдететін тематикалық блоктар түрінде сақталады деп санайды. Бірнеше рет қолданылған сөз «индукцияланған» болып табылады, сондықтан сөйлеушінің оларды қайта қолдану бағыты бақыланады. Сөздерді тыңдауда тәжірибе негізінде көрінетін және жадта сақталатын ассоциация да белгілі бір рөл атқарады.

М.Жұмабаев «ойдың тілі – сөз. Біз сөз арқылы ғана неше түрлі ойымызды сыртқа білдіре аламыз хәм басқа адамдардың ойларын біле аламыз», - дей келіп, «сөз болмаса, адамда білім» және «адамзаттың бір-бірімен ұғысуы» болмайтынын, «жан көріністерінің ең қымбаты – ой» екенін, «ой тілі – сөз» болып табылатынын айтады [4, 72].

Сырттай сөйлеу ойды шығарудың дыбыстық немесе графикалық көрінісі арқылы жүзеге асады. Бұл кезең – ең жауапты кезең, ол ойды шығарудың оң немесе теріс нәтижелерін анықтайды. Егер іштей сөйлеуден сырттайға өту қандай да бір себептер бойынша бұзылған болса, онда іштей сөйлеу сыртқы жағынан нашар көрініс табады. Мұндай сөйлеу толық емес, байланыссыз, түсініксіз болып көрінеді. Кейде студент ойша жақсы орындаған тапсырмасын дұрыс жеткізе алмай қиналады. Бұл оның қатысымдық құзыреттілігінің деңгейін көрсетеді. Көкірегі сайрап тұрса да, ойын нақты, дәл айтып бере алмайды.

Сөйлеуді қабылдау акустикалық немесе графикалық кодтан іштей сөйлесу кодына өту; синтаксистік құрылымдардың, грамматикалық формалардың шифрын шешу; ойды шығарудың ортақ жоспарын түсіну; ойды шығарудың түпкі ойы мен уәждерін түсіну; алынған ақпараттың нәтижесін көрсету (ойды шығару мазмұны, оның идеясы, айтушының көзқарасы т.б.); формаларды таңдау мен тілдік құралдарды ұғыну тәрізді әрекеттерді қамтиды.

Түсінік екі деңгейде көрінеді: тілдік және мазмұндық. Біріншісі екіншісіз, ал екіншісі біріншісіз болуы мүмкін емес. Толық түсінік әрдайым жетістікке жете бермейді. Түсінік қабылдаушының ықпалы болғанда ғана қабылданады, есте сақталады. Бұл баяншының ақпаратын қабылдау қабылдаушының түйсігімен тығыз байланысты екенін байқатады. Кері байланыс – сөйлеу әрекетін бағалаудың маңызды элементі ретінде оның нәтижесін бағалауға мүмкіндік береді. Біршама толық кері байланыс диалогтарда жүзеге асады. Жіберілген хабарды түсіну сапасы коммуникация кезінде жүзеге асатын әртүрлі шарттарға тәуелді. Мұндай шарттардың жиынтығын контекст деп атайды. Сөйлеу қатынасының ортақ контексті анық және жасырын контекстен тұрады. Анық (немесе эксплицитті) контекст тікелей бақылауға жататындарды көрсетеді. Ол вербальды және вербальды емес деп бөлінеді. Жасырын контекст – бұл тікелей бақылауға жатпайтындар. Жасырын контекске уәж, мақсат, коммуниканттардың ықпалы мен орнықтылығы, олардың жеке сипаттамалары жатады. Ойды шығару контексіне тәуелділік әртүрлі нәтижелерге әкелуі мүмкін [5, 105].

Сөйлеу қатынасының негізгі мақсаты – бұл ақпараттардың алмасуы, яғни ойды шығару арқылы мағынасын жеткізу және түсіну, адамды түсінуге тырысу. Бұл үшін қатынас үдерісіне ықпал етуші факторларды ескеру және дұрыс қолдану қажет. Мұндай факторлар негізінде сөйлеу коммуникациясының түрлі формалары мен типтері анықталады. Вербальды сөйлеу коммуникациясы ауызша және жазбаша түрде жүзеге асырылады.

Кез келген сөйлеу жағдаяты белгілі бір дәрежеде іске асады. Онда әр түрлі қарым-қатынас болуы ықтимал. Мысалы, егер студент курстасымен үзілісте әңгімелессе, олардың әңгімесін былайша сипаттауға болады: ауызша форма → тікелей қатынас → өндіру мақсатындағы диалог → тұрмыстық әңгіме. Коммуникацияның әрбір типі үшін спецификалық тілдік құралдар, мінез-құлық тактикасы, тәжірибеде сөйлеу коммуникациясы үрдісінде жетістікке қол жеткізудің қажетті шарттары болып табылатын қабылдау дағдысы іске асады. Тілдік қарым-қатынас сөйлесім әрекетінің түрлері арқылы жүзеге асырылады: айтылым – бұл ақпаратты тасымалдаушы акустикалық сөйлеу сигналдарының жіберілуі; тыңдалым – акустикалық сөйлеу сигналдарын түсіну және ұғыну; жазылым – сөйлеу сигналдарын графикалық символдар көмегімен шифрлау; оқылым – графикалық белгілерде шифрлау және олардың мағынасын түсіну; тілдесім – адамдардың қоғамдық-әлеуметтік өмірде бір-бірімен тіл арқылы қарым-қатынасқа түсіп, өзара пікірлесуінің нәтижесінде бірінің ойын бірі ауызша да, жазбаша да түсінуі және оған жауап қайтаруы. Ақпараттарды кодтау механизмі айтылым және жазылым барысында, декодтау тыңдалым мен оқылым барысында жүзеге асады. Айтылым және жазылым барысында адам акустикалық сигналдармен, ал жазылым мен оқылымда графикалық белгілермен әрекет жасайды. Қабылдаушы келіп жатқан белгілерді қабылдап, оның кодталуын шешу арқылы пікірдің мағынасын біледі. Сонымен қатар пікір айту дәлелдемелері пайда болып, сөз алмастыру жүреді, яғни қарсы байланыс орнатылады. Осылайша баяншы мен қабылдаушының орындары ауысады, бірақ қатысымдық әрекет жүйесі өзгермейді. Тілдік қатынас - әңгіме, сұхбат ретінде ғана емес, кез келген ақпарат алмасу мақсатындағы өзара әрекет, адамдардың тілдесуі болып табылады.

Педагогикалық тілдесім көбінесе диалог, полилог арқылы жүзеге асырылады. Диалог – екі жақты құбылыс. Диалог қарым-қатынаста көзделетін мақсатқа қарай күнделікті тұрмысқа байланысты және ресми қарым-қатынасқа сәйкес құрылуы мүмкін. Диалогтық сөйлеуде ым-ишараттың, дене қимылының белсенділігі, эмоционалды-экспрессивтілігі мен әсерлілігі айрықша рөл атқарады. Диалогта сөйлемдердің ықшамдалуы, сөйлейтін сөздің алдына ала жоспарланбауы, ауыз-екі стилінің басым болуы көптеп кездеседі. Педагогикалық тілдесімді үйретуде ғалым-әдіскер Ж.Дәулетбекова ұсынған диалогтердің түрлерін пайдаланған ұтымды [6, 19]. Мысалы:

Диалог-сөзталас. Мұғалімдер бөлмесінде екі оқытушы қазіргі жастар тілінде жиі қолданылатын «*Универ*», «*Общага*», «*ДШ бола ма?*» және т.б. сөздер туралы пікір алмасып отыр. Бір оқытушы оны қалыпты жағдай есептесе, екіншісі бұл сөйлеу нормасына жатпайтынын, бұл олардың сөйлеу мәдениетін төмендетуге әсер ететінін айтып отыр. Екі мұғалімнің пікірі бойынша, диалог-сөзталас құрындар.

Диалог-пайымдау. «Күнделік.кз» пайдаланудың тиімділігі туралы диалог-пайымдау құрындар. Диалогте *ойыңды құптай алмаймын, ренжімеңіз, ойыңыз дұрыс, бірақ, меніңше, кеңесіп пішкен тон келте болмайды* және т.б. сөз оралымдарын қолданыңыз.

Диалог-теріске шығару. Әріптесің жаңартылған білім беру жүйесінде қолданылып жүрген қалыптастырушы бағалаудың балалардың білім нәтижесіне кері әсер тигізетінін айтты. Әріптесіңнің пікірімен келіспейтіңді айтып, диалог-теріске шығару құрастырындар.

Диалог-егес. Екі мұғалімге жиынтық бағалауға арналған тапсырма дайындау тапсырылды. Әр мұғалім өз тапсырмасының ұтымды екенін айтып, бір шешімге келе алмады. Осы мәселе төңірегінде диалог-егес құрындар.

Диалогте тыңдай білу мәдениеті бірінші орынға шығады.

Коммуниканттардың диалогте бірін-бірі тыңдап, қатысымға түсуі олардың мәдениеттілігін көрсетеді. Сондықтан студенттерге сөйлеу мәдениетімен қоса, тыңдау мәдениетін де үйреткен дұрыс. Диалог арқылы студент сөйлеу мәдениетін игеруге, өзінің сөзін, ойын жалғастыра алуға, әр түрлі тақырыптар төңірегінде сөйлесе алуға, айтылған әңгіме, оқылған әдебиет, мәтін, өнер, кино, т.б. туралы өз ойын білдіруге мүмкіндік алады. Диалогтік тілдесім барысында студенттер жұп болып та, топ болып та, ұжым болып та бір-бірімен тілдік қатысымға түседі. Бұл – диалогтік сөйлеудің өзіндік белгілері. Диалогтік оқыту амал-тәсілі студенттерді сөйлеуге, белсенділікке, өзара пікір алысуға итермелейді. Диалог барысында пікірлесіп тұрған тұлғалар «әрі баяншы, әрі қабылдаушы» қызметін атқарады.

Педагогикалық тілдесімде диалог – тек сұрақ-жауап емес, ол оқу тәрбие үрдісіндегі мақсатты шешуге бағытталған күрделі үдеріс. Диалогта мұғалім сұрақ қояды, жауап береді, оқушылардың ойын дамытады, олардың пікірімен немесе қарсы пікір айтады, яғни бір сөзбен айтқанда, диалогты басқарып отырады. Диалогте сұрау басты рөлге ие. Себебі дұрыс әрі нақты қойылған сұраққа берілетін жауап та сондай болады. Егер сұрақ түсініксіз болса немес жалпылама қойылса, онда жауап та сондай болады. Диалогте тыңдай білу мәдениеті бірінші орынға шығады. Коммуниканттардың диалогте бірін-бірі тыңдап, қатысымға түсуі олардың мәдениеттілігін көрсетеді. Сондықтан студенттерге сөйлеу мәдениетімен қоса, тыңдау мәдениетін де үйреткен дұрыс.

Педагогикалық тілдесімде сабаққа деген жауапкершілік, өз-өзіне сыни көзқараспен қарау; өзінді үнемі жетілдіріп отыру; серіктестердің жұмысына назар аудару маңызды рөлге ие. Студенттерге педагогикалық тілдесімді үйретуде коммуникативтік қабілеттерін дамытуға ықпал ететін педагогикалық тілдесім элементтерін тәжірибелік түрде меңгеруге бағытталған жаттығулар мен педагогикалық жағдайдағы тілдесім жүйесін меңгеруге арналған жаттығуларды пайдаланған дұрыс. Кәсіби педагогикалық тілдесімде сөйлеудің сенімділігі мұғалімнің тілдесімде тілдік бірліктерді сауатты қолдануы, ойын мәнерлі нақты жеткізуі арқылы айқындалады. Бұл мұғалімнің сөйлеу

мәдениетін көрсетеді. Фразаларды сауатты құра білу мұғалімнен грамматикалық ережелерді білуді, тілдік заңдылықтарын жақсы меңгеруді қажет етеді. Мұғалімнің тілдік білімі оның ойын дұрыс жеткізуге, сөйлесімнің мағыналы, мәнді болуына әсер етіп, оқу материалын білім алушының дұрыс қабылдауына септігін тигізеді.

Мұғалім қарым-қатынаста педагогикалық тілдесімде бейвербалді құралдарды да қолданады. Зерттеушілер хабар берудің 7% вербалді құрал арқылы, 38% дыбыстық тіл арқылы, ал 55% бейвербалді құралдар арқылы берілетінін дәлелдеген. Вербалді құралдар арқылы таза хабар берілсе, бейвербалді құралдардан баяншының тыңдаушыға деген қатынасы байқалады. Бейвербалді қатынас адамның психологиялық жай-күйімен тығыз байланысты. Педагогикалық тілдесімде бейвербалді амалдар тұлғаның жеке-психологиялық, әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл құрал арқылы тұлғаның ішкі әлемі байқалып, тілдесімнің психологиялық қарым-қатынасына әсер ету арқылы бірлесіп атқарылатын тілдесімнің сәтті болуына көмектеседі.

Әлеуметтік-психологиялық зерттеулерде сөйлеудегі бейвербалді құралдарды бірнеше түрге жіктеп жүр. Олар: кинесика, такесика, проксемика. Коммуникативтік актіде кинесика жиі қолданылады. «Кинесика» қозғалыс деген мағынаны білдіреді. Тіл білімінде кинесика ұғымы қарым-қатынаста қолданылатын кинемалар, мимикалық және пантомимикалық қозғалыстармен байланысты. Ым, дене қимылдары педагогикалық тілдесімде мақсатқа жету барысында әлеуметтік мотивацияға ие болады. Бейвербалды амалдар сөйлеу әрекетінде белгілі бір функцияларды атқарады.

Педагогикалық тілдесімде мұғалім дене қимылдары арқылы немесе ымының көмегімен оқушыларға белгілі бір ескертуі жасауы немесе олардың әрекеттерін қабылдағанын білдіре алады. Мысалы, бас шұлғу, сұқ саусағын көтеріп ескерту жасау, қабағын түю, күлімдеу және т.б. бейвербалды амалдар арқылы оқушымен қарым-қатынас жасайды. Педагогикалық қарым-қатынаста ұлтқа тән паралингвистикалық амалдар басымдылыққа ие болады. Мысалы, қол алысу, алыстан қол көтеру арқылы сәлемдесу, бас ізгеу арқылы сәлемін қабылдау және т.б. бейвербалді амалдар барлық ұлтқа тән болатын болса, қазақ ұғымында әкесінің атын қосып айту қалыптаспаған. Бұл ерсі болып табылады. Сондықтан қазақ мектептерінде оқушылар мұғалімдерін «апай», «мұғалім» деп атаса, орыс мектептерінде «Сәулеш Тургановна», «Гулнара Маутқановна» деп атау қалыпты жағдай. Педагогикалық тілдесімде қолданылатын мәтінді студент баяндау стилімен жазып үйренгені дұрыс. Әрбір берілетін хабарды тыңдаушылардың қалай қабылдайтынын сараптап, ой елегінен өткізуі қажет.

Педагогтің қатысымдық мәдениеті адамдармен қарым-қатынас жасай білуінен байқалады. Педагогтің адамдармен тез арада тіл табыса білуі оның қатысымдық әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді. Педагог қарым-қатынас жасау кезінде өзін ұстай біледі, басқа адамның өміріне еркін араласып кете алады. Сондықтан қарым-қатынас жасай білмейтін педагогтар тез шаршайды, өздерінің мамандықтарынан ләззат ала алмайды. Қазақ тілінің салаларын меңгерту барысында қолданылған дәріс және СӨЖ, СОӨЖ жұмыстары студенттерді басқа адамдармен қарым-қатынас жасай білуге көмектеседі. Олар топ мүшелерімен, оқытушымен өзара пікірлесу, әр түрлі жағдаяттарды шешу арқылы қарым-қатынас жасау мәдениетін игеруге талпынады. Жалпы студенттерге сөйлеу мәдениетін үйретуде «Дебат технологиясын» пайдалану ұтымды. Бұл технология бойынша студент әр түрлі ақпарат көздерімен сусындап өз түйінін айта білуі керек. Кез келген мазмұнды талдау барысында өз тобымен ұйымдасып, пікірлесіп, ең ұтымды жауапты іздеуі қажет. Топқа бөлінген студенттер өз сұрақтарына тынымсыз жауап іздеп, өз идеясымен бөліседі. Бұл оларға сол проблема бойынша өз көзқарастарының қалыптасуына, пікірлерін қарсыластарының көзқарастарымен салыстыруға, өз пікірін қорғауға үйретіп, сол проблеманы өздігінен терең зерттеуге итермелейді. Пікірсайыс студенттердің білімдерін жан-жақты жетілдіріп, мәдени деңгейлерін көтереді, басқа адамдарға түсінікпен қарап, олардың пікірлерімен санасуға үйретеді, шешендік өнерге баулиды. Аталған тапсырмалардың нәтижелі болуы мұғалімнің шеберлігімен тікелей байланысты. Әрбір адам өз өмірінде оқушы, тәрбиеленуші, мұғалім рөлін басынан кешіреді. Сондықтан да мұғалім мамандығы ең көне мамандық болып есептелінеді. Қазіргі таңда маманның кәсіби даярлығы жалпы білім берудің фундаментальді, психология-педагогикалық және пән мазмұны туралы арнайы білімін қажет етеді. Сонымен бірге мұғалім өзінің шеберлігін жетілдіру үшін озық педагогикалық технологияларды, озық әдіс-тәсілдерді игеріп, оны сабақ үрдісінде түрлі ақпараттық технологияларды қолдану арқылы тиімді іске асыра білуі шарт. Ғылыми еңбектерде педагогикалық шеберлікті білім, білік, дағдының қолдану қызметін меңгерген өзіндік тұлғалық, тілдік қабілеттерін жетілдірген білім берумен тәрбиелеудің мақсаттарын игерген маманның кәсіби шеберлігімен байланыста қарайды. Ғалымдар педагогикалық шеберліктің құрылымына коммуникативтік қабілетті; диагностикалық қабілетті (оқушылардың жеке және топ ішіндегі қабілеттерін анықтау, нәтижені талдау); психология-педагогика қабілетті; ұйымдастырушылық қабілетті; білімді жеткізе білу қабілетін; зерттеушілік және шығармашылық қабілетті жатқызады. Олардың пікірінше, мұғалім өзінің іс-әрекетін ғылыми теорияға негіздегенде ғана педагогикалық шеберлікке жете алады. Педагог Н.Н.Тарасевич педагогикалық шеберлікті тұлғаның жеке қасиеттерінің кешені тұрғысынан қарастырып, оған мұғалімнің адамгершілік қасиеттерін, кәсіби білімін, педагогикалық қабілетін және педагогикалық техникасын жатқызады [7, 54]. Сондықтан болашақ маманға педагогикалық тілдесіммен бірге оның педагогикалық шеберлігін жетілдіруге көмектесетін жоғарыда айтылған қасиеттерді де үйрету қажет. Ол үшін сабақ үрдісінде түрлі технологиялар мен әдіс-тәсілдерді пайдалану қажет.

Педагогикалық шеберлік сан қырлы, әралуан. Оның күрделілігі мұғалімнің еңбек нысанасының өзіндік ерекшелігімен түсіндіріледі. Шебер мұғалім сабақ үрдісінде, сабақтан тыс уақытта та үнемі ізденіс үстінде жүреді. Осы ізденістің арқасында үлкен жетістіктерге жетеді. Сабақ үрдісінде жаңа технологияларды қолдану арқылы да немесе қолданбай да жоғары нәтижеге қол жеткізуі мүмкін. Ол сабақ үрдісін дұрыс, жүйелі ұйымдастыра білуіне де

байланысты. Мұғалім оқушының сабақтағы белсенділігін, сабаққа деген қызығушылығын әдіс-тәсілдерді ұтымды, орынды қолдана білу арқылы оятады. Сабақты бір сарынмен өтпей, өзгертіп отыру тағы да мұғалімнің шеберлігіне келіп тіреледі. Мұғалімнің шеберлігіне оның білімі, дағдысы, оқушымен қарым-қатынасы, бейімділігі, қабілеті, жүріс-тұрысы, киген киімі, сөйлеген сөзі де кіреді. Міне, осылардың бәрін бір басына жинақтай білген, білімалушыны түсіне білген ұстаз белгілі бір жетістіктерге қол жеткізеді [5, 48].

Талқылау. Педагогикалық тілдесімде студенттің мәдени біліктілігі негізгі рөл атқарады. Мәдени біліктілік оның қатысымдық құзыреттілігімен тығыз байланысты. Студенттің қатысымдық құзыреттілігі тілдік - әдеби тілдік норманы; кәсіби – білім, білік, дағды, іскерлік қасиеттерді; қоғамдық-мәдени-ұлттық және әлемдік мәдени ерекшеліктерді игеру, қоғамдағы ұстамдылық, тілдік этикетті сақтау сияқты құзыреттіліктер тұтастығынан көрініс береді. Соңғы жылдары білімнің бұл түрі «риторикалық білік», «сөйлеу мәдениеті» терминдерімен беріліп жүр. Ғалым А.Қыдыршаевтің пікірінше, риторикалық біліктілікті сақтау үшін әрбір мұғалім төмендегідей кеңестерді басшылыққа алғаны жөн:

- Сөйленер сөзге даярлықты тақырыпқа сай келетін материалдарды талқылаудан бастап, тақырыпты таразылай келе, объективті тұрғыда негізгі ойды нысанаға алу, теориялық жағынан даярлығы мықты, сауатты оқушы ғана сөйленер сөздің нысанасына терең бойлай алмақ. Демек, оқушының білімінің басты бір көрсеткіші оның коммуникативтік мәдениет деңгейі болмақ.

- Келесі заңдылықтың табиғи арнасы ежелгі дәуірден бастау алады. Мәселен, ежелгі оқымыстылардың пікіріне жүгіне айтар болсақ, даналыққа ұмтылушы талантты адам үш түрлі қасиетке ие болуы тиіс: 1) ойлана білу; 2) өз пікірін үйлесімді айта білу; 3) өз міндетін жақсы атқара білуі керек [8, 25].

Мәдениет адамның бүкіл санасын қамтитын, қоғамдық жүйенің толымды қызметін қамтамасыз ететін рухани компонент болып саналады. Ол адамның рухани еңбегінің өнімі, қоғамдық өзгерістер жиынтығының маңызды бір бөлігі болып табылады. Біз мәдениетті тілден бөліп қарастыра алмаймыз. Өйткені, тіл – мәдениеттің бір бөлшегі. Ал мәдениет пен тіл – өркениеттің бір көрінісі. Халықтың тілі мен мәдениеті – студент үшін асыл да қымбатты рухани дүниелер. Осы дүниені педагогикалық тілдесімде түрлі тапсырмалар арқылы оқушы санасына ендіру – мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі.

Қорытынды. Жоғары оқу орнындағы оқытушылар мен студенттердің шығармашылық қарым-қатынасы болашақ мұғалімнің педагогикалық тілдесімінің қалыптасуының ішкі механизмдерін қалыптастырады (өмірлік мәндердің тұрақты иерархиясы, өзінің адамгершілік қағидаттарының жүйесі, кеңейтілген рефлексивті ойлау, өзін-өзі бақылау дағдылары, өзін-өзі ынталандыру және өзін-өзі тану тәжірибесі, оқу, зерттеу, кәсіби-педагогикалық қызметтің жеке тәсілі, креативтілік, басқаның оң бағалаусыз қабылдауы, мағыналық тану, терең өзіндік ойлау). Кәсіби білім тек маманды дайындау және негізгі пәндерді оқыту ғана емес, сонымен қатар қазіргі мәдениеттің күрделі мәселелерінің көрінісі арқылы өзін және әлемді ойлайтын еркін тұлғаның дамуы үшін қолайлы жағдай жасау болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Балақаев М. Қазақ тілі білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 592. – 314 б.
2. Оразбаева Ф. Тіл кеңістігі. Шығармалар жинағы. 3 том. – Алматы: «Ан арыс», 2019. – 580 б.
3. Ахмет Байтұрсынұв. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
4. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1993. – 112 б.
5. Рахметова Р.С. Қазақ тілі синтаксисі: қатысымдық-танымдық аспект. Ғылыми монография. Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2014. – 264 бет.
6. Ж.Т.Дәулетбекова., Қ.М.Рай. Сөйлей білу – өнер. – Алматы: Ғылым ордасы, 2013. – 98.
7. Основы педагогического мастерства: Учеб. пособие // Под ред. И.А. Зязюна. – М., 1989.
8. А.Қыдыршаев. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – Алматы: Білім, 2000. – 270.

References:

1. Balaqaeв M. Qazaq til bilimniñ мәseleleri. – Almaty: Arys, 2008. – 592. – 314 b.
2. . Orazbaeva F. Til кеңістігі. Шығармалар жинағы. 3 том. – Almaty: «An arys», 2019. – 580 b.
3. Ahmet Baitürsynov. Til taғыlymy. – Almaty: Ana tili, 1992. – 448 b.
4. Jūmabaev M. Pedagogika. – Almaty: Rauan, 1993. – 112 b.
5. Rahmetova R.S. Qazaq tili sintaksisi: qatysymdyq-tanymdyq aspekt. Ғылыми monografiya. Almaty: Abai atyndaғы QazҰPU, «Ұлағат» basпасы, 2014. – 264 bet.
6. J.T.Däuletbekova., Q.M.Rai. Sөilei bilu – öner. – Almaty: Ғылым ordasy, 2013. – 98.
7. Osnovy pedagogicheskogo masterstva: Ucheb. posobie // Pod red. İ.A. Zäzюna. – M., 1989.
8. A.Qydyrşaev. Şeşendiktanudy oqytudyñ ғылыми-әдіstemelik negizderi. – Almaty: Bilim, 2000. – 270

^{1,2}Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫҢ АЙТЫЛЫМ DAҒДЫСЫН ДАМУДАҒЫ МAҢЫЗЫ

Аңдатпа

Әлемдік тәжірибеде кез келген тілді меңгеруде сөйлесу әрекетінің ең негізгі бес дағдысын меңгерту және дамыту арқылы нәтижеге жетуге болатыны дәлелденіп отыр. Ал қазақ тілінде бұл мәселе соңғы жылдарда қолға алынып, енді дамып келе жатыр. «Оқушылардың айтылым дағдысын дамытудың маңызы» мақаласы қазіргі қазақ тілін оқыту әдістемесіндегі ең өзекті мәселелердің бірі – оқушылардың дұрыс сөйлеу қабілетін дамытудың маңызына арналып отыр. Мақалада қазақ ғалымдарының да дұрыс сөйлей білу мәдениетіне қатысты айтқан ой-тұжырымдары берілген. Оқушылардың айтылым дағдысын дамытудың мақсаттары мен міндеттері, артықшылықтары мен тиімді тұстары, 5-7 сыныптар мен 8-11 сынып оқушыларында осы дағдыны дамытқанда ескерілуі керек жағдайлар мен сабақ барысында қолдануға болатын әдіс-тәсілдердің бірнеше түрлері ұсынылып отыр. Қазіргі жаһандану заманында оқушының орфоэпиялық заңдылықтарды сақтап сөйлеуінің мәні туралы сөз қозғалады.

Түйін сөздер: сөйлесім әрекеті, айтылым, дағды, тілдік қарым-қатынас, монолог, диалог, полилог

Rakhmetova R.,¹Rustemova M.²

^{1,2}*Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

THE IMPORTANCE OF DEVELOPING STUDENTS' SPEAKING SKILLS

Abstract

World experience has shown that when learning a new foreign language, the result can be achieved by perfectly mastering and developing the five basic communication skills. In the Kazakh language, this issue has been resolved in recent years and continues to develop. The article "The importance of developing students' speech skills" is devoted to one of the most pressing issues in modern methods of teaching the Kazakh language - the importance of developing students' ability to speak correctly. The article also presents the views of Kazakhstani scientists on the culture of correct speech. It offers goals and objectives, advantages and benefits of developing students' speech skills, conditions that should be taken into account when developing this skill in students in grades 5-7 and 8-11, as well as several types of methods that can be used in the classroom.

Keywords: conversational activity, speaking, skills, language communication, monologue, dialogue, polylogue

Рахметова Р. С.,¹ Рустемова М.Е.²

^{1,2}*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

ВАЖНОСТЬ РАЗВИТИЯ РЕЧЕВЫХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ

Аннотация

Мировой опыт показал, что при изучении нового иностранного языка, результата можно достичь, отлично овладев и хорошо развивая пять основных навыков общения. В казахском языке этот вопрос решается в последние годы и продолжает развиваться. Статья «Важность развития речевых навыков учащихся» посвящена одному из наиболее актуальных вопросов в современных методиках обучения казахскому языку - важности развития у учащихся умения правильно говорить. В статье также представлены взгляды казахстанских ученых на культуру правильной речи. Предлагаются цели и задачи, преимущества и выгоды развития речевых навыков учащихся, условия, которые следует учитывать при развитии этого навыка у учащихся 5-7 и 8-11 классов, а также несколько типов методов, которые можно использовать на уроках.

Ключевые слова: разговорная деятельность, говорение, навык, языковое общение, монолог, диалог, полилог

Кіріспе. Орфоэпияның дұрыс сөйлеудің нормасы екені белгілі. Әрбір тілдің сөздік қоры, грамматикалық құрылысы сол халыққа ортақ болғаны сияқты, сөйлеу нормасы да жалпы халыққа ортақ болады. Әрине тұратын аймаққа байланысты ішінара сөйлеу ерекшеліктері болуы мүмкін, бірақ әдеби тілдің нормасын сақтап сөйлеу – барлығымызға ортақ қағида. Әсіресе, «дұрпақ тәрбиесімен тікелей шұғылданатын болашақ маманның тіл мәдениетін, оның ішінде кәсіби көркем сөзді игеруінің рөлі орасан зор» [1, 117].

Тілдің дамуына байланысты әдеби тіл де дамып, жетіліп отырылады. Жаһандану заманындағы ақпараттар легі, басқа елдермен қарым-қатынастың нығаюы да тілдің орфоэпиясына әсер етіп отырады. Мәдениет мен өркениет дамыған жағдайда адамның дұрыс сөйлеу мәдениетіне де басымдылық беріледі. Тілді бей берекет шұбарлау, өзге

тілді араластырып сөйлеп, қойыртпақ тілге айналдыру кешірілмес күнә. Өкінішке орай, БАҚ құралдарында, кино саласында бұл мәселе назардан тыс қалып жатқаны жасырын емес. Орыс және қазақ тілдерін араластырып сөйлейтін кинолар көбейіп барады. Болашақ ұрпақтың көпшілігі теледидар алдында отыратыны, кинотеатрға жиі баратыны мәлім. БАҚ пен кино саласы жастарды, тіпті үлкендерді де мәдениетті сөйлеуге үйрететін құрал болып табылады. Сондықтан қазақ тілінің орфоэпиялық нормасын сақтап сөйлеу – бәріміздің басты міндетіміз.

Академик В.В.Радлов пен тюрколог П.М.Мелиоранскийдің қазақтардың басқа туыстас халыққа қарағанда, сөйлеуге шебер, жүйелі сөйлеуді ұнататын шешен халық деп баға бергенін білеміз. Орфография мен орфоэпияның атқаратын қызметі жағынан бір-бірінен айырмашылығы болғанмен, көзейтін мақсаттары ұқсас. Яғни екеуін бір заттың екі жағы немесе құстың қос қанаты деп айтуымызға болады. Әдеби тіліміздегі сөздерді қатесіз, сауатты жазуға қаншалықты мән берсек, сөйлеу мәдениетіне де сондай мән беруіміз қажет. Сөздердің айтылуы бір күнде немесе бір жылда қалыптасқан нәрсе емес, оның да қалыптасуы, даму жолы бар.

Психологтар баланың сөйлеу тілімен оның тілі шыққаннан бастап жұмыс жасау керектігін айтады. Дегенмен баланың дұрыс сөйлеу мәдениеті мектеп қабырғасынан бастап қалыптаса бастайды. Ана тілінде дұрыс сөйлей білу тек көпшілік алдында сөйлейтін шешендік сөздерге ғана байланысты емес, күнделікті қатысымда қолданылатын сөйлеуге де қатысты.

Ғалым М.Балақаев «Қазақ сөздерінің айтылуында өзіндік әсем үн бар, қалыптасқан жатық әуен бар. Оның негізі мынада: сөздердің құрамындағы дыбыстар өзара үндесіп, біріне-бірі ықпалын тигізе айтылады; мысалы, қазақ тіліндегі жуан, жіңішк, еріндік, езулік дауыстылардың сөз ішінде біркелкі қатар түзеп айтылуы арқылы ауыздан шыққан сөздердің ағысы кедір-бұдырсыз, біртегіс болады» [2, 36].

М.Балақаев «орфоэпиялық нормаларды белгілеудің» қиындығын айтып, «біріншіден, мұнда ресми түрде қабылданған қағида, ереже жоқ, екіншіден, сөздердің сөйлеу тілінде айтылуында пәлендей тиянақ жоқ», – дейді. Ғалым «тыңдаушыларды еліктіре білу, олардың назарын сөйлеп тұрған сөзіне аудара алу – дикторға, баяндамашыға, үгітшіге жүктелген міндеттің нәтижелі болуының басты шарты» деп есептейді. Сөйлеу мәдениетін дамыту үшін басты 8 қағиданы ескеру қажеттігін айтып, әрқайсын жеке-жеке талдап береді [2, 37, 50].

Фонетист-әдіскер ғалым М.Дүйсебаева «Білімнің негізі бастауыш мектеп пен орта мектептерде» берілетінін, «бала жас кезінде айналадағы құбылысқа еліктегіш, байқағыш» болатынын, «бастауыш кластарда ана тілі мен әдебиеттің оқу пәнінің дұрыс өтілуі оқушының келешекте дұрыс сөйлеу мәдениетінің қалыптасуына өзінің әсерін тигізбей қоймайтынын» айтып, оны жетілдірудің жолдарына тоқталады. Ғалым «мектеп оқушыларының сөйлеу мәдениетінің дұрыс қалыптасуына педагогтық институттардың жоғары курс студенттері де (практиканттар) көп көңіл бөлу керек» деп есептейді [3, 6]. М.Дүйсебаева көп жағдайда практикант-студенттердің оқушының сөйлеу тіліндегі қателіктерді түзмейтінін сөз етіп, «оқушылардың тілінде кездескен жергілікті ерекшелікке тән сөздерді дер кезінде байқап, дұрыс сөйлеуге дағдыландыру» жұмыстарын жүргізуді ұсынады. Тілші әрбір дыбыстың орфоэпиясына талдау жасаған.

Зерттеу материалы. Әдістемесі. Өртүрлі ғылым өкілдерін қызықтырған күрделі мәселе – сөйлесім әрекеті. Көптеген ғалымдар зерттеу объектісіне қарай оның ерекшеліктерін әр қырынан қарастырған. Мәселен, лингвист-ғалымдар сөйлесім әрекеті мен тілдің арақатынасын сөз етсе, психолог сөйлесім әрекетінің жалпы ми арқылы өту үрдісін, жүру бағытын зерттейді. Физиолог оның жұмыс істеу механизмдерін, құралдарын, қызметін тексереді. Психоллингвист сөйлесім әрекеті іске асу үшін жұмсалатын тілдік тұлғалардың санамен байланысын, сөйлеу аппаратының ойға қатысты қимыл-қозғалысын дәлелдейді.

Әдіскер болса, осы салалардың барлық заңдылықтарын ескере отырып, сөйлеуге үйретудің тиімді үлгілерін табуы және ұйымдастыруды, жалпы сөйлеу әрекетін жүзеге асыруды көздейді.

Бұл саладағы ғалымдар кімді оқытатыны; оларды неге үйрету керектігі; не үшін, не мақсатпен және қалай оқытатынын қарастырады.

Тілші-әдіскердің ең бірінші мақсаты – сапалы оқытудың жолдарын табу, яғни, қалай оқытсақ ісіміз жақсы нәтиже береді деген сауалға жауап іздеу. Соны практикалық жағынан дәлелдеп, теориялық тұрғыдан жүйелеп көрсету.

Адам сөйлеуді жетілдіріп, дамытады, оның заңдылықтарын қарастырады, бірақ, сөйлеу тілін өзі жасай алмайды. Осыдан сөйлеудің, тілдің қоғамдық-әлеуметтік сипаты аңғарылады. Хабардың қай түрі болса да шындыққа құралу керек, сонда ғана тілдік қатысым өз бетінше дамиды және сөйлеу /информацияны қабылдау, оған жауап қайтару, қайта жауап алу/ қатысымдық құбылыстың қоғамдық мәнін ашады, адамдар арасындағы әлеуметтік көпір бола алады.

Лингвистикалық, әдістемелік әдебиеттердің көпшілігінде сөйлесім әрекетін төрт түрге бөліп қарастыру тұрақты орын алған. Олар:

- 1 Сөйлеу;
- 2 Оқу;
- 3 Жазу;
- 4 Түсіну [4, 27].

Біз жан-жақты тәжірибелерге сүйене келіп, сөйлесім әрекетін бес түрге бөліп қарастырамыз. Олар: оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім. Біз бұл ғылыми ұғымдарды қазақша бірыңғай оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім деп атауды жөн санаймыз [4, 27].

Айтылым – адамдар арасындағы тілмен түсінуді жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің бір түрі. Ол – тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару процесі [4, 38].

Айтылым, яғни сөйлеу, негізінен, бір адамға тән әрекет болғанымен, тілдік қатынаста екі жақсы байланыстың болуын қажет етеді. Адам өз ойын екінші біреуге жеткізу үшін айтады, сол үшін сыртқа шығарады.

«Сөйлеуге үйрету» немесе «айтылым» дегенде мынадай ұғымға мән беріледі: Бұл – адам мен адамның тілдік қарым-қатынаста бір-бірімен тілдесуі, сөйлесуі, яғни, бір адамның өз ойын екінші адамға ауызша жеткізуі, сөйлеуі, айтуы. Сонымен бірге, айтылған ойдың адамға түсінікті болып, оны қабылдау арқылы екінші адамның оған өзіндік реакция жасауы немесе жауап қайтаруы.

Мұның өзі сөйлеуге үйретудің тек бір адамға байланысты мәселе емес екенін көрсетеді. Ол тілдік коммуникация арқылы жүзеге асады. Ауызша сөйлесімнің нәтижесінде түсінуге жол ашылады.

Айтылым дағдысын үйретудің негізгі мақсаты - оқушылардың әртүрлі әлеуметтік жағдайларда ауызша сөйлеу және қарым-қатынасқа түсу қабілетін дамыту.

Осылайша, сөйлеуді үйретудің негізгі мақсатына сүйене отырып, біз негізгі міндеттерді анықтай аламыз:

1 Айтылымның салыстырмалы түрде үздіксіз сипатқа ие болуын қамтамасыз ету. Оны қалыптастыру процесі біреудің (не бір нәрсенің) араласуынсыз белгілі бір уақытқа созылады. Оқушының қалай сөйлегеніне қарап, ең алдымен, оның ерекше психологиялық көңіл-күйін, сондай-ақ өз ойын, пікірін жүйелі түрде жеткізу деңгейін анықтайды.

2 Өз ойларын дәйекті және логикалық түрде жеткізе білу. Бұл қасиет кейінгі сөйлемдерде негізгі тіркестер мен Түйін сөздерді дұрыс қолдану идеясынан көрінеді. Идея сөзін тура мағынада қабылдауға болмайды. Бұл жерде оқушының тақырыпқа байланысты өз ойын нақтылау, түсіндіру, негіздеу, толықтыру, оған өз көзқарасын білдіру қабілеті сөз болып тұр.

3 Тұжырымды аяқтай білу, тұжырымдардың логикалық тізбегін құра білу [5, 88].

Ал айтылым дағдысының маңызы неде?

Айтылым – ең күрделі дағдылардың бірі. Айтылым әрекетінің жүзеге асуы үшін маңызды шарт бұл – тіл мен сөздік қордың болуы, байланыстырып сөйлеу мәнері. Айтылым әрекеті кезінде жазуда қарастырылмайтын интонация, дикция, сөйлеу мәнері секілді тілдік амалдар ескеріледі. Қазіргі қоғамда балалар өз ана тілдерінде өз ойларын еркін, әрі дұрыс жеткізе алмайды, сөздік қорлары аз. Оның бірнеше себептері бар. Бүгінгі өскелең ұрпақ шынайы қарым-қатынастан қарағанда, «вертуалды қарым-қатынасты» тандайы, оның үстіне көпшілігі қазақ сыныбында оқыса да, мектептен тыс уақытта орысша сөйлейді. Бұл – қазіргі қоғамның дерті. Сондықтан, бұл дертті жеңуде мектеп мұғалімдерінің рөлі ерекше. Осы жағдайда мұғалімге сабақ барысында айтылым дағдыларын қолдану көмектесе алады.

Айтылым әрекетіне қатысты ең маңызды мәселе – сөзді дұрыс айта білудің заңдылықтарын және қалыптасқан нормаларын меңгеру. Бұл туралы тілші-ғалым Р.Сыздықованың түйген ойларының қай-қайсысы болсын тіл үйренушіге де, оқытушыға да пайдалы: «Тілдік нормалар оның барлық қаттауында: сөздік саласында (лексикасында), грамматикасында, дыбыстар жүйесінде, стильдік-көркемдік тәсілдерінде болуы шарт. Норма сондай-ақ тілдің қолданылу түрлерінде де, яғни, жазба және ауызша түрде қызмет ету барысында да орын алуы қажет. Сондықтан, ана тіліміздің жазба түрімен қатар, ауызша түріне қойылатын талаптардың да күшейе түсуі заңды» [6, 5].

Оның өзіндік артықшылықтары бар. Олар:

1. Балалар арасында нақты, «тірі» қарым-қатынас, коммуникация орнатады;

2. Сабақ белсенді формада өтеді: сынып оқушыларының барлығы сабаққа қатысады, оқыған немесе тыңдалған ақпарат бойынша өз пікірлерімен бөліседі.

3. Сөйлесу балалардың дұрыс, әрі сауатты сөйлеуіне, сөздерді орнымен қолданып, сөйлемдерді дұрыс құруға дағдыландырады.

4. Көп балалар көпшілік алдында сөйлеуге, ойын ортаға салуға қорқады, ұялады. Бала бойындағы қорқынышты жеңіп, сенімділікке ие болуға көмектеседі.

5. Бала жан-жақты ойлануға, өз ойын дәлелдеуге үйренеді;

6. Басты артықшылығы – жеке тұлғаға бағыттылық, әр баланын ойының ескерілуі.

Айтылымға үйретудің тиімділігі келесі факторларға байланысты:

1 Білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктері;

2 Балалардың жеке қызығушылықтары мен зейіні;

3 Ауызша сөйлеу стратегияларын тиімді пайдалану;

4 Мәтіннің лингвистикалық және дискурсивті ерекшеліктері;

5 Білім алу жағдайы (жаттығулардың ерекшеліктері, топтық, жұптық жұмыстардың орындалуы).

Білім алушылардың жеке және жас ерекшеліктері. 5-7 сынып оқушыларында «ер жетудің» түрлі белгілері әртүрлі формада көрініс табады. Яғни, тәуелсіз болуға деген ұмтылыс, біреудің көмегінен бас тарту, қадағалау мен бақылауды қажет етпеу. Бұл жастағы балалар оларды қоршаған әлемді тек көріп қана қоймайды, өздері көрген және білетін құбылыстың барлығына өз көзқарастары қалыптаса бастайды.

Осы топтағы оқушылардың қызығушылықтары тұрақты болып, кәсіптік бағдар қалыптаса бастайды және ол жоғары сыныптарда нақтылана түседі. Олар көп ойлануға бейім болады, өздерін белгілі бір тілдік және мәдени қауымдастыққа жататын тұлға ретінде сезіне бастайды. Материалды игеруде және сөйлеу дағдыларын дамытуда көп

көңіл бала зейінін тұрақтандыруға, басты мәліметті табуға, есте сақтау мен оны қайта жаңғыртуға бағытталуы керек. Жасөспірімдердің тез қарым-қатынас орнату қабілеті топтық, жұптық тапсырмалар орындау, коммуникацияны дамытатын ойындар ұйымдастыру кезінде өте пайдалы.

Жоғары сынып оқушылары (8-11 сыныптар) жоғары мәдениет деңгейі мен дүниетанымымен, қалыптасқан бейімділігімен және қызығушылығымен, тәуелсіздігімен, зейінді тұрақтандыра алу қабілетімен және бекітудің механикалық әдістеріне теріс көзқарасымен ерекшеленеді [7, 30].

Айтылымға үйрететін сабақ кезінде ұстаз білім алушылар үшін келесідей жайдай жасау керек:

1 Сабақтың 80-90 пайызында оқушылар сөйлейді. Мұғалім оларға тек бағдар беріп, дұрыс сөйлеу үшін түзетулер жасап отырады.

2 Сабаққа барлық оқушылар қатысады. Мұғалім монополизацияға жол бермейді, яғни, жақсы оқитын бірнеше баламен ғана жұмыс жасамай, көп сөйлемейтін балаларды да сөйлетуге тырысады.

3 Бала өзі сөйлеп, өз ойын айтқысы келеді. Олай болу үшін мұғалімнің тарапынан жақсы мотивация болу керек.

4 Алынған тақырып пен сөйлеу деңгейі жалпы сыныптың білім дейгейін ескере отырып жасалуы керек.

Нәтижелер. Оқушылардың айтылым дағдысын дамытатын көптеген әдістер бар. Сабақ барысында сөйлесу түрлері (монолог, диалог, полилог) мен сұхбат, ой қозғау, қос шеңбер, аквариум, пікірталас, рөлдік ойындар сияқты әдістерді қолдануға болады. Осы әдістердің бірнеше түріне тоқталып өтсек:

Ой қозғау – оқушылар қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін ауызша айта алады. Бұл әдісті сабақтың басында, қызығушылықты ояту кезеңінде қолдануға болады. Ой қозғаудың ережелері келесідей:

1 Ең бастысы идеялардың көптігі, олардың еркін жағдайда айтылуы - сол себепті де білім алушылар өз ойындағыларын еш ойланбай (олардың дұрыс-бұрыс, қажет-қажет еместігіне қарамай) айта беруі керек;

2 Идеялар ешқандай сынға ұшырамауы қажет, ондай жағдайда оқушылар тосылып қалып, идеяларды келтіре алмауы мүмкін;

3 Барлық идеялар сарқылмайынша, олар қағазға түсіріле беріледі;

4 Идеяларды келтіру жұмысы аяқталғаннан кейін ғана оларды талқылау жұмысы басталады – олардың ішінен кейбіреулерін алып тастауға да болады.

Бұл тапсырманы жұптасып, шағын топ ішінде, бүкіл аудитория болып орындауға орындауға болады. Дайындыққа берілген уақыт (2-4 минут) аяқталған соң, балалар өз жауаптарымен бөліседі, сұрақтарға жауап береді, тізімдерін толықтырады [8, 201].

Пікірталас – оқушылардың аудиторияда немесе шағын топ ішінде нақты бір өміршеңді проблема бойынша өзіндік көзқарастары мен пікірлерімен алмасып, оларды дәлелдеп, өзге позициялармен толықтыру әрекеттері.

Қандай да болмасын дамудың негізінде пікірлердің тоғысуы мен олардың қарама-қайшылықтары, олар туғызатын қақтығыс пен даудамай жатады – бұл диалектика заңдылығы. Бұл заңдылық әсіресе қоғамның әлеуметтік, саяси дамуы мен жеке адамның рухани және кәсіби өсуіне жан-жақты ықпал жасайды.

Пікірталас - оқу/оқытудың тиімді тәсілдерінің бірі, өйткені, білім алушылар қандай да бір өміршеңді мәселе немесе проблеманы жан-жақты қарастыру және талқылауда өздерінің теориялық және практикалық білімдерін жинақтап, оларды қолдана отырып, өз көзқарасын пайымдау мен түйіндеуге, өзге пікірлерді тыңдауға, ескеруге және оларды өз қажетіне пайдалануға, солардың негізінде қорытынды шығаруға үйренеді.

Балалар мұнда басқа пікірлермен санасып, өздерінің икемділігі мен бейімділігін көрсете алады. Топтық пікірталастар кері байланыс жасауға жақсы мүмкіндік беріп, студенттердің қызығушылығын арттырады.

Оқытушы пікірталастың келесідей ережелерін қадағалауды талап етуі керек:

1 Тұлғаның жеке қасиеттері сыналмай, пайымдаулары ғана сыналуды тиіс.

2 Пікірталаста басты мақсат жеңу емес – ақиқатқа жету.

3 Негізгі этикалық ереже: басқа пікірлермен келіспесең де, сыйлау керек.

4 Біреу сөйлегенде, оның сөзін бөлуге болмайды.

5 Басқа пікірлермен келіспеушілік болған жағдайда, оларға жалаң түрде баға бергеннен гөрі («Бұл дұрыс емес!», «Бұл қате ұстаным!», «Мен мұнымен келісе алмаймын!», «Біздің пікір ғана дұрыс!» деген тәрізді), олардың мағынасы мен мазмұнын айқындайтын сұрақтар қойған орынды.

6 Пікірталаста икемділіктің жоғарғы дәрежесін көрсеткендер (яғни өз пікірлерін басқалардың позитивті де жағымды ықпалы арқасында өзгерте алатындар) жеңіске жетеді.

7 Ақиқатқа жету жолы біреу емес және олардың барлығы да тең дәрежелі [8, 225-226].

Аквариум – студенттердің қандай да болмасын проблеманы «көрермендер» немесе «жұртшылық» алдында диалог үрдісінде талдау мүмкіншілігін беретін тәсіл.

Шағын топ ішінде (4-6 адам) оқушылар проблеманы шешу жолдарын талқылайды. Талқылауды топ ішіндегі бір оқушы (немесе екі оқушы да болады) жүргізеді: ол басқаларға сөз беріп, олардың пікір алмасуын ұйымдастырады, топты ортақ мәмлеге келуге бағыттайды.

Сыныптағы басқа балалар көрермендер сияқты жаңағы топты қаумалай қоршап тұрады: олар топ ішіндегі студенттердің проблеманы қалайша шешетіндігіне, олардың диалог құруына көңіл қояды.

Алайда, олар диалогқа араласа алмайды, олар тек топ ішіндегі атқарылып жатқан жұмысты өздерінің осындай шағын топ ішіндегі әрекеттерімен салыстырады.

Шағын топтағы оқушылар осылайша сырт назарында болады: олар аквариум ішінде отырған сияқты. Бұл тәсіл студенттерге өз жолдастарының қалайша қарым-қатынас құратындығын, басқаның пікірін қалайша қабылдайтындығын, өз ойларын қалайша дәлелдейтіндігін, пайда бола бастаған кикілжіндерді қалайша болдырмай тастайтындығын көріп, оларды талдап, белгілі бір қорытындыға келтіру мүмкіндігін береді [8, 220].

Қос шеңбер – сынып оқушылары екі шеңбер құрап отыруы керек: ішкі және сыртқы. Мұнда ішкі шеңбер тұрақты болады да, сыртқы шеңбер құрамы оқытушының айтуымен ауысып отырады (мәселен, әрбір 1-2 минут өткен соң сағат тілі бойынша бір орынға). Шеңберлердегі студенттер саны бірдей болған орынды. Осылайша студенттер талқыланатын мәселе бойынша бірнеше жолдасымен әңгіме құрып, пікірлесіп, тіпті басқаларды өзінің көзқарасына иландыру мүмкіндігіне ие болады.

Сыртқы шеңбердегі студенттердің қолында сұрақтар жазылған қағаздары бар, олар орын ауыстыру кезінде бұл мәселелер бойынша ақпарат, пікір, дәлел жинаумен айналысады. Жұмыс соңында студенттер талқылаудың қорытындысын аудиторияға жария қылады. Бұл тәсіл бір оқушыларда тыңдалым дағдысын, екінші бір балада айтылым дағдысын бір уақытта дамыта алады.

Рөлдік ойындар – тиімді интербелсенді әдістердің бірі.

Педагогика саласында зерттеу жүргізетін ғалымдардың басым көпшілігі оқу/оқытудың ойын әдістерін кәсіби дамуды қамтамасыздандырудағы ең тиімді әрі болашағы зор тәсілдер деп есептейді.

Өйткені іс-әрекет арқылы үйрену/үйрету – танымның ең тиімді тәсілі екендігі баршаға аян: адам жадында бірінші мезетте өзінің жасағаны мен бастан кешкен әсерлері қалады.

Ал рөлдік ойындар оқушылардың өздерін басқа адамдардың орнына қойып, мәселе немесе проблеманы солардың тұрғысынан қарастырып, шешімді өз «қолдарымен» жасауды меңзейді. Сонымен қатар, оқушылардың сөйлеу және бір-бірін тыңдау дағдылары дамиды.

«Ойын» сөзі сабақта инсценировканың орын алып, әрекеттердің спектакль түрінде көрсетілетіндігін меңзейді.

Ал «рөлдік» сөзі әр қатысушының белгілі бір рөл орындайтынын және де бұл рөлдің басқа рөлдердің қатарында болып, олармен тығыз қарым-қатынаста болатындығын білдіреді.

Бұл қарым-қатынас өмірде орын алған қарым-қатынастарды қайталайды, сол себепті де рөлдік ойындар қоғамда кең етек алған проблемалар мен оларды шешудегі тиімді әрекеттерді меңгеруді мақсат тұтады. Әрі, баланың тыңдау және сөйлеу дағдылары бір мезгілде жұмыс істейді.

Мұндай ойындарда келесідей рөлдерді қолдануға болады:

Автор - өз көзқарасы мен пікірін келтіруші, ұсынушы.

Түрлендіруші - автордың ұсынысын толық қабылдамай, өз түсінігін құрастыратын, содан туындаған ойларымен басқалармен бөліседі.

Сыншы (немесе Пессимист) - талқылау барысында қабылданған шешімдерге күмән келтіріп, өзгеше ұсыныс жасап, басқа шешімдер мен көзқарастар келтіреді.

Ұйымдастырушы (немесе капитан) - жасалған жұмыстың барлығын да үйлестіріп, қатысушылардың жеке пікірлерін жинақтауға, біріктіруге ұмтылып, оларды автордың көзқарасын дамытуға бағыттайды.

Қуаттаушы (немесе Оптимист) - қандай да болмасын келтірілген ұсыныс пен әрекетті демеп, қолпаштап отырады. Оның жұмысы сыншы рөліне қарама-қарсы. Ол өз жұмысында мақтау мен мадақтауды, арқадан қағу мен қол шапалақтауды қолданады да, солар арқылы топ ішінде көтеріңкі көңіл-күй орнатуға бар күшін салады.

Суретші - топ жұмысының нәтижелерін плакатқа маркермен түсіруші [8, 235-237].

Талқылау. Балалардың айтылым дағдысын дұрыс қалыптастырып, дамыту – мұғалімге байланысты. Ұстаз тапсырма дайындағанда сыныптың деңгейін, жас ерекшеліктерін, жеке мінез ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескеру қажет. Тақырыптар бүгінгі қоғаммен байланысты, тыңдауға да, талқылауға да қызықты болуы керек. Оған қоса, айтылым дағдысына бағытталған тапсырмалар жүйелі түрде орындалып, сабақ барысында орын алған қателіктер ескеріліп, сол бойынша түзету жұмыстары жүргізіліп отырса ғана нәтиже болады.

Қорытынды. «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, баланың қызығушылығын оятып, қызығушылығы бар баланың ынтасын өшіріп алмай, жаңа дейгейге көтеру, осы дағдыларды дамыту тікелей ұстазға байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Оразбаева. Ф. Тіл кеңістігі. Шығармалар жинағы. III том. – Алматы: Арыс баспасы, 2019. – 580.
- 2 Балақаев М. Қазақ тілі білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 592.
- 3 Дүйсебаева М. Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының кейбір мәселелері. -Алматы. – 1973. – 75.
- 4 Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы : Print-S, 2005. -170 бет.
- 5 Рогова Г.В. Методика обучения иностранным языкам в средней школе. – М.: Высшая школа, 1991. -211 бет.
- 6 Сыздықова Р.С. Сөздер сөйлейді. - Алматы : Санат, 1994. – 191 б.

7 Кожамкулова Г. Развитие навыков слушания и говорения на уроках русского языка : методическое пособие / Г. Кожамкулова, К. Шомина. - Астана, 2015. - 44 стр.

8 Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы / А. Әлімов. – Алматы, 2009. - 263 б.

References:

1. Orazbaeva. F. Til keñistigi. Şyğarmalar jinaғы. III tom. – Almaty: Arys baspasy, 2019. – 580.
2. Balaqaeв M. Qazaq til bilimniñ мәseleleri. – Almaty: Arys, 2008. – 592.
3. Diiisebaeva M. Qazaq әdebi tili orfoepiasynyñ keibir мәseleleri. -Almaty. – 1973. – 75.
4. Orazbaeva F.Ş., Rahmetova R.S. Qazaq tilin oqytu әdistemesi. Oqu qūraly. – Almaty : Print-S, 2005. -170 bet.
5. Rogova G.V. Metodika obuchenia inostrannym iazykam v srednei škole. – M.: Vysşaia škola, 1991. -211 bet.
6. Syzdyqova R.S. Sөzder sөileidi. - Almaty : Sanat, 1994. – 191 b.
7. Kojamkulova G. Razvitie navykov sluşania i govorenia na urokah ruskogo iazyka : metodicheskoe posobie / G. Kojamkulova, K. Şomina. - Astana, 2015. - 44 str.
8. Älimov A. İnterbelsendi әdisterdi joғary oqu oryndarynda qoldanu. Oqu qūraly / A. Älimov. – Almaty, 2009. - 263 b.

МРНТИ 16.31.51.

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.85>

Қосымова Г. С.,¹ Ерхожина Ш. Л.²

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті,
Алматы, Қазақстан

²Сүлейман Демирел университеті,
Қаскелең, Қазақстан

САБАҚТА КОМАНДАЛЫҚ БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУӘДІСІН ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Мақалада командалық бағытталған оқыту әдісі туралы айтылады. Қазақ тілін оқытуда әртүрлі стильдегі көлемді мәтіндерді қолдану негізінде мақсатқа жету көзделеді. Мәтіндердің мазмұндық құрылымын түсіндіріп, талдау негізінде пәнаралық байланыс немесе қазіргі командалық оқыту түрін тиімді қолдану білімгердің қызығушылығын арттыратын, танымын кеңейтетін, іскерлік дағдыларын қалыптастыратын білімді меңгерудің тиімді әдісі екендігі дәлелденді. Қазақ тілі пәнінің мұғалімімен бір командада басқа пән мамандарының кірігуі арқылы мәтіннің немесе тақырыптың мазмұнына сәйкес, мысалы сәулет өнері туралы, тарихи мәтінді немесе колөнерді, т.б. кәсіби жағынан түсіндірілуі білімалушының қызығушылығымен қатар, танымдық, дүниетанымдық деңгейін көтереді. Сонымен қатар, студенттердің санына ұлттық тәлім-тәрбие ісі мен білімді сіңіру жұмыстарын командалық оқыту арқылы жүргізудің маңыздылығы айтылды.

Түйін сөздер: командалық оқыту, проблемалық ситуация, жағдаят, педагогикалық үдеріс

Kosymova G.,¹ Erkhodzina Sh.²

¹Abay Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

²Suleiman Demirel University,
Kaskelen, Kazakhstan

USING A TEAM-BASED LEARNING METHOD FOR A LESSON

Abstract

The article discusses the method of team-oriented learning. It is planned to achieve the goal based on the use of voluminous texts of various styles in teaching the Kazakh language. Based on the interpretation and analysis of the content structure of texts, it is proved that the effective use of interdisciplinary communication or modern form of Team training is an effective method of acquiring knowledge that increases students' interest, expands their knowledge, and forms business skills. Professional interpretation of the text or topic in accordance with the content, for example, about architecture, historical text or crafts, etc., through the integration of specialists of other disciplines in one team with a Kazakh language teacher, increases the

Лондонда айтылған маңызды мәселелерден кейін М.Шоқайды арнайы қабылдау ұйымдастырылады. Бірақ жазушы оған қатысуға бірнеше күнге қалуына тура келсе де, материалдық жағдайына байланысты елге оралады.

М.Шоқай Лондонға барған сапарында тағы да «украин акциясымен» де айналысады. Лондондағы екі белгілі: «Украин бюросы» мен Скоропадский – В.К.Коростовецтің ұйымдарының жағдайымен танысуды да жөн санайды. Аталмыш екі бюронның да ішкі және сыртқы жағдайынан хабардар болған М.Ш.Коростовецтің өз аузынан Украина мен украиндар арасында үш басты ағымның: коммунистер, петлюровшілер, үшінші – гетманшылардың бар екендігін естиді. Ол сонымен бірге М.Шоқайға гетманшылардың, яғни өздерінің ешуақытта Украинаның да, Польшаның да сойылын соқпай, тек бейбіт келісімде жұмыс жасайтындықтарын тілге тиек етеді.

Мұстафа Шоқай шығармаларын оқи отырып, ғалым, журналист, өз ісінің нағыз майталманы, әмбебап адам ретінде оның әрбір істеген ісіне, жазған жазуына деген ыждағаттылығын, үлкен еңбеккестігін бірден аңғаруға болады. Оның халықаралық, ішкі мәселелермен бірге қарапайым ғана көрінетін істерде де соншалықты мұқияттылығын жазбай танимыз. Тағы бір «М.Шоқай – «Наша Заря» газетінің редакциясына» деп аталатын хатта ол Тяньцзинде тұратын түркістандықтар мен татарлардың өз еріктері бойынша «Жас Түркістан» журналына жазылу үшін 3856 франк 40 сантим жинап, 15 адамнан тұратын тізімнің атынан аталмыш қаржының редакция қорына аударылатындығын сөз етеді[14.107]. Автор барлық жазылушылардың аты-жөндеріне дейін көрсетеді. Өзі аса бағалайтын басылымнан осы жазып отырған алғыс ретіндегі ықылас хатының түгелдей жариялануын өтінеді. Соңында «Жас Түркістанның» бас редакторы деп көрсетуді де ұмытпайды.

Келесі бір хатын ол: «Аса құрметті Владимир Александрович!» деп бастап, хатта автор ескі түрік немесе араб әрпімен линотип үшін қалып табуға көмектесуін өтінеді. Өзінің баспахана ісінде ештеңені ұқпайтындығын және «линотип үшін қалып» деген терминнің бар-жоғын да білмейтіндігін айтады. Қалыпты Парижден табуға болатындығына кейбір кісілердің кеңес бергендігін, десе де өзінің осы мәселенің кейбір тұстарын түсіну үшін

мүмкін кездесу қажеттілігін білдіреді. Қашан, қайда кездесуді айтып, қолдау білдіретіндігіне сенімінің молдығымен өз хатын аяқтайды[15.142].

Қорытынды. Эпистолярлық әдебиеттің басты және негізгі ерекшелігі – деректілікке негізделуінде. Хат – дереккөзі. Осы тұрғыдан қарағанда М.Шоқай хаттарының тарихи деректілік маңызын көреміз. Ұлт, мемлекет тарихы, соның ішінде ХХ ғасыр басындағы Қазақстан тарихына қатысты көптеген тың деректерді М.Шоқай хаттарынан алуымызға болады. Әрине, бір-екі мақаланың көлемінде М.Шоқайдың хат-мұрасына, оның тарихи маңызы мен әдеби ерекшеліктеріне талдау жасау мүмкін емес екені белгілі. Біздің мақсатымыз – осы мәселеге ғылыми ортаның назарын аудару ғана.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шетелдердегі қазақ фольклоры. Монография. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. Жауапты редактор: Б.Әзібаева. –Алматы: Evo Press, 2014. –452 бет.
2. Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы. 12 томдық. 1-том. «Дайк-Пресс» ЖШС. –Алматы, 2012. 225-бетте
3. Журнал «Милли Юл» (1928-1939гг.) в системе татарской эмигрантской прессы». Автореферат диссертаций на соискание степени кандидата филологияческих наук. –Казань, 2012 г.12-бетте
4. Пірәлі Г. М.О.Әуезовтің эпистолярлық мұрасы. –Алматы: Елтаным, 2017. –160 бет. 9-бетте
5. Ерғөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. –Түркістан: Тұран, 2006. –320 бет.
6. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар): Көптомдық шығармалар жинағы /Рәбиға Сыздықова / –Алматы: «Ел-шежіре», 2014.–352 бет.
7. Әбікенова Г.Т. Қазақ тіліндегі эпистолярлық стильдің лингвистикалық сипаты. Монография. –Семей, 2008. –158 бет.
8. Античная эпистолография. Очерки. –Москва, 1937. С.307
9. Гайнуллина Н. Эпистолярное наследие Петра великого в истории русского литературного языка. Дисс. док. фил. наук. –Алматы, 1996. – 494с.
10. Павловская С.В. Воспоминания и дневники отечественных историков как исторический источник изучения общественно-политической и научно-педагогической жизни России конца XIX – начала XX веков. Автореферат на соискание кандидат исторических наук. 2006 г. Россия. –Нижегород.
11. Оқтай А. Мұстафа Шоқай және түркішілдік. // Түркістан. –1997. –26 наурыз.
12. Шоқай М. Эпистолярлық мұрасы. 2 томдық. Құрастырған: Ф.Исахан. –Алматы: СаГа, 2006. –1-том. – 424 бет.
13. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: 12 томдық/ Р.Б. Сүлейменов атын. Шығыстану ин-ты; құраст. К. Есмағамбетов.–Алматы, 2014. –12-ші том. –24б.
14. Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы. 12 томдық. –7-том. «Дайк-Пресс» ЖШС. –Алматы, 2013. –527 бет.
15. М.Шоқайдың эпистолярлық мұрасы. –2-том. –Алматы, 2006. –372 бет.

References:

1. Şetelderdegi qazaq föklory. Monografia. M.O.Äuezov atyndaғы Äebiet jäne öner instituty. Jauapty redaktor: B.Äzibaeva. –Almaty: Evo Press, 2014. –452 bet.
2. Mūstafa Şoqai şyğarmalarynyñ tolyq jinağy. 12 tomdyq. 1-tom. «Daik-Pres» JŞS. –Almaty, 2012. 225-bette
3. Jurnal «Milli İul» (1928-1939gg.) v sisteme tatarskoı emigrantskoı presy». Avtoreferat disertasi na soiskanie stepeni kandidata filologicheskih nauk. –Kazän, 2012 g.12-bette
4. Pırälı G. M.O.Äuezovtuñ epistolärlyq mūrasy. –Almaty: Eltanym, 2017. –160 bet. 9-bette
5. Ergöbek Q. Arystar men ağystar. –Türkistan: Tūran, 2006. –320 bet.
6. Syzdyqova R. Qazaq ädebi tilniñ tarihy (HV-IIIH ğasyrlar): Köptomdyq şyğarmalar jinağy /Räbiğa Syzdyqova / –Almaty: «El-şejire», 2014.–352 bet.
7. Äbikenova G.T. Qazaq tilindegi epistolärlyq stildñ lingvistikalıy sipaty. Monografia. –Semei, 2008. –158 bet.
8. Antichnaia epistolografia. Ocherki. –Moskva, 1937. S.307
9. Gainullina N. Epistolärnoe nasledie Petra velikogo v istorii ruskogo literaturnogo iazyka. Diss. dok. fil. nauk. –Almaty, 1996. – 494s.
10. PavlovskaaS.V. Vospominania i dnevniki otechestvennyh istorikov kak istoricheki istochnik izuchenie obşestvenno-politicheskoı i nauchno-pedagogichekoı jizni Rosi konsa IIIH – nachala HH vekov. Avtoreferat na soiskani kandidata istoricheskikh nau. 2006 g. Rosia. –Nijni Novgorod.
11. Oqтай A. Mūstafa Şoqai jäne türkışıldık. // Türkistan. –1997. –26 nauryz.
12. Şoqai M. Epistolärlyq mūrasy. 2 tomdyq. Qūrastyrған: Ğ.İsahan. –Almaty: SaGa, 2006. –1-том. –424 bet.
13. Şoqai M. Şyğarmalarynyñ tolyq jinağy: 12 tomdyq/ R.B. Süleimenov atyn. Şyğystanu in-ty; qūrast. K. Esmağambetov.–Almaty, 2014. –12-şı tom. –24b.
14. Mūstafa Şoqai şyğarmalarynyñ tolyq jinağy. 12 tomdyq. –7-том. «Daik-Pres» JŞS. –Almaty, 2013. –527 bet.
15. M.Şoqaidyñ epistolärlyq mūrasy. –2-том. –Almaty, 2006. –372 bet

МРНТИ 10.15.23

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.96>

Сманов Б.Ө.,¹ Сманова А.Б.²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР КЕПІЛІ

Аңдатпа

Биылғы жыл еліміз Ата заңының қабылданғанына жиырма бес жыл толып отыр. Бұл маңызды ерекше зор құжыт қабылданғалы бері мемлекетімізде қаншама игілікті істер атқарылып, көптеген мәселелер өз шешімін тауып келеді. Оған бүкіл Республика жұртшылығы, қала берді әлем елдерінің халықтары куә болып, орын алған жетістіктерімізді қолдап-қуаттап отыр. Қазақстан Республикасының Конституциясы – Қазақстанның бүкіл құқықтық-нормативтік құжаттары мен заң актілерінің іргетасы, әрі қайнар бастауы. Олай дейтініміз, барлық заңдық қағидаттар мен тұжырымдар Отанымыздың Негізгі заңынан нәр алады, Конституцияның баптарына, тармақтарына табан тірейді.

Ұсынылып отырған осынау мақалада еліміздің Ата заңының қолданысқа енгелі бері жиырма бес жыл ішіндегі өзгерістер, салалық заңдардың ерекшеліктері мен олардың қоғам өміріндегі алатын орнына ерекше мән беріледі. Мұнда халқымыздың рухани құндылықтарына басты назар аударылып, ұлттық игіліктерімізді құқықтық қамтамасыз ету жайы жан-жақты талданады.

Түйін сөздер: мемлекет, құқық, қоғам, заң, конституция, міндеттер, т.б.

Smanov B.¹, Smanova A.²

¹ *Kazakh National Pedagogical University named after Abai,*
Almaty, Kazakhstan

² *Al-Farabi Kazakh National University,*
Almaty, Kazakhstan

GUARANTOR OF NATIONAL VALUES

Abstract

This year marks the twenty-fifth anniversary of the adoption of the Basic law. Since the adoption of this important document, many good deeds have been done in our country and many issues have been resolved. This is evidenced by the entire public of the Republic, the peoples of all countries of the world, supporting our achievements. The Constitution of the Republic of Kazakhstan is the Foundation and source of all legal documents and legislative acts of Kazakhstan. All legal principles and conclusions follow from the Basic law of our country, they are based on articles and paragraphs of the Constitution.

In the proposed article, special importance is attached to changes in the twenty-five years since the introduction of the basic law of the country, the features of sectoral laws and their place in society. Here, special attention is paid to the spiritual values of our people, and the state of legal support for national goods is comprehensively analyzed.

Keywords: state, law, society, law, Constitution, duties, etc.

Сманов Б.У.,¹ Сманова А. Б.²

¹ *Казахский Национальный педагогический университет им. Абая,*
Алматы, Казахстан

² *Казахский национальный университет им. аль-Фараби,*
Алматы, Казахстан

ГАРАНТ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ

Аннотация

В этом году исполняется двадцать пять лет со дня принятия в стране Основного закона. С момента принятия этого важного документа в нашей стране было сделано много добрых дел, решены многие вопросы. Об этом свидетельствует вся общественность республики, народы всех стран мира, поддерживая наши достижения. Конституция Республики Казахстан – фундамент и источник всех нормативно-правовых документов и законодательных актов Казахстана. Все юридические принципы и выводы вытекают из Основного закона нашей страны, они опираются на статьи, пункты Конституции.

В предлагаемой статье особое значение придается изменениям за двадцать пять лет с момента введения в действие основного закона страны, особенностям отраслевых законов и их месту в жизни общества. Здесь особое внимание уделяется духовным ценностям нашего народа, всесторонне анализируется состояние правового обеспечения национальных благ.

Ключевые слова: государство, право, общество, закон, конституция, обязанности, др.

Кіріспе. Еліміз егемендік алған алғашқы жылдардан бастап, күні бүгінге дейінгі болған өміршең өзгерістердің барлығы да Ата заңымыздың аясында жүзеге асып келе жатқанын бәріміз білеміз. Өйткені, Қазақстан Республикасының өсіп-өркендеуі мен қарқынды дамуының негізі, ілкі іргетасы – биыл қабылданғанына 25 жыл толып отырған еліміздің Конституциясы. Халқымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруы мен мемлекетіміздің саяси тұрақтылығының да алтын арқауы Ата заңымыз. Бұл нөмірі бірінші басты құжат еліміздегі орнылықтылықтың, оны мекендейтін негізгі ұлт пен ұлыстардың, басқа да халықтардың берік достығының, береке-бірлігі мен ырысты ынтымағының да кепілі. Сондықтан Ата заңның әрбір тарауы, әрбір бабы, әр тармағы мен оларда айтылған терең ордалы ойлар, сындарлы сөздер мен салмақты сөйлемдер біз үшін аса қадірлі де қастерлі.

Қазақстан Конституциясы егемен еліміздің басты заңы. Оны халық арасында Ата заң, Негізгі заң секілді баламалы сөздермен атап келеді. Қалай дегенде де, бұл еліміз заңдарының атасы секілді – Ата заң.

Қазіргі қолданыстағы Ата заңымыз еліміздің тәуелсіздік алған жылдарынан бергі жылдарда өмірдің талап тілегіне орай, сынаптай сырғыған уақыттың сұраныстарын ескере отырып, өзгерістер мен толықтырулар жасалып жетілдірілді.

Өзіміз руханиятта, дәлірек айтқанда, оқу-білім мен ғылым саласында еңбек етіп келе жатқандықтан еліміздің ең басты құжаты саналатын Ата заңымыздың халқымыздың ұлттық құндылықтары мен рухани өміріне байланысты игіліктеріне кепілдік танытатын, қамқорлық жасайтын аса маңызды жайттарына назар аударғанды мақұл көрдік. Ал ұлттық құндылықтар туралы сөз қозғағанда ең әуелі ұлттық кодымыз ойға оралатыны сөзсіз. Ұлттың коды дегеніміз - ана тіліміз бен туған әдебиетіміз, ата дініміз бен төл мәдениетіміз, ән-күй, жыр өнеріміз, өміршең ұлттық салт-дәстүрлеріміз бен ата-бабалардан жалғасып келе жатқан жасампаз жөн-жоралғыларымыз – барлығы, бір сөзбен айтқанда, ұлттық діліміз болып есептеледі.

«Ата салтың – қазақтың қалпың», - дейді қазақтың халық даналығы. Бұл түптеп келгенде ұлттық сананың кемелденуіне, елдің рухының қалыптасып нығаюына қызмет ететін баға жетпес негізгі құндылық. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақалада: «... Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты сол – ұлттық кодынды сақтай білу ... Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы», [1] - деп ерекше мән бере аталды. Демек, ұлттың коды жоқ жерде ешқандай рухани жаңғыру да, ұлттық сана мен ұлттық рух та болуы екіталай.

Міне, Ата заң осынау маңызды мәселенің – біздің ұлттық діліміздің берік қорғаны және негізгі кепілі. Еліміздің Негізгі заңының алғашқы бабының өзінен «Мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» екенін атай отырып, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық болып саналатынына баса назар аударылды. Сонан II-бөлімнің 10-бабы – «Адам және азамат» деген тақырып беріліп, мұнда адамға қажетті рухани игіліктерге айрықша мән берілді.

Айталық, ұлттық кодымыздың, халықтық діліміздің ең басты белгісі – ана тілімізге үш тармақтан тұратын арнайы бір – 7-баптың көрсетілуін алыңыз. Онда Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі екендігі, мемлекеттік ұйымдарда және өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылатындығы, сонда-ақ Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасалатыны ерекше ескерілген. Бұл жайт Ата заңнан туындайтын, соған негізделген «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» заңының 6 тарауында 27 бапқа жіктеліп бекітілген.

Әдістеме. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауында «... Еліміздегі этностық топтардың тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай береміз, - дей отырып, - қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек», [2] – деп түйіндеді. Бұл шындығында осылай болуы қажет. Мемлекет басшысы атаған осы мәселеге орай Қазақстан халқы Ассамблеясының «Ұлы Даланың ұлтаралық тілі» атты тақырыпта жүргізіп отырған игі бастамалары көңілге қуаныш ұялатып, жалпыхалықтық, жалпымемлекеттік деңгейде кеңінен қолдауды қажет етеді.

Ұлттық құндылықтарымыздың ендігі бір маңызды саласы – дін мәселесі. Оның белгілі бір халықтың, ұлттың өмірінде үлкен рухани-идеологиялық рөл атқаратыны еш дәлелдеуді қажет етпейтін жайт. Бұл да «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы Қазақстан Республикасының заңы аясында реттеледі. 6 тарау, 25 баптан тұратын аталмыш заң да Ата заңнан туындап отырғаны мәлім. Діни сенім-нанымға байланысты мәселелер Конституциямыздың бірнеше (19, 22) бабында айрықша аталған. Оларда - әркімнің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға хақылығы, кез келген адамның ар-ождан бостандығына құқы бар екендігі, оны жүзеге асыру жалпыадамзаттық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға, немесе оларды шектемеуге тиіс екендігі ескеріледі.

Рухани коддымыздың келесі бір сүбелі тармағы – ұлттық мәдениетіміз. «Мәдениет туралы» еліміздің заңы 8 тараудағы 40 бапта сараланып қарастырылған. Мұнда халқымыздың мәдени құндылықтары мен ұлттық мәдени игіліктері, мәдени мұралар мен оларды сақтау, салт-дәстүр, тарихи-мәдени маңызы бар өнер жәдігерліктерін қорғау, қамқорлық жасау мәселелері жіліктеп берілген. Әрине, мұның да басты кепілі еліміздің Ата заңы. Өйткені, Конституцияның 37-бабында; «...Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті», - деп ерекше ескертілген болатын.

Ел Президенті биылғы жылды ұлы ғұлама ғалымымыз әл-Фарабидің 1150 жылдық және дана данышпан хәкім Абайдың 175 жылдық мерейтойларын мемлекеттік деңгейде атап өту туралы Жарлыққа қол қойып, аталған қос мерекені елдік деңгейде өткізуге арнауының өзі, міне, осының айғағы деуге болады. Оның үстіне осынау екі ұлы тұлға да күллі адамзат руханияты тарихында ерекше орын алатын мәдени байлықтарымызға, ұлттық құндылықтарымызға жатады. Екеуі де қазақ халқының рухани брендтері деп мақтаныш сезіммен айтуға тұрарлық әлемге әйгілі есімдер.

Осы аталған мәселелердің қатарында 38-баптағы Қазақстан азаматтарының табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті деген қағиданы да ұлттық құндылықтар қатарында атап, ескерте кеткен орынды деп білеміз. Себебі, туған жер, оның әсем табиғаты, бүкіл – жер асты және жер үсті байлықтары халықтың баға жетпес игілігі, әрі аса маңызды құндылығы екенін еш уақытта ұмытпағанымыз жөн.

Мемлекеттік және ұлттық құндылықтар ретінде баса айтылатын мәселе Ата заңның 9 бабында көрсетілген – еліміздің Мемлекеттік рәміздері – Ту, Елтаңба, Әнұран болуға керек. Олардың сипаттамасы және пайдалану тәртібі Конституциялық заңмен белгіленген. Ал 34-баптағы екі тармақта әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдар құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге, әркім Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті екендігі қадап айтылған. Бұл мәселеге де еліміздің әрбір азаматы ерекше мән бергені орынды.

Біздің бүгінгі егемен еліміздің негізгі құндылықтарының бірі - отбасы екендігінде еш күман жоқ. Ол мемлекеттің шағын бөлшегі іспетті. «Отан – отбасынан басталады», - дейді аталарымыз. Сондықтан, бұл жайт Қазақстан Республикасының Конституциясында арнайы баппен қорғалған. Отбасы мәселесі 3 тармақтан тұратын 27 бапта лайықты орын иемденген. Онда неке мен отбасы, ана мен әке мемлекеттің қорғауында болатыны, балаларға қамқорлық жасау және тәрбиелеу ата-ананың етене құқығы әрі міндеті екендігі, кәмелетке толған, еңбекке қабілетті балаларға еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасау міндеттелетіні тайға таңба басқандай көрсетілген.

«Оқу – білім азығы, Білім – ырыс қазығы»; «Оқусыз – білім жоқ, Білімсіз – күнің жоқ», - дейді халық нақылдары.

Талқылау. Расында да әрбір елдің, әрбір халықтың, кез келген мемлекеттің өсіп-өркендеуі, табысты болуы білім мен ғылымға тікелей байланысты екені айтпаса да белгілі. Сол себепті де бұл салаларды рухани игіліктердің ұлттық құндылықтардың қатарында атағанымыз жөн. Қоғамдық өмірдің аталған екі саласына екі бірдей заң арналған. Оқу-білім саласы – «Қазақстан Республикасының Білім туралы» заңымен реттеледі. Ол 12 тарау, 68 баптан тұрады. Ал «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының заңы (5 тарау, 22 баптан тұрады) ғылым және ғылыми-техникалық саладағы қоғамдық қатынастарды реттейді. Бұл екі заңның да іске асырылуына Ата заңымыздың тиісті баптарында кепілдіктер берілген.

Осы ретте аталған екі маңызды мәселеге де ел Президенті Жолдауының «Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі» атты IV тарауында баса назар аударылғанын айтқан орынды [2].

Жиыны IX бөлім, 98 баптан тұратын Қазақстанның Ата заңы – «Президент», «Парламент», «Үкімет», «Конституциялық кеңес», «Соттар және сот төрелігі», «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару», сондай-ақ қорытынды мен өтпелі ережелерді қамтыған аса маңызды тарихи мәні бар құжат.

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында Ата заңға: «... Конституция – конституциялық құрылыстың құндылықтары, институттары мен нормалары, әлеуметтік байланыстар мен мемлекеттік биліктің қатынастарын мемлекеттік – құқықтық реттеу негіздері ресми түрде баянды етілетін ең жоғарғы құқықтық нысан. Конституция осы заманғы мемлекеттіліктің маңызды белгісі болып табылады», [3] - деген анықтама берілген.

Қорытынды. Олай болса, еліміздің әрбір азаматы, әрбір тұрғыны, Ата заңымызды және одан туындайтын басқа да салалық заңнамаларды көздің қарашығындай сақтап, оны қадірлеп-қастерлеуі керек. Өйткені, мемлекетіміздің басты заңы – Конституциямыз бүкіл қазақстандықтардың өмір сүруі мен өсіп-өркендеуінің, мемлекетіміздің қарқынды дамуының берік негізі, республика халқының жарқын болашағының бірегей кепілі, сонымен бірге тұғырлы тәуелсіздігіміздің темірдей тірегі. Сондықтан мұны әрқайсымыз бой тұмардай жадымызға ұстағанымыз абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 «Егемен Қазақстан», 12 сәуір 2017 ж.
- 2 «Егемен Қазақстан», 3 қыркүйек 2019 ж.
- 3 «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, 4 том, - 637 б.

References:

1. «Egemen Qazaqstan», 12 säuir 2017 j.
2. «Egemen Qazaqstan», 3 qyrküiek 2019 j.
3. «Qazaqstan» ülttyq ensiklopediasy, 4 tom, - 637 b.

МРНТИ 16.31.41

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.97>

Mizamkhan B.,¹ Kalibekuly T.²

^{1,2}*Kazakh Ablaihan University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan*

THEORETICAL AND PRACTICAL PECULIARITIES OF TRANSLATING CULTURE-SPECIFIC TERMS

Abstract

The term “culture-specific vocabulary” appeared in the 1980s. Problems of translating culture-specific terms from one language to another have always been a serious issue for translators. It causes even more problems if the languages being compared belong to different language groups and represent different cultures. Nevertheless, the study of culture-specific vocabulary helps to achieve the adequacy of translation, which in turn helps speakers of different languages and cultures to achieve mutual understanding. The above emphasizes the relevance and timeliness of the study of translation from the point of view of cultural linguistics. This paper will examine the peculiarities of translating culture-specific terms from Kazakh into English. It provides different methods of translating cultural connotations, taking into account the ways of living and thinking, as well the historical and cultural backgrounds embedded in the source language (hereafter SL) and target language (hereafter TL). These methods will be analyzed using specific examples, originals and translations of such works as “The Path of Abai” by Mukhtar Auezov and “Nomads” by Ilyas Yessenberlin. Therefore, the main aim of the paper is to try to explain main approaches and theories needed for adequate understanding of different cultures through translation.

Keywords: target language, source language, connotations, culture-specific terms, adequacy of translation

Мизамхан Б.,¹ Қалибекұлы Т.²

^{1,2}*Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастыр және әлем тілдері университеті,
Алматы, Қазақстан*

МӘДЕНИ РЕҢККЕ ИЕ СӨЗДЕРДІ АУДАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

“Мәдени реңкке ие лексика” термині 1980 жылдары пайда болды. Мәдени реңкке ие сөздерді бір тілден екінші тілге аудару мәселесі аудармашылар үшін қиындық туғызып келгені жасырын емес. Мұндай мәселе, әсіресе, салыстырылып отырған бұл тілдер бір-біріне ұқсамайтын екі тіл тобына жатса және олар түрлі мәдениетке тиесілі болса тіптен арта түспек. Соған қарамастан Мәдени реңкке ие сөздерді зерттеу аударма бара барлығына қол жеткізуге көмектеседі, ал бұл өз кезегінде әртүрлі тілде сөйлеушілер мен түрлі мәдениеттердің өзара түсіністікке жетуіне көмектеседі. Жоғарыда айтылғаны аударманы лингвомәдени тұрғыдан зерттеудің өзектілігі мен уақтылығына баса назар аударады. Осындай мәселелерді шешуге көмектесер деген мақсатпен, бұл мақалада мәдени реңкке ие сөздерді қазақ тілінен ағылшын тіліне аудару ерекшеліктері жайлы сөз болады. Онда түпнұсқа тіл (ТТ) мен аударма тілдеріне (АТ) тән өмір сүру және ойлау жолдарын, сондай-ақ, олардың тарихи және мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, мәдени коннотацияларды аудару тәсілдері қарастырылады. Бұл әдістер Мұхтар Әуезовтің “Абай жолы” және Ілияс Есенберлиннің “Көшпенділер” шығармаларындағы нақты мысалдар, түпнұсқалар және аудармалары бойынша талданады. Олай болса, бұл мақаланың негізгі мақсаты – аударманың көмегімен түрлі мәдениетті түсінуге қажетті тәсілдер мен теорияларды талқылау.

Кілтсөздер: аударма тіл, түпнұсқа тіл, коннотациялар, мәдени реңкке ие сөздер, аударма барабарлығы

^{1,2} *Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан*

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ПРАКТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА КУЛЬТУРНО-МАРКИРОВАННОЙ ЛЕКСИКИ

Аннотация

Термин “культурно-маркированная лексика” появился в 1980-е годы. Проблемы перевода культурно-маркированных терминов с одного языка на другой всегда создавали серьезную проблему для переводчиков. Еще больше проблем возникает, если сравниваемые языки принадлежат к разным языковым группам и представляют разные культуры. Тем не менее изучение культурно-маркированной лексики помогает достичь адекватности перевода, что в свою очередь помогает носителям разных языков и культур достичь взаимопонимания. Сказанное выше подчеркивает актуальность и своевременность исследования перевода с точки зрения лингвокультурологии. В данной статье будут рассмотрены особенности перевода культурно-маркированных терминов с казахского на английский язык. В статье рассмотрены различные методы перевода культурных коннотаций, принимая во внимание образ жизни и мышления, а также исторические и культурные особенности, заложенные в исходном языке (ИЯ) и в языке перевода (ЯП). Эти методы будут проанализированы на конкретных примерах, оригиналах и переводах таких произведений как “Путь Абая” Мухтара Ауэзова и “Кочевники” Ильеса Есенберлина. Таким образом, основная цель статьи – попытаться объяснить основные подходы и теории, необходимые для достижения адекватности и понимания различных культур посредством перевода.

Ключевые слова: язык перевода, исходный язык, коннотации, культурно-маркированная лексика, адекватность перевода

Introduction. At present much attention is paid to comparative studies of languages that belong to different linguistic groups. [1]. The main aim of such studies is to explore different languages from lexical, semantic, as well as grammatical points of view. In translation, comparative analyses help determine the accuracy and adequacy of the translation. It helps us to discover how human thought is reflected in that particular culture.

Translation is a multifaceted phenomenon. Nowadays, this term is used both in the sense of communication from one language into another without changing the meaning of the text as well as to denote interaction of cultures and intercultural communication. Translation as an art can be interpreted as either a product or as a process. It is “the ability to mediate between cultures, to explain one to another; mixed loyalties; the pushes and pulls of the source and target cultures” [1, 222].

Ignorance of cultural difference opens a cultural gap that negatively affects the translation process. It is not always possible to be faithful to the original and give an adequate translation. [2] While discussing the problems of translation correspondence and cultural as well as linguistic differences between SL and TL, Nida concludes that the “differences between cultures may cause more severe complications for the translator than do differences in language structure” (2000), because, as mentioned above, each culture has its own specific features.

Main research questions and methodology. When two people from two different cultures meet each other for the first time they find out that the way they communicate and think or behave is absolutely different from each other. This difference can be more distinct if these two cultures are distant not only geographically but also linguistically. To understand and explain the reasons for misunderstandings that take place in this connection, in research methods we will involve a constant interaction between theory and practice on the basis of concrete examples and will begin with reviewing and gathering relevant information on different translation theory in general and translation of culture specific terms in particular. Definitions of culture and its interaction with languages as well as the role of translation are of great importance in understanding different translation problems.

Newmark defines culture as “the way of life and its manifestations that are peculiar to a community that uses a particular language as its means of expression”; Vermeer states that “language is part of a culture”, therefore, “language and culture are whatever a person must know in order to function in a particular society” [10,21]. Therefore, language and culture are two phenomena that interact and fulfill each other.

In regards to translation ‘it is a kind of activity which inevitably involves at least two languages and two cultural traditions’ [7,200]. Quality of translation, in many ways depends on the cultural differences, which demands a good knowledge about the respective cultures as well as the ability to transfer between cultures. Ignorance of cultural difference opens a cultural gap that negatively affects the translation process.

Nida concludes that “a good translation should fulfill the same communicative purpose in the target language and relate to the culture of the ‘receptor’; be sensitive to the style of the original”. Unfortunately, it is the main challenge Kazakh-English translators are facing today – they cannot always be faithful to the source text, and in many ways, ignore cultural issues. It is the main reason that prompted me to start this research project.

Research results. Kazakh and English belong to different language families. Kazakh belongs to a Turkic family which is marked by affixes added to the stem one after another, while English belongs to the Indo-European family known by its verb-subject-object word order. Therefore, these two languages are, in no way, related either linguistically or culturally. The

traditional Kazakh family members speak eloquently; their speech is full of meaningful proverbs, idioms which express their worldview without using many words. Many phrases are metaphorical, and their sense-meaning does not have direct lexical equivalents in English. In this connection, to avoid misunderstanding most of translators use transliteration method, this way conveying only the Kazakh pronunciation to readership.

The current research work will focus on well-known novels 'Abai Zholy' - 'The Path of Abai' by Mukhtar Auezov and 'Koshpendiler' - 'The Nomads' by I.Essenberlin and their English translations. Both of them are full of cultural terms, connotations, idiomatic expressions which were not adequately translated into English or were just omitted.

'Abai Zholy' - 'The Path of Abai' is a historical novel that was published in 1942. It describes the life of the outstanding Kazakh poet Abai Kunanbaev from his childhood to his senior years. While reading the novel one can feel the entire life of the Kazakh people before the XIX century. It is a novel full of sorrow and sadness than happiness. It is the sorrow of the Kazakh land and of the Kazakh society. Abai's dream for a happy and better life is the dream of the people.

In comparison with 'The Path of Abai', the Russian and English versions of 'The Nomads,' which forms a trilogy, were severely criticized. The criticism focused primarily on the misinterpretation of culture-specific terms. This failure to make the TL closer to the original was the result of a lack of knowledge of Kazakh culture and of the failure to find appropriate translation strategies to make the novel more readable.

'The Nomads' is a novel full of onomastic terms. In its English translation almost all of the proper names are transliterated, in a few cases they are transcribed. These two terms, transliteration and transcription might be confusing for non-specialists. In the transcription method the phoneme is marked within the framework of the receptor language (e.g. the transcription of William would be 'Уильям' or 'Вильям?'), and therefore, some non-correspondence may occur.

As regards the transliteration, if necessary, the translator might not fully follow the orthography of the target language, thus, having different variants of a word. A word can have two or three transliterated variants, but not more than three.

Therefore, the main aim of this research project is to analyze cultural aspects of literary translations; conduct critical literary analyses of the two novels mentioned above and their English translations, and define the influence of culture-specific terms/expressions which are considered problematic on the quality of the translation. The following research questions serve as the summary of these aims:

1. How are language and culture interrelated with each other?
2. How culture influences translation?
3. What translation shifts occur between languages that are both linguistically and geographically distant from each other?
4. To what extent are the culture-specific terms translatable?
5. What translation strategies can help better translate these terms?

Discussion. Many researches in the field of translation show that it is extremely difficult to translate between cultures as "theoretical foundation in this field is poorly understood. It lacks a unified model and has lots of shortcomings as terminological flux." [4,2]. It is absolutely true about Kazakh language. Those translation models that are being used in different translation schools cannot be fitted into the Kazakh language fully and cause more problems than solutions. Even when they are applied, they cannot have the same communicative value in the target language, which makes me conclude that Kazakh translation theory is an issue in dire need of solution; it is the one which lacks definitions, models.

In connection with that, in my research paper I tried to incorporate both theory and practice. For this purpose, Gideon Toury's model of Descriptive Translation Studies (1995) will be used as one of the main methodologies alongside with the literature based one. This model suggested in the book *Descriptive Translation Studies and Beyond* describes a variety of approaches and methods which will help translators and researchers get an in-depth knowledge about translation methodologies.

Toury's model consists of four stages:

First stage of the model relies on research works that compare source text with the target text. According to this stage source text is compared with the target text 1) synchronically; 2) diachronically; 3) the same source text is compared with different target texts performed by one and the same translator in different times; 4) the same source text is compared with different target texts in different languages.

Second stage includes comparison of a source text with its target text translation in parallel; In the third stage translation is shown as a process than a product. The last stage describes socio-cultural issues of translation.

All of these stages except for the third one will be used as the main research methodology. Synchronic analyses based on a rich source of concrete examples chosen from the novels mentioned above and their English translations will compare two languages (Kazakh and English) and describe what similarities and discrepancies these languages that belong to different language groups might have (descriptive analysis). From this perspective, it coincides with the second stage where all examples of culture-specific terms in both languages will be compared in parallel. I hope that the critical comparative analyses that I am going to apply throughout the research project will provide an interesting parallel features that in their turn might explain different translation shifts and translator's decisions. It will help us see to what extent the Kazakh culture specific terms are translatable.

Culture-specific terms are shaped in the community and created naturally. It reflects the worldview of people, their historical and cultural backgrounds. It is one of the main components of the intercultural communication. In order to correctly render the term, a translator needs to have a good knowledge about the respective cultures and be able to transfer between

cultures. That is where the stage-four-methodology will be used. It will also help us analyze the implications behind the translation strategies used.

Conclusion. Concluding my short paper, I would like to point out that at the heart of this research lies a simple interest to enhance our knowledge about translation of small languages like Kazakh, how translation with such critical languages can be taught in universities and how the language can be implemented as ‘fit for translation’.

It’s of great importance to highlight that translation is a notion that bears several meanings and definitions. It is an integral part of the culture it is representing. It is the translation that makes different nations closer or results in severe misunderstandings. Therefore, interpretation of an alien culture depends on how the translator translates the source text, and how he or she interprets the cultural peculiarities of a specific nation.

The translator must tackle the source language text in such a way that the target version will correspond to the source language version.” [1,23]. It is therefore, of great importance in translation to consider the strategies cultural aspects are translated and its impact on the target readership.

References:

1. Bassnet 1991. *Translation Studies*, Routledge, London.–168p. – кіман
2. Nida, E. (Ed) 2000 “Principles of Correspondence” in Venuti, L. *The Translation Studies Reader*. London: Routledge 2000:145.P. –126-141. – кіман
3. Newmark, P. 1988 *A textbook on Translation*, Prentice Hall, New York.P. –311. – кіман
4. Pym, A. 2012. *Research skills in Translation Studies: What we need training*. Amsterdam Philadelphia: John Benjamin’s Publishing Company.P. –1-14. – мақала
5. Robinson, D. 1997 *Becoming a Translator*, Routledge London and New York. 1997:222. –311p. – кіман
6. Бекманова Г.Т.; Шарипбаев А.А. Построение логической семантики слов казахского языка. Знания онтологии теории. Российская Академия наук. Сибирское отделение. Институт математики им. С.Л. Соболева. 2009. – С. 246-249. – жинақ
7. Toury, G. 2000. “The Nature and Role of Norms in Translation” In Venuti, L. *The Translation Studies Reader*. London: Routledge 2000:200. P. –198-213. – мақала
8. Toury, G. 1995. *Descriptive Translation Studies and Beyond*. John Benjamin Publishing Company.–350 p. – кіман
9. Vermeer, H. 1989. “Skopos and Commission in Translational Activity.” In Venuti, L. *The Translation Studies Reader*. London: Routledge.P. –173-87. – мақала
10. Wardhaugh, R. 1986. “An Introduction to Sociolinguistics.” Blackwell Publishing.P. – 436. – кіман

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

- Абасилов А.М.** — ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а., Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда, Қазақстан.
- Абдирасилова Г.Қ.** — ф.ғ.к., доцент; **Беркутбаева М.З.** — Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Алдашева Қ.С.** — PhD доктор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті; **Ордабаев Ч.К.** — Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті; **Набидуллин А.С.** — докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Алибаева М.** — п.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Асанбаева Е.Б.** — Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан; **Ергалиева С.Ж.** — С.Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан; **Ергалиев К.С.** — Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан.
- Асқарова Г.С.** — ф.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Теменова Г.К.** — магистр, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, Алматы, Қазақстан.
- Әміржанова Н.С.** — ф.ғ.к., А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан.
- Боханова А.С.** — аға оқытушы, PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан; **Нурбаева А.М.** — аға оқытушы, PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Дюсембина Г.Е.** — аға оқытушы, PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Ермекова Т.Н.** — ф.ғ.д., профессор; **Абдурахманова И.Т.** — докторант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті; **Абрахманова Ж.Ә.** — ф.ғ.к., доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Есенова Қ.Ө.** — ф.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Ешімбетова З.Б.** — п.ғ.к., доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Алматы, Қазақстан; **Кулекенова Ж.Г.** — п.ғ.к., аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Жетпісов С.Н.** — ф.ғ.к. Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы қаласы, Қазақстан
- Жиренов С.А.** — ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті; Алматы, Қазақстан; **Сманова А.С.** — п.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан; **Небесаева Ж.О.** — PhD доктор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Жылқыбай Г.Қ.** — ф.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан Қазақстан.
- Ильясова Н.А.** — ф.ғ.д., доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан; **Раева Г.М.** — ф.ғ.к., доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Қасенов Е.С.** — ф.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Қалыбаева Қ.С.** — ф.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Койлыбаева Р.** — докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан; **Жунисова М.** — ф.ғ.к., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан; **Сулеева Г.** — ф.ғ.к., Құрманғазы атындағы ҚҰК, Алматы, Қазақстан.
- Қосымова Г.С.** — ф.ғ.д., профессор, Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы Қазақстан; **Балхимбекова П.Ж.** — PhD доктор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.
- Қортабаева Г.К.** — ф.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан; **Асқарова Г.С.** — ф.ғ.к., Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы Қазақстан.
- Мәдиева Г.** — ф.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы Қазақстан; **Қабытаева А.** — докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы Қазақстан.
- Маймақова А.Д.** — ф.ғ.к., доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан; **Жұмағұлова Б.** — ф.ғ.д, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан; **Токтарова Т.** — ф.ғ.к, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Монгилева Н.** — Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Қостанай, Қазақстан; **Медетова Э.** — А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Қостанай, Қазақстан.
- Мынбаева А.П.** — Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан; **Кудасбекова А.Б.** — Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан; **Куанбаева Ж.С.** — Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан.

- Нусупбекова А.С.** — оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан;
- Абаева М. К.** — доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Нұрғали С.** — п.ғ.к., доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Каримова Б.С.** — ф.ғ.к., Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда, Қазақстан.
- Нұртаева А.Б.** — Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан; **Абдирасилова Г.Қ.** — ф.ғ.к., доцент; Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан; **Шойбекова Ғ.Б.** — Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Оразбаева Ф.Ш.** — п.ғ. д., профессор, ҚР ҰҒА корр. мүшесі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Онгарбаева А.Т.** — докторант, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан; **Айтмұхаметова Қ.Ө.** — ф.ғ.к., доцент, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.
- Отарбаева Ғ.Н.** — докторант, Сулейман Демирель атындағы университет, Қаскелең, Қазақстан; **Жұмақаева Б.Д.** — п.ғ.к., профессор, Сулейман Демирель атындағы университет, Қаскелең, Қазақстан; **Молдасанов Е.М.** — ф.ғ.к., доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Сабирбаева Ф.** — докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан;
- Бектемірова С.** — ф.ғ.к., доцент м.а., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Садуақас Н.А.** — ф.ғ.к, доцент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан; **Миров М. О.** — ф.ғ.к, доцент, С.Бәйішев университеті, Ақтөбе, Қазақстан.
- Салжанова Л.Е.** — ф.ғ.к., Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің доценті, Алматы, Қазақстан; **Розиева Д.С.** — PhD доктор, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің қауымдастырылған профессор, Алматы, Қазақстан;
- Мамырханова Ж.Т.** — PhD доктор, қауымдастырылған профессор, М.Х.Дулати атындағы Тараз регионалдық университеті, Тараз, Қазақстан.
- Текесбаева Г. М.** — докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы, Қазақстан;
- Текесбаева А. М.** — Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Шаханова Р. Ә.** — п.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан; **Сабирова Д. А.** — PhD доктор, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан .
- Айтимов М.** — ф.ғ.д., профессор; Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда, Қазақстан; **Каримова Г.** — PhD қауымдастырылған профессор м.а.; Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Ақбулатов А.** — PhD доктор, қауымдастырылған профессоры, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан; **Әжіғалиев М.** — п.ғ.к., доцент, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан; **Утемисова Э.** — аға оқытушысы, магистр, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан.
- Ақыш Н. Б.** — ф.ғ.д., М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан; **Жетекова Г. Ж.** — Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Асанова Ұ.О.** — Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан; **Ашенова А.Т.** — Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан; **Қоқанова Ж.А.** — ф.ғ.к., аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Асылбекұлы С.** — ф.ғ.д., қауымдастырылған профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан; **Аширов Ж.С.** — аға оқытушы, магистр, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан; **Құттыбаев Ш. Д.** — аға оқытушы, магистр, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Әбдіғазилұлы Б.** — ф.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан; **Найманбаев А.А.** — гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы; Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Әбдіқалық К.С.** — Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан; **Асанбаева С.А.** — Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан; **Орынханова Ғ.А.** — Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Жетібай Р.Қ.** — докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- Жолдыбаев О.М.** — магистрант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан; **Таңжарықова А.В.** — ф.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
